

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
25 жылдығына арналған
**«ҚАЗІРГІ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АРХЕОЛОГИЯ,
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕЙТАНУ»** атты
«VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
1-2 сәуір 2016 жыл

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«VIII Оразбаевские чтения» по теме
**«АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ И МУЗЕОЛОГИЯ В СИСТЕМЕ
СОВРЕМЕННОГО ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»**,
приуроченной к 25-летию независимости Республики Казахстан
1-2 апреля 2016 г.

PROCEEDINGS
of International scientific and methodical conference «VIII Orazbayev readings»:
**«ARCHAEOLOGY, ETHNOLOGY, MUSEOLOGY
IN THE SYSTEM OF PRESENT HIGHER EDUCATION»**,
dedicated to the 25th anniversary of the Independence
of the Republic of Kazakhstan
1-2 April, 2016

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

Баспаға ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңестері ұсынған

Редакция алқасының төрағалары

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры;

Әлімбай Нұрсан – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің директоры, профессор.

Редакциялық алқа:

Т.С.Рамазанов – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.- м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі; **А.Қ. Жұмаділ** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент; **Б.С. Қақабаев** – ҚР Мемлекеттік Орталық музейі директорының мәдени-білім жұмысы және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары; **Б.Хинаят** – ҚР Мемлекеттік Орталық музейі директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, т.ғ.к.; **Ғ.Теміртон** – ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің ғалым-хатшысы, филос. ғ.к.; **Д.Қатран** – ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің антропология және этнология орталығының жетекші ғылыми қызметкер, т.ғ.к.; **Т.Е.Картаева** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, т.ғ.к., доцент; **Х.А.Айтқұл** – ҚР Мемлекеттік Орталық музейі археология орталығының жетекшісі, **Р.С.Жуматаев** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының PhD докторанты.

Жауапты редактор

А.Б. Қалыш – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор

Құрастырушылар

А.Б. Қалыш, Б.Хинаят, Р.С.Жуматаев

«Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. А.Б.Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 593 б.
ISBN 978-601-04-1776-2

«Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» кезекті халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып отыр. Бұл жинақ аталмыш конференцияға қатысушылардың археологияның, этнологияның және музей ісінің қазіргі өзекті мәселелеріне арналған баяндамалары мен хабарламаларының негізінде жарыққа шығарылды.

Басылым тарих ғылымдарының салалық мамандарының кәсіби талғамын ғана емес, қалың көпшіліктің де танымдық сұранысын қанағаттандырады.

Очередная международная научно-методическая конференция «VIII Оразбаевские чтения» по теме «Археология, этнология и музеология в системе современного высшего образования», приурочена к 25-летию независимости Республики Казахстан. Сборник подготовлен на основе докладов и сообщений участников данного научного форума, отражающих современные актуальные вопросы археологии, этнологии и музейного дела.

Представляет интерес не только для специалистов исторических дисциплин, но и для широкого круга общественности.

Regular international scientific-methodical conference «VIII Orazbayev readings»: «Archaeology, ethnology, museology in the system of present higher education» dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan. The proceeding on the basis of reports and presentations of participants of scientific forum that reveal contemporary topical issuers of archaeology, ethnology and museology were prepared.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯСЫ: ГЕНЕЗИСІ, ЭВОЛЮЦИЯСЫ ҒӘМ ҚАЗІРГІ СИПАТЫ

Кіріспе ретінде. Тәуелсіз Қазақстанның соңғы онжылдығы кезеңінде сан алуан ақпараттық құралдарда да, соның ішінде, газеттер мен журналдардың беттерінде қоғамдағы орныққан одағай оқыс құбылыстар һәм жайттар аса өзекті мәселелер ретінде жиі қарастырылып жүр*. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық пен паракорлықтың соңғы кезеңде айырықша өрши түскен тенденциясы қарапайым жұртшылықты да, билікті де ерекше алаңдатып отыр. Расында да, сан алуан деректер, әсіресе, баспасөз материалдары аталмыш құбылыстың қоғамның барлық саласын дерлік жайлап кеткендігін айғақтағандай <...>. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, әлемдегі мемлекеттердің арасында Қазақстан сыбайлас жемқорлық пен паракорлықтың таралу деңгейі жағынан 123-ші орында екен. Бұл гәптің Президент әкімшілігі, Парламент, Үкімет, Бас Прокуратура сынды еліміздегі мәртебесі ең биік билік институттардың арнайы отырыстарында сан қарастырылуы, ең бастысы оның мемлекет қауіпсіздігіне орасан ойран әкелетін қатерлі фактор ретінде ресми бағамдалуы, сөз жоқ, бұл істің насырға шапқандығын дәлелдесе керек.

Ен байлықты әртүрлі жолмен иемденген кейбір «жаңабайлар» ақшасының басым бөлігін шетел асырып жіберген. Экономикалық тақырыпқа аса қат мәселелерді жіті зерттеп-зерделеп жүрген белгілі журналист-зерттеуші Төлеген Асқаровтың қисыны ден қойдырар мәліметіне қарағанда, осыдан бірнеше жыл бұрын Tax Justice Network атты халықаралық беделді мекеме әртүрлі оффшорларға аса көлемді қаржы жөнелткен 20 мемлекеттің қатарында Қазақстанды да атап өтіпті: біздің елден оффшорларға «шығып» кеткен қаржының жалпы сомасы 138 млрд. АҚШ долларын құрайды екен. Яғни, Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің жартысына жуықтайтын қаржы ұлттық экономикаға мүлдем жұмыс істемейді деген сөз [1]. Ен-тегін келген осынау айран-асыр байлықтың буына мастанғандардың мұндай оспадар қылығы мен іс-әрекетінің экономикалық-қаржылық кесір-кесепаты өз алдына, оны ел-жұртты көпе-көрнеу моральдық-психологиялық мазақтау, әсіресе, жастарды азғындыққа баулитын іріткі факторлардың бірі ретінде бағамдауға әбден болады. Сондықтан да болар, бітеу-жараға айналған бұл мәселеге, тіпті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзіне тікелей араласуына тура келді: *«Бұл мәселені мен баршаңызға сіздер елге қайтаруға тиісті ақшаға біздің өте-мөте мұқтаж болғандығымыздан гана айтып отырған жоқпын. Осыған байланысты өз азаматтарымызға қылмыстық іс қозғап, оларды шетелде, Лондонда қашып-пысып, тығылып-бұққан қашқындарға айналдырғымыз келмейді. Бұл жылдары әртүрлі жайттар, бәрі де болды. Иә, алғашқы қорлану, қор жинау адал бола бермейді... Ақшаны қайтарып, ел экономикасына салыңыздар. Сіздер қашып-пысып жүрген елдердің бәрімен біздің тиісті келісім-шарттарымыз бар... 2017 жылдың 11-қаңтарынан бастап табыс пен шығысты жаппай декларациялау жүретін болады. Бұдан кейін қай елде болсын ашылған есептер мен активтерді тексеру басталады...»* [2].

Президенттің әлгі «шығандап» кеткендерге арнайы айтылған осынау әйгілі сөздерінен аталмыш іріткі фактордың элеуметтік-экономикалық жағынан да, моральдық-психологиялық тұрғыдан да сойқан салдарын айқын аңғарғандығын аңдау әсте қиын емес.

Енді қарастырылып отырған мәселенің қамтылуға тиісті тақырыптық өрісі мен онтологиялық һәм эпистемологиялық тарату барысын дәйектеу қажеттілігіне байланысты сыбайлас жемқорлық пен паракорлық ұғымдарының өзара аражігіне қысқаша тоқталып өтелік. Арнайы әдебиетте сыбайлас жемқорлық және паракорлық ұғымдарының мазмұндық (семантикалық, этимологиялық) шегі мен шендесер шекарасы айқын ашылып беріле бермейді [3;4;5;6]. Осы ұғымдарға байланысты еңбектердің қисыны төмендегідей тұжырымдарға саяды: а) пара – мемлекеттік органдағы лауазымды тұлғаның екінші субъектінің әртүрлі ахуалдық кіріптарлығын пайдалану жолымен одан алатын кез келген құндылықтың (тардың) – ақшаның, бағалы қағаздың, қымбат бұйымдардың, акцияның және т.с.с. – жалпы атауы. Паракорлық ұғымы болса, осы жағымсыз алыс-беріс жайтының атқарылу үрдісі мен социумдағы таралу деңгейін білдіреді. Басқаша айтқанда, қоғамның реттеуші және ұйымдастырушы нормалары мен принциптеріне кереғар, яғни, заңнан тыс жеке байланыстағы материалдық игілік

түріндегі алыс-берістің атауы. ә) сыбайлас жемқорлық парақорлықтың бірнеше субъектілердің арасындағы мемлекеттік заң атаулыға мүлдем кереғар алыс-беріс байланысының ортақ атауы болып табылады. Демек, сыбайлас жемқорлық өзара мүдделес қылмыстық субъектілерді қамтитын ұжымдық сипатта болып келеді.

Мәселенің қазіргі дискурсивтік өрісі. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық құбылысы советтік жүйе құрдымға кеткеннен кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінде де ұлт, қоғам, мемлекет тағдырына қауіп төндіріп отырған асқынған әлеуметтік дерт ретінде бағаланып отыр. Қазір әлгі жат құбылыстың қоғамдағы әлеуметтік қатынасты тегіс жайлағандығын, соның ішінде, әсіресе, кісінің тіршілік мүдделерін тікелей қамтамасыз ететін салаларына әбден сіңісті болғандығын, ондағы кез-келген мәселелерді «тиімді» әбжіл шешетін әмбебап «құрал-нормаға» айналғандығын қалың көпшілік мойындайтындықтары өз алдына, ең сұмдығы, «ет үйренген» үйреншікті жайт ретінде қабылдайды <...>.

Парақорлық пен жемқорлық құбылысын өте сирек, әрі жанама тақырып ретінде болса да қарастырған ғылыми еңбектерді де, қалың ақпарат құралдарындағы сан алуан аналитикалық материалды да мәселенің өрбітілу қисынына қарай белгілі шарттылықпен субъективтік және институционалдық топтарға жіктеуге болады. Бірінші топтағылар (бұлар сан жағынан да, тиісті материалдың көлемі тұрғысынан да мәселенің дискурсивтік кеңістігінің басым бөлігін құрайды), біздің жіктемеміз бойынша, аталмыш қылмыстық іс-әрекеттің салдарын таза субъективтік фактордың нәтижесі ретінде ғана қарастырумен шектеледі. Яғни, параның осыншама жалпылық сипат алуының себеп-салдары тиісті методологиялық қисынмен жіктеліп қарастырылмай, авторлар тұтылған парақорлардың қылмысқа баруының объективтік себепін олардың әрқайсысының бойындағы жағымсыз қасиеттерімен ғана (ашкөздік, мансапқорлық, опасыздық, тіпті, отбасындағы тәрбиесіздік және т.б.) түсіндіреді.

Ал, екінші институционалдық ұстанымның (осы жолдардың авторының шартты атауы) ығындағылар аталмыш қылмыстың себепін, ең алдымен, тиісті мемлекеттік органдардың (құқық қорғау, басқарушы, заң шығарушы және т.с.с.) функциясының жетімсіздігімен және (немесе) қауқарсыздығымен байланыстырады.

Рас, екі топтағы материалдардың әрқайсысында да тиісті аспектінің (аспектілердің) өрбітілу қисынына байланысты өзіндік тақырыптармен қатар, «көрші» топтың еншісіндегі мәселелерді де жол-жөнекей шолып өтетін жайттар кездеседі (мысалы, тақырыпты субъективтік факторлардың салдары желісімен өрбітетіндер институционалдық аспектілерді, ал соңғылар болса, субъективтік факторларды да сөз етеді деген сияқты). Десе де, аталмыш жол-жөнекей қарастырылған аспектілер, атынан көрініп тұрғандай, ашылмай қалатындығы түсінікті жайт болса керек.

Айтылғандардан туындайтын қысқаша қисын: мәселенің дискурсивтік кеңістігіндегі аталмыш екі топқа жататын материалдың қайсысы болсын, парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық организмді ірітуші салдарының көзілікті көріністері ғана осы құбылыстың себепкері ретінде қарастырылып жүр. Мұндай түсініктемелердің әлгі құбылыстың себепінің «бергі» эмпирикалық көзілікті субъективтік қырларын ғана қамтитындығы сондықтан.

Антропологиялық парадигманың қажеттілігі. Аталмыш мәселе ғана емес, қоғамдағы қатынас атаулының сан алуан қыр-сырын қазіргі замана талабына сай теориялық жігілікпен зерттеп-зерделеуге қазақстандық әлеуметтік ғылымдардың, соның ішінде, әлбетте отандық этнологияның да қазіргі кезеңге дейін жинақталған танымдық тәжірибесі тым жеткіліксіз болып отыр**. Тіпті, отандық ғалымдар еліктейтін Ресейдің әлеуметтік ғылым салаларындағы (қазақ ғалымдарының біразы әлі күнге дейін осы елдің ғылымының «шапанынан» шықтық деседі) бізден «оқ бойы озық» деп бағамдалатын расында да аса ірі жетістіктердің өзі бұл мәселеде дәрменсіз болып шықты (бірақ осы айтылған уәжді Ресей ғылыми дәстүрінің, әсіресе, этнологиясының сан жылдық бай тәжірибесін кемшін бағамдау деп ұқпаған ләзім). Сондықтан да болар, соңғы кездері Ресейдің ғылыми кеңістігінде Еуропа, АҚШ және Жапон елдеріндегі ғылыми-зерттеу тәжірибесінің тікелей ықпалымен қоғамдық мәселелерді зерттеп-зерделудің соны парадигмаларына негізделген танымдық үдерістер қалыптасып келеді. Соның ішінде, бірер мысал ретінде әлеуметтік және мәдени антропологияға байланысты бірқатар іргелі зерттеулерді атауға болады [7; 8; 9; 10; 11 және т.б.].

Дейтұрғанмен, жоғарыда аталған, әсіресе, әлеуметтік, мәдени және басқа да антропологиялық мектептердің ірі орталықтары ретінде танымал елдер мен аймақтардағы ғылыми жетістіктердің контекстінде Ресейдегі аталмыш салалардың методологиялық-теориялық әуселесінің әлсіздігін аңғару қиын емес (осы ретте қазақстандық ғылыми-білім кеңістігінде аталмыш антропологиялық дәстүр атаулының ізі де жоқ екендігін амалсыз мойындауға тура келеді). Бұл гәпті соңғы кезде жарық

көрген әлеуметтік және антропологиялық еңбектердің ішіндегі ең көрнектілерінің бірінің авторлары осы ғылыми салалардың әлі де болса қалыптасу үстінде екендігімен түсіндіреді [11, 9].

Сонымен, қарастырылып отырған тақырып өз алдына, қазақ қоғамының қазіргі кезеңдегі басқа да сан алуан өзекті мәселелерінің замана талабына сай тиімді ғылыми шешімін табуының ең ұтымды үлгілерінің бірегейі ретінде батыстың (осы сөздің географиялық емес, мәдени-өркениеттік мағынасында) өнегесі озық елдеріндегі әлеуметтік, құрылымдық және мәдени антропологияның сан жылдық бай тәжірибесін ерекше екшеп атаған ләзім. Тіпті, Қазақстан тарихының күні бүгінге дейін «бір қайнауы» жетпей жатқан тұстарын жіті зерделеуге бірден бір мүмкіндік беретін құрылымдық, синергетикалық, экзистенциялық, әлбетте, әлеуметтік және мәдени антропологиялық парадигмалар дер едім. Осы айтылған уәжді дәйектер дәлел ретінде қазір әлем мойындаған ғылыми туындылардың біразын атауға болады [12; 13; 14; 15; 16; 17; 18 және т.б.].

Әлбетте, мақаланың діттеген онтологиялық және эпистемологиялық өрісі батыстың сан салалы, әрі мейлінше мазмұнды ғылыми тәжірибесін, тіпті, қысқаша болса да таратып айтуға мүмкіндік бермесі хақ. Дейтұрғанмен, қарастырылып отырған мәселенің қисынын антропологиялық зердемен парықтасақ, оны дәлелді жүйемен зерттеп-зерделеуге бірден бір методологиялық қауқарлы бағыт халықаралық ғылыми орта сөзсіз мойындаған һәм тиімді қолданып жүрген әлеуметтік антропологиялық және мәдени антропологиялық парадигма екендігін бажайлау әсте қиын емес. Бұл парадигма зерттеу объектісінің, һәм нысаны мен зерттеуші діттеген мақсаттың табиғатына байланысты «адам – мәдениет» немесе «адам – социум» (әлеуметтік орта, болмаса қоғамдық қатынас) атты эпистемологиялық континуумдерге негізделеді [11]. Осы концептуалдық тұжырымды сәл таратып айтсақ, кез келген антропологиялық зерттеудің мәні әлеуметтік-ғылыми мәселелерді «адам әлеуметтік-антропологиялық категория ретінде – қоғамдық қатынастың персонификацияланған түзілісі, ал, осы түзіліс, өз кезегінде, адамның әлеуметтік іс-әрекетінің түзіліс-нәтижесі» деген әйгілі ұстаным-қағида тұрғысынан зерделеуге саяды. Өйткені, әлемдік ғылыми ортада айырықша беделге ие болған белгілі неміс антропологи Никлас Луманның сөзімен айтқанда, *«адам әлеуметтік жүйеге толық енбейді. Ол [осы жүйеге] өзін әлеуметтік ортамен байланыстыруға дәнекер болатын өзіндік тұлғалық қыры һәм қадір-қасиетімен ғана кірігеді»* [16; 11, 6].

Бұл тұста тәжірибелі ғалымның адам әлеуметтік ортаға өзінің тұлғалық қырымен (орысша мәтінде «личностная грань») және қадір-қасиетімен ғана кіріге алады деген сөз орамы адам өзінің әлеуметтік субъект ретіндегі болмысын белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортамен байланыста ғана түзейді, яғни, әлеуметтік субъекті ретінде қалыптасады және жетіледі дегенді білдірсе керек. Ғылыми зерттеулердегі әлеуметтік және мәдени антропологияның негізгі нысаны – адам мәселесі, нақтылап айтсақ, оның әлеуметтік-мәдени субъект ретіндегі болмыс-бітімінің уақыт пен кеңістіктегі өзгерімпаздық қасиеті деп келетін анықтаманың Н.Луманның жоғарыдағы ой-тұжырымымен мағыналық және концептуалдық орайластығын аңғаруға болады [9, 5-26; 11, 5-10 және т.б.]. Сонда осы қисынға байланысты кез-келген әлеуметтік-мәдени ортаның, социумның болмысын, қоғамдық қатынастың құрылымдық және функционалдық ерекшелігін адамның (һәм адамдардың) әлеуметтік субъект (субъектілер) ретіндегі уақыт пен кеңістіктегі өзгерімпаздық қасиеті тұрғысынан зерделеу қажеттілігі туындайды.

Антропологиялық парадигманың мән-мағынасын дәйектейтін осынау өзекті мәселені мүмкіндігінше таратып айтып отырғандығымыздың бар себебі – бұл анықтама-қағида мақалада қауқарлыға тиісті парақорлық пен сыбайлас жемқорлық сияқты қоғамға аса қауіпті іс-әрекет атаулының тек-тамырын социумның құрылымдық және функционалдық болмыс-бітімінен іздестіру қажеттілігін көрсетеді. Ал бұл қажеттілікті жүзеге асырудың бірден-бір мүмкін кепілі, автордың кәміл сенімі бойынша, **әлеуметтік және мәдени антропологиядағы «адам – мәдениет» (яғни, мәдени орта), сондай-ақ, «адам – әлеуметтік орта» (социум, қоғамдық қатынас) деп аталатын континуумдердің эвристикалық қауқарын тиімді қолдану болып табылады.**

Ізденістің категориялық-ұғымдық (логикалық-методологиялық) арқауы. Жоғарыда айтылған парадигманың қисынына байланысты мақалада қоғам, социум, қоғамдық қатынас сынды іргелі категориялардан басқа, **институционалдық қатынас, тұлғааралық байланыс және жеке байланыс** деп аталатын ұғымдар да қолданылады***. Соңғы үшеуі тиісті мәліметтерді жинақтауға, сұрыптауға, реттеуге және талдауға тікелей қажетті ұғым-концептілер болып табылады.

Зерттеудің логикалық-концептуалдық контекстінде институционалдық қатынас категориясы Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония сынды мемлекеттердегі өнегесі озық тәжірибеден туындайтын демократиялық заңнаманың ілкімді нормалары мен принциптеріне негізделген және осы ұстанымдардың аясында ғана жүзеге асырып отыратын қатынастар жүйесін білдіреді. Сонымен бірге, бұл қатынастың құрылымына

аталмыш нормалар мен принциптерді (яғни, қоғам мүшелерінің құқығын) қатаң сақталуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық институттар да кіреді.

Ал тұлғааралық байланыс болса, мемлекеттік, әлеуметтік-саяси, шаруашылық-экономикалық сынды жауапкершіліктер мен құқықтық міндеттемелер арқалаған жеке тұлғалардың арасындағы ресми байланысты қамтиды. Функционалдық ерекшелігінен көрініп тұрғандай, бұл байланысты институционалдық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырған ләзім. Егер институционалдық қатынастың қалыпты функциясы осы тұлғааралық байланысқа негізделетіндігін ескерсек, бұл байланысты институционалдық қатынастар жүйесінің «субстанциясы» деуге де болады.

Енді жеке байланыс жөнінде қысқаша шолу жасалық. Бұл ұғым, атынан көрініп тұрғандай, қоғамдағы жеке адамдардың арасындағы бейресми байланысқа қатысты қолданылады. Бұл байланыстың өзі сан деңгейлі, сан салалы, сан түрлі болып келеді. Сонымен бірге, оның әрбір түрі, саласы және деңгейі тиістісінше өзіндік қағидалар мен ұстанымдарға негізделеді.

Осылардың ішінен мақаланың көлемі мен ондағы мәселенің өрбітілу қисынына қарай ең көрнекі деген үш түрін қысқаша болса да атап өтелік. Біріншісіне қазақ социумының барлық саласында және деңгейінде өзінің әлі де болса қоғамдық ықпалын жоғалтпаған рулық, яғни, өздерін белгілі бір руға жатқызатындардың арасындағы байланыс жүйесін жатқызуға болады (жүздік хәм жүзаралық байланыстар ішкірулық және руаралық байланыстар арқылы жүзеге асып отырады). Латентті, астарлы (бірақ, әсте астыртын емес!) сан қатпарлы, қиыр-шиыры шексіз деуге болатын жеке байланыстың бұл түрі де сан деңгейлі әрі сегментті болып келеді. Осы тұста сегментті деуіміздің себебі – әрбір рудың өзі аталас деп аталатын генеалогиялық ұстанымға негізделген бірнеше сегменттерді қамтиды. Сонымен бірге, әрбір сегменттің құрылымы мен функциясы өзіндік генеалогиялық байланысқа негізделеді. Демек, өздерін белгілі бір руға жатқызатындардың арасындағы, яғни рулық байланыстың құрылымы әлгі ішкісегменттік (аталастық құрылым ішіндегі) және сегментаралық (аталастық құрылымдар арасындағы) байланыстардан тұрады [24, 104-113; 29, 287-289; 30, 245-263].

Осы ретте ерекше ескерер гәп – аталмыш ішкісегменттік және сегментаралық байланыс руаралық немесе жүзаралық байланыстардың құрылымдық және функционалдық негізі болса да, бұл салада ешқандай функция атқармайды деуге болады. Өйткені, руаралық немесе жүзаралық байланыстың субъектілері қалыптасқан ахуалға қарай өздерін тиісті рудың немесе жүздің адамы (адамдары) ретінде ұстанады [24, 104; 30, 245-263].

Осы айтылған ой-тұжырымдардың желісі, әлбетте, қазан төңкерісіне, дұрысы, орыстың отаршыл тәртібінің орнығуына дейінгі қазақы ортадағы рулық қатынастың құрылымдық ерекшеліктерін білдіреді [27, 12-17; 28, 317-326; 30, 245-263].

Ал, совет, бергісі тәуелсіздік кезеңдерінде бұл қатынастың сұлбасы ғана сақталып қалды. Өйткені, орыс ғалымы А.И. Левшиннің кезінде атап өткеніндей, қазақтардың «алтын ғасыры» болған замандағы [26, 367] аталмыш қатынас социумның құрылымдық-функционалдық механизмдері болған сан алуан институттардан, сан деңгейлі, сан салалы туыстық, территориялық, шаруашылық-экономикалық, материалдық, әртүрлі салт, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар сынды ру-қауым мүшелерінің әлеуметтік энергиясын жұмылдыратын қоғамның энергетикалық нүкте-тораптары іспеттес тағы да басқа элементтерден тұратын.

Совет заманында болса, әсіресе, қазіргі уақытта бұл қатынастың туыстық байланыстан басқа жоғарыда аталған құрамдас салалары мен компоненттері хәм атрибуттары тарих қойнауына мәңгілікке сіңіп кетті. Оның өзінде де қазақ қоғамындағы бүгінгі туыстық байланыстың шынайы жұмыс істейтін «генеалогиялық тіршілік кеңістігі» әрі кеткенде екі-үш атадан ғана қосылатын адамдардың арасындағы байланыстармен шектеледі. Рас, әртүрлі той-томалақ немесе өлім-жітімге байланысты атқарылатын іс-шараларда өздерін бір руға телітіндердің аталмыш кеңістігіндегі қатары көбейеді әрі осы қатынастың информациялық өрісі мен тығыздығы артады****. Яғни, әлгі кеңістіктің аясы кеңиді. Бірақ, бұл жайт – шынтуайтында, «орайы келген сәтте» ғана іске қосылатын эпизодтық құбылыс қана. Себебі, бұрынғы дәстүрлі қазақы ортадағы бүкіл тіршілік кеңістігінің негізгі механизмдерінің бірегейі болған рулық байланыс құрылымынан қазір іс жүзінде екі-үш атадан қосылатын туыстардың арасындағы байланыстан басқа жоғарыда аталған ешқандай элементтер мен салалардың сілемі де қалған жоқ.

Жоғарыда ішінара айтылған тиісті институционалдық-ұйымдық, шежірелік-идеологиялық, территориялық, шаруашылық-экономикалық, салт-сана, әдет-ғұрыптық негіздері мен негіздемелерінен ада күйге түскен мұндай туыстық байланыстың бұрынғыдай жұртшылықты ұйымдастырар хәм жұмылдырар қоғамдық қауқарының түпкілікті түгесілгендігі, әлбетте, түсінікті жайт болса керек. Бірақ, антропологиялық (этнологиялық) тұрғыдан айрықша ден қойдырар

бірегей құбылыс – ол, сөз жоқ, «біратаның ұрпақтарымыз», «ата-бабамыздың жері» немесе «кір жуып, кіндік қан тамған жер» сынды ежелден жасап келе жатқан идеологема-концептілерден туындайтын (және соларға негізделген) ұстанымдар мен қағидалар, олардың тарихи кеңістік пен уақыт тезінде әрбір ру немесе жүз деңгейіндегі әлі де болса «талайы таусыла қоймаған» ұйымдастырушы һәм жұмылдырушы әуселесі. Түптеп келгенде, өздерін белгілі бір рудың, әрісі жүздің адамдарымыз деп санайтындарды байланыстыратын ұрпақаралық-этникалық байланыс-арна арқылы беріліп, «отбасы ошақ қасынан» санаға сіңіп кеткен аталмыш идеологема-концептілер ғана. Демек, «орайы келген сәтте» ғана (той-томалақ, өлім-жітім сияқты сан алуан басқа да іс-шаралар) қалыптасатын руластардың жоғарыда аталған генеалогиялық кеңістігіндегі байланысын, іс жүзінде, әлгі идеологема-концептілерінің функциясы ретінде қарастырған жөн.

Бұл тұста да ерекше екшеп айтар жайт – руаралық және жүзаралық байланыстарда, әсіресе, орыстың отаршылдық тәртібіне кіріптар болған заманда «жесір дауы, жер дауы» сияқты ішінара кикілжіндер орын алғанымен, қайшылықты болған емес. Ал, совет һәм тәуелсіз кезеңдерінде бұл байланыстардың «аражігі» латентті сипатқа ие болды. Жоғарыда айтылған идеологема-концептілердің рулық байланыс түрінде функция атқаратындығы сияқты, осы «аражікті» де тек руаралық немесе жүзаралық байланысқа «түскен» субъектілердің әрқайсысында пайда болатын таза ахуалдық мәнді психологиялық түйсік немесе сезім ретінде ғана бағамдаған ләзім. Осы қисынға байланысты әлгі руаралық немесе жүзаралық байланыс саласын аталмыш субъектілердің өздерін тиісті рудың немесе жүздің өкілі ретінде сезінетін **идентификациялық өріс** ретінде қарастыруға болады. Демек, бұл байланысты тұрақты, һәм «менмұндалаған», ашық райлы көрнекі құрылым деуге мүлдем келмейді. **Шынтуайтында, бұл байланысты өздерін бір ру немесе жүзге жатқызатындардың санасында отбасынан сіңісті болған ұстанымдар мен қағидалардың (мысалы, «біратаның балаларымыз» деген сияқты) жоғарыда айтылған ахуалдық «идентификациялық өрістегі» ментальдық-психологиялық (функционалдық) көрінісі ретінде қарастыру керек.** Бұл байланысты жоғарыда латентті, астарлы сипатта болып келеді деуіміздің себебі осында.

Бірақ, дәстүрлі қазақы ортада көшпелілер тіршілігінің тарихи кеңістік пен уақыт континумындағы жасампаздығы һәм жансебілдігінің басты механизмдерінің бірегейі болған рулық-жүздік құрылымның идеологиясы іспеттес әлгі идеологема-концептілер (осы мазмұндас басқа да ұстанымдар мен қағидалар), өкінішке орай, енді қазіргі постақпараттық заманда бүгінгі қазақ болмысына мүлдем кереғарлық етіп отыр. Өйткені, осындай ұғым-түсініктерге негізделген жеке байланыстың бұл түрі қазақ қауымын сегменттейтін, осы арқылы социумдегі қатынастар жүйесін де сегменттеуге едәуір әсер тигізер факторға айналды. Яғни, жеке байланыстың осы түрін қазақ қауымының қоғамдық қатынастың біртұтас белсенді субъектісіне айналуына, демек, оның субъектілік миссиясын әлсіретуге әжептәуір себепкер болып отырған жайт ретінде қарастыруға болады.

Ең «ғажабы», осындай кереғар гәпке ұйтқы болып отырғандар – қарапайым халық емес, өздерін белгілі бір ру немесе жүздің «ығайлары» мен «сығайлары» санайтын зиялылар деп аталатын қауым (әлбетте, бәрі болмаса да). Олардың ішінде үлкен жауапты іс һәм қызметтің басында отырғандар да аз емес. Басқаша айтқанда, аталмыш жеке байланыстың негізгі субъектілері – әлгі оқығандар мен тоқығандар****. **Бұл өкінішті гәп қазақ ұлтының тарихи үдерістің біртұтас қауқарлы субъектісі ретінде этникалық, мәдени, экономикалық, геосаяси, технологиялық шиеленісі мейлінше шиыршық атқан қазіргі заманның тегеурініне төтеп берер өзіндік бейімделу тактикасы мен стратегиясының (механизмдерінің) қалыптаса қоймағандығын айғақтаса керек.**

Осындай түсінік-концептілер тәуелсіздік жылдары билікке қолы жеткендер мен ен байлықты еркін емгендердің кейбіреулерінің өздерінің экономикалық немесе мансапқорлық мүдделерін жүзеге асыру үшін «генеалогиялық» жолмен кландық топтасуының идеологиялық негіздемесіне де айналды. Өкінішке орай, мұндай топтасу, көбінесе, заңнан тыс іс-әрекетке барудың институционалдық аясы болып отыр.

Мақаланың қисынына сәйкес, автордың типологиялық жіктемесі бойынша, жеке байланыстың келесі екінші түріне, көбінесе, сауда-саттық орындарында тәуелсіздік жылдары қалыптасқан бейформалды ахуалдық құрылымдарды жатқызуға болады. Мысал ретінде, тәуелсіздік жылдары Алматы қаласының жанындағы әйгілі «Алтын Орда» деп аталатын сауда-саттық орнында қалыптасқан халық арасында «күлбазар» деген атаумен танымал құбылысты (яғни, ахуалдық сипаттағы құрылым) айтып өтелік. Біздің жүргізген шағын этносологиялық мониторингіміз көрсеткендей, «күлбазар» деп айналадағы халық өзінің жұмыс күшін сатушылардың тобын атайды екен. Құрамы үнемі өзгеріп отыратын осы «күлбазардың» құрылымы әлгі еңбегін сатушылардың арасындағы және сатушылар

мен оларды жалдайтындардың арасындағы байланыстардан тұрады. Бұл байланыстың бірінші түрінде жалданушылардың физикалық күш-қуаты, кәсіби мүмкіншілігі, кезекке тұрған мерзімі, жасы, жынысы кейде, қайдан келгендігі сияқты параметрлер қатаң ескерілсе, екіншісінде мәселенің тиісті шешімі, әлбетте, жалдаушыларға тікелей тәуелді болып келеді.

Жеке байланыстың өзіндік ерекше ұйымдық формасы болып табылатын осындай және осы құралыптас басқа да бейресми құрылымдар кей жағдайда қоғамдағы әртүрлі девианттық қылық пен іс-әрекеттің әлеуметтік аясына айналып отыр.

Мемлекеттік қызмет пен экономикалық-шаруашылық салаларында «генеалогиялық», әріптестік, жерлестік, сыныптас-курстастық сияқты сан алуан жолдармен орныққан бейресми байланыстарды жеке байланыстың үшінші түрі ретінде қарастыруға болады. Сан деңгейлі, сан салалы болып келетін бұл байланыс, көбінесе, аралас күйде, яғни, екі-үш, кейде бірнеше жолмен орнығады (мысалы, байланыстың ядросы генеалогиялық, «орбитасындағылар» жерлестер немесе сыныптас-курстастар, тіпті, соңғылары бірге деген сияқты).

Осы ретте, әлемдегі елдердің тарихи тәжірибесі де, тәуелсіз кезеңдегі қазақ қоғамының даму үлгісі де айғақтап отырғандай, жеке байланыстың социумның барлық салаларында кездесетіндігін, ал оның кейбір түрлерінің қоғамның анағұрлым ұйымдасқан, реттелген деп есептелінетін сегменттерінде, мысалы, билік жүйесінде де орныққандығын ерекше екшеп айтқан ләзім. Аталмыш тәжірибе мен қазақы қоғамдық үлгіден туындайтын тағы бір қисын – кез келген социумның қалыпты қызметі ондағы жоғарыда аталған институционалдық қатынас пен жеке байланыс жүйесі арасындағы балансқа байланысты болып келеді. Тағы да өнегесі озық Еуропа, АҚШ, Жапония сынды елдердегі тәжірибеге сүйенсек, институционалдық қатынас жүйесінің абсолюттік үстемдігі ғана қоғамға, оның мүшелеріне әлем мойындаған демократиялық ұстанымдар мен қағидаларға сай, яғни, бақуатты тіршілік кешуіне мүмкіндік береді. Егер жеке байланыс жүйесі үстемдік алған жағдайда, бұл жайт қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің һәм әлеуметтік-саяси әділетсіздіктің, соның ішінде, мысалы, паракорлық және сыбайлас жемқорлық сияқты одағай оқыс қылықтар мен іс-әрекеттің өршуіне алып келеді. Яғни, мұндайда жеке байланыс жүйесі қылмыстық іс-әрекеттер мен сан алуан девианттық қылықтардың әлеуметтік аясына һәм институционалдық негізіне айналады.

Мәселенің антропологиялық ракурсы. Сонымен, ТМД елдерінде, соның ішінде, Қазақстанда, мысалы, біздің мақаламыздың нысаны болып отырған паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың күнделікті тіршілікте орныққандығы соншалықты, оған қоғам мүшелері көпшілігінің немқұрайлы қарайтындығының себебі қайда деген түйткіл сұрақ туындайды. Негізгі гәп, біздіңше, ТМД елдерінде, әлбетте, қазақ қоғамында тәуелсіздік жылдары орныққан әлеуметтік қатынастың табиғатында жатқан сияқты. Әңгіме, осы мемлекеттердің әлеуметтік жүйесі озық өнегелі батыс елдеріндегі сияқты қоғамның үйлесімді, әрі қарқынды дамуын қамтамасыз ететін институционалдық қатынасқа емес, жеке байланыстарға негізделгендігінде болып отыр. Яғни, институционалдық қатынасқа қарағанда, әлгі жеке қатынастың «реттеуші» және «ұйымдастырушы» пәрмені басым.

Расында да, тарихи тәжірибе айғақтап отырғандай, қазіргі қоғамда жеке қатынас құрылымдық жағынан болсын, функционалдық тұрғыдан болсын үстемдігі жүріп тұрған жағдайда ондағы заңдық-институционалдық жүйенің ұйымдастырушы, реттеуші, жұмылдырушы, тіпті, мәжбүрлеуші-жазалаушы функциялары тиімді нәтиже бере алмайды. Соның ішінде, әсіресе, мемлекеттік органдарда жеке байланыстың «ұйымдастырушы», «реттеуші» функциясы қауқарлы болуы бұл институттардың әуселесін әлсіретіп жіберіп отыр. Мұндай қатынас жүйесінде «өзіміздің адам», «жерлес», «рулас», «бірге оқығандар», «әріптестер», «туыс», «жекжат-жұрат», «құдалар» сияқты толып жатқан өзіндік «реттеуші» және «бағыттаушы» тораптары қалыптасады. Өзара қым-қуыт себеп-салдарлық байланыстағы бұл «тораптарды» жеке қатынастың «механизмдері» ретінде қарастыруға болады. Бұл және осы құралыптас басқа да «механизмдер», түптеп келгенде, әлгі жеке байланыстың субъектілерінің жеке мүдделерінің (экономикалық, материалдық, әлеуметтік (мысалы, мансап деген сияқты), тіпті, саяси және т.б.) жүзеге асуына қызмет етеді. Түпкі мақсаты да, мән-мазмұны да, айналып келгенде, жеке мүдделердің нәтижелілігін қамтамасыз ету болып табылатын аталмыш жеке байланыс қоғамдық тәртіптің ығына, заңның дегеніне бағына бермейді. Тіпті, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзсіз жүзеге асырылуы тиіс тапсырмалары дер кезінде орындала бермейтіндігі, кейде орындалмай жататындығы жасырын емес (осыған орай, Алматы қаласының бұрынғы әкімі А.Есімовке қаланың экологиялық маңызды аймақтарына кезінде заңсыз тұрғызылған үйлер мен мейрамханаларды сүріп тастау жөніндегі әйгілі тапсырмасының аяқсыз қалғандығы еріксіз еске түседі). Бұл жағымсыз жайтты Елбасының өзі де жариялауға мәжбүр болды: *«2013 жылдың қазан айында біз 9 айдың қорытындысын*

шығардық, өзекті мәселелерді талқыладық, сөйтіп, мен нақты тапсырмалар бердім. Орындалу мерзімі басталып кеткен 33 тапсырманың небәрі 11 ғана толық орындалды. Қалғаны сапасыз дайындалған немесе орындалу үстінде ғана. Ал, «көлеңкелі экономиканы» қысқарту жөнінде ешқандай іс-шара атқарылмаған. Жергілікті органдарды табыс көздерімен қамтамасыз ету саласында нақты көзқарас жоқ. Мемлекеттік-жеке серіктестік жобаларына даму институттарының, зейнетақы қорларының, қаржы ұйымдарының қаржыларын тарту жөніндегі ұсыныстарды Үкімет пен Ұлттық банк тарапынан жүзеге асыруға байланысты дайындық жұмысы жүргізілмеген. Ауылиаруашылығы туралы мәселелер кешені іс-жүзінде дайындалмаған» [32].

Әлбетте, Елбасының осы және басқа да тапсырмаларын орындалмағанына тиісті жауапты қызметтердегі адамдардың кінәлі екендігіне еш шүбә тумаса керек. Бірақ, осынау өкінішті гәптің байыбына бойлап бақсақ, оның басты себебі қоғамды шырмауықтай шандыған жеке байланыстарда жатқандығына көз жеткізу әсте қиын емес. Сонда, мақаланың авторы С.Әділов айтқандай, Президентке бойкот жариялаған нақты жауапты қызметкерлер емес, аталмыш тапсырмаларды тұншықтырып, құрдымға жіберген ешкімге дес бермейтін әлгі жеке байланыстар болып шығады!

Жеке байланыс жүйесінде кәсіби біліктілік пен елге сіңірген еңбектен гөрі, атақ, дәреже, қызметтік статус, байлық адамның ерекше мәртебесінің айғақ-символдары ретінде аса жоғары бағаланады. Ел-жұрт әлі күнге дейін жыр қылып айтатын «Ғылым туралы» жаңа заң күшіне енгенге дейінгі Қазақстандағы, әсіресе, қазақтардың арасындағы ғылым кандидаты мен ғылым докторы дәрежесін алуға ұмтылғандар санының күрт өскен жайтын аталмыш ой-тұжырымның айрықша көрнекі мысалы ретінде келтіруге болады.

Ал, мемлекеттік органдардағы жеке байланыстың жоғарыдағы айтылған (және басқа да) «торап-механизмдері» осы салада кландық жүйенің қалыптасуына алып келеді. Кландық жүйе болса мемлекеттік органдардағы жеке байланыс саласының ең басты ұйымдастырушы, реттеуші және бағыттаушы ұйымдық немесе өзіндік «институционалдық» формасы болып табылады. Мұндай жүйеде, жоғарыда ішінара айтылғандай, ең алдымен, адамның кісілігі мен кәсіби біліктілігінен гөрі, жоғары билік иелерінің көңілінен шыға білетін пысықай қасиеті бағаланады. Осылайша мемлекеттік органдарда білімі таяз, кәсіби деңгейі «онша емес» болса да, «ұстараның жүзінен» өте білетін ылдым-жылдым субъектілердің жауапты қызметтерді иемденіп отыруы сирек жайт емес.

Мемлекеттік органдардағы жеке байланыстың жоғарыда айтылған (және басқа да) «торап-механизмдері» және осы механизмдерге негізделген кландық жүйе мемлекеттік институттардың өзін сан алуан айла-шарғымен жеке мүдделерге қызмет еткізеді (мысалы: мемлекеттік лауазым жеке мүдденің діттеген мақсатын жүзеге асыратын аса тиімді құралға айналып кетеді). Осындай қатынас жүйесінде, әсіресе, жоғары лауазым-қызмет оның иесінің «шексіз мүмкіншілігінің» және институционалдық «артық мәртебесін» әрі қол астындағы қызметкерлердің (және басқалардың да) кіріптарлығын әйгілеп тұратын символға айналады. Мұндайда, әсіресе, қарапайым адамдарға қатысты байланыс саласында жоғары лауазым иелеріне тән менмендік, өзімшілдік, һәм өзімбілемшілдік сияқты эгоизмнің шектен шыққан түрлері қалыптасады. Аса қымбат жеке тұтыныс бұйымдары (үй, автомобиль, тіпті қолсағат және т.б.) осындай лауазым қызмет иелері мен олардың отбасы мүшелерінің басқалардан, әсіресе, қарапайым «қараша» халықтан өздері кәміл сенетін «артықша туған қадір-қасиетін» әйгілеп тұратын «символдар» іспеттес. Адами азғындық деп қана бағамдауға болатын мұндай құбылыс «балық басынан шіриді» деген белгілі заңдылық бойынша, әлеуметтік қатынастың орта, тіпті, төменгі сегменттерін де жайлайды. Осы деңгейлердегі шенеуніктердің біразы үшін жоғарыда айтылған, үлкен лауазым-қызмет иелерінің дағдыға айналған одағай қылықтары, әлеуметтік-материалдық жай-күйінің қалыптасу гәбі үлгі-модель іспеттес – көп жағдайда айна-қатесіз қайталанады. Бірақ, аталмыш деңгей-сегменттердегі лауазым-қызмет иелерінің ауқымы мен қолжетер қауқары, әлбетте, шағын...

Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – жеке байланыстың мемлекеттік институттар саласындағы тағы бір ерекшелігі ретінде оның көпсатылы иерархиялық сипатын атау керек. Осындайда әлеуметтік-экономикалық, саяси харекет һәм шешім атаулы үлкен лауазым-қызмет иелерінің атымен байланыстырылатындығы, яғни, тұлғалануы (персонификациялануы) заңды құбылыс. Мұндай жағдай, әрине, парақорлық және сыбайлас жемқорлық үрдісіне үлкен «институционалдық» мүмкіндік ашады.

Пара сияқты заңнан тыс алыс-беріске негізделген әлгі жеке байланыс, түптеп келгенде, оның субъектілерінің арасындағы әлеуметтік-материалдық және саяси-институционалдық статустарының (мүмкіндіктерінің) теңсіздігінің көрсеткіші әрі айғағы болып табылады. Өйткені, пара беретін адам міндетті түрде аталмыш байланыстың кіріптар субъектісі ғана. Демек, ТМД елдеріндегі және

Қазақстандағы қарастырып отырған жеке байланыс субъектілерінің арасындағы теңсіздік осы байланыстың типологиялық ерекшелігі деуге болады.

Өркендеген елдердегі жеке байланыс жөнінде. Қоғамдық қатынастың бұл түрі (саласы, деңгейі) әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің де әлеуметтік жүйесінде бұрыннан орныққан, осы жүйенің құрамдас маңызды саласы болып табылады. Бірақ, аталмыш байланыс қоғамдық тәртіптің институттары, нормалары, қағидалары мен принциптерінің аясында ғана тиісті функциялар атқарады. Алайда, бұл жайтты жеке байланыстың институционалдық қатынас жүйесіне кіріптарлығы деп қабылдауға болмайды. Қайта, саяси, әлеуметтік, экономикалық өнегесі озық елдерде институционалдық жүйе (қатынас), түптеп келгенде, баршаға белгілі «жеке адамның құқығын» қорғауды қамтамасыз ететін негізгі механизм болып табылады. Демек, бұл қатынастың тиімді қызметі – сайып келгенде, жеке байланыс саласының қалыпты қызметінің де ең негізгі кепілі. Бір жағынан, институционалдық қатынастың ең басты ұйымдастырушы және реттеуші тетіктері болып табылатын атқарушы, заң шығарушы, сот биліктерінің арасындағы өзара қарама-қарсылықтың тепе-теңдігі принципі мемлекеттік институттарға әлгі жеке адамның құқығын, осы арқылы қоғамдағы бүкіл заңдылықтың қатаң сақталуын тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, аталмыш принцип-механизм жеке тұлғаға да қоғамдағы үдерістердің белсенді субъектісі болуға үлкен мүмкіндік ашады. Дамыған елдерде жеке байланыстың институционалдық қатынастан оқшауланбайтындығы, оған кереғар келмейтіндігі сондықтан. Керісінше, әлеуметтік қатынастың осы типі әлгі институционалдық қатынастың ұйымдастырушы, бағдарлаушы, реттеуші сияқты сан-алуан функцияларының үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырады. Осы қисынға байланысты, бір есептен, өркендеген елдердегі жеке байланысты институционалдық қатынастың функционалдық күйі десе де болады. Дамыған елдердегі институционалдық қатынас пен жеке байланыстың арасындағы бірін-бірі толықтырып отыратын өзара үйлесімдік соңғы байланыс саласындағы шектен шыққан дейтіндей заңсыз әрекеттердің, мысалы, пара беру, пара алу, сыбайлас жемқорлық сияқты одағай құбылыстың жалпы қоғамдық дертке ұласуына әсте мүмкіндік бергізбейді.

Осы ретте қазақ қоғамында советтік және қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде аталмыш қылмыстық қылық пен іс-әрекет орын алды ма, болса қандай деңгейде орнықты деген заңды сұрақ туындайды. Бұл мәселені таратып айту, біріншіден, қазақ қоғамындағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың генезисін һәм эволюциясын түсінуге, екіншіден, осы арқылы осынау қоғамдық дерттің қазіргі ерекшелігін һәм оның алдын алу, мүмкіндігінше жою механизмдерін парықтауға зәредей болса да мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Советтік дәуірдегі ахуал. Аталмыш қылмыстық қылық пен іс-әрекет қазақ елінде совет дәуірінде де орын алды. Бірақ, осы тоталитарлық жүйедегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық, мәдени қатынастың субъектілерінің арасындағы әйгілі теңгерме, яғни, өзара теңдік принципі, оны жүзеге асыру идеологиясы мен практикасы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың, әсіресе, дәл қазіргі кезеңдегідей жойқын мөлшерде орнығуына мүмкіндік бермеді. Біріншіден, совет қоғамында әлгі қылмыстың жеке тұлғаның материалдық және саяси мүддесін заңнан тыс қамтамасыз ететін институционалдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, тіпті, мәдени негізі болмады. Екіншіден, коммунистік партия мен советтік билеу жүйесі парақорлықтың қоғамдық қатынасқа сіңісті атрибут-нормаға айналуының бүкіл социалистік тоталитарлық құрылыстың «іштен ірейтін» аса қауіпті факторы екендігін айқын түсінді. Өйткені, жеке тұлғаның материалдық және саяси мүддесін заңсыз қамтамасыз етуге тиісті пара беру, пара алудың жалпы үрдіске айналуы осы құрылымның табиғатына мүлдем кереғар әлеуметтік-экономикалық және саяси жіктеліс туғызатын пәрменді факторға ұласуы әбден кәдік еді. Осыған байланысты, үшіншіден, советтік жүйенің парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты басып жаншитын аяусыз жазалау аппараты тиімді жұмыс істеп тұрды. Төртіншіден, «еңбекші халық – қоғамның қозғаушы жасампаз күші», «халықтар достығы – лениндік ұлт саясатының салтанаты», «барлығы да адам үшін» деген сияқты т.б. сан алуан жалған ұран болса да халықтың көңілін аулауға бағытталған идеологемаларды насихаттайтын саяси институттардың пәрмені қуатты болды.

Орыс отаршылдығының дендеп орныққан кезеңіндегі қазақ қоғамындағы парақорлық үрдісі (XIX ғасырдың екінші жартысы). Осы ретте тәптіштеп айтуды қажет ететін бірер гәп – қарастырып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлықтың мүлдем болмағандығын айрықша атап өту қажет. Ал парақорлық жайты дәстүрлі қазақы ортада XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орныға бастағандығын қазан төңкерісіне дейінгі қазақ жеріндегі орыстың отаршылдық билік жүйесінде қызмет атқарған орыс шенеуніктері мен зерттеушілері өздері мойындады. Расында да, сан алуан деректер параның аталмыш ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ өлкесінде орыстың отаршыл билігінің күштеп, төтенше жүзеге асырған әртүрлі шаруашылық-экономикалық, саяси-әкімшілік, әкімшілік-

басқару, әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде қалыптасқан құбылыс екендігін айғақтайды. Қазақ жұртшылығы үшін бұл одағай оқыс жайттың экономикалық-материалдық қана емес, моральдық-этикалық жағынан да зардабы мол болғандығын қазақ өлкесінде әртүрлі қызмет атқарған орыс шенеуніктері мен зерттеушілерінің кейбір өкілдері ресми мойындады да. Деректерге қарағанда, пара, ең алдымен, орыс әкімшілігі орнатқан қазақ өлкесін басқару жүйесінде орнықты. Әсіресе, қазақ қауымы мен жергілікті орыс әкімшілігінің арасындағы сан салалы, сан деңгейлі байланысты «реттеудің» құралына айналды. Енді қазақтар үшін отаршылдық басқару жүйесіне қызметке орналасу тек параның пәрменімен ғана мүмкін болды. Себебі, бір жағынан, арандату, алдап-арбау, зорлық-зомбылық, себепсіз жазалау сияқты «қасиеттерге» негізделген отаршылдық басқару жүйесі орыс шенеуніктері үшін жергілікті халық өкілдерін пара беруге мәжбүрлеудің институционалдық негізіне айналды (осы тұста орыстың басқару жүйесі зорлық-зомбылық, алдап-арбау, ретсіз жазалау сияқты сорақы әрекеттерге негізделді деп отырғандығымыздың айғақты мысалы ретінде Ш.Ш. Уәлихановтың әйгілі «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде айтылған төменгі жайтты келтіруге болады: *«сібірліктер мен сібірдің бұртана халықтары исправник, заседатель мен поптарға көлік берудің ауыртпалығын осы күнге дейін айтады. Қазақтарда лау беру ешбір жүйесіз, тәртіпсіз жүргізіледі. Көптеген чиновниктер 40-60 атқа дейін лау алып, лаушыға [қазаққа] ақы төлемейді, сылдыр құрғақ уәдемен шығарып салады... Кейбір «майорлардың» (қазақтар орыс чиновниктерін осылай атайды) алған көліктерін иесіне қайтармаған жағдайы жиі ұшырайды (құрғақ уәде де бермейді)»* [21, 77-104].

Екінші жағынан, орыстың озбыр тегеуірінді билігінің алдында мүлдем дәрменсіз қазақтар ел-жұрттың негізгі ризығы – мал-мүлік пен жерін сақтау үшін әлгі биліктің шенеуніктеріне амалсыз пара беруге мәжбүр болды. Бұл одағай жайт, әсіресе, болыс, би, ауылнай сияқты лауазымды қызметтерге қазақтар арасында сайлау, тағайындау науқаны жүрген кезде жаппай етек алды. Тіпті, орыс әкімшілігі өкілдері алатын параның түрлері, мөлшері, механизмі мен жолдары да қалыптасты. Мысал ретінде, дәстүрлі қазақы ортаға ұланасыр материалдық шығыны өз алдына, ең алдымен, моральдық-этикалық ойсыратқан ойран әкелген жоғарыда аталған болыстыққа сайлау үрдісін айтуға болады. XIX ғ.-дың екінші жартысы – XX ғ.-дың алғашқы он жылдығына қатысты әртүрлі деректер орыс әкімшілігі қазақтар арасына енгізген болыс сайлаудың баламалы принципі, шынтуайтында, орыс шенеуніктері үшін әлгі лауазым-қызметке үміткерлердің әрқайсысынан неғұрлым көбірек пара алудың аса «тиімді» механизмі болғандығын айғақтайды.

Сонымен бірге, пара беру, пара алу енді көшпелі этностың қорғаныс механизмінің ең қауқарлы реттеуші тетігі болып табылатын әдет-ғұрыптық құқық саласын да жайлады. Орыс әкімшілігінің күштеуімен және төтенше араласуымен көшпелі ортада ежелден жасап келе жатқан би институтының табиғи-тарихи болмыс-бітімі енді оңалмастай өзгеріске ұшырады. Кезінде Абай, Ш.Ш. Уәлиханов, Ә.Бөкейхан сынды қазақ зиялылары жан-тәнімен қарсы болған қазақ қоғамындағы орыс билігі озбырлықпен жүргізген әртүрлі құқықтық реформаларға сәйкес билер орыс әкімшілігінің ұсынысымен ғана сайланды. Оның үстіне бидің билігіне енді ежелгі әдет-ғұрыптық нормаларды үздік білетін, әрі ұғынықты жеткізе алатын, әрі *«ата-баба жолының»* ұстанымдарына сәйкес іс кесуге машығы мол ел-жұртқа беделі жүретін тұлға емес, орыс билігінің «тілін» тапқан бай қазақтар да сайлануға мүмкіндік алды [21, 77-104; 22, 233-257 және т.б.]. Бұл дәстүрлі қазақы ортада ежелден ерекше қасиетті саналатын *«тура биде туған соң, туғанды биде иман жоқ»* принципін қатаң ұстанған бидің билігінің бұрынғы әлеуметтік-саяси әуселесінің мүлдем құрдымға кеткендігінің айғағы еді. Дәстүрлі құқықтық салаға орыс билігінің өктемдікпен араласуы қазақ қауымының орыс әкімшілігіне деген кіріптарлығын күшейтіп, оның ең сорақы нәтижесі, функционалдық белгі-көрінісі пара алу, пара беру үрдісінің орнығуына алып келді. Отаршыл билік жүйесіндегі пара беруші, әрине, отаршылдық режимге мүлдем тәуелділікке түскен қазақтар да, пара алушы – жергілікті орыс билігінің өкілдері. Ал, қазақы ортада орыс билігінің тетігіне қолы жеткендер (мысалы, *жаңа би, болыс, ауылнай* және т.с.с.) әлгі тетікті – қызмет-лауазымын кіріптар қазақтардан пара алудың құралына айналдырып жіберді. Деректерге қарағанда, параның *қол пара* және *жүз пара* деген түрлері болған.

Қол пара – пара берушінің өз мүддесін көздеген істің оңтайлы шешімін табу үшін белгілі бір билік иесіне беретін құндылықтың атауы. Ол ақша, қымбат бұйым (бұйымдар) немесе мал түрінде де беріліп отырылды. Параның бұл түрі тек қазақтар арасында ғана емес, орыс шенеуніктері мен кіріптар жергілікті адамдардың арасында да кең тараған құбылыс болды.

Ал, **жүз пара** дегені – туыстық-рулық байланыс негізінде оңтайлы шешім шығару үшін билік иесіне берілетін параның атауы. Жүз пара тек қазақтардың арасында орын алды. С. Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» атты кітабында параның осы аталған түрлері жайында нақты мысал келтіре отырып,

былай деген еді: «... әділетсіздік байқалғанда, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді. Мұндағы «туған жоқ» дегені, жақынына тартпай, «жүз пара», «қол пара» дегендерге бұрылмай, істі әділдікпен шешеді дегені. Бірақ, осындай билер мен әкімдердің көбі «жүз параға», яғни жақынына тартпай қоймаған. «Қол пара» дегеніміз алым. Қарсы жақты алым беру арқылы тарту ерте заманнан келе жатқан салт... Сібірдегі Көшім хандығы Ермак басқарған орыс әскерімен соғысып жеңілгеннен кейін, патша әкімдері қолға түскен Маметқұлды Москва абақтысына қамаған. Істі қуып барған інісі сол кездегі орыс патшасы төртінші Иванға мың бұлғынның терісін өткізіп, ағасын аман алып қайтқан деседі. ... XIX ғасырдың орта кезінде Көкшетау дуанының аға сұлтаны болған Зілқараның Әлібек есімді баласы қылмысты болып абақтыға түссе, ағасы Тұрлыбек Петербургқа барады да, «ақ патшаға» жолығып, сұлулығы сүліктей, меңсіз қырық қара атты параға өткізіп, інісін ит-жеккенге айдаудан құтқарып алады» [23].

Осы тұста айта кетер гәп – орыс әкімшілігі тарапынан қазақ өлкесіне отаршыл басқару жүйесінің жергілікті тетіктері ретінде орныққан *би, болыс, ауылнай* сияқты лауазым-қызметтер енді паракорлық және басқа да бұрын дәстүрлі қазақы ортаға мүлдем жат құбылыстарды жаппай таратудың «институционалдык» негізіне айналды. Орыстың отаршыл билік жүйесінде бұрынғы қазақ социумінде аса маңызды функция атқарған институттар өзінің ежелгі беделінен мүлдем айырыла бастады. Қазақтар өздеріне үйреншікті болып келген бидің билігінің ежелгі болмыс-бітімін орыстың билік жүйесінде жаңа тәртіп негізінде қызмет атқарып отырған *билер соты, халық соты, болыс* сияқты жаңадан орныққан институттардан мүлдем басқа болғандығын айғақтау мақсатында соңғыларына, тіпті, жаңа атауларды да ойлап тапты. Мысал ретінде жоғарыда аталған «**жаңа би**» терминін айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандай, орыстың отаршыл реформаларының тікелей нәтижесі болып табылатын пара беру, пара алу үрдісінің материалдық ауыртпалығы өз алдына, оның, әсіресе, мәдени-рухани және саяси салдары қазақ қауымына айырықша ауыр тиді. Қызметке парамен қолы жеткен жаңа билер мен болыстар, ауылнайлар мен молдалар (молдалыққа тағайындалу үшін үміткер *пешкеш* деп аталатын пара берді) іс жүзінде жергілікті жерде орыс билігінің отарлық саясатын жүргізуге үлкен мүмкіндік берді [21, 77-104; 24, 86-87 және т.б.]. Тіпті, әлгі жаңа лауазым-қызмет иелері көп жағдайда орыстандыру саясатын жүзеге асырушыларға да айналды. Қазақтың әдет-ғұрыптық дәстүрін зерттеушілердің бірі болған А.Зуевтың 1907 ж. жарық көрген еңбегінен төменде жоғарыда айтылған жайтқа байланысты аса маңызды деген бір тұсы келтіріліп отыр. Еңбек, әсіресе, осы үзінді орыс отаршылдығына дейін қазақ социумінің аса қауқарлы институттарының бірі болған «*бидің билігінің*» XIX ғ.-дың екінші жартысында жүргізілген реформалардан кейінгі пұшайман күйін дәлме-дәл сипаттауымен құнды. *Қазақтардың сағынышпен күрсіне еске алуына қарағанда, – деп атап көрсетті А.Зуев, – халық соты ертеректе* (орыс отаршылдығына дейін – Н.Ә.) *көшпелілердің кіршіксіз тіршілігі сияқты шыншыл, әділ, таза болды. «Халықтың (қазақтардың – Н.Ә.) халықтың өміріне енген эволюциядан кейін онсыз да бишара күйге түскен бұрынғы би енді жаңа тіршіліктің ми батпағында шыға алмастай малтығуға тиіс еді. Кезінде билігі жетіп артылған өркеуде би уақыты өткеннен кейін құдыретті* (орыс – Н.Ә.) *билеушілерінің азғындыққа баулуының арқасында айналасына өзінің түпсіз қалтасының қалтарысы тұрғысынан қарауды үйреніп, әлгі билеушілердің алдында құлдық ұрар пендеге айналуға мәжбүр болды. Сөйтіп, бұрынғы көшпелілер сотын ашық дөрекі дүлей күшке негізделген сот ығыстырды. Ал, соңғысы алдап-арбаудың, сатқындықтың, өтірік-өсектің сотына айналды. Жаңа билер халықтың арасында енді қарақан басын күйттеген парақор рубасылардың көңілінен ғана шығатын тиісті партиялық «шындықты» таратушылар болды. Сонымен бірге, рубасылардың партиялық мүдделерінің арасындағы қақтығыстар, бітіспес қайшылықтар, түптеп келгенде, халықтың ежелгі таза ғұрыптық заңды пір тұтқан санасын, осы арқылы дәстүрлі сот жүйесін бұзып бітті»* [25, 172-173].

Орыс шенеуніктеріне амалсыз берілетін пара мөлшерінің молдығы соншалықты, сайлауға түскендердің біразы жері мен мал-мүлкін сатып, тақыр кедейге ұшырады. Отаршыл билік иелерінің параны алатын өзіндік жолы да қалыптасты: әлгілер параны алуды өздерінің қазақы ортадан шыққан тілмаш, поштар сияқты жақын көмекшілері арқылы ұйымдастырып отырды [24, 89-90; 564-565].

Сонымен, XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап пара беру, пара алу қазақ қауымы мен орыстың отаршылдық жүйесінің арасындағы байланыстың ең жансебіл формасына айналды. Пара бір жағынан, ең алдымен, қазақ қоғамының орыс билігіне мүлдем тәуелділікке түскендігінің айғағы болып табылады. Екінші жағынан, патшалық билік жүйесі қазақ жұртын өз жерінің, өз мәдениетінің, өз тіршіліккамы жүйесінің, өз тілінің, өз ділінің толық мәнді табиғи-тарихи субъектісі емес, тек уақытша ғана пайдаға асатын ен-тегін табыстың объектісі ретінде қарастырғандықтарын айғақтайды (орыс отаршылдығының қызыл заманға дейінгі кезеңінде тәуелсіздігінен айырылған империя құрамындағы бүкіл халықтардың,

соның ішінде, қазақтардың да «инородцы», яғни, бөтен, жат, бұртана деген ресми атауға ие болулары көп жайтты аңғартса керек. «Бұртаналар» өз жерінде өз бетімен, өз тарихының ретімен тіршілік құрып отырса да). Үшінші жағынан, пара алудың, пара берудің қазақ тіршілігіне, жоғарыда айтылғандай, әкелген материалдық шығыны өз алдына, бұл одағай үрдіс қазақ социумінде ерекше маргиналдық топтың қалыптасуына алып келді. Шынтуайтында, паракорлық үрдісінің орыс әкімшігі мен қазақ қауымы арасында жаңадан пайда болған байланыстың сiңiстi атрибут-нормасына айналуы, сайып келгенде, әлгi құбылыстың осы байланыстың қазақы ортадан шыққан субъектілерінің – жаңа билер мен болыстардың, рубасыларының, ауылнайлардың да үйреншікті дағдысына айналуы болып табылады. Яғни, дәстүрлі қазақ социумінде ата-баба жолының ұстанымдарынан тайған азғындаған әлеуметтік топ пайда болды. Өз кезегінде бұл жайтты қазақ социумінің тарихи тағдырының таусылуының көрсеткіші ретінде де бағамдауға болады (осы ретте пара беру, пара алу орыс шенеуніктерінің басым көпшілігі үшін бұрыннан тіршілік нормасы болғандығы арнайы айтпаса да түсінікті жайт).

ХІХ ғасырдың бірінші жартысына дейінгі қазақ қоғамындағы паракорлықтың кездеспегендігі жөнінде. Осы ретте, жоғарыда айтылғандай, орыс отаршылдығына дейінгі кезеңдерде дәстүрлі қазақ социумінде де пара беру, пара алу, паракорлық үрдісінің мүлдем кездеспегендігінің себептері жөнінде заңды сұрақ туындайды. Расында да, әлгіндей паракорлық және осы құралыптас басқа да одағай жайттарға әлеуметтік негіз болады деп есептелінетін жеке байланыс көшпелі ортадағы қоғамдық қатынас жүйесінің негізгі желістері болып табылады. Бірақ, басты гәп осы қоғамның шаруашылық-экономикалық және институционалдық табиғатында жатыр.

Біріншіден, шаруашылық-экономикалық харекеттің тікелей объектісі де, құралы да, нысаны да мал болғандығы қоршаған табиғи ортаны осы харекеттің негізгі объектісіне айналдырды. Демек, адам-субъект пен табиғат-объект арасындағы орныққан байланыс атаулының басты мақсаты ұдайы өсіріліп, өндіріліп отырылатын мал мен оның өнімдерін әлгi адам-субъектінің биоәлеуметтік қажетіне жаратуды ұдайы, тікелей (!) қамтамасыз етіп отыру болды. Яғни, көшпелі ортада табиғатты игеруді биологиялық (мал) құралмен және жолмен жүзеге асыру, осының нәтижесінде алынған табиғи өнімдердің (мал өнімдерінің) көшпелілердің тікелей тұтынысына түсуіне байланысты, онда, тұтыныс қатынасы үстемдігі абсолюттік сипат алды. Субъектаралық салада орын алатын айырбас қатынасы көшпелі социумде, көбінесе, институционалды-ғұрыптық мәнді болып келетіндігі сондықтан. Ал, көшпелі қоғамның көршілес отырықшы елдермен сауда-саттық байланысына келетін болсақ, бұл айырбас қатынасының да көшпелі қоғамның жоғарыда аталған шаруашылық-экономикалық және институционалдық табиғатына байланысты капиталистік қоғамға тән қорлану үдерісінің факторына айнала алмады. Өйткені, айырбас қатынасының да нәтижесі – өнімдері көшпелілердің тұтынысына тікелей жаратылып отырылды. Көшпелі ортадағы мұндай айырбас қатынасы тұтыныс қатынасына ұласып кетіп отыратындығы сондықтан. Демек, мұндай қоғамдық ортада пара беру, пара алу, паракорлықтың өзін елестету мүмкін емес. Яғни, аталмыш құбылыстың пайда болуына көшпелі ортада ежелден орныққан шаруашылық-экономикалық қатынастың жоғарыда ішінара болса да айтылған табиғаты еш мүмкіндік туғызбады.

Екіншіден, көшпелі этноэкожүйеде жан баласы өзін тіршілік еткен ортасынан – ру-қауымнан тыс елестеткен де емес. Өйткені, көптеген көшпелітанушылардың қисыны келіскен пікірінше, Еуразияның аса қатал экологиялық жағдайында малды қоршаған табиғи ортаның биоэнергетикалық тепе-теңдігін қатаң сақтау негізінде ұқсатып күтіп-баптауға ұйымдасқан ұжымның ғана қауқары келетін еді. Яғни, ру-қауымның. Сондықтан да, жеке байланыстың өзі, соның ішінде, шаруашылық-экономикалық саласы да, қауым-социумнің іргелі институттары арқылы реттелініп отырылды (мысалы, адамның жас мөлшерін, жынысын, туыстығын әйгілейтін категориялар, ұғымдар мен атаулар (ақсақал, шал, жігіт ағасы, жігіт, бозбала, еркек, әйел заты, отағасы, ата, әке, шеше, күйеуі, әйелі, бәйбішесі, тоқалы, қызы, баласы, ағасы, інісі, әпкесі, қарындасы, сiңлісі және т.б.) ата-баба жолының ұстаным-өсиетіне сәйкес ру-қауым мүшелерінің іс-әрекетінің нормалары мен принциптерінің функциясын да атқарды. Себебі, ру-қауым мүшесінің тиісті атауы, түптеп келгенде, оның рулық және туыстық мәртебесін айғақтау ғана емес, отбасылық хәм қоғамдық тәртібінің де ежелден орныққан ұстанымының (нормасының, принципінің) шегі мен мазмұнын құрайды). Демек, көшпелі социумде жеке қатынастың нормалары мен принциптері социумнің үйлесімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталды. Басқаша айтқанда, бұл нормалар мен принциптердің «ата-баба жолының» ұстанымдарын қамтамасыз етуге бағытталған функциясы социумнің институционалдық әлеуетінің кепілі болды. Сонымен бірге, социумнің сан алуан институттарының, принциптерінің, нормаларының қалыпты функциясы жеке тұлға аралық байланыстың да үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырды. Олай болса, көшпелі қоғамда параның пайда болуына ешқандай институционалдық та мүмкіндік болған емес.

Ал, жоғарыда айтылған ХІХ ғ. -дың ІІ-жартысы кезеңіндегі қазақ қоғамына дендеп енген пара беру, пара алу үрдісінің гәбі мүлдем басқа. Дәстүрлі қазақы орта үшін бұрын онды-солды болмаған бұл одағай оқыс жайт (және басқа жағымсыз құбылыстар да) орыстың отарлаушы билігінің көшпелі қоғамның ежелден орныққан тіршілік тәртібін зорлық-зомбылықпен түбегейлі өзгертуге алып келген сан алуан реформа-тәжірибелерінің нәтижесі болып табылады. Демек, пара беру, пара алу, паракорлық құбылысын Ресей отаршылдық жүйесінің қазақ өлкесінде орнығу үдерісінің заңдылығы ретінде қарастырған ләзім.

Түйін. Сонымен, қазіргі қазақ қоғамындағы паракорлық пен сыбайлас жемқорлыққа байланысты сан алуан мәліметтерді және қалыптасқан дискурсты тиісті қоғамдық контексте антропологиялық парадигманың қисынымен талдау қарастырылған мәселенің ғылыми-танымдық һәм ғылыми-іс-тәжірибелік төмендегідей желісін таратуға мүмкіндік берді:

– қоғамдық қатынас құрылымында жеке байланыстар жүйесінің «ұйымдастырушылық» және «реттеушілік» қауқарының айырықша күшеюі социумның тиісті салалары мен деңгейлерінің арасында үнемі дисбаланстық құбылыстар туғызып отырады (мысалы, қала мен ауыл арасындағы, әсіресе, соңғы кезде ұлғая түскен әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани алшақтық, әлеуметтік құрылым жүйесінде пауперлену һәм маргиналдану үдерісінің күшеюі деген сияқты). Мұндай жағдайда нарықтық экономиканың заңдылықтары (принциптері) тиісті деңгейде функция атқара алмайтындығы түсінікті жайт (өйткені, мысалы, жеке байланыстар жүйесінің «бел баласы» болып табылатын экономикалық және институционалдық мүмкіндігі мол кландық бизнестің өкілдері нарықтық экономиканың қозғаушы күштері – шағын және орта бизнестің дамуына құлық таныта бермейді);

– ең алдымен, қоғамдық қатынас жүйесінде жеке байланыс үстемдігінің һәм осы байланыс субъектілерінің астамшыл өктемдігінің ерекше бел алуы ондағы одағай жайттардың, соның ішінде, әсіресе, паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың жаппай таралып орнығуына айрықша «институционалдық» мүмкіндік ашып отыр;

– демек, өнегесі озық елдердегідей қазақ қоғамында институционалдық қатынас түбегейлі орнықпайынша, яғни, қазақ қауымының іс-әрекеті институционалдық қатынасқа түбегейлі негізделмейінше еліміз ешуақытта өркениетті мемлекеттердің қатарына еңбек емес;

– өйткені, әлемдік тәжірибе айғақтап отырғандай, тек институционалдық қатынас жүйесіне негізделген қоғамда ғана өрескел одағай жайт атаулының етек алуына жол берілмейді;

– сонымен бірге, институционалдық қатынас орнығып, тиісті функциялар атқарған кезеңге көшу қазақ қауымының қазіргі нағыз жаулары болып табылатын бойкүйездік, өсекшілдік, керенаулық, немқұрайдылық, патернализм, конспирологиялық пиғыл һәм қылық, кержалқаулық, мансапқорлық, атакқұмарлық, жікшілдік һәм күншілдік сияқты қасиеттерден арылуына бірден-бір себепкер болар еді;

– сөйтіп, қазақ жұрты институционалдық қатынас түбегейлі орныққанда ғана тарихи үдерістің шынайы жасампаз субъектісіне айнала алады. Ал, институционалдық қатынас этностың қауқарлы қорғаныс механизмі ретінде ұйымдастырушы һәм реттеуші функциялар атқарар еді.

Ескерту.

* Осыған орай, әсіресе, Central Asia Monitor, Деловая неделя, Жас Алаш, Панорама, Мегapolis, Капитал сынды тағы да басқа газеттердің беттерінде жиі жарияланған сан алуан аналитикалық және статистикалық материалдарды ерекше атауға болады. Мысал ретінде соңғы кезде паракорлық пен сыбайлас жемқорлық мәселесі өз алдына, құрылыс, соның ішінде, тұрғын-үй салу саласынан бастап көлік қозғалысына байланысты кейбір лауазымды шенеуніктер мен ірі бизнес өкілдерінің немесе олардың алыс-жақынды туыстарының мемлекеттік заңды өрескел бұзу фактілерін, тіпті, қоғамда қызу дау-дамай туғызған қылмыстық іс-әрекетке бару жайттарын, сондай-ақ құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерінің заңнан тыс әсіре әрекеті сияқты біраз келеңсіз кептерді айтуға болады.

** Мақаланың қисыны тұрғысынан қазіргі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, ондағы институционалдық, тұлғааралық және жеке байланыстар жүйелерінің әрқайсысының орны мен рөлі һәм өзара балансы мәселесі мүлдем зерттелмегендігін ерекше екішеп айтқанды жөн санап отырмын – автор.

*** Қазіргі қазақы ортадағы жеке байланыстың басқа да түрлері мен деңгейлері мәселесі де ғылыми-танымдық жағынан болсын, қоғамдық іс-тәжірибе тұрғысынан болсын өз зерттеушілерін күтіп отырған аса қат антропологиялық күрделі тақырып болып табылады – автор.

**** Информациялық байланыс және информациялық өріс («инфосвязь», «информационное поле») ұғымдарының онтологиялық және эпистемологиялық жөн-жосығы жөнінде алғаш таратып жазған көрнекті ресей этнологы С.А. Арутюнов [31].

***** Автордың сан жылы әртүрлі әлеуметтік жіктер мен топтардың арасынан тікелей жеке бақылауы нәтижесінде жинақталған мәліметтер жан-жақты білімді һәм өз ісін жете меңгерген, кәсібіне ерекше мығым адамдар, әдетте, трайбалистік пиғылдан ада екендігін айғақтайды.

1. Аскаров Толеген. Где деньги, Зин? Украденные миллиарды возвращать пока не хотят // Central Asia Monitor. Республиканская общественно-политическая газета. 9-15 октября 2015. №40 (564).
2. Новая газета. Казахстан. № 48 (544).
3. Большой словарь иностранных слов. 35 тысяч слов. Изд. 2-е, испр. – М.: «Мартин», 2008.
4. Большой юридический словарь. Третье издание. М.: Инфра – М., 2007.
5. Дэвид Джери, Джулия Джерри. Большой толковый социологический словарь. Т. 1,2. – М.: Вега-Аст, 2001.
6. Румянцева Е.Е. Новая экономическая энциклопедия. В второе издание. М.: Инфра – М., 2006.
7. Очерк социальной антропологии. Отв. Ред. В.В. Шаронов. – СПб., 1995.
8. Минюшев Р.И. Социальная антропология. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академический проект; Фонд «Мир», 2004.
9. Арутюнов С.А., Рыжакова С.И. Культурная антропология. – М.: Весь мир, 2004.
10. Социальная антропология. Учебник. – М.: Инфра – М., 2008.
11. Социокультурная антропология. История, теория и методология. – М.: Академический проект; Культура; Киров; Константа, 2012.
12. Клод Леви-Стросс. Структурная антропология. – М.: Наука, 1985.
13. Масионис Джон. Социология. 9-ое изд. – СПб.: Питер, 2004.
14. Аронсон Эллиот. Общественное животное. Введение в социальную психологию. – М.: Аспект Пресс, 1998.
15. Мертон Роберт. Социальная теория и социальная структура. – М.: Аст: Аст Москва: Хранитель, 2006.
16. Луман Никлас. Социальные системы. Очерк общей теории. – СПб.: Наука, 2007.
17. Парсонс Талкотт. О структуре социального действия. – М.: Академический проект, 2000.
18. Парсонс Талкотт. О социальных системах. – М.: Академический проект, 2002.
19. Encyclopedia of Social and Cultural Anthropology. Ed. by A. Barnard, J. Spencer. L., NY., 1997.
20. Никишенков А.А. История британской социальной антропологии. – СПб.: Наука, 2007.
21. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т. 4. – Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1985.
22. Ибрагимов И.И. Заметки о киргизском суде // ЗИРГО ОЭ. Т.1. Сборник народных юридических обычаев. – СПб.: Тип. В. Киришбаума, 1878.
23. Мұқанов С. Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. – Алматы: Жазушы 1979.
24. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 5-том. Ө-Я. – Алматы: «Азия Арна», 2014.
25. Зуев А. Киргизский народный суд // Туркестанский сборник. Т.460. – Ташкент, 1908.
26. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К.Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996.
27. Alimbay Nursan. Community as a Principle Organizational Form of Social Relations of Nomads // Journal of Eurasian Studies. Journal of the Cábör Bálint de Szentkatolna Society Founded: 2009. – Volume I., Issue 1. / January – March 2009. – pp. 12-17.
28. Алимбай Нурсан. Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – №96. – СПб., 2009. – С. 317-326.
29. Alimbay Nursan. Social structure of the nomadic (traditional) community of Kazakhs: problems and methods // Төв Азийн тууль – II симпозиум, Naadam. Central Asian Epic symposium festival – II. Улаанбаатар, 2013.
30. Әлімбаев Нұрсан. Жетіаталық экзогамиялық бірлестік – ру: құрылымы, демографиялық мөлшері, ру және социум ретіндегі болмысы // Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар. – Тараз: DanAi, 2015. – 245-263 бб.
31. Арутюнов С.А. Народы и культуры. Развитие и взаимодействие. – М.: Наука, 1989.
32. Адилов Серикжан. Кто объявляет бойкот Президенту? // Central Asia Monitor. Республиканская общественно-политическая газета. 26 февраля – 3 марта 2016. №8 (584).

А.А.Тишкин

О ВОЗМОЖНОСТЯХ ПРИМЕНЕНИЯ РЕНТГЕНОФЛЮОРЕСЦЕНТНЫХ СПЕКТРОМЕРОВ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ДРЕВНИХ И СРЕДНЕВЕКОВЫХ ИЗДЕЛИЙ ИЗ ЦВЕТНОГО МЕТАЛЛА, ОБНАРУЖЕННЫХ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОГО АЛТАЯ*

В настоящее время в археологии активно внедряется междисциплинарный подход, который базируется на широком использовании методов разных наук и направлен на получение объективных данных, расширяющих исследователям информационное поле при воссоздании исторического прошлого. Для специалистов, изучающих сложные процессы становления, развития и трансформации древних и средневековых культур, одной из актуальных задач является установление химического состава обнаруженных изделий и реконструкция способов изготовления предметов из цветных металлов (меди, золота, свинца, серебра,

* Работа выполнена при финансовой поддержке гранта Комитета Науки МОН РК №1038/ГФ4 «Древние и средневековые кочевники Юго-Западного Алтая: междисциплинарные исследования»

бронзы и т.д.). В таких изделиях содержатся важные сведения о возможном месте добычи руды, навыках литейщика, приемах обработки, истории использования вещи, ее ремонте и многом другом [1, с. 62].

В течение длительного времени на территории Западного Алтая и его предгорий (Восточный Казахстан) изучались археологические памятники или были обнаружены отдельные находки. Материалы, полученные в разные годы, отложились в музеях бывшего Советского Союза. Такие собрания имеются в Алматы, Санкт-Петербурге, Астане, Москве, Усть-Каменогорске, Семипалатинске и других городах. Часть экспонатов не опубликована, другие предметы требуют исследований на современном уровне. В связи с выполнением гранта Комитета Науки МОН РК №1038/ГФ4 «Древние и средневековые кочевники Юго-Западного Алтая: междисциплинарные исследования», обозначилась необходимость не только получения новых сведений, но и более детального изучения уже имеющихся результатов, в том числе древних и средневековых изделий из цветных металлов. Находки, как уже было отмечено, в основном хранятся в музеях. Для установления химического состава их сплавов наиболее оптимальным является рентгенофлюоресцентный анализ, являющийся одним из методов, который все шире используется в археологической и музейной деятельности [1–10 и др.]. При этом используются различные приборы: портативные и стационарные. Специфика их работы отражена в научной литературе, а также широко представлена в интернете. На этом нет смысла отдельно останавливаться.

Существует целый ряд аналитических методов изучения металлических находок. Наиболее известным и многократно апробированным является оптический (эмиссионный) спектральный анализ [4; 11; 12, с. 45–49]. Одним из перспективных и развивающихся в последние годы становится уже отмеченный рентгенофлюоресцентный анализ. Многие исследователи предпочитают его использовать для получения данных по элементному составу сплавов. Рентгенофлюоресцентные спектрометры применяются в Институте археологии РАН (г. Москва), Государственном Эрмитаже (г. Санкт-Петербург), Институте минералогии УрО РАН (г. Миасс), Московском государственном университете и некоторых других учреждениях. В настоящее время в Алтайском государственном университете (г. Барнаул, Россия) имеются два прибора. Кроме широко апробированного портативного рентгенофлюоресцентного спектрометра ALPHA SERIES™ (модель Альфа-2000, производство США) [1, 6, 8, 10 и др.], развернут стационарный комплекс X-Арт М (фирма-изготовитель «Комита», Россия), который сначала работал в тестовом режиме и демонстрировал качественные характеристики археологических находок, а затем на нем была установлена программа для фиксации количественных параметров основных цветных металлов. Стоит надеяться, что использование двух приборов позволит не только сравнивать и контролировать получаемые показатели, но и более эффективно изучать разнообразные изделия. Полученная объективная информация даст возможности существенно продвинуться в процессе реконструкции особенностей технологического прогресса [9].

Портативный рентгенофлюоресцентный спектрометр Альфа-2000 в комплекте с испытательным стендом, с КПК и другими приспособлениями позволяет решать значительный спектр научных задач. Прибор безопасен и предназначен для количественного неразрушающего анализа содержания химических элементов методом рентгенофлюоресцентной спектрометрии в образцах и самих изделиях из цветных металлов, сталей, разных сплавов, контроля химического состава руд, почв, жидких и порошковых проб. Он обнаруживает наличие тех или иных элементов до сотой доли одного процента при аналитическом режиме работы и свыше тысячной – при горнорудном. Сведения о достоинствах и недостатках рентгенофлюоресцентного анализа уже излагались в научных изданиях [1, 2, 3, 7 и др.]. Опираясь на имеющуюся информацию, отметим отдельные моменты, позволяющие использовать портативный спектрометр для работы в казахстанских музеях, научных центрах и экспедициях.

Рентгенофлюоресцентный анализ имеет целый ряд преимуществ [1, с. 63–64]. Положительной стороной является то, что он относится к неразрушающим методам. Прибор не оказывает воздействия, которое бы изменило изделие или образец. Кроме этого, нет необходимости высверливать пробу или отламывать кусочек от изделия, что весьма существенно, особенно когда объектом изучения является предмет, для которого нежелателен отбор даже минимального количества вещества. Это принципиально важно, так как археологи найденный и обработанный материал должны передавать на хранение в музей. Каждая вещь, поступившая в фонды, становится потенциальным экспонатом, который порой трогать не рекомендуется, не говоря о том, что нужно взять от него пробу. Указанный метод тем и привлекателен, что позволяет предмету оставаться в его «первозданном» виде.

В тех случаях, когда все же нет возможности проводить работу с целыми вещами (например, затруднена транспортировка, предмет не входит в камеру стенда, необходимо исследовать труднодоступные для прибора участки и т.д.), результаты можно получить, отобрав очень маленькую по размерам пробу, которая, в свою очередь, не разрушается и может храниться в специальном банке

образцов. Для изучения крупных предметов (например, металлических котлов) эффективно применять портативные приборы.

К неоспоримому достоинству рентгенофлюоресцентных спектрометров относится быстрота проведения измерения (для получения одного анализа достаточно 30–120 секунд и еще некоторое время требуется на фиксацию полученных показателей). За день можно исследовать несколько предметов. Указанная скорость позволяет производить изучение археологических находок неоднократно и в разных местах, что обеспечивает набор данных для более объективной информации и детального рассмотрения особенностей каждого составляющего элемента изделия. Следует обратить внимание на важность получения серии результатов в случаях, когда древние и средневековые мастера использовали специальные приемы внешнего оформления изделий (лужение, серебрение и т.п.). С помощью рентгенофлюоресцентного анализа удастся также выявить наличие на бронзовом изделии позолоты даже в тех случаях, когда визуально в силу каких-либо причин данная особенность не устанавливается. Не менее важные, а порой даже неожиданные результаты получаются при тотальном исследовании металлических изделий одной категории находок, коллекции из одного погребения или всего памятника [2]. В ходе такой работы спектрометр позволяет реконструировать цветовую гамму разных предметов, что особенно существенно при изучении комплектов украшений.

Еще одно преимущество заключается в том, что после выполнения рентгенофлюоресцентного анализа результаты сразу демонстрируются на экране компьютера в двух видах (таблица и график). Используемые современные приборы имеют значительную широту диапазона одновременно определяемых элементов. Стоит отметить еще одно обстоятельство, которое обеспечивает возрастающую популярность метода, а также широкое использование портативного рентгенофлюоресцентного спектрометра, особенно среди археологов. Уже в экспедиции прибором можно достоверно сортировать археологические материалы и получать химический анализ выявленных находок. К концу полевого сезона может быть обработана вся коллекция или ее значительная часть. При определенном подходе результаты анализа позволяют датировать археологические находки, выявлять подделки, отмечать технологические особенности и многое другое.

Следует понимать, что любой научный метод, наряду с преимуществами, имеет какие-то изъяны и погрешности [1, с. 64–65; 7, с. 147–148]. Но при работе с рентгенофлюоресцентными спектрометрами они могут корректироваться или компенсироваться. Основная проблема заключается в том, что анализ определяет состав не всего изделия сразу, а только того участка, куда направлено излучение. При этом нужно понимать, что поверхностный слой каждой находки формировался по-разному. Он может нести результаты специального покрытия, контактирования с внешней средой или с другими металлами, химического воздействия и т.д. Поэтому для представления объективной картины содержания химических элементов в предмете необходимо в разных местах осуществлять неоднократное тестирование. При всем этом желательно иметь участки, где металл был бы без патины, окислов или коррозии. В большинстве случаев эта проблема решается наличием на изделиях царапин, сломов, трещин или следов от уже взятых сверлом проб. Для других требуется аккуратное механическое удаление окислов. При рентгенофлюоресцентном анализе необходимо обозначить разницу или сходство результатов, полученных при изучении поверхности в разных местах каждой находки и при тестировании участков с механическим снятием продуктов окисления. Второй исследовательский вариант музейные работники предпочитают не выполнять, считая, что экспонату будет нанесен вред. Однако нужно совершенно четко понимать, что при реставрации, которую так или иначе необходимо осуществлять (в ряде музеев мира вообще не демонстрируются не отреставрированные предметы), в первую очередь будут разными способами сняты продукты окисления и коррозии, которые существенным образом наносят ущерб археологическому предмету.

Специалистам приходится сталкиваться с музейными экспонатами, которые оказались уже очищены от окислов химическим путем. Данный вариант имеет свои минусы. Дело том, что такое воздействие нарушает или изменяет химический состав поверхностного слоя, что сказывается на искажении и, соответственно, достоверности результатов рентгенофлюоресцентного анализа. Задача всех исследований – без ущерба для предмета получить объективные показатели. Поэтому желательно рентгенофлюоресцентный анализ осуществлять до любого предполагаемого воздействия (очистка, консервация, реставрация и т.п.). На самом деле, несмотря на кажущуюся простоту работы, существует масса нюансов при работе с каждой находкой. Важно получить несколько определений для проведения сравнения и сопоставления результатов. Следует также указывать, каким образом производилось то или иное тестирование и для чего это делалось [1, с. 64–65].

Из кратко изложенных сведений становится понятно, что применение рентгенофлюоресцентного спектрометра приобретает особое значение при изучении разных археологических находок из металла. Для реализации такого подхода нужна конкретная исследовательская программа.

1. Тишкин А.А., Серегин Н.Н. Металлические зеркала как источник по древней и средневековой истории Алтая (по материалам Музея археологии и этнографии Алтая Алтайского государственного университета). – Барнаул : Азбука, 2011. 144 с.: ил.

2. Тишкин А.А., Хаврин С.В. Использование рентгенофлюоресцентного анализа в археологических исследованиях // Теория и практика археологических исследований. Вып. 2. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2006. – С. 74–86.

3. Ениосова Н.В., Митоян Р.А., Сарачева Т.Г. Химический состав ювелирного сырья эпохи средневековья и пути его поступления на территорию Древней Руси // Цветные и драгоценные металлы и их сплавы на территории Восточной Европы в эпоху средневековья. Ч. 2. / А.А. Коновалов, Н.В. Ениосова, Р.А. Митоян, Т.Г. Сарачева. – Москва : Восточная Литература, 2008. – С. 107–154.

4. Черных Е.Н., Луньков В.Ю. Методика рентгено-флуоресцентного анализа меди и бронз в лаборатории Института археологии // Аналитические исследования лаборатории естественнонаучных методов. – Москва : Ин-т археологии РАН, 2009. Вып. 1. – С. 78–83.

5. Горбунова Т.Г., Тишкин А.А., Хаврин С.В. Средневековые украшения конского снаряжения на Алтае: морфологический анализ, технологии изготовления, состав сплавов.–Барнаул : Азбука, 2009. 144 с.: ил.

6. Тишкин А.А. Опыт использования рентгенофлюоресцентного спектрометра при изучении древних и средневековых находок Сибири и Монголии // Труды III (XIX) Всероссийского археологического съезда. Т. II. Санкт-Петербург; Москва; Великий Новгород : Ин-т истории материальной культуры РАН, 2011. – С. 408–409.

7. Ениосова Н.В., Митоян Р.А. Рентгеноспектральный метод анализа археологического металла: преимущества, ограничения и ловушки в процессе измерения и интерпретации // Труды IV (XX) Всероссийского археологического съезда в Казани. Т. IV. Казань : Отечество, 2014. – С. 146–149.

8. Сенотрусова П.О., Мандрыка П.В., Тишкин А.А. Металлическая гарнитура поясных наборов монгольского времени в ангарской тайге // Археология, этнография и антропология Евразии. 2015. №2 (43). – С. 116–125.

9. Тишкин А.А. Использование портативного рентгенофлюоресцентного спектрометра при изучении древних и средневековых изделий из цветного металла с территории Большого Алтая // Геоархеология и археологическая минералогия–2015. Миасс : Ин-т минералогии УрО РАН, 2015. – С. 34–37.

10. Тишкин А.А. Перспективные возможности проведения рентгенофлюоресцентного анализа изделий из цветных металлов в музеях Алтайского края // Современные решения актуальных проблем евразийской археологии. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2013. – С. 93–98.

11. Черных Е.Н. Древнейшая металлургия Урала и Поволжья. – Москва : Наука, 1970. – 180 с.

12. Рындина Н.В., Дегтярева А.Д. Энеолит и бронзовый век. – Москва : Изд-во Моск. ун-та, 2002. – 226 с.

Ә.Т. Төлеубаев, Р.С. Жуматаев, М.С. Шагирбаев

ЖАЙПАҚ ҚАЛАСЫНДА 2015 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Жоңғар қақпасы, Алакөлдің оңтүстік жағалауы ежелден түркі халықтары қоныстанған құтты мекен десек те болады. Бұлай деп кесіп айтуымыздың себебі, аталған аймақта соңғы жылдары жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары барысында ондаған ерте орта ғасырлық қалалардың орындары анықталып, соның үшеуіне үлкен көлемде, тағы бірнешеуіне барлау-анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, т.ғ.д. Ә.Т.Төлеубаев басқарған экспедиция тарапынан жүргізілген барлау жұмыстары барысында анықталған қалалардың қатарында Ақтүбек, Қайнар, Жайпақ I, Жайпақ II, Ақши, Асусай, Қоскеліншек, Ырғайты, Тау Ақши, Найманқала, Еміл (Омыл) секілді қалаларды атауға болады. 2015 жылғы зерттеу маусымында, аталған экспедиция ортағасырлық Жайпақ қаласына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ерекше атап өтетін мәселе, аталған қалаға бұған дейін ешқандай қазба жұмыстары жүргізілмеген. Бір қызығы бұл жерде екі қала қатар орналасқан. Біз бұл қалаларды жергілікті елді-мекеннің атауымен Жайпақ деп, орналасу реті мен өлшемдеріне қарап шартты түрде Жайпақ I, Жайпақ II деп белгіледік.

2015 жылғы зерттеу маусымында негізгі қазба жұмыстары Жайпақ I қаласына жүргізілді. Жайпақ I қаласы, Жайпақ II қаласынан бірнеше есе үлкен. Жайпақ I қаласының жалпы пішіні трапеция тәріздес. Қаланың географиялық координаттары С.45°59'44.19»; Ш. 81°11'34.20». Жайпақ қаласы Үшарал ауданы, Жайпақ ауылынан оңтүстік батысқа қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Жайпақ қаласының сыртқы қоршау қабырғасының орналасу реті мен ерекшеліктері, нақтырақ айтсақ, батыс қабырғаның орта тұсы сыртына қарай сүйірлене шығып барып, ауызы ашық күйінде қалуына қарап, қала қақпасы батысқа қарауы мүмкін деп болжаймыз. сыртқы дуалының құландысының биіктігі 1,5-2 м шамасында. Құлаған қабырғасының жайылған топырағы 8-9 метрден бастап, кей жерлерінде 22 метрге дейін жайылған. Сыртқы дуалының оңтүстік және шығыс бөлігін тау шатқалдарына шығатын

маусымдық ағын сулар шайған. Осы тұста айт кетер мәселе, қаланың сумен қамтамасыз етілуі де осы таудан келетін ағын сулармен тікелей байланысты болуы мүмкін. Себебі таудан ағатын судың орындары бүгінге дейін терең ор болып сақталып қалған, әрі су жүретін ірі жылға қаланың оңтүстігінен келіп, шығыс қабырғаны сыртынан бойлай отырып, солтүстігіне қарай жайылып жоғалады. Мұндай жүйе оңтүстік өлкелердегі қалаларда жиі байқалады. Мәселен, ортағасырлық Аспара қаласының да сырты тура Жайпақ секілді арнайы су ағатын ормен қоршалып, ағын суды қала іргесінен өткізген [1]. Жайпақ қаласы тек қала ішінде құрылыстармен шектеліп қалмайды. Қаланың сыртын айнала бірнеше жүздеген метрге дейінгі аймақта үйілген төмпешіктер, қаланың оңтүстік батысында шамамен 200-250 метр жерде көп мөлшерде жерлеу орындары (сақталғандары 180-200 шамасында), сонымен қатар, қаланың шығысында үлкен ірі көлемдегі, іргесі ірі тастармен қаланған кесенелер орналасқан. Қала сыртының шаруашылық аймағы жөнінде біз, төменде арнайы мақсатта жүргізілген зерттеулерімізге тоқталғанда толығырақ айтамыз.

Кесік I. Қалашықтың қорғаныс құрылысының жүйесін анықтау мақсатымен батыс қабырғаның орта тұсына қима салынды. Батыстан шығысқа қарай сыртқы қабырғаны қиып өткен кесіндінің ұзындығы 18 м., ені 2 м., тереңдігі 2,3 метрді қамтыды. Қимадағы стратиграфиялық қыртыстардың көрсетуіне қарағанда қорғаныс қабырғасы арнайы үйіліп, тапталған топырақтан түзілген тұғырдың үстіне салынған. Қабырға пахса блоктарынан немесе қам кесектерден қаланып тұрғызылмаған. Таза сары топрақтан иленген балшықтан домбаздап, тұтас етіп ұру тәсілімен тұрғызылған. Оның бастапқы бөлігінің қалыңдығы төменгі жағында 3,5 м, жоғарғы жағында 2,5 м болады. Қабырғаның құланды топырағының құрамы бірыңғай қоңыр топырақ пен қиыршық тастар аралас келеді. Қиманың құрылымына қарап, құланды топырақ екі жаққа да бірдей мөлшерде жайылғанын көруге болады. Қиманың ішкі жанап отырып ашу барысында байқағанымыз, қала қабырғасының ішкі жағын жағалай құрылыстар салынғанын байқадық. Қиманың ішкі жағын бөлігінде, құрылыс еденінде үлкен көлемде арнайы кесек плита (қазан тұғыр болуы да мүмкін) шықты. Аталған плита ошақтың дәл алдына орналасқан. Тұрқы II әрпі тәріздес. Ортасына қарай еңістеліп барып, шұңқырлана айқталады. Плита көлемі 80x80 см. Қалыңдығы шамамен 3-4 см, диаметрі 35 см. Қимадан табылған қыш бұйымдар негізінен ас үйлік және асханалық ыдыстар топтамасына кіреді. Жақсы сақталғандары аз. Кейбір ыдыс түптері мен ернеулеріне қарап, табак, қазан және құмыра сынықтары болуы мүмкін деп болжаймыз.

Кесік II Жайпақ қаласының солтүстігінде, қаланың сыртқы қабырғасынан 40 метр жердегі ұзын жалға түсірілді. Жал батыстан шығысқа қарай созылған күйі сақталған. Сақталған жалдың жалпы ұзындығы шамамен 500 м шамасында. Бірнеше жерден үзіліп, қайта жалғанады. Біздің ойымызша бұл қабырға қаланың сыртқы қорғанысы үшін салынған болуы мүмкін. Сыртқы қорғаныс қамал қабырға қаланың шығыс бұрышына жеткенде үзіліп жоғалады. Мұның себебін біз, кейінгі жылдары жүргізілген егін-шаруашылық жұмыстары барысында бұзылған болуы мүмкін деп болжаймыз. Сыртқы қорғаныс қамал қабырғаның батыс бөлігі бірнеше жерден үзіліп, қайта жалғанып барып, шамамен 300-350 метрден кейін тегістелген. Бұл жағының да бұзылуын егін суғару мақсатында салынған ірі көлемдегі арықтардың салынуымен байланыстырамыз. Кесік II жалпы ұзындығы (солтүстіктен оңтүстікке қарай) 15 м, ені 3 м. Кесік екі сатылы болып, арнайы техниканың көмегімен жасалды. Ішкі, негізгі кесіктің ені 143 см, сыртқы екінші сатысының ені сәйкесінше 157 см. Кесіктің жалпы құрылымы өте қызық. Кесік шетінен ортасына дейін бірыңғай қатты топырақ болып келеді де, шамамен 3 метрден кейін тура бұр астау секілді майда құммен толтырылған қабатқа ұласады. Ішкі астау секілді қабаттың ұзындығы шамамен түбі жағы 1,5-2 метрден басталып, жоғары қарай кеңейе береді. Одан әрі бірінші бөлік секілді қатты өабатқа ұласады. Ортағасырлық мамандардың пікірінше, мұндай қабырғалар ортағасырлық қалаларда кездескен. Кесіктің астау секілді құмды қабатының астынан өте қатты темір тотығы секілді топырақ қабаты шықты. Әрбір қабаттың топырағынан химиялық таладу мақсатында арнайы түйіршіктер алынды. Қабырғаның мәдени қабатын анықтау мақсатында кесіктің екі шеті мен нақ ортасынан шурф салынды. Оңтүстік шурфтың жалпы өлшемдері 170x140x110 см. Солтүстік шурфтың өлшемдері 137x132x111 см. Кесіктің ортасына салынған шурфтың өлшемдері 210x140x93 см. Кесіктің жалпы орталық бөлігінің ең терең жері 170 см құрайды. Кесіктің беткі қабатынан бірнеше қыш бұйым сынықтары мен мал сүйектері кездесті. Оның ішінде, 3 ыдыс тұтқасы (1 қазан тұтқасы), 3 дана ернеу және ыдыс түптері. Мал сүйектерінен 3 дана жілік, 1 дана жамбас және 1 дана асық. Сүйектердің барылығы да ұсақ малға тиесілі.

Қазба I қаланың оңтүстік қабырғасын бойлай, ішкі жағына салынды. Қазбаның көлемі 14x15x1 м. Қазбаның қақ ортасында, батыстан шығысқа қарай 0,5 м арнайы жал қалдырылды. Қабырғаға іргелес жерден 3 бөлме, қазбаның шығыс жағынан 1 бөлменің орны шықты. Қабырғаға іргелес салынған

бөлмені қабырға қалыңдықтары кей жерлерінде 110 см, енді бер жерлерін 35 см аралығында ауытқиды. Бөлме қабырғаларының кейбіреулерінің сыртында арнайы жағылған сылақтың сақталған бөлшектері кездеседі. Бөлмелердің барлығының еденінен күл шықты. №1 бөлменің қабырғасының солтүстік қабырғасына жанаса ошақ пен алдында арнайы шоқ қоюға арналған, арнайы жасалған шаршы тәріздес шұңқыр шықты. Ошақтың жалпы диаметрі 40 см. Ошақ қабырғасының қалыңдығы 5 см. Ал, арнайы шоқ немесе күл қоюға арналған шаршының қалыңдығы 5-6 см, биіктігі 6 см. 2-ші бөлме мен 3-ші бөлменің қиылысқан жерінде ірі суфа орналасқан. Суфаның үстіне үлкен тандыр ошақ орналасқан. Суфаның солтүстігінде тағы бір ошақ, шығыс жағында бір жағымен қисайтып қойған үлкен құмыра секілді ыдыс шықты. Ыдыс сынып, тек жартысы ғана сақталған. Ошақтың ауызы солтүстікке қаратылған. Жалпы өлшемдері: сыртқы ені 47 см, ішкі ені 25 см, қабырғаларының ұзындықтары 10x10 см, жалпы ұзындығы 110 см. Тандыр ошақтың жалпы өлшемдері төмендегідей болып шығады. Сақталған биіктігі 33 см, ернеуінің диаметрі 50 см, түбінің диаметрі 65 см, қабырғасының қалыңдығы 2,3 см аралығында ауытқиды. қазбаның солтүстік бөлігінен 3 шұңқыр шықты. Диаметрлері 70x90x110 см аралығындағы дөңгелек тәріздес шұңқырлардың тереңдіктері 15-20 см аралығында ауытқиды. Қазба I мәдени қабатының тереңдігін анықтау мақсатында, қазбаның солтүстік батыс бұрышына стратиграфиялық шурф салынды. Өлшемдері 220x110x80 см болып келетін шурфтың қабырға стратиграфиясына қарасақ, жердің беткі қыртысынан материкке дейінгі дейінгі тереңдігі 80 см екендігін байқадық. Негізгі топырақ құрылыс қабырғасының құланды топырағы екендігі анықталды. Шурфтан шыққан материалдар негізінен қыш бұйымдар. Оның ішінде қызын ернеуінің сынықтары мен ыдыс түптері. Барлығы дерлік арнайы шарықта жасалып, сапалы күйдірілген. Қазба I шыққан материалдар негізінен тұрмыстық және шаруашылық мақсатта пайдаланған қыш бұйымдар, өзеннің жұмыр және жақпарлы-қатпарлы тастары, арнайы өңделген тастар, дән үккіштер мен дән үгуге арналған тоқпақ тастар. Қазба I шыққан тастарды сыртқы пішіндері құрылымына қарап, тау тасы және өзеннің жұмыр тасы деп екіге бөліп сипаттама беруді дұрыс деп ұйғардық. тау тастарын көбінісіне жақпарлы болып келуіне байланысты құрылысқа пайдаланған. Ал, өзен тастары көбіне тұрмыстық-шаруашылық мақсатта пайдаланылған.

Қазба I шыққан материалдар

Таудың жақпарлы тастары	26 дана	27x18x9 см; 19x10x7 см
Өзеннің жұмыр тастары	24 дана	20x13x12 см; 13x8x7 см
Арнайы өңделген тастар	10 дана	25x15x30 см
Дән үккіштер	6 дана	25x15x30 см
Диірмен тас (жартылай сынған)	1 дана	32x15x9 см
Тоқпақ немесе келі сап (тас құрал)	9 дана	18x10x7 см (орғаша өлшемі)
Бала ойыншығы н/е домалақ жұмыр тастар	3 дана	5,5x4,5x2,5 см

Қазба I шыққан қыш бұйымдар

1	Тұтқа (<i>ілмек тәріздес</i>)	90 дана
2	Қазан құлағы (<i>жартылай тәріздес</i>)	36 дана
3	Ернеулер	125 дана
4	Ыдыс түптері	135 дана
5	Қақпақ тұтқалары	13 дана
6	Шүмектер	2 дана
7	Ыдыс мойыны	8 дана

Мұнда біз қыш бұйымдардың жапы санын ғана көрсетіп отырмыз. Төменде қала керамикасы жөнінде кеңірек тоқталғанда, аталған қыш бұйымдардың жжасалу ерекшеліктері мен пайдалану мақсаттарын толық ашық қарастырамыз.

Қазба II, сектор I қаланың батыс қабырғасына түсірілген Кесіктің екі шетін ала, қабырғаның ішкі жағына түсірілді. Қазба кесіктің екі бетіне түсірілгендіктен, кесіктің оңтүстік жағындағы бөлігі шартты түрде сектор 1, кесіктің солтүстік жағы шартты түрде сектор 2 деп алынды. Қазба II, сектор 1-ге жүргізілген қазба барысында құрылыс қабырғасы жақсы сақталмағаны байқалды. Барлық құрылыс қала қабырғасына жанай салынған. Қала қабырғасына жанай санылған жерлерінен аса анық емес шикі кірпіш іздері байқалады. Қазба II, сектор 1-дің жалпы көлемі оңтүстіктен солтүстікке қарай 8,7 м, батыстан шығысқа қарай 7 м құрайды. аталған сектордың едені жақын маңнан бірдей тереңдікте 6 тандыр және 3 жай ошақ шықты. Тандыр ошақтың 2-ің төменгі жағының жалпы құрылысы өте жақсы сақталған, қалған 4-ің тек болар болмас іздері ғана байқалады. Қазба II, сектор 1-дің солтүстік шығыс бөлігінен табылған ошақтың бітімі бөлек. Ауызы оңтүстік батысқа қаратып жасалған. Ошақ

ауызына әсемдеп арнайы өрнектер жасалған. ауызының сыртынан алғандағы диаметрі 60 см, жанынан алғандағы диаметрі 50 см. Ішкі диаметрі 45 см құрайды. ауызына түсірілген өрнектер бұған дейін, Асусай қаласынан табылған ошақтардағы өрнектерге [2, 154-166 бб.] және кейбір көркемдік нақыштары ортағасырлық Жанкент қаласының ошақтарының өрнектеріне ұқсас [3, 100-108 бб.]. Қазба II сектор 1-ден табылған қыш ыдыстардың дені сынған, жартылай сақталған. Ішінара археологиялық бүтін ыдыстар да кездесті. Ыдыстардың барлығы дерлік арнайы шарықта, енді біреулері қолмен жапсырылып жасалған. Қазба II, сектор 1-ден шыққан материалдар негізінен қыш бұйымдар, құрылысқа және тұрмыста пайдаланған тастар мен мал сүйектері. Тастардың барылығы да таудың жақпарлы тастары. Өшемдері ең ірілері 19x17x13 см, орташаларының өлшемдері 21x12x11 см, ең кішілерінің өлшемдері 15x12x6 см аралығында ауытқиды. қазбадан шыққан мал сүйектерінің барылығының жалпы саны 20 дана. Оның ішінде 1 дана ұсақ малдың жауырыны, 6 дана ұсақ малдың жілігі, 2 дана ұсақ малдың омыртқасы. Қалғандары ірі малға тиесілі сүйектер. Қыш бұйымдарының көпшілігінің сынғанын жоғарыда айттық. Толығырақ сипаттап айтар болсақ, 7 дана ыдыс тұтқасы, оның ішінде қазан және құмыра тұтқалары басым. 2 дана қазан ернеуі және 2 дана ірі құмыра ернеуі. Ыдыстардың көпшілігі отқа қатты күйген. Қазба II сектор 1-дің мәдени қабатын анықтау мақсатында қазбаның солтүстік шығыс бұрышына шурф түсірдік. Жер бетінен есептегендегі шурфтың тереңдігі 105 см, қазба еденінен есептеген 60 см тереңдіктен материк шықты. Шурфтың жалпы көлемі 150x75 см. Шурфтан 5 дана қыш ыдыс сынығы және тандыр ошақ сынығы, 1 дана ірі мал, 6 дана ұсақ малдың сүйегі шықты. Шурфтың солтүстік қабырғасынан малта тас көрінді. Біздің ойымызша ары қарай құрылыс жалғасқан болуы тиіс.

Қазба II, сектор 2-нің жалпы көлемі 1-ші секторға қарағанда әлдеқайда үлкен. Бұл бөлікте сектор бір секілді тандыр ошақ көп кездеспеді. Керісінше құрылыс іздері анық байқалды. Қала қабырғасына перпендикуляр түрде жанастыра салынған құрылыс 4-5 метр ішке созылып барып аяқталады. Бірнеше кішкене бөлме орындары анық байқалды. Бөлменің ортасындағы қабрғаға жанастыра жасалған ұзындығы шамамен 1,8 м, ені 60-70 см болатын суфа орны анықталды. Суфаның жанына иін тірестре отырып, тандыр ошақ салған. Тандыр ошақ жер бетінен 30-35 см биіктікке дейін жақсы сақталған. Қазбаның бұл бөлігінен қыш бұйымдар аса көп кездеспеді. Керісінше мал сүйектері өте көп кездесті. Біз ақпарат беретін, сақталуы дұрыс деген 40-тан астам мал сүйегіні талдауға алдық. Төменде мал сүйектерінің жіліктелуіне қарай талданған кестеден нақты мөлшерін білуге болады.

Қазба II сектор 2-ден шыққан мал сүйектері

1	Жақ сүйек	Ұсақ мал	4 дана
2	Жауырын	Ұсақ мал	3 дана
3	Жамбас сүйек	Ұсақ мал	1 дана
4	Омыртқа	Ұсақ мал	2 дана
5	Жілік	Ұсақ мал	2 дана
6	Қабырға	Ірі мал	2 дана
7	Жамбас сүйек	Ірі мал	2 дана
8	Тістер	Ірі мал	6 дана
9	Жілік	Ірі мал	7 дана
10	Сирақ-жілік аралық сүйектер	Ірі мал	3 дана
11	Уатылған сүйектер	?	8-9 дана

Қазба II сектор 2-ден шыққан тастардың жалпы саны 12 дана. Төменде ортақ өлшемдері беріліп отыр.

1	Тау тасы	7 дана	18x11x7 см; 26x21x5 см
2	Өзеннің малта н/е жұмыр тасы	6 дана	30x15x12 см, 18x15x5 см

Қазба III жайпақ қаласының оңтүстік батысына қарай, шамамен 100 жерден бастапқы өлшемдері 7x5 м етіп түсірілді. Жоғарыда айтып өткенімдей, Жайпақ қала қоршауының ішкі жағымен қатар, сыртқы аймағы да құрылыстарға толы. Яғни қала халқы негізінен Жайпақ қаласының сыртқы аймағына орналасқан болуы мүмкін. Біз алғашқыда анықтау барлау мақсатында түсірілген қазба уақыт өте келе, көлемін өзгертіп, біршама кеңітілді. Қазбаның бастапқы өлшемдері салынған кезде, екі қабат алынғаннан кейін ақ құрылыс іздері біліне бастады. Қазбаның қақ ортасында батыстан шығысқа қарай созылған қабырға ізі байқалды. Қабырға толық сақталмаған. Бірақ, ұзындығы шамамен 3 метр. Қалыңдығы 50 см шамасында. Құрылыстың мәдени беткі қабаттан шамамен 15-20 см тереңдіктен басталып, еденге дейін 40-50 см аралықта ауытқиды. Шаруашылық аймақтың мәдени қабатын анықтау мақсатында қазбаның батыс шетіне қазбаның орталық бөлігіне шурф салынды. Қазбаның батыс қабырғасына іргелес жерден мәдени қабатты анықтау мақсатында 100x150x110 см көлемдегі шурф салынды. Қазбаның оңтүстік

жағынан бөлме орны байқалып, орта көлемдегі тандыр ошақы шаққандықтан, құрылысты оңтүстікке қарай 2 м жылжытуға мәжбүр болдық. Нәтижесінде тандыр ошақ, одан батысқа қарай тағы бір нашар сақталған тандыр ошақ шықты. Қазбаның шығыс жағынан құрылыс кірпіштері, нақтырақ айтсақ, шикі кірпіштер қалдығы біліне бастағандықтан, қазба шығысқа қарай 2 метр жылжытылды. Нәтижесінде нашар сақталған ошақ қалдығы мен шикі кірпіштерден арнайы қаланған суфа орны белгілі болды. Қазба оңтүстікке қарай тағы 2 метрге жылтылып, зерттеу жұмыстары жалғасты. Нәтижесінде, тағы ошақ қалдығы мен құрылыс қалдықтары белгілі болды. Сонымен қазбаның соңында жалпы көлемі 10x10 болып тоқтатылды. Зерттеу нәтижесінде Қазба III-тен көп көлемде қыш бұйымдар, тұрмыстық-шаруашылық мақсатта пайдаланылған жұмыр тастар, күйдірілген құрылыс кірпіштері, ірі көлемдегі шикі кірпіштер, қайрақ тас, өте жақсы сақталған ұршық басы және темір істік секілді бұйым шықты. Қыш бұйымдар негізінен асханалық және ас үйлік ыдыстар. Оның ішінде қазан сынықтары, диірмен тас сынығы, хұм ернеуі, құмыра мойыны, құмыра сынықтары, табақ, көзе, көзелек секілді ыдыстар мен қатар, өте әдемі өрнектермен көмкерілген амфора секілді құмыра сынығын ерекше айтуға болады. Қазан сынықтары бір жерден табылды, әрі барлығы бір-біріне қатты ұқсайды, яғни бір қазанның бөлшектері екені анық. Мұны біз кейін камералық зерттеу барысында анықтап, қайта қалпына келтіруге тырыстық. Мұндай бір топтамалы қазан сынықтары осы қазбадан тағы кездесті.

Қазба III шыққан қыш бұйымдардың жалпы сандық үлесі

1	Қазан сынықтары (1)	22 дана
2	Қазан сынықтары (2)	15 дана
3	Ыдыс ернеулері	12 дана
4	Ыдыс түптері	14 дана
5	Хұм қабырға сынықтары	12 дана
6	Тұтқалар	10 дана
7	Қазан құлақтары	3 дана
8	Күйдірілген кірпіш сынықтары	11 дана
9	Шикі кірпіштер	5 дана
10	Диірмен тас	1 дана
11	Дән үккіш тастар	2 дана
12	Дән үккіш тоқпақ тас	1 дана
13	Темір істік, темір бұйымдар	3 дана
14	Ұршық бастары	1 дана
15	Өрнекті амфора	1 дана

Қыш бұйымдарының көпшілігі арнайы шарықта жасалған, ішінара кейбіреулері қолмен жапсыру тәсіліне сүйенген. Ыдыстардың көпшілігі сынған, енді біреулерінің те фрагменттері ғана сақталған. Жалпы Қазба III-тің құрылысы мен материалдары аса жақсы сақтала қоймаған. Мұның негізгі себебі, құрылыстардың жер бетіне жақын орналасуынан болса керек. Техногендік табиғат әсеріне ұшыраған жер бедері тарихи құрылыстар ықпал етіп, жаңбыр мен еріген қар суының сіңу тереңдігі біздің зерттеу нысанымызға тез жетіп, бүлінушілікке ұшыратқан.

Қазба III шыққан ұсақмал сүйектерінің жалпы сандық үлесі

1	Тістер	Ірі мал	Ірі мал	6 дана
2	Тоқпан жілік	Ірі мал	Ірі мал	3 дана
3	Буын сүйектері	Ірі мал	Ірі мал	2 дана
4	Қабырға сүйектері	Ірі мал	Ірі мал	4 дана

Жалпы Қазба III шыққан мал сүйектері ірі және ұсақ малдардың үлесіне шақсақ аса үлкен алшақтық байқала қоймайды. Екеуінің де үлестік пайзы тең. Әрине аз ғана аймақтан шыққан материалдар негізінде тұщымды пікір айтып, біржақты ойды кесіп айту қиын. Бірақ, алынған материалдарды талдап қарар болсақ, Жайпақ қаласындағы тіршілік тек қала ішінде емес, қала айналасында да кең етек алғанын көре аламыз. Қазбадан түрлі көлемдегі және әртүрлі мақсатта қолданылған ыдыстардың көптеген сынықтары табылды. Солардың арасында бүтін және жартылай бүтін сақталғандары да бар. Оларды біз жоғарыда табылған жеріне қарай топтастырып, енді төменде сол аталған қыш бұйымдарға толығырақ сипатама береміз. Табылған керамикалық ыдыстардың бір бөлігі қарапайым жапсырма әдіспен жасалса, бірсыпыралары арнайы шарықта жасалғандығы айқын көрінеді. Шикізат құрамына қарағанда қолданыста болған ыдыстар жергілікті жерде жасалып, осында күйдірілген.

Жайпақ қаласына жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында табылған қыш бұйымдар пайдалану мақсатына қарай, жасалу ерекшеліктеріне қарай және төмендегідей топтастырып, жіктеуді дұрыс деп санадық.

1. Ас үйлік ыдыстар: қазан, шәугім, қазан қақпақтары, тегеш сынықтары, көзе сынықтары және т.б.
2. Асханалық ыдыстар: табақ, таба сынықтары, саптыаяқ, құмыра, су құюға арналған ыдыстар

3. Шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар: *құм сынықтары, шырағдандар, үлкен көлемдегі құмыра сынықтары, көзелер және т.б.*

Амфора. Жайпақ қаласына 2015 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында, қаланың батыс қабырғасына түсірілген кесіктің солтүстігіне жүргізілген қазба барысында екі тұтқалы, су құюға арналған құмыра табылды. Құрамына майда құм, слюда араластыра отырып арнайы шарықта жасалған құмыра, тура бүйірінен төмен қарай сынып жоғалған. Осы себептен біз, құмыраның нақты биіктігін айта алмаймыз. Құмыраның негізгі өлшемдері төмендегіше болып шығады: Ернеуінің диаметрі (сыртқы жағы) 11,2 см, ернеуінің диаметрі (ішкі жағы) 9,2 см, ернеу қалыңдығы 1 см болса, құмыра мойынының диаметрі (сырт жағы) 9,5 см. Құмыра ернеуінің бір шетін саз кеппей тұрып иіп жасаған суағары бар. Ернеуден 2 см төменде құмыра тұтқалары 90° бұрыш жасай отырып, 6-7 см-ден кейін аздап доғалдана отырып, еркін иіліп келіп, төменгі құмыраның иығына барып жалғасқан. Құмыра тұтқасының қалыңдығы 2,1-2,3 см аралығында ауытқыса, жалпақтығы 5,2 см құрайды. Тұтқаның төменгі құмыра иығына барып жалғасқан жерінен, жоғарғы тік бұрыш (аздап доғалдау) иілген жеріне дейінгі биіктігі 11-11,4 см аралығында. Құмыраның иығынан ернеуге дейінгі биіктігі 11,2 см құрайды. Бүйірі шар тәріздес келген құмыраның сынып, жарылған жерінің қимасына қарап, отта сапалы күйдірілгенін байқай аламыз. Құмыра бүйірінің қалыңдығы 0,9 см құрайды. Құмыра иығынң сыртын айналдыра бір қатар білінер-білінбес етіп бедер түсіріліп шыққан. Біздің ойымызша бедер құмыраның шарықта айналып тұрған сәтінде түсірілген болуы мүмкін. Себебі бедерде ешқандай ауытқушылық байқалмайды. Түсі қызыл қоңыр келген құмыра ас үйлік мақсатта пайдаланған болуы кәдік. Құмыра тұтқаларының бірінің төменгі иығына барып жанасқан жерінің астында қатты затпен түсірілген бедерді байқауға болады. анықтап қарасақ, бедер көлденең түсірілген бір сызық және одан қиғаштай тармақталған бірнеше сызықты көруге болады. Әрине нақты бір өсімдік бейнесін немесе басқалай бір композицияны береді кесіп айту қиын. Бірақ бір қарағанда шырша бейнесіне ұқсатуға болатын секілді.

Ернеуі және тұтқасымен бірге және жеке ернеулері сақталған қазан бөлшектері. Жалпы саны 8 дана. Бірінші, Түсі ашық қызыл келген. Арнайы шарықта жасалып, сыртына қарай үш бұрыш жасап иілген қазан ернеуінің сыртында екі қатар бедер бейнеленген. Екеуі де сағат тілінің бағытында салынған. Үстіңгі бедер нүкте тәріздес, ал төменгі бедер бағыттауы бедер «егіп түсірілген. 24-26 см аралығында. Тұтқасы да қызық орналасқан. Ернеуден 2 см төменде, сазды жалпақ етіп илеп, ортасын саусақпен батыра жоғары қарай езіп жапсырған. Тұтқадан гөрі жй сәндік бедерге көбірек ұқсайды. Беліне таман жапсырылған екінші құлақ сынығы бар. Бұ құлақ сазды ұзын етіп илеп, екі жерінен саусақпен батырып, жапсырған. Құлақтың ұзындығы 9 см. Ені 1,3-1,8 см аралығында ауытқиды.

Қазан 1. Бүйірі шар тәріздес етіп жасалған қазан сынған жерінің қимасына қарап, құрамы майда құм және слюда араластырып жасалғанын байқаймыз. Қазан бірнеше бөлікке сынып, төменгі жағы жоғалған. Қазанның сақталған бөлігіне анықтап қарау нәтижесінде, арнайы шарықта жасалғанын анықтадық. Қазан ернеуінің диаметрі 26 см құрайды. Қабырға қалыңдығы 0,8 см. Тұтқасы ұзын етіп жасалған. Саусақ іздері бедерленіп жасалған. Құлақтың ұзындығы 13,5 см.

Қазан 2. Тек ернеуі ғана сақталған қазан сынығы құрамына майда құм араластырып, арнайы шарықта сапалы жасалған. Сақталған бөлігіне қарап, сипаттама берсек, бүйірі шар тәріздес болып келіп, ернеуіне жеткенде, аздап ішке қарай батырылып барып, сыртына қарай бұрыш жасап қайтарылған. Қазан ернеуінің сыртында бүйіріне таман бірыңғай күйе іздері байқалады. Ернеуінің диаметрі 24-26 см аралығында.

Қазан 3. Құлағымен бірге сақталған. Ернеуі жоғарыда сипатталған қазан ернеулерінен өзгеше. Қабырғасы жоғары қарай тіке шығарылып келіп, сыртына қарай тік бұрыш жасап иіліп барып аяқталады. Құрамына ірі құм араластыра отырып, арнайы шарықта жасалған. сыртында бірыңғай күйе іздері байқалады. Қазан ернеуінен 4,5-5 см төменде ұзындығы 5,4 см, ені 1,9 см тұратын құлақ жапсырылған. Құлақтың бетіне үш саусақ ізі батырылып түсірілген. Қазан қабырғасының қалыңдығы 0,8-0,9 см. Ернеу диаметрі 25-26 см.

Қазан 4. Жоғарыда сипатталған қазанға өте қатты ұқсайтын, бірақ, өлшемдері сәл үлкенірек келген қазанның түсі қызыл. Ернеу диаметрі 25-26 см, қабырға қалыңдықтары 1-1,2 см. Тұтқасының ұзындығы 6,2 см, ені 2,2 см құрайды.

Қазан 5. Бірінші сипатталған қазанға өте ұқсас. Жасалуында аздаған өзгерістер бар. Тұтқасындағы саусақ іздері 6 дана. Ернеуінің диаметрі 26 см. Тұтқасының ұзындығы 13 см.

Қазан ернеуі. Арнайы шарықта жасалған. Түсі ақшыл келген. Қабырға қалыңдығы 0,5-0,8 см аралығында. Құрамы құм араластырып жасалған қазан ернеуінің күйдірілуі бірқалыпты.

Қазан 6. Түсі сары қоңыр келген. Бүйірі сыртына қарай аса көп шығарылмаған. Ернеуі қабырға бойымен тік шығарылып, тік бұрыш жасап, сыртына қайтарылып тоқтаған. Қазан бізге дейін әр жерінен

сынған үш бөлігі жетті. Біреуі қазан орта тұсы тұтқасымен бірге, қалған екеуі ернеулері. Тұтқа арнайы сазды ұзынша етіп жасап келіп, қазанның иығына таман жапсырылған. Қолмен ұстар тұсына саусақты батырып ұстауға ыңғайлы із түсірген. Саусақ ізінің саны 7 дана. Қазанның сынған жеріндегі қимаға қарап, отта күйдірілуі бірқалыпты емес екендігін байқаймыз. Қазан ернеуінің сақталған жеріне қарап, ернеу диаметрі 28-30 см аралығында болған деп болжаймыз. қазан қабырғасының қалыңдықтары 0,7-1 см аралығында.

Шырағдан №1. Құрамы майда сұр құм араластыра отырып, қолмен жасалған. сазды әбден илеп, аздап сопақша етіп алып, барлық жағын бірдей көтере отырып жасаған. Астынан есептегендегі ұзындығы 14 см, үстіңгі ернеуінің ұзындығы 15 см. Ернеуінің домалақ артқы бөлігінің диаметрі 8-9 см. Үшкірлене шығарылған тұмсығының ұзындығы 6,5 см құрайды. тұмсығының ернеуі ені 3,5 см. Қабырға қалыңдығы 0,7 см. Шырақтың артқы жағының биіктігі 4,4 см, алдыңғы тұмсық жағының биіктігі 3,2 см. Тұмсығында күйе іздерінің сақталуына қарап, тұрмыста жақсы пайдаланғанын көреміз.

Шырағдан №2. Шырағданның тек ұшы яғни тұмсығы ғана сақталған. Құрамына майда құм мен слада араластыра отырып, саздан иленіп жасалған шырақтың іргесінде күйе іздері байқалады. Асты бір тегіс келген. Мұндай шырағдандар Жетісу өңірінің басқа да ортағасырлық қалалардан кездескені ғылымда белгілі [4]. Сонымен қатар, тура осы секілді шырағдан 2014 жылы ләкөл жағалауындағы Қоскеліншек қаласын зерттеу барысында табылған.

Ошақтың бедерлі сынығы. Түсі қызыл қоңыр келген. Құрамына слюда және қиыршық тас араластыра отырып жасалған. Ошақтың бір бұрышы болуы мүмкін. Беткі жағына әртүрлі өрнектер түсірген. Өрнектерді екі түрге бөлеміз. Біреуі штамп болуы мүмкін. Ол домалақ келген бедердің ортасына + белгісін басқан [5, 182-186 бб.] Ошақ сынығының қалыңдығы 4,6 см. Сынған жерінің қимасына қарап, отта күйдірілуі бірқалыпты емес екендігін байқаймыз.

Көзе. Бүйірі аздап сыртына шығыңқы келіп, иығына келгенде ішіне қарай қусырылып, ернеуі сыртына қарай беті тегістеліп аяқталған. Жалпы биіктігі 11,6 см. Ернеуінің сыртынан есептегендегі диаметрі 12,2 см. Ернеуінің ішкі жағының диаметрі 6,6 см. Мойының диаметрі 9,3 см. Шар тәріздес келген белінің диаметрі 12 см. Доғалданып барып аяқталған түбінің диаметрі 10 см. Ернеу түбінен иыққа дейінгі биіктігі 2,8 см құрайды. Көзе қолмен жапсырылып жасалған. Отта күйдірілуі бірқалыпты емес.

Құтыша. Ілмек тәрізді тұтқаның жоғарғы жағы ернеуіне, төменгі жағы құтының беліне барып жапсырылған. Құты мойнынан төмен қарай тарамдалған шашақ тәрізді бедерлер мен екі шетіне екеуден, алдына үш түйме тәрізді сазды жапсырған. Ернеуі сынып, жоғалған. Сақталған мойнының диаметрі 6 см. Шар тәріздес белінің диаметрі 9,7 см. Түбінің диаметрі 5,8 см. Сақталған биіктігі 11,7 см.

Шүмектер. Жалпы саны 3 дана. Екеуінің жасалуы бір-біріне ұқсас. Аталған екі шүмек ұзын етіп жасалған. Сақталған шүмектің ұзындығы 8,2 және 5 см. Бір қарағанда аң келбетіне келетін шүмектер қолмен жапсыру арқылы жасалған. Ішкі тесіктерінің диаметрлері 0,5-0,7 см. Үшінші шүмек шәугімге тиесілі болған болуы мүмкін. Аталған шүмек те қолмен жапсырылып жасалған. Ішкі тесігінің диаметрі 1,5 см. Шүмектің сыртқы диаметрі 3-3,4 см аралығында ауытқиды.

Сия сауыт немесе құтыша. Қолмен жапсырылып жасалған. жалпы биіктігі 2,5 см, ернеуінің диаметрі 4,5 см. Түбінің диаметрі 3,4 см. Ішкі тереңдігі 1,7 см. Түсі қара қошөыл келген. Отта күйдірілуі бірқалыпты емес. Іргелерінде аздап жарылу бегілері байқалады.

Көзе және көзелектер. Барлығы дерлік жартылай сақталған. Жалпы саны 6 дана. Түстері қызыл сары, қызыл қоңыр келген. Отта күйдірілулері бірсыпырасында бірқалыпты, енді берулерінде бірқалыпты емес. Ернеу диаметрлері 10-28 см аралығында. Биіктіктері 4,5-12,5 см аралығына ауытқиды.

Қыш ыдыс ернеулерін пайдалану мақсатына қарай қазан ернеулері, құмыра ернеулері, хұм ернеулері, үлкен құмыра ернеулері.

Қазан ернеулері. Қазан ернеулері өз ішінде бірнеше топқа жіктеледі. Олар ернеулері үшбұрыш тәріздес етіп қайтарылған, тік бұрыш жасап қайтарылған ернеулер. Құрамына майда құм араластыра отырып, арнайы арықта сапалы жасалған қазан ернеулері отта күйдірілулері бірқалыпты. Қазан ернеулерінің диаметрлері 19-22 см аралығында. Қабырға қалыңдықтары 0,6-1 см аралығында ауытқиды.

Ернеулері тік бұрыш жасап немесе доғалданып қайтарылған ернеулері. Жалпы саны 6 дана. Құрамына қиыршық құм араластыра отырып, кейбіреулері шарықта енді біреулері қолмен жапсыру арқылы жасалған. Бірернеудің аяқталар ұшына қиғатап қатты затпен батырып, айналдыра із түсіріп шыққан.

Құмыра мойындары. Жасалуына қарай, екі топқа топтадық. Бірінші топқа ернеу диаметрі үлкен келген құмыра мойындары. Саны 2 дана. Ернеулерінің диаметрлері 15-18 см аралығыда. Қабырғаларының сынған жерінің қимасына қарап, отта күйдірілулері бірқалыпты екендігін көреміз.

Сыртқы пішініне қарағанда екі ыдыс сынығы да арнайы шарықта жасалған. Екінші топқа жіктелетін ыдыстар мойындарының ұзынша түтікше секілді болып келуімен ерекшеленеді. Жалпы саны 7 дана. Ішінде біреуінің көлемі үлкен. Құрамына слюда мен құм араластырып жасаған құмыра мойыны отта жақсы күйдірілмеген. Ернеуінің диаметрі 10 см. Қабырғасының ернеуіне жақын жағының қалыңдығы 0,6 см, беліне жақын маңының қалыңдығы 1,6 см. Құмыра мойыны тура беліне жалғасатын жерінен сынған. Қалған төрт құмыра мойындарының түстері қызыл қоңыр, сұрғылт болып келген. Отта күйдірілулері әркілы. Құмыра мойындарының ішіндегі ерекше келген екеуі бар. Оларда басқалар секілді емес, сыртында бедер түсірілген. Ең қызығы екі ыдыс сынығы бастапқыда бір ыдыс болғаны анықталды. Ыдыс қолмен жапсырылып жасалған. тұтқа құмыраның ернеуіне өте жақын орналасқан. Бірақ тұтқа жапсырылған жерінен сынып, жоғалған. Тұтқа орнына жақын жерден иректеліп, саз балшықты жапсырған. Оның астынан қиғаштап үш сызық түсірілген. Анықтап қарау барысында, ернеуден сыртына төмен қарай бояу жағылған. Бұл молшылықтың ұғымымен байланысты дүние болуы мүмкін [6, 70-71 бб.].

Құтыша ернеулері. Жалпы саны 3 дана. Көлемдері әркілы ыдыс сынықтары. Ернеулерінің диаметрлері 9,10,13 см аралығында ауытқиді. Түстері сары, қызыл қоңыр келген құтыша ернеулері қолмен жапсырылып жасалған. біреуінің су ағар шүмегі болған.

Ернеулері тік болып аяқталған ыдыс сынықтарының саны 6 дана. Түстері күнге ұзақ тұрғандықтаны ақшыл сарғыш тартқын ыдыс сынықтарының барлығы да қолмен жапсырылып жасалған. қабырға қалыңдықтары 0,8-2,5 см аралығында ауытқитын ыдыс ернеулері отта сапалы сүйдірілген.

Үлкен көлемдегі құмыра ернеулерінің жалпы саны 9 дана. Құрамы майда, ірі, қиыршық құм және слюда араластыра отырып жасалған ыдыс ернеулері бірсыпырасы қолмен, енді кейбіреулері арнайы шарықта жасалған. Отта күйдірілуі бірқалыпты емес. Диаметрлері 19-28 см аралығында.

Хұм ернеулері. Өз ішінде 4 топқа жіктеледі. Бірінші Әдеттегі, жиі кездесетін хұм ернеулері. Сыртына қарай еркін, немесе үшбұрыш жасап қайтарылған ернеулер. Диаметрі 30 см құрайды. Екінші топтағы Хұм ернеулерінің бітер ұшына саусақпен батырып із түсірген. Үшінші хұм ернеулері өзге ернеулер секілді сыртына қарай емес, керісінше ішіне қарай қайтарылып аяқталған. Төртінші топтағы ернеуден гөрі арнайы табақ, керсенге көбірек ұқсайды. Нақты қандай қыш бұйымның бөлшегі екендігін кесіп айта алмаймыз.

Жайпақ қаласына жүргізілген қазба жұмыстары барасында өте көп мөлшерде мал сүйектері шыққанын біз әрбір қазбаға жеке тоқталғанда сандық мөлшерін көрсеткен болатынбыз. Енді төменде мал сүйектерінің барлығын жіктеп, санымен мөлшерін қала деңгейінде шығаруды дұрыс деп ұйғардық. Жалпы мал сүйектерін сақталуына қарай және орналасу ретіне қарай топтастырдық. Жайпақ қаласына жүргізілген 3 қазба орны мен 2 кесіктен шыққан мал сүйектерінің жалпы саны 537 дана. Оның ішінде ұсақ мал сүйектерінің сақталғандары саны – 80 дана болса, ұсақталып үгітілген, ұсақ мал сүйегі – 208 дана. Төменде орналасу ретіне қарай мөлшері:

Ұсақ мал сүйектері

1	Жақ тіс	12 дана
2	Омыртқа	20 дана
3	Жамбас	5 дана
4	Токпан жілік	14 дана
5	Қабырға	14 дана
6	Жауырын	9 дана
7	Жілік	6 дана

Ірі мал сүйектерінің сақталғандары: 82 дана. Ұсақталып үгітілгендері: 167 дана.

Ірі мал сүйектері

1	Мүйіз	2 дана
2	Тұяқ (жылқы)	1 дана
3	Тұяқ (сиыр)	5 дана
4	Тіс	16 дана
5	Жамбас	3 дана
6	Жауырын	7 дана
7	Қабырға	5 дана
8	Жілік	5 дана
9	Аралық сүйек (тізе буын сүйегі)	25 дана
10	Жіліктің басы	5 дана

Жайпақ қаласына жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында өте көп мөлшерде қыш бұйымдар мен мал сүйектері табылғанын жоғарыдағы мәліметтер дәлелдейді. Біз жоғарыда сол қыш бұйымдар мен мал

сүйектеріне ғылыми сипаттама беріп, жіктеп, саралауға тырыстық. Бір ерекшелігі Жайпақ қаласының қыш ыдыстарында, бұған дейін біздің экспедиция тарапынан Асусай, Қоскеліншек қалаларына жүргізген зерттеу жұмыстары барысында табылған қыш бұйымдардан аздап айырмашылықтар байқалады.

Біріншіден, Жайпақ қаласынан табылған қыш бұйымдар санының молдығы. Бұған дейінгі зерттеулерден мұндай аз қазба кезінде мұндай көп мөлшерде қыш бұйымдар кездеспеген болатын.

Екіншіден, қыш ыдыстармен қатар, тұрмыстық-шаруашылық мақсаттағы қыш бұйымдар саны артқанын көре аламыз.

Үшіншіден, темір бұйымдар саны біршама артып отыр.

Төртіншіден, мал сүйектерінің мөлшері алдыңғы зерттеу нысандарынан табылған мал сүйектеріне карағанда, біршама артқан. Міне осындай ерекшеліктеріне қарап, сонымен қатар қала құрылысы мен шаруашылық аймағының алып жатқан аумағының кеңдігіне қарап, Жайпақ қаласы қатардағы керуен сарай немесе шағын қала емес, халық тығыз қоныстанған, біршама ұсақыт өмір сүрген, өзіне тән иррегациялық жүйелері бар, жерлеу орындары мен шаруашылық аймағы бар ірі қала деп атауға әбден болады.

1. Ерзакович Л.Б. О позднесредневековом городище Аспара. // Новое в археологии Казахстана. – Алматы. – 1968.

2. Төлеубаев Ә.Т., Талеев Д.Ә., Омаров Ғ.Қ., Шағырбаев М.С. Алакөл жағалауындағы Асусай қалашығында 2012 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // ҚР ҰҒА Хабарлары. – Қоғамдық және Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 5 (297). – Қыркүйек-қазан. – 2014 ж.

3. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ АН Каз ССР. – Алма-Ата: Наука. – 1958. Том V.

4. Зиливинская Э.Д. Очаги жилого комплекса на городище Джанкент // ИзвНАН РК сер. Общ. и гуманитарных наук. – Алматы. – 2013. - №3.

5. Шағырбаев М.С. Керамика бұйымдарын атрибуциялау мәселесі // ҚазҰУ-дің Хабаршысы. – Тарих сериясы. – 2014ж. № 4 (71).

6. Байпақов К.М. Находка клада керамики на территории Алма – Аты. Қаз.КСР ҒА Хабаршысы. Алма – Ата. – 1974.



Сурет -1. Кесік I



Сурет-2.Кесік I, (қала қабырғасының қалыңдығы)



Сурет – 3. Кесік III



Сурет – 4. Кесік II. (Кесіктің құммен толтырылған (су?) астау секілді ортасы)



Сурет – 5. Қазба 1.



Сурет – 6. Қазба 2. (ошақ алды тұғыр)



Сурет – 7. Қазба 3. (шығыстан қарағандағы көрініс)



Сурет – 8. Қос құлақты амфора



Сурет – 9. Түбек



Сурет – 10. Құмған

М. Елеуов

МЫРЗАШӨЛ МЕН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҮТІРТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Жазба деректерде Жетісудың батысында «Қозы басы Шу» деген жерде Жәнібек пен Керей хандар бастаған Қазақ хандығының құрылғандығы халқымыздың тарихында белгілі. Көрсетіліп отырған жер Моғол хандығының жері еді. Алайда Моғол ханы бұл қазақ хандарын өз жеріне келулерін қуанышпен қарсы алған. Себебі Есенбұғы ханның інісі Жүніс хан Моғол хандығына осы жағынан қауіп туғызып отырған. Сондықтан енді Жүністің Моғол хандығының бұл жағынан қауіп туғыза алмайтынын біліп Жәнібек пен Керейдің өз жеріне келіп орналасуына ешбір кедергі жасамаған. Бұл жерге келгенге дейін қазақ сұлтандары қазақ хандары деген атауда да аталып жүрген. Мұнда келгеннен кейін қазақ хандары деген атаумен еркінде атала бастаған.

Халқымыздың егемендігін алып, еркін даму жолына түсуне байланысты қазақ хандығының алғашқы ту тіккен жерін айқындау үшін 1980жылы автордың басқаруымен палеоэтнологиялық экспедиция жұмысын жүргізген еді. Зерттеу барысында Қозы басы деген жер Қордай ауданының шығыс жағында екендігі белгілі болды. Тұңғыш ғалымымыз Ш.Ш. Уәлиханов Верный бекінісінде болған кезінде Қозыбасының бекіністен екі күндік жерде екендігін жазған болатын. Міне сол Қозыбасы жайлауында Керей хан болған, Шу деген жері қазіргі Шу станциясының аумағы. Шу станциясының терістік шығыс жағында Хантау станциясының аумағында Жәнібек хан болған. Өйткені Үлкен Хантаудың шығыс жағында Жәнібек ханның «хан қорасы» деген қора бар. Тағы басқа жер аттары туралы төменде айтамыз олардың аңыз емес тарихи шындық екендігіне назар аудару керек. Хантау, Жетісу аймағының солтүстік батыс жағында Шу-Іле Алатауының оңтүстік шығыс жағалауындағы сілімдері болып табылады. Оңтүстік батыстан, оңтүстік шығысқа қарай 40 км дейін созылып жатыр, кеңдігі 10-15 км. Таудың орташа биіктігі 600-650 м [1, 610 б.]. Ең биік шоқысы 1053 м. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, ол биік шоқыны «Сұңқар» шоқысы деп атайды. Шамасы таудың биіктігін Сұңқар сияқты құстың аспандап биік ұшуына салыстырмалы түрде айтылған болуы керек. Хан тауы бір тұтас емес, бірнеше бөліктерден тұрады. Таудан ағып шығатын кіші-гірім өзендер, тау беткейлерін сай сала, жыра-жылға етіп тілімдеген. Сондықтан да таудан шыққан өзен бойларында қойнауларында мал қыстауға қолайлы. Хантау солтүстік шығыс жағынан Жусанды даласымен, ал солтүстік батысынан Сексеуілді далаларының ортасында орналасса да малға пайдалы өсімдікке өте бай. Әсіресе тау етектері әкसेлеу, жусан, еркек шөп сияқты мал жейтін жұғымды шөптер әрі биік әрі қалың өседі. Ал тау басында және беткейлерінде саркүйік шөп жайқалып тұрады. Хантаудың қыс қыстауға және бір қолайлығы тау беткейлерінде қысқа отын болатын тобылғыақтаспа сияқты отқа жағатын қызуды жақсы беретін бұталы өсімдіктер өссе, ал Жусанды далада сексеуіл сияқты қызуы күшті баялыш өседі. Бұл өсімдіктің қызуы сексеуілден кем емес. Сонымен бірге сексеуілде Хантаудан онша алыс емес. Тұрғындар қыс кезінде отын жағынан таршылық көрмеген. Сол себептенде Хантау жеі қазақ халқының қыста тұрақты жай салып мекендеген басты жерлерінің бірі болған.

Халқымыздың жер, тау, өзен, көл немесе басқа бір нәрселерге ат қойғанда оның белгілі бір сыртқы көріністеріне немесе, себеп-салдарына, мағынасына қарап қоятындығы ертеден-ақ белгілі. Сондықтанда бұл таудың Хантау аталуы да бекер аталмандығы өзінен өзі айтып тұрғандай, тауда қазақ хандарының жайлағаны белгілі болып отыр. Оған қосымша, Үлкен Хантау, Орта Хантау, Бала Хантау (немесе Кіші Хантау) деген атаулардың аталуын бекер еместігін байқатады. Аталған таулардың басында хан отыратын «ханның тағы» деп біздің хабаршымыз таққа ұқсас үш тасты көрсетті. Әрине бұл аңыздың шындыққа қаншалықты жанасымды екендігіне күмән келтіруге болмайды. Хантауда хандардың өмір сүргендігі жайлы аңыздарды дәлелдейтін басты бір айғақ, хантаудың солтүстік шығыс жағында «Хан қорасы» деген қораның орны бар (1 сурет). Табиғи дөңгелек қора қора тәрізді жартастың ортасын қораға пайдаланғандық көрініп жатыр. Нұрғиса Мұқатаевтың айтуы бойынша бұл қорада Жәнібек хан қыстайтын болған. Қораның қазіргі көрінісіне қарағанда ХХ ғасырдың 50-60 жылдарына дейін, одан кейін де қора есебінде пайдаланғандық көрініп жатыр. Қораның тегістік жағында жартастың ортасында кеңдігі 1м30см ұзындығы 25 м жартасты қақ жарып үстіне көтерілетін саты тәрізді жерді «Хан сатысы» деп атайды. Шындығында жартастың арасынан жоғары қарай көтерілетін бұл өткел сатыға өте ұқсас, оны хан қолдан жасатты ма, жоқ әлде табиғи пайда болған саты ма дәл айту қиын. Шамасы хан сатысымен көтеріліп төбеге шығып дем алып, бой сергітіп, жан-жаққа көз салатын болған. Сатының оңтүстік жағында қораның ішінде 30м жерде ханның мініс аттары тұратын ат қорасының орны бар. Бұл жерде ұзындығы 10м биіктігі 2-3м үлкен бір тас тұр. Түбінде тастан жасалған ақыры бар. Хан қорасы осы мініс аттар тұратын жерден екі бөлікке бөлінеді. Бірінші шығыс жағындағы қораның ені 18м, ұзындығы 24м. Ал екінші, батыс жағындағы қораның ені 16м, ұзындығы 20м. Бірінші қораның оңтүстік жағында қораға кіретін екі ашық жері бар. Мал кіріп шығатын қақпасы болу керек. Егер қораның солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс жақтары айналдыра табиғи биіктері 50-60м кереге жартастар қоршап жатса, ал оңтүстік жағында доғаша иілген ұзындықтары 20-30м екі жартаспен қоршалған. Екінші қораның батыс жағынан кішкене сай өтеді. Табанында жылтырап ағып жатқан суы бар. Сай мен қораның арасы 15-20м. Ал сайдың батыс жағынан 150-160м жерде оңтүстіктен, яғни Шу-Іле Алатау жағынан Солтүстікке (Балқаш) қарай Хан оры өтеді. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда да ор өзінің басын сол Балқаш көлі жағынан басталса, аяғы Шу-Іле Алатауына дейінгі аралықта жалғасып жатыр дейді. Шындыққа көзімізді жеткізу үшін ордың бойымен оңтүстік жағынан машинамен 20км, солтүстік жағынан 15км жүріп көрдік, ор одан әрі қарай жалғасып жүре береді. Ордың бойымен қуалап жүре беруге мүмкін емес, бұта-бұтаның түбіртектері машинаның

тезірек жүруіне мүмкіндік бермейді. Ал жәй жүріске күн ыстық машинаның моторы қызады. Сонымен ордың екі басына жа жетуге болмады. Ордың қазіргі сақталған көрінісі әрқалай, бір жерде тереңдігі 90-100см болса, ал кейбір жерд одан таяз, кеңдігі 1,5-2 м. Хан оры туралы әртүрлі аңыз сақталған. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда Жәнібек ханның құлан аулайтын оры болған тәрізді. Бұл ор туралы XIXғ. ортасында бұл аймақта болған Ш.Ш. Уәлихановта [2, с. 344-345], XIXғ. аяғында, қазақ халқының жан санымен жер жағдайының экономикалық жағын есепке алу үшін отарлау саясатына байланысты есеп-қисап жүргізілген орыс деректерінде де кездеседі [3, с. 77-78]. Бұл екі деректерде де бірін-бірі қайталайды. Сондықтанда біз Ш.Ш. Уәлихановтың жазған аңызы бойынша деректі қарастырып көрелік. Ғалым орды қаздырған ханның аты Жәнібек болу керек деп жобалайды. Өйткені оған айтушылардың өздері бірі Жәнібек десе, ал кейбіреулері ханның атын айтып бере алмаған. Аңызға қарағанда қырғыздардың өздеріне хан болу үшін бір баласын беруін сұрап келген қырғыз елшілеріне Жәнібек өзінің Жошы деген баласын беріпті-мыс. Ал, шындығында Жәнібектің Жошы деген баласы болмаған. Жошының күмбезі Карақеңгір өзенінің бойында. Міне сол баланы қырғыздар өздеріне хан ету үшін алып бара жатқанда бала жолда жайылып жүрген құландарға қызығып қуып бара жатқанда бала қаза болады. Содан, Жәнібек хан құландарды осындай ор қаздырып қырғызыпты. Қан арығы деп аталуы содан қалған тәрізді. Ол да сол құландардың қырылуына байланысты ма деге ой туады. Ал екінші бір деректе Түркістан әуесқой археологтары қоғамының мүшесі Д.Жетпісбаев жазған хабарына қарағанда орды Ақсақтемір қазғызған тәрізді [4, с. 137-138]. Ақсақтемірдің бұл аймақта жорық жасап бернеше рет болғаны мәлім. Ал, Жошының өліміне келетін болсақ, ол Ұлытау жерінде аңда жүргенде қаза болған [5, с. 91]. Сондықтанда бұл орды қаздырған Жәнібек ханба деген ой беки түседі. Егер құлан аулайтын ор болса ол неге сонша ұзын болды. Ордың ұзындығы Ш.Уәлихановтың хабарына қарағанда Жоңғар Алатауынан басталып Шу Алатауына дейін шамасы 40-50 км аралықты қосып жатса, орыс деректерінде де бір басы Іле бойындағы Топардан басталса, ал екінші басы Қордай тауына дейінгі аралықты алып жатыр. Құлан аулау үшін мұндай орасан ұзындықтың қажеті қанша. Екіншіден, ордың қазіргі сақталған кеңдігі мен тереңдігі онша айтарлықтай емес. Ал, құландардың ұзындыққа қалай секіретіндігін өлшемегенмен шамамен 7-8 м ұзындықты еркін алатындағын білуге болады. Мына сақталған ордың кеңдігімен тереңдігі онша көңіл толтырмайды. Мәселен ордың қазіргі сақталған жердегі кеңдігі 1,5-2 м аспаса, тереңдігі өте шұңқыр деген жерлерде 1-3 м аспайды. Сондықтан бұл ордың Жәнібек құлан аулау үшін салғызды деген аңыз әзірше шындыққа онша жақындамай тұр. Сонда бұл орды кім қазғызды, не үшін? Бұл мәселе әлі де болса өзінің шешімін күтіп тұрған мәселе.

Хан қорасының оңтүстік жағында Ноғай құдық қыстауында болдык. Бұрын бұл жер төртінші бекет деп аталса керек. Бірақ та бекеттің үй-жайлары сақталмаған. Ал Ноғай құдықтың іші таспен өріп шығарылған, қазірдің өзінде 8м теректе суы бар. Шамасы осы құдық сол бұрыннан келе жатқан бекет кезіндегі құдық болуы керек. Ал жердің ноғай аталуы, тарихи бекет кезінде татар халқының өкілдерінен бекетті күтуші адамның ұлтына байланысты сияқты. Бекеттер бір елмен екінші елдердің арасына немесе сауда керуен жолдарының бойына салынатын жайлар. Онда суыт хабар алып жүрушілер көлік айырбастайды, ал сауда керуені дем алып көліктерін тынықтырады. Тарихи зерттеулерге қарағанда Ұлы Жібек жолының бір тармағы Іле алқабында оңтүстік батыстан, солтүстік шығысқа қарай өтетіндігі белгілі [6, 14 б.]. Олай болса бұл бекет Хантау бойынан шығыстан батысқа қарай, яғни атақты Тараз қаласына қарай өтетін Жібек жолының үстінде жатқан бекет. Хантау жеріндегі қыстаулардың орналасуына сол Жібек жолының бойына жақын салынғандығын байқау қиынға соқпайды. Мұндай бекеттерді Керуен сарайы деп те атайды. Бұдан кейінгі керуен сарайлары бұл жерден 30-40км жерде Мұқатайдың кезені деген жерде салынған. Хан оры да осы керуен сарайыдың жанынан батысқа қарай өтіп жатыр. Сонымен Ноғай құдықтың жері ертеден келе жатқан тарихи орын болып табылады.

Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы Сырдарияның сол жағасын жағалап жүрген ежелгі керуен жолдың Сырға Шыршық өзенінің құйған жеріндегі өткел мен Сүткенттің аралығындағы негізгі өткелдердің бірінің басында орналасқан, сондықтан да оның зерттелу тарихын Мырзашөлдің тарихымен, географиялық, археологиялық зерттелуімен байланысты қарастыру керек. Қазақ халқына ежелден белгілі, еліміздің оңтүстік шығысындағы бұл тарихи-географиялық өлкеге берілген анықтамада: «Мырзашөл – Сырдария өзенінің сол жағасындағы құмды жазық. Өзбекстандағы Сырдария, Қазақстанның Шымкент облыстары жерінде. Ауданы 10 мың км² Солтүстік, солтүстік –батысында (оңтүстік, оңтүстік-шығысында – М.Е.) Қызылқұмға жалғасады» – деп жазылған [1, 244].

Мырзашөлдің зерттелу тарихына қатысты алғашқы дерек П.И. Лерхте кездеседі. 1867 жылы Сырдарияны төменгі, орта ағыстарындағы ортағасырлық қалаларымен танысқан ол Түркістан, Шымкент, Ташкент арқылы Жызакқа өткен. Жызактан шығып Жаңақорғанға (Яны-Курган) барар

жолда ол Жыланоты (Джилян-Уты) шатқалындағы биік жартастағы екі жазудың көшірмесін түсіріп, олардың парсы тілінде 1424-1425 және 1571-1572 жылдарда жазылғанын анықтаған [2, IX].

1869 -1870 жылдарда Мырзашөлдің (Голодная степь) топографиялық түсірісін жасаған бас штабтың офицері, барон Аминов зерттеу барысында отырықшы өркениеттің қалдықтарын олардың суландыру жүйелеріне қатысты деректер тапқан [3,], ал Н.А. Иванов Сырдариядан Бұхараға дейін қазылған ежелгі арықтың ескі арнасы бар екенін анықтаған [4]. 1884 жылы Сырдарияның сол жағасында Қызылқұмда зерттеу жүргізген географ А.П. Федченко өзінің « Заметки о степи Кызыл-Кум » атты мақаласында Сырдарияның сол жағасындағы суландыру жүйесінің іздері, Шардара, Сүткент, Байыркұм, тағы басқа ортағасырлық қалалар бар екенін көрсеткен [5, 242].

1885 жылы Сырдарияның орта және төменгі ағыстарында зерттеу жүргізген Е.Смирнов Мырзашөл (Голодная степь) туралы: «... Голодная степь между Чиназом и Джизаком раньше вовсе не было « голодною », а хорошо орошенной и конечно, заселенною местностью. ... Ниже Чиназа из реки Сыра было выведено много больших оросительных каналов, теперь заброшенных конечно, и на одном из них находится развалины г. Сюткента, не исследованные в археологическом отношении, а дальше в Кызылкумах находится остатки поселений, известных под названием Мынг-тобе, т.е. тысяча бугров» - деп жазған [6, 77-78].

Д.И.Эварницкийдің 1893 жылы баспалдан шыққан Бакуден Ташкентке дейінгі Орта Азия бойынша жолсерік кітабында Мырзашөлдің сардобалары туралы деректер берілген. Сардобалардың құрылысы, олардың аумағы жөнінде автор: « *...Путешественники видят у многих из этих станции (Агачлы, Мурзарабад, Малека) своеобразная, точно огромный купол, кирпичная постройка с широкими отверстиями внизу для входа в них. Под этими куполами подделаны глубокая котловина, а в котловинах, на самой середине, вырыты глубокие колодцы. Это так называемая сардабы (сардоба- М.Е), что с персидского на русский значит колодцы. Одна из них, как например, сардаба у станции Агачлы, имеет в окружности до 95 аршин; другая, как например у станции Мурзарабада, до 256 аршин, при них иногда (у того же Мурзарабада) стоят развалины караван -сараяв* » – деп көрсеткен [7,142].

1899 жылы археологияны ұнатушылардың Түркістан үйірмесінің мүшесі Н.В. Руднев Сырдарияны сол жағасындағы Шардара бекінісінен бастап Түркістанның тұсындағы Үшқайық (Уч-куюк) өткеліне дейінгі аралықта зерттеп 11 ежелгі қалалардың орнын кездестірген, олардың қатарындағы Кеты, Ұзыната, Сүткент, Байыркұм Шардараға жақын орналасқан. Ол осы қалалардың бұзылу себептері туралы былай дейді: «Весьма возможно, что еще большое количество древ. городов погребено под передвигающимся Кызыл-Кумами, или же смыто волнами реки, или же обратились в дно прибрежных озер...» [8; 9; 10].

1914 жылы В.Ф. Караваев құрастырған «Голодная степь в ее прошлом и настоящем» атты еңбекте Мырзашөлде осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ашылып, есепке алынған суландыру жүйесінің каналдары, сардобалары көрсетілген. Автор Мырзашөлдегі басты каналдар ретінде Түйетартар (Тюя-Тартар) мен Орынбай мырза (Урумбай Мирза) каналдарын суреттеп жазған: «Другой канал Урумбай Мирза (или в верхнем течении « Огузь ») выходит из Сыр-Дарьи в районе северо-восточной части Голодной степи, а именно в верстах 50 выше Чиназа, в урочище « Шаль-Тугай » из озера и самой реки. Затем он шел параллельно берега, отходя в глубь степи верет на 5-7 (не более) и только на высоте Чиназа, в урочище « Урумбай » отклонился левее орошая своими разводными арыками местности (что, впрочем, едва-ли вероятно) почти до изгиба р. Сыр-Дарьи у Чардары » [11, 13].

В.Ф.Караваев Сырдарияның жағасында оның шатқалдарында көптеп кездескен ескерткіштер турлы былай дейді: «Трудно, конечно отнести эти развалины к какой-либо определенной эпохе, но во всяком случае обилие их свидетельствует о том, как густо в прежнее время были заселены берега Сыра, а в виду того, что арыков, можно утверждать, что народы, жившие по Сыр-Дарье, были оседлыми и издавна занимались земледелием » [11, 10]

В.В. Бартольд осы еңбекке жазған пікірінде онда көрсетілген Орынбай мырза (Урумбай Мирза) каналының бағытына сын көзбен қарап оның басталған және аяқталған жеріне күдік келтірген, бірақ ол жөнінде өзі нақты пікір, ұсыныс жазбаған [12, 302].

1948-1951 жылдарда Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ, жетекшісі А.Н.Бернштам) Сырдарияның сол жағасында Ақтөбе 1- Байыркұм аралығында барлау жұмыстарын жүргізіп 1900 жылы О.А.Руднев ашқан ортағасырлық Байыркұм қаласында 1948-1949 жылдарда, 1949 жылы Сүткент 1-де қайта зерттеу жүргізді [13, 340], ал 1950 жылы экспедиция Сейіттөбе, Шардара, Ақтөбе елді мекендері мен қалаларын ашып [13, 341-343], Сүткент елді мекенін қайта зерттеген [14,

334]. Осы экспедиция 1951 жылы ортағасырлық Ақтөбе қаласын ашып жобасын түсіріп оның өмір сүрген уақытын I м.ж. жартысы –IX–XII ғғ. деп көрсеткен [15,116-117].

1948-1954 жылдар аралығында Мырзашөлді игеру мақсатында жүргізілген зерттеулер кезінде И.А. Анбоев бірқатар ескерткіштерді ашып зерттеу жұмыстарын іске асырған, олардың қатарында ортағасырлық Шардара қаласы, Жетіасай массивінен 1950 жылы ашылған құдықтар бар. «К–25-5» деп аталатын каналдың сағасына жақын жердегі өзектің табанында әр түрлі кезеңдерден 12 құдық сақталған. Құдықтардың төңіріндегі топырақ үйінділерінен б.з.д I м.ж. ортасындағы, VIII-XII ғғ. мен XV-XVI ғғ. кезіндегі еңбек құралдары, ыдыс үлгілері кездескен [16, 51-54]. Құдықтардың жанында шарықта жасалған ыдыстардың шлактары, күйдірілген төртбұрышты кесек сынықтары да көп сақталған. Зерттеушінің пікірі бойынша: «Наличие этих бугров у группы колодцев и остатков древней культуры в пределах не освоенной Голодной степи можно объяснить существованием в прошлом пересекавшей Голодную степь караванной дороги, которая была приурочена к балкам и логам, где можно было добывать питьевую воду и укрываться от сильных ветров.... Описанные выше памятники не являются единственными. Они были обнаружены и в соседних районах Голодной степи другими исследователями» [16, 55].

1958 жылы Өзбек КСР ҒА Ботаникалық бағының П.А. Гомолицкий басқарған экспедициясы Ташкент-Сарыағаш арқылы жүріп отырып Асықатаның тұсындағы паром өткелімен Сырдарияның сол жағасына өтіп Асықата – Сүткент аралығында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Осы экспедицияның есепті мақаласында ортағасырлық Үтіртөбе не басқа қала, елді мекендер туралы дерек жоқ. Мақалада бұрын есепке алынбаған Ақтөбе мен Көксу кесенелері туралы тың дерек айтылған [17]. Ақтөбе (Ақ-тепе) кесенесі Асық ата өткелінен 8 км оңтүстік-батыста орналасқан. Кесененің қыш кесектен қаланған жобасында төртбұрышты қабырғаларының ұзындығы 9 м, үсті күмбезден жабылған.

Ақтөбе кесенесінен 45 км солтүстікте, ескі зираттың шетінде тұрған Көксу кесенесі де қыш кесектен қаланған, өкініштісі сол, экспедиция кесенені тек суретке түсірген, бірақ оның өлшемдерін көрсетпеген. Г.А. Пугаченкованың болжамына қарағанда Ақтөбе кесенесі XVII-XVIII ғғ. кезінде, ал Көксу кесенесі XIV ғ. кезіндегі құрылыс болса керек [17, 203].

Т.К. Басеновтың 1959 жылы жарияланған « VII-XII ғасырлардағы Қазақстан архитектурасы » атты мақаласында Мырзашөлдегі Мырза Рабат және Якка сардоболары туралы: « Сардобалар, демек құдық үстіне салынған құрылыстар... Сардобалар архитектурасында ярусты күмбез стилі жаслаған мұның мұндай күмбезбен үлкен кеңістікті жабуға мүмкіндік береді » –деп олардың ерекшелігін көрсеткен [18, 111-112; 19,244]. 1959-1963 жылдарда М.С. Мершиев ортағасырлық Ақтөбе I қаласының цитаделінде, шахристанында кең көлемде археологиялық қазбалар жүргізіп, қаланың IV- XIII ғғ. басы аралығында өмір сүргенін анықтаған [20,120-173].

Сонымен, 1867– 1963 жылдар аралығында Мырзашөлде және оған іргелес аудандарда жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында бірқатар ортағасырлық ескерткіштер ашылып зерттелді, олардың қатарында: елді мекендер, қалалар, суландыру жүйелері, сардобалар, кесенелер бар. Бірақ сол ескерткіштердің қатарында ортағасырлық Үтіртөбе қаласының аты кездеспейді.

Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы туралы алғашқы мәлімет М.С. Мершиевтің 1965 жылы жарыққа шыққан «К вопросу о генезисе оседлых поселений (на материалах городище Актөбе 1)» атты мақаласында кездеседі. Автор қауыншы мәдениетінің таралу аймағында орналасқан ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің тізімі көрсетілген картада Асықатадан солтүстік-шығыста Отурултөбе (Үтіртөбе – М.Е.) қаласын көрсеткен (сурет 1), бірақ мақалада бұл қалаға қатысты ешқандай дерек берілмеген [21, 67].

Ортағасырлық Үтіртөбе қаласының ашылу тарихы жазба деректерде аттары аталған Винкерд, Неджакет қалаларымен және « түрік өткелімен » байланысты. Винкерд пен Неджакет қалалары туралы деректер Истахри мен ибн Хаукальда кездеседі. Ибн Хаукаль бойынша Жызақтан шыққан Ұлы Жібек жолының бірі бағыты Винкерд елді мекені арқылы Сырдарияға Шыршықтың құйған жерінде жеткен [22,227] ал Истахриде Хавастан шыққан жол (бұлда Ұлы Жібек жолының бір бағыты – М.Е) Сырдарияның оң жағасындағы Бенакетке, онан Харашкетке, онан Шыршық өзенінің сол жағасындағы Джинанджеттен Сырдарияның жағасына дейін 2 фарсах, Бенакетке 4 фарсах [22,226].

Винкерд елді мекенінің тарихи орны туралы бірнеше болжам бар. В.Ф. Караваев Винкердті Сырдарияның сол жағасындағы Орымбай (Урумбай) шатқалында орналасқан деп көрсеткен [11,302]. В.В. Бартольд Винкердтің орналасқан жері туралы бастапқы кезде: « Пространство от Дизака до устья Чирчика приходили в три дня.... дальше проходили в Винкерд... Из слов Истахри, что Джинанджет находился на дороге из винкерда в Винкет, можно заключить, что Винкет на левом берегу Чирчика или

южнее, перед переправой через Сыр-Дарью » [22,227]. Дегенмен кейін В.В. Бартольд ибн Хаукаль суреттеп жазған Жызақтан шыққан жолдың бағытында Винкерд елді мекенінің Сырдария өзеніне дейінгі аралықта айтылғанын басшылыққа ала отырып: « Более вероятно, что Винкерд, который Ибн Хаукаль удаляет от Шашской реки (т.е. Сырдарьи) как одну из границ обрабатываемой площади Шаша и упоминает далее как о месте, куда приходили путешественники, перейдя степь (причем ничего не говорится о переправе через реку), был расположен к югу от Сыр-Дарьи, где найдены остатки древних ирригационных каналов; полоса обрабатываемой земли южнее Сыр-Дарьи и северные степи, возможно была включена в Шаш » – деген пікір айтқан [22,227] Ибн Хаукальде Винкерд елді мекенінің Сырдарияға дейінгі аралықта аталғанына сүйене отырып бізде бұл ортағасырлық елді мекен Сырдарияның сол жағасында болса керек деген пікірдеміз. Сондықтан да Винкердтің тарихи орнын Мырзашөлдің солтүстік жиегінен, Сырдарияға жақын жерден іздеген дұрыс болар еді. Ортағасырлық Үтіртөбенің ашылу тарихы тікелей Неджакеттің орналасқан жерімен, оның баламалануымен байланысты, сондықтан осы қалаға қатысты жазба деректерге, оның орналасқан жері туралы болжамдарға тоқталсақ. X ғасырдың авторы географ Истахри Неджакет қаласының орналасқан жері туралы: « А Неджакет – он на реке Шаша (Сырдарье), и в его окрестностях собираются воды Парака (Чирчика) » – деп жазған [23,31]. Жалпы бұл қаланың бірнеше аты бар, оны кезінде Нуджкет, Нуджакет, Ундакет деп атаған, ал Мақдисиде ол Джинанджкет деп аталған [22,277]. Біз үшін Истахри көрсеткен Неджакеттің орналасқан жері (орны), оған қатысты божамдар мен ұсыныстар маңызды. Мәселен, Өзбек ССР ҒА акедемигі, профессор Ю.Ф. Буряков осы қаланың орналасқан жері туралы: « По сообщениям различных древних источников, можно наметить три возможных мест расположения этого города: либо устье Чирчика, на левом или правом берегу, либо на противоположенном берегу Сырдарьи » – деп көрсеткен [23,31].

XIX ғасырдың соңында археолог, өлкетанушы В.Л. Вяткин Шыршық өзенінің сол жағасында орналасқан Ульджакеттің ортағасырлық Неджакет (Нуджакет, Унджакет) қаласымен баламалануды ұсынған болатын [24,156]. Бірақ В.Л. Вяткиннің бұл ұсынысы В.В. Бартольд тарапынан қолдау тапқан жоқ [22,227].

XX ғасырдың 30-жылдарында Ташкент оазисінде зерттеу жүргізген археолог Г.В. Григорьев Неджакет қаласының орнын, өткелді Шыршықтың сол жағасынан іздеудің нәтижесіз екендігі жөнінде былай деп жазған: «Бессмысленно было бы переправится через Сырдарью выше впадения в нее «Чирчика (делать при этом лишний путь), взнудь в болотах поймы, а затем через несколько километров опять переправится через многоводную и капризную реку, тогда как можно было бы избавиться от лишней переправы, переправившись через Сырдарью ниже устья Чирчика » [25,10]. Дегенмен жүргізілген зерттеулердің барысында Шыршықтың оң жағасынан да Неджакеттің орны табылған жоқ. В.Г. Григорьевтің пікірі бойынша бұл елді мекенді Сырдарияның сол жағасынан іздеу керек болды. В.Г. Григорьевтің осы пікірін қолданған археолог Ю.Ф. Буряков бастаған Өзбек КСР ҒА Археология институтының Шаш-Илак тобы 1970 жылғы тамыз айында Шардара суқоймасындағы судың деңгейі төмен түскен кезде, Сырдария өзенінің сол жағасында (Сырдарияға Шыршық өзенінің құйған жерінен төмен) археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында Сырға құятын ескі өзеннің (Узяқтың) (Сорөзек– М.Е) жағасында орналасқан, жергілікті бақташылар Утурлытепе (Үтіртөбе– М.Е) деп аттап жүрген ортағасырлық қаланың орнын ашып онда зерттеу жұмыстарын жүргізген. Барлау кезінде ашылған ортағасырлық қаланы: Ю.Ф. Буряков «... Однажды летом, когда спала вода мы выехали в царство камышовых зарослей, с изобилирующими дикой птицей. Проехали один проток, впадавший в Сырдарью, другой. И вот поднялись мягкие очертания холмов древнего города, известного у местных пастухов под названием Утурлытепа. Он оказался довольно крупным площадью более 60 га. Город удобно расположен вдоль берега Сырдарьи, прикрываясь с трех сторон водомы ее притока Узяка. Оборона усилена и искусственными валами, и рвами, разделявшими его на три территории. За пределами города редкие сельские постройки, а на отдельном холме–городской некрополь» – деп суреттеген [23,32].

Зерттеуші қаланы суреттеп жазу барысында оның цитаделі туралы: «... У впадения Узяка в Сырдарью слегка возвышалась над городом небольшая цитадель » – деп жазған [23,32]. Шамасы, Ю.Ф. Буряков бұл жерде Сорөзекке құятын бір өзен, не сол өзеннің тармағы туралы айтып отырған болса керек, себебі Сорөзек пен Сырдарияның арасы 2 км.

Ю.Ф. Буряков өзі ашқан Утурлытепе (Үтіртөбе) тарихи Неджакет емес деген қорытынды жасап, ол туралы: «... Кажется, все ясно – город найден, этапы его жизни совпадают с сообщениями хроник. Но есть еще один важный фактор – караванных путей Чача. Мало того, его главная нить ведет

за пределы оборонительных стен Ташкентского оазиса. Значит, найденный интересный торговый и ремесленный пункт не входит в состав Чачского государства, а скорее всего является одним из городов его соседнего владения – Фараба. Следовательно все труды были напрасны, и поиски нужно начинать заново» – дейді [23,34]. Сонымен, жазба деректердегі Неджакет қаласын іздеп жүрген Ю.Ф. Буряков ортағасырлық Үтіртөбе қаласын ашып берді, ал ол іздеп жүрген қала қазіргі күнде Сырдария өзені мен Шыршықтың арналары аралығындағы Ульджакетпен баламаланып жүр [23,36].


Ежелгі «түрік өткелі» деп аталатын өткелдің нақты қай жерде орналасқаны туралы деректерде айтылмаған. Осы өткелдің орналасқан жері туралы Ю.Ф. Буряковта былай деп жазылған: « Свой путь мы начали с Чинаккетта, лежавшего в низовьях Чирчика, около которого упоминается древняя « переправа тюрк » Обычно источники еще упоминают о городе, стоящем перед ним где– то близ Сырдарьи, – Неджакет или Унджакете » [23,31]. Соныменқатар, Ю.Ф. Буряков Жызақтан шығып Шашқа келетін Ұлы Жібек жолының бағытын суреттей отырып: «... а основной более прямой путь проходил через Дизак, степные районы с рабатоми, снабженными колодцами, и выводил к устью Парак (р. Чирчик) с городами Унджакат, Чинанчикет, Штуркат, где сливаясь с южной дорогой...» – дейді [26,54]. Дегенмен, солтүстіктен, оңтүстікке және оңтүстіктен солтүстікке жүрген бұл жолдың бойындағы ежелгі «түрік өткелі» туралы нақты мәлімет жоқ. Жолмен солтүстіктен оңтүстікке қарай жүргенде Шыршықтың төменгі ағысындағы Чинаккеттың төңірегінде ежелгі « түрік өткелі » бар деген ғана мәлімет кездестірдік, ал Жызақтан келетін жол Парактың (Шыршықтың) сағасындағы (Сырға құйған жеріндегі) Унджакатқа келгені туралы жазылған, бірақ « түрік өткелі » туралы айтылмаған. Сонымен ежелгі « түрік өткелі » қай өзенінің бойында, Шыршықтың ба, әлде Сырдарияның ба ?

Бұл өткелдің қай өзеннің бойында және қай жерде орналасқанын анықтау үшін біз сөздің басын Шыршық өзенінің атынан бастағалы отырмыз.

С.К. Караевтың «Худуд Ал-Алам» и древнетюрские топонимы «Чирчик- Ахангаранской долины» атты мақаласында: « Река Чирчик (кстати, слово Чирчик-тюрского происхождения: Чир + чик Малый Чирч, т.е. Сыр) в «Худуд Ал-Алам» упоминается как Парак. Реку Парак (Фарак) Истахри называет также Тюркской рекой – Нахр – и Турк» [27,49]. Демек, Шыршықтың–Түрік өзенінің Сырдарияға құйған жеріндегі өткел Сырдарияның бойындағы ежелгі « түрік өткелі » болса керек, олай болса Ұлы Жібек жолының Жызақ бағытында жүрген тармағы ортағасырлар кезінде Шыршық өзенін жағалап келіп « түрік өткелі » арқылы Сырдарияның сол жағасына өткен деуге толық негізі бар.

Сонымен 1970 жылы ортағасырлық Үтіртөбе қаласының орны табылып ғылымға белгілі болды. Үтіртөбе Сырдария өзеніндегі « түрік өткеліне » жақын аралықтағы өткелдің басында, шамасы, тарихи Винкерд елді мекеніне жақын жерде тұрған, тарихи аты бізге белгісіз қала болса керек.

Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданындағы Ж.Ералиев ауылдық округінде, Үтірлі ауылынан 12 км солтүстік-шығыста, Сырдария өзенінің сол жағасынан 2 км жердегі Сорөзектің жағасында орналасқан. Географиялық координаттары: 4103.797; 06825.809; теңіз деңгейінен биіктігі 250 м.



Сурет 1 – Сырдарияның орта ағысындағы археологиялық ескерткіштер (М.С. Мершиев бойынша)

1971 жылы Өзбек КСР ҒА Археология институтының Ю.Ф. Буряков басқарған Шаш-Илак археологиялық тобы Ташкент оазисінің батыс аудандарының тарихи–географиясы мен топографиясын зерттеу жұмыстарын жалғастыру барысында 1970 жылғы тамыз айында ашылған Утурлы тепе қаласының алып жатқан жерінің көлемі 60 га болатынын анықтап, оның әртүрлі бөліктерінде қазба жүргізген [28, 1-3; 29,523-524]. Осы археологиялық топ 1974 жылы Утурлы-тепе (Үтіртөбе– М.Е) қаласында стратиграфиялық қазба салып, қала зиратында зерттеу жұмыстарын жүргізді [30, 498].

Ю.Ф. Буряковтың 1978 жылы жарияланған «По древним караванным путям Ташкентского оазиса » деген еңбегінде бұл қала Утурлытепа деген атпен жазылып, онда жүргізілген зерттеу жұмыстарына қысқаша шолу жасалған [26, 32-34], ал 1979 жылы жарияланған « Могильник Утурлик – Тепе » атты мақалада қаланың зираты, қаланы мекендеген адамдардың саны, олардың орта жасы туралы жазылған [31, 91].

2004 жылы тамыз айында ортағасырлық Үтіртөбе қаласында «Сырдария» университетінің Сырдария археологиялық экспедициясы (жетекшісі тарих ғылымдарының кандидаты М. Қасенов) археологиялық-этнологиялық практика өткізіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары кезінде ортағасырлық қаланың тарихи–топографиялық құрылымының жобасы сызылып (сурет 2), оның әр түрлі бөліктерінде 5 қазба жұмыстары іске асырылған [32].

2009–2010 және 2014-2015 жылдарда апатты жағдайдағы ортағасырлық Үтіртөбе қаласын зерттеуге «Сырдария» университеті (президенті Е. С Аяшева) қаржы бөліп, археологиялық қазба жұмыстарын Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры М.Елеуов жетекшілік ететін «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Тұран археологиялық экспедициясы жүргізді [33;34;35;36;37;38;39].

2009 жылғы 11 маусымда жүргізілген барлау. Ортағасырлық Үтіртөбе қаласының Шардара су қоймасындағы судың деңгейі жоғары кезіндегі көрінісін көріп, суретке түсіріп, тарихи –топографиялық құрылымының судың бетінде жатқан жерлерінің осы кездегі сақталу барысын анықтау үшін 2009 жылғы 11 маусымда құрамында Тұран археологиялық экспедициясының жетекшісі М. Елеуов, Сырдария университетінің Тарих кафедрасының меңгерушісі С. Апашева, оқытушылар А. Тәжібекеев, М. Молдабеков бар топ жолға шықты. Үтіртөбе ауылынан жалдаған моторлы қайықпен солтүстік-шығыс бағытында суқоймасы айдынымен 15-16 км жүзгенде алдымыздан екі арал көрінді. Оларды солтүстік-шығыс, шығыс жағымен айнала жүзіп отырып шығыс жақтағы үлкен аралдың шығыс бұрышына жеттік. Қайықты жағалауға байлап, судан 1-1,5 м шығып тұрған, жағалауына қалың қамыс, үстіне әртүрлі шөп өскен аралға көтерілдік. Жобасында үшбұрыш тәрізді болып келген аралды су шайып жатыр. Барлық жағын су шайып бұзылып жатқан аралдың шығыстан батысқа қарай ұзындығы 380 м шамасында. Ол екі бөліктен тұрады. Аралдың шығыс бұрышында орналасқан шахристанның солтүстік және солтүстік-шығыс қабырғаларын толық су шайып кеткен. Сондықтан олардың көлемдерін анықтау мүмкін болмады. Шахристанның осы бөлігінің шығыстан батысқа қарай ұзындығы 160 м, ал оның сақталып қалған оңтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 130 м, оңтүстік-батыс қабырғасы 120 м. Шахристанның оңтүстік-шығыс қабырғасында орналасқан қақпаның ені 8 м, осы қақпадан басталған бір көше оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Осы көшеден оңтүстік-батысқа қарай келесі көше шыққан. Шахристанның қоршаған судың деңгейінен биіктігі 1,5-2 м. Оның солтүстік бөлігінің мәдени қабаты қатты бұзылған 2004 жылы М. Қасенов жүргізілген 1-қазбаның жанындағы сызаттанып, жарылып құлағалы тұрған жардың ұзындығы 20-22 м, ені 1,5-2 м. Сол жылы жүргізілген қазбалардың жиектері құзданып, ашылған бөлмелердің қабырғалары құлап, үстіне шөп өсіп кеткен.

Шахристанның су шайған жағалауларында ыдыс сынықтары, малдың сүйектері шашылып жатыр. Оның оңтүстік-батыс қабырғасының жиегінен басталған рабадты барлық жағынан су шайып жатыр, оның судың бетінде жатқан бөлігінің биіктігі 0,5-1 м шамасында. Рабадтың үстіндегі шұңқырлар мен ой жерлерінде ыза су жатыр, топырағы өте ылғал. Рабадтың бір шама жақсы сақталған оңтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 120 м, оңтүстік-батыстағы су шайып бұзылып жатқан жағаның ұзындығы 350 м. Солтүстік-батыс бөлігінің ұзындығы 260 м, үшбұрышталып келген батыс жағындағы ені небәрі 20-25 м.

Шахристан мен рабадтың жалпы көрінісін, құлап жатқан жерлерін суретке түсірдік. Жағалауда жатқан ыдыс сынықтарының қатарында қолдан және шарықта жасалған бояусыз, бояулы ыдыстар бар. Сызаттанып құлағалы тұрған бір жердің жоғарғы қабатынан шағын кесенің сынығын кездестірдік. Кесенің ішкі жағындағы өсімдік үлгісіндегі ою-өрнек ақшыл-қоңыр түсті бояумен салынып, үстіне түссіз сыр жағылған.

Ортағасырлық қаланың шахристаны мен рабадының сақталған бөліктері орналасқан аралды қоршап жатқан судың тереңдігі оңтүстік-батыс, батыс жағында 1,5-2 метрден 3-4 метрге дейін, ал солтүстік-шығыс, шығыс жағында 7-8 м шамасында.

Үлкен аралды оңтүстік-шығыс, оңтүстік жағымен айнала жүзіп отырып, онан батыста 0,4 км жердегі екінші кіші аралға бет алдық. Қайықшы «Бірқазандар аралы» деп атаған бұл арал шағын, оның судың бетіндегі көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 25-30 м, ені небәрі 2-3 м шамасында. Біз аралға жақындап келгенде оның үстінде қонақтап отырған 40-50 бірқазандар ұша бастады. Аралды суретке түсірдік. Шамасы, бұл арал ортағасырлық Үтіртөбенің қалалық зираты орналасқан төбе болса керек.

Сонымен, 2009 жылғы 11 маусымда біз көрген екі арал ортағасырлық Үтіртөбе қаласының орталық бөлігінің(шахристан, рабад), зиратының су баспаған ең биік бөліктері болды.

1971 жылы 60 га жерді алып жатқан оның басқа бөліктері Шардара су қоймасының айдынының астында жатыр. Қайықшының айтуына қарағанда, қаланың көп бөлігі жылына 8-9 ай, ал кейбір жылдарда 9-10 ай су астында жатады екен. Осыдан 10-15 жыл бұрын бұл аралдардың көлемі қазіргіден әлдеқайда үлкен, әрі биік болған көрінеді. Су қаланың жарқабағы жылына 1-2 метрден 3-4 метрге дейін шайып бұзуда, әсіресе оның солтүстік-шығыс жағы қатты бұзылған.

Жылда тамыз айының ортасына қарай су қоймасындағы судың деңгейі төмен түскен кезде қаланың жан-жағындағы өзектердің суы тартылып, оның судың астындағы бөліктері ашылады екен. Сонымен қатар, осы кезде ортағасырлық қалаға Үтіртөбе ауылынан және Сарыағаш-Жетісай жолынан шығып, өзенді жағалап келетін жолдар ашылатынын белгілі болды. Тамыз айында Үтіртөбеге автокөлікпен келіп зерттеу жұмыстарын жүргізсек деген үмітпен Үтіртөбе ауылына қарай жүздік, арада біршама уақыт өткенде біз барған аралдар су айдынан көрінбей қалды[33,10-15].

Экспедиция 2009 жылы тамыз айында қаланың тарихи-топографиялық құрылымын зерттеп, шахристанның мәдени қабатын анықтау мақсатында қазба (қазба 1) жүргізіп, кесік салды [33, 16-21; 34, 13-17]. 2010 жылы шахристандағы қазба 1 онан әрі тереңдетіліп қаланың шаруашылық аймағындағы төрткүлдің оңтүстік-батыс қабырғасынан кесік қазылды [35,13-40; 36,20-28]. 2014 жылы шахристанның мәдени қабатының қалыптасу тарихын, үстіңгі құрылыстарын зерттеу үшін оның әртүрлі бөліктерінде 3 қазба жүргізіліп, екі кесік салынды [37;38,34-37].

2015 жылы ортағасырлық Үтіртөбе қаласының инструменттік жобасы түсіріліп, ортағасырлық канал зерттелді және шахристанда қазба жүргізілді [39].

М.Жақып ортағасырлық Үтіртөбе қаласын Ұтырлы (Үтіртөбе) деп атаған дұрыс деп, Ұтырлы сөзіне түсініктеме берген: « Ұтырлы » деген сөздің мағынасы қандай дегенге келсек, Ұтырлы қазақта ұтымды, ұтқыр, қолайлы деген сөздердің баламасы. Кейде «Ұтырлы сәтін тапқан екен » деп те айтып жатамыз. Мүмкін ежелгі халық қоныстанған аймақтың ең бір тіршілікке қолайлы, тиімді жайлысы-осы Ұтырлы болғандықтан да ол осылай аталған шығар. Үтіртөбе мен Ұтыры- Ұтырлының жұрт ауызында қалған, өзгеріске ұшыраған атауларының бірі. Асық ата өңіріндегі бір ауыл қазір Үтіртөбе деп аталатыны соның нәтижесі » [38, 63].

М. Қасенов және біз осы қалада жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының есептерінде, оған арналған мақалаларда қаланы «Үтіртөбе» деп жаздық, жазып жүрміз [26; 27; 28;29; 30; 31; 32; 33]. Оның басты себебі Үтіртөбе өзінің тарихи атын жоғалтқан қала болса керек, өйткені жазба деректерде Сырдарияның сол жағасындағы қалалардың тізбесінде осы атты қала кездеспейді. Жалпы, археология ғылымында қалыптасқан үрдіс бойынша ескерткіштің аты сол төңіректегі ауылдың, жер-су аттарына байланысты аталады. Осы үрдісті басшылыққа ала отырып, жергілікті халықтың ортағасырлық қала орналасқан төбені және оған жақын орналасқан ауылды Үтіртөбе деп атайтынын ескеріп ортағасырлық қаланың Үтіртөбе атын сақтап қалдық. Сонымен қатар, қазіргі күнде бұл қаланың баламалануы мәселесі де анықталған жоқ. Мүмкін келешекте жүргізілетін зерттеулердің барысында оның атына қатысты тың деректер табылса Үтіртөбе қаласы өзінің тарихи атымен қайта табысып та қалады.

1 Мырзашөл // Қазақ Совет энциклопедиясы. Том 8. – Алматы, 1976 –664 б.

2 Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году.– СПб, 1870.-39 с.

3 Барон Аминов. Джизако-Чиназская Голодная степь и памятники бывшей в ней оседлости // Туркестанские ведомости.– 1873 г.– № 27.

4 Иванов Н.А. Древний арык от С.-Дарьи до Бухары // Туркестанские ведомости.– 1873.–№ 13.

5 Федченко А.П. Заметка о степи Кызыл-кум // Известия Туркестанского отдела Русского географического общества.–Выпуск 2. – Том XII.–1916.–С. 242.

6 Смирнов Е. Древности на среднем и нижнем течении реки Сыр– Дарьи // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М.– Туркестан: Туран, 2011.– С.70-78.

- 7 Эварницкий Д.И. Путеводитель по Средней Азии от Баку до Ташкента. В археологическом и историческом отношениях.– Ташкент, 1893.–199 с.
- 8 Руднев А.О. Заброшенный уголок // Туркестанские ведомости. 1900.-№ 15-18, №17, №23.
- 9 Руднев А.О. Заброшенный уголок // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии, год V.– Ташкент, 1900.–С.57-62.
- 10 Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2–е изд.– Алматы: ----Дайк Пресс, 2007.– 516 с.+ 1 с. вкл.
- 11 Голодная степь в ее прошлом и настоящем // Материалы исследования к проекту орошения Голодной и Дальверзинской степей. Статистико-экономический очерк (по исследованию 1914 г.) / Составитель В.Ф. Караваев.– Выпуск 1.– Петроград, 1914.–218 с.
- 12 Бартольд В.В. В.Ф. Караваев Голодная степь в ее прошлом и настоящем. Статистика-экономический очерк (по исследованию 1914 г.)– Петроград, 1914.–218 с. // Сочинения. Том III.– Москва: Изд. Наука, 1965.- С.301-306.
- 13 Археологическая карта Казахстана. Реестр.– Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1960.- 449 с.
- 14 Свод памятников истории и культуры Казахстана. Т. 1: Южно – Казахстанская область.– Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1994 — 368 с.
- 15 Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР. – Том 5.– Археология.–1958.– С.3-215.
- 16 Анбоев И.А. Древности Голодной степи // История материальной культуры Узбекистана. Выпуск 4.– Ташкент: Изд. АН Уз ССР, 1963.– С.51-56.
- 17 Гомолицкий П.А. Некоторые археологические наблюдения на левом берегу реки Сыр-Дарья в Южном Казахстане // Труды Ташкентского государственного университета им. В.И. Ленина. Археология Средней Азии V.– Выпуск 172.– Ташкент, 1960.– С. 201-206.
- 18 Басенов Т.К. VII-XII ғасырлардағы Қазақстан архитектурасы // Маргулан Ә., Басенов Т., Мендіқұлов М. Қазақстан архитектурасы.– Алматы, 1959.– 103-115 б.
- 19 Мырзарабат сардобасы // Қазақ Совет энциклопедиясы.– Алматы, 1976. – 664 б.
- 20 Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б., Левина Л.М., Древности Шардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). – Алма-Ата: Наука, 1968.– 264 с.
- 21 Мерциев М.С. К вопросу о генезисе оседлых поселений (на материалах городище Актобе 1 // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – Выпуск 3. -1965. –С. 66-80.
- 22 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения. Том 1.-М.: Наука, 1963.-760 с.
- 23 Буряков Ю.Ф. По древним караванным путям Ташкентского оазиса. – Ташкент: Издательство «ФАН» Узбекской ССР, 1978. – 104с.
- 24 Вяткин К исторической географии.....С–156.
- 25 Григорьев Г.В. Отчет об археологической разведке Янлюльском районе Уз ССР в 1934 г.– Ташкент 1937.
- 26 Буряков Ю.Ф. Связи Согда с Чачем и Ферганной на трассах великого Шелкового пути // Формирование и развитие трасс великого Шелкового пути в Центральной Азии в древности и Средневековье (тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО). Самарканд, 1-6 октября 1990 г. – Ташкент: Изд « ФАН » Узбекской ССР, 1990 – С. 52-54.
- 27 Каравев С.К. « Худуд Ал-Алам » и древнетюрские топонимы Чирчик- Ахангаранской долины // Общественные науки Узбекистана. –1978.– №4.–С.46-49.
- 28 Полевой отчет о раскопках 1971 г. на городище Утурлы / Далалық есептің Ю.Ф. Буряковтан алынған қолжазбасының көшірмесі « Сырдария » университетінің Отан тарихы кафедрасында сақтаулы.
- 29 Буряков Ю.Ф., Ростовцев О.М. Работы в Ташкентской области// Археологические открытия 1971 года// Археологические открытия. – М., 1972. – С. 523-524.
- 30 Буряков Ю.Ф., Перевозчиков И.В., Ростовцев О.М., Халилов Х., Хождаев Т.К. Работы в Сырдарьинской области// Археологические открытия 1974 года. – М., 1975. – С.498.
- 31 Буряков Ю.Ф., Ростовцев О.М., Перевозчиков И.В., Ходжайов Т.К., Халилов.Х Могильник Утурлик – Тепе// Успехи среднеазиатской археологии. Выпуск 4. – Ленинград: «Наука» Ленинградское отделение, 1979. – С.91.
- 32 Сырдария археологиялық экспедициясының 2004 жылы Мақтарал ауданындағы Үтіртөбе қаласында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі.– Жетісай, 2005.-39 бет.
- 33 Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы. Ғылыми-зерттеу жобаның 2009 жылғы (аралық) есебі. – Алматы, 2009. -37 бет.
- 34 Елеуов М. Шардара су қоймасы шайып бұзылып жатқан ортағасырлық Үтіртөбе қаласы// «Бұзылып жатқан тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу және оларды туристік нысандарға енгізудің өзекті мәселелері»: далалық –тәжірибелік 2-семинар материалдары. 5 шілде 2011 жыл/ Жауапты ред. М. Елеуов. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 9-17 б.
- 35 Тұран археологиялық экспедициясының 2010 жылы ортағасырлық Үтіртөбе қаласы мен Хантағы төрткүлінде жүргізген зерттеулері. Ғылыми-зерттеу жұмысының 2010 жылғы (аралық) есебі. – Алматы, 2010.-42 бет.
- 36 Елеуов М., Қалиев С., Апашева С. Ортағасырлық Үтіртөбе қаласында 2009-2010 жылдарда жүргізілген зерттеулер // «Бұзылып жатқан тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу және оларды туристік нысандарға енгізудің өзекті мәселелері»: далалық –тәжірибелік 2-семинар материалдары. 5 шілде 2011 жыл/ -Жауапты ред. М. Елеуов. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 17-28 б.
- 37 Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы. Ғылыми-зерттеу жобаның 2014 жылғы есебі. – Жетісай –Алматы, 2014. -33 бет.
- 38 Елеуов М., Арынов Қ., Ортағасырлық Үтіртөбе қаласына 2014 жылы жүргізілген зерттеулер.. // Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: өткені, бүгінгі және болашағы атты « VII– Оразбаев оқулары » халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары / жауапты ред. А.Б. Қалыш.– Алматы: Қазақ университеті, 2015. 34-37 б.
- 39 Ортағасырлық Үтіртөбе қаласы. Ғылыми-зерттеу жобаның 2015 жылғы есебі. –Жетісай –Алматы, 2015. - 42 бет.

HUNNS-TURKS IN EURASIAN HISTORY IN THE PERIOD OF GREAT MIGRATION OF PEOPLES

The IV-VII centuries entered the history of Eurasia as the era of the Great Migration. The Great Migration of peoples in IV-VII centuries was a turning point in world history. These four centuries correspond to the peak of migration, when the Huns captured almost the entire continent, and radically changed its political, ethnic and cultural character. It was started by the Hun's tribal alliance and their movement from the depths of Central Asia to Europe. This is the period of the death of ancient foundations and orders, and the formation of new social relationships and a new civilization - a civilization of the middle ages. Since that time we have seen the synthesis and the integration of social relationships, cultures and traditions of tribes and peoples in the Eurasian space.

The rarest written sources for the period of late antiquity and the early Middle Ages have come to us in the original Latin, Greek, Early Germanic and Scandinavian languages republished on English editions. There is also evidence regarding the Turkic world and the Huns. In particular, these are the chronicles of Ammianus Marcellinus [1], Sidonius Apollinaris [2], Claudius Claudianus [3], Hidatius [4], Marcellinus Comes [5], Orosius Paulus [6], Jordanes [7], Priscus Panites [8], Prosper Tiro [9], Johannes Antiochenus [10], etc.

The ancestral home of the tribes, who later called themselves "Germans" ("Germani"), includes south Scandinavia, Denmark and what is now North Germany and Baltic Sea area. In V.BC, their southern advance went as far as the Harz Mountains and the River Saale, a tributary of the Elbe. This was when the Germans came into conflict with the Celts.

Subsequently, from the beginning of our era, Germanic tribal unions were in constant flux, and the tribes were involved in clashes with the Roman Empire. This can be thought of as the most important and defining period of the Great Migration. The apogee of this migration was the Huns' movement from east to west across the Eurasian continent.

The apogee of this migration was the Huns' movement from east to west across the Eurasian continent.

Since ancient times, the Huns (Hunnoi) had inhabited Central Asia. They belonged to the Turkic tribes. As far back as IV BC, the Chinese called the Huns their most serious opponents. Hun chieftains made real progress in the wars with the Han Empire.

The history of the Xiongnu (Hunnu) in the East was studied by L.N. Gumilev. Gumilev wrote: Victory and join him Alans, the Huns formed a huge tribal alliance ... In the seventh decade of the Fourth Century ... they crossed the Don and the victory over the Ostrogoths opened a new period of history known as the 'Great Migration' ... Here we have the right to interrupt the narrative, as the newly opened page belongs to the history of Europe [11].

In the first century AD, the migration of the Hun tribes took place into the territory of Kazakhstan and other regions of western Central Asia. In the middle of IV BC, the Huns invaded the land between the Volga and the Don. Having conquered the Alans in the Northern Caucasus, and subordinated the kingdom of Bosphorus, they crossed the Don, and crushed the multi-tribal power of the Ostrogothic King Ermanarih in South-Eastern Europe (375 AD). This year was the beginning of a series of movements that led to the Great Migrations in Eurasia and Europe.

In 376 AD the Visigoths, pressed by the Huns, crossed the Danube and with the permission of the Roman government settled within the Roman province of Moesia with the obligation of providing military service and obedience, since the Huns were repeatedly attacking the Balkan provinces of the Eastern Roman Empire. The relationship of the Huns with the Western Roman Empire was initially on a different basis. So, Hun hired detachments were some of the army of Rome, especially after 420 AD. The empire used them, in particular, to deal now and then with mutinies on the part of the Franks and Burgundians who settled on the Rhine, as well as the Bacaudae – peasants of north-western Gaul - who tried to secede from Rome. In the late 440s the situation changed. The Huns' ruler Attila (born ca. 395 AD, died. 453 AD) started to interfere in the internal affairs of the Western Roman Empire. Attila ruled from 434 AD till 453 AD.

The greatest territorial expansion and the greatest power of the Hun Empire in the West was when the centre of their activities reached Pannonia under the leadership of Attila. Greek and Latin sources indicate that Attila was of royal lineage, a line which for generations had ruled the Huns [12].

The Hun land under Attila's control consisted of four areas: the northern border of the kingdom which stretched from the Hun's homeland to the west of Germany. In the south, both Roman Empires (the Eastern Roman and the Western

Roman Empire) were paying tribute to Attila. In terms of its territory and influence, Attila's empire covered geographically almost all the four corners of the known world, from east to west and from north to south (ancient Turkic: *tört bulun*, Kazakh "dȳnienin tort buryshy"). The Hun territory ran from east to west - from Altai, Central Asia and the Caucasus to the Danube and the Rhine. The Hun's Union in Central Asia contributed to the later emergence of the Kazakh nation and other Turkic peoples.

By accumulating and concentrating power, the Hun ruler organized an invasion of Western Europe, in order to expand the territory of his state. The struggle against the Huns united the Roman Empire and the Visigoths, and other unions of Celtic and Germanic tribes. Old arguments and struggles were forgotten. The united army of Rome, the Visigoth kingdom and other tribal alliances of the West were headed by patrician Flavius Aetius. However, Flavius Aetius was involved in the struggle for power in Rome at this time and was forced to flee to the Huns from whom he received support. He returned in 433 AD to Italy with the Hun army, where he again took top positions in the state and was given command of the armed forces of the Roman Empire.

In April 451 AD in the cities of Gaul - Metz, Tongeren, Speyer, and Reims - were razed to the ground while a strong panic involved Paris too. The inhabitants of ancient Lutetia would have liked to have run. Legend explains the salvation of the city as a result of the extraordinarily brave behaviour of a woman - St. Genevieve (Genevieve) [Heilige Genevieve], who later became known as the patroness of Paris. From "The Life of St. Genevieve" we learn: "At that time the king of the Huns, Attila, began to ravage the province of Gaul. Because Parisians feared his cruelty and anger, they decided to send the women and children and some belongings to a safe place. St. Genevieve then appeared and persuaded the women not to leave the city in which they were born and had grown up, in the hour of danger. Moreover, she said that they had to prepare themselves and their men to defend the city. They should ask God for help and salvation. The Holy Mother listened and decided to stay in the city and rely on God's mercy. So, the saint persuaded them not to leave Paris and stay, asking God for help, to save them from the imminent danger [13]. However, Attila did not reach Paris. Instead, the Huns rushed to Orleans, and began their assault. It should be noted that it was protected by stone bridges and high defensive towers over the Loire. How was Orleans able to withstand the onslaught of such a formidable enemy? The Roman army and the forces of the Visigoth kingdom arrived in time to lift the siege of Orleans. This, of course, complicated the city's capture. It is possible that Attila, doubting its rapid capture, raised the siege. Perhaps Attila turned to Oracle because Hun soothsayers advised him not to continue the siege. Perhaps, Attila sought a more convenient open space in which to fight... and a decisive place (General) came in the form of a battle at Catalaunia (Latin *Campi Catalaunici*) in Champagne (France).

In the evaluation of the largest battle, a number of Western history scholars, both modern and contemporary, drew on information from the chroniclers of the early Middle Ages, and used them uncritically. The objective evaluation of historical reality is always difficult. A Belgian historian - Pirenne concluded that Attila, getting through the Rhine in the spring of 451 AD, devastated everything up to the Loire. Aetius stopped him with the help of the Germans near Troyes. The Franks, Burgundians and Visigoths and others were good allies. The military art of the Romans and German bravery decided everything here... Attila's death in 453 AD resulted in the collapse of Hun power, and thereby saved the West " [14].

In assessing the history of the Huns, Western historiographic tradition is largely influenced by Russian and Soviet historiography, including the post-Soviet literature. The situation in Gaul, in our opinion, can be explained by too many large-scale marches by Attila, and the inability within the vast territory involved, to restrain the mass of tribes and entities that were not related socially or ethnically with the Huns, under the unified leadership. Indeed, the Hun forces after "The Battle of the Nations" of 451 AD were by no means exhausted. Evidence of this is the fact that literally the following year, Attila undertook a new advance into the heart of the Roman Empire - Italy.

Immediately after returning from the Gallic march of 451, Attila resumed requirements to the Eastern Roman Empire for the payment of tribute in former scale, as it was earlier in the times of the emperor Theodosius. Otherwise, Attila threatened war. This fact also shows that the strength and fighting ardour of the Huns was far from exhausted. On the contrary, their ruler still fought both Roman Empires at the same time. In the spring of 452 AD, he gathered an efficient army and began to organize a new march, not just anywhere, but to the heart of the Roman Empire - Italy. With regard to this outcome, apparently Byzantine diplomacy played a role, and through complex intrigues managed to send Attila against the West, and thereby averted the impending threat [15].

In this invasion, the Hun troops seized cities such as Aquileia, Concordia, Altin, Patavy (now Padua), Vitsetiya (now Vicenza), Verona, Brixenn (now Brescia), Bergamo, Milan and Ticinus (now Pavia). Those cities which resisted were ruined; preferred to surrender, before the onslaught of the Huns.

If Attila, standing in front of the walls of Rome, was stopped by the Pope, the same cannot be said of the

other characters of the time of Genseric, king of the Vandals. Three years later, in 455 AD, the same Leo I could not hold him. Vandals looted and destroyed, and stripped its population of everything; hence the concept of “vandalism” - the mass destruction of cultural and material values, brutality and senseless cruelty. After 14 days plunder of Rome, Genseric left the city with his troops. There is evidence that the king of the Vandals brought out thousands of prisoners and Roman artisans. As Procopius Caesarea in particular, wrote Genseric “...loading huge amounts of gold on the ships and other royal treasures, sailed to Carthage, taking out of the palace, copper, and everything else. He robbed the temple of Jupiter Capitoline and took half of its roof off. That roof was made of the best copper and covered with a thick layer of gold, representing a majestic and amazing sight. They say one of Genseric’s ships with statues was lost and the vandals, with all the rest, entered safely the harbour of Carthage” [16].

Having returned to Pannonia, the Hun ruler started preparing a new march, but this time against the Eastern Roman Empire. Jordanes wrote, “Attila returned to their encampment, and as if feeling the stand-off and the termination of war to be a burden, sent ambassadors to Marcian, Emperor of the Eastern Empire, stating his intention to rob the province, because he had not been paid tribute as promised by the late Emperor Theodosius...” (Reversus itaque Attila in sedes suas, et quasi otii penitens graviterque ferens a bello cessare, ad Orientis principem Marcianum legatos dirigit, provinciarum testans vastationem, quod sibi promissum a Theodosio quondam imperatore minime persolveretur ...).

The last few months of the life the King of the Huns was spent preparing a military campaign in the East. But a new war with the Byzantine Empire did not happen. In the spring of 453 AD, the ruler of the Hun Empire, Attila, died.

Thus, we need to examine the events of 451-452 AD. Both European wars involving the Huns provide evidence of the military power of the Hun state. This is shown by the fact that, in 451 AD, the Western Roman Empire united almost the whole of the West against the Huns, but after a few months (less than a year), it could not resist the Hun invasion into the heart of the Empire. And even that the ruler of the great Hun state, to whom both Roman empires were paying tribute, stopped at the walls of the city of Rome, and listened to the requests of an embassy headed by the Pope. What does this say about the wisdom of Attila? ‘..This says a great deal about the wisdom of Atilla..’

The Hun invasion in the mid V c. - 451-452 AD - objectively shattered the Western Roman Empire, bringing about its decline. This event happened very soon after, i.e. in 476, when the last Western Roman Emperor, Romulus Augustulus, was deposed by the leader of the German Odoacer mercenaries – the son of Edeco (Edikon) – who held a high position during Attila’s reign.

Attila and his time left an indelible mark in the history of Eurasia, which has been preserved not only in historical works, chronicles and epic creations. Reading and analyzing rare historical data in Latin, early German and Scandinavian languages, we were able to establish that at least 18 and the works of German and Scandinavian heroic epic sagas reflect the great deeds of the Huns and their ruler (in which he called Attila, Etzel, Atzel, Atli) [17].

Here I would like to say something about the period of world history relating to the turn of antiquity into the Middle Ages, which involves the history of Eurasia and Kazakhstan. In Russian and Soviet historiography, 476 AD is generally accepted as the passing from the ancient history era to the beginning of the Middle Ages. This date appeared in Soviet historiography, and remains in the current Russian Federation, and of course, the CIS countries. It is just a conditional date, the year of deposition of the last Western Roman Emperor, rather than the year of a major historical event. The background had been founded a century earlier, with the tumultuous events of the Great Migration in Europe after 375 AD, when the Hun invasion of Europe rocked the entire Eurasian continent, having far-reaching consequences in terms of globality and scale. It contributed to the transition from one era to another, from one civilization to another. This was an epochal event, common to all the countries of Europe and Asia. Therefore, we can date the beginning of medieval history on a global basis for good reason, including, in relation to the history of Kazakhstan, from the second half of the IV century (375 AD) - the turning point of the Great Migration in Eurasia. Such an approach to the question of the end of the history of antiquity and the beginning of medieval history was marked in particular in a number of professor Zhumagulov’s reports published in Kazakhstan and abroad, and is included in the sample programme on the history of the Middle Ages, developed and published by the Department of World History, Historiography and Source Studies of Al-Farabi Kazakh National University for all the humanities specialties of the universities of the Republic of Kazakhstan.

After the death of Attila the Hun, the Empire collapsed in the West during the reign of his sons who succeeded him. Some of the Huns remained north of the Lower Danube. Most of them went to the Greater

Black Sea area and further to the east towards the Urals and the Aral Sea, i.e. to the former eastern limits of the huge Hun Empire. The local Huns continued their march against neighbouring countries. So, Huns-Ephtalits, after a successful struggle against the Sassanids at the end of V c. AD, subjugated Gandhara. Their leaders, Toraman and Mihirakula, took over Gupta in India, in the first quarter of VI c. AD.

Over a period of nearly a century in the turbulent era of the Great Migration, the Hun Empire clearly had an impact on the fate of European and Eurasian history in terms of the transition to a new era and the civilization of the Middle Ages.

After the collapse of the Hun Empire numerous tribes that are mentioned in a number of early medieval sources were left to roam in the European steppes. Among these nomadic ethnic groups, the Avars stood out.

Archaeological data confirm the historical continuity of the Avarians khaganate during the VI-VII centuries AD and the Hun Empire, in terms of its multi-tribal development of international relations from the East (the Altai region of Central Asia, Iran) - to the West (the Byzantine Empire, the German union tribal entities and kingdoms).

Subsequently, the mass migration of Slavic tribes, and furthermore, their resettlement in the territories of the Byzantine Empire, was one of the final stages of the Great Migration in Eurasia and Europe.

1. Ammianus Marcellinus. *Römische Geschichte. Lateinisch Und Deutsch*. (Darmstadt, 1971).
 2. Apollinarius Sedonii. 'Epistulae et Carmina', – in *Monumenta Germaniae Historica*, Liber VIII. (Berolini, 1887), pp. 82-85, 118-121, 146-149.
 3. Claudii Claudiani, 'Carmina', in *Monumenta Germaniae Historica*, T. X. ed. Th. Mommsen (Berolini, 1892).
 4. Hydatii Lemici, 'Continuatio Chronicorum Hieronymianorum. AD A. CCCCLXVIII', in *Monumenta Germaniae Historica, Chronica Minora*, Saec IV, V, VI, VII, ed. Th. Mommsen. Volumen II (Berolini, 1894), pp. 3-36.
 5. Marcellini v.c.Comitis. 'Chronicon. AD A. DXVIII. Continuatum AD A. DX XXIV, CVM Additamento AD A. DXLVIII', in *Monumenta Germaniae Historica, Chronica Minora*, Saec IV, V, VI, VII, ed. Th. Mommsen. Volumen II (Berolini, 1894), pp. 37-109.
 6. Paulus Orosius. *Die Antike Weltgeschichte in christlicher Sicht*. Buch I-IV. (Zürich und München, 1985), pp.64-73, 117-365, 431-564.
 7. Jordanes. 'Romana et Getica', in *Monumenta Germaniae Historica*, T. V, ed. Th. Mommsen (Berolini, 1882).
 8. Priscus Panites, 'Historia Byzantina fragmenta', in - *Fragmenta Historicorum Graecorum (FHG)*. Vol. IV, ed. C. MuProsper Tiro, 'Epitoma de Chronicon 1364', in *Monumenta Germaniae Historica (MGH)*. *Auctores Antiquissimi*, t. IX, Chronica minora, Vol. I., ed. T. Mommsen Berolini, 1892), p. 481.
 9. Iohannes Antiochenus, *Fragmenta ex Historia chronica*. Ed. Umberto Roberto (Berlin – New York, 2005).
 10. Gumilev L., *Hunnu. Srednya Azia v drevnye vremena*. (Moscow, 1960), pp. 247-248
 11. Zhumagulov K.T. New western sources on history of the Turks and Kazakhs. - Алматы, «Әлем әдебиеті», 2015. - С. – 97-101
 12. Kalkaman T. Zhumagulov, Raikhan O. Sadykova, "Actual issues of research and teaching of Hun's history", *Procedia - Social and Behavioral Sciences* 89 (2013): 309.
 13. Pirenne H. Mahoment und Karl der Grosse. Frankfurt-Main-Hamburg, 1963, S. 29.
 14. Zhumagulov K.T. New western sources on history of the Turks and Kazakhs. - Алматы, «Әлем әдебиеті», 2015. - С. – 97-101.
 15. Procopius Caesariensis, *Opera Omnia*, ed. J. Hauray, G. Wirth. (Leipzig, 1962-1965), BV-De bello Vandalico, I,V, 4-6
- Karl Simrock, *Das Nibelungenlied*. Aus dem Mittelhochdeutschen (Köln; Anakonda, 2005).

Т. Омарбеков

ШЫҢҒЫС ХАН: ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

Ғасырлар қатпарында қалса да бүгінгілер басты тарихи тұлға ретінде сипаттайтын кісілер бар. Солардың бірі және бірегейі Шыңғыс хан. Сондықтанда оның өміртарихын зерттеуге деген құлшыныс та аса зор. Кейбір мәліметтер бойынша дүниежүзінде ол туралы 2000-нан аса әдебиеттер, зерттеулер жарық көріпті. Дегенмен де әлі күнге дейін оның ғұмырнамашылары әртүрлі халықтарда таралған оның ататек шежірелеріне және оларды салыстыра қарастыруға жете мән бермей келеді. Мұның басты себебі отырықшылардың көшпелілер тарихы болып табылатын шежіре деректерін менсінбеуінен және оларға сондықтан да мән бермеулерінен екендігі құпия емес. Осындай біржақты ұстаным Шыңғыс ханның ататегін анықтаудағы басты кедергі де болып табылады. Енді осыған қатысты негізгі мәселелерге тоқталалық.

Монғол – халықтың емес, жеке тұлғаның аты.

Ал енді Шыңғысхан тұсында «монғол» атанғандардың бәрін тұңғыс-маншжұр тайпаларынан шыққандар деп қабылдау үлкен қателік. Алғаш «монғол» атанғандар X ғасырдан баста ғана көріне бастады. Бұлар осыдан соң да біразға дейін азғана түгінді құрады. Тіптен 1175 жылы, яғни XII ғасырдың соңғы ширегіне қарай қайтыс болған Шыңғыстың әкесі Есугейдің өзіне бар болғаны 40 000 шаңырақтан тұратын өздерін монғол әулетіне жатқызатындар бағынышты болды. Бұлар, тегінде, кезінде Мұсылман

әулеттері тарихын жан-жақты зерттеген Лэн-Пуль Стенли айтқандай, тайпалық одақта жоғары мәртебеге ие Монғол деген кісіні құрметтеп, өздерін соның әулетіне жатқызып, соңының есімін малданғандар еді (қараңыз: Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Иоакимф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Лэнь-Пуль Стенли Мусульманские династии. М.-Т.-Б., 1996. 435 б.). Монғол деген кісі Түрік немесе қазақтың Алыншасы (Алашасы) және т.б. тәрізді есімі шежіреден берік орын алған тарихи тұлға.

Рашид ад-дин келтірген әйгілі шежіре бойынша Алынша (Құрбанғали Халидта – Алаша хан осылай аталады) Түрік деген кісінің төртінші ұрпағы. Аланшыдан екі ұл – Монғол және Татар туған. (Рашид ад-Дин. Сборник летописей. М., 1956. 73-98 бб.). Бұлардан тарағандар кейін өздерін Монғолдың және Татардың әулеттеріне жатқызатын болған. Құрбанғали Халид мұны төмендегіше нақтылап түсіндіреді: «...Алынша хан кезінде «мен пәленнің нәсілімін» деп,- айтуға тыйым салынып, кім хан болса, оның қауымы «мен пәленше ханның әулетімін» деуге бұйрық шығарылған, себебі бір ханға ерген халық «мен пәлен нәсілденмін» деп,- бөлектеніп, араларынан түрліше келіспеушілік туады деген. Бұл оларға біраз заман өтіп бабаларын, нәсілін ұмыттырып, тек хан аты есте қалатын. «Алынша хан әулетіміз», «Татар хан әулетіміз» деп. Оғұз ханға дейін аталып келіп, енді өзгертіліп сахаралық халықты «монғол», шаһар халқын «ұйғыр» деп атауға келісілген, басқаша атауға тыйым салынған. Ұйғыр аты қалай шықса шықсын, бір белгілі руға айтылмай, бір жерде жиналып, ұйымдасып тұрғандарға «ұйғыр» атауын берген...». Құрбанғали Халид сонымен қатар Монғолдың 18-ші ұрпағы Қараханнан туған Оғұз ханның кезінде халықтардың үш топқа бөлініп, «монғол», «ұйғыр», «татар» атанғандарын, және Оғыз ханның 8 ұрпағы Желханның (Елханның) тұсында монғол мен татар екі хандыққа бөлініп, Желхан тек монғолға ғана хан болып қалғанын жазған (қараңыз: Халид Құрбанғали Тауарих хамса: (Бес тарих). Алматы, 2006.-222-223 бб.). Желханды (Елханды) ұрпақтан ұрпаққа құрметтеген монғолдар кейініректе Персия аймағындағы Жалайырлармен бірігіп құрған өздерінің мемлекетін Елхандар мемлекеті деп,- атады. Сонымен Монғол дегеніміз ең алдымен жеке адам есімі. Ол тұрақты мемлекетке қол жеткізе алмаған көшпелілер арманы - «Мәңгі ел» деген мағынаны аңғартады.

Жоғарыда айтқанымыздай, о баста Монғол - халықтық шежіреде тарихи тұлға ретінде танылғандықтан, және ол Түрік деген кісінің ұрпағы болғандықтан оның ұлдарымыз дейтіндер түркітілдестер арасында да көп болды. И.Н.Березин аударған Рашид ад-диннің еңбегінде мынадай жолдар бар: **“Племена, которых ныне называют монгольскими, но которых имя в сущности не было Монголь, так как это название они предъявили после эпохи их (Монголовь). Каждая ветвь из этих ветвей произвела много ветвей, и у всякой явилось определенное имя** (Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-Дина. Пер. с перс. Н.И.Березина //Труды вост. отд. императорск. Археологич. общ. - Ч. V. - СПб., - 1858, - 7 б.) Алайда аз ғана монғол рулары Нирун (ақсүйек) атанып, билікті қолдарында ұстаса да, ауызбірліктері жоқ, және «Түрік» атауын XI ғасырдан соң мүлде ұмытып, бұл этнонимді Ұйғыр, Қырғыз, Жалайыр, Найман, Керей, Меркіт, Ақ татар, Қоңырат, Қиян тәрізді жеке тайпалар мен ұлыстар атына ауыстырып, өзара бөлшектенген түркітілдестер Монғол үстіртінде көпшілік болды, және сондықтан да Шыңғысхан әскерінің негізгі бөлігін де, әскербасыларын да негізінен осылар құрады.

Шыңғыс батысқа, қазіргі қазақ жеріне аяқ басқанда оның соғыс қолы жергілікті Арғындардың, Наймандардың, Керейттердің, Үйсіндердің есебінен мүлде түріктене түсті. «...Рас, Шыңғыс қолында монғолдар да болды, олар бары-жоғы төрт жарым мың ғана адам еді. Одан басқа отыз екі мың татарлар бар-ды. Татарлар да түрікше сөйлейтін жұрт болатын. Шыңғыстың жарты миллион соғыс қолы тегіс түрікше сөйлейтін...» (Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. «Түп тұқыйаннан өзіме шейін». Шежіре,естелік. - 2008.-824 б.). Алайда түркітілдестердің Шыңғыс жорықтары салдарынан батысқа ығысулары Тынық мұхиттан соғатын муссондардың бағыты өзгеруінен қолайсыз климаттық ахуалға тап болған шығыстағы тұңғыс-маншжүртілдестердің Монғол үстіртіне көптеп қоныстануларына еркін жол ашты. Ал енді әскерлерінің негізін түркітілдестер құрай тұрса да, өзі де түрік тілінде сөйлейтін Шыңғыс «монғол» атауын неге көтермеледі, және өзін неге осы әулетке жатқызды, және бұрынғы түркітілдестер неліктен монғол атанды? - дегенге жауап іздер болсақ, мұндайда мынаны ескерген жөн: Шыңғыстан әлдеқайда бұрын, маншжүртілдес Қидандар империясы тұсында өздерін монғол әулетіне жатқызатын Нирундар(ақсүйектер) аталған тұңғыс-маншжұрлар тобы біртіндеп Гоби шөлінен терістіктегі және терістік-шығыстағы ел билігінде үстем күшке айналды. Енді олардың ықпалына түскен түркітілдес тайпалар да өздерінің «монғол» әулетіне жатқызып, онысын мақтаныш ететін болып алды. Түркітілдес тайпалардың атауларының өзгеріске түсуінің айқын көрінісі ежелгі Жалайырларды құраған 10 рулар аттарының басым көпшілігінің монғолша көптік жалғаумен көрсетілуі

дер едік (Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-Дина. Пер. с перс. Н.И.Березина //Труды вост. отд. императорск. Археологич. общ. - Ч. V. - СПб., - 1858, - 227 б.).

Алайда бұл айтылғандардан Шыңғысханның арғы тегіне қатысты асығыс қорытынды тұмауы керек. Өйткені оның шығу тегі туралы мәселе сол заманның күрделі этно-элеуметтік және дәстүрлі діни таным мәселелерімен тығыз байланысты. Қанша ұлы болса да Шыңғыста өз дәуірінің адамы. Бұрын түріктер үстемдік жасаған аймақта - Орталық Азияда Х-ХІ ғасырларға қарай тұңғыс-маншжүр тілдестердің билікке келулеріне байланысты түркітілдестер енді керісінше, «монғол» атана бастағандықтан да Шыңғыс құрған мемлекет Түріктің емес, оның ұрпағы болып саналатын Монғолдың атын таңдады.

Қиян мен Қиятты шатастыру - Шыңғыс ханның шығу тегін бұрмалауға алып келді.

Күні бүгінге дейін Шыңғысханның ататегін зерттеушілер Қиян тайпаларын Қияттардың рулық бірлестігімен бірге қарастырып келеді. Тарихи деректер шын мәнінде бұлардың екі түрлі тайпалық одақтарды құрайтындарын көрсетіп отыр. Ежелгі Ғұндардың ұрпақтары болып саналатын Қияндарды алғаш көне маншжүртілдес Сәнбелер, онан соң түркітілдес Телектер мен Түріктер жаулап алды. Қияндар VІ ғасырда Сәнбе тайпалық бірлестігінің мұрагерлері Тұйғындарға ата жау болды. Бұл кезде Қиян руының көсемі Қиянсон деген кісі болған және ол Тұйғын әулеті көсемін қанжармен жарып өлтірді. Осы Қияндар алғаш Телектерге, кейіннен Түріктерге, ал онан соң Татарларға бағынуға мәжбүр болды. Әбілғазының «Түрік шежіресінде» Қияннан Шыңғыстың руы емес, оның әйелі Бөртенің руы Қоңырат таратылады. Одан осы айтылғандарды дәлелдей түсетін мынадай жолдарды оқимыз: «у одного человека из поколения **Кьян** (бөліп көрсеткен біз-Т.О.) было три сына. Старший сын назывался Чурлык-Меркан. У Чурлык-Меркана был сын по имени Конкират: от его рода произошло все поколение конкиратов». Ал Қоңырат ежелден түркітілдес тайпа.

Қияннан тарайтын Қоңыраттың монғолдарға қатысы жоғын қазақ шежіресінен де байқай аламыз. Мұнда Қоңыраттың шежіресі Сеңке биден басталады. XIV ғасырдың шағатай тіліндегі дерегінде бұл кісі Конграт би углы Сенгелай деп көрсетілген. Бұған қарағанда Сеңке немесе Сеңгелай Қоңырат деген кісінің ұлы болып шығады. Яғни деректер бойынша: Ел хан одан Қиян. Қиянның үш ұлы болды. Олар Жорлық мерген, Құбай шыра, Тұсбұдай. Осы шежіреден көріп отырғанымыз: Қияннан монғолдардың бабалары тарамайды, түркітілдестер тарайды.

Ал енді Қоңыраттардың бұрынғы атаулары жоғарыда аталып кеткен Қиянға тағыда қайта оралар болсақ, қытай жылнамаларына қарағанда Қиян мен Қият екі басқа рулар екеніне көзіміз жете түседі. Қияндар біздің заманымыздың басында-ақ ежелгі этнос ретінде мәлім болды, және олар негізінен мал шаруашылығымен айналысып, көп тайпаларға бөлінді. Кейініректе Қияндардың бір бөлігі түркі тілдес Телек тайпалар одағына жатса, ал Қият монғолтілдес Шибей (Шығай) татарлары одағына жатты. Шындығында байырғы Ғұндар заманынан бастау алатын, беріде түркітілдес Телек тайпалар одағына жатқан, және айтарлықтай өсіп-өнген Қияндардан VІІІ ғасырдың өзінде-ақ көптеген тайпалар бөлініп, тіптен олар дербес елдерге айналып кеткен болатын. Оларды қытай жылнамаларында **Қиян, Қиянқа, Нақиян, Қызылсу қияндары, Салар қиян, Батыс қиян елдері** деп жеке-жеке атайды. Жоғарыда аталғандар арасындағы Нақиян ежелгі Ғұндар заманындағы Қияндардың бір бұтағы болып есептеледі. Олар кезінде ғұндармен көрші болған. Алғаш Келентау маңын мекендеп, ал кейінірек Лобнор көлінің маңында, Алтыншоқы деген жерде **Нақиян** деген мемлекет құрған. (қараңыз: «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» (б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары. I кітап, А., 2006.- 233-234, 274 бб.).) Осы деректерден Қиян атанғандарға негізінен түркітілдестер жатқанын аңғару қиын емес, және кезінде Қытайдан батыстағы түркілер «Батыс қиян елдері» деп жалпылама аталған. Осыны аңғармаған кейбір зерттеушілер қателесіп, осы екі руды (Қият пен Қиянды) бір деп білген, және жоғарыда айтқанымыздай, «т» жалғауының монғолша көптік жалғауды аңғартатынын ескеріп, және Рашид ад-диннің және оны қайталаған Әбілғазының: «Қият» «Қиянның» көпше айтылғаны» деген қате ескертпесіне тереңірек сын көзбен бойламаған. Бұл жердегі жаңсақтық: егерде «Қиянға» «т» жалғанар болса ол «Қият» емес, «**Қиянут**» болып кетер еді. Оның үстіне бұл екі атау тайпалар түсінігінде екі түрлі мағына береді.

Мұндайда, «ал онда Қият деп аталатындар кімдер?»-деген сауалдың туындауы да заңды. Қияттар да байырғы тайпалар. Қытай жылнамасына берілген түсініктемеге қарасақ, ғұндар арасындағы әртүрлі рулардан құралғандардың **Нұм-қияттар** деп аталғанын аңғарамыз. (қараңыз: «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» (б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары. I кітап, А., 2006.- 291 б.).) Яғни, Қияттар деп өздерінің тайпаларынан бөлініп шығып, тәуелсіз, жаңа рулық бірлестікке біріккен рубасылар емес, жеке батырлар бастаған алуан түрлі тобырларды атады. Қалай десекте Қияттар кеңінен тарала қоймаған құрама шағын тайпалық бірлестіктерді құрады. Біздің ойымызша, Шыңғыстың үлкен

атасы Қабұлхан тұсында оның төңірегіне біріккен алуан тайпалы батыр-нөкерлер жалпылама Қияттар деп аталды. Мәселе байыбына бару үшін Әбілғазының өзін оқиық: «Шыңғысханның арғы атасы Қабұл ханның алты ұлы болған: олардың бәрі өжет, батыл, жылдым еді. Халық осы батырларды Қият деп атады...». Бұдан шығатын қорытынды, Қабұлханнан бұрын моңғолдарда «Қият» деген ру болмаған. Бұл шежіре былай таратылады: Қабұлхан – Бөртанхан – Есугай баһадур – Темучин (Шыңғысхан). Қабұлханның алты баласынан таралғандар «Қияттар» деп аталса, көздері қой көз (бурджигин) болғандықтан Есугей баһадурдың руындағы кісілер Бурджигин-Қият аталған. Бұлардың бәрі Есугейдің туыстары емес, өз руларынан жырынды болып, бөлініп келіп қосылған жеке батырлар бастаған топтар бірлестігі еді. Арғы аталары осындай әртекті болғандықтан Қият атанғандар ешқашанда үлкен тайпалы елге айнала алған жоқ. Олар тіптен Есугей өлген соң оның қара шаңырағын тастап, аулақ көшіп кетті.

Қияттың Бөржығын руының Шыңғыстың руы болып табылатыны деректердің бәрінде ауызға алынады. Шыңғысты қазаққа жақындатқысы келетіндер де Қият руының қазақ құрамында бар екендігіне назар аударады. Бірақ мұндайда, осы шағын рудың қазаққа кірме екендігі, оның ешбір қазақ жүздеріне жатпайтындығы ескерілген емес. Оның үстіне бұл Қият жауынгерлік ұран ретінде Шыңғыс тұқымына жатпайтын «Арухан» атын иемденген. Қияттың «Қолтаңба» аталатын рулық таңбасы да Шыңғыс тұқымы болып табылатын Төрелер таңбасынан мүлде бөлек. (қараңыз: Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: Зертеу.-Астана,2008.-672 б.). Бұл енді бөлек әңгіменің арқауы.

Қазіргі татар ғалымдары өздерінің жорналдарында жариялаған шежірелік деректен де Қият руының Қияннан тараған Қоңыраттан бөлек екендігін аңғаруға болады. Онда Шыңғысханның қолынан тайпалық таңбалар алған 15 билер аталған. Бұл деректе Қияттың Боданшар(Бөгдеден) ұрпағы болып табылатыны көрсетілген, және билердің бұл тізімін Боданшарұлы Қият бастайды да, ал Қоңыраттан туған Сенгелай (Сеңке) би Гираят (Керейт) биден соң алтыншы болып аталады. Яғни, аталмыш деректе алғашқы болып Қият бидің (Қиянның емес) аталатын себебі, ол, Шыңғыстың руы. Демек, бұл дерек бойынша да Қият пен Қиян екі түрлі адам. Өйткені, Сеңке би Қиянның ұрпағы Қоңыраттан тараса, ал Қият би Боданшардан тарайды. Олар Шыңғысханды хан көтеру рәсіміне екі түрлі ру-тайпаның атынан қатысқан. Тарихи деректерге қарағанда бұл хан көтеру рәсімін Үйсін Майқы би (Қазыбек бек Тауасарұлында – Уран-Майқы би) басқарған. Ол шынында да тізімде бар. Бірақ ол, Қоңырат бидің ұлы Сеңгелайдан (Сеңкеден) кейін жетінші болып тұр (қараңыз:Ахмедзянов М.Ногайская Орда и ее роль в этнической истории татар.// «Идел.1991. -33-34 бб.»).

Татардың белгілі тарихшысы жариялап отырған осы құнды дерекпен өзіміздің Қазыбек бек Тауасарұлы жазып кеткен деректе ұқсастық бары назар аудартады. Соңғыда алғашқы деректе аталатын Боданшарұлы Қият би, Қыпшақ би, Жұмарты (Джумарты) би, Керейт (Гираят) би, Қоңырат би ұлы Сенгелай, Мұйтан (Мұтан) би,Боркыт би,Темьянджарұлы Катай, Салжұт би, яғни барлығы тоғыз бидің аты аталмайды. Ал бірақ Түмен (Тамьян би,), Ұран-Майқы би(Үйшан Майки би), Орқаш (Урдадж) би, Бөрібек шешен (Берджан би), Қалдар би, Темірқұт (Тимеркотлы) би алтауы екі деректе де кездеседі. Сонымен қатар соңғы деректе Тулақ би, Арғын Қуандық Тоқым би беделді де белгілі тұлғалар ретінде қосымша аталады.

Тарихымызға қосылып отырған осы, тың деректер Шыңғыс ханға қатысты бұрынғы көзқарастарды қайта қарауды қажет етеді. Тегінде, аталған билер Шыңғысты хан көтеруге жиналғандар. Бұл Шыңғыстың барлығы үшінші рет, және Ұлы Далада алғаш рет хан көтерілуі. Бұдан бұрынғы оның Орхон-Онон бойындағы екі рет хан көтерілу рәсімдері тарихқа жақсы белгілі. Сондықтан да оларға тоқталып жатпаймыз. Ал енді Шыңғысты үшінші рет хан көтеру рәсімі қай жерде орын алды дегенге келсек, оны Дегелең төңірегінде Наймантауда(Шыңғыстауда) Жалайыр, Арғын, Найман және т.б. рулар жақсыларының «ақ киізге орап хан көтеруі» хижра бойынша 605 жылы(яғни 1227 жылы) болғаны туралы дерек бар. (қараңыз: «Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқыйаннан өзіме шейін.Шежіре,естелік.Алматы: «Жалын» баспасы,2008, 823 б.».) Бұл Шыңғыстың өзі қайтыс болар қарсаңында, яғни оның таңғұттарға бағытталған соңғы жорығы алдында орын алған оқиға. Мұның өзі батыста Еділге дейін, оңтүстікте Гиндекуш тауларына дейінгі аймақты бағындырған ұлы ханның жеңіс салтанаты еді. Бұдан бұрынғы жылдары ол, Найман мен Керейді қанға бояп, қуып таратқандықтан, Қыпшақтарды күшпен бағындырып, олардың ұлыстарының тоз-тозын шығарғандықтан, Найман ханзадасы Күшлікті Бадақшанға дейін қуалап, ақыры оның да басын алғандықтан Наймантауда (Шыңғыстауда) оны хан көтеру Шыңғыстың өшпес даңққа бөленген сәтіне - өмірінің соңғы айларына сәйкес келді.

Шыңғысхан « Жалайырдың жетімі» ме, жоқ әлде Баяуттар ұрпағы ма??

Бұл сөзді айтуға бізді мәжбүрлеп отырған Шыңғыс ханның ататек шежіресі. Ол монғолдарда Бөртешино деген адамнан басталады. Бұл ежелгі түркілер аңызындағы тұлға –Бөрі Ашина болуы да

мүмкін. Шежіре дерегі бойынша бұл адам теңіздер мен таулардан асып, Монғол үстіртіне сырттан және алыстан келген. Белгілі монғолтанушы ғалым Зардыхан Қинаятұлының есептеуінше Шыңғыс бұл кісінің 22-ші ұрпағы. Алайда осы Бөртешинодан Добу мергенге дейінгі Қияттан тарады деп көрсетілетін 12 ұрпақтың Шыңғысханға тектік тұрғыдан қатысы шамалы. Өйткені Добу мергеннің ұлы деп айтылатын және Шыңғыс ханның 10-шы атасы болып табылатын Боданшардың тегі белгісіз. Себебі ол, некесіз қатынастан туған адам. Тек дерекке ғана сүйеніп жазатын З.Қинаятұлы оның әкесінің Мәлік Баяут руынан шыққан ер адам екендігін атап кетеді. (Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу. Алматы, 2010.-66,69,72 бб.). Деректерден белгілісі бұл, кезінде Есугей үйінде қызметші болып жүрген кісі.

Елге белгілі Рашид ад-дин де, әйгілі этнограф Р.Г.Күзеев те Баяут тайпасын монғолдарға жатқызады (қараңыз: Рашид ад-дин. Сб.летописей.Т.1.Кн.1.-М-Л-,1960-78,150 бб.; Күзеев Р.Г.Происхождение башкирского народа.Этнический состав.История расселения.-М.,1974.-328 б.). Дорджи Банзаровтың Сайшиялдың мәліметі бойынша көрсеткен түпкі монғол тайпасына жатқызылатындар тізімінде бұл тайпа «Баягут» деген атпен 13 болып тұр (қараңыз: Дорджи Банзаров. Собрание сочинений. М., 1955. -179 б.). Мұндайда ескертетініміз:оғыз-түрікмендері құрамындағы М.Қашғари XI ғасырда атап көрсететін Баят тайпасын Баяут тайпасымен шатастырмаған жөн. (М.Қашғари.Түрік тілінің сөздігі:(Диуани лұғат-ит-түрік). Алматы:Хант.-1997. -86 б.). Алайда мынаны да ескермеуге болмайды: Баяуттар Оғыз Баяттардың монғолданған және шығыста бөлініп қалған бір бөлігі болулары да әбден мүмкін. Өйткені Баяттың да аты Баяут тәрізді монғолдың көптік жалғауымен көрсетілген. Қалай десекте шығыстағы Л.Гумилев санап шыққан 15 түркітілдес Баегу-Байырқу, Байси тәрізді Бай тайпалары арасында Баяут кездеспейді. Бұл енді Шыңғыстың бабасына қатысты әңгіме ғой.

Проблемным обстоятельством является и тот фактор, что нарушение полноценной структуры семьи, а именно отсутствие родителя-отца, сказывается со временем на половозрастной и полоролевой модели идентификации подростков, при построении их будущей семьи. В противоположность этому именно в неполной семье формируется безусловный авторитет матери, что может впоследствии привести к усилению роли феминизации, особенно в среде подростков из числа девушек, которые могут в будущем осознанно или неосознанно стремиться к усилению своей личной значимости, авторитарности в противовес мужчине. Данное обстоятельство может иметь печальные последствия. Например, в казахстанском обществе, равно как и в других постсоветских республиках Кавказа, Средней Азии имеются этносы из числа коренных национальностей, в которых превалирует традиционная модель семейных взаимоотношений с приоритетом высокого статуса и роли мужчины. Игнорирование или нежелание считаться с данным фактором может впоследствии значительно осложнить семейно-брачные отношения.

В условиях наличия неполной семьи социально-профессиональный статус матери имеет важное значение в реализации функции социализации и воспитания детей. Нередко матери, занятые в сфере неквалифицированного труда или производства, домохозяйки или просто безработные, обладают меньшим авторитетом в глазах детей, отличаются слабой педагогической грамотностью и тактичностью, в силу которых их дети могут испытывать определенные трудности при изучении ряда учебных

дисциплин в школе или колледже, при посещении школьных занятий, различных кружков и секций. У молодежи из таких семей могут преобладать пассивные формы проведения свободного времени: увлечение лишь просмотром телевизионных передач, интернетом или компьютерными играми, а также иметь место высокий уровень социального одиночества.

Вместе с тем мы имеем достаточно примеров успешного преодоления этих негативных явлений, когда глава семьи – мать дает достойное воспитание своим детям, стремится вырастить из них гармонично развитых личностей, одинаково относящихся как к временным тяготам, так и к труду и дисциплине, отличающихся более развитой социальной ответственностью, озабоченностью здоровьем своих близких, самостоятельностью в решении ряда важных семейных вопросов. Исследование социализации детей в семьях различной этнической принадлежности показывает сохранение в семьях казахов и других контактирующих с ним этносов традиции уважительного, почтительного отношения к пожилым родителям, а также сохранение принципов гендерного распределения домашних обязанностей.

Значительную роль в неполной семье играют представители старшего поколения – бабушки и дедушки. Мы имеем массу примеров, когда оставшаяся по тем или иным обстоятельствам одна с детьми мать (вдова, разведенная, одиночка) пользуется существенной помощью не только от них, но и от других близких родственников. Такая поддержка значительно облегчает проблемы материального или финансового обеспечения, негласного контроля детей, организации свободного времени в период школьных каникул, при внезапной болезни или недомогании одного из них.

Особо следует отметить тот момент, что для более эффективной реализации функции социализации и воспитания детей неполная семья нуждается в поддержке со стороны государства, дошкольных, общеобразовательных и внеобразовательных учреждений и центров социальной помощи. Поэтому анализируемая нами проблема улучшения качества выполнения семьей функции достойной социализации и воспитания детей должна решаться с учетом разных составляющих. Во-первых, государственная поддержка таким семьям с несовершеннолетними детьми должна иметь адресную направленность и учитывать различные типы семей, характеризующие их как институт социализации детей. Во-вторых, необходимо учитывать региональные особенности нашей республики, имеющей как аграрную, так и промышленно-добывающую направленность; избыток рабочей силы, скрытую безработицу, особенно в сельской местности и в областях с преобладанием коренного казахского населения. Такой дифференцированный подход поможет в реализации семьей должной воспитательной функции, учитывающей особенности жизнедеятельности семьи в том или ином конкретном регионе Казахстана. В-третьих, не все родители, осуществляющие социализацию детей, имеют достаточную информацию и опыт для решения педагогических вопросов. Поэтому нужно предоставить им необходимую помощь в повышении педагогической грамотности путем организации соответствующих телевизионных передач, обеспечения необходимой педагогической литературой, активным взаимодействием со школьными педагогами, общественностью и т.д.

Другие проблемы неполных семей. В ходе исследования мы выделили несколько типичных проблем детей из неполных семей, выявление которых помогает осознать необходимость социальной поддержки детей из неполных семей в современных условиях переходного периода.

Главным из них предстает *финансово-материальная проблема*, так как основная хозяйка – женщина, чаще всего не в состоянии содержать себя и обеспечить детские потребности в том объеме, который характерен для стабильных семей. Сложно совмещать в одном лице роль добытчика и роль внимательного родителя. Не секрет, что средняя заработная плата женщин в целом по Казахстану, равно как и в других постсоветских республиках ниже, чем у мужчин, а централизованная государственная поддержка одиноких и вдовьих матерей не покрывает необходимые расходы на содержание детей, особенно в условиях нынешней непомерной инфляции.

Установленный судом размер алиментов, которые полагаются разведенным женщинам, разный, и нередко эта сумма бывает просто мизерной. Поэтому в наихудшем положении чаще всего оказываются матери с низким собственным доходом, т.е. молодые женщины, находящиеся в отпуске по уходу за ребенком; имеющие по разным причинам низкую заработную плату, а также женщины с двумя и более детьми. И это при том, что ряд одиноких матерей хорошо зарабатывает, а иные находятся на грани потери работы, а значит и полной нищеты. Некоторые одинокие матери, особенно приезжие из других городов или сельских населенных пунктов, фактически не имеют нормальных жилищных условий, не имея перспективы их улучшения в ближайшем будущем, в то время как другие в этом отношении вполне обеспечены.

Имеется проблема совмещения профессиональной и родительской ролей, которая напрямую перекликается с предыдущей. В случае, когда одинокая мать не получает помощи по уходу за ребенком со стороны родственников, ей крайне трудно работать в режиме полной занятости.

Гиперопека или ошибки в процессе воспитания в неполной семье – это ситуация, когда ребенок и проблемы, связанные с ним, выдвигаются на первое место в системе жизненных целей и ориентаций. Они свойственны не очень общительным матерям, с ограниченным, заранее определенным кругом контактов, которые недостаточную общительность компенсируют выполнением всех желаний ребенка, иногда отражая их произвольную установку на создание зависимости у детей. В таких случаях они сами выбирают друзей единственному ребенку, организуют его досуг, навязывают свои взгляды, вкусы, нормы поведения, в результате чего у ребенка формируется конформный тип личности. Не приученный ни в чем отказывать себе, он может вырасти безвольным, зависимым от микросреды, с неразвитым чувством ответственности за свои поступки и действия. Такие «недоросли» могут завышенно оценивать своего родителя, который находится рядом; более болезненно реагировать на критику, демонстрировать эмоциональные вспышки, неприязненно относиться не только к своим родителям, но и к окружающим при невыполнении тех или иных желаний, а при отказе они чувствуют себя несчастными, обделенными.

Им нередко сложно наладить отношения со своими сверстниками, так как у них при отсутствии одного из родителей возникают проблемы, связанные с возможностями полноценного формирования стереотипа поведения своего пола. Например, лишенный отца мальчик не располагает возможностью на ближайшем примере перенимать особенности мужского поведения и неосознанно осваивает женские поведенческие стереотипы. Для девочки мать в такой ситуации вынуждена совмещать не только собственную материнскую роль, но и недостающую роль отсутствующего отца, что может привести к противоречивости в ее психосексуальном развитии. Среди детей из разведенных семей нередко возникает целый набор трудностей психологического характера, даже больший, чем у тех, чьи родители скончались или выросли без отца; они чаще испытывают страх потерять «единственного» родителя.

Встречаются и такие семьи, в которых недостаточное внимание к интересам ребенка является результатом завуалированного, недоброжелательного отношения одного из родителей к собственному ребенку. Такой подход иногда может быть замаскирован даже чрезмерным стремлением помочь ребенку, например, поисками для него места в больнице при каждом легком заболевании или стремлении устроить его в интернат, объясняя свои действия желанием как можно быстрее приучить его к самостоятельности, забывая о том, что такое отношение может плохо повлиять на развитие характера ребенка.

Имеет место и реальная отстраненность матери от ухода за ребенком и игнорирование его воспитания. Это может иметь разное объяснение, начиная от безответственности, избытка примитивных интересов, удовлетворению которых ребенок мешает, недоброжелательного отношения к нему, являющемуся для нее напоминанием о ее неудачах в личной жизни, и вплоть до крайних случаев: склонности к алкоголизму или наркозависимости и других форм асоциального поведения [10-11].

К числу других проблем неполных семей могут относиться слабое здоровье одного из родителей, спровоцированное распадом семьи, недостаточное психическое здоровье детей и родителей; переутомление и чрезмерная загруженность родителя, оставшегося с ребенком; склонность ребенка к вредным привычкам; травмирующие последствия разрыва контакта ребенка с одним из родителей; склонность ребенка или подростка к внезапному уходу из дома и т.д.

Позитивные моменты и пути преодоления негативных процессов. Неполные семьи в настоящее время становятся привычными для общественности, близких и родственников, которые ежедневно сталкиваются с данным явлением. Наличие неполной семьи не означает, что она обязательно является неблагополучной в различных аспектах, включая воспитательный. Рассмотренные выше проблемы могут возникнуть в неполной семье с большей вероятностью, чем в полной, но из этого вовсе не следует, что они обязательно возникнут. Нередко психологическая атмосфера семьи достаточно благоприятна и не создает затруднений в формировании здоровой личности. Масса таких семей успешно функционируют, адаптируясь к тем или иным трудностям и обстоятельствам, мало чем отличаясь от других нуклеарных или расширенных семей. Указанные нами ранее дисгармонии в процессе социализации детей и подростков, свойственные неполным семьям, встречаются и в формально благополучных семьях с наличием обоих родителей, но в эмоционально недостаточной семье ребенок сталкивается с гораздо более серьезными психологическими проблемами.

Видимо, здесь наряду с личностными факторами, нельзя исключить положительное или отрицательное влияние окружающей среды, а также решающую роль одного из родителей в адекватном

воспитании ребенка или подростка, в стремлении окружить его необходимой заботой и теплом, чтобы он вырос более спокойным и уравновешенным.

В этих процессах необходим дифференцированный подход, позволяющий реально оценить функционирование неполных семей в зависимости от их формирования: а) объективный процесс образования таких семей в силу овдовения или сознательного рождения внебрачного ребенка; б) субъективный процесс, связанный с распадом семьи из-за конфликта одного из супругов. В первом случае, овдовевший/ая супруг/а рассчитывает только на себя, редко на помощь других – близких или родственников; во втором, есть надежда на помощь бывшего/ей супруга/ги; поэтому любую жизненную неудачу, включая проблему в социализации детей можно свалить на него/нее. Именно в последнем случае ребенок невольно может быть втянут в различные «разборки» родителей, лишиться должного внимания и винить их во всех своих бедах.

Поэтому одному из родителей необходимо привлекать в жизнь ребёнка адекватного авторитетного для ребёнка человека противоположного пола, прививать половые качества через занятия в кружках, секциях, знаковых детям определенного пола. Одновременно основному родителю следует иметь запас возможностей для расслабления, снятия стресса без участия в этом ребёнка как наказываемого объекта, оставляя необходимое время и для пассивного времяпровождения без ребёнка, воспользовавшись помощью родных, друзей или коллег. Стараться решать возникающие негативные отношения с бывшим/ей супругом/ой без присутствия ребёнка; помнить о том, что имеющий при этом место нервный стресс психологически вреден и ему; не препятствовать общению ребёнка со вторым родителем, если оно объективно не деструктивно для него.

Выводы.

1. Неполные семьи, характеризуются наличием ряда неблагоприятных факторов: слабым финансово-материальным положением, недостаточностью совместного времяпровождения с детьми и подростками, слабым контролем за ними со стороны взрослых, скудностью внесемейных форм общения, ограниченностью в планировании свободного времени и расплывчатостью его содержания. Указанные проблемы, связанные главным образом с недостаточностью материальных возможностей, сказываются не только на удовлетворенности потребностей взрослых и детей, но и на их взаимоотношениях.

2. Социально-профессиональный статус матери или отца напрямую сказывается при реализации воспитательной функции, так как низкий уровень одного из них сопровождается недостаточной педагогической грамотностью, что не способствует их авторитету в глазах детей.

3. Молодежь из неполной семьи нередко сталкивается с проблемами социального характера, включая неадекватное освоение ими половозрастной и полоролевой модели поведения, значительный уровень социального одиночества, девиантные поступки и действия. Поэтому помощь со стороны старшего поколения, близких и других родственников может восполнить необходимый воспитательный дефицит работающей матери или отца.

4. Показанные проблемы, свойственные исследуемым нами неполным семьям, имеют как этническую, конфессиональную, так и региональную специфику, связанную с местом проживания и этнокультурной принадлежностью таких семей.

Таким образом, рассмотренный нами материал показывает, что родителю, в силу определенных обстоятельств возглавившему неполную семью, следует реально понимать психологические особенности создавшейся ситуации и не допускать того, чтобы они приводили к негативным последствиям. Успешная жизнедеятельность достаточного количества благополучных неполных семей показывает, что это возможно. Неполная семья, хотя и сталкивается с рядом объективных трудностей, но, тем не менее, обладает достаточным потенциалом для выполнения ряда основных социальных функций семьи, которые могут расширяться или сужаться, выступать главными или вспомогательными.

1. Шаукенова З.К., Соловьева Г., Бутова Б. Отбасы институты – Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы = Институт семьи как фактор стабильности казахстанского общества. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. – 224 б.

2. Жаназарова З.А. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 257 с.

3. Национальный населения Республики Казахстан. Том 1. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2000. – 199 с.

4. Население Республики Казахстан по состоянию в браке / Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2000. –94 с.

5. Казахстан за годы независимости. 1991-2000. Статистический сборник. – Астана: Агентство РК по статистике, 2011. – 194 с.

6. Казахстан в 2011 году. Статистический ежегодник. – Астана: Агентство РК по статистике, 2012. – 496 с.

7. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 152 с.
8. Демографический ежегодник Казахстана, 2008. Статистический сборник. – Астана: Агентство РК по статистике, 2009. – 637 с.
9. Женщины и мужчины Казахстана. 2006-2010. Статистический сборник. – Астана: Агентство РК по статистике, 2011. – 116 с.
10. Валетас М., Прокофьева Л. Отцы и дети после развода // Демоскоп weekly. – 2001. – № 9-10.
11. Валлерштейн Дж.В., Келли Дж. Последствия развода родителей: переживания ребенка в период поздней латентности // Лабиринты одиночества: Пер. с англ. – М.: Прогресс, 1989. – С. 152-168.
12. Дементьева И.Ф. Негативные факторы воспитания детей в неполной семье // Социологические исследования. – 2001. – №11. – С. 108-113.

Б.Б. Кәрібаев

XIV-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ «ӨЗБЕК» АТАУЫНЫҢ МӘНІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАРҒА ТАЛДАУ

Этногенез, этникалық тарих мәселелерін қарастырғанда ерекше көңіл аударатын сұрақтардың біріне – этнонимдерге қатысты мәселелер жатады. Этнонимдерді зерттеу барысында зерттеушілер белгілі бір дәрежеде этникалық кезеңдер барысында жалпы мәселелерге, терминге негіз болған атауларға, олардың шығу себептеріне, сондай-ақ атаудың түп-төркініне, олардың мәні мен мазмұндарына, тарихи кезеңдердегі тарихи жағдайларға байланысты атау мәнінің эволюциялық өзгерістерге ұшырауына әсер еткен факторларға жауаптар таба алады. Мұның бәрі айналып келгенде, этногенез бен этникалық тарихтың күрделі мәселелерін шешуге көмектеседі.

Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихында, оның тарихи кезеңдерінде көптеген этнонимдер болғаны белгілі. Солардың біріне – XIV ғасырдың I жартысында пайда болған «өзбек» этнонимі жатады. Бұл этнонимге қатысты өзіндік ой білдіріп, тұжырым айтқан зерттеушілер жеткілікті. Олардың ішінде тарихшылардан басқа әдебиетшілер, жазушылар, тілшілер, жалпы гуманитарлық ғылымның әртүрлі салалары өкілдерінің айтқандары жетіп артылады. Соған байланысты біз осы жұмысымызда «өзбек» этнониміне қатысты тұжырым білдірген тек кәсіби тарихшылардың ғана тұжырымдарына талдаулар жасаймыз.

Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңі болып табылатын XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың ортасы аралығында Дешті Қыпшақ аумағында саяси үдерістермен қатар, этникалық сипаттағы үдерістер де қарқынды жүреді. Моңғолдар үстемдігі дәуіріндегі этникалық дамулардың заңды қорытындысына моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінің аяқталуы, соның нәтижесінде жаңа этноқауымдастықтың қалыптасуы жатады. Ол этноқауымдастықтың «өзбек» деп аталғандығын жазба дерек мәліметтері дәлелдейді. Дешті Қыпшақ аумағында XIV-XV ғасырлардағы этникалық дамулар барысы өзбек этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті туғызса, ал одан өз кезегінде XV ғасырдың ортасында жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады. Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілуі Қазақстан аумағындағы бірнеше мың жылға созылған этногенездің мәреге жеткендігін көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, «өзбек» атауы этникалық мән ретінде қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңіндегі алғашқы сатыларда пайда болады. Олай болса, «өзбек» атауының мәні мен мазмұнына қатысты зерттеулер – қазақтың этникалық тарихын терең түсінуге жол ашады.

«Өзбек» сөзінің шығу төркіні мен оның мәніне қатысты пікір білдірген зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау барысында ортақ пікірдің жоқ екендігіне көз жеткіздік. Біз олардың бәрін шартты түрде екі топқа бөлдік. Бұл жөнінде пікір айтқан бірінші топтағылар «өзбек» атауының шығуын Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланыстырса, екінші топтағылар бұл пікірге қарсылық білдіріп, атаудың пайда болуын «өзі» немесе «өз» сөзі мен «бек» сөздерінің қосылуынан шыққан деп көрсетеді [1, 1-2 – б.; 2, 102 – б.; 3, 146-147 – б.; 4, 102 – б.; 5, 21 – б.; 6, 94 – б.; 7, 3-5 – б.; 9-37 – б.; 8, 11-30 – б.; 9, 202-214 – б.; 10, 105 – б.]. Біз бұл жерде өзбек атауы жөнінде пікір білдірген барлық авторлардың ойларына талдау жасамаймыз, өйткені кейбір авторлар өз пікірлерін ешбір дәлелдеусіз айтады [2, 102 – б.; 6, 94 – б.; 4, 102 – б.]. Ал Г. Вамбери, А.А. Семенов, Б.А. Ахмедов, З. Қинаятұлы секілді зерттеушілер өз тұжырымдарын дерек мәліметтері арқылы негіздесе де, бір-біріне қарама-қайшы келетін пікірлерге тоқтайды. Мысалы, Г. Вамбери өз ойын: «Түрік халықтарында мынадай бір ерекшелік бар: олар өз билеушілері ішіндегі атағы кең тараған билеушінің немесе жалпыға ортақ мекемелерді енгізгеннің есімін мәңгі сақтау үшін оның есімін қабылдап отырған. Сол есімді олар өздерінің екінші түп атасы

етіп, сол арқылы өз мемлекеттілігінің гүлденгендігін және әлемдік тарихтың арена­сына көтерілгендігін көрсетуге паш еткен»,- деп негіздеуге тырысады да, одан әрі ол өз ойына дәлел ретінде Византия империясының орнына келген түріктердің өз көсемі Осман­ның есімімен османдар деп аталғандығын дәйек етіп, дәл сол сияқты Көк Орданың шығыс бөлігіндегі, яғни Еділ мен Арал теңізінің аралығындағы түрік-моңғол тайпалары Жошы әулетіндегі тоғызыншы хан - Өзбектің есімі бойынша саяси жинақтаушы өзбек атауын қабылдады»,- дейді [1, 1-2 – б.].

Г. Вамберидің бұл пікіріне қарсы ойды XIX ғасырдағы белгілі орыс шығыстанушысы В.В. Григорьев «История Бохары» атты кітапқа берген сын-ескертпесінде айтады. Онда ол: Г. Вамберидың өзбек атауы Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланысты деген пікірі мен оның сүйенген дерегіндегі мәліметтің аңыздық сипатта екендігін басып айта келе, «Өзбек хан билік құрған Алтын Ордада ешқандай өзбектер болған жоқ, өзбектер Өзбек ханның билігі жүрмеген Көк Ордада және Өзбек хан қайтыс болғаннан кейін жүз жылдан соң барып пайда болды», - деп өз тұжырымын білдіреді [11, 123 – б.]. Г. Вамбери мен В.В. Григорьевтің өзбек атауы жөніндегі бір-біріне қарама-қарсы пікірлері осы мәселеге қатысты екі топқа негіз болады. Өзбек атауы мен өзбектердің құрамы туралы терең ғылыми талдау жасап, ғылыми тұжырымдар айтқан ғалымдардың бірі белгілі шығыстанушы – А.А. Семенов болды. Ол өзінің ғылыми ортаға кең танылған белгілі мақаласында қарастырып отырған мәселе бойынша бірнеше ойлар мен тұжырымдарды ұсынады. Олар мыналар:

1) «В.В. Григорьевтың осы мәселе жөніндегі қорытындысы әлі күнге дейін өз күшін жойған жоқ;

2) өзбектер Алтын Ордадан шыққан жоқ және кейбіреулер айтып жүргендей, олардың өз атауын алтынордалық Өзбек ханнан алғандығы дәлелденген жоқ» [7, 35-36 – б.]. Б.Б. Ахмедов болса, «өзбектер», «мамлакат-и узбек» (Өзбек мемлекеті), «улус-и узбек» (Өзбек ұлысы) атауларын алғаш қолданған Хамдаллах Казвини мен оның ұлы Зайн ад-дин Казвинидің мәліметтеріне талдау жасай келе, «Бұл жерде әңгіме Өзбек хан және оның мемлекеті туралы болып отыр, бірақ ол Ақ Орданың көшпелілеріне қатысты емес», - деп қорытынды жасайды [8, 13 – б.].

Одан әрі ол «XIV ғасырдың 60 жылдарына дейін жазба деректерде өзбек сөзі ұшыраспайды», - дейді де, «Өзбек» термині XIV ғасырдың 60 жылдарында жинақтаушы сөз ретінде Дешті Қыпшақтың түрік-моңғол тұрғындары үшін пайда болған секілді», - деген тұжырымға келеді [8, 13 – б.; 15 – б.].

Қазіргі кездегі тарихшылар арасында бұл мәселеге тереңірек барып, өз ойын білдірген тарихшы – З. Қинаятұлы. Ол Низам ад-дин Шамидың, Шереф ад-дин Иезидидің мәліметтеріндегі «өзбек» сөзінің қолданысына, мәні мен мағынасына талдау жасайды да: «Сөйтіп, Өзі-бек атауы Әмір Темірдің тұсында дала көшпенділерін отырықшы батыс Қыпшақ бөлімдерінен ажырату мағынасында, орталыққа басыбайлы емес, өз елі бар, өз билігі өзіндегі көшпенділердің билеуші Бектеріне қолданылған атау. Осылайша Өзі-бек атанғандар негізінен жергілікті Түркі және XII-XIII ғасырларда Моңғол үстіртінен ауып келген соңғы түркі тайпалары болатын», - қорытындыға келеді [9, 211 – б.].

Осылайша, жоғарыда келтірілген авторлардың тұжырымдары өзбек сөзінің шығуы мен мәні жөніндегі мәселеде бір-біріне қарсы. Бірі - өзбек атауын Алтын Орда ханы Өзбек ханның есімімен байланыстырса, екінші бірі – «өзі» және «бек» сөздерінен шығарады. Біз де осыған байланысты өзіндік ой-пікірлерімізді осы жерде білдірелік.

Алдымен, өзбек сөзінің түп-төркіні мен мәніне тоқталсақ. Атаудың «өз» және «бек» деген қос сөзден құралып тұрғандығы және ол екеуінің де түрік сөзі екендігі ешкімге дау тудырмайды. Г. Вамбери өзбек сөзінің тікелей мағынасын «дербес», «өзіне-өзі қожайын» деп аударады [1, 2 – б.]. «Бұл сөз ежелгі венгерлерде дәреже немесе атақ мағынасында қолданылады. Және ол 1150 жылға жататын құжаттарда кездеседі», - деп түсініктеме береді Г. Вамбери [1, 2 – б.]. Соған қарап біз, өзбек сөзінің түп-төркіні түріктік және әлеуметтік мәні болып, ал мағынасы бойынша өз дербестігін белгілі бір дәрежеде сақтаған, әлеуметтік жіктелістің жоғарғы деңгейіндегі адамдарға қатысты қолданылған деп есептейміз. Біздің ойымызша, бұл – өзбек сөзінің ең алғашқы мәні мен мағынасы.

Өзбек сөзінің келесі мәні мен мағынасы оның ер адамға берілетін есім екендігін білдіреді. Жазба деректерден Алтын Орда ханы Өзбекке дейін де, одан кейін де Өзбек есімді кісі есімдерін кездестіреміз. Ибн ал-Асир, Ан-Нисави, Рашид ад-дин еңбектерінде 1210-1225 жылдары Әзірбайжан атабегі Өзбек ибн Мұхаммед, 1197-1198 жылғы Балх қаласының билеушісі Узбек, Мұхаммед Хорезмшахтың қолбасшыларының бірі Өзбек (Өзбектай), Жошының немересі, Мингқадардың ұлы - Өзбек атты есімдер жиі ұшырасады [12, 368 – б.; 377 – б.; 390 – б.; 13, 69 – б.; 14, 85 – б.; 15, 159 – б.; 169 – б.; 16, 76 – б.; 17, 144 – б.].

XV-XVI өмір сүрген тұлғалар арасында да Өзбек есімді кісі есімдері кездеседі [18, 41 – б.; 19, 248 – б.]. Кез келген атау белгілі бір ұғымды білдірсе, ұғымның өзі объектілердің ішкі және сыртқы

қасиеттерінен тұрады. Ұғымды қалыптастыратын қасиеттердің бірі немесе бірнешеуі өзгерсе, жойылса, онда ұғым да өзгеріске ұшырап, мәні мен мазмұнға әсер етеді, ал атау сақталынып қала беруі мүмкін. Біз осындай мән мен мазмұндағы өзгерістерді Өзбек атауынан байқаймыз. Оның алғашқы әлеуметтік мәні өзгеріп, кісі есімін білдіретін мәнге ауысса, Алтын Орда ханы Өзбектің жүргізген саясатына, оның жеке басындағы қасиеттеріне байланысты, Алтын Орданың рухани өмірінде ол жүргізген түбегейлі өзгерістерге байланысты Өзбек есімі басқа мәнге, жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ауыса бастайды.

Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігі тұсында ірі-ірі, терең мәні бар бірнеше түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылады. Оның біріншісіне – мемлекетті басқару жүйесінің реттеліп, бір орталықтан басқарылатын құрылымның пайда болуы жатады. Өзбек ханның саясатына қорытынды берген М.Г. Сафарғалиев ол туралы: «Өзбек хан тұсында мемлекеттік басқарудың орталықтануына байланысты жергілікті жерлердегі билік органдары да ретке келтіріледі. Алғашында Алтын Орданың қалыптасуы кезеңінде биліктің орталықсыздануы жүрді, мемлекетті Батыйдың інілері бөліп алып, әрбір ұлысты басқарған адам өздерін жартылай мемлекет басшысы ретінде дербес сезініп, өз ұлысын жеке дара басқарды. Енді бір орталықтан басқару жүйесі енгізілгеннен кейін бұрынғы ұлыстар облыстарға айналдырылып, оларды әмірлер басқарды... Алтын Орданың саяси дамуының алғашқы жүз жылын қорытындылай келе, Батый тұсындағы қарапайым ғана мемлекеттік құрылым Өзбек хан тұсында орта ғасырлық ірі мемлекетке айналды деп айтуға болады», - деп жазады [20, 340-341 – б.].

Тарихшының бұл айтқан қорытындысы Жошы Ұлысының оң және сол қанаттарына бірей қатысты. Парсы тарихшысы Муин ад-дин Натанзи Жошы Ұлысының сол қанаттағы билеушісі Ерзен хан туралы «Өзбек ханның жарлығы бойынша ол әкесінен кейін оның орнына келді, ... ол Өзбек ханға бағынуды, оған құлақ асуды қатты ұстады», - деген мәліметі осыны дәлелдейді [21, 129 – б.]. Биліктің орталықтанып, жергілікті билік органдарының ретке келтірілуі – Алтын Ордада да ортақ саяси-құқықтық кеңістікті қалыптастырады. Бұл Өзбек ханның Алтын Орданың саяси өміріндегі бірінші жүзеге асырған ірі көлемдегі шарасы болса, екіншісіне оның рухани өмірінде жасаған түбегейлі өзгерісі жатты. Басқаша айтқанда, исламның қарсыластарын жойып, оны мемлекеттің ресми дініне айналдыруы – қалың көпшілік тарапынан қолдау табады да, бүкіл Алтын Орда аумағында саяси-құқықтық кеңістік секілді ортақ рухани кеңістікті қалыптастырады. Бұл жолда Өзбек ханды қолдаушылар - әмірлер, бектер, дін басылары, қолбасылар және тағы басқалары ру-тайпасына, әлеуметтік орнына, кәсібіне қарамастан, Өзбек ханның жақтастары, қолдаушылары болды да, олардың бәрі ортақ атаумен «өзбектер» деп атала бастаған. Осылайша, өзбек атауы жаңа мәнге ие бола бастайды. Ол – жинақтаушы саяси мән болатын. Осы жинақтаушы саяси мәнде өзбек атауы ең алғаш рет 1336 жылғы оқиғаларға байланысты жазба деректе қолданылады. Парсы тарихшысы Хамдаллах Казвини (1281 жылы шамасында туылып, 1350 жылы қайтыс болған) Өзбек хан бастаған Алтын Орда әскерінің Иранға қарсы жорығын жаза отырып, бір жерде Өзбек ханның әскерлерін өзбектер (узбекиан) деп, ал мемлекетін Мамлякат-и-узбеки - Өзбек мемлекеті деп атайды [22, 93 – б.]. Ал оның ұлы Зайн ад-дин Казвини әкесінің шығармасын жалғастыру барысында Алтын Ордаға қатысты Өзбек ұлысы (улус-и Узбеки) деген терминді қолданады [21, 97 – б.].

Енді парсы авторының өзбектер (узбекиан) деген сөзіне талдау жасап, түсініктеме берелік.

Терминнің қағаз бетіне түскен жылы – 1336 жыл, Өзбек ханның Алтын Орда тағында отырғанына – 23, исламды ресми дін етіп жариялағанына – 15 жыл болған кез. Осы жылдар ішінде Өзбек ханның барлық бағыттағы жүргізіп отырған саясаты өз нәтижесін беріп, оның атақ-даңқы мен абырой-беделі ең шарықтау шегіне жетеді. Бұл жағдай Алтын Орданың көршілеріне де белгілі болады. Әсіресе, ол Алтын Орданың басты қарсыласы Иранға өте белгілі болса керек. Ирандықтар Алтын Орданың күшеюі мен нығаюын, ондағы барлық оң өзгерістердің бәрін Өзбек ханның есімімен байланыстырып, Алтын Орданы - Өзбектің елі, мемлекеті деп, ал Алтын Орда тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен - өзбектер деп атай бастайды. Тарихта қарапайым ғана мәні бар сөздердің белгілі бір жағдайларға байланысты жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ие болып, көршілес елдерге сол этнониммен белгілі болғаны жөнінде мысалдар көп кездеседі. Олардың біреуін атап көрсетелік. Ирандықтардың XVI ғасырдан бастап «қызылбастар» деп атала бастағаны белгілі, жаңа атаудың «қызыл» және «бас» деген сын есім мен зат есімді білдіретін қос сөзден құралғаны бірден байқалып тұр. Осман және Ноғай атты кісі есімдерінен ноғайлар, Османдар атты этнонимдердің пайда болғанын дәлелдеп жатудың өзі бұл жерде артықтау. Адам есімін білдіретін Өзбек сөзі де дәл жоғарыдағыдай, жиынтық саяси-этникалық мәнге ие болып, Казвини дерегінде «өзбектер» деген жаңа сөзді қалыптастырып тұр. Ол алғашында Алтын Орда әскерлеріне қатысты айтылса, кейіннен оның барлық тұрғындарына да қатысы болады.

Өзбек ханның тұсында саяси-құқықтық және рухани кеңістіктің бүкіл Алтын Ордаға ортақ болуы «өзбек» атауын да оның барлық тұрғындарына ортақ етеді. Жошы Ұлысының шығыс бөлігіндегі немесе сол қанатындағы Ақ Орданың тайпалары да жиынтық саяси-этникалық мәндегі өзбек атауымен аталады. Парсы авторлары өзбек атауын енгізгеннен кейін бұрынғы қыпшақ атауы жойылып кеткен екен деген ой тұмауы керек. XIV ғасырдың ортасында, екінші жартысында және соңында араб авторлары Алтын Орда тұрғындарына қатысты қыпшақ терминін өзбек атауымен қатар қолдануды жалғастыра береді. Ибн ал-Форат (1334-1404) Тоқтамыс ханды «Солтүстік дала» елінің билеушісі, Қыпшақтар жеріндегі Берке хан тағын иеленуші» десе, Ал Макризи (1364/1365-1441/1442) «833 және одан кейінгі жылдарда (1428-1430) Сарай мен Дешті жерлерінде және Қыпшақ далаларында қатты құрғақшылық болды», әл-Асади (1377-1447) 1394 жылы Дамаскіге Қыпшақ жерінен Өзбек ханның орнында отырған Тоқтамыс ханның елшілері келгенін баяндайды [23, 364 – б.; 442 – б.; 448 – б.]. Ал ибн-Дукмак (1308-1388) болса, «786 жылы (24.02.1384-11.02.1385) Өзбек елінің билеушісі Тоқтамыс ханның елшілері келді», «796 жылы (06.11.1393-26.10.1394) Дамаскідегі сұлтанға Қыпшақ патшасы Тоқтамыс ханның елшілері келді», - деп Тоқтамысты бірде қыпшақтардың, бірде өзбектердің билеушісі ретінде көрсетеді [24, 329 – б.]. Келесі бір араб авторы Абулаббас Ахмед Шихабеддин әл-Мысри әл-Калкашанди (1417/1418 ж. қайтыс болған) Тоқтамыс ханды «Өзбектер елінің билеушісі» деп нақтылап жазады [25, 414 – б.]. Осы келтірілген дерек мәліметтері көрсетіп отырғанындай, «өзбек» атауы этникалық мән ретінде қыпшақ атауымен синоним болып тұр. Әрбір араб авторларының шығармаларында Алтын Орданы «Солтүстіктегі дала елі», «Дешті мен Сарай жері», - деп атағанымен, ол жердің тұрғындарын қыпшақтар немесе өзбектер деп атап көрсетуі - өзбек атауының жиынтық саяси-этникалық мәннен таза этникалық мәнге ауысқанын және оның осы мәнде кең тарап кеткендігін көрсетеді.

Егер де араб авторларының шығармаларында Алтын Орданың тұрғындары XV ғасырдың басына дейін, қыпшақтар, өзбектер деп қатар айтылып келсе, ирандық авторлар сол қанаттағы Ақ Орданың тұрғындарына қатысты тек өзбек атауын қолданады. Низам ад-дин Шами өзінің «Зафар-наме» еңбегінің «Тоқтамыс ханзаданың Сахибқыран әмірге (*Әмір Темірге – Б.К.*) келуі», - деп аталатын бөлімінде XIV ғасырдың 70 - жж. оқиғалар туралы айта келіп, «Ол (Темір) оған (Тоқтамысқа) Отырар мен Сауран өңірін беріп, сол жаққа жібереді. Біршама уақыттан кейін өзбек Орыс ханның ұлы Кутлун-Бұқа әскер шығарып Тоқтамыс оғланмен көп соғысты», - деп баяндайды [26, 106 – б.]. Автор осы еңбегінің «Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы жорығы туралы әңгіме» атты тарауында этникалық мәндегі өзбектер атауы бірнеше рет кездеседі, ол деректе мынадай жағдайға байланысты қолданылады. 1389/1390 жылы Әмір Темір Тоқтамысқа қарсы жорыққа шығып, Ходжент өзенінен (Сырдария) өтеді де, әскерінің алдыңғы легі бірнеше рет қарсыластарын жеңіліске ұшыратады. Темір Сарыг өзен мен Курчуннен өтіп, Ал-кушун деген жерге аялдайды. Осы кезде оған Хорасандағы көтеріліс туралы хабар келеді. «Ойлана келе Темір Хорасанға Мираншах мырзаны әскерімен жібереді де, өзі өзбектер аймағына аттануды жоспарлайды. Нояндар мен әмірлер бас қосып, оған Алдымен, Еңке-Төреге қарсы шығып, оны жойған дұрыс, сосын өзбектер еліне аттанайық деп кеңес береді. Темір олармен келісіп, Бөрібасы арқылы Еңке-Төреге аттанып кетті», - деп жазады Низам ад-дин Шами [21, 111-112 – б.].

Шамидың бұл дерегі Ақ Орда тұрғындарының жиынтық атаумен өзбектер деп аталғандығын көрсетеді. Келесі бір тарихшы Абдараззак Самарқанди (1413-1482) өз еңбегінде Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама атаумен өзбектер, елін - өзбектер елі, Өзбек ұлысы, ал билеушілерін - Өзбек елінің патшасы деп жиі атайды. 1409-1410 жылы Шахрухқа «Дешті Қыпшақ пен өзбек еліндегі билікті иеленуші Болат ханның, Едіге әмірдің және Иса әмірдің елшілері келді», 1410-1411 жылы «Өзбек елі мен Дешті Қыпшақтан әмір Едіге-баһадүр келді...», 1410 жылы «өзбектер аймағындағы әмір Едігеге барған тавачи Абан қайтып оралды», 1416 жылы «Шахрух Фарс өңірінен Хорасанға оралды... Өзбек ұлысынан Ходжа-Лаканың ұлдары қашып кетіп, Өзбек ұлысында бүліншіліктердің болып жатқандығын жеткізді», 1420 жылы «Өзбек Ұлысынан қашқан Барақ оғлан, Ұлықбек мырзаның сарайына келіп пана тұтты», 1421/1422 жылы «Дешті Қыпшақтан Өзбек елінің патшасы Мұхаммед ханнан Әлім шейх оғлан мен Болат келді...», 1422/1423 жылы «осы кезде Хорезмнен әмір Шахмеликтің нөкері келіп, Барақ оғланның Мұхаммед хан ордасын басып алғандығын және Өзбек ұлысының көп бөлігінің оған бағынғандығын жеткізді», 1430/1431 жылы – «өзбек әскерінің Хорезмді тонаушылыққа ұшыратқандығы» және «Хорезм әмірлерінің Өзбек ұлысы мен халқына жорық жасағандығы», 1451/1452 жылы «Өзбек ханы Әбілхайыр ханның Әбу Саид мырзамен одақтасуы туралы ойын сарай қызметкері жеткізеді» және тағы осындай сипаттағы мәліметтер Самарқанди еңбегінде жиі кездесіп отырады [27, 192 – б.; 198-199 – б.; 201 – б.]. Самарқандидың өзбектер жөніндегі мәліметтері 1467/1468 жылғы оқиғаларға дейін созылады және оның мәліметтерінен байқағанымыз,

ол – Мәуереннахрдың солтүстігінде орналасқан Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен - өзбек деп атауы жатады. XVI ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулати мен Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани де өзбектер, Өзбектер елі жөнінде, біздің ойымызша, басқа авторларға карағанда өте дәл және өте анықтау сипаттама береді. Дулати өз еңбегінің көптеген жерінде өзбек атауын Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарына қатысты қолдана отырып, олардың өмір сүрген аумағын Өзбекстан деп атайды. «Тарих-и Рашидидың» I кітабындағы 39-тарауда Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсетуі туралы әңгімесінде «Шорас (Чурас) пен барин тайпаларының әмірлері Исан Тайшының баласы Амасанжы Тайшы қалмаққа кетті. Тағы басқа топ калучи (қалушы), бұлғашы (булгачи) және басқа да бірнеше тайпалар Өзбекстанға Әбілхайырдың қоластына кеткен еді», - деп жазса, осы тараудың соңында Қазақ хандығының құрылуы туралы айта келе, «940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді», - деп баяндайды [28, 109-110 – б.]. Осы еңбектің екінші кітабындағы 68-тарауда автор Моғолстанға кеңірек географиялық сипаттама беріп: «Моғолстанда Жейһун сияқты, не соған жақын үлкен өзендер көп болған. Мысалы, Іле, Еміл, Ертіс, Шолақ және Нарын сияқты. Бұл өзендердің Жейһун мен Сейхуннан еш кемдігі жоқ. Олардың көпшілігі Көкше теңізге құяды. Көкше теңіз Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп тұрған көл... ..Қыс мезгілінде Көкше теңізде мұз қататын. Өзбектер мұздың үстінен өтіп, Моғолстанға баратын... Көкше теңізге құятын өзендер көп те, одан ағатын өзен аз. Ағатын өзеннің мөлшері оған құйылатын судың бір бөлігіндей ғана. Ағатын өзен Өзбекстан аумағынан ағып өтіп, Құлзумға (*Каспий теңізі – Б.К.*) құяды. Бұл өзеннің аты Атил деп аталады. Тарихи кітаптарда [Атил, ал өзбектер арасында Идил деген атпен белгілі]», - деп суреттейді [28, 404 – б.].

Бұлардан басқа 73-тарауда Моғол ханы Жүніс ханның Сұлтан Нигар ханым атты қызының қазақ ханы Тахирға: «... Менде Өзбекстанның даласында көшіп-қонып жүретін әл-қуат жоқ», «... Қазір сенің Өзбекстандағы маңғыттардың кесірінен жұмысың алға баспай тұр», - деген сөзінде, «Ал, Тахир хан Өзбекстанда болатын», - деген дерегінде Өзбекстанның қазіргі Қазақстан аумағы екенін аңғару қиын емес [28, 413 – б.; 417 – б.].

Ал Ибн Рузбихан болса, өзбектердің қандай аймақтармен шекараласатынын: «Өзбектер иелігінің бір шеті мұхитпен шектеседі (автор бұл жерде мұхит деп Каспий теңізін айтып отыр); екінші шеті Түркістанмен (XIV-XVI ғасырларда Түркістан деп Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы өңірлер мен қалаларды осылай атаған – Б.К.); үшіншісі Дербентпен; төртіншісі Хорезммен және бесіншісі – Астрабадпен шектеседі (Астрабад – Ирандағы провинция және қала атауы). Бұл [жерлердің] бәрі түгелімен өзбектердің жазғы және қысқы жайылымдары болып есептеледі», - деп нақты көрсетіп жазады [29, 62 – б.].

Жоғарыда келтірген дерек мәліметтеріне талдау жасай келе біз, мынадай қорытындыларға келеміз.

Біріншіден, тарихнамалық талдау «өзбек» атауына байланысты әлі күнге дейін ортақ пікірдің жоқтығын көрсетеді.

Екіншіден, парсы тіліндегі авторлар «өзбек» атауын этникалық мән ретінде қолданған және өзбектерге Мауереннахрдың солтүстігіндегі Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларын немесе Ақ Орда тұрғындарын жатқызған.

Ал, жалпы қорытындыға келсек, «өзбек» сөзі эпонимнен этнонимге айналған атау және оны талдау - қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңінің алғашқы сатыларындағы Дешті Қыпшақ аумағындағы этноүдерістердің барысын түсінуге мүмкіндік береді дейміз.

1. Вамбери Г. История Бохары или Трансаксонии с древнейших времен до настоящего. По восточным обнаруженным и необнаруженным рукописным историческим источникам. Перевод А.И. Павловского. – СПб., 1873. – Т. II.

2. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника /Пер. с нем. К.Д. Цивиной и Б.Е. Чистовой. – М., 1989. – 749 с.

3. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Вып. III-IV. – СПб., 1896. - с.

4. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. – Оренбург, 1924. Ч. I. – 291 с.

5. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середине XIX в.). – М., 1958. – 248 с.

6. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М. - Л., 1950. – 479 с.

7. Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж. ССР. – Т. XII. – Ст.Элинабад, 1954. – С. 3-37.

8. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.

9. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004.

10. Қазақстан тарихы. Көне замандардан бүгінгі күнге дейін. – Т.2. – Алматы, 1998.

11. Григорьев В.В. Рецензия на книгу А.Вамбери «A history of the Bokhara from the earliest Period down to the present,

- composed for the first time, after oriental known and unknown historial manuscripts, by Arminius Vambery. – London, 1873 // Журнал народного просвещения. 1873.
12. Ибн ал-Асир. Ал-Камил фи-т-тарих / Полный свод истории. Перевод с арабского языка, примечания и комментарии П.Г. Булгакова. – Ташкент: Узбекистан, 2006.
 13. Ибн ал-Асир // СМАЗО. – Т.1. – С. 1-45.
 14. Шихаб ад-дин Мухаммад ан-Насави. Жизнеописание султана Джалал ад-дина Манкбурны. – Баку, 1973. – 450 с.
 15. Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского О.И. Смирновой, ред. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т.1. Кн. 2. – 316 с.
 16. Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т.2. – 248 с.
 17. Стэнли Лень-Пуль. Мусульманские династии. – СПб., 1889.
 18. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // МИКХ., – Алма-Ата, 1969. – С. 9-43.
 19. Шараф-наме-йи шахи // МИКХ., – Алма-Ата, 1969. – С. 237-312.
 20. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.) – М., 1996. – С. 277-526.
 21. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. - Т.П. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – М.-Л., 1941. – 308 с.
 22. Из «Избранной истории» Хамдаллаха Казвини и продолжений к ней. // СМАЗО. – Т.П. – С. 90-98.
 23. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Тизенгаузена. – Т.1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – С.563.
 24. Из летописи Ибндукмака // СМАЗО. Т.1. – С. 315-330.
 25. Из сочинения Аль Калькашанди // СМАЗО. – Т.1. – С. 395-416.
 26. Из «Книги побед» Низам ад-дина Шами // СМАЗО. – Т.П. – С. 104-125.
 27. Из «Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей» Абд-ар-Раззака Самарканди // СМАЗО. – Т.П. – С. 190-201.
 28. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 616 б.
 29. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) /Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. – 196 с.

СЕКЦИЯ I

КӨРНЕКТІ ЗЕРТТЕУШІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ІЗДЕНІСТЕРІ ТУРАЛЫ / ВОСПОМИНАНИЯ О ВЫДАЮЩИХСЯ УЧЕНЫХ И ИХ ИЗЫСКАНИЯХ

Д.Б. Ескекбаев

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ НЕМЕСЕ ҰСТАЗДАРЫМ ТУРАЛЫ

Менің Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевпен таныстығым сонау ХХ ғасырдың 80-жылдарының басында студенттік кезеңнің екінші семестрінде-ақ басталған. Ол кезде біз С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті тарих факультетінің студенттері едік. Болашақ тарихшылар үшін құпиясы мен қызығы мол «археология негіздері» пәнімен біз Әбдіманап ағай арқылы таныстық. Ол кісі дәріс өткізетін орын сол кездегі ең үлкен 402-аудиторияға 101-ші және 102-топтағы қазақ бөлімдерінде оқитын елу шақты студент жиналатынбыз. Басқа ұстаздардан ерекшелігі ол кісі лекциясын «кафедраға байланып қалмай» (кафедра деп отырғаным лектор лекция оқитын мінбер) отырған студенттердің ара-арасымен ерсілі-қарсылы жүріп оқитын. Және журнал тексеріп шұқшыып ешкімді түгендемейтін де. Студенттерді көбінесе атымен немесе тұрғылықты мекен-жайына байланысты «Күршімнің қызы, Марқакөлдің баласы» деген сияқты атаулармен атап одан әрі әңгіме желісі сол өңірдегі қола дәуірі қоныс-тұрақтары, мәдениеттері жайлы ұзын-сонар әңгімелерге ұласып кеуші еді. Лекция барысында кейде оқыстан тұра қалып өткен сабақтардың кейбір тұстарын кенеттен аңдаусызда сұрап қалатын. Абдырап сасып қалып бұл сұрақтың жауабын тезірек еске түсіру үшін дәптерлерімізді қопарыстырып ақтара бастағанымызда «жәрайды, қазба жұмысын тоқтатып тағы да бір тындап» алуға кеңес беретін. Құлағының мүкістігін пайдаланып лекция үстінде кейде пендешілікпен екеуара сөйлесіп қалсақ бірден сезіп қойып ұрсып беретін. Шамасы адам өз бойындағы табиғи кемшілігін сезіну оның кінәмшілдік қасиетін күшейтіп, керісінше басқа бір дене мүшелерінің сезімталдық қасиеттерін арттыра түсетін сияқты. Кейде көңілді кездерінде «сендер қазір құбылмалы жастасындар, кейде рөл ойнап жүрген әртіске ұқсайсындар, себебі өз орталарында бір мінез, ал басқа орталарда басқаша мінезбен көрінесіндер» деп отыратын. Ол кісі археологияда кездесетін терминдерді жиі қайталайтындықтан кейде оңай болып көрінгенмен жауап беру кезінде жиі қателесетінбіз, себебі жауабы алғашқы сәтте қарапайым болып көрінгенімен қазба методикасы өте ұқсас болғандықтан кейбір детальдардың орны ауысып жатады. Сондықтан да пендешілікпен археологиялық қазба әдісін қылмыстық істерді зерттеуші тергеушінің тірлегімен де салыстыруға болар. Қазба кезінде қай құмыраның қалай жатқаны немесе оның ернеуі көмкерілгені, қандай тәсілдермен өрнектелгені және осының бәрі де оны дәуірлеуде негізгі роль атқаратындығына тек осы ғылым саласына бүкіл өмірін арнаған маманға ғана мәлім болар. Сондықтан да археологиялық қазба жұмыстары «бір ақ рет оқылатын кітап» деп аталуының сыры да осында болар. Себебі археология ғылымы тарих ғылымдарының негізі, тұғыры бейнелеп айтсақ фундаменті.

Сонымен бірінші курс та аяқталып емтихан тапсыратын да сәт келді. Оқуға құнығып, шөлдеп келген мен бұл сабақты да «өте жақсыға» тапсыратыныма ешқандай да күмәнім болмады.. Себебі осының алдындағы үш емтиханды да «беске» тапсырғандықтан бұл жолы да сол «дәстүрді» бұзбай ең болмаса төрттік бағаға тапсыратыныма сенімді едім. Бірақ мен «шалдың» қыңырлығын есепке алмаппын. Мектептегі әдет бойынша ағашқы лекте бестіктің бірі болып емтиханға кірдім. Тиесілі билетімді алып қарасам сұрақтар онша қиын емес, тез жауап беріп шығып кетейін десем қасымдағы курстастарым оған мүмкіндік берер емес «бірге шығайық, бізге де көмектесші» деген жалынышты үн, сұраулы жүздерді қия алмай амалсыздан отырып қалыппын. Ол кісінің құлағының мүкістігін ескерсек те «адам бойындағы кемістік екінші бір сезім мүшелерін күшейтетін» биологиялық заңдылықтарды ескермеппіз. Бір кезде менің де кезегім келіп алдымдағылардың соңын ала мен де доцент Оразбаевтың алдына келіп отырдым. Маған ызбармен қараған ұстазым менің билет сұрақтары бойынша берген жауаптарыма назар аударған да жоқ. «Ал жігітім мықты болсан сен мынаған жауап берші» деп алып сұрақтарды бірінен соң бірін қоя бастады. Сұрақтарының түрі қола ғасырына тән қоршаулардың сипаты және бір-бірінен айырмашылығы, ондағы табылған заттар, әсіресе құмыраларға көбірек тоқталды. Құмыралардың сақталынуы; жасалуы, күйдіру процестері, өрнектеріндегі ерекшеліктері, дәуірлері. Немесе қола ғасырындағы жерлеу салттары, жерлеу тәсілдері және қандай күйде жерленгендігі т.б.

Менің алдымда жауап беріп кеткен студенттерге қосымша бірер сұрақтар ғана қойылған сияқты еді маған қойылған сұрақтардың саны он, онбестен аса бастағанда мен де шатаса бастадым. Бір жағынан оқытушымызға деген өкпе, қыжыл да бар кейбір сұрақтарға ашумен жауап бере бастадым. Ашуға ерік беріп онымнан тұрып кетейін десем артымда тіреп тұрған қорғаныш тірегім де жоқ. Курстас бір досым айтқандай «кешіргеде қайда барам». Алдында ұстазымыз мені әдейі сынап отырғандай көрініп емтихан соңында кезекті бес деген баға қояр деген пендешілік ой да бар еді, байқаймын біздің «диалогымыз» басқаша сипат ала бастады. Сол кезде барып «сен бағана ана студенттердің ортасында отырып алып бәріне де «подказ» беріп отырдың, мені құлағы естімейді, байқамайды деген шығарсың. Әлде осының алдындағы сабақтардың бәрі де «бес», осы жолы құрығанда «төрт» аламын деп отырған шығарсың, ерегіскенде мен саған «үш» деген баға қоямын» деді. Алғашында мұның не әзіл, не шын екендігіне түсінбей дел сал болып отырған мен Әбдіманап Медеуович «зачетканы» қолына алып қол қоюға ыңғайлана бергенде барып ес жинадым. Тіпті болмаған соң ең болмаса «екі» қойып беріңізші» деп те сұрандым. Абайша айтсақ «жартасқа бардып қайта соғылғандай» міз бақпады, керісінше үдеп, өршеленіп кетіп «мен сендерді білем, қазір маған екі қойғызып алып кейін адамдарыңды салып «бес» қойғызып алмақшысың ғой» дегенге дейін барып ақыры қанағаттанарлық деген баға қойып тынды.

Шынын айтсам бұл маған өте ауыр соққы, өміріме сабақ болды. Менің оқуға түсуім де оңай болған жоқ. Өмірдің біраз өтелегінен өтіп үйленген соң екі баламыз бар екендігіне қарамай қалай да жоғары білім алу мақсатымен жасымыз 25-ке келгенде сол кездің тілімен айтқанда «рабфак», дайындық курсы (подкурс) арқылы үлкен қиындықтармен келген едік. Ол кезде әр тиын санаулы, әрбір жүріп тұрғанымыздың өзі үлкен есеп. Отбасылық «бюджетімізді» әрі тартып, бері тартып айдың соңына зорға жеткізіп жүрген кезіміз. Кейде мүлде жетпей бара жатса Көкбазардың қасындағы «ломбардтың көмегіне» жүгініп қолымыздағы бетке ұстар дүниемізді салып бірмезгіл «социалистік» (әлеуметтік) жәрдем алатынбыз. Осындай жағдайда семестр қорытындысы бойынша көтерме степендияға (повышенный) ілігу мен үшін тұтас бір ғұмыр, тіпті тағдырым да соған байланысты десем артық емес. Алайда ол үмітіміз осымен үзілді. Енді көтерме степендияны тағы бір семестр күту керек. Осылайша ол кісіге деген өкпем «қара қазандай» болып оқу біткенше кездеспеуге тырыстым. Кейде андаусызда бетпе-бет келіп қалсам да байқамаған сынай танытып сытылып өтіп кетуші едім. Тіпті менің жалпы бағаларымның жоғары екендігіне байланысты бесінші курста дипломдық жұмыс алдында маған кейбір пәндерді қайта тапсыру мүмкіндігі берілген кезде де менің де «қыңыр мінезім» ұстап иілмей қойдым. Маған кейіннен «өмірлік ұстаз, дос» болған Әбдеш Ташкенұлы осы кезде араға түсіп «менің ол кісімен қарым-қатынасымыз жақсы. Сен мүмкіндікті пайдаланып қалай да қайра тапсырып рейтингілік көрсеткіштеріңді түзеп ал, ертең распределение болады, болашағың әлі алда» дегеніне де көбей қойып едім. Әрі өткен жылғы күзде болған «декабрь уақиғасынан» кейін болашағымызға деген сенімсіздік пе, әлде немқұрайдылық па білмеймін, әйтеуір бір бойкүйездік бойымызды жайлап алғандығы шындық еді. Бірақ тағдыр бізді қайта ұшырастырып табыстырды. Түсінікті болу үшін рет-ретімен баяндайын.

Ол кезде мен университет жолдамасы бойынша сол кездегі Республикалық Педагогикалық музейде қызмет істеп жүргем. Алдымен кіші ғылыми қызметкер болып қабылданып, кейіннен екі жылдың ішінде аға ғылыми қызметкер, ғылыми бөлім меңгерушісі, директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары деген қызметтік баспалдақтардан өткен едім. Директорымыз Алтынғазы Ахманов деген бұрын Оқу министірлігінде жалпы бөлім меңгерушісі болып істеген, өмірлік іс тәжірибесі мол азамат екен. Менің ғылымға бейім екендігімді бірден байқап жиі-жиі командировкаларға жібере бастады. Соның арқасында мен Қазақстанның көп жерін аралап шықтым. Алдымен Жаркент өңірі Уәлібай мешітінен бастап Орал, Бөкей ордасына дейін барып біраз музейге қажетті педагогика саласына байланысты көптеген материалдар жинадым. Одан кейін ХХ ғасырдың 20-жылдары Қазақ даласының жартысына жуығын қамтыған Ә.Жанкелдиннің басшылығымен жүргізілген «Қызыл Керуен» экспедициясының жүрген жолымен ұйымдастырылған экспедицияға бастан аяқ қатыстым. Айта кету керек экспедиция екі айдан аса уақытқа созылып көп дерек мағлұматтар жинап қайтты және құрамы да іріктелініп алынған еді: командиріміз археолог өлкетанушы белгілі ғалым, атақты Кенесары хан бастаған көтерілісті тұңғыш зерттеушілердің бірі Елтоқ Ділімұханбетовтың баласы Олег Елтоқұлы Ділімұханбетов, комиссарымыз белгілі жазушы Сәтімжан Санбаев және мүшелері т.ғ.д. проф.Әбу Сақтағанұлы Тәкенов, ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбеков т.б. архив, музей қызметкерлері, кинооператорлар болды.

Осы музейде болған жылдарымда мен әртүрлі тақырыптарда оннан аса мақалалар жаздым. Әйтсе де әріптес досым Ғани (Омаров) айтқандай «ипподромда қамалған құлагерім-ай» болып бір нәрсеге көңіл толмай жүрген кезім еді. Сондай күндердің бірінде маған ұстазым Ә.Т.Төлеубаев қоңырау шалды. Бұл 1989-жылдың күзі, сағат 12-лердің шамасы түскі үзілістің алды болатын. Менің хал-ахуалымды

біліп, біраз амандық саулықтан соң Әбекең аспирантураға бір орын бөлінгенін, маған «үлкен ғылымға оралуыма тілекші» екендігін айтып ағалық пейілін, қамқор көңілін білдірді. Мен бірден келісіп, ертеңінде кафедрада кездесетін болып келістік.

Айта кететін бір мәселе дәл сол күні түстен кейін сағат үштер шамасында Әбу Сақтағанұлы да менімен байланысып, ол кісі де кафедраға бір орын бөлінгенін, соған келіп конкурсқа қатысуымды сұрады. Әбекең ол кезде деректану және тарихнама кафедрасында доценттік қызметте болатын. Алдыңғы екі-үш жыл қатарынан берілмей келген аспирантуралық орындар осы жылы кафедра басына берілген сияқты. Мен шын ризашылығымды білдіріп бұған дейін Әбдеш Тәшкенұлы ұсыныс жасағанын және алған мамандығым бойынша сонда баратынымды айттып едім Әбекең тіпті қуанып кетті; бар айтқаны «айналайын, біздер ұстаз болған соң әр шәкірттеріміздің басқан қадамын қадағалап, жетістіктеріне қуанып жүреміз. Сені студент кезіңнен білемін. Орнын таппай сырттап қала ма деп жүр едім. Әбдеш ұмытпаған екен, ризамын. Өз ұстазына, кафедраңа барғанын өте дұрыс, әйтеуір арамызда, ортамызда боласың ғой деп » ақ-адал көңілін жасырмады.

Жалпы Әбу Сақтағанұлы нағыз ұстазға лайық қасиеттерді бойына сіңірген, әр құбылысқа көңіл аударып, назар салып жүретін, жан-жағына бей-жай қарай алмайтын, үнемі ізденіп жүретін және жиған тергенін айналасымен бөлісіп пікір алмасып жүретін жүрегі кең, жаны жомарт азамат еді. Ол кісіде «сабағымды өткіздім, осымен болды» дейтін ұғым болмайтын және ондайлардың санатына жатпайтын. Біз аспирант болып арамызда «әріптестік» қатынастар орнай бастап кітапханалардан шықпай «тірнектеп жинап» жүргенде Әбекең мұрағаттардан тапқан біздің тақырыбымызбен байланысты құжаттарды ксерокске түсіріп әкеп беріп немесе қайдан табуға болатынын айтып жол нұсқап жатушы еді.

Сонымен аспирантураға құжаттар тапсырудың қарбалас, күйбен тіршілігі басталып та кетті. Соның бірі кандидаттық диссертация бойынша 20-30 бет шамасында реферат тапсыру. Реферат дайын болған соң оған енді ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың бірі рецензия жазуға тиіс еді. Ғылыми жетекшілікті қолына алған Ә.Т. Төлеубаев пікір жазуға маман ретінде доцент Ә.М. Оразбаевқа тоқталғанын және маған рефератты сол кісіге апарып көрсетуімді тапсырды. Бұл кез түс ауған шақ болатын. Қолымда реферат Манап Медеуовичті іздеп келсем ол кісі 420-аудиторияда лекциясын бастап кетіпті, ол кезде бір пар арасында 10 минуттық үзілісі бар екі 45 минуттан тұратын. Мен үзіліске дейін күтіп тұрдым да үзіліс уақытында ішке имене кіріп қолымдағы мақаламды көрсеттім. Алғашқы ойым ол кісі рефератты алып қалып кейін оқып танысқан соң асықпай жазып әкелер деген ойда болғанмын. Олай болмай шықты, мақаламды қолына алып парақтап қарап шықты да маған қолыма екі-ақ парақ ақ қағаз ұстатып «анау студенттердің артындағы партаға отыр да мына сабақтың аяғына дейін менің атымнан пікір жаз, тек соңынан маған қол қоюға екі жол қалдыр» деді де лекциясын одан әрі жалғастырып кетті. Алғашқы кезде абдырап, сасып қалған мен енді шегінуге жол жоқ екенін түсінген соң ең соңғы бос тұрған партаға жайғасып не жазарымды ойлана бастадым. Ойланумен 10-15 минут уақыт сырғып зырғып өтті де кетті. Маған ең қиыны біріншіден этнографиялық мақалаға археологтың көзімен қарап баға беру болса, екіншіден ол кісінің жазу стилін білмеуім қосымша қиындық тудырды. Үшінші сын маған берілген бар жоғы екі парақ қағазды бүлдіруіме, қайта түзетуіме, бір сөйлемді екі қайтара жазуыма да мүмкіндік жоқ. Ондай жағыдай орын алса одан арғы тағдырымыз бір әмбеге ғана аян. Шамалы ойланған соң доцент Оразбаевтың «пікірін» қағаз бетіне түсіре бастадым. Алғашқыда ойым шашыраңқы болып кібіртіктеп басталғанымен бірте-бірте ойым жинақталып, бойыма бір шабыт біткендей болып жазылып екі бет қағазым толып шыға келді. Мен де біттім, лекция да аяқталды. Рецензияны шолып қарап шыққан Манап Медеуовичтің бар айтқаны «тілің жатық екен, бірақ әдеби тілге бейім екенсің» деп алып, мен қол қоятын жер де қалдырмапсың деген ескертуін де ұмытпады. Дегенмен де ол кісі маған жылы ұшырап, қамқор көңілмен қарағандай, арамыздағы тоң жібігендей болып көрінді.

Кейіннен аспирантура аяқталып мен кафедрада оқытушылық қызметте қалған соң арамыз мүлде жақындап шәкірт-ұстаз, әріптес ретінде қарым- қатынастарымыз басталды. Жалпы сол кезеңнің адамдарында қалыптасқан кісікиіктік, өзін басқалардан алыстау, салқындау ұстау, айналасында жүрген адамдарға өте жақындап ақтарылып, ағынан жарылып сыр айтпау сияқты мінездер Әбекеңнің бойынан да табылып жатар еді. Әрине бұл ұстазымыздың бойындағы кемшілік емес, сол кезеңнің жүйесі қалыптастырған өмірлік ұстаным болғандығы қазірде ешкімге құпия емес. Бірде мен Әбекеңмен әңгіме барысында Ә.Жанкелдиннің басшылығымен ұйымдастырылған «Қызыл Керуен» экспедициясының ізімен 1998 жылы қайталанған экспедиция құрамында болып Жидебайдағы Абай мұражайымен танысқанымды және ол кісі арғы атасы Оразбай би туралы ел аузындағы әңгімелерді айтқанымда

біраз үндемей, мұнайып отырып қалды. Маған көзіне жас алғандай болып көрінді. Біршама отырған соң бір күрсініп алып: білесің бе сыртқа шығармай, ешкімге ақтарыла айта алмай жүрген сырым еді, саған айтайын. Сол мұражайда тұрған түрлі құнды экспонаттар: сандықтар, төсек ағаш, тоғызқұмалақ, домбыра, жер үстелдер т.б. негізінен бәрі де менің атамдікі. Қызыл өкімет Абай ұрпағына ерекше шүйлігіп оларға қатысты дүние мүліктің бәрін өртеп, құртып жіберіп кейіннен заманның беті бері бұрылып Абай мұражайы жинақтала бастаған кезде оған қояр ештеңе де қалмаған екен. Ал менің атам ұстаған бұйымдар біршама сақталғандықтан замандасы ретінде уақытша алынып ақыры сонда түпкілікті қалып қойып еді деген еді. Бұл сөздің анық қанығын зерттеушілер нақтылай жатар, ал менің ойыма келгені сезімге берік, қатаң мінезді болып көрінген ұстазымыздың да бойында өзегін өртеген өкініштердің булығып, бұғып жатқандығы болды. Осы орайда:

Мен де адаммын жаралған сүйек еттен,

Менде жан бар, сезім бар жан тебіrentкен.

Жүрегім менің қиыршық тас емес қой,

Қайғыларым да бар мені еңіреткен, - деген ақын өлеңі маған Әбекеңе арналғандай болып көрінгені де рас.

Әбекеңнің атам деп отырғаны біржағынан мәлім де беймәлім Оразбай би. Қазақ тарихына М.Әуезовтың «Абай жолы» романы арқылы жағымсыз образ, озбыр, қатыгез адам ретінде танымал болғандығы белгілі. Әрине бұл заман талабы. Әйтпесе, Оразбай би түгілі алаштың арысы Құнанбайдың өзін Абайды жарыққа шығару үшін «құрбандыққа» салып жіберген Мұханда не кінә бар. Оразбай аса ірі бай болмаса да Оразбайдың теңбілдері деген атқа ие болған «үш мың» қара көк бір түсті жылқы біткен Шыңғыстау өңіріне белгілі байлардың бірі. Жалпы қазақта «бір көлден қырық мың жылқы суғарған» талай – талай байлар болса да бір түсті жылқы ұстау бұл серіліктің, паңдықтың бір белгісі ретінде танылған және ондайлар көп те емес. *Жалпы әңгімемізге тұздық болар мына бір деректі хикаятқа тоқтала кетсек те артық болмас: Шыңғыстау баурайындағы Шаған өзені Тобықты мен Аргынның жер бөлігі. Шағаннан шошақ бейітке дейін Мотыш аталығы жайлайды. Шошақ бейіттен Сарыжалға, бір шеті Шұнай тауына дейін Жүзбенбет жері. Шұнай тауының күнбатысында Қараша деген бай үш мың жылқы ұстаған, арғы бетінде Есболат руынан Аққұлдың Оразбайына үш мың жылқы біткен. Оразбай 1923 жылы өлген, басына Кенже баласы Медеу қызыл гранит тас қойған. Қазаннан, ағайынды Каримовтер баспасынан көне һаріптен арабша тас жаздырып әкелген. Оразбай ұры қары болмаған, қажыға барған. Оразбай қасына келіп ойнап отырған кенже баласына қарап «сен мектеп сал, әйтпесе атың да қалмайды. Белес кетер, бел қалар, бегілер кетер, ел қалар» деп өсиет еткен екен. (А. Кемелбаева. Археолог. Қазақ әдебиеті, (2.10.2015).*

Сөз реті келгенде сол экспедиция кезінде естіген бір әңгімені айта кетейін. Бір көңіл бөлетін мәселе қазір Абай, Шәкәрім, Мұқтар елі деп аталынып жүрген Шыңғыстау (бұрынғы көне атауы Наймантау) өңірі адамдары ойға жүйрік, әдеби тілге бай екендігін сөз мәйегін түсінетіндер бірден байқаған болар. Сол сапарымызда Абай мұражайын аралап болған соң бүкіл экспедиция мүшелері Абай қабірінің басына арнайы барып құран бағыштап, сол жерде тұрып бізге жол басшы болып ілесіп шыққан мұражай директоры біраз естелік әңгімелер айтты. Ол кісінің сөзге шебер екендігі сондай біз елітіп тыңдап айтылып жатқан әңгіме уақиғасы ішіне кіріп кеткендей, сондағы кейіпкерлермен бірге араласып жүргендей күй кештік. Бұл кеш батып бара жатқан, күн ұясына қонар алдындағы ілініп тұрған мезгіл болатын. Әңгіменің әсері ме, әлде айтылынып жатқан әңгімедегі уақыт сәйкестігі ме бірде әңгімешіміз бір қолын шалт сермеп қалып «Абай мына төбенің баурайында малдас құра батып бара жатқан күн шапағын бақылай отырып айналасындағылармен қызу әңгіме дүкен құрып отырғанда, анау төбеде басына құндыз бөрік киген, астына теңбіл көктің бірін мінген Оразбай би қалың жылқыларын түнгі өріске айдап бара жатқан жылқышы жігіттерінің артынан қарап тұрар еді» дегенде әңгіменің әсеріне әбден беріліп кеткен бәріміз бірдей шынымен-ақ Оразбай келіп қарап тұрғандай жалт қараппыз. Міне, шешендік құдірет осындай-ақ болар.

Сол Оразбай би Абай қайтыс болғанда қатты қайғырып, Абай ауылымен қайғыны бірге бөлісті. Абайдың қырқында ондаған киіз үй тігіп, соншалықты жылқы сойып саба-саба қымыз әкеп қызмет қылды. Азаға жиналған ел Оразбайдың кісілік қасиетіне ырза болып тарасты. Осы жағдай дәл бір жыл өткен соң Абайдың асында тағы да қайталанды. Ас соңында Абайдың жанашыр туысқандары, ауыл ақсақалдары ас қорытындысын түйіндей отырып оңаша қалғанда Оразбайға ризалығын білдіре отырып «әй, Оразбай! Құдайшылығыңды айтшы біз сені түсінбей отырмыз. Абай өлді, енді сенің жерің кеңіген жоқ па. Өмір бойы Абаймен ұстасып, тістесіп өтіп ең, екеуің тізерлесе қатар бір дастарқан басында отырмай келіп едіңдер. Ендігі қылығың мынау, осының қисынын таба алмай отырмыз» деген

екен. Сол кезде тұңжырап отырған Оразбай би бір терең күрсініп алып «әй пенделерім-ай, сендер не білесіңдер, не түсінесіңдер. Шындығында Абай емес өлген мына мен. Түсіне білсеңдер мен жалғыз қалдым, Сөз түсінетін, сөз қадірің білетін кім бар. Абаймен ұстасып, теңдесемін деп жүргенде Оразбай атым шықты. Ел осы қылығыммен мені танып Абайдың қатарласы, тұстас теңі деп маған құрметпен қараушы еді. Енді менімен иық түйістіре алатын кім қалды, менімен сөз сайыстыра алатын кім бар? Мен өлгенімді, жалғыз қалғанымды енді білдім. Абай мені итке талатқандай тастап кетті» деп қатты қайғырып, қынжылышты деп сөзін аяқтады әңгімешіміз.

Әр заман өз дәуіріне лайық тұлғалар туғызады. Қазақ тарихында да талай- талай батырлар, билер дәуірі өткен еді. Сол дәуірдің соңғы тұлғалары да Абай- Оразбай дәуірімен аяқталған сияқты. Оразбай би сәуегейлікпен болжағандай тектілердің соңғы тұяғы арада бір ғасыр өтпей ақ үзілді. Немересі Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев (замандастары Манап Медеуович деп атап кеткен) қазақтың тұңғыш кәсіби деңгейдегі археолог ғалымы, «бай манаптар тұқымы» заман ырқынан шыға алмай «ұлы халықтан» қыз алып, одан туған жалғыз ұлының атын Ә. Марғұланның құрметіне Әлкей деп қойып, өзі қыз алып, күйеу бала атанған жермен құда болды. Бірақ өкінішке қарай одан ұрпақ қалған жоқ. Бір кем дүние.

Ендігі кезек жолы өзімнің тікелей «жеке ұстазым», тек өнер мен ғылымдағы ғана емес жалпы өмірдегі ұстанымдарымыз да тоқайласып жататын ұстазым Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаев туралы болмақ. Әбекеңмен мені ең алғаш рет таныстырған да, табыстырған да екеуіміздің де өнерге деген құрметіміз, жақындығымыз болды. Ол кез қазақтың біртуар азаматы, академик Ә. Жолдасбеков басқарып тұрған уақыты, ҚазГУ-дің күнде бір түлеп жаңалықтың жаршысы, бастаушысы болып жатқан кезі болатын. Жылда көктемде «студенттер көктемі» (студентческие весны) ән, өнер байқауы болып бүкіл «ҚазГУград» ән салып жатқандай ерекше бір күйге енетін. Ол уақытта оған үлкен мән беріліп, қатаң талап қойылып, әр факультетте жауапты адамдар тағайындалып оның өнерге қаншалықты жақындығы, оны түсіне білетіндігі сын тезіне салынып, сүзгіден өтіп барып алынатын. Осы кезде мен дайындық курсына тыңдаушы ретінде қабылданып тарих факультетінің жатақханасына орналасқан кезіміз. Әлі студент боламыз ба болмаймыз ба белгісіз. Ол кезде деканат пен студенттер жатақханасы арасындағы байланыстар өте тығыз, күнде кешкілік студенттер жатқанға дейін оқытушылар кезекшілікте болып бәрін бақылап байқап жүретін. Студент болған соң көңілді думанды кештер де үзілмейтін. Сондай кештердің бірінде көзге түсіп қалған мені бір күні деканат арқылы студенттер байқауына қатысуға келсін деген шақырту алып Әбдеш Тәшкенұлымен осылайша таныстым. Әбекең ол кезде осы конкурсты өткізуге факультет атынан жауапты, ал белгілі дәстүрлі әнші, Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс Әскербек Еңкебаев (ол кезде сырттай бөлімнің алтыншы курс студенті) көркемдік жетекшісі екен.

Әбекеңмен осыдан кейінгі кездесулеріміз шәкірт пен ұстаз арасындағы рухани жақындық, аға мен іні арасындағы қамқор көңіл, кейінен достық байланыстарға ұласып кетті. Ара қатынасымызда ең алғаш бір-бірімізді түсінушілік, тығыздық орнаған уақыт ол бірінші курс студенттерінің екінші семестрден кейінгі археологиялық практика кезеңі еді. Практикамыздың өтетін орны Жамбыл облысының Шу алабында тарих факультетінің археологиялық базасы орналасқан ортағасырлық Баласағұн қаласы, мақсатымыз оқу бағдарламасы бойынша көне қала орнымен, археологиялық зерттеу әдістерімен танысу және айналадағы елді мекендердің этнографиялық ерекшеліктерін зерттеу болатын. Менің білуімше жалпы факультет тарихында 120-дан аса студент теориялық білімін практикамен ұштастырған, құрамында археологиялық, этнографиялық экспедициялармен қоса Медицина университетінің студенттері де қатысқан ең ауқымды, комплексті практика осы болды ғой деймін. Бұдан кейінгі жылдары өзім куә болған, талай рет бел ортасында жүріп ат салысқан бір де бір практика дәл осындай ауқымда өткізілген жоқ. Деканат тарапынан осы практиканы өткізу міндеті жүктелген Әбдеш Тәшкенұлы ол кезде Ленинградтағы Ғылым академиясынан этнография саласы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап келген, отызға жетпей ақ орда бұзған университеттегі ең жас доценттердің бірі еді. Практиканы басқарушы, әрі жетекшісі ретінде Әбекең мені шаруашылық жағын басқарушы етіп тағайындады. Астымда судай жаңа әлі «овкаткадан» шықпаған КАВЗ автобус, күнделікті маршрутым Шу қаласы немесе Георгиевка поселкесі (қазіргі Қордай кенті), себебі ара қашықтық екі жаққа да бірдей алпыс шақырым, міндетім студенттерді тамақпен қамтамасыз ету. Артық айтқандығым емес екеуіміз де мақсат үддесінен шығып практиканы аброймен атқардық қой деп ойлаймын.

Әңгіменің барысы ұстаздар туралы болған соң енді ретімен баяндайын. Кімге де болса белгілі білім, ғылым жолын тандаған адам алдымен ұстаз таңдайды. Шындығында шәкірт ұстаз таңдамайды іздейді. Шәкіртті ұстаз таңдайды. Халқымыз «шәкіртсіз ұстаз тұл» деп рухани дүниеміздің сабақтастығын, жалғасты, ғұмырлы болуын айтса керек. Актердің бағын ашатын режиссер болса, спортшының да

бабын келтіріп, бағын ашатын бапкері екендігі ақиқат. Әрине, тиісті сабағын беріп өз жөнімен кететін немесе кездейсоқ кездесіп қалып «танымай» жататын оқытушылар да бар, бірақ олардың ішінде де бірегейі болмаса бәрі бірдей ұстаз емес. Екінші курстың аяғына қарай студенттерді белгілі бір кәсіптік деңгейде терең білім беру мақсатында кафедраларға бөлу басталатын. Кімнің қай кафедраға бөлінетіні студенттер арасында жария немесе жартылай құпия түрде қызу талқыға түсіп ауыздан ауызға тарайтын «интернет желісі» шарықтау шегіне жетуші еді. Көп жағдайда үздік оқуымен көзге түсіп жүрген студенттер кафедраны емес ұстаз тандап білікті ұстаздың арқасында кафедраның абырой, беделі көрініп жататын.

Біз оқыған сексенінші жылдарда Коммунистік қоғам идеясы әлі күйрей қоймаса да тұғырдан таймаған уақыт. Бір өкініштісі біздің студенттік шағымыз осы кезеңге сәйкес келді. Бес жылдық оқуымыздың төрт жылы тұтасымен КПСС тарихы, марксизм ленинизм классиктері шығармаларын насихаттаумен, жаттаумен, конспектілеумен өтетін. Тіпті осы «пайғамбарлардың» еңбектерінен тұтастай жиырма бес конспект жаздыртып оның әр қайсысына жеке-жеке тоқталып зачет тапсырған да кездеріміз болды. Қалған уақыт Ресей империясының «жасампаздық тарихын» оқуға, орыс армиясының «Отан қорғау» жорықтарын, жаугершілік ерліктерін оқуға кетуші еді. Олардың отаршылдық, басқыншылық жорықтарының бәрі де патриоттық рухта сипатталатын. Қ.Мырзалиев айтпақшы «қазақ тарихы ол да бір қалың тарих, бірақ оқулығы жұп-жұқа» демекші біз қазақ тарихын тұшынып, тереңдеп оқи алмадық. Тек ондай мүмкіндіктер «Қазақстан тарихы» кафедрасына бөлінген студенттерде ғана болды. Сол бір заманды осы күні кейде өкінішпен еске аламыз. Еш кеткен уақыт. Шіркін-ай, кейбір оқытушыларымыздың осындай «патриоттық жанкештілігі» қазақ тарихын тереңдей оқытуға жұмсалғанда мың да бір сауап болар еді.

Осындай олқылықтардың орнын біз бөлінген археология және этнография кафедрасы (ол кезде солай аталынатын) толтыратын. Себебі қалай десек те археологиялық және этнографиялық пәндер «саясаттан тыс» сабақ саналып және кейінгі дәуірді зерттеуші ғылымдардың негізін, фундаментін құрайтындықтан да қызықты болатын. Сондықтан да белгілі-жазушы ғалым Акселеу Сейдімбековтың «Этнология - әрі тарих, әрі география, әрі этнопсихология материалдарынан нәр алған айрықша ғылым» деп сипаттауы Аханның бұл ғылым саласына деген құрметі, әрі этнология ғылымының жан-жақты, мол мүмкіндігін бағалау деп түсінуіміз керек. Оның үстіне басқа кафедра студенттеріне қарағанда біздің бір артықшылығымыз кафедрадағы оқытушы ғалымдар күшімен жазғы каникул кезінде ұйымдастырылып жататын түрлі бағыттағы археологиялық (ерте темір, қола дәуірлері, орта ғасырлық кезеңдер т.б.) және этнографиялық экспедицияларға қатысып үлкен практикалық білім алып, тәжірибе жинақтап, ел көріп, жер танып қайтушы едік. Қыс бойы жинақтаған теориялық білімді одан әрі нығайтып, жетілдіруде далалық экспедициялар рөлі өте зор. Әсіресе сол жылдары студенттер арасында ерекше бір серпін тудырған экспедициялардың бірі ол кафедра доценті Ө.Т.Төлеубаевтың табандылығы арқасында Ресейдегі қазақ диаспораларын зерттеу мақсатында ұйымдастырылған экспедиция болды. Құрамы 25 студенттен құралған бұл экспедиция 1984-1985 жылдары Ресейдің қазақ ауылдары шоғырланған Орынбор, Астрахан облыстарының бірнеше ауылдарында болып бір ай бойы жергілікті қазақтардың этникалық тарихы мен этнографиялық ерекшеліктеріне байланысты материалдар жинап қайтты. Бұл экспедицияның тарихи маңыздылығы да сонда біріншіден тұңғыш рет сырттағы қандастарымызды зерттеу саласын бастап беріп Қазақстанда диаспорология ғылымының туындауына себеп болса, екіншіден репатрианттардың этникалық ортасына оралуына ой салып, түрткі болуы еді, және сондарынан іздеп табар жоқтаушыларының да бар екендігін сезіне білу, әсіресе сол жердің автохтонды халқы бола тұра еңсесі езіліп рухын жоғалта бастаған жергілікті халықтың жадында бұл экспедиция мәңгі сақталары ақиқат.

«Ұлы істерді үндемей жүріп тындырар» демекші Әбекен көптеген бастамалардың ұйтқысы, ұйымдастырушысы бола білді. Солардың бірі біз жоғарыда сөз еткен Ресейдің Орынбор және Астрахан облыстарына ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция. Және де бұл экспедицияға қажетті қаражат көзін өзі ізденіп тауып өзі қызмет етіп жүрген оқу орнынан бір тиын да алған жоқ. Экспедицияны толықтай қамтамасыз еткен сол кездегі Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық ескерткіштер қорғау қоғамы, директоры белгілі жазушы Әнуар Әлімжанов. Кезінде Одақтан тыс Джавахарлал Неру атындағы сыйлыққа ие болған әлемге танымал жазушының көзін жеткізіп, иландыра білу де адамның қажыр-қайратына, жан-жақты білімдарлығына, парасат-білігіне, ұйымдастырушылық қабіетіне байланысты екендігі айтпаса да түсінікті болар.

Әр түрлі курс, бөлімдерден құралған студенттер тобы бір ай бойы Орынбордың Ясный, Адамау және Домбар аудандарын, Астрахан облысының Володар, Красный Яр, Қарабала аудандарын аралап

құнды тарихи-этнографиялық дерек, мағлұматтар жинап қайтты. Бұл бір жағынан рухани ортамыздан ажырап қалған қандастарымыздың рухын көтерсе, студенттер үшін тәжірибе жинақтау сабағы, ал мен үшін өміріме бетбұрыс жасаған диссертациялық ғылыми тақырып болды. Бұл сапарлар Әбекеңнің тек ғалым ғана емес, азаматтық позициясын анықтап, қалыптастыруға да жол бастап берген сияқты. Кезінде «Алаш» автономиясы алғаш шаңырақ көтеріп, ту тіккен астанамыз Орынборға алғаш табан тіреген сәттен бастап бізді құшақ жая қарсы алған ешкімді көрмедік. Керісінше «Біртұтас Кеңес халықтарының ұйтқысын бұзбау, мазасын алмау» деген желеумен облыстық партия комитеті деңгейіне дейін жүргізілген «тезге салу», «Компартия шешімдеріне қарсы келмеу» сияқты түсіндіру, сынақ алу сабақтарынан Әбекеңнің де «емтихан» тапсыруына куә болған кездеріміз болған.

Мұнан кейін де біз бірнеше экспедицияларда бірге болып қоян-қолтық араласып кеттік. Әбекеңнің бір ерекшелігі экспедицияларды ғылыми деңгейде, жоғары дәрежеде ұйымдастырып қана қоймай Ә.Х.Марғұлан, Ә.М.Оразбаев т.б. ұстаздарынан алған тәлім-тәрбиесін, далалық экспедициялардан үйренген тәжірибелерін жалпы танымдық әңгіме ретінде үнемі ортаға салып студенттермен бөлісіп отыратын. Ең батысы ұстаздарына деген адалдықты, оларды үнемі үлгі тұтып құрметпен қарауды біз Әбекеңнен үйрендік.

Әбекеңнің тоқталып айтуға тұрарлық тағы бір қасиеті кафедра басқарудағы қарым-қабілеті. Өз ұстаздарының бірі У.Х.Шәлекеновтан кафедра меңгерушілігін қабылдап алған Әбекең ғылыми жұмыстар ауқымын кеңейтіп кафедра археология, этнология, мұражайтану, өлкетану және т.б. мамандану салалары бойынша республика деңгейіндегі бірден-бір ғылыми ордаға айналды. Әсіресе, музей ісі, ескерткіштерді қорғау мамандықтары сияқты кенже дамыған оқу, білім салаларын жолға қою, қалыптастыру, ғылыми деңгейін көтеру қаншама уақытты қажет етеді. Осы салалар бойынша дайындалған ғылыми ізденіс жұмыстары негізінен осы кафедра ғалымдарының қатысуынсыз талқылаудан өтпейтін. Сол кездегі республикаға ғана емес тіпті Одаққа танымал археология, этнология, антрополог және т.б. ғылым салалары бойынша Әлемдік деңгейдегі тарих ғылымдарының докторлары Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, К. Акишев, К. Байпақов, О. Ысмағұлов, З. Самашев т.б. сияқты тұлғалы, аға буын ғалымдардың біздің факультетте «төбе көрсетуі» басқалар алдында айдынымызды асқақтатып, абыройымызды аспандатып жатушы еді. Шамасы бұл да болса сонау 40-жылдары Қазақстанда «тарих, археология және этнография» институт құрған Марғұланнан бастап, 70-жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде тұңғыш рет «археология және этнология» кафедраның алғашқы іргетасын қалаған Оразбаевқа дейінгі игі бастамалардың жалғастығы, сабақтастығы деп түсінеміз. Сол кездегі Одаққа белгілі ғалым-профессорлар М.П.Грязнов, С.С.Черников, Ю.А.Заднепровский, Т.Н.Сенигова тәрізді мамандардың қазақтың білім ордасына арнайы келіп студенттерге арнаулы курстар оқуы Қазақстандағы археология мамандығы бойынша бірден-бір кәсіби археолог Ә.М.Оразбаевтың кәсіби деңгейін бағалап, беделін сыйлағандықтан да болар.

Жалпы алғанда біз алғашқы қадам жасап ұстаз болған 90-жылдар кафедраның жаңа бір деңгейге көтеріліп, жаңа бір қырынан таңылып жатқан кезі болса керек. Тәуелсіздігіміз таңылып, егемендігіміз еленіп жатқан кезеңмен тұспа-тұс келген Наурыз мейрамы, факультет ішінде ұйымдастырылған кафедра аралық айтыстар, түрлі өнер жарыстарының ұйытқысы да, ұйымдастырушысы да, ән-күйдің базары да біздің кафедра болушы еді. Осы бір жылымық кезеңнің жылуын іздегендер де осы жерден табылатын. Тіпті астыңғы этаждағы «еншілес» журфакпен пен филфак та мұндайда истфакпен бір «туған» туыс екендігін «дәлелдеп» бағатын. Осындай дүбірлі «додадан» шығып «сергелдең болған серілер» де осы кафедраның «дочкасы», камералкасы мен лабороториясына келіп «жан шақырып» ақын жанды Ғанидың Омар Хаямнан басталатын рубаяттарынан «сусындап» мауықтарын басушы еді-ау! Әбекеңше айтсақ «қайран өмір, қайран уақыт...!», сол заманның өзі де бір бақыт.

Ақыры Әбекең туралы ой қозғағаннан кейін ол кісінің менің тағдырыма тікелей қатысты бір екі әрекетіне тоқталсақ та артық болмас.

Алдымен еске алатын жәйт ол естілердің есінде ұмытылмастай болып қалған белгілі «желтоқсан уақиғасы». Бұл өзі «көтеріліс» пе, әлде «уақиға» ма әлі де шешімін таппаған басы ашық мәселе. Бәріне де уақыт төреші. Оның да уақыты келер. Қазақ айтқандай «сабыр түбі сары алтын».

Ол кезде біз 5-курс студенттері мемлекеттік емтиханға дайындық, дипломдық жұмыстар сияқты қарбалас тірліктермен қоса кей сабақтардан шолу (обзорный) сияқты қайталау, пысықтау сабақтарын да тыңдайтынбыз. Сабағымыз күндізгі сағат бірден аса басталатын. Дәл сол күнгі сабақты «СССР тарихы» кафедрасының ассистенті Кебек (фамилиясы есімде жоқ) деген жас жігіт өткізіп жатқан. Байқаймын аудиториядағы студенттер толық емес және бәрі де бір нәрсеге алаңдаулы сияқты, көпшілігінің сабаққа ынтасы жоқ, көңіл қойып тыңдап отырғандары да байқалмайды. Шамасы жарты

сағат өткеннен кейін болар есік шалқасынан ашылып аудиторияға курстасымыз, бүкіл факультетке белгілі өжет қыз әрі коммунист Зада Дүкенбаева (қазір Л.Гумилев атындағы университет профессоры, т.ғ.д.) кіріп келіп «жігіттер, қыздар неғып отырсындар, кеше Д. Қонаевты қызметінен алып орнына бір орысты қоймақшы екен. Жұрттың бәрі алаңда, жүріндер біз де барайық» дегенде жаңағы елегізіп отырған студенттер дүр көтерілді. Тек оқытушымыздың өтінішімен және өздерінің де батылдары жете қоймаған бес-алты студент қана отырып қалды.

Сонымен біздер Тимирязев көшесінің бойымен алаңға бет түзедік. Алдында тек біз ғана десек басқа факультеттерден де қосылған студенттер қарасы мол. Көшедегі бүкіл транспорттар тоқтаған. Алаңға жақындаған сайын қолдарына транспаранттар ұстаған демонстранттар саны тіптен көбейе бастады. Сонымен көше жағалай қозғалған қалың толқын қазіргі Желтоқсан даңғылы бойымен (ол кезде пр.Мира деп аталынатын) алаңға жақындасақ алаң төрт жағынан толықтай қоршауға алынған. Үш-төрт қатардан сапқа қойылған солдаттар тізбесі (бұлар Қазақстандық әскери міндетін өтеушілер болатын, арнайы дайындықтан өткен жасақтар жеткізілген соң нағыз сойқан түнге қарай басталды ғой) алаң ортасына қарай ешкімді де өткізбеге тырысуда. Бірақ, минут сайын көбейген адамдар толқыны оларға ырық берер емес. Алдында бір-бірінің қолдарынан ұстай тізбектеліп бетпе-бет келген демонстранттар мен солдаттар шебі бір-бірін иықтарымен итеріскендерімен де уақиға сондай шиеленіске бара қойған жоқ еді. Біраздан соң көпшілік арасында ашу, ыза шақырған адамдар тобы алдарында тұрған солдаттардың бас киімдерін жұлып алып лақтыра бастады. Бас киімдерін алуға ұмтылған солдаттар қатары ыдырай жөнелгенде қалың көпшілік алаңға лап қойды. Бізге қарама - қарсы бетте Фурманов даңғылы бойында демонстранттарды ұстап тұрған солдаттар жасағының кенеттен болған мұндай қимылды түсінбей сасқалақтап қалғанын пайдаланған қалың топ ол жақтан да алаңға бұзып кірді.

Алғашында абдырап қалған қарсы жақ дереу ес жинап енді үкімет басшылары парад қабылдап жүрген трибунаға қалың топты жібермеу мақсатымен мінберді жеті-сегіз қатар солдаттар шеңберімен айнала қоршап тастады. Шынын айту керек мен білетін демонстранттар тобынын арасында алғашында бас бұзарлық, заңға қайшы келерлік оғаш қылықтар болған да жоқ. Тек олар трибунаға шығып өз ойларын көпшілік халыққа жеткізіп Лениндік ұлттық саясат ұстанымдарына байланысты әр республиканы жергілікті ұлт өкілдері басқаруға тиісті екендіктеріне «жоғарыдағылардың» назарын аудармақ ниетте ғана болған еді. Алайда бұл да мүмкін болмай қалды. Трибунаға жетіп сөз сөйлей бастаған бес- алты адамды арғы жағынан келген КГБ адамдары ұстап әкетіп жатты. Амалы құрыған көпшілік енді сөйлейтіндер алаң ортасына шығып сөйлеп, қалған ел отырып тыңдауға шешім қабылданды. Әр әр жерден «Менің Қазақстаным» әні шырқалып жатты. Ал біздер мұның аяғы немен аяқталарын тіпті сезінген де жоқпыз. Осы кездері менің қасыма ақырын ғана жақындаған Әбекең «менің кешке қалуға болмайтынымды, кешке қарай «жағыдай өзгеріп» кетуі мүмкін екендігін, алаңда жүрген оқытушылардың біразы биліктегілерден қатаң тапсырма алған «жансыз» екендігін бірнеше рет ескертіп өтті. Тіпті оған да мойын бұрмай кете қоймағанымды байқаған Әбекең ашу шақырып «менің өмірдің өткелектерінен қиыншылықтармен келе жатқанымды және жас балаларымның бар екенің, солардың тағдырын да ұмытпауымды» қатаң ескертті. Шынында да бір жағыдай бола қалса менің сүйенерім де жоқ, оның үстіне екі балам да орыс «садигінде» (ол кезде қазақ балабақшалары жоқтың қасы еді) оларды кешкі жетіге дейін қалай да алуым керек болатын. Кім біледі, егер мен өзіме деген аяушылық, қамқорлықты түсінбей сол жерде қала берсем тағдырым не боларын кім білсін. Ақырында амалсыздан алаңды тастап кетуіме тура келді. Бұл түн қараңғысы ерте түсетін желтоқсанның ызғарлы кеші еді.

Келесі бір азаматтық болмысы мен докторантуралық мерзімімді аяқтап ұстаздық қызметімді жалғастыруға келгенімде бой көрсетті. Ол кезде менің інілерімді қолдаған «оппозициялық, университет қабырғасына сай келмейтін» көзқарастарым кейбір «қырағы көздерге» ұнай қоймаған болса керек. Нәтижесінде маған «вакансиялық» орын болмай мен «артық адам» болып шықтым. Бұл да бір қолдан ұйымдастырылған науқан екендігі үш бірдей декретте жүрген жас оқытушыларды мерзімінен бұрын жұмысқа шақырып алып менен «кұтылған соң» қайрадан декреттерін жалғастыруға жіберілуінен-ақ байқауға болады. Осы кезде Әбекең араға түсіп менің мәселем туралы екі рет кафедра мәжілінде әңгіме көтеріп тіпті сағат жетпесе мен жарты ставкамды берейін дегенге дейін барды. Бұған менің кейбір әріптестерім де қосыла қолдап әрқайсысы 0,25 ставкадан бермекші де болды. Нәтижесінде күштінің арты «диірмен тартып» мен жұмыстан шеттетілдім, ал Әбекеңе кафедра меңгерушілігінен «бас тартуына» тура келді. Ең өкініштісі осының бәрін ұйымдастырушы «режиссерлер» де өз ішімізден болғаны. Заманына қарай бейімделген әр кезеңнің өз түлкісі болады. Бұл да бір кем дүние.



Мына естелік суретте 90-жылдары тарих факультеті студенттерімен кездесуден көрініс.

Солдан оңға карай: кафедра ассистенті F.X. Омаров, т.ғ.к. доцент Ә.М.Оразбаев, кафедра меңгерушісі, т.ғ.д., проф. Ә.Т.Төлеубаев және мен барысында тапқан «олжамыз» Дина Нұрпейісова күй шерткен үшкіл бұрышты, сағағынан төмен айна жапсырылған киелі домбыра.

Е.Н. Ноянов

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Мен 1985-1990 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, тарих факультетінде білім алдым. Кеңес дәуірінде жоғары оқу орнында білім алу бес жылға созылатын. Бірінші, екінші курстарда базалық пәндерді оқып болғаннан кейін, студенттер 3 курстан бастап жеке кафедраларда маманданатын едік. Төменгі курстарда жүргенде студенттер Еуропа мен Америка елдері, одан қалса Шығыс елдері тарихына қызығып курс жұмыстарын жазу, студенттік конференцияларға қатысуға ұмтылатын.

Ол жылдарда қазіргі тарих, археология және этнология факультетінде бірнеше кафедралар болды. Олар: Еуропа мен Американың жаңа және қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдері тарихы, КОКП тарихы, КСРО тарихы. Осылармен қатар, ұлтымыздың тарихымен байланысты ҚазКСР тарихы, археология және этнология кафедралары болатын. Ол кезде болашағын ойлайтын студенттер жоғарыда аталған кафедраларда мамандануға тырысатын. Менде төменгі курстарда оқығанда Еуропа және Азия елдері тарихымен байланысты курс жұмыстарын жазып жүрдім. Алайда сол жылдарда КОКП Бас хатшылығына М.С. Горбачевтің келуімен Елде «жариялылық», «қайта құру» атымен жүргізілген реформалар аясында елімізде саяси, әлеуметтік астары мол сан түрлі оқиғалар болып жатты. Тарихшы-студенттер сол жылдарда болған «Желтоқсан оқиғасы», «Аралды құтқару», «Невада-Семей», «Азат» қозғалыстары кезінде ерекше белсенділік танытып жатты. Біздер репрессия құрбандарын ақтау шаралары іске аса бастаған шақта алаш азаматтарының мұрасын халқымызға қайта табыстау жұмыстарына құлшына кірісті. Ал енді наурыз мейрамын тойлау, Алматы қаласы маңынан қазақтарға жер бөліп беру, Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдары менің бір топта оқыған группалас достарымның саналы, зиялы азамат ретінде қалыптасуына үлкен ықпал еткені анық. Қазақ халқының сана-сезімінің оянуы үрдісі белең алған тұста ұлтымыздың тарихы, ұмытылып бара жатқан әдет-ғұрыптарына деген сұраныс туындады.

Екінші курстың соңында топ студенттері маманданатын кафедраларға өтініштерімізді жаза бастадық. Ол кездердің бір жақсы жерлері деканат тарапынан «мынау кафедраға барасың» немесе «мынау оқытушыны диплом жұмысы жетекшісі ретінде таңдайсың» деп танбайтын. Мен де болашақта этнолог болуды қаладым. Біздің курста «тарих» мамандығының қазақ тобында 50 студент білім алатын. Соның 7-уі «археология», 2-уі «этнология» мамандықтарын таңдаған екен. Алайда 2 студентке бола жеке топ ашпаймыз деп бізді «археологтарға» қосты. Іштей қаламасақта сол топқа қосылдық. Қазақ тобы студенттері археологтардың ішінен тек Алдабергенов Нұртаза мен Елеуов Мадияр ағаларымызды

ғана білетінбіз. Ол кісілер біздерге «Алғашқы қоғам тарихы», «Археология» пәндерінен дәріс жүргізіп, кейіннен археологиялық практикаға апарған болатын.

Содан 3 курстың сабақ кестесінде арнайы курс оқитын оқытушылардың қатарынан Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың да аты көрсетілді. Археология және этнология кафедрасы қазіргідей 4-ші этаждың бір шетінде орналасқан болатын. Сол себепті студенттер де ғимараттың «бұл қанатына» көп келе бермейтінбіз. Ә.Оразбаевты төменгі курстарда сырттай көріп жүретінбіз. Студенттердің ол кісіні «Луйс Корвалан» деп атайтынында білетінбіз. 1970 жылдары Чили мемлекетінде Луйс Корвалан жетекшілік жасайтын коммунистік партияның ондаған күндер билікті қолдарына алып, әлемді дүр сілкіндірген оқиға болған еді. Сол себепті бұрынғы социалистік елдерде, соның ішінде Кеңестер Одағында ол кісінің суреті бостандық үшін күрескен кейіпкер ретінде плакаттарда бейнеленетін. 3 курстың 6-шы семестрінде Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев бізге «Қола дәуіріндегі Қазақстан» атты таңдау курсына оқыды. Ол кездерде қазіргідей бағаны баллдық жүйе бойынша қою жоқ болатын. Соған қарамастан, семинар сабақтарында үйге берілген сабақты сұрау дәстүрі болатын. Әдетте ол кісінің сұрағына көп студенттер жауап бере алмайтын. Сол себепті студенттер де қол көтеріп, құлшыныс білдіре қоймайтын. Сондай сәтте, Оразбаев «ал, бұл сұраққа сіз жауап беріңіз» деп маған назар аударатын. Жауап алмаған оқытушымыз «ә, «мұртты» қайдан білсін!» деп мені меңзейтін. Мені аты-жөніммен емес, осылайша «мұрт» немесе «мұртты» деп ажуалайтын немесе қалжыңдайтын. Мен үшін ең қиын жері осы топта «менің қызым», қазіргі жарым да оқитын. Сұраққа жауап бере алмайтын себептеріміз мынада еді. Сұрақ көбіне «бәленбай қорымның, бәленбәйінші қоршауынан (қорғанынан немесе обасыннан) не табылды?» деп қойылатын. Тіпті сұрақты «... табылған адам қаңқасынан бас жағынан немесе аяқ жағынан не табылды?» деп те қоя беретін. Жауап «жебенің темір ұшы, қыш құмыра немесе соғыс қаруы, тіпті белгілі бір еңбек құралы да болуы мүмкін еді. Сұраққа жауапты тура бере алмау себептерімізде осыдан келіп шығатын. Ағайымыздың «жақсы көретін» адамдары да болатын. Олардың қатарында Есен, Жұмаш (марқұм), Бектас деген жігіттер болатын. Аталған жігіттер жазды күндері Әбдіманап ағайымызбен археологиялық қазба жұмыстарына қатысатын. Ал мен сияқты археологиялық экспедицияға бармайтын, қазба жұмыстары туралы түсінігі жоқ, қорған мен обаларды тек кітаптағы суреттен ғана көретін студентке осынша қатты талап қойылатын. Сұрақтарға жауап табу үшін ол кісінің сүйенетін төрт монографиясын түгелдей конспектілеп, ішіндегі суреттеріне дейін салып алуыма тура келді. Бұл кітаптар қатарында авторлар ұжымы шығарған «Древняя культура Центрального Казахстана», Әлкей Марғұланның «Бегазы Дандыбайская культура» С.С.Черниковтың «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» бар еді. Мен бұл конспектілер жинағын бүгінгі күнге дейін сақтап отырмын. Менің профессор ағайымыздың алдында қиналуым бір семестрмен бітпеді. Бұдан кейін, Әбдіманап Медеуұлының «Шығыс Қазақстанның қола дәуірі археологиясы», «Қазақстанның темір дәуірі археологиясы» атты таңдау курстарын тыңдап сынақтар мен емтихандар тапсырдық. Семестрдің соңында сынақ тапсырудың қиындықтарын айтсайшы... 1989 жылы, ұмытпасам күзгі семестрде Ә.Оразбаевтың сабағынан емтихан тапсыратын болдық. Семестрдің соңында ағайымыздың ауырыңқырап жүргенін көріпте, біліпте жүрдік. Сессия басталып кеткен кез болатын. Содан Әбдіманап ағайымыз емтиханға келе алмайтын болды деген хабарды да естідік. Осылайша, адамның ауырғанына қуанатын жағдайда болады екен. Сол сәттеге күйімді Аллаһ тағалам өзі кешірсін! Өйткені, менде ол кісі емтихан қабылдайтын болса, «үш» қоятынын біліп отырмын. Емтиханнан төмен баға алу дегенің стипендиямен де қоштаса бер дегенмен бірдей болатын. Алайда емтихан болатын күні кафедра тарапынан «емтиханды Әбдіманап Медеуұлының үйіне барып тапсырасыңдар» деген нұсқауды алдық. Ол кісінің пәтері орналасқан үй Есентай өзені бойын қуалап жоғары көтерілген жерде екен. Білетін жігіттер ағайымыздың пәтеріне ертіп келді. Бәріміз қонақ бөлмеге кірдік. Үйде «етек жеңі кең» ұлты орыс апайымыз бар екен. Баласы да апайымызға тартқан, сақал қойған сол жылдарда 30-дар шамасындағы жігіт екен. Үйде кішкентай тұқымды ит жүгіріп жүр екен. Бала құсап, ағайымыздың алдына секіріп мініп, қайтадан бөлме аралап жүгіріп жүрді. Ішімнен «Мұқтар Әуезовтің «Абай» романының кейіпкері Оразбайдың тұқымдары осылайша өзгеріске ұшыраса, аянышты екен» депте түйдім. Бәрі сол емтихан тапсырудан қорыққаннан, ағайымыздан қаймыққаннан келіп туындаған ойлар болған болса керек. Ағайымыз бірінші болып маған билет таңдауды ұсынды. Өзімде емтихан сұрақтарын толықтай жаттап алған болатынмын. Билетті алған соң, еш дайындықсыз жауап беретінімді айттым. Екі сұрақты да мүдірмей айтып бердім. Қосымша сұраққа да жауап бердім. Содан ол кісі қолы дірілдеп отырып, емтихан ведомостына «бес» деген баға қойды. Сол сәтте қуанғанымды көрсең! Осы уақытқа дейін жақтырыңқырамай жүрген ағайыма қатысты көзқарасым мүлде өзгеріп сала берді. Ол кісіні кінәләй алмаймын жерлерімде бар. Өйткені, өзім де алдын-ала мен «этнология» маманы болам

деп ескертуім керек еді. Ол кісі де сол кездерде маған «археология» мамандығында оқып, бірде-бір рет далаға, археологиялық қазба жұмысына бармаған студент» деп қарап келген шығар. Меннен кейін Файзолла деген қыздан да емтихан қабылдады. Ал қалғандарына бағаны автоматты түрде қойып бере салды. Иә, мен үшін маған «ең қымбат», «5»-деген баға осылай еңбекпен келген еді. Әлі күнге дейін әлгінде айтқан, 4 монография конспектіленген дәптерді жыл сайын алдымда отырған студенттеріме көрсетіп, «мына тәптерге 25,26,27,28 жыл болған» деп үнемі көрсетіп жүрмін.

Шын мәнісінде, мен Әбдіманап ағайымыздан көп нәрсе үйренген едім. Археология саласына тән, «оба» мен «қорғанның» айырмашылығы, қыш құмыра жасалудың технологиялары мен түрлері, олардағы геометриялық кескіндер мен өрнектердің түрлері және семантикасы жайлы терең білім алған едім. Қарапайым адам тұрмақ, тарихшылардың өздеріне археологтардың кітаптарын оқып шығу қиындық туғызатыны бәрімізге мәлім. Ал, менің Әбдіманап ағайымның лекциясында бұл күрделі мәселелер қарапайым тілмен түсіндірілетін. Археология пәнін, соның ішінде қола дәуірі археологиясын студентке түсінікті тілде, қызықты етіп түсіндіру үшін өз ісінің шебері болып қана қоймай, білікті маман бола білу керектігін осы кісінің дәрістерін тыңдағаннан кейін ұққан едім. Ғалымнан әр жылдарда білім алған шәкірттері ол кісі туралы үнемі жақсы сөздер айтатыны осылайша дәріс тыңдап, археологиялық қазба жұмыстарына бірге барғаннан туындайды екен ғой. Қазіргі археология және этнология кафедрасының ашылуына мұрындық болған, сол жылдарда осы мамандық бойынша бірден бір ғылыми дәрежесі болған ғалым ретінде ол кісіге бүгінгі шәкірттерінің де айтар алғысы ұшан теңіз екендігін естіп те, көріп те жүрміз. Ол кісінің шәкірті болған профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевтың өзі бүгінде ұстазы салған жолмен ондаған шәкірттер дайындап шықты және әлі де дайындау үстінде. Әбдіманап Медеуұлының салған сара жолы осылайша жалғасын табуда. Ұстаздың дәрістерін тыңдаған біздердің де өмір жолымыз қара шаңырақта жалғасын табуда. Бүгінде Қазақстан тарихы кафедрасында еңбектеніп жүрген маған Еліміздің тарихының көне дәуірін сипаттау, кезеңдерге бөлу мен ерекшеліктерін студенттерге еркін түсіндіріп беруіме кезінде өзіме білім берген Әбдіманап Елеуұлының көп еңбегі сіңген еді. Мені оқытқан, маған білім берген ұстазым осындай кейпінде мәңгі есімде қалмақ.

Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С., Швец И.Н.

КАЗАХСКОЕ ПРИТОБОЛЬЕ В СУДЬБЕ АРХЕОЛОГА О. А. КРИВЦОВОЙ-ГРАКОВОЙ*

В исследованиях по эпохе бронзы Казахстана и сопредельных регионов особое место занимают памятники, расположенные на степном участке бассейна р. Тобол. Первые систематические исследования памятников палеометаллической эпохи в регионе связаны с именем известного археолога О. А. Кривцовой-Граковой. Ею были открыты и исследовались на протяжении нескольких полевых сезонов объекты, расположенные близ Костаная и Рудного [1; 2].

Впоследствии близ с. Садчиковка, где проводились исследования О. А. Кривцовой-Граковой, разворачивались полевые станы экспедиции А. М. Оразбаева [3; 4]. По мнению У. У. Умиткалиева, А. М. Оразбаев провел в Северном Казахстане несколько полевых сезонов [4]. Непосредственно на Садчиковском поселении им в 1968 г. были исследованы две землянки. Специалист резюмировал, что место расположения памятника весьма благоприятно для освоения. Здесь, на правом берегу Тобола, по мнению А. М. Оразбаева, достаточно воды, рыбы, камыша, травы, кустарников [4, с. 378].

Изучению другого памятника, исследовавшегося О. А. Кривцовой-Граковой, - Алексеевского комплекса - было уделено внимание еще одного казахстанского специалиста – В. В. Евдокимова [5]. Как делится в своих воспоминаниях Валерий Валентинович, принять решение о работах на этом памятнике его вдохновил Абдулманап Медеуович: «Заметим справедливости, памяти и благодарности ради, что выбор мною данного объекта для практики был во многом предопределен известным казахстанским археологом А. М. Оразбаевым» [5, с. 14].

Обычно, при публикации материала за пределами научного текста остаются вопросы, связанные с моментами организации экспедиции, душевных и эмоциональных переживаний исследователя. Хотя от настроения археолога зависит многое: темп работы, атмосфера на раскопе и др.

В предлагаемой статье приводятся некоторые факты о раскопках О. А. Кривцовой-Граковой в Казахском Притоболье. Исследовательница скрупулезно обработала полученный материал и ввела его в научный оборот [1; 2]. Однако, по прошествии большого количества времени, весьма интересно попытаться окунуться в обстановку того периода.

Исчерпывающим источником, дающим представление о «кустанайском периоде» в судьбе Ольги Александровны, представляют письма, написанные ею своему супругу Борису Николаевичу Гракову и дочери – Марианне. Кропотливая работа по подготовке писем к публикации была проделана археологом из Запорожья – А. Г. Плешивенко [6]* [*Благодарим Ю. Б. Полидовича за помощь в поиске данной книги]. В книге встречаем, что письма, телеграммы, открытки писались регулярно – каждый день или через день.

В письмах подробно излагается ход раскопок, мысли и чаяния археологов, эмоции и чувства, наполняющие душу и сердце на расстоянии. С точки зрения полевой археологии, письма супругов Граковых – это своеобразные дневники, в которых зафиксированы моменты первого осмысления полученного материала. По сути, перед нами непредвзятое видение эпохи через призму будней археологов, описанных или переданных в письмах дорогих сердцу людей.

Судя по переписке супругов Граковых, очевидно, что изначально в Казахском Притоболье планировалось проведение работ под руководством Б. Н. Гракова [6]. Так, в открытке от 21/04/1930 г., отправленной О. А. Кривцовой-Граковой из Москвы в Алма-Ату, написано следующее: «Дорогой Боря! Я сейчас получила твоё письмо, в котором ты пишешь об окончательном соглашении с Кустанайским музеем. Я сегодня подала заявление в правление относительно откомандирования меня в Кустанайскую область, куда я приглашаюсь на работу...» [цит. по: 6, с. 24].

Поскольку Кустанайским музеем затягивалось, по определенным причинам, перечисление финансовых средств на проведение экспедиции, соответственно, откладывался и выезд О. А. Кривцовой-Граковой из Москвы [6].

В письме от 14/09/1930 г. О. А. Кривцова-Гракова пишет: «Дорогой Боря. Все сплошь плохо! Наконец-то мы доехали до Кустаная вчера в 10 часов утра. Дом Деревягина* [*Деревягин – заведующий Кустанайским музеем, прим. авт.] близко от вокзала, мы прямо к нему и, о ужас! Его нет, он уехал дня на 3–4 в Озерную (это далеко) за какими-то травами, а м. б. птицами, это, по словам его собственной жены, а куда в действительности – неизвестно. Оказывается телеграмму, посланную ему мною, он не получил и никак не мог понять отчего не едет Граков. Теперь уже, кажется, перестал вообще ждать. Уехал он вечером накануне нашего приезда и, если бы мы поехали через Свердловск, то застали бы его, т. к. приехали бы на сутки раньше...» [цит. по: 6, с. 52].

В условиях уровня тогдашней транспортной коммуникации дорога из Москвы в Кустанай занимала приличное количество времени. Приходилось подолгу, порой больше суток, ждать поезд на промежуточных станциях, например, в Челябинске [6]. Состояние вагонов также оставляло желать лучшего. Получить плацкарту считалось большой удачей. В противном случае – общий вагон, в котором частым явлением были клопы [6]. Случалось, что на железной дороге происходили крушения. Следуя в 1930 г. в Кустанай, из окна О. А. Кривцова-Гракова наблюдала торчащие из воды вагоны, о чем она писала в своих письмах дочери [6].

Из письма О. А. Кривцовой-Граковой от 14/09/1930 г. также известно, что в Кустанае работало общество Краеведения: «Из других источников мы узнали, что в их обществе Краеведения 3½ человека и навряд ли мы можем рассчитывать на помощника...» [цит. по: 6, с. 52]. В этом же письме Ольга Александровна пишет: «Живем мы в Музее, очень хорошо. Спим на полу, на кошмах. Хоть и холодно, но мы хорошо укрываемся и сегодня прекрасно выспались. Обедать еще никуда не ходили, так как еда своя, а ставит нам самовары музейная служительница. На нашей улице есть баня, завтра утром пойдем мыться».

Далее, в том же письме: «Кустанай не город, а село и много хуже, чем Яковлевское. Мостовой нет нигде, тротуаров тоже. Грязь непролазная...»

Музей очень, очень маленький, но чистый и симпатичный. Системы ровно никакой. Самая лучшая комната отведена под птиц, где они красуются и в шкафах и над шкафами...» [цит. по: 6, с. 53].

Выделяются ограды 20 и 25 округлой формы, в которых наряду с захоронением взрослых есть и могилы детей. Подобная погребальная традиция зафиксирована на территории Жетысу в одном из наиболее ранних андроновских могильников Тамгалы-I (ограда 2) [6, с.16]. Система устройства семейно-родовых усыпальниц с заглубленными каменными ящиками и цистами известна в регионе на могильнике Каракудук [7, с. 62-71] и в урочище Ой-Джайляу [8, с. 44-59]. По характеру надмогильных сооружений указанные памятники имеют некоторые аналогии с могильниками Айшрак, Былкылдык-II и Шет-I из Центрального Казахстана [9, с.67, 92, 117; 10, с.86-89], датируемых в пределах XV-XIII вв. до н.э. и относятся к алакульскому этапу андроновской общности. Наиболее близкие аналогии устройству оград и погребальных камер встречаются в долине реки Коксу в соседнем могильнике андроновского периода Талапты-I [5, с. 121].

Уточнить культурно-хронологическую атрибуцию погребений в западной части могильника Куйган-II позволяет вещевой материал. Керамика из погребений традиционна по формам и способу изготовления. Все сосуды подразделяются на баночные и горшковидные с округлым плечом или уступчиком, чаще без орнамента (рис. 2: 1-6). Подобные формы посуды характерны для андроновских памятников региона, датируемых в пределах XV-XIII вв. до н.э. [3, с.109-138]. Вещевой материал разнообразен и представлен бронзовыми серьгами, браслетами, наконечниками, бляшками, бронзовыми и пастовыми бусами (рис. 2: 7-19).

Наиболее характерными украшениями для памятников эпохи бронзы Семиречья являются серьги с раструбом, найденные в оградах 20, 21, 25 (рис. 2: 7-9, 14). Они изготовлены из толстой бронзовой проволоки, расплющенной с одной стороны. Серьги округлой или овальной формы, диаметром около 3 см (3х2 см). Кованые серьги и подвески с раструбом большинством специалистов относятся к восточной федоровской традиции андроновской культурно-исторической общности [11, рис.1: 5-12].

Нашивные бляшки округлой формы изготовлены из тонких бронзовых кружков, диаметром 1,5 см, к которым с нижней стороны припаяны петельки из бронзовой проволоки (рис. 2: 10, 11). В материалах Казахстана и Средней Азии Н. А. Аванесова такие бляшки относит к группе нагрудных украшений андроновского периода [12, с. 64]. Фрагмент бронзового браслета изготовлен из толстой бронзовой проволоки – 0,8-1,1 см в диаметре в сечении (рис. 2: 16). Браслет был округло-овальной формы, диаметром 6-7 см. Подобные изделия также характерны для племен андроновского круга.

Бронзовые бусы округлой формы, диаметром 1-1,2 см, изготовлены из бронзовой проволоки в сечении биконической формы (рис. 2: 13, 15). Пастовая бусина ребристого типа, размерами 0,9х0,4 см, изготовлена из глины особой отмучки (рис. 2: 12). Они являлись важным элементом декора одежды племен эпохи бронзы Центральной и Средней Азии [12, рис.61]. В реконструкциях древнего костюма андроновского времени Казахстана бусинами обшивались по периметру края рукавов, платья и обуви.

Особую находку составляют три листовидных пластинчатых наконечника 78-80 мм в длину, ширина обоих наконечников 22 мм. Поверхность изделий декорирована чеканным рисунком точечного характера. Ряд выпуклостей небольшого размера оставлен инструментом, аналогичным современному пуансону и предназначен для выбивки выпуклых точек (рис. 2: 17-19). Рисунок на обоих наконечниках не идентичен, но схож по схеме и содержанию. Он представляет собой «древовидный» орнамент, где в нижней части ромбовидно обозначена «корневая система». Ряд точек вдоль Центральной оси символизирует «ствол», который пересекается четырьмя дугообразными линиями, обращенными концами вверх – «ветви».

Аналоги по форме подобным изделиям были изучены в центрально- и северо-казахстанских могильниках Бестамак, Лисаковский, Бозенген, Токанай-I, Шондыкорасы-I [13, с.30-33], где они датируются синташтинско-петровским (XVIII-XVI вв. до н.э.) и алакульским временем (XV-XIV вв. до н.э.). Наконечники с пуансонным орнаментом известны в алакульско-федоровских материалах Восточного и Центрального Казахстана [12, рис.49].

Данная ситуация, при которой в комплексах сочетаются федоровские и алакульские черты в материале для Семиречья, характерна в памятниках, датируемых в пределах XV-XIII до н.э. Этим

временем, вероятно, следует определить и начало функционирования могильника Куйган-II, который в дальнейшем существовал достаточно длительное время и в позднюю бронзу, и в раннем железном веке. Периферия могильника использовалась под отдельные захоронения в средневековье и в новое время.

1. Марьяшев А.Н., Карабаспакова К.М. Новые памятники эпохи бронзы Восточного Семиречья // Новые памятники Северной Евразии и их охранные раскопки. – Новосибирск, 1988. – С.24 -39.
2. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Вопросы периодизации и хронологии памятников эпохи бронзы Семиречья // РА. – 1993, №1. – С. 5-19.
3. Goriachev A.A. The Bronze Age Archaeological Memorials in Semirechie // Metallurgy in Ancient Eastern Eurasia from the Urals to the Yellow River. CHARTER IV. / Edited by Kathryn M. Linduff. – The Edwin Mellen Press. Lewiston, New York, USA. 2004. – С.109-138.
4. Байпаков К.М., Марьяшев А.Н., Горячев А.А., Потапов С.А. Наскальные изображения в горах Ешкюльмес. – Алматы, 2005. – 226 с.
5. Карабаспакова К.М. Жетысу и Южный Казахстан в эпоху бронзы – Алматы, 2011. – 220с.
6. Горячев А.А. О погребальных традициях племен эпохи бронзы Шуилийских гор // Известия НАН РК / Серия общественных и гуманитарных наук. – 2013. – № 3 (289). – С. 3-28.
7. Максимова А.Г. Могильник эпохи бронзы в урочище Каракудук // Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. – Т.12. – Алма-Ата, 1961. – С. 62-71.
8. Горячев А.А. О погребальных традициях племен поздней бронзы урочища Ой-Джайляу в Чуилийских горах // Мировоззрение населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической ретроспективе. – Барнаул, 2008. Выпуск II. – С. 44-59.
9. Маргулан А.Х., Акишев А.К., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966. – 436с.
10. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата, 1992. – 247с.
11. Аванесова Н.А. Серьги и височные подвески андроновской культуры // Первобытная археология Сибири. – Л, 1975. – С.5-12.
12. Аванесова Н.А. Культура пастушеских племен эпохи бронзы азиатской части СССР – Ташкент, 1991. – 200с.
13. Усманова Э.Р., Логвин В.Н. Женские наkosные украшения Казахстана: (эпоха бронзы). – Лисаковск, 1998. – 64с.




Рис. 1. Материалы могильника Куйган-II: 1 – топографический план могильника Куйган-II; 2 – план ограды 20; 3 – план ограды 21; 4 – план погребения типа цисты в ограде 21; 5 – план погребения по обряду труположения; 6 – план погребения по обряду трупосожжения.

Рис. 2. Вещевой материал из погребений эпохи бронзы в западной части могильника Куйган-II: 1-6 – керамика; 7-9, 14 – бронзовые серьги с раструбом; 10, 11 – бронзовые нашивные бляшки; 12 – пастовая бусина, 13, 15 – бронзовые бусы; 16 – фрагмент бронзового браслета; 17-19 – бронзовые наkosницы.

**ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНІҢ 2014 ЖЫЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ЖАМБЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ АҚТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ
ОРНАЛАСҚАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚАЗБА
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ**

ҚР МОМ-ның Алматы археологиялық экспедициясының Ақтерек тобы (жетекшісі Х.А. Айтқұл) 2014 ж. Іле Алатауының солтүстік-батыс беткейі, Ақтерек ауылының оңтүстік шетіндегі тау бөктерінде орналасқан қола, ерте темір дәуірі және түркі кезеңінің археологиялық ескерткіштерін анықтап, қазба жұмыстарын жүргізді. Атап айтар болсақ мынандай ескерткіштерде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді:

1. Ақтерек қорымының солтүстік тобындағы №1, №2 және №3 обаларға;
2. Ақтерек қорымының оңтүстік тобындағы №1, №2 және №3 обаларға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді;
3. Ақтерек қорымының қола дәуірі обалы тобындағы №1, №2 обаларға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар қазба жұмыстары жүргізілген обаларда рекультивациялық (қайта көму) жұмыстары да атқарылды. Сұлуқоян шатқалындағы барлау жұмыстарының нәтижесінде таутекелер, аңшылық көріністері бар шекілген петроглифтер анықталды.

Іле Алатауы Аспан (Небесный) тауының солтүстік жоталары тобына кіреді. Қар және мұзбен жабылған оның ұшар басы, күнмен шағылысқан Іле алабынан оңтүстікке қарай биік өркеш шыңдармен көтеріледі. Жотаның батыс шекарасы Шу өзені, шығысы – Шарын өзені болып табылады, оңтүстігінде Шон-кемін және Шелек өзендерінің шексіз жазықтарын бойлай отырып, Іле Алатаумен қатарласа Күнгей Алатау жоталары орналасқан, орта тұсында екі жота жалғасап, Шелек-Кеменді таулы тізбектерін түзе отырып қосылады. Осы аталған шекара аралығында Іле Алатау жоталарының ұзындығы 400 км-ден асады, ені 40-дан 60 км-ге дейін жетеді.

Жотаның батыс бөлігі Кендік-Тасты тауы атауымен белгілі, ол солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр және абсолютті биіктігі 1500 м-ге дейін жететін бірқатар биік емес (Қордай, Ырғайты) шоқылары орналасқан тегіс жер беті болып табылады. Жотаның осы бөлігі Шоқпар және Қопа ойпаттарымен солтүстікке қарай орналасқан биік емес Шу-Іле тауынан дараланады. Жотаның ең биік, орталық бөлігі, яғни шамамен ұзындығы 170 км болатын Іле Алатауының өзі батыстағы Қастек (2825 м) және шығыстағы Аманжол (3510 м) асуларының арасында орналасқан. Алматы қаласының меридианасында Іле Алатауы өзімен оңтүстікке қарай қатар жатқан Күнгей Алатауымен жалғасады.

Қазақстан территориясындағы көптеп кездесетін ежелгі көшпенділерден мұра болып қалған археологиялық ескерткіштердің бірі обалы қорымдар. Үлкен және кіші топтардан құралып тізбектеле орналасқан обалы қорымдар ежелгі отырықшы, жартылай отырықшы орталықтары Қазақстан территориясында өте көп кездеседі. Археологиялық ескерткіштердің дәл осы түрі Қазақстанның ежелгі тарихынан терең сыр шертеді.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың ғылыми еңбектерде б.з.д. I - м.ж. ескерткіштері жайлы құнды деректер пайда болады. Қазақстанның тарихын археологиялық тұрғыдан зерттеуде: Н.К. Витзен, Д.Е. Мессершмидт, Ф. Страленберг, Г.Ф. Миллер, П.С. Паллас, В.В. Радлов секілді т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты. XIX-XX ғғ. атақты өлкетанушылар С.И. Гуляев, А.П. Аниховский, М. Копалов, В. Никитин, Н.А. Абдраманов, Н. Коншин, А.А. Козырев, И.А. Кастанье, А. Адрианов секілді ғалымдар археологиялық зерттеу жұмыстарына өз үлестерін қосты.

1930 жылдың басында Қазақстанда кең көлемде екі археологиялық экспедиция зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік мәдениет және тарих Академиясы жанынан құрылған экспедиция (П.С. Рыков, М.П. Грязнов, М.И. Артамонов, И.В. Синицин) Қарағанды қаласына жақын орналасқан Гигант совхозының аумағында бірнеше обаларда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді [1, 40-68 бб.]. Екінші археологиялық экспедиция (Б.Н. Граков) Ақтөбе облысының Ор өзенінің бассейнде орналасқан обаларда зерттеу жұмыстарын жүргізіп құнды заттардың жиынтығын жасап шығарды [2, 253-261 бб.]. Бұл археологиялық экспедициялардың жүргізген зерттеу жұмыстары Қазақстанның тарихи ескерткіштерін археологиялық тұрғыдан зерттеуге үлкен жол ашты.

1930 жылдың екінші жартысында А.Н. Бернштам Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ерте темір дәуірінің ескерткіштерінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. А.Н. Бернштам Берқара, Кенкөл, Алматы

облысының жекелеген қорымдарының обалары мен Шу, Талас алқаптарында орналасқан обаларда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алғаш рет Жетісудың ежелгі тарихи-археологиялық ескерткіштерінің кезеңделу тарихын жасап шығарды [3, 337-384 бб.].

1940 жылдың ортасында Хорезм археологиялық экспедициясы (С.П. Толстов) Сырдария өзенінің төменгі ағысында (Қызылорда облысы) кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады [4, 333 б.].

Зерттеу жұмыстары қысқа мерзімде ерте темір дәуірі тайпаларының үш мәдениет ошағын анықтады, олар:

1. Жаңа-дарияның жоғарғы жағындағы апасиак ескерткіштерінің кешені;
2. Кубан-дария бассейндегі тохарлар ескерткіштерінің кешені;
3. Іңкәр-дария тобындағы сақ-хаумаварга ескерткіштерінің кешені;

Соғыс жылдарынан кейін Қазақстан территориясында Шығыс Қазақстан (С.С. Черников) және Орталық Қазақстан (А.Х. Марғұлан) археологиялық экспедициясы көптеген жылдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде ескерткіштерге қатысты құнды мәліметтер алынып, Орталық Қазақстанның ерте темір дәуірінің мерзімдемесі мен кезеңдемесі жасалып Беғазы-Дәндібай мәдениеті анықталды. [5, 21-36 бб.].

1954 жылдары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда ерте темір дәуірі ескерткіштеріне кең көлемде зерттеу жұмыстары басталды. К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, Е.А. Агеева секілді ғалымдар Жетісудағы сақтар мен үйсіндердің ескерткіштерін зерттеу жұмыстарын жалғастырды. К.А. Ақышев сақтар мен сақ мәдениетінің шығу мәселелерін қарастырып, жебе ұштарының хронологиялық жағынан топтастырды. Г.А. Кушаев Жетісудағы үйсін мәдениетін кезеңдерге бөлу сатыларын белгіледі [6, 21.]. 1959-1968 жж. ОҚАЭ құрамындағы ерте темір дәуірінің жеке отряды (М.К. Қадырбаев) Тасмола мәдениетін ашып, оны зерделеудің сол кездегі басты тұжырымдары мен нәтижелері бір қалыпқа келтіріп жариялады [7, 175-176 бб.].

Ақтерек қорымының солтүстік тобындағы №1, №2 және №3 обаларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері.

Ақтерек обалы қорымы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ақтерек ауылдық округі Алатаудың солтүстік бөктерінің етегінде Ақтерек және Сұлу қоян өзендерінің алқаптарында орналасқан. Қорым бірнеше топтан тұрады, біздің археологиялық қазба жұмыстары солтүстік және оңтүстік обалы топтарында жүргізілді.

Ақтерек қорымының солтүстік тобының №1 обасы:

№1 оба. Ақтерек қорымы солтүстік тобының №1 обасының диаметрі 6 м, биіктігі 0,3 м. Оба үйіндісі таспен топырақтан үйілген. Обаға диаметрі 7 м болатын қазба салынып, үйіндісі топырақтан тазартылды. Обаны 0,25 м тереңдікте топырақтан тазартылған соң, оның үйіндісі негізінен тау тастарынан үйілгені анықталды. Қазба орнын тау тастарынан тазарту барысында екі қыш фрагменті табылды. Қазба кейінірек 7,5 м-ге дейін кеңейтіліп 0,50 м, тереңдікке дейін қазылды, осы тереңдікте қазба орнын топырақтан тазарту барысында, қазбаның әр жерлерінен көлемі әр-түрлі болатын өзен тастары анықталды. Қазба орны тастардан тазартылып тағыда 0,20 м-ге тереңдетілгенде көр шұқырының іздері анықталды, алғашқы өлшемі 2,20x0,75 м болатын.

Обаның ортасында көр шұқыры іздерінің орнында өлшемі 4x4 м болатын қазба салынды. Көр шұқыры солтүстіктен оңтүстікке бағыталғаны анықталды. Қазба жұмыстары барысында көр шұқырын топырақпен ірі және ұсақ тау тастарынан тазарту кезінде, шұқырдың солтүстік бұрышынан 0,45 м тереңдікте адамның бас сүйегі табылды. Археологиялық жұмыстар барысында көр шұқырдың сол жақ бүйірінен лақат орны анықталды. Лақатты топырақтан тазарту барысында адам қаңқасының ретсіз орналасқан сүйектері табылды. Сонымен қатар шұқырдың оңтүстік шетінен 0,65 м тереңдікте жылқының бас сүйегі анықталды. Бұл жерде айта кететін жәйт жылқының бас сүйегінің адам бас сүйегінен 0,20 м тереңірек және қаңқасынан (лақат ішінен) 0,40 м шығысырақ, 0,35 м биіктеу жатуы түсініксіз болғанымен, кейінірек анықталғандай аталмыш оба ертеректе тоналып кетсе керек. Жылқының бас сүйегін топырақтан тазарту кезінде оның аузында темірден жасалған сулығы бар екені жәнеде сүйектен жасалған ауыздық немесі тартпа бөлігінің фрагменті табылды [8, 174 бб.].

Сонымен қатар шұқырды топырақтан барысында жылқының қаңқасы толығымен сақталғаны және сүйектермен темірдің қатты шірігені анықталды. Лақатты топырақтан тазарту кезінде, оның оңтүстік шетінен екі темір үзенгі табылды, сақталуы өте нашар, оны топырақтан тазартып алуда көп қиындықтар туындады. Үзенгілер өлшемі әр-түрлі, біріншісі; биіктігі 16 см, диаметрі 12 см, үзенгі табанының ені 5 см, ұзындығы 11 см, екіншісі; биіктігі 12,5 см, диаметрі 9 см, үзенгі табанының ені 5 см, ұзындығы 11 см. [9-10, 81-98; 16-20 бб.].

Бұл жерде айта кететін бір мәселе, жылқы оңтүстіке қарай бағытталса, адам қаңқасын солтүстіке қарай бағыттап орналастырған, жылқы оңтүстіке қарай бағытталса да, басын солтүстіке қаратып орналастырған [11, 51-53 бб.]. Адам қаңқасын топырақтан тазарту барысында сол жақ қол саусақтарының жанынан тат басқан сақина табылды, сақинаны таттан тазартылған соң оның күмістен жасалғаны анықталды. Сақина өлшемі; диаметрі 2 см, жуандығы 0,3 см. Жоғарыда айтып кеткенде адам қаңқасы ретсіз орналасқан, аяқ сүйектері тізеден төменгі бөлігі көкірек тұсынан табылды. Сонымен қатар адам қаңқасының бас сүйегінің негізгі орналасатын орны тұсының сол жақ төбесінен үш және екі қырлы темір жебелермен оның саптама фрагменттері табылды. Жебе ұштарының өлшемдері; ұзындығы 7 см, ені 1,2 см; ұзындығы 10,5 см; жебе қалемшесінің ұзындығы 4,5 см, ені 1 см; ұзындығы 3 см, ені 1 см; ұзындығы 5 см, ені 3 см; ұзындығы 5 см, қалемшесінің ұзындығы 3 см, ені 2,5 см; ұзындығы 5 см, сынған жерінің диаметрі 0,8 см; ұзындығы 2 см, ені 1,5 см; ұзындығы 2 см, ені 1,5 см. Жебе ұшының саптамасының өлшемдері; ұзындығы 2 см, ені 1,5 см [12, 104 б.]. Көр шұқырының оңтүстік бұрышынан жылқы қаңқасының мойын омыртқасы жанынан темір пышақ табылды. Пышақ өлшемі; жалпы ұзындығы 14,5 см, сабының ұзындығы 2,5 см, жүзінің ені 1,5 см. Жылқы қаңқасы топырақтан тазартылған соң өлшемі; жалпы ұзындығы 1,85 см, бас сүйегінің ұзындығы 0,53 см.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей және табылған заттарға сүйене отырып ескерткішті алдын-ала болжам бойынша түркі кезеңіне жатқызуға болады, сонымен қатар айта кететін мәселе аталмыш оба ертеректе тоналып кеткен. Обадағы қазба жұмыстарынан кейінгі көр шұқырының жалпы көлемі; 2,20x0,85 м, тереңдігі 1,50 м болғаны анықталды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының солтүстік тобының № 2 обасы:

№ 2 оба. Ақтерек қорымы солтүстік тобының № 2 обасы № 1 обадан 3 м шығысырақ орналасқан. Диаметрі 6 м, биіктігі 0,3 м. Оба үйіндісі таспен топырақтан үйілген. Обаға диаметрі 7 м болатын қазба салынып, үйіндісі топырақтан тазартылды. Обаны 0,25 м тереңдікте топырақтан тазартылған соң, оның үйіндісі негізінен тау тастарынан үйілгені анықталды. Бұл жерде айта кететін жайт, аталмыш обада, № 1-ші обаның құрылымына ұқсастығы байқалды. Қазба кейінірек 7,5 м-ге дейін кеңейтіліп 0,50 м тереңдікке дейін қазылды, осы тереңдікте қазба орнын топырақтан тазарту барысында, қазбаның әр жерлерінен көлемі әр-түрлі болатын өзен тастары анықталды. Қазба орны тастардан тазартылып тағыда 0,35 м-ге тереңдетілгенде көр шұқырының іздері анықталды, алғашқы өлшемі 2,20x0,57 м болатын. Обаның ортасында көр шұқыры іздерінің орнында өлшемі 3,5x3,5 м келетін қазба салынды.

Бұл обаның да көр шұқырының бағыты солтүстіктен оңтүстіке бағытталғаны анықталды. Қазба жұмыстары барысында көр шұқырын топырақпен ұсақ тау және өзен тастарынан тазарту кезінде, шұқырдың орта тұсынан 0,45 м тереңдікте ірі қара малының ретсіз орналасқан сүйетері табылды. Көр шұқырының сол жақ бүйірінен лақат орны анықталды. Лақатты топырақтан тазарту барысында адам қаңқасының ретсіз орналасқан сүйектері жатқаны анықталды. Сонымен қатар шұқырдың оңтүстік шетінен 0,55 м тереңдікте жылқының өте нашар сақталған бас сүйегі анықталды. Бұл жерде айта кететін жайт жылқының бас сүйегімен жалпы қаңқасының ретсіз (шашылып) жатқаны анықталды. Осы тереңдікте жүрек және тегіс тіктөртбұрышты тоғалар тәрізді қоладан жасалған ат әбзелдеріде табылды. Сулық тізгінінің әшекей бұйымы, тізгінге екі қадама шегесімен қадалып қатаяды, өлшемі; ұзындығы 3 см, ені 1,2 см; ұзындығы 3 см, ені 1,2 см; ұзындығы 1,5 см, ені 1,2 см; ұзындығы 1,7 см, ені 1 см [13, 175-190 бб.].

Қазба жұмыстары барысында көр шұқырының оңтүстік шетінен адамның өте нашар сақталған бас сүйегі, лақат ішінен 0,25 м. шығысырақ жерден табылуы түсініксіздеу болғанымен, кейінірек анықталғандай аталмыш обада ертеректе тоналып кетсе керек. Адамның бас сүйегінің бет тұсымен маңлайы және төбесі ғана сақталған, бас сүйектің арт жағы мүлдем жоқ, обаны тонау барысында сынып не болмаса шіріп кеткен.

Жылқының бас сүйегін топырақтан тазарту кезінде оның жанынан шіріген темір фрагменттері табылды сулық, тоға немесе үзеңгі бөліктері болуы мүмкін. Темір фрагменттерінің өлшемдері; ұзындығы 11,5 см, ені 4 см; ұзындығы 6,5 см, ені 5 см; ұзындығы 5 см, ені 3 см; ұзындығы 4,5 см, ені 4 см; диаметрі 5 см; ұзындығы 9 см, ені 5 см; ұзындығы 13,5 см, ені 4 см [14, 170-177 бб.].

Бұл жерде айта кететін бір мәселе, аталмыш обада да жылқы оңтүстіке қарай бағытталса, адам қаңқасын солтүстіке қарай бағыттап орналастырған, жылқы сол жақ жамбасымен оңтүстіке қарай бағытталса да, басын солтүстіке қаратып орналастырған. Лақат ішіндегі адам қаңқасын топырақтан тазарту барысында қаңқаның ретсіз орналасқаны, аяқ сүйектерінің жанында қабырға сүйектері жатқаны анықталды. Сонымен қатар адам қаңқасының бас сүйегінің негізгі орналасатын орны тұсының сол

жақ төбесінен үш қырлы бір-біріне жабысқан темір жебелер табылды. Жебе ұштарының өлшемдері; ұзындығы 5 см, сынған жерінің диаметрі 0,8 см; ұзындығы 2 см, ені 1,5 см; ұзындығы 2 см, ені 1,5 см.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей және табылған заттарға сүйене отырып ескерткішті алдын-ала болжам бойынша түркі кезеңіне жатқызуға болады [15, 346 б.], сонымен қатар айта кететін мәселе аталмыш оба ертеректе тоналып кеткен. Обадағы қазба жұмыстарынан кейінгі көр шұқырының жалпы көлемі; 2,20x0,80 м тереңдігі 1,30 м болғаны анықталды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының солтүстік тобының № 3 обасы:

№ 3 оба. Ақтерек қорымының солтүстік тобының оба № 3 диаметрі 5 м, биіктігі 0,2 м, № 3 оба № 1 обадан 25 м батысырақ орналасқан. Оба үйіндісі топырақпен тастан үйілген. Обаның үйіндісі топырақтан тазартылған соң, оба ортасына өлшемі: 2,30x2,30 м келетін қазба орны салынды. Қазба 0,20 м-ге тереңдетіліп топырақтан тазарту барысында ірі тау тастары алынды. Қазба орнын 0,60 м-ге дейін тереңдетілді, Аталмыш обадан ешқандау жерлеу орны анықталмады және экспедиция мерзімінің уақыты аяқталуына байланысты қазба жұмыстары тоқтатылып, обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының оңтүстік тобындағы №1, №2 және №3 обаларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері.

Ақтерек қорымының оңтүстік тобының № 1 обасы:

№ 1 оба. Ақтерек қорымының оңтүстік тобының оба № 1 диаметрі 20 м, биіктігі 1,3 м. Оба тас аралас топырақтан үйіліп жоғарғы жағын жусан, ебелек секілді шөптер басып кеткен. Оба төбесінің орта тұсында көлемі 2x2 м, тереңдігі 0,15 м болатын ойық байқалады. Оба үстіндегі ойықтың пайда болуына мынадай жайттер себепкер болуы мүмкін;

- Обаның ішкі конструкциясының бұзылып құлауы
- Тонаушылардың қалдырған іздері

Обаның батыс бөлігінің үйіндісі басқа бөліктерге қарағанда үйінді топырағы аздау, сол себептен биіктігі төмендеу болып келеді. Оңтүстік бөліктегі шоқының биіктігі 0,60 м. Обаның шығыс және солтүстік бөліктерінің үйінді арасындағы тау тастары ірі және көп мөлшерде кездесті.

Обаға төрт жарма-кескіндеме (бровка) салынып солтүстік-шығыс-батыс-оңтүстік жиектер болып бөлінді. Қазба барысында анықталғандай обаның конструкциясы (құрылымы) үш бөліктен тұрады екен:

1. Қарашірік пен тас аралас қабаты
2. Тастан қаланған құрылыс қабаты
3. Диаметрі 3 м. келетін топырақтан үйілген негізгі ортанғы құрылыс қабаты (құрылыс қабатының ернеуі тастармен үйілген).

Солтүстік жиектің стратиграфиясына қарап, мәдени қабатардың бұзылмағанын байқауға болады. Шығыс жиектен солтүстікке қарай 0,40 м. қашықтықта, 1,3 м тереңдіктен өлшемі: 35x40x7 см болатын тас тақаша табылды. Сонымен қатар солтүстік және оңтүстік жиектердің алғашқы екі мәдени қабаттарынан ұсақ өзен тастары табылды. Оба ортасына 2,5x2,5 м келетін қазба орны салынды. Қазба орнын топырақтан тазарту барысында ұсақ тастармен қатар адамның тізеден төмен және тізеден жоғарғы бөлігінің сүйектері табылды. Тастарды тазалау барысында 1,65 м тереңдікте қабір шұқырының іздері байқалды. Бұл жерде айта кететін жайт аталмыш оба ертеректе тоналып кетсе керек, өйткені адам сүйектерімен қатар остеологиялық материалдарда, ағаш фрагменттері де көптеп ретсіз әр жерлерден табылып жатты, сонымен қатар обаның жоғарғы қабаттарынан ортағасырлармен кезеңделетін қыш фрагменттері де табылды. Өлшемі 2,5x0,70 м болатын көр шұқыры оңтүстік-батыс солтүстік-шығыс бағытымен орналасқан. Көр шұқырының шығыс және батыс жиектерінде ірі тұғыр тастар қаланған. Шұқырды топырақтан тазарту кезінде әр жерден ретсіз орналасқан остеологиялық сүйектердің фрагменттері табылды. Қазба жұмыстарының барысында көр шұқырын топырақтан тазарту кезінде шығыс жақ шетінен 0,50 м тереңдіктен алтын сырға табылды [16-17, 361; 150-164 бб.], ал батыс жақ шетінен 0,55 м тереңдікте адамның бас сүйегінің төбе бөлігі анықталды. Көр шұқырының еденің топырақтан тазарту барысында, жалпы мәйіттің жататын орнынан өртенген күлдің іздері байқалады. Бұл әдіс мәйітті жерлеуден бұрын оның жерлеу орнын зиянкес жәндіктерден тазарту негізінде қолданылуы мүмкін.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей және табылған заттарға сүйене отырып ескерткішті алдын-ала болжам бойынша ерте темір дәуірінің үйсіндер кезеңіне жатқызуға болады, [18-19, 30-31; 100-102 бб.] сонымен қатар айта кететін мәселе аталмыш оба ертеректе тоналып

кеткен. Обадағы қазба жұмыстарынан кейінгі көр шұқырының жалпы көлемі; 2,50x0,80 м, тереңдігі 1,05 м болғаны анықталды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының оңтүстік тобының № 2 обасы:

№ 2 оба. Ақтерек қорымының оңтүстік тобының оба № 2 диаметрі 7 м, биіктігі 0,5 м. Оба үйіндісі топырақпен тастан үйілген. Обаның үйіндісі топырақтан тазартылған соң, оба ортасына өлшемі: 2,70x2,70 м, келетін қазба орны салынып 0,30 м-ге тереңдетілді, топырақтан тазарту барысында қазба орнының әр жерлерінен остеологиялық материалдар табылды. Қазба орнын 0,65 м-ге тереңдету кезінде шығыс жақ шетінде ірі жалрақ тас табылды, тастың жанын топырақтан тазарту кезінде көлемі: 2x2 м болатын жер қабатының түсі күйген (от өртеген орын) аумақ анықталды. Осы оттан күйген орынды тазалау барысында адамның бас сүйегінің төбе сүйек фрагменті табылды. Бұл жерде айта кететін мәселе көр шұқырының орны анықталмады. Оған мынандай мәселелер себеп болуы мүмкін;

1. Тонаушылар тонау орнын кең көлемде қазса керек
2. Бұл оба орны ғұрыптық құрбандық шалу орны болуы мүмкін

Қазба орнын топырақтан тазарту барысында 1 м тереңдіктен шұқырдың шығыс шетінен өртенген сүйек фрагменттері табылды. Аталмыш қазба орны еденіне дейін топырақтан тазартылды.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей ескерткішті алдын-ала болжам бойынша қола дәуіріне жатқызуға болады, сонымен қатар айта кететін мәселе жоғарыда айтылғандай оба ертеректе тоналып кетсе керек, өйткені өртенген сүйек фрагменттерінен басқа ешқандай заттар табылмады. Негізі өртенген сүйектердің жоғарғы мәдени қабатына дәстүрлі қыш ыдыстар қоюлы болу керек еді. Обадағы археологиялық қазба жұмыстарынан кейінгі қазба орнының жалпы көлемі; 2,70x2,70 м, тереңдігі 0,95 м болды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының оңтүстік тобының № 3 обасы:

№ 3 оба, Ақтерек қорымының оңтүстік тобының оба № 3 диаметрі 5 м, биіктігі 0,3 м. Оба үйіндісі топырақпен тастан үйілген. Обаның үйіндісі топырақтан тазартылған соң, оба ортасына өлшемі: 2,50x2,50 м. келетін қазба орны салынып 0,25 м-ге тереңдетілді, топырақтан тазарту барысында ірі тау тастары алынды. Қазба орнын 0,25 м-ге тереңдету кезінде көр шұқырының іздері анықталды. Өлшемі 2,10x0,60 м болатын көр шұқыры шығыс-батыс бағытымен орналасқан. Көр шұқырын топырақтан тазарту барысында 0,30 м. тереңдіктен шұқырдың шығыс және батыс шеттерінен өртенген сүйек фрагменттері табылды. Көр шұқыры еденіне дейін топырақтан тазартылды. Аталмыш обадан өртенген сүйек фрагменттерінен басқа ешқандай заттар табылмады.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей ескерткішті алдын-ала болжам бойынша қола дәуіріне жатқызуға болады, сонымен қатар айта кететін мәселе аталмыш оба ертеректе тоналып кетсе керек, өйткені өртенген сүйек фрагменттерінен басқа ешқандай заттар табылмады. Негізі өртенген сүйектердің жоғарғы мәдени қабатына, ғұрыптық жерлеу дәстүрі бойынша қыш ыдыстар қоюлы болу керек еді. Обадағы қазба жұмыстарынан кейінгі көр шұқырының жалпы көлемі; 2,10x0,65 м, тереңдігі 0,55 м болғаны анықталды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының қола дәуірі обалы тобындағы №1, №2 обаларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері.

Ақтерек қорымының қола дәуірі обалы тобының № 1 обасы:

№ 1 оба, Ақтерек қорымының қола дәуірі обалы тобының оба № 1 диаметрі 12x4 м, биіктігі 0,2 м. Обаның үйіндісі ұсақ тас аралас топырақтан үйіліп жоғарғы жағын жусан, мыңбас секілді шөптер басып кеткен. Обаның үйіндісі топырақтан тазартылған соң, обаның оңтүстік шетінен өлшемі: 6x2,50 м келетін қазба орны салынып 0,15 м-ге тереңдетілді, топырақтан тазарту барысында ұсақ тастар алынды. Қазба орнын 0,35 м-ге тереңдету кезінде жалпақ тастарды жерге жартылай батырып орнатқан қоршау түрінде болып келген конструкция анықталды. Тас қоршаулардың пішімі әр түрлі, сопақша, дөңгелектеу, тіктөртбұрышты, кейде шаршы (квадрат) түрінде де кездеседі. Әдетте, қоршаудың орта шенінде қабір болады. Осы конструкцияны топырақтан тазарту барысында қабырғалары кішігірім жалпақ тастардан қаланған тас сандық сияқты қабір орнындары анықталды. Тас сандық үсті (беті) екі-үш жалпақ тастармен жабылуы болу керек еді, біздің жағдайда жабулары болмады. Аталмыш тас сандықтарды топырақтан тазарту кезінде ешқандай заттай табыстар анықталмады.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей ескерткішті алдын-ала болжам бойынша қола дәуіріне жатқызуға болады, сонымен қатар айта кететін мәселе аталмыш оба ертеректе тоналып кетсе керек, өйткені тас сандықтардың беттерін жабатын жабулары болмады және ешқандай археологиялық заттар табылмады. Обадағы қазба жұмыстарынан кейінгі қазба орнының жалпы көлемі; 6x2,50 м, тереңдігі 0,50 м болғаны анықталды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

Ақтерек қорымының қола дәуірі обалы тобының № 2 обасы:

№ 2 оба, Ақтерек қорымының қола дәуірі обалы тобының оба № 2 диаметрі 7 м, биіктігі 0,3 м. Оба үйіндісі топырақпен ұсақ тастан үйілген. Обаның үйіндісі топырақтан тазартылған соң, оба ортасына өлшемі: 3x3 м келетін қазба орны салынып 0,30 м-ге тереңдетілді, топырақтан тазарту барысында ретсіз орналасқан ірі тау тастарыда алынды. Қазба орнын 0,25 м-ге тереңдету кезінде көр шұқырының іздері анықталды. Өлшемі 2,10x0,65 м, болатын көр шұқыры шығыс-батыс бағытымен орналасқан. Көр шұқырын топырақтан тазарту барсында 0,30 м тереңдіктен шұқырдың мәдени қабаттарынан өртенген сүйек фрагменттері табылды. Көр шұқыры еденіне дейін топырақтан тазартылды. Аталмыш обадан басқа ешқандай заттар табылмады. Бұл жерде айта кететін жайт, обаның Ақтерек қорымының оңтүстік тобының № 3 обасына конструкциясы және жерлеу дәстүрі ерекшеліктері жағынан өте ұқсас келеді.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей ескерткішті алдын-ала болжам бойынша қола дәуіріне жатқызуға болады, сонымен қатар айта кететін мәселе аталмыш оба ертеректе тоналып кетсе керек, өйткені өртенген сүйек фрагменттерінен басқа ешқандай заттар табылмады. Негізі өртенген сүйектердің жоғарғы мәдени қабатына, ғұрыптық жерлеу дәстүрі бойынша қыш ыдыстар қоюлы болу керек еді. Обадағы қазба жұмыстарынан кейінгі көр шұқырының жалпы көлемі; 2,10x0,65 м, тереңдігі 0,60 м болғаны анықталды. Аталмыш обада рекультивациялық жұмыстар жүргізілді.

№	Табылған жері	Ыдыс түрі
1.	Ақтерек қорымының оңтүстік тобы, оба №1. КП 27922/29	
2.	Қарғалы I қорымы, I жерлеу орны. Алматы облысы. Б.з.д. III ғ. - б.з. III ғ. КП 24409/1	
3.	Алматы облысы, Майбұлақ IV қорымы, топ 2, оба 3, жерлеу орны 2. Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ. КП 24408/12	
4.	Қызылсу қорымы, оба №4. Оңтүстік Қазақстан облысы. Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ. КП 27845/2	

№	Табылған жері	Артефактілер
1.	Ақтерек қорымының оңтүстік тобы, оба №1. КП 27922/30	
2.	Төменгі Каменка қорымы, жерлеу орны 1, оба 4, Алматы облысы. Б.з.д. IV-III ғғ. КП 24427/1/2	
3.	Төменгі Каменка қорымы, жерлеу орны 1, оба 5, Алматы облысы. Б.з.д. IV-III ғғ. КП 24433/1	

№	Табылған жері	Заттың түрі
1.	Ақтерек қорымының солтүстік тобы, оба №1 КП 27922/1/2	
2.	Кудыргэ қорымы. Таулы Алтай. Б.з. VI - VII ғғ.	
3.	Бике III қорымы, қоршау 15. Таулы Алтай. Б.з. VI - VII ғғ.	
4.	Кызыл-Таш қорымы, қоршау 1. Таулы Алтай. Б.з. VI - VII ғғ.	

Археологиялық зерттеулердің ақпараттылығын жоғарылату – далалық зерттеулерден бастап теориялық жиынтықтауға дейінгі олардың барлық уақытында өзекті мәселе болып табылады. Археологиялық нысандар туралы ақпарат жетімсіздігі өте ерте заманнан деректерді анықтау секілді жалпыға мәлім қиындықтарға ғана байланысты емес. Қазба барысында алынған материалдардың әр түрлілігі әр түрлі ғылыми сала мағлұматтарын ескере отырап, оларды сан жақты өңдеуді талап

етеді. Әр түрлі әдістемелерді біріктіру қажеттілігі осындай зерттеулерді ұйымдастыру мәселелерінің туындауын топшылайды.

Бір мәдени қабаттан байқалған антропологиялық материалдар және артефакттардың зерттелгенділік дәрежесі арасындағы үйлеспеушілік осы пайымдауды растайтын мысал болып табылады. Бірыңғай археологиялық мәнмәтінмен байланысқан осы материалдар тұлғалық сипатта айтарлықтай бөлінеді, бұл тек қазба және консервация әдістемелерін ғана емес, сонымен қатар аналитика тәртiптерiнiң әмбебап әдістемелерін өңдеуде қиындықтар туындатады. Археологиялық және палентологиялық әдістердің пайдалы үйлесімі археологиялық ескерткіштерді зерттеу практикасына ертеден енгеніне қарамастан, айтып отырған үйлеспеушілік көптеген археологиялық құрылымдарда байқалады.

Ежелгі қоныстардан және қорымдардан алынған остеологиялық материал сипаттамасы көбінесе түрін анықтаумен және затты пайдалану жайында талдаумен шектеледі. Антропологиялық материалды тереңірек зерттеу қазба жұмыстарының ақпараттылығын айтарлықтай жоғарылатады.

Сонымен қатар Ақтерек және Сұлуқоян шатқалдарының орта тұстарының оң жақ тау жартастарынан шекілген бірнеше композициялы петроглифтер анықталды. Аталмыш петроглифтер композициясын негізінен тау текелерімен қатар мүйізді бұқалар және аң аулау көріністері құрайды. Екі шатқалда орналасқан петроглифтердің жалпы саны 300-ден астам және шеку тереңдіктерінде шамалас 0,2-0,4 см болады [20, 137-140 бб.].

Қорыта келе айта кететін болсақ аталмыш алқапта орналасқан қорымдарда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында 8 обада қазба жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде алдын ала болжам бойынша солтүстік тобтың екі обасынан табылған артефактілер мен жерлеу ерекшеліктерін ескере отырып түркілер уақытымен кезеңделсе, оңтүстік тобының бірінші обасы ерте темір дәуірінің үйсіндер уақытымен кезеңделді.

Палеоодонтологиялық анықтама (т.ғ.к. Сихымбаева К.Б.)

ҚР МОМ-ның 2014 жылы ұйымдастырған далалық маусым қазбаларынан табылған ААЭ-ның Ақтерек тобының (жетекшісі Х.А. Айтқұл) тапсырған палеантропологиялық материалдарды зертханалық өңдеу және алдын ала одонтологиялық анықтау бойынша анықтама. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде сақталу дәрежесі әр түрлі 2 адамның бас сүйектері қарастырылады [21, 137-140 бб.].

Ақтерек қорымының солтүстік тобы, № 2 оба.


Адамның бас сүйегі. Қазба жұмыстарынан табылған бас сүйек өте нашар сақталған. Төменгі жақ сүйегі жоқ. Сондай-ақ, бет бөлігінен бірнеше бөліктерге сынған жекелеген бөлшектері табылды. Жоғарғы жақ сүйегінде сол және оң жақ бөліктерінде бірінші және екінші (M^{1-2}) үлкен азу тістер ғана сақталған, қалған тістер жоғалған. Тістердің эмаль қабатының қажалу дәрежесі және морфологиялық ерекшеліктері 15-17 балиғат жастағы адам екендігін білдіреді. Таксономиялық маңызы зор одонтологиялық анықтамалар бойынша антропологиялық типі (еуропеоидты-монголоидты) болып келген. Бірақ, еуропеоидтық компоненттері басым. Бұған дәлел бірінші үстіңгі үлкен азу тістегі Карабелли төмпешігі болуы (Сага 2-5), екінші үстіңгі үлкен азу тістегі гипоконус редукциясының болуы (hu 3), эмаль ойығының жоқтығы дәлел бола алады. Сонымен қатар, бірінші үстіңгі үлкен азу тістің одонтоглификалық белгілерінен бірінші үстіңгі үлкен азу тісте эоконус төмпешігінде Ieo (3) вариантының кездескендігін айта кеткен жөн. Өкінішке орай, төменгі тістер жоқ. Моңғолоидтық компоненті өте аз ұшырасады, тек бірінші үстіңгі үлкен азу тісте Ieo (3) вариантты ғана айтуға болады. Осы белгі «шығыстық» одонтологиялық бағыт популяциясын айқындайды.

Ақтерек қорымының солтүстік тобы, № 1 оба.



Адамның бас сүйегі. Бас сүйектің сақталуы орташа, төменгі жақ сүйегі бар. Бас сүйек пішіні брахикранды болып келген. Түркі дәуірінде бас сүйектің бұл пішіні өте жиі кездеседі. Жоғарғы жақ сүйегінде сол және оң жағындағы кіші азу тістер (p^{1-2}) және үлкен азу тістері ($M_{1-2,3}$) сақталған. Төменгі жақ сүйегінде сол жағындағы ит (C) тістен басқа тістердің бәрі сақталған. Ол тіс қайтыс болғанан кейін жоғалуы мүмкін. Тістердің эмаль қабатының қажалу дәрежесі 2-3 балды құрайды. Кейбір морфологиялық анықтамалар және тістердің эмаль қабатының қажалғандық көрсеткіші бас сүйек 20-25 жастағы ер адам екенін байқатады. Тістердің біршама морфологиялық ерекшеліктері зерттеліп отырған бас сүйектің антропологиялық типі еуропеоидты екенін аңғартады. Бірақ кейбір краниологиялық анықтамалары (мұрын құрылысы) шамасы моңғолоидтық элементтердің барлығын дәлелдейді. Бас сүйектің антропологиялық типінде еуропеоидтік компоненттердің басымдығы мынандай одонтологиялық анықтамалар: төменгі күрек тістерде ернелену пішіні ($I_1 I_2$), төменгі үлкен азу тістерде тригонидтің дистал жолы (DTC), тізе бұрыш қатпары (DW), эмаль ойығы, төменгі азу тістердің алты

төмпешікті пішіні (M_{223}) мүлдем кездеспегені дәлел бола алады. Сонымен қатар одонтоглификалық анықтамадан төменгі бірінші үлкен азу тістің метаконид төмпешігіндегі 2 мед (II) вариантының екінші фиссурада аяқталуы да аталмыш бас сүйектің типі еурпеоидты екенін толықтырады.



1. Рыков П.С. Работы в совхозе «Гигант» (Караганда) // «Известия ГАИМК». – М.-Л., 1935. Вып. 110. – 40-68 бб.
2. Максимова А.Г. Предметы эпохи ранних кочевников в Центральном музее Казахстана (Алма-Ата) // Труды ИИАЭ т. 1, – 1956. – 253-261 бб.
3. Бернштам А.Н. Основные этапы истории Семиречья и Тянь-Шаня // СА, т. XI. – 1949. – 337-384 бб.
4. Толстов С.П. По древним дельтам окса и Яксарта. – М., 1962. – 333 б.
5. Кадырбаев М.К. Некоторые итоги и перспективы изучения археологии раннежелезного века Казахстана // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата: «Наука», 1968. – 21-36 бб.
6. Қазақстан тарихы. I-том. – Алматы: «Атамұра», 1996. – 21 бет.
7. Бейсенов А.З. Тасмола зерттеулері. Талды-2: Сарыарқа сактарының патша қорымы // «Мыңжылдықтар куәлері: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991-2011)» Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы. 2011. – 175-176 бб.
8. Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. – Л.: ЛГУ, 1984. – 174 с.
9. Амброс А.К. Стремена и седла раннего средневековья как хронологический показатель (IV-VIII вв.). // СА. – 1973. № 4. – 81-98 бб.
10. Савинов Д.Г. К проблеме происхождения металлических стремян в Центральной Азии и Южной Сибири. // Актуальные проблемы сибирской археологии. – Барнаул, 1996. – 16-20 бб.
11. Кызласов Л.Р. Тува в период Тюркского каганата (VI-VIII вв.) // ВМГУ. 1960. №1. Сер. IX: Исторические науки. – 51-53 бб.
12. Кищенко В.Г. Стрелы древних и средневековых культур Евразии: реконструкция. Домонгол. 2010. – 104 б.
13. Савинов Д.Г. Сросткинский могильник (раскопки М.Н. Комаровой в 1925 г. и С.М. Сергеева в 1930 г.) // Древности Алтая. – Горно-Алтайск, Вып. 3. 1998а. – 175-190 бб.
14. Савинов Д.Г. Кудыргинский предметный комплекс на Северном Алтае (по материалам Осинкинского могильника) // Памятники древнетюркской культуры в Саяно-Алтае и Центральной Азии. – Новосибирск, 2000. – 170-177 бб.
15. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. СПб: 2005. – 346 б.
16. Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті: археологиялық коллекция. Ғылыми каталог. – Алматы, 2009. – 361 б.
17. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің археологиялық коллекциясы: сактар мен үйсіндер. Ғылыми каталог. Өнер. – Алматы, 2011. – 150-164 бб.
18. Акишев К.А. Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата, 1963. XI. Таблица. – 30-31 суреттер.
19. Максимова А.Г. Погребальные сооружения скотоводческих племен // Археологические исследования на северных склонах Каратау. – Алма-Ата, 1962. – 100-102 бб. Сур 3.
20. Мирзабаев А.С. Наскальные изображения Актерек (Семиречье) // Проблемы изучения наскальных изображений в СССР. – Москва. 1990. – 137-140 бб.
21. Сихымбаева К.Б. ҚР МОМ-ның 2014 жылы ұйымдастырған далалық маусым қазбаларынан табылған ААЭ-ның Актерек тобының (жетекшісі Х.А. Айтқұл) тапсырған палеантропологиялық материалдарды зертханалық өңдеу және алдын ала одонтологиялық анықтау бойынша анықтама.



Актерек қорымы



Сызба 1.



Сызба 2.

Омаров Ғ.Қ., Сапатаев С.А., Сагындыкова С., Куркеев Е.М.

ОҢТҮСТІК-БАТЫС АЛТАЙДАҒЫ 2015 ЖЫЛҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ*

Еліміздің шығыс аймағындағы қасиетті Алтай тауларының сілемдерінің қойнауы сонау бағзы замандардан-ақ сан алуан ғажайып ескерткіштерге толы өлке. Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері хронологиялық жағынан ерте темір және түркі дәуірі ескерткіштері болып мерзімделеді. Ғылыми зерттеудің негізгі бір бағыты аталған өңірдің және көршілес жатқан аймақтардың этноқайнар көздерімен бірге көне мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты анықтау негізінде құрылып,

пәнаралық байланыстар нәтижесінде өткен жылдың өзінде-ақ біршама бағамды қорытындылар жасалды. Кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер аталған өлкедегі көне мәдениеттердің дамуы мен басталуын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл мәдениеттердің әрқайсысынан қалған айқын белгілер бізге таңғажайып мол ескерткіштер түрінде жетіп отыр.

Оңтүстік-Батыс Алтайда бағытты түрде археологиялық зерттеу шаралары XX ғасырдың екінші ширегінде басталып, одан кейінгі уақытта С.С. Черников, Ә.М. Оразбаев, Ф.Х. Арсланова, З.С. Самашев, А.А. Тишкин, Ғ.Қ. Омаров, Ғ.А. Куш және т.б. ғалымдардың жалғастырғаны белгілі.

Еңбек және тұрмыс құрал-жабдықтарының ұқсастығы, шаруашылығы мен діни сенімдері, жерлеу құрылыстарының дамуындағы ерекшеліктер мен ортақ белгілер қола, ерте темір дәуірі тіпті түркі кезеңі мәдениеттерінің түбірінің бір, өзара сабақтастығының тамыры тереңде жатқандығын көрсетті. Атап айтқанда ерте темір дәуіріндегі Алтай ескерткіштерін жасаушылар қола дәуірінде өмір кешкен тайпалардың тікелей мұрагерлері екендігі дәлелдене түсті. Олардан қола дәуірі кезеңдерінің өзара байланыстары мен жүйелі хронологиялық дамуы жақсы көрінеді. Демек, Алтайлық ерте сақ мәдениетінің қола дәуіріндегі мәдениеттердің қарапайым түрінен, күрделі, жетілген сатысына өткен заңды жалғасты жетістігі деп қорытындылауға мүмкіндік береді. Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілеріне байланысты мәселе теориялық, тарихнамалық, этнографиялық және нақты материалдар негізіндегі сипаттамалық-талдау материалдары арқылы жасалды [1]. Алдыңғы жылы Қара Ертістің оң жағалауында VIII-X ғасырларда қимақтардың өмір сүргендігі нақты археологиялық материалдар арқылы дәлелденіп отырса [2], ал 2015 жылы осы уақытпен мерзімдес Он оқ, Түргеш (VIII-IX ғасырлар) дәуіріне жататын көне түрік мәтінінің табылып, лингвист ғалымдар тарапынан оқылып, таңба-графикалық ерекшелігі бойынша Талас ескерткіштеріне жақындығының анықталуы да былтырғы жылғы үлкен жаңалықтардың бірі де бірегейі [3].

Өткен жылғы жұмыстар нәтижесінде алынған жаңа деректік материалдар біздің Шығыс Қазақстанның көне мәдениеттері жайлы түсінігімізді біршама толықтыра түсті [4]. Осы орайда Алтай тауларының баурайындағы әр дәуір ескерткіштерінің ерекшелігі анықталды. Қарастырып отырған өлкедегі ерте темір және түркі дәуірі ескерткіштері көршілес аймақтардағы хронологиялық шеңбері бір мәдени ошақтармен теориялық жағынан салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

2015 жылы зерттелінген Қабырғатал қорымы Боран – Күршім тас жолынан солтүстік-шығыс бағытта 7 шақырым, Егіндібұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 13 шақырым жерде орналасқан. Нысан аталған фермадан шығысқа қарай 700 м жерде. Қоршаудан оңтүстік-батыс бағытта 400 м жерде бұлақ ағып шығады (сурет 1). Нысанның оңтүстік-шығыс бөлігінен 1 м қашықтықта Теріскей Бөкенбайға баратын дала жолы жатыр. Зерттеу нысаны орналасқан аймақ Алтай тауларының Зайсан қазаншұңқырымен астасатын жоталы-қыратты бөлігі. Қоршау жотаның етегінде, теңіз деңгейінен 595 м биіктікте. Биіктігі 0,2 м шамасында (сурет 2). Қорған өлшемі: ШБ – 6,5 м, ОС – 7,4 м, тік төртбұрышты етіп тұрғызылған. Қоршаудың солтүстік-шығыс бұрышында төрт қырлы сынтас тұр. Сынтастың жер бетіндегі биіктігі 30 см шамасында, ал толықтай жер астынан шыққандағы биіктігі 1 м жуық, сынтастың жер астындағы бөлігінің жартысы бүлініп, ажырап кеткен. Оның ерте кезде орналастырылғаны көрініп тұр. Сынтастың жоғарғы жағы сүйірлене арнайы қашалғаны аңғарылады.

№1 қоршаудағы жерлеу орнынан әртүрлі деңгейден адамның қаңқа сүйектері шашыраңқы кездесіп отырды. Бұл жерлеу орнының ертеректе, сол заманның өзінде-ақ тоналып кеткеніне көз жеткізгендей. Қабір шұңқырынан 1 м тереңдіктен малдың тоқпан жілігін кесіп жасалған бұйым табылды (сурет 2). Жіліктің домаланып келетін кемікті ұшының ең ұшар басын 1,2-1 см қалыңдықта кесіп жасаған. Формасы ұршықтың басына келеді. Сақталған диаметрі 5,2 см, ортасындағы тесігінің диаметрі 0,9-1 см (сурет 3). Аталған бұйымнан басқа қорғанның нақты мерзімделу уақытын анықтайтын ешқандай дерек табылмады.

Қабырғатал 1 қорымындағы № 2 қоршау осы аттас ферманың солтүстік-шығысынан 400 м шамасында, бұлақтан оңтүстікке қарай 200 м жерде орналасқан. Қоршаудың сыртқы құрылысы шаршы іспеттес. Өлшемі: ОС – 6,5 м. ШБ – 6,1 м. Солтүстік жағының тіреу тастары түгелдей алынып кеткені анықталды. Жерлеу орнының өлшемдері: ШБ бағытындағы қабір шұңқыры 1,6 м, СО бағытындағы қабір шұңқыры 1,5 м. Қабір шұңқырының әр бөліктерінен шашыраңқы түрде адам тістері мен қатты бүлінген сүйек қалдықтары табылды. Адамның қаңқасының кейбір сүйектерінен басқа дерек беретін материал табылмады. Жерлеу шұңқырының табаны (тереңдігі) 0,9 м, ені 1,2 м. Қазылған екі қоршаудың сыртқы құрылысы мен ішкі құрылымдарына қарап қалдын ала мерзімдеуіміз бойынша соңғы қола уақытында тұрғызылуы мүмкін.

Еңбек қорымы № 1 қорған. Зерттеу нысаны Қалғұты ауылына қарасты Еңбек ауылынан солтүстік бағытта 4 шақырым жерде. Қалғұты өзені мен тау шатқалының ортасындағы алаңқайда, тау етегіндегі тастақты аумақта орналасқан (сурет 4). Бұл террасада бұдан басқа да бірнеше жерлеу орындары бар, біздің зерттеу нысанымыз көлемі жағынан үлкендерінің бірі. Өзеннің оң жағалауынан солтүстікке қарай 40 м шамасында жайғасқан. Қорғанның шығыс тұсынан 5 м жерден дала жолы өтеді. Теңіз деңгейінен 574 м. Қорғанды тұрғызуға жақын маңдағы таудың жақпарлы гранит тастары пайдаланылған. Өйткені қорған тау етегінің шығыс тұсында 7 м жерде тұр. Қорғанның өлшемдері: БШ – 9 м, СО – 10,9 м. Қорған қазбаға дейін тік төртбұрыш пішіндес болып көрініп жатты. Нысаннан оңтүстік-батысқа қарай 10 м аралығында 2 құрбандық шалу орны бар, екеуінің арасы 1 м. Құрбандық шалу орындары да шеңбер пішіндес болып, әрқайсысы 8 тастан тізілген. Шеңбердің диаметрі 1 м. Құрбандық орны тікелей біздің зерттеу нысанымызға қатысты. Өйткені жақын маңдағы басқа жерлеу орындарынан алыстау.

Құрылысқа бірыңғай тас қолданылған (сурет 5). Екінші қабатты ашу барысында тастармен тығыз бекітілген қабір шұңқыры анықталды. Қабір шұңқырының көлемі СО бағытта 1,6 м, ШБ қарай 2,5 м. Жерлеу шұңқырынан 0,4 м тереңдіктен оң жақ қырымен жатқызылған адамның қаңқасы табылды. Қаңқа топырақ қабатынан толықтай ашылды. Басы оңтүстік-батысқа қаратылған. Қаңқа орташа деңгейде сақталған. Бас сүйектің сол жақ беті мыжылып кеткен. Қаңқаның оң жақ аяғының тізе тұсы дұрыс сақталмаған, тастармен бастырылып қалған болуы керек. Қалған қабырға, аяқ, қол сүйектері сақталған. Сүйекке қарап жерленген адам болжамды түрде 20 жасар ер адам. Қаңқа бойы шамамен 1,70 см (сурет 6). Жанынан мерзімдеуге дерек бола алатын заттар табылмады. Соңында қорған алғашқы калпына келтіріліп, рекультивация жұмыстары жасалды.

Өткен жылғы атқарылған жұмыстардың қысқаша қорытындыларына тотала кетейік. Оңтүстік-Батыс Алтай тауы баурайларынан археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде қола дәуірінен бастап, көне түркі кезеңіне дейінгі ескерткіштер анықталып, олар нақты орындарының координаталары бойынша картаға түсірілді. Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілерінің бастау қайнар көзі – қола дәуірінің ескерткіштері де сол жерден кездейсоқ табылған сына жазуы бар тас жәдігерге және сыртқы құрылысы қазбаға дейін түркі қоршауына ұқсас болғандықтан да қазба жұмыстары жүргізіліп, зерттелді. Жаңадан ашылған Еңбек қорымындағы бір қорған түркі дәуірінікі екендігі археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде анықталды.

Оңтүстік-Батыс Алтайдың ерте сақ кезеңінің «аң стилі» мәнеріндегі өнері туралы туралы соңғы жылдары тыңнан табылған жәдігерлер негізінде ой қорытылып, тұжырымдалды [5]. Қара Ертіс бойындағы VIII-X ғасырлармен мерзімделетін кимақ қорғанынан алғаш рет табылған жылқы әбзелдерінің құрамындағы үзеңгіге кеңінен тоқтала отырып, Корея, Жапония және көршілес орналасқан мемлекеттер аумағынан табылған үзеңгілердің зерттелуіне байланысты мағлұматтар жинақталды. Жобаны орындау барысында биылғы жылы алға қойылған міндеттер мен мақсаттар толық орындалды. Соның нәтижесінде Күршім тарихи-мәдени аймағындағы жаңадан ашылған археологиялық ескерткіштердің саны анықталып, географиялық координаталары бойынша картаға түсірілді, жоспары сызылды. Алтай бөктерлеріндегі археологиялық ескерткіштерден табылған сақ дәуірінің ерте кезеңі – майемер мәдениетіне жататын металдан жасалған артефактілердің химиялық құрамы алғаш рет анықталып отыр. Металдан жасалған ат әбзелдерінің беткі қабаты елімізде алғаш рет тестілеуден өтті. Алтай тауларындағы хунну-сяньбий-жужан уақытына жататын қорғандардан табылған жылқы сүйектері РФ зертханалардан радиокөміртектік саралаудан өтті [6].

Оңтүстік-Батыс Алтай өлкесіндегі археологиялық ескерткіштерді табысты зерттеу (шығу тегі мәселелері, семантикасы т.б), мәліметтерді әлеуметтік мәдени үлгілеуге қолдану үшін деректемелік қорды мәнді түрде кеңейту мен жаңа нысандарды кең көлемде қазып, зерттеу қажет. Оның үстіне осы өлкедегі аса ірі патшалық обалар қазіргі күннің өзінде-ақ тонаушылар тарапынан бұзылып, құртылуда [7].

Көне дәуірлер тарихын зерттеудің дәл осындай бағыты мен мөлшері қазіргі таңда әлі де жалғастыруды қажет етеді. Бұл біздің биылғы жылы басталып, болашақтағы жоспарланған зерттеулеріміздің нысандары болып табылады.

1 Омаров Ғ.Қ. Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу /Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп. – Алматы, 2015. – 127 б. Инв.№ 0215РК01519.

2 Омаров Ғ.Қ., Сапатаев С.А. Қара Ертіс жағалауынан табылған ортағасырлық ат әбзелі // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. Тарих және әлеуметтану-саясаттану сериясы. – № 2. – Алматы, 2015. – 174-180 бб


3 Омаров Ғ.Қ., Базылхан Н. Шығыс Қазақстан облысы Қабырғаталдан жаңадан табылған көне түрік бітік жазулы ескерткіш туралы (алғашқы талдау) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №6(68), 2015.

4 Омаров Г.К. Новые археологические памятники Юго-Западного Алтая // VI Международная научная Конференция «Древние культуры Северного Китая, Монголии и Байкальской Сибири» (12-16 октября 2015 года, г. Хух-Хото) КНР. –Т.2. – 592-599.

5 Омаров Ф.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте сак заманының «аң стилі» // Всадники Великой степи: традиции и новации. Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2015. – 202-208 бб.

6 Тишкин А.А., Серегин Н.Н., Матренин С.С. Результаты радиоуглеродного датирования конских костей из курганов Алтая хуннуско-сяньбийско-жужанского времени // Казахское ханство в потоке истории. – Алматы: Ин-т археологии им. А.Х. Маргулана, 2015. – С. 599–614.

7 Омаров Ф.Қ. Бесоба қорғандары – Алматы:Қазақ университеті, 2015. – 29 бет.




Сурет 1 – Қабырғатал қорымының топографиялық жоспары



Сурет 2 – Қабырғатал қорымындағы 1 қоршаудың көрінісі,



Сурет 3 – 1 қоршаудың қабір шұңқырындағы сүйек бұйымның ішкі және сыртқы беттері



Сурет 4 – Еңбек 3 қорымының топографиялық жоспары



Сурет 5 – Еңбек 3 қорымындағы 1 қорғанның шеткі тұғыр тастарының көрінісі



Сурет 6 – Еңбек 3 қорымындағы 1 қорғанның қабір шұңқыры

ҚЫРЫҚҮҢГІР ҚОРЫМЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ

2014-2015 жылдардың жазғы маусымында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Шыңғыстау археологиялық экспедициясы» Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының территориясында өз зерттеулерін жалғастырды. Шыңғыстау өңірінде көне тарихымызды түгендейтін археологиялық экспедициялар осы уақытқа дейін тек бір бағытта немесе шағын топтардан тұратын зерттеушілердің қазбаларымен жүргізіліп келген болатын.

Археологиялық және этнологиялық кешенді зерттеулердің басты бағыты өңірдің көне тарихы мен жергілікті жерде қалыптасқан археологиялық мәдениеттердің ерекшелігі, сондай-ақ өңір халқының этногенезі мен этникалық тарихына қатысты мәліметтер жинау болды. Зерттеудің келесі бір бағыты этнологиялық зерттеулер барысында халықтың әлеуметтік жағдайы мен шаруашылық негізі, топонимикасы, тарихи маңызды ескерткіштері арқылы кластерлі туризм бағытын дамытудың алғы шарттарын қалыптастыру болды. Осы бағыттар бойынша зерттеулер бастамасы нәтижесіз де болған жоқ. Шыңғыстау жерінде ғылыми тұрғыда зерттеулер азды-көпті болғанмен олардың дені Сарыкөл төңірегінде жүргізілді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдерде белгілі ғалым Әбусағит Жиреншиннің бастамасымен өлкетанушылық экспедициялар және Алматыдағы Орталық мемлекеттік музейдің қызметкері Л.К. Нифонтованың, Ленинградтық ғалым С.С. Черниковтардың барлау жұмыстары нәтижесінде Сарыкөл ескерткіштері тізімге алынды. Кейіннен 1980 жылдардың аяғында осы өңірдің тумасы Ә.М. Оразбаев осы Сарыкөл ескерткіштерін көріп сол маңнан бірнеше обаға қазба жүргізеді [1, 87-127 бб.], [2, 230 б.], [3, 37-86 бб.].

Тәуелсіздік кезеңінен кейін бұл өңірлерде Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің экспедициялары бірнеше маусым зерттеулер жүргізіп әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің археологтары Ә.Т. Төлеубаев, Ғ.Қ. Омаровтарды ат салыстырған болатын. Бұл экспедиция құрамында Семейлік тарихшы ғалым Амантай Исин және жергілікті әуесқой өлкетанушы Кәкен Шылғаубаевтармен бірге Семей университетінің бір топ студенттері ат салысты. Осы зерттеулерге әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің археологтары қатарында мақала авторы да ат салысқан болатын.

Осы зерттеулер барысында Сарыкөл маңынан біршама қомақты археологиялық жәдігерлер табылып ол жөнінде Амантай Исин бірнеше мерзімді басылымға мақалалары мен еңбегін жарыққа шығарды.

Кейіннен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында белгілі археолог Зейнолла Самашевтің жетекшілігімен «Шыңғыстаудың түркі дәуірі ескерткіштері» атты жобамен үш жыл зерттеулер жүрді. Ол зерттеудің қазба жұмыстарын Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының жас ғылыми қызметкері Ерден Оралбай жүргізді.

Алайда осы жоғарыда көрсеткен шағын тізімнің барлық зерттеушілері Шыңғыстаудың оңтүстік сыртындағы Сарыкөл маңы ескерткіштерін зерттеумен шектелді. Нақтылап айтқанда 10 шақырымдық радиусты қамтитын шағын зерттеулер мен барлаулар Шыңғыстаудың көне тарихи- мәдени ерекшелігін айшықтап бере алмасы анық.

Осындай бағытты зерттеулердің сыртында бүгінгі күні өз бетінше қазына іздеу мақсатында археологтардың атын жамылып тонаушы топтардың көбейуі қынжылтады. Туған жердің тарихын көздің қарашығындай қорғап оны барша ел болып жұмыла сақтау ісі бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі.

Соңғы екі жылдың көлемінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің археологиялық және этнологиялық экспедициясы Шыңғыстау өңірінде толық барлау жұмыстары мен қазба зерттеулерін жүргізуде. Осы уақытқа дейінгі барлық ақпараттарды қамти келе тас дәуірінен бастап, қола, ерте темір, түркі кезеңдерінің 270 тен астам кешенді ескерткіштері тізімделді. Сонымен бірге Олжай ауылының жер әкімшілігіне қарасты Қаракемер қойнауында, Тоқтамыс ауылының маңынан Айтуған, Қырықүңгір қорымдарында және Құндызды ауылының әкімшілігіне қатысты Суықбұлақ, Баймағұл қорымдарына қазба жұмыстары жүргізілді.

Солардың бірі, қола дәуірінен бастап орта ғасырларға дейінгі ескерткіштерден тұратын - Қырықүңгір жерлеу кешені.

Қырықүңгір жерлеу кешені – Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс батыр (Бестамақ) елді мекенінен солтүстікке қарай 2 км жерде, екі мұсылман зиратының арасында жатыр. Қырықүңгір

тауынан батысқа қарай 350 метр жерде Шаған өзенінің сол жағалауындағы екінші террасада орналасқан. Таудың «Қырықүңгір» деп аталуы тау беткейінде көптеген үңгірлер орналасуында, соған байланысты қазақтың «қырық» және «үңгір» деген сөздерінің бірігуіне байланысты аталған.

Қырықүңгір жерлеу кешенінде бір шаршы шақырым аймақта орналасқан қола, ерте темір және түркі дәуірінің ескерткіштері кездеседі. Оңтүстік - шығыстан солтүстік – батысқа қарай созылып жатқан қорымда құрамында 100-ге жуық ескерткіштер анықталды. Ескерткіштердің негізгі бөлігін қола дәуірінің қоршаулары құрайды сонымен қатар, соңғы қола дәуірінің құрылысы күрделі болып келетін қоршаулары мен обалары, ерте темір дәуірінің қорғандары және түркі кезеңінің қоршаулары. Осылардың ішінде өлшемдерімен ерекшеленіп тұрған биіктігі 3-4 метр, диаметрі 35-40 метрді құрайтын ерте темір дәуірі қорғандары және биіктігі 2,5 метрді құрайтын пішіні тік төртбұрышты болып келетін соңғы қола дәуірінің қорғаны орналасқан.

Археологиялық қазба жұмыстары әр кезеңге жататын төрт ескерткішке жүргізілді. Олар: сақ дәуірінің мұртты обасы және қола дәуірінің үш қоршауы.

«Мұртты» оба – қорымның солтүстік шығыс бөлігінде жекелеу орналасқан. Қазба жұмыстарына дейін қорған тас және топырақ араласқан пішіні дөңгелек үйінді тәріздес болды. Өлшемдері: диаметрі оңтүстіктен солтүстікке қарай 11м, шығыстан батысқа 12 м, биіктігі 0,5 м. Мұрттың ұзындығы : солтүстік мұртының ұзындығы – 47,5 м, оңтүстік мұртының ұзындығы - 41,7 м, солтүстік мұртының ені – 3 м, оңтүстік мұртының ені – 2,5 м.

Қорғанның беткі бөлігіне тазалау жұмыстарын жүргізгеннен кейін орталық нүктеден оңтүстік – шығысқа қарай жер бетінен 0,3 м тереңдікте жылқының шашылған сүйектері табылды. Қорғанды тазалау жұмыстары біткеннен соң басқа құрылымдық ерекшеліктер байқалмады. Қорғанның орталық бөлігінен оңтүстік-батысқа қарай 1,5 метр жерден, жақсы сақталған қалпында жылқы сүйегінің алдыңғы бөлігі табылды. Сүйек қалдықтарының орналасуына қарағанда жылқының алдыңғы екі қол бөліктерін шығысқа бағыттап көмген.

Қазба жұмыстары барысында мұртты обаның мұртшаларының әр бөліктерінен от орындары мен күл қалдықтары көптеп кездесті. Солтүстік мұртшаның шығыс жақ басынан бүтін күйінде сақталған тігінен тұрған қыш ыдыс табылды. Қыш ыдыстың формасы мен ернеуіндегі батырылып салынған өрнектеріне қарап ерте темір дәуірінің соңғы ширегіне жатқызуға болады.

Мұртшаның басқа да бөліктерінен шашылып табылған қыш ыдыс сынықтары кездесті.

Біздің пайымдауымызша мұртты кешеннің негізгі обасынан адам сүйектерінің кездеспеуі мен бірге от орындары, қыш ыдыс сынықтары мен жылқы сүйектеріне қарап сол дәуірдің ғұрыптық кешенді құрылысы болған деп жорамал жасауға болады.

№ I қоршау– мұртты қорғаннан оңтүстік – батыс бағытына қарай 65 м жерде орналасқан, пішіні шаршы тәріздес әрбір қырының ұзындығы 6 м – ге жетеді. Қоршау дөңгелек тастарды жерге қадап орнату арқылы тұрғызылған, тастардың диаметрі 25 – 35 см, жер бетінен 0,4 – 0,5 метр сыртқа шығып тұр. Қазбаға дейін қоршаудың беткі бөлігін қалың шөп басып жатты.

Қоршау толық шым қабатынан тазаланғаннан соң, ортаңғы бөлігінен ұзындығы 3,7 м., ені 2,7 м. құрайтын қабір шұңқырының ізі табылды. Қабіршұңқырды тазалау барысында 0,7 м, тереңдікте таспен қаланып қоршалған құрылыс (циста) анықталды, тас қоршаудың ұзындығы - 2,5 м, ені – 1,7 м, биіктігі – 1 м, құрайды. Қазу барысында тас қоршаудың ішінен ретсіз, шашылған кейпінде адам сүйектері және қыш ыдыстың сынықтары табылды. Қоршаудың батыс бөлігінің қабырғаға жақын жерінде орташа сақталған адамның бас сүйегі табылды. Қоршаудың ішін тазалау барысында материк деңгейінен киіздің қалдықтары табыла бастады. Киіз қалдығының сақталу деңгейі өте нашар. Киіз қалдығының сақталған бөлігінің көлемі 25x10 см болады. Киіздің табылуына қарап жерленген мәйітті киіздің үстіне жатқызған болуы мүмкін. Қоршау кезінде аяусыз тоналған. Жерлеу камерасының ішінен басқа қосымша ешқандай заттар табылған жоқ.

№ II қоршау – қорымның орталық бөлігінде, «мұртты» қорғаннан батысқа қарай 13 метр жерде орналасқан. Қоршау жақпартастарды тігінен жерге қадап орнату арқылы тұрғызылған диаметрі 6,5 м құрайды, тігінен орнатылған жақпартастардың жердің бетінде көрініп тұрған бөлігі 0,15 -0,2 метрді құрайды. Қазбаға дейін қоршаудың беткі бөлігін қалың шөп басып жатты. Қазба барысында оңтүстік – батыстан солтүстік – шығыс бағытына қарай бір тізбек бойында орналасқан 3 тас жәшік табылды. №1 және №2 тас жәшіктердің арасына ортақ, жақпартастан қабырға тұрғызылған.

№ 1 тас жәшік – қабырғалары жерге тігінен қадау арқылы орнатылған 4 жалпақтастан тұрғызылған. Тас жәшіктің өлшемдері: ұзындығы - 1,9 м, ені – 1,1 м, биіктігі – 0,72 м. Тас жәшіктің ішін тазарту барысында 70 см тереңдіктен ретсіз, шашыраңқы түрде орналасқан қыш ыдыстардың сынықтары мен

адамның сүйектері, қоладан жасалған әшекей бұйымдардың қалдықтары табылды. Жәшіктің солтүстік бұрышында еңбек құралдары, ал батыс бөлігінде адам сүйектерімен қатар қола пластиналар табылды. Осы тереңдікте тас жәшіктің оңтүстік – шығыс бөлігінде жиналған түрде 36 асық табылды.

№ 2 тас жәшік – жерге тігінен орналастырылған 3 жақпартастан тұратын қабырғалы жәшіктің оңтүстік қабырғасы № 1 тас жәшікке де ортақ. Тас жәшіктің өлшемдері мынадай: ұзындығы – 1,9 м, ені – 0,9 м, биіктігі 0,7 м. Қазба барысында тас жәшіктің ішінен 70 см тереңдіктен шашыраңқы түрде қыш ыдыстың сынықтары және адам сүйегінің қалдықтары табылды. Жерленген адам сүйегінің жоғарғы бөлігі шашылып қалған екен, ал белден төмен қарай алғаш жерленген кезіндегі, аяқтары бүгілген қалпын сақтапты. Тас жәшіктің оңтүстік – шығыс бөлігінен, жерленген адам аяқтарының қасынан үйілген күйінде 140 дана асықтар табылды.

№ 3 тас жәшік – қабырғасы жерге тігінен орналастырылған 4 жалпақтастан тұрады. Өлшемдері: ұзындығы – 1,4 м, ені – 0,8 м, биіктігі – 0,53 м болатын жәшіктің бетіне тазалау жұмыстарын жүргізген кезде жылқы сүйек қалдықтары табылды. Тас жәшіктің ішін тазалау барысында 0,5 м тереңдіктен қыш ыдыстың сынықтары, шашылған адам сүйегінің қалдықтарынан басқа ештеңе табылмады.

№ III қоршау - қорымның орталық бөлігінде, «мұртты» қорғаннан батысқа қарай 28 м жерде орналасқан. Қоршау жалпақтастарды тігінен жерге қадап орнату арқылы тұрғызылған диаметрі 5 м құрайды, тігінен орнатылған жалпақтастардың жердің бетінде көрініп тұрған бөлігі 0,15 -0,2 м, құрайды. Қазбаға дейін қоршаудың беткі бөлігін қалың шөп басып жатты. Қазба барысында қоршаудың ортасынан ұзындығы – 1,9 м, ені – 0,9 м, биіктігі 0,7 м., болып келетін тас жәшік анықталды. Тас жәшіктің қабырғасы жерге тігінен орналастырылған 4 тастан тұрады. Тас жәшіктің ішін тазалау барысында 72 см тереңдіктен шашыраңқы түрде қыш ыдыстың сынықтары, адам және жылқы сүйектері араласқан күйінде жатқанын анықтадық.

№ IV қоршау. Қоршау қорымның солтүстік бөлігінде орналасқан. Қоршаудың тастары анық көрініп тұр. Жер бетінде көрініп тұрған қоршау тастарының биіктігі 10 см. Қоршау шеңбер тәрізді. Қоршаудың диаметрі 6 м. Қоршауды ашу барысында 60 см тереңдіктен сүйектер кездесті. Сүйектер шашылған күйінде жүйесіз сақталған. Қоршауды қазу барысында 85 см тереңдіктен тас жәшік шықты. Тас жәшіктің бетінде жабылған тас плиталар сынған күйінде бөліктері кездесті. Тас жәшіктің ұзындығы 164 см, ені 94 см, биіктігі 67 см. Тас жәшіктің беткі қабатына қойылған тастың қалыңдығы 20 см. Тас жәшік шығыстан батысқа қарай орналасқан. Тас жәшіктің ішін ашу барысында шығыс бөлігінен шашыраңқы күйде адам сүйектері кездесті. Тас жәшік бұрын соңды ашылған, ішінен шашылған сүйектен басқа ешнәрсе табылмады. Табылған адам сүйектері толық емес.

№ V қоршау. №2 қоршау қорымның солтүстік бөлігінде №1 қоршаудан 3 метр оңтүстік бағытта арақашықтықта орналасқан. Қоршау тастары жер бетінде көрінбейді. Қоршаудың беткі қабатын ашу барысында тастары анық көрінді. Қоршаудың диаметрі 5 м. Қоршаудың шығыс бөлігінде көлемі 60*60 см болатын квадрат формадағы бесіктас орналасқан. Қоршауды ашу барысында 70 см тереңдіктен тас жәшік көрінді. Тас жәшіктің бетінде жабылған тастары сынған. Тас жәшікті ашу барысында ешнәрсе табылмады. Тас жәшік шығыстан батыс бағытқа қарай орналасқан. Тас жәшіктің ұзындығы 150 см, ені 73 см, тереңдігі 60 см. Қоршаудың шығыс бөлігінде орналасқан бесіктасты қазу барысында 30 см тереңдікте ұсақ сүйек қалдықтары табылды. Бесіктас тереңдігі 40 см.

№ VI қоршау. №3 қоршау №1 қоршаудан оңтүстік-батыс бағытта 227 м қашықтықта орналасқан. Қоршаудың формасы шеңбер тәрізді. Диаметрі 5,7 м. Тас қоршаудың бірінші қабатын ашу барысында қоршалған тастары анық көрінді. Жер бетінде көрініп тұрған қоршау тастарының биіктігі 7 см. Қоршау ішінен қоршау кездесті. Ішкі қоршаудың диаметрі 3,25м, радиусы 1,62 м. Ішкі қоршауды қазу барысында 60 см тереңдікте беті үлкен тастармен жабылған циста көрінді. Бетінде жабылған тастың ұзындығы 1,2м, ені 70 см, қалыңдығы 30 см. Циста бетінде жабылған тас сынған. Циста шығыстан батыс бағытқа қарай орналасқан. Цистаның ішіне түсу барысында 70 см тереңдікте сүйектен жасалған жебе ұшы табылды. Цистаның ұзындығы 2,1 м, ені 1,3 м, тереңдігі 1м. Цистаның қазу барысында сүйектен жасалған жебе ұшынан өзге ешнәрсе табылмады. Қоршаудың жалпы тереңдігі 1,6 м.

№ VII қоршау. №4 қоршау оңт.-бат. орналасқан қорғаннан солт.-бат. бағытында 120 м қашықтықта орналасқан. Қоршаудың тастары, тас жәшігі және оңт. Батыс бағытындағы бесіктас, оңтүстік бағытындағы бесіктас жер бетінде анық көрінеді. Қоршаудың диаметрі 8 м, радиусы 4 м. Тас жәшік шығыстан батыс бағытқа қарай орналасқан. Тас жәшіктің ұзындығы 160 см, ені 93 см. Тас жәшік бетінде жабылған тастары жоқ. Тас жәшікті ашу барысында 50 см тереңдікте шашыраңқы орналасқан адам сүйектерінің қалдықтары табылды. Тас жәшіктің тереңдігі 70 см. Тас жәшіктен ұсақ сүйектерден өзге ешнәрсе табылмады. Қоршаудың батыс бөлігіндегі бесіктас ұзындығы 69 см, ені 63 см, тереңдігі

55 см. Оңт.-батыс бөліктегі бесіктасты қазу барысында 10 см тереңдіктен қыш ыдыс табылды. Қыш ыдыстың барлық бөліктері сақталған, бірақ сынған. Оңтүстік бөлігінде орналасқан бесіктас ұзындығы 68 см, ені 44 см, тереңдігі 50 см. Оңтүстік бағыттағы бесіктасты ашу барысында 10 см тереңдіктен қыш ыдыс бөлігі табылды, 15 см тереңдіктен екінші қыш ыдыс табылды. Екі қыш ыдыс толық сақталмаған. Жалпы №4 қоршаудан 3 қыш ыдыс және сүйек қалдықтары табылды.

№ VIII қоршау. №5 қоршау Қырықүңгір қорымының шығыс бөлігінде орналасқан. Қоршаудың тастары анық жер бетінде көрініп тұр. Қоршау пішіні шар тәріздес. Оңтүстіктен солтүстік бағытқа дейінгі ұзындығы 8,58 м, шығыстан батыс бағытқа дейінгі ұзындығы 7,18 м. Қоршаудың беткі бөлігін ашу барысында 10 см тереңдікте топырағы алынып тасталды. Беткі қабатын ашқан соң 3 (үш) тас жәшік анық көріне бастады. Тас жәшіктердің барлығы шығыстан батыс бағытқа қарап орналасқан. Тас жәшіктер оңтүстік бағыттан солтүстік бағытқа қарай реттік сандармен (№1,2,3) белгіленді. №1-ші тас жәшік пен №2-ші тас жәшіктің арақашықтығы 90 см, №2-ші тас жәшікпен №3 тас жәшіктің арақашықтығы 3,33 м. №2-ші тас жәшікпен №3-ші тас жәшік арасындағы аймақтан жылқы сүйегінің қалдықтары шықты. Жылқы сүйектерінің қалдықтары жер бетінен 25 см тереңдікте орналасқан. №2 ші тас жәшік пен №3 тас жәшік арасынан ағашпен жасалған жерлеу орны табылды.

№1-ші тас жәшік ұзындығы 183 см, батыс бөлігінің ені 107 см, ортаңғы бөлігінің ені 82 см, шығыс бөлігінің ені 79 см. Тас жәшікті ашу барысында 37 см тереңдікте батыс бөлігінде жақсы сақталған күйінде қыш ыдыс табылды. 49 см тереңдікте шығыс бөлігінен асық табылды, асық деңгейінен асықтан солтүстік бағытта 30 см қашықтықта 2 сүйектен жасалған жебе ұшы мен 2 (екі) сүйектен жасалған бұйымдар табылды. 54 см тереңдікте, 70 см тереңдікте, 74 см тереңдікте батыс бөлігінен 3 (үш) қыш ыдыс жақсы сақталған күйінде табылды. 60 см тереңдікте ортаңғы бөлігінен қоланың бөлігі, 74 см тереңдікте қыш ыдыс жанынан қоланың бөлігі, 74 см тереңдіктен ортаңғы бөлігінен сүйек қалдықтары, 48 см тереңдікте оңт.-шығ. бөлігінен тіс табылды. 69 см тереңдіктен жебе ұшы табылды, жебе ұшы сүйектен жасалған. Тас жәшік тереңдігі 80 см. №1 тас жәшіктен 3 жебенің ұшы (сүйектен жасалған), 1 асық, 4 қыш ыдыс (жақсы сақталған), қола сынықтары нашар күйде сақталған, 2 сүйектен жасалған бұйым және тіс табылды.

№2 тас жәшіктің ұзындығы 203 см, ені 103 см. Тас жәшікті ашу барысында 30 см тереңдікте батыс бөлігінен 5 қыш табылды. Қыш ыдыстар жақсы сақталған. 43 тереңдіктен шығыс бөлігінен сүйек пен қола бөліктері шықты, қола мен сүйектерде тесік бар, әшекей моншаққа ұқсайды. 46 см тереңдікте шығыс бөлігінен ұсақ сүйек бөліктері табылды. 54 см тереңдіктен ортаңғы бөлігінен қола бөлшектері шықты. 62 см тереңдіктен қыш ыдыс сынықтары табылды. 35 см тереңдіктен тас жәшіктің ортаңғы бөлігінен алтыннан жасалған әшекей бұйым табылды. Тас жәшік тереңдігі 70 см.

№3 тас жәшікті ашу барысында 40 см тереңдікте сүйек қалдықтары табылды. Тас жәшіктен сүйек қалдықтарынан өзге ешнәрсе шықпады. Тас жәшік ұзындығы 189 см, ені 90 см, тереңдігі 60 см.

№ IX қоршау №5 қоршаудан оңт.-бат. бағытында 11 м қашықтықта орналасқан. Қоршау тастары көрінбейді. Бірінші қабатын ашқаннан кейін тас қоршау көрінді. Қоршау диаметрі 4 м. Тас жәшік анық көрінеді. Тас жәшік ұзындығы 196 см, ені 102 см. Тас жәшік шығыстан батыс бағытқа қарай орналасқан. Тас жәшікті ашу барысында 21 см тереңдіктен батыс бөлігінде шашылған ұсақ сүйектер табылды. 37 см тереңдікте жәшіктің ортаңғы бөлігінен керамика бөлігі табылды. 50см тереңдікте, батыс бөлігінен сүйек қалдықтары табылды. 80 см тереңдікте тас жәшіктің шығыс бөлігінен қола мен тістен жасалған әшекей бұйым (моншақ) бөліктері мен адам сүйектерінің ұсақ бөлшектері табылды. №6 қоршаудың тас жәшік тереңдігі 85 см. №6 қоршаудан ұсақ сүйек қалдықтары, керамика бөліктері және қола мен тістен жасалған моншақ бөліктері табылды.

Тас жәшіктерден табылған қыш ыдыстардың барлығы тік кертпішті иықты болып келген өрнегі тек бүйірінен жоғары салынған алакөл мәдениеті ескерткіштеріне тән екенін айта кету керек. Алайда Шыңғыстау өңіріндегі қола дәуірі қыш ыдыстарының өрнектеріндегі ерекшеліктер Ертіс бойы қола дәуірі мәдениеттеріне қарағанда Орталық Қазақстандық нұсқаларға жақын екенін ескерте кеткен жөн.

Бұл жазғы далалық зерттеу маусымының қомақты жаңалықтарының бірі асықтардың табылуы болып саналады. Осыған дейін асықтар Орталық Қазақстанның қола дәуіріне жататын Бағанаты II [5, 56 б.] қорымынан және Солтүстік Қазақстандағы Амангелді I қорымының №5 қорғанынан [7, 84 б.] табылған. Сонымен бірге Еуразия даласында кең тараған ерте қола дәуірі мәдениеттері саналатын көне шұңқыр, катакомбалы және андронов – кима мәдениеттерін зерттеуші ғалымдар тарапынан қарастырылады. Олардың қатарында Ковалева И.Ф. [4, 142 б.], Кирюшин Ю.Ф. [5, 73 б.], Рослякова Н.В. [8, 97 б.], Сотникова С.В. [9, 240 б.] сынды ғалымдар еңбектері. Зерттеушілердің ойынша жерлеу орындарынан табылған асықтарды тек қана балалар ойынына қолданғаны туралы айтады, себебі осыған

дейін асықтар көбінесе балалардың қабірінен табылып келген. Бұл жолғы асықтар ересек адамдардың қабірінен табылып отырғандықтан және бір шетінде тұмар ретінде тағылған тесіктері бар, екі шеті де егелгені, қызыл түске боялғандарын ескере келе асықтың тек бала ойыны үшін емес, сонымен бірге, ғұрыптық, дүниетанымдық мәні бар деп жорамалдауға негіз болып отыр.

Жоғарыдағы зерттеушілер ішінде С.В Сотникованың пікірлері оқ бойы озық тұратынын айта кету керек. Оның зерттеулері бойынша асықпен жерлеулерді бір жүйеге келтіре отырып балалардың жас ерекшелігіне қарай екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші 5-6 жастағы балалар аз асықтармен жерленген яғни ата-анасының баланың жасына 1 – 5 дейін асықтар қою, екінші 7-14 жастағы балалар асықтардың көптеп кездесуі яғни өздерінің ойнап ұтқан асықтары деп жорамалдайды [9, 256 б.].


Ал ересек адамдар қабірлерінде кездесетін асықтар жөнінде мардымды ештеңе айтпайды. Сонымен бірге этнографиялық деректерді қолдана отырып тәжіктер мен алтайлықтардың және монғолдардың мысалында алады. Дегенмен бұл пікірлерінің өзі бала атрибутында ғана шектеледі.

Ал біздің ойымызша асықтың көне дәуірлерде атқарған функциялық қызметі әлдеқайда тереңірек болған. Мәселен қазақ халқында тіпті көпшілік түркі жұртында кездесетін кәрі жілік, жауырын сүйекпен бал ашу, жорамал жасау сияқты қызметімен қатар асықты халықтық ойын ретінде, ханның ойыны ретінде, рулық белгілерді беретін, шешімдер шығаратын асылы деп қарау керек сияқты. Әрине асықтардың қола дәуірлерінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі ескерткіштердегі археологиялық табылымдарымен бірге қазақ халқының тұрмысы мен дүниетанымында кездесетін белгілерін зертеу мен жүйелеу жеке ғылыми мақалаға арқау болатыны анық. Сондықтан да археологиялық зерттеулердегі барлық жерлеу орындарының бізге дейінгі дәуірлерде тоналса да, табылған заттық айғақтар сол дәуірдің материалдық және рухани өмірінен беретін деректік кілт болып табылады.

1. Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Төлегенов Е., Исин А., Сайлаубай Е. Шығыс Қазақстанның байырғы өнер туындылары. – Алматы: «Археология» ЖШС баспа тобы, 2010. – 216 б.
2. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы // МИА. - №88. – М.-Л.: Наука, 1960. – 272 с.
3. Исин А. Шыңғыстау, Берел, Шілікті, Абыралы: 1999-2003 жж. Археологиялық зерттеулер. – Семей, 2004. – 184б.
4. Ковалева И.Ф. Срубные погребения с наборами альчиков. Исследования по археологии Поднепровья. Отв. ред. И.Ф. Ковалева. – Днепропетровск. – «ДГУ». – 1990.
5. Кирюшин Ю.Ф., Папин Д.В., Позднякова О.А., Шамшин А.Б. Погребальный обряд древнего населения Кулундинской степи в эпоху бронзы. Аридная зона юга западной Сибири в эпоху бронзы: сб. науч. трудов. – Барнаул. – «Алт. гос. ун-та». – 2003.
6. Калиев Б.А. Об обряде захоронения детей у андроновских племен. Материалы республиканской научно-практической конференции // чтения Козыбаевские. – Петропавл. – 2014.
7. Калиев Б.А. Специфические обряды жертвоприношения в детских погребениях бронзового века на территории Северного Казахстана. Сибирский сборник 1 Погребальный обряд народов Сибири и сопредельных территорий. Книга 1. – СПб. – «Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН». – 2009.
8. Рослякова Н.В. Погребальные комплексы с костями животных из могильников срубной культурно-исторический общности Самарского Поволжья. Диссертация на соискание кандидата исторических наук. Автореферат. – Казань. – 2014.
9. Сотникова С.В. Детские погребения с наборами альчиков и роль игры в обществах степного населения эпохи бронзы. Вестник археологии, антропологии и этнографии. Электр. журн. №2(25) Глав. ред. А.Н. Багашев. – Тюмень. – «ИПОС СО РАН». – 2014.




1 сурет. Мұртты оба. Жалты көрінісі.



1 сызба. Мұртты оба.




2 сурет. Мұртты обадан табылған жылқы сүйектері.




2 сызба. Мұртты обадан табылған жылқы сүйектері



3 сурет. №1 қола дәуірінің қоршауы. Шым қабаты тазаланғаннан кейінгі көрінісі.




3 сызба. №1 қола дәуірінің қоршауы



4 сызба. №1 қола дәуірінің қоршауы. Тас циста.



5 сызба. №2 қола дәуірінің қоршауы.



6 сызба. №2 қола дәуірінің қоршауы.
Оңнан солға қарай 1,2,3 тас жәшіктер.

А.Е. Чотбаев

ПРЕДВОРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИИ В ДОЛИНЕ Р. ТЕКЕС*

Научно-исследовательский грант на тему «Ранние кочевники Северного Тянь-Шаня: памятники Текесской долины», является исследовательским проектом по изучению древней истории Восточного Жетысу, и в рамках проекта в 2015 году проведены рекогносцировка в обширных надпойменных долинах реки Текес, так же исследованы два археологических памятника эпохи ранних кочевников.

Изучение сакской культуры на территории Жетысу является одним из важнейших направлений в истории Казахстана, так как, период раннего железного века не имеет конкретной периодизации, не установлены четкие хронологические границы между так называемыми саками и усунями с обоснованием культурной принадлежности археологического материала. До сих пор нам не известны предпосылки появления раннекочевнического культурно-исторического комплекса на рассматриваемой территории.

Эпоха саков и усуней имеют почти двухвековую историю изучения. Историография сакской тематики насчитывает не одну тысячу наименований. Собран, исследован, обобщен огромный, во многом уникальный археологический материал.

Изучение древней истории Жетысу связано с именитыми именами как К.А. Акишева[1], Е.И.Агеевой[2], Г.А.Кушаев[1] и др.

Памятники рассматриваемой эпохи изучались и изучаются на территории сопредельных стран, информация о синхронных памятниках получены из территории Китая и Киргизстана. На сегодняшний день доступны основные публикации по данной проблематике. На территории Киргизии исследователями рассматриваемой нами эпохи накоплен огромный материал. В Киргизии погребения усуньского времени изучали Табалдиев К.Ш., Ташбаева К.И., Абетеков А.К., Баруздин Ю.Д.[3; 4; 5; 6; 7; 8]. На территории Китая исследования проводятся интенсивно, материалы вводятся в научный оборот, которые на данном этапе доступны.

С начала 2000 годов начинается новая волна исследований на территории восточной части Жетысу, среди них интересные результаты получены Казахско-Германскими учеными в 2008-2009 гг. Исследования проводились на погребально-поминальных памятниках номадов, особый акцент делался на их архитектуру. Впервые были изучены околурганные конструкции[9; 10].

Новые данные по погребальному обряду и древней архитектуре были получены в результате археологических исследований памятников Катар тобе[11] и Каркара[12], расположенных на высокогорных плато Шалкоде и Мынжылкы.

Исследования последних лет показали, что для определения этнокультурной принадлежности памятников региона собранные материалы не достаточны и необходимость продолжения изучения в данном направлении очевидна, по этому, одним из поставленных задач выполняемого проекта является выявление и документация археологических памятников.

Территория Жетысу, особенно его восточная часть, охваченная горными долинами, до сегодняшнего дня относятся к регионам где, археологические работы проводились редко, имеются отдельные труднодоступные микрорайоны, куда не доходили специалисты, в основном по причине пропускной системы в пограничные районы Алматинской области. Тем не менее, имеются определенные результаты работ проводившихся в прошлом столетии на восточной части Жетысу, но они ограничены как территориально, так и в хронологическом отношении, о чем свидетельствуют топография и хронологическая шкала исследованных памятников.

Для получения археологических данных и представления на их основе общей картины древней истории в целом, нами были произведены рекогносцировочные работы на территории Райымбекского района Алматинской области, разведочными работами были охвачены окрестности сел Нарынкол, Текес, Каратоган, Какпак, Кайнар, Сарыбастау, Костобе, Сумбе.

В результате нами были выявлены десятки памятников широкого хронологического круга, от начального этапа раннего железного века до этнографического времени. Основную часть памятников составляют погребальные сооружения с различными архитектурными решениями, а также поминальными памятниками, приуроченными к погребениям, которые объединены в погребально-поминальные комплексы. Погребально-поминальные комплексы расположены в предгорных долинах, группами – некрополями, состоящими из различных структур, сооруженные в разных хронологических рамках. Основообразующими являются курганы ранних кочевников.

Памятники сгруппированы и ниже даны по микрорайонам для системного и целостного восприятия. Микрорайоны образованы вокруг населенных пунктов, рек и гор, названия которых и даны к группам археологических памятников.

Некрополи, расположенные в микрорайоне Нарынкол относятся к раннему железному веку. Они представлены крупными наземными конструкциями и околочурганскими комплексами. Здесь задокументировано более 50 памятников раннего железного века, которые сгруппированы в 3 некрополя.

Памятники микрорайона Сумбе расположены на территории села, среди огородов и домов. Основная часть из них относятся к раннему железному веку. В данном микрорайоне задокументировано более 30 погребальных памятников.

Микрорайон Сарыбастау включает в себя окрестности села Сарыбастау ограниченную со всех сторон горными отрогами. На предгорных долинах микрорайона плотно расположены памятники разных хронологических рамок. Памятники в хронологическом плане в основном относятся к раннему железному веку и раннему средневековью, здесь зафиксированы кроме погребально-поминальных памятников наскальные рисунки, каменные изваяния. Как показали работы, каменные изваяния здесь встречаются редко, но они здесь были и свидетельством этому является обнаруженный нами фрагмент каменного изваяния, головная часть его, изготовлена из глыбы красного песчаника. На личине просматриваются брови, соединенные с носом в одно целое, губы и подбородочная часть (рис. 1).

В месте под названием Шартас зафиксированы наскальные рисунки оленей, которые нанесены на солнечной стороне плоских поверхностях гранитных глыб. Рисунки нанесены в статичной позе с ответвленными рогами (рис. 2).

Микрорайон Какпак включает в себя территорию меж двух рек УлкенКакпак и Киши Какпак. Здесь задокументировано более 50 разновременных погребально-поминальных структур, среди которых интересны каменные ограды с изваяниями. Изваяние подпрямоугольной формы, с острыми углами в районе корпуса, в районе головы углы закруглены. На лицевой части изваяния просматриваются брови, переданные двумя дугообразными линиями, широко раскрытые глаза, удлинённый по вертикали с фиксирующимися ноздрями нос, складки которого переходят в округлости – скулы или щеки, рот передан одной тире образной горизонтальной линией, подбородочно-челюстная часть выполнена в виде обращенного вниз треугольника. Изваяние ликом направлено на СВ. Туловище плоское и каких-либо изображений не имеет (рис. 3, 4).

Группа курганов Текес-I. Расположен в 5 км к югу от села Текес, к востоку от реки «Кысаннисуы» и к/х Абилгазиева, к северу от ущелья «Укирши», состоит из 4-х каменных грунтовых насыпей, расположенных по линии СЮ.

В результате проведенных работ выявлены и задокументированы более ста погребально-поминальных структур принадлежащих кочевникам, населявшим данный регион.

Ниже остановимся на предварительных результатах исследовании на некрополе Сарыбастау 3.

Для археологического изучения в текущем полевом сезоне нами был выбран некрополь Сарыбастау 3 (рис. 5).

Некрополь расположен на естественной возвышенности с плоской ограниченной со всех сторон впадинами местности, которая находится с левой стороны в 500 м от трассы Текес – Сарыбастау, в 2 км от одноименного поселка.

Местность густо травянистым покровом, почва каменисто-щебенчатая, по характеру поверхности подвергалась пахатным работам в прошлом столетии.

Некрополь состоит из более 40 структур, четыре из них расположены особняком (рис. 6): три стоят в меридианальном направлении с небольшим отклонением, четвертый же находится с восточной стороны цепи – одиноко стоящий объект.

Основа могильника состоящая из трех средних размеров объектов так же, дополнена поминальными оградками, в основном они сооружены из крупных валунов в сферической форме. Поминальные структуры расположились с западной стороны кургана под №2, визуальны фиксируются 3 ограды.

Наземная конструкции памятников сооружены из местной почвы, сверху которого были положены окатанные камни с небольшой долей плитняка, фрагменты которого фиксируются в некоторых оголенных участках насыпей.

Формы насыпей идентичны, в плане округлой формы, южная сторона пологая, на поверхности следов разрушения не фиксируются.

Четвертый курган расположенный с восточной стороны отличается по форме и характеру архитектуры. Объект визуальны фиксируется как ограда сооруженная в основном из речных окатанных камней, в центральной части имеется каменная забутовка, так же сооруженная из речного окатанного камня, плитняки в небольшом количестве. Высота объекта 0,1 м от современной поверхности, диаметр 10х10 мм.

Целью археологических работ в текущем сезоне является определение конструктивных особенностей наземной конструкции погребального памятника, так же изучение мест проведения трисн. Для достижения поставленной цели выполнены следующие задачи: 1 – изучение топографии структур, 2 – расчистка наземной конструкции сооружения, 3 – расчистка оград-жертвенников, 4 – фото и графическая документация, 5 – научное описание всех этапов работ.

В текущем полевом сезоне проведены археологические работы на двух памятниках ранних кочевников.

Курган 2 некрополя Сарыбастау 3 отличается крупным размером от остальных двух, и является основной в цепи (рис. 7). Курган визуальны представляется как округлая в плане насыпь высотой до 1 м и диаметром 14 м. Насыпь покрыта мощным наносным слоем и редкой растительностью. С восточной стороны в 5 м от основания наземной конструкции фиксируются каменные ограды, 3 структуры. Ограды на первый взгляд округлой в плане формы, каждая из них сооружена из 8 крупных плитняков.

С целью выявления конструктивных особенностей наземной части, а также полноценного изучения для исследования был применен метод ручной зачистки наносного слоя и сплошного раскопа. В результате удаления наносного слоя была выявлена каменная прослойка, положенная в один пласт, назначение которого как нам кажется, заключается в фиксации земляного пласта от расплывания. Данный слой образован из окатанных речных камней с небольшой долей горного плитняка. В ходе расчистки на верхней части насыпи данный слой отсутствовал по всему склону в ширине до 1 м, вероятно камни панцирного слоя со временем скатились к полу насыпи. На плоской поверхности панцирный слой сохранился, по крайней мере, не фиксируется антропогенное воздействие (следы грабителей).

Методом сплошного раскопа удалены пласты вокруг наземной конструкции площадью 40х40 м. Толщина наносного слоя от уровня погребенной поверхности достигает до 30 см. В южной стороне в 3 м от края насыпи зафиксирована каменное скопление диаметром 2х2 м.

Полученные результаты дополнили знания об эпохе, но являются первыми данными о памятниках региона. При изучении памятника появились вопросы различного характера, на данном этапе можно отметить один из них, суть которого состоит в том, что хронологическая совместимость самого памятника и поминальных сооружений пока не ясны. Так как, не понятны время проведения поминальных действий. Были ли они во время погребения или после? Ответы на этот и другие вопросы нам представится возможным получить при дальнейшем изучении памятника, работы в котором в

текущем полевом сезоне остановлены. Объект законсервирован, работы будут продолжены в полевом сезоне 2016 года.

Курган №4 расположенный с восточной стороны отличается по форме и характеру архитектуры (рис. 8). Объект визуально фиксируется как ограда сооруженная в основном из речных окатанных камней, в центральной части имеется каменная забутовка, так же сооруженная из речного окатанного камня, но здесь фиксируются плитняки в небольшом количестве. Высота объекта 0,1 м от современной поверхности, диаметр 10х10 мм.

Размеры камней в среднем 0,5-0,7м, ширина ограды 1 м, толщина стенки 0,1 м, сооружена из окатанных камней разных размеров, поставлены впритык и в два слоя. По внешнему и внутреннему периметру поставлены крупные волуны, пространство между ними заполнено более мелкими камнями. На поверхности представляется как каменная дорожка с бордюрами по краям.

Оградка с забутовкой в центральной части сооружена из крупных речных камней. Камни поставлены в три ряда и в один слой, пустоты между ними забутованы мелкими камнями. Внутренний периметр ограды задернован и камни забутовки фиксируются лишь в некоторых участках. Ограда в плане овальной формы, ориентирована длинной стороной по линии запад-восток. Наибольшая длина 3,5 м (з-в), наибольшая ширина 3м.

Для выявления конструктивных особенностей заложили раскоп с оставлением бровок ориентированных по сторонам света. Толщина бровок 0,25 м.

После удаления дернового наносного слоя оконтурилась округлая в плане каменная конструкция шириной до 1 м., в центральной части расчищена околмогильная выкладка, прямоугольной формы с округленными углами. Периметр между околмогильной выкладкой и наружной оградой чистый, следов антропогенного воздействия не фиксируются (рис. 9).

На уровне погребенной почвы четко оконтурилась могильная яма. При дальнейшем углублении на уровне материкового слоя на восточной стороне расчистили фрагмент дерева длиной 0,2 м толщиной 0,15 м. Фрагмент плохой сохранности определить принадлежность не удалось, вероятно это остаток от перекрытия. При дальнейшем углублении на глубину 0,5 м от нулевой отметки, так же зафиксировали несколько крупных фрагментов бревен. Размеры сохранившихся частей различные от 27 до 64 см. Фрагменты находились с небольшим наклоном ко дну ямы и перпендикулярно к длинной стенке могильной ямы в один ряд. Вероятно данные остатки являются бревенчатым перекрытием могильной ямы, на восточной части они сохранились в не тронутном положении но со временем сдвинутые. По этому не удалось установить на каком уровне были поставлены данные бревна, но точно ясно, что они поставлены в один ряд и перпендикулярно к длинной стенке ямы.

На дне могильной ямы расчищены остатки погребенного, которые собраны на западной стороне могильной ямы. Интересным является отсутствие черепа. Вероятно ограбление погребения произведено с целью осквернения современниками, так как кости находились членораздельно, т.е. тело погребенного грабили пока он еще не разложился. Не потревоженными остались трубчатые кости нижних конечностей (рис. 10), судя по их расположению погребенный был положен вытянуто на спине, ориентирован головой на запад. Рядом с погребенным зафиксирован каменный оселок прямоугольной формы и со сквозным отверстием на верхней части.

Таким образом, в результате археологического изучения впервые получены данные об архитектуре, погребальном обряде и поминальных действиях населения региона в раннем железном веке.



Рис. 1

Рис. 2




Рис. 3

Рис. 4




Рис. 5





Рис. 6



* Работа проведена в рамках грантового проекта «Ранние кочевники северного Тянь-Шаня: памятники Текесской долины».

1. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата, 1963. – 318 с.
2. Агеева Е.И. К вопросу о древних типах погребений Алма-Атинской области // Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Труды Института истории и этнографии АН КазССР. Т.12. –Алма-Ата, 1961. – С. 21-40
3. Абетеков А.К. Могильник Джаныш-Булак // Кетмень-Тюбе. История и археология. Фрунзе, 1977.
4. Абетеков А.К., Баруздин Ю.Д. Сако-усуньские памятники Таласской долины // Археологические памятники Таласской долины. – Фрунзе, 1963
5. Табалдиев К.Ш. Новые сведения из области духовной и материальной культуры сакского времени Тянь-Шаня // Древний и средневековый Кыргызстан. – Бишкек, 1996.
6. Ташбаева К.И. Новые аспекты в культуре ранних кочевников Тянь-Шаня // Из истории и археологии Древнего Тянь-Шаня. – Бишкек, 1995.
7. Ташбаева К.И. Археологические комплексы ранних кочевников Тянь-Шаня // Древний и средневековый Кыргызстан. – Бишкек, 1996.
8. Ташбаева К.И. Культура ранних кочевников Тянь-Шаня и Алая. – Бишкек, 2011.
9. Самашев З., Наглер А., Парцингер Г., Наврот М. Совместные Германско-Казахстанские исследования больших сакских курганов Семиречья // Пятая Кубанская археологическая конференция: материалы конференции. – Краснодар, 2009. – С. 350-352
10. Самашев З., Парцингер Г., Наглер А., Кариев Е.М., Чотбаев А.Е., Наврот М., Боровка Р., Хойсснер А. Предварительные результаты исследований Казахстанско-Германской экспедиции в 2009 году // Материалы ежегодной научно-практической конференции «Маргулановские чтения-2012». – Астана, 2012. – С. 226-239
11. Чотбаев А., Онгар А., Киясбек Г., Рахманкулов Е., Кожаматов Б., Бесетаев Б. Начало исследования на Катартобе // Труды Филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана. – Астана, 2012. – С. 118-126
12. Онгар А., Киясбек Г., Чотбаев А., Кожаматов Б., Рахманкулов Е., Бесетаев Б., Толегенов Е., Айткали А. Предварительные итоги исследования погребально-поминального комплекса Каркара // Труды Филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана. – Астана, 2012. – С. 49-56

Ғ.Қ. Омаров, Р.С. Жуматаев, С.Сапатаев

ШҚО ҮРЖАР АУДАНЫНДА 2015 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ*

Табиғи географиялық жағдайы әрқилы болып келетін Шығыс Қазақстан облысы Үржар өлкесінде, әрбір тарихи кезеңдерде тұрмыс тіршілігі әртүрлі халықтар өмір сүрген. Ежелгі дәуірде өмір сүрген тайпалар тарихының қайнар көзін ашар, мәдениетін анықтайтын жазба деректердің тым аздығына байланысты өлкені мекендеуші ежелгі тұрғындар қалдырған археологиялық ескерткіштер материалдары

осы олқылықтың орынын толтырар бірден-бір дереккөзі болып табылады. Осы ауданның ежелгі дәуір тарихына қатысты археологиялық деректер ХІХ ғасырдың өзінде-ақ жинала бастағанымен, ғылыми құндылығы жоғары шынайы дереккөздері ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жинақталынған болатын. Бұл орайда С.С. Черников пен Г.А. Кушаевтың барлау және жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған археологиялық материалдарды атап айтуға болады. Аталған авторлардың кейбір жарияланбаған, жүйеленбеген материалдары, қазбалары зерттеудің деректік негізі болып табылады.

С.С. Черников 1947 жылы Шығыс Қазақстан экспедициясы құрылған уақыттан бастап кей жылдардағы үзілістерін санамағанда 1971-ші жылға дейін археологиялық барлау, ескерткіштерді есепке алу және қазба жұмыстарын жүргізді. Соғысқа дейінгі 1935-1937 жылдардың өзінде-ақ зерттеушінің басты назары осы өлкедегі кен орындарын іздестіру, археологиялық барлау мен стационарлық қазба жұмыстарына және шешуін күтпейтін күрделі мәселелер мен ірі ескерткіштерді жүйелі түрде зерттеуге бағытталды. Отандық археологтардың «Археологическая карта Казахстана» атты ұжымдық еңбегінде археологиялық ескерткіштер ғылыми тұрғыдан жүйеленді, оның кіріспе бөлімінде Қазақстан археологиясының тарихына қысқаша шолу жасалынды. Онда Үржар өңіріндегі бірен-саран ескерткіштердің сипаты баяндалған еді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері бұл өлкеде археологиялық экспедициялар жұмыс істемеді, тек 2012 жылы жол салу барысында Жаңагілек және Лайұлақ аулының ортасында кездейсоқ қорған зерттеліп, соның негізінде ел тарихына «Үржар ханшайымы» деген тұжырым кірді.

Сондықтан Үржар ауданының зерттелу тарихының ақтаңдақтары жеткілікті, олардың қатарында қорғандар мен қоныстардың жалпы санын, тарихи-топографиялық құрылымын, өзара байланысын анықтау күні бүгінге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Табиғи апаттан және шаруашылық жұмыстары кезінде бұзылып жатқан ескерткіштерді зеттеу де уақыт талабы.

2015 жылғы маусымда Үржар ауданында жүргізілген археологиялық жұмыстардың барысында 20-дан аса алғаш рет ашылған археологиялық нысандар зерттеліп, жобасы түсірілді, географиялық координаттары мен картадағы орыны анықталды. Сондай-ақ алғаш рет Бұқпан атты жерде құм мен қиыршық тастан тұратын 2 ерте темір дәуірінің қорғанына қазба жұмыстары жүргізіліп зерттелді және өзінің бастапқы қалпына келтірілді.

Бұқпан қорымы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданына қарасты Таскескен ауылының солтүстік-батысына қарай 4 шақырым жерде ойлы-төбелі жерде орналасқан. Қорғандардың бір тобы аталған ауылдан тауға қарай өтетін қара жолдың сол жақ бойында және енді бір бөлігі жолдың оң жағындағы егістіктің ішінде жатыр. Қорғандардың көлемдері әркелкі. Кішіректерінің өлшемдері: биіктігі 0,5 м, диаметрі 10-12 м шамасында, ал үлкендерінің биіктігі 1-1,5 м, диаметрі 18-20 м болып келген.

Жалпы, алғанда қорым орын тепкен Бұқпан аңғарының географиялық жағдайының жер бедеріне, гидрологиялық ахуалына қарағанда бұл жер көне замандардан бері адам баласының қоныстанып, тіршілік етуіне қолайлы болған деуге болады. Алдын ала болжамымыз бойынша аталған жерлеу ескерткіштері Тарбағатайдың теріскей беті мен Жетісудың солтүстік-шығысын мекендеген көне тайпаларының мұрасымен сәйкес. Бұл тайпалар көшпелі мал шаруашылығымен бірге жартылай отырықшы-егіншілікпен де айналысқан деп болжауға болады.

№1 қорғандағы қазба жұмыстары. №1 қорғанның диаметрі солтүстік-оңтүстік бағытында - 11, 7 м, шығыс-батыс бағытында - 11,7 м. Обаның жекелеген тастары жер бетінен 0,1 м тереңдікте орналасқан. Бұл дегеніңіз, айналадағы жердің өсуіне байланысты, кезінде жер бетіне салынған тас обашықтың кейіннен топырақ бүркеніп жер астында қалғанын көрсетеді. Қазбаға дейін обашықтың солтүстік қанатының бірен-саран тастары ғана көрініп жатты. Қазба жұмысы оңтүстік-солтүстік бағытында 30 см жал қалдырылу арқылы жүргізілді. Қазба нәтижесінде қорғанның шетін айналдыра ұсақ тастардан шеңбер жаслғандығы анықталды. Сыртқа қарай шашылған тастарды есептегенде қорғанның бітер шекарасы (іргесі) орташа және кішірек малта тастармен тиянақталған. Кейбір сақталған тастарының орналасу ретіне қарағанда шетінен бастап орталығына қарай қойылған (сурет А 29).

Одан бөлек қорғанның орта тұсында СБ-ОШ бағытында созылған қабір үстіне қойылған тастардың қаландысы ашылды. Қаландының ұзындығы ОС-3,50 м, ШБ - 3,20 м. Орталық тас қаландымен сыртқы тас шеңбердің арақашықтығы 2-3 м. Сыртқы шеңбер тастарының орналасу ені - 1 м шамасында.

Ортадағы тас қаландының шеңберімен беткі тастар алынған соң оның ізімен қабір дағы анықталып, қабір шұңқырында қазба жұмыстары салынды. Қабірдің өлшемдері келесідей: солтүстік-оңтүстік бағытында - 1,9 м, шығыс батыс бағытында - 1,7 м. Қабірдің тереңдігі - 1,54 м. Қабір ішіндегі жұмыстар барысында қорғанның өз заманында тоналғандығы анықталды. Қабірдің түбіне дейін оның

ішінде түрлі көлемдегі тастар араласып жатты. Шұңқырдың әр деңгейінен жерленген адамның кейбір сүйектері кездесті. Қабір шұңқырының түбіне қарай жерленген адамның қалдық сүйектері ашылып, оның жанынан қола жебенің ұштығы мен пастадан жасалған моншақтың екі тасы, сонымен бірге ағаш қалдығы табылды.

Қоладан жасалған жебе шегелі, ұшы үш қырлы келген. Жебе ұштығының жалпы ұзындығы - 7,9 см. Сабының ұзындығы - 5,4 см. Ұштығы - 2,5 см. Қанаттарының диаметрі 1,2 см. Дәл осығын жақын жебе үлгілері Ақший 3 және Тасмола мәдениеті қорғандарынан табылған жебе ұштықтары арасынан кездестіруге болады. Қазақстан территориясында ағаштан, сүйек немесе мүйізден, қола мен темірден жасалған жебелер белгілі. Қондырмасы бойынша екі топ бар: ұңғылы және шегелі. Жебелер қимасының пішіні бойынша екі қанатты, үш қанатты, екі қырлы, үшқырлы, төртқырлы, оқ тәріздес және қауырсынына сәйкес жіктерге бөлінеді. Б.з.д. VI ғ. екінші жартысында көне жебелердің орнын үш қанатты және үш қырлы жебе үлгілері алмастырады.

Паста моншақтарының үлкенінің диаметрі - 0,55 см. Қалыңдығы - 0,25 см. Ортасындағы тесігінің диаметрі 0,1 см. Екінші кішірек моншақ тасының диаметрі - 0,4 см. Қалыңдығы - 0,25 см. Ортасындағы тесігінің диаметрі 0,08 см.

Қабір іші толығымен тексерілгеннен кейін қорғанды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

№ 2 қорғандағы қазба жұмыстары. №1 қорғанның оңтүстігінде 10 м жерде орналасқан. Қорғанның қазба жұмыстарына дейінгі өлшемдері келесідей: оңтүстік-солтүстік - 9,6 м, шығыс-батыс - 7,4 м.

Обаның өлшемдері алынып, фотосуреті жасалынған соң обаның дәл ортасынан солтүстік-оңтүстік бағытында 3 м ендікте тілік салынды. Тілік салынғаннан кейінгі обаның кесінді бойынша құрылымы келесідей болды: үйінді кішірек, орташа және ірі тастардың топырақпен араласуынан тұрады. Үстіңгі қабаты негізінен кішірек тастар мен топырақ қабатынан тұрады. Алдыңғы зерттелген қорғандағы тәрізді мұнда да да қорғанның етегін айналдыра тас шеңбер салынған.

Город под названием Кулан известен в сообщениях арабских авторов VIII-XIII вв [4, с.72-88]. ибн Хордадбех называет Кулан богатым селением. По словам Кудама пустыня между Таразом и Куланом также называлась Куланом: «Песок между Таразом и Куланом с северной стороны, а за песком пустыня из песка и гальки, в ней ехидны, [она тянется] до границы кимаков. ... От Кульшуба до Кулана таким же образом 4 фарсаха. Итого от города Тараза до Кулана 14 фарсахов по пустыне, называющейся Кулан».

В конце X в. Макдиси все еще указывает Кулан в перечне городов округа Испиджаб, но отмечает, что он уже опустел. Но уже к XII в. в городе на короткий период заново возрождается жизнь, что позволяет автору географического словаря «Муджам ал-булдан» Якуту ал-Хамави, писать: «Кулан – приятный городок на границах страны тюрков, со стороны Мавереннахра».

В своем сочинении «Ал-камиль фи-т-тарих» ибн ал-Асир упоминает о походе арабов на Кулан при халифе Мамуне в 810 г.[5, с. 260], во время которого погиб хурасанский суфийский подвижник Шакик ал-Балхи [6].

Археологическое изучение Кулана началось с разведывательных раскопок экспедиции А.Н.Бернштама в 1936 г, Семиреченской археологической экспедиции АН КазССР в 1963-1965 гг [7, с.36]. САЭ были заложены шурфы на цитадели и шахристане площадью 16 м² и 15 м² соответственно; раскопаны центральная часть бугра Луговое А и частично бугор Луговое Б [8, с.77]. Разведывательными раскопками было установлено, что город жил в период с VII до начала XIII столетия.

На территории городища окруженного длинными стенами раскопаны несколько бугров, обозначенные литерами А, Б, В, Г и Д. Объект Луговое А был замком, Луговое Б – сельскохозяйственной усадьбой с мастерской по производству вина и сладостей из виноградного сока, Луговое Г загородной резиденцией одного из представителей знати.

В ходе раскопок замка Луговое А получен материал, позволяющий датировать постройку VII-VIII вв., просуществовавший с небольшими перестройками вплоть до X в[9, с. 61-66].

Луговое Г была одноэтажным сооружением дворовой композиции. Просторный внутренний двор по трем сторонам окружал ряд комнат. С четвертой стороны находилось несколько взаимосвязанных помещений, соединенных с двором одним широким проемом. Постройка была богато украшена резным декором[10, с. 114-138]. Резиденция существовала в X-XII вв.

Луговое Б – остатки сельской усадьбы. В одном из ее помещений находилась мастерская по переработке винограда. Мастерская состояла из давящих площадок, колодца-резервуара и сокосборных чанов. Датируется усадьба VIII в[11, с. 88-91].

Таким образом, на городище Кулан в основном исследовалась постройка сельской округи. Шурфы на цитадели и шахристане, давшие хронологическую колонку для городища не выявили существенных остатков, крупных сооружений, на основании которых можно было бы судить об архитектурно-строительных особенностях. Исследования по теме «Городище Кулан» было призвано восполнить этот пробел.

Городище Кулан состоит из трех частей: цитадели, шахристана и рабада (Рис.1). Центральная часть городища (шахристан) представляет собой бугор подквадратной формы, ориентирована углами по сторонам света. Размеры шахристана по верхнему гребню бугра: северо-западная сторона – 216 м, северо-восточная – 220 м, юго-восточная – 215 м, юго-западная – 216 м; по основанию бугра: северо-западная сторона – 250 м, юго-восточная – 252 м, северо-восточная – 254 м, юго-западная – 254 м. Средняя высота шахристана – 11,5 м, отметка наивысшей точки шахристана – 12,5 м. Цитадель вписан в северный угол шахристана. Параметры цитадели: северо-западная сторона – 47 м, северо-восточная – 41 м, юго-восточная – 49 м, юго-западная – 43 м. Центральной части цитадели имеется впадина на месте двора, диаметром около 25 м, глубиной 2,5 м. Высота над окружающей местностью – 13 м.

В шахристан ведут четыре въезда, расположенные друг против друга в середине крепостных стен. ЮВ въезд в центре стены шахристана, в виде ложбины шириной 20 м, глубиной 1,5 м, фланкирована двумя башнями, следы которых прослеживаются на топографии. Перед въездом возвышенная площадка, треугольной формы размером 65x50 м, высотой 4 м.

ЮЗ въезд также расположен в центре ЮЗ стороны. На поверхности маркируется в виде понижения около 2 м глубиной. С южной стороны выделяются остатки башни в виде округлого бугра. Перед въездом имеется мощная площадка полукруглой формы радиусом 45 м, высотой около 5 м. Вероятно, это остатки фортификации входной группы.

СВ въезд расположен в центре СВ стороны напротив ЮЗ въезда. Въезд в виде ложбины шириной 20 м, глубиной около 1 м, фланкирован с двух сторон башнями. В 20 м к востоку от линии ворот на месте выносных башен прослеживаются слабовыраженные бугры. Руины предвратных фортификаций образуют мощную подпрямоугольную площадку размером 85x45 м, вытянутая в длину по линии ЮЗ-СВ, средняя высота которой 4 м.

СЗ въезд, самый развитый в плане фортификации и укрепленный из ворот шахристана. Расположен в центре СЗ стороны. На месте въезда образовалась ложбина шириной 30 м, глубиной 1,2 м. Он фланкирован двумя башнями. В 40 м к СЗ от ворот прослеживается второй ряд башен. Руины входного комплекса образуют площадку с пологими склонами размером 80x60 м, высотой 8 м.

От ворот отходят прямые магистральные улицы, соединяющие противоположные ворота друг с другом. На месте улиц образовались ложбины шириной 25-30 м, глубиной до 1 м, ложе которых заросло густой зеленой травой. На пересечении улиц, с северной стороны читается впадина на месте площади.

Рабад окружает шахристан со всех сторон. Вал рабада имеет овальную форму, вытянут по линии север-юг. Длина с севера на юг – 600 м, ширина с востока на запад – 500 м. высота вала около 2 м, ширина 20-25 м. На территории рабада фиксируются бугры различной конфигураций, высотой до 5 м. Застройка рабада не плотная. В городах Южного Казахстана рабады начинают формироваться начиная с VIII в [12, с.36]. Запустение города застало рабад в зачаточном состоянии, что позволило говорить отдельным исследователям об отсутствии рабада у Кулана[13, с. 146-153].

Цитадель – это то ядро, вокруг которого складывался город, и его изучение даст ответы на многие вопросы возникновения и развития города. Археологические исследования производились на цитадели в раскопе 15х20 м.

Под рыхлым дерновым слоем зафиксирован плотный слой оплывов разрушенного строения, а также контуры могильных ям. В результате окончательного разрушения и запустения города, превратившего его в бугор, место цитадели стало использоваться для захоронений. В пределах раскопа выявлено девять захоронений: 5 детских и 4 взрослых костяка. Костяки ориентированы головой с небольшим отклонением на север и на северо-запад. Лицом повернуты на юго-запад, то есть в сторону киблы. Это обстоятельство, а также отсутствие инвентаря указывает, что захоронения мусульманские. Могильные ямы прорезали слои 1 и 2 СГ.

При углублении на 0,6 м выступили контуры стен монументального строения 2 СГ, вытянутого вдоль северо-западной стороны цитадели. В пределах раскопа выявлены три помещения, ориентированные углами по сторонам света. Внешняя, северо-западная стена строения, построенная на гребне крепостной стены оплыла, и не сохранилась. Стены были сложены из сырцовых кирпичей размером 48х20х10 см, сформованных из глины желтого цвета. Стены были оштукатурены глиной желтого цвета с примесью оболочек зерна. Штукатурка толщиной 2-3 см сохранилась местами на локальных участках, повреждена норами грызунов. В помещениях зафиксировано два уровня пола. Первоначально строение имела секционную планировку, помещения имели отдельные выходы во двор в юго-восточной стене. В период вторичного обживания эти проходы были забутованы, а помещения сообщались между собой через проходы устроенные в северо-восточных стенах. Таким образом, строение приобрело анфиладную планировку. Обмазка пола и штукатурка на стенах неоднократно обновлялись. В первоначальный период стены были украшены резьбой по глине. На полу обнаружены мелкие фрагменты резьбы и часть панели с растительным орнаментом в стиле «ислими». Обнаруженные на полу остатки декора и планировка строения позволяет предположить, что монументальное строение изначально осуществлял функции дворца. Затем после недолгого запустения и кардинальной перепланировки, стала использоваться как рядовое жилье.

Снос конструкций выявила тщательно подготовленную площадку для строительства «дворца» 2 СГ. Площадка представляла собой сплошную кирпичную кладку, заполнившие полости помещений 3 СГ. Кирпичи заполнения прямоугольной формы размером 48-47х20х10 см, вместе с ними встречаются и кирпичи размером 53х23х11 см. То есть, для заполнения использовались как новые кирпичи, так и кирпичи старого сооружения. На поверхности «читались» контуры капитальных стен. Для полноты исследования раскоп был расширен прирезками шириной 2 м с северо-западной и юго-восточной стороны.

Выявленные конструкции являются частью монументального сооружения занимавшую всю площадь цитадели (40х40 м) и развалины которого сформировали основу топографии цитадели городища. В пределах расширенного раскопа оштукатурено остатки шести помещений, три из которых полностью исследованы в нынешнем полевом сезоне. Помещения вытянуты по линии СВ-ЮЗ, обращены углами по сторонам света с небольшим отклонением. Стены сооружения сложены из сырцовых кирпичей, сформованных из глины желтого цвета перемешанными комками серой глины. Форма кирпичей прямоугольный размером 53х23х11 см. Внешняя, северо-западная стена сооружения примыкает к крепостной стене цитадели. Ширина стен варьируются от 1,4 м до 2,1 м. Помещения основной части сооружения примыкающей к крепостной стене имеют мощные стены, а стены помещений со стороны двора несколько уже.

Стены помещений были оштукатурены глиной с примесью оболочек зерна. Значит, такая технология изготовления смеси для штукатурки имеет более древние корни и использовалась в регионе длительное время. Толщина штукатурки 2-3 см. Как выяснилось позднее, эта штукатурка использовалась как выравнивающая поверхность грунтовка.

На данный момент, когда общая планировка здания остается неясной, несомненный интерес представляют два помещения (Рис.2). Помещение 2 прямоугольное в плане, размером 6,6х5,7м. Судя по оформлению и

элементам интерьера, помещение имело культовое значение, то есть выполняло функции дворцового храма. Длина северо-восточной стены 5,7 м, ширина 2,1 м, сохранившаяся высота 2,75 м. Северо-западная стена длиной 6,6 м, шириной 1,4 м, высота 2,5 м. Юго-западная стена помещения расчищена по внутреннему фасу, оставшаяся часть осталась под бровкой, высота стены 2,4 м. Юго-восточная стена длиной 6,6 м, шириной 1,9 м, 2 м высотой. Неоднородная структура кладки стены, отсутствие штукатурки, наталкивает на мысль о том что, стена перестраивалась. Кладка присутствует только в верхней части в виде широкой дуги. Нижняя часть стены представляет собой уплотненный грунт коричневого и желтого цветов. Проход в помещение располагалась на этой, юго-восточной стене, в восточном углу помещения. Неприметный, ничем не выделяющийся проход, вероятно, был устроен в поздний период, после перестройки стены. Ширина прохода 1 м. По всей вероятности юго-восточная сторона первоначально оставалась открытой, т.е. само помещение было айванного типа.

Верхняя часть помещения на глубину около 1,5 м был заполнен кладкой из сырцовых кирпичей, форматом соответствующих кирпичам 2 СГ. Затем шел слой из завалов битых кирпичей со стен данного помещения. Стены помещения были богато украшены декором из резной глины. Декор сохранился на стенах в северо-западной части помещения, т.е. на юго-западной стене начиная с середины до западного угла, на северо-западной стене начиная от западного угла до середины, и на северо-восточной стене начиная от северного угла до середины стены. На юго-западной и северо-восточной стенах, напротив друг друга, устроены арочные ниши.

Ниша на северо-восточной стене шириной 2,6 м, сохранившаяся высота 2,3 м, глубина 0,2 м. От панели ниши на юго-западной стене сохранилась правая, западная сторона высотой 1,6 м, шириной 0,9 м, с верхней частью боковой панели и антрвольта. Вероятно, ниши имели арочную форму.

Перед нишей в северо-восточной стене расчищен слой золы серого цвета и примесью древесных угольков. Под этим слоем обнаружен напольный очаг. Очаг полусферической формы, концы бортов упираются к краям ниши. Внутренняя поверхность сильно прокалена от непрерывного огня. Зола из очага также складировалась на юго-восточной суфе у прохода. В центре помещения расчищен еще один напольный очаг. Очаг под квадратной в плане формы, размером 1,15x1 м. Стенки очага сложены из сырцового кирпича в один ряд, толщина 0,23 м, сохранившаяся высота 0,13 м. За юго-восточным бортом очага складировалась зола. Здесь расчищен зольник с древесными угольками. Вероятно, выявленный нами пол является поздним полом периода вторичного использования помещения.

По уровню пола зафиксированы невысокие суфы вдоль юго-восточной, юго-западной и северо-западной стен.

Помещение 3 прямоугольное в плане, размером 7,7x6,8 м. Длинной стороной, в отличие от помещения 2, вытянуто по линии ЮВ-СЗ.

Заполнение помещения целиком состояло из кирпичной кладки, т.е. помещение было полностью заложено сырцовыми кирпичами, от пола до уровня сохранившихся стен, при подготовке строительной площадки для дворца 2 СГ. Таким образом, интерьер помещения, а это разноуровневые суфы, ступеньки, подиумы и остатки оформления стен, сохранился сравнительно хорошо. Высота стен составляет 3-3,5 м, толщина 1,8-2,1 м. Стены оштукатурены глиной желтого цвета с примесью оболочек зерна. Северо-восточная стена расчищена по внутреннему фасу, оставшаяся часть осталась под бровкой. Проход в помещение обнаружен по центру юго-восточной стены. Вдоль северо-восточной, северо-западной и юго-западной стен устроены суфы. К почетному месту на суфе, по центру, ведет двухступенчатая лестница. В середине помещения, ближе к входу устроен подиум подквадратной формы, размером 1,1x1,05 м, высотой 0,2 м.

Сохранность стен на высоту до 3,5 м позволила выявить систему освещения помещения. Освещение осуществлялась при помощи восьми светильников установленных на специальных нишах в стене, на высоте 2,1 м от уровня суф.

Стены были оштукатурены глиной толщиной 3 см, затем выровнены тонким слоем алебаstra (кыр). Штукатурка нижней части стены до 1 м повреждена влагой, верхняя часть по большей части сохранилась, но имеются значительные осыпавшиеся участки, а также повреждения нанесенные грызунами и термитами. На северо-восточной стене обитали целые колонии термитов.

На всех стенах зафиксированы прочерченные рисунки и нанесенные черной краской по белому алебастровому фону узоры широкой полосой на уровне груди человека. Верхняя часть полосы занимает орнамент растительного характера в виде завитков и побегов. На стенах выявлены граффити с изображениями человеческих фигур, представители животного мира и птиц.

Таким образом, раскопанное помещение 3 являлось парадным, выполняло функции зала для торжеств, проведения религиозных обрядов с поеданием жертвенных животных.

Во вскрытых помещениях отсутствуют находки за исключением нескольких фрагментов керамических сосудов с поверхности суфы помещения 3. Перед закладкой помещения были тщательно расчищены, следов разрушений или пожара не обнаружены, вследствие этого невозможно пока судить о характере перекрытия сооружения.

Раскопками на цитадели вскрыта часть монументального сооружения замкового типа, с разно функциональными помещениями, в том числе и культового характера. Обнаруженные конструкции уникальны тем, что имеют сравнительно хорошо сохранившиеся орнаментальные композиции, которые дают цельную картину. Уникальным также является использование изображений горных козлов и сцены охоты, присущих для наскального искусства в оформлении зала. Это свидетельствует о том, что оформление интерьера сооружения производилось местными мастерами.

По уровню залегания слоя, а также характеру изображений на стенах помещений раскопанное сооружение можно отнести к VII – началу VIII в.

Исследования на цитадели Кулана находятся на начальном этапе, что не позволяет приводить какие-либо аналогии по строению сооружения, определению культовой принадлежности храма, функциональному назначению отдельных помещений.

1. Байпаков, К.М. Западнотюркский и Тюркешский каганаты: тюрки и согдийцы, степь и город [Текст] /К.М.Байпаков // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2009. – Вып. 1 (268).
2. Сюань Цзянь и Вян Цзи. Записки о Западном крае при Великой Танской династии. - (http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/China/VII/620-640/Sjuan_tsan/text1.htm).
3. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар [Текст]. Алматы, «Дайк-Пресс», – Том 1 – 2005.
4. Волин, С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах [Текст] /С.Волин //Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. – Том 8. – 1960.
5. Бартольд, В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия /В.В.Бартольд // Соч. – М.-Л., 1963. – Т.1.
6. Кныш, А.Д. Мусульманский мистицизм. Краткая история. [Текст] – М.-СПб., – 2004. – (<http://bukharapiter.ru/sufizm/musulmanskij-mistitsizm-2.html>).
7. Байпаков, К.М. Древние города Казахстана /К.М.Байпаков, Л.Б.Ерзакович. – А.-А. Наука. – 1971.
8. Байпаков, К.М. Керамика средневекового Кулана [Текст] // Поиски и раскопки в Казахстане. – А.-А. Наука. – 1972.
9. Байпаков, К.М. Раскопки раннесредневекового замка в Семиречье /К.М.Байпаков // Вестник АН КазССР, – 1966, –Вып. 8.
10. Байпаков, К.М. Резная глина Жетысу /К.М.Байпаков, Г.А.Терновая. –Алматы. CREDO. -2004; Байпаков, К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути /К.М.Байпаков. –Алматы. Ғылым. -1998.
11. Байпаков К.М. Раскопки средневековой мастерской в Семиречье/К.М.Байпаков // Вестник АН КазССР, – 1964, -Вып. 7.
12. Байпаков К.М. О структуре средневекового города Южного Казахстана/К.М.Байпаков// Вестник АН КазССР. – 1983, – Вып. 12.
13. Нуржанов А.А. Топография средневековых городов Чу-Таласского междуречья/А.А.Нуржанов // Известия НАН РК, серия общественных наук. – 2010. –Вып.1.




Рис1. топографический план Кулана



Рис2. Общий вид раскопа

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МЕН ҚОНЫСТАРДЫҢ КЕРАМИКАЛАРЫН ТОПТАУ МӘСЕЛЕСІ (VI–XIII ғ. басы)

Ортағасырлық қалалар мен қоныстарға жүргізілген қазба жұмыстарынан шыққан заттардың басым бөлігін керамикалар құрайтындығы белгілі. Олар алуан түрлі және сандық мөлшері жағынан көп. Осы қыш материалдардың көбісі бұйымның сынық бөлшектерінен тұрса, кейбірі бүтін күйінде бізге жеткен. Қордаланған материалдардан бір ыдыстың бөлшектерінен басқасының пішіндері, жасалынулары мен түстерінің біркелкі еместігі және бір-бірінен ерекшеленетіндігі байқалады. Осыған қарап қыш бұйымдардың қолданыс аясына қарай жасалынып, пайдаланғандығын да аңғаруға болады. Ерекшеліктер қыш бұйымның жасалған өндіріс орындарына да байланысты. Жалпы VI–XIII ғ. басындағы қалалар мен қоныстардың қыш ыдыстары Орта Азияның басқа аудандарында кездесетін ыдыстардан өзгешеленіп тұратын бірқатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Тек көршілес аудандар ғана емес, еліміздің өз ішінде де жекелеген өңірлер бойынша да кейбір керамикалар бір-бірінен ерекшеленеді. Сонымен қатар барлығына ортақ жалпы ұқсастықтар байқалғанымен, олар көбіне уақыт шегіне (кезеңдерге) байланысты болып келеді. Кейбір бұйымдардың пішіні бірнеше ғасырлар бойы сақталғанымен, жасалынуы мен өрнектелуінде айырмашылықтар кездесіп жатады. Бір қарағанда пішіндері бірдей ыдыстардың да геометриялық тұрғысына қарай өзіндік белгілері болады. Келесі бір ыдыстар тіпті барлығынан бөлектеніп тұрады. Мұндай қыш бұйымдарды жеке бөліп те қарастыруға болады. Дегенмен қыш бұйымдар құрамы, жасалыну технологиясы, қолданыс аясы және т.б. қарай ажыратылады.

Ыдыстардың қандай қызмет атқарғандығын түсіну археологтар үшін кейде көптеген мәселелерді туындатып жатады. Ыдыс пішіні мен түріне байланысты бекітілген категория, оның қызметі мен тұрпатына қарай аталған терминологиясымен байланысты. Айта кетерлігі, жалпы ортағасырлық ыдыстардың мағынасын ашатын белгілі бір дәрежедегі морфологиялық-технологиялық ерекшелігі олардың қызметін шектегендігі байқалады. Олар кейбір археологиялық әдебиеттерде негізінен пайдалы, қызметтік, тұрмыстық, дәрекі немесе қарапайым ыдыстар болып сипатталғанымен, бұл терминдердің ешқайсысы нақты емес.

Негізінен қыш ыдыстарды технологиялық-қызметтік (қолданылу аясы) белгілері бойынша бөліп қарастырған жөн. Керамикаларды осылай бөлу оларды топтау мен сипаттауға көп септігін тигізіп қана қоймай, олардың жасалу технологиясын да түсінуге көмектеседі. Бүгінде орыс тілінде жазылған әдебиеттерде керамикаларды «столовая», «кухонная» және «хозяйственная» немесе «бытовая» деп бөледі. Мұны қазақ тілді археологтар әртүрлі қолданып келеді.

Д. Тәлеев «столовая» мен «кухонная» ыдыстарын ас пісіретін және ас ішетін ыдыстар деп жазған [1, б. 77-92].

Басында төрт том болып жоспарланып, кейіннен бес том болып шыққан Қазақстан тарихының (көне заманнан бүгінге дейін) 1996 жылы жарық көрген бірінші томында қыш ыдыстар кешені үшке бөлініп топтастырылған: «ас пісіретін ыдыстар – қазандар, көзелер, қақпақтар, табалар, мосылар; азық түліктерді сақтауға, оларды тасымалдауға арналған ыдыстар – кеспектер, кеспекшелер, көзелер, құмыралар, кіреңкелер және ас ішетін ыдыстар – құмыралар, тегенелер, саптыаяқтар» [2, б. 367]. Жалпы бұл кітап орыс тілінде жазылып қазақ тіліне аударылғанға ұқсайды. Сондықтан, аудармашылардың осылай бергендігін ескерген жөн.

К. Байпақов пен А. Нұржанов өз еңбектерінде ыдыстарды қолданыс қызметіне қарай екіге: асханалық және шаруашылық деп бөліп көрсеткен [67, б. 138].

Махмұд Қашқаридың жазбасында «кухня» сөзі «AŞLIQ» яғни бүгінде қолданып жүрген ас сөзінен алыстамай жалғау жалғанып берілген [3, с. 63].

Орыс тіліндегі еңбектерде керамикаларды бірнеше топтарға бөлгенімен, онда да бұйымдарды функциясына қарай атаулар беріп топтастырған.

П.Н. Кожемяко өз еңбегінде «кухонная», «столовая» бұйымдарына қандай ыдыстар кіретінін жазғанымен, шаруашылықта да қолданылатын ыдыстарға тоқталған [4, с. 24-30].

М.С. Мерциев Тараз қаласынан табылған қыш ыдыстар үш мақсатта пайдаланғандығын («кухонная», «столовая», «хозяйственная») атап өткен [5, с. 40].

Т.Н. Сенигова Талас өңіріндегі VI–IX ғғ. және одан бұрынғы асүйлік және шаруашылық мақсаттағы қыш ыдыстар жапсыру арқылы дайындалған, ал, асханалық ыдыстар шарықта жасалған деп, оларға

жататын ыдыстарды атап өтеді [6, с. 84].

Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич шартты түрде шаруашылық және тұрмыстық ыдыс-аяқтарды қолданыстық қызметіне қарай төртке бөлген:

1. Сұйықтық пен сусымалы заттарды сақтау мен тасымалдауға арналаған ыдыс-аяқтар;
2. Ас әзірлеуге тұтынылатын ыдыс-аяқтар;
3. Шаруашылық жұмыстардың әр түріне қолданылатын ыдыс-аяқтар;
4. Тамақтануда және сусындауда пайдаланылатын ыдыс-аяқтар [7, с. 159].

О.В. Кузнецова Талғардан шыққан қыш бұйымдарды қолдану аясына қарай «кухонная», «столовая» және «хозяйственно-бытовая» деп бөліп, жекелеп сипаттама берген [8, с. 89-90].

Д.А. Воякин, А.А. Нуржанов, О.В. Кузнецова Ортағасырлық Мерке қаласының орталық төбесіне жүргізілген кесік қазбасынан шыққан қыш бұйымдарды тұтыну шарасына қарай төртке бөлген: асүйлік, асханалық, шаруашылық және тұрмыстық [9, с. 81-93].

Шу өңірі қалаларының заттай мәдениетін зерттеуші Б.Э. Аманбаева қыш ыдыстарды екі топқа: «А» (асханалық) және «Б» (асүйлік және шаруашылық) деп бөлген [10, с. 9].

Сонымен, жоғарыда аталған еңбектерде барлық қыш бұйымдар қолданылуына қарай бірнеше топтарға бөлінеді екен. Дегенмен, қыш бұйымдарды төмендегідей топтарға: асүйлік, асханалық, шаруашылық-тұрмыстық деп бөліп қарастырған оларды тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызады.

Саны жағынан көп кездесетін, жасалуында құрамына саз балшыққа айтарлықтай мөлшерде құм, майда қиыршық тас қосылып сапалы жасалатын асүйлік ыдыстар, саз балшыққа аз мөлшерде құм қосып немесе қоспай жасалған асханалық ыдыстар, шаруашылық және тұрмыстық ыдыстар деп жекелеген топтарға жатқызып қарастыру, олардың қолданыс аясына қарай да жасалынуы мен пішіндері туралы көп мәліметтер береді.

Кейбір жекелеген ыдыстар сапасы мен жасалу технологиясына қарай асүйлік және асханалық болып кездеседі. Ондай ыдыстарға көзелектерді жатқызуға болады. Саздың құрамына құм және майда қиыршық тас қосылып сапалы жасалған көзелектер көбінде ошақта (тандырда) ас дайындауда, ал, сазға аз мөлшерде құм, ұсақталған қыш қосылып, сапалы жасалып күйдірілген көзелер асханада пайдаланылған. Олар сыртындағы от күйігіне және саздың құрамына қарай ажыратылады. Осындай белгілеріне байланысты асүйлік және асханалық ыдыстар тек асханалық деп те беріледі.

Құмыра, құман мен үлкен саптыаяқтардың жекелеген түрлері асхана мен шаруашылықта да пайдаланылған. Оларды ажырату қиындық туғызады, сондай белгілеріне қатысты Б.Э. Аманбаева асхана мен шаруашылық ыдыстарын бір топқа кіргізіп қарастырған болуы мүмкін.

Үш топтың да ыдыстарын жасалуына қарай пішінін үлкен екі топқа бөлуге болады: жабық және ашық пішінді (бұл жерде ыдыстың ауыз жағы айтылып отыр).

Жабық пішіннің өзі құмыралар мен қазандар тобы болып бөлінеді. Жабық пішінді ыдыстарға пропорциялық жағынан созылған, иығы бар немесе кішкене иықты ыдыстар кіреді. Пропорция бойынша созылған биіктігі диаметрінен көп барлық ыдыстар құмыралар тобына, ал биіктігі диаметрінен сәл үлкен немесе кіші ыдыстар қазандар тобына кіреді. Дегенмен кейбір ыдыстардың пішіндік құрылымын анықтау қиындық туғызып жатады. Ондай жағдайда барлық жабық ыдыстар құмыра ретінде топталады.

Ашық пішінді ыдыстарға иықсыз немесе кішкене иықты ыдыстар кіреді. Мұнда терминдік түсінбестік болмау үшін барлық ашық пішінді ыдыстарды тостаған тобына жатқызуға болатын сияқты. Олар: тостаған, тостақ, саптыаяқ, табақ, таба, үйкек, тегеш, тегене, майшам, келі, дастарқан және қақпақтар. Ашық және жабық пішіндегі ыдыстар шетелдік әдебиеттердегі ыдыстардың шектелген және шектелмеген пішіндеріне өте ұқсас келеді.

Топ ішінде ыдыстардың пішіні морфологиялық құрылымына қарай, яғни ыдыстың көлемі мен пропорциясына қарай бөлінеді. Сонымен қоса, ернеуінің (тәжісінің не жағасының) қайтарылуы мен қабырғасына, болса тұтқасына, жекелеген әшекейленуі мен өрнегіне қарай бөлінеді.

Асүйлік топқа мынандай пішінді бұйымдар кіреді: көзе, көзелек, қазан, таба, қақпақ, бірлі-жарым саптыаяқ, қазан тұғыры, үйкек және т.б.; асханалық топқа: тостаған, тостақ, кесе, табақша, табақ, түбек, гүлсауыт, саптыаяқ, құмыра, көзелектің кейбір түрлері, құман және т.б.; шаруашылық-тұрмыстық топқа: құм, құмша, тегеш, тегене, қақпақ, келі, шырақ, майшам, шырағдан, қор-қор, түтеткі ыдыс, үстел, дастарқан, тандыр және т.б. Ал, кейбір ыдыстарды, мысалы сынапкөзе (сфераконус) жеке де, болмаса тұрмыстық ыдыстарына қосып қарастыруға болады. Себебі, оны медициналық мақсатта да, яғни дәрі салатын ыдыс ретінде де қолданған.

Керамикалық зерттеу саласындағы ыдыстың пішіні мен оның қызметі арасындағы мәселелерді ажыратып беру қиындық туғызғанымен, кейбір ыдыс түрлері пішіндік құрылымына қарай нақты

шешімін тапқан. Кейбіреулерінің пішіні бүгінгі қолданылып жүрген ыдыс-ақтарға байланысты аталғанымен, қызметтік жағынан сай келмейтіндері де бар.

Дегенмен пішіндік/қызметтік қатынасына қарай морфологиялық немесе құрылымдық сипаты мен қызметтік рөлінің өзара әрекеттесуі әлі де болса толық зерттелмеген мәселе.

Американдық әдебиеттерде көбінде ыдыстардың пішіндерін жіктеудің келесі бір тәсілі көлеміне немесе геометриялық формаға негізделген. Мұндай жіктелуде негізінен геометриялық пішіндерге: үш қатты зат – сфера, эллипсоид пен сопақ (овал) және үш сыртқы көрініс – цилиндр, конус пен гиперболикка жүгінеді [11, p. 219]. Кейінгісінің ешқандай да анықталған нақты нүктесі немесе өлшемі болмайды. Ыдыс пішіндерін осылай жіктеу шектелген немесе шектелмеген ыдыс тұрқылары үшін пайдаланылады. Осы жерде түсінікті болуы үшін ыдыс пішіндерінің шектелген немесе шектелмеген деген атауларына тоқталып өткен жөн. Шектелген пішін геометриялық форманы біршама сақтаған тұрқы болса, ал шектелмеген пішін форманың жартысын не басым бөлігін жоғалтқан тұрқы. Мойны немесе жағасы бар осы пішіндердің кез-келгенінің ернеуі өз кезегінде геометриялық форманың бір бөлігі болып табылады. Олай болса, тек қарапайым ыдыс пішіні ғана емес, сонымен бірге құрама немесе күрделі нобайлысы да геометриялық баламада (эквивалентте) сипатталады.

Қазақстанның ортағасырлық қыш бұйымдары әлемде жетекші орынға ие деп сенімді айтуға болады.

VI–VIII ғғ. ыдыстардың көбінің түбі тегіс емес, яғни шарықта жасалмағандығының белгісі. Кейбір ыдыстарда пішінделгеннен кейінгі өңдеу іздері байқалады.

IX–X ғғ. бұйымдар жапсырма және көзеші шарығында жасалған топтарға бөлінеді. Жапсыру арқылы жасалған ыдыстардың пайыздық көрсеткіші азаяды. Сонымен қоса, осы кезде пайда бола бастаған түрлі түсте әшекейленген ыдыстарға байланысты, оларды «сырсыз» және «сырлы» деп бөлуге болады. Сырты сырланбаған ыдыстарды «сырсыз» дегеннен гөрі тек ыдыс күйінде беруге де болады. Тек X–XIII ғғ. басындағы ыдыстар «сырсыз» және «сырлы» деп бөлініп беріледі. Сырлы ыдыстардың күрделілігі мен орындалу тәсілінің барлығына ортақ болуына қатысты X–XIII ғ. басы аралығына жататын барлық бұйымдар жеке қарастырылды.

XI–XII ғғ. ыдыстардың көбі көзеші шарығында жасалған деуге болады. Қолдан жапсырылған бұйымдардың саны азаяды. Бұл тәсілмен негізінен асүйлік ыдыстар жасалынды. Осы кезде ыдыс сыртына өрнек жапсыру кең қолданылса, өрнекті қалыппен басу әдісі тарала бастады. Сырты көркемделіп сырланған ыдыстар пайда болды. Қазандардың өзі шарықта дайындалды.

Көзелік саздан бүтіндей немесе біртіндеп жапсырылып не шарықта жасалынған бұйым ежелгі дәуірде де, бүгінгі таңда да адамзат үшін үлкен маңызға ие. Дегенмен, жасалынған керамикалық ыдыстар сұйықтықты алып жүруге, құрғақ нәрсені сақтауға немесе ішіндегісін отта қыздыруға қолданылуы мүмкін. Қайсысын пайдаланса да ыдысқа өзіндік талаптар қояды, сондықтан оның негізгі қолданылуына қарай қажеттілігі тікелей құрылымымен байланысты.

Қыш бұйымдардың нақты қолданылу қызметі қажеттілігінен туындаған морфологиялық-технологиялық сипатымен, оның пішіндік ерекшелігі және технологиясымен тікелей байланысты болмақ. Көзелік саздан жасалған бұйымдардың негізгісі болған қыш ыдыстар мағыналық жағынан алғашқы болып табылғандықтан, оларды топтау мәселесі қарастырылып отыр.

Жалпы қыш ыдыстар қызметіне қарай үш түрлі қажеттілікте болады: сақтау, өңдеу, тасымалдау. Бұлай бөлу ыдыстардың пайдаланылуы мен дизайндық сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Яғни ыдыс қызмет етуіне байланысты жоспарланады немесе пішінделеді. Олар: 1) сұйықтық немесе құрғақ нәрсе құю; 2) ішіндегісі ыстық немесе суық болуы; 3) амалдың жиілігі, яғни ішіндегісін араластыру; 4) ішіндегісін пайдалану ұзақтығы, яғни сақтау; 5) тасымалдануы.

Қыш ыдыстардың пішіні мен геометриялық денелердің аралығындағы ұқсастық немесе сыртқы бейнелері керамикалардың тұрқын сипаттаудың негізін қамтамасыз етеді. Олай болса, ыдыс пішіндерін түріне және қолданылу қызметіне қарай топтастырылып немесе геометриялық денелерге қисындастырылып сипатталуы ыдыс көлемі мен сиымдылығын есептеуге, оның құрамын, өрнектелуін түсінуге септігін тигізеді.

1 Тәлеев Д. Келес өңірінің ортағасырлық археологиялық ескерткіштері (VI–XVIII ғғ.): тарих ғыл. канд... дис. – Алматы, 1995. – 204 б.

2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. – Алматы: Атамұра, 1996. – Т. 1. – 544 б.

3 Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.

4 Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе, 1959. – 188 с.

5 Мершиев М.С. К вопросу о стратиграфии нижних слоев Тараза // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 37-50.

6 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 218 с.

- 7 Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ АН Каз ССР. – Т. 5. – Алма-Ата: Наука, 1958. – С. 3-215.
- 8 Кузнецова О.В. Новые данные технико-технологического анализа керамики с городищ Илийской долины // Новости археологии. – 1997. – №1. – С. 89-92.
- 9 Воякин Д.А., Нуржанов А.А., Кузнецова О.В. Исследования городища Мерке // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – Алматы, 2007. – №1(253). – С. 81-93.
- 10 Аманбаева Б.Э. Материальная культура городов Чуйской долины до монгольской эпохи (VI-нач. XIII вв.) и проблемы культурагенеза: автореферат канд. ист. наук. – СПб, 1993. – 24 с.
- 11 Prudence M. Rice. Pottery Analysis. The University of Chicago Press. – Chicago and London, 1987. – 559 p.

Ә.Ә. Тәжекеев, И.С. Құрманязов

СЫР ӨңІРІНДЕГІ ХVІІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ БЕКІНІС-ҚАМАЛДАР

Мақалада ХVІІІ-ХІХ ғасырлармен мерзімделетін Сырдарияның ежелгі арналары бойында орналасқан бекініс-қамалдар жайлы жазба деректер мен археологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері салыстырылып, сипаттамалар беріледі. Осы бекіністерге қатысты Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының архив материалдары енген. Сонымен қатар, зерттеліп отырған кезеңдегі Сыр өңірінің тарихы, саяси ақуалы, жергілікті халықтың шаруашылығы мен кәсіптері қысқаша қамтылған.

ХVІІІ ғасырда Орта Азия территориясының картасында жаңадан хандықтарының пайда бола бастады. Бұқар, Хиуа, Қоқан хандықтардың алдағы мақсаттары өз жерлерін кеңейту болды. Осы мақсатта жаңадан құрылған Орта Азия хандықтары қазақ жеріне шабуыл жасап, көптеген әскери жорықтар ұйымдастыру арқылы басып алған жерлерін өзіне қосып отырды. Соның ішінде Сырдарияның төменгі ағысы ХVІІІ ғасырда Хиуа хандығының ықпалында қалып, осы жерлерде тұратын қазақтардан алым-салық алынды. 1808 жылы Ташкент өз тәуелсіздігінен айырылып, қоқандықтар саяси аренаға шыға бастады. 1814 жылы Түркістанды Қоқан әскерлері басып алғаннан кейін, бұл жерлерде Қоқан хандығының билігі күшейе бастады [1, 155].

Қоқан хандығы Сырдария бойының орта ағысы мен төменгі ағысындағы жерлерге өз билігін жүргізді. Олар Ташкент, Ходжент, Қаратегін, Дарбаза қалаларын өзіне бағындырды. Енді бұл өңірлерді қазақтардан басқада кіші жүз хандарының қол астында болған қарақалпақтар мекендеді [2, 86]. ХVІІІ ғасырдың ортасында кіші жүз Ресейдің қол астына кіргеннен кейін бұл өңірлерде Патша үкіметінің арнайы әскери экспедициялары құрылып, подполковник Шульц басқарған 130 казакпен Арал маңын топографиялық картаға түсіру жұмыстары жүргізілді. Сырдың төменгі ағысын картаға түсіру ісі 1852 жылы басталды. Осы екі ортада қалған қазақтардың кейбіреулері қоқандықтарға, ал кейбіреулері хиуалықтарға өтіп кетті. Хиуа хандығы 1820 жылы Жаңадария, Қуандария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорғаннан (қазіргі Жосалы) Арал теңізіне дейінгі аралықтағы Сыр бойын мекендеген кішкене – Шектілердің, Жиеней, Жолшара, Асан, Үсен, Құрманай, Құттық руларына және Төртқара, Қарасақал, Жаңқабыл, Керейт, Жанқылыш, Шөмекей руларына дүркін-дүркін шабуыл жасап барымталап, әйелдерін, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Сыр бойы қазақтары қоқандарға, хиуалықтарға қарсыбірнеше рет көтерілістер жасады. Олардың ішінде Жанкожа Нұрмахамедұлы, Арынғазы Әбілғазиев батырлар бастаған көтерілістер еді [2, 385;].

ХVІІІ-ХІХ ғасырларда феодалдық соғыстар, жоңғарлар шапқыншылығы тағы да өлке экономикасын төмендетіп жіберді. Суармалы егіншілік жүйесі бұзылып егіс көлемі азайды, көптеген мекендер бос қалды. Сырдария бойында Қоқан, Хиуа феодалдарының үздіксіз жасаған шабуылына қарамастан бұл өңірде егін шаруашылығы кең өріс алды. Сырдың төменгі ағысы егіншілер үшін өте маңызды болды. ХІХ ғасырдың ортасында Сырдарияда егіншілік кәсібі кедей шаруалар үшін кең түрде жайыла бастады. Қоқандықтар бұл өңірлерге келгенде бөгеттер тұрғызды. Осы өңірлердің қоқан бекіністерін алған И.Ф.Бларамберг күнделігінде бұл деректер береді. 1852 жылы келген И.Ф.Бларамбергтің өзінің естелігінде Шымқорған бекінісін басып алу барысында бекіністің маңынан көптеген бау-бақша бар екенін сипаттайды. *«Части своих людей я разрешил переправиться Жанадарью, чтобы разорить бахчи кокандцев. Мне принесли много огромных дынь, весом 30 фунтов, очень приятных на вкус и сладких. Все мои люди подкрепились этими замечательными плодами, которых здесь было в изобилии»*, яғни бұл өңірлерде егін шаруашылығының дамығанын байқауға болады [3].

Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ХХ ғасырдың 60-жылдары (С.П. Толстовтың жетекшілігімен) бұл өңірлерге зерттеу жүргізіп, бекіністерден бөгет ізін анықтаған. Бұл жерде арна ені 200 м, Б.В. Андрианов пікірінше, бұл плотина ортағасырларда бекініспен бірге салынып, ХІХ ғасырларға дейін пайдаланылған [4, 217-222]. Осы өңірдің мал өсірушілері ірі қараның тұқымдарын асылдандыруға көп көңіл бөлген. Сонымен қатар, қойдың да құйрықты түрлері, малдың қазақы тұқымдары кең тарады.

Шаруашылықтың тағы бір түрі балық шаруашылығы да жақсы дамыды. Сырдың төменгі жағалауы мен Арал маңындағы қазақтардың кеңбайтақ даласы тек Хиуа, Қоқан хандықтарын ғана емес, сонымен бірге Патшалық Ресейді де қызықтырды. Орта Азия хандықтарын бағындырғаннан кейін, осы жерлерде форттар мен Арал флотилиясының құрылуына әкелді. Арал өңірін зерттеу жұмыстары 1847 жылы Райым бекінісін салудан басталды. Балық кәсіпшілігінің дамуы Сырдария бойындағы халықтың өсуіне себепкер болып, Аманөткелде, Қармақшыда, Қамыстыбаста т.б. жерлерде қоныстар пайда болды. Алғаш болып Арал өңіріне аяқ басқан орыс ғалымдары тарапынан ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Алғаш бұл өңірлерге келген ғалымдар А. Бутаков, Л.С. Бергтің және Түркістан әуесқойлар үйірмесінің мүшелерінің еңбектерінде Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени мұралары жайлы айтылады [5, 49-50].

Жоңғар шапқыншылығы, 1723-1724 жылдары Сырдария төменгі ағысындағы халықтардың қалашықтары мен елді-мекендерін басып алып, қиратты. Орта ғасырларда Жаңадария арнасында су тартылып, мұндағы көптеген елді-мекендер мен қалашықтарды мекендеген халық басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. ХVІІІ ғасырдың екінші жартысында Жаңадария арнасында су қайтадан толып мұнда тіршілік қайта жанданды. Бұл жерлерді мекендеген халық ортағасырларда пайдаланылған каналдар жүйесін, қалашықтарды қайтадан қалпына келтірді. 1956 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Жаңадария арнасында орналасқан ортағасырлық Барақтам, Аралбай, Сырлытам, Шірік-Рабат қалашықтары маңайынан ХVІІІ-ХІХ ғ. мерзімділетін қоныстары мен жерлеу ескерткіштерін ашты.

Майлыөзек арнасының жағасында жартылай көшпелі халық мекен еткен және қорғандары бар кең көлемді кешен орналасқан. Бұл кешен 1960-1961 жылдары әуеден барлау кезінде мәлім болып, зерттелген. Бұл кешенде үш бекініс орналасқан. Олар: ең ірісі Қатынқала І, Қатынқала ІІ, Қатынқала ІІІ. С.П. Толстовтың пікірі бойынша бұл бекіністер ерте ортағасырлық бекініске жатады [6; 7, 297-302].

Осы аймақтарды қайта зерттеу мақсатында 2013 жылы Шірік-рабат археологиялық экспедициясының (Ж. Құрманқұлов) барлау отряды (Ә.Ә. Тәжекеев) автордың қатысуымен барлау жұмыстарын жүргізді. Барлау барысында бекіністердің географиялық координаттары алынып, фото-фиксация жұмыстары жасалынды. Жергілікті халықтың айтуы бойынша осы бекіністердің атауы Қожанияз қала (Қатынқала І), Қатын қала (Қатын қала ІІ), Бұзықтам (Қатынқала ІІІ) екені анықталды.

Бұл елді мекенде судың тартылып, қайта толуына байланысты халық келіп-кетіп отырған. ХVІІІ ғасырда бұл елді мекенді қарақалпақтар қоныстанған. Ал, ХІХ ғасырдың 30 жылдарында Сырдарияның төменгі ағысынан келген хиуалықтар барымталап алған. Осы елді мекен сол уақытта тарихи және топографиялық мәліметтерге байланысты Қожанияз қала деп аталған. ХІХ ғасырдың І жартысында Сырдария өңіріне Патша үкіметі экспедициялар жіберіп, өңірді зерттеп, топографиялық картаға түсіріле бастады [8]. Солардың бірі ұлы географ, әскери топографшы, саяхатшы – И.Ф. Бларамберг еңбегінде Ақмешіт бекінісі берілмегеннен кейін, Райым бекінісіне қайтар жолда Шымқорған, Қышқорған, Қамысқорған, Күмісқорған бекіністерін қоқандықтардан босатқаны жазылады (сурет 1). Шымқорған бекінісіне былай деп сипаттама береді: *«Длина каждой из ее сторон составляла 27 сажень, на всех ее четырех углах возвышались башни; кроме того, она была окружена двойным рвом. Ворота были запорты, и гарнизон находился сначала на крепостных стенах высотой 24 фута»*. [3]. Осы жоғарыда айтылып жатырған бекіністерге тоқталып өтсек:

Ақмешіт бекінісі. 1852 жылы мамыр айларында Бларамбергтің естелігі бойынша «Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан үлкен форт – Ақмешіт. Бұл бекініс үлкен қамалдары бар, жан-жағы орлармен қазылып, суға толтырылған. Алыстан барлап қарағанда ішінде көптеген үйлер, сауда жасайтын орындар, жылқыларды ұстайтын қора, бекініс басшысы отыратын сарай, әскерилер тұратын үйлер орын тепкен. Қамалдың төрт мұнарасы бар екендігі, оның мұнараларында атылатын ауыр артиллерия орналасқандығы және ішкі жағында цитадель бар екені айтылады. Ақмешіт бекінісін 1853 жылдың көктем айында генерал Перовский 3 мың адамдық әскерімен шабуыл жасап, басып алып, қалашыққа «Перовск» атауы беріледі [9, 154-156].

Бұзық қала – Аққыр ауылынан шығысқа қарай 12 км жерде орналасқан. Қуандария мен Жаңадария арнасының қосылатын иінінде орналасқан. Қалашықты алғаш рет 60-жылдары ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов)

ашып зерттеген. Жоспары төртбұрышты болып келген, төрт бұрышында мұнаралар орналасқан, ішінде құрылыс іздері бар (сурет 2,3). Бекіністің сыртында қолдан қазылған орлардың іздері бар, қақпасы оңтүстік шығысқа қараған. ХАЭЭ-сы бұл жерлерге келгенде, қалашықтың маңайында көптеген арықтар, каналдар, ауыл орындары және егістік алқаптарының орыны бар екендігін анықтаған [6, 89-90].

Қожанияз қала (Қатын қала I) – Аққыр ауылынан батысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Ескі арнаның жақ жағалауында орын тепкен. Бекіністі алғаш 60-жылдары ХАЭЭ-сы (С.П. Толстов) ашып зерттеген. Қалашықтың жоспары төртбұрышты болып келеді, ішінде цитадель ізі бар, бекіністі айнала қолдан қазылған орлар орналасқан.


Қатын қала – Аққыр ауылынан солтүстікке қарай 8 км жерде, Жаңадария арнасының оң жағында орналасқан. Бекіністі сипаттап жазуға келмейді, орны үлкен ор сияқты болып келген. С.П. Толстов алғаш бұл бекіністерге сипаттама бергенде, бұл қалашықтардың ерте ортағасырларда жергілікті тайпалармен тұрғызылған деп сипаттама беріледі. XVIII ғасырларда қоныстанған халықтар ескі бекіністерді пайдаланған.

Күміс-асар (Күмісқорған) – Шаған ауылынан батысқа қарай 8 км жерде орналасқан. Қалашықтың салыну үлгісі төртбұрышты шаршы тәрізді болып келген. Жергілікті халық жоңғар-қоқан дәуірінде қорғанған қамал болған деп айтады.

XVIII-XIX ғасырларда бұл өңірлерге орта Азия хандықтарының соғыс экспанцияларының, бекіністер салу, халықтан салық жинау арқылы, орта азия территориясынан бір жола бекінгісі келді. Сырдария сағасына Ресей әскерлері келгенге дейін жергілікті қазақ халқы хиуа және қоқан әскерлерінің тұрақты шапқыншылықтарынан зардап шегіп отырған.

Осы өңірдің шаруашылығына тоқтала кетсек, жоғарыда айтып өткендей шапқыншылықтың салдарынан сыр бойында егіншілік жерлер тарылып, мал шаруашылығы құлдырағанын көрсетеді. Бұл өңірлерде балық шаруашылығы орыстар келгеннен кейін ғана, Райым бекінісінің салынуы тағы да басқа флотилалардың құрылуы балық шаруашылығына үлкен жол ашты. Қоқандар тұсындағы бекіністер Ресей империясының тарапынан жасалған жорықтар нәтижесінде қиратылды. Саяси аренадан орта Азия хандықтары Ресей империясының қол астына қарады. Қазіргі уақытта жоғарыда аталып өткен Ақмешіт бекінісінің орны жойылған, бұл бекініс жайлы тек жазба деректерден ғана білуге болады, ал қалған қала-бекіністер орны сақталған.


1. Қожақұлы Ө. Қазақ-қоқан қатынастары XVIII-XIX ғғ. – Қ., 2006
2. Арғынбаев Х.А. // Қазақстан тарихы III-том. – Алматы, 2002
3. Бларамберг И.Ф. Воспоминания. – М., Наука, 1978
4. Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья. – М., 1969
5. Шалекенов М.У. Взаимоотношения народов Приаралья в (XVIII-XIX вв.) – Алматы: Ғылым, 1995.– 168 с.
6. Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1958-1961 гг. – М., 1961
7. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962
8. Кереев Мәди Құрманұлы Сыр өңірі тарихы. – Алматы., 1998
9. Әбдіраман Ө. Сыр өңірі тарихы орыс деректерінде. – Алматы, 2009.– 348 б.



Сурет –1 И.Ф. Бларамбергтің түсірген картасы



Сурет 2– Бұзық қала қалашығы (сыртқы көрінісі)



Сурет 3– Бұзық қала қалашығы жобасы (ХАЭЭ қорынан)

МАВЗОЛЕЙ САБИТ –МЕМОРИАЛЬНОЕ СООРУЖЕНИЕ СЕРЕДИНЫ XIX ВЕКА

Одним из наиболее распространенных типов мемориальных сооружений, в Арало-Каспийском регионе XIX – начала XX веков, являются купольные мавзолеи [1, с. 154-156, 2]. Систематизация сведений опогребально-культовых постройках этого времени уже проделана [2; 3; 4]. Новые источники позволят уточнить наши знания, и открыть новые страницы истории казахского традиционного зодчества и изобразительного искусства. Настоящая работа посвящена мавзолею обследованному автором на некрополе Сабит в Кызылординской области.

В 2014 году, по заказу Кызылординского областного государственного учреждения по охране памятников истории и культуры научно-исследовательской организацией «Археологическая экспертиза», были проведены работы по паспортизации памятников области [5, с. 92-97]. В числе памятников оказался мавзолей на некрополе Сабит, расположенном в 36 км к северу от г. Кызылорда, на пустынной равнине Дарьялыктакыр (Рисунок – 1). На некрополе находится более 50 погребальных сооружений: два мавзолея, ограды из сырцового кирпича, надмогильные насыпи с коктасами и др. Интересны ограды типа «торткулаков» с порталами. На самой вершине сопки расположен однокамерный портално-купольный мавзолей, который формирует ядро кладбища и видимо является одной из первых построек. Этот памятник впервые был обследован в 1986 году группой архитекторов института «Казпроектреставрация» (Итенов А.О., Иманбекова К.И.).




Рисунок – 1. Расположение некрополя Сабит на карте области.

Мавзолей, квадратной в плане формы, ориентирован углами по сторонам света, сложен из сырцовых кирпичей стандарта: 36-38 X 16-18 X 8 см, на глиняном растворе и оштукатурен глиной. Размеры мавзолея: 5,15 X 5 м, высота 4,3 м. Высота стен основного объема составляет 2,4 м, толщина 0,8-1 м. По углам мавзолея располагались башни, от которых сохранилось только основание фундамента (Рисунок – 2). Судя по архивной фотографии это были подпрямоугольные в плане конические башни-гульдаста, возвышающиеся над основным объемом стен на высоту около 0,5 м. Башни выступали от стен мавзолея на 0,6-0,8 м, их ширина составляла 0,4 -0,6 м. Стрельчатый вход, высотой 1,32 м и шириной 0,8 м, устроен в юго-восточной стене мавзолея. Портал мавзолея упал в юго-восточном направлении, судя по его остаткам, высота портала составляла примерно 3 м, а ширина колонн около 0,8, толщина 0,62 м. Сфероконический купол установлен на цилиндрическом барабане, и образован путем напуска кладки, высота купола 1 м. Переход от квадрата основного объема осуществлен посредством напуска кладки из углов – парусов. Высота купола 0,9 м. В центре купола было оставлено зенитное и световое отверстия.




Рисунок – 2. План и разрез мавзолея.

Общей тенденцией для мемориальных сооружений, особенно конца XIX – начала XX вв. является большая декоративность простых объемов и, напротив, большая чистота форм при усложнении объемно-пространственной структуры. Так мавзолеи юга и запада Казахстана, этого времени более декоративны, нежели памятники северной и восточной его частей [6, с. 47].

Стены внутри мавзолея на некрополе Сабит, украшены геометрическим орнаментом, выполненными красными, синими, голубыми и изумрудными красками. В ходе обследования мавзолея, была проведена фотофиксация памятника, и на основе полученных фотографий создана стереофотограмметрическая 3D-модель внутренних стен мавзолея, хотя первоначально такой задачи не стояло. Обработка фотографий осуществлена с использованием программного обеспечения AgisoftPhotoScanProfessional. 3D-модель дала возможность лучше понять и изучить пространственную организацию орнамента на стенах мавзолея, а также верифицировать ранее сделанные выводы.

Стены мавзолея и нижней части барабана были побелены известковым раствором, поверх которого нанесен орнамент (Рисунок – 3, 4, 5). В нижней части барабана по кругу расположены две параллельные красные полосы, на которых иногда прослеживаются X-образные мотивы. Между полос в ряд нанесены ромбы разных цветов: красные, синие, изумрудные и голубые, причем последние иногда с красной каймой. С левой стороны от входа на стене нанесен «ковровый» рисунок, в виде неровной «сетки» полос красного цвета, образующих квадраты. В центре каждого квадрата расположены овальные пятна красного, голубого и синего цветов. В углах почти всех квадратов нанесены небольшие красные пятнышки. В углах мавзолея, прослеживаются остатки рисунков, имитирующих стрельчатые ниши, выполненные красной краской и окаймленные голубыми полосами, в одном случае от вершины ниши отходит петля голубого цвета. Вход также был окаймлен голубой полосой, в верхней части переходящей в листовидный контур.



Рисунок – 3. Орнамент в нижней части барабана.



Рисунок – 4. «Ковровый» рисунок на стене мавзолея.



Рисунок – 5. Художественное оформление входа и углов мавзолея.

В мавзолее находилось две могилы типа сагана. Сложенная из сырцового кирпича сводчатая могила 1, размерами 2,55 X 0,8 и высотой 0,6 м, расположена слева от входа и ориентирована по линии СЗ-ЮВ. Могила была накрыта белой тканью. Справа от входа расположена могила 2, идентичная по устройству первой, размерами 2,55 X 1,3 м, и высотой 0,95 м. Вдоль северо-восточной стороны могилы устроена подквадратная в сечении ступенька, размерами 0,15 X 0,15 м. Могила также была накрыта белой тканью, поверх которой положены козлиные рога. За могилой 1, с северо-западной ее стороны найдена поминальная стела-коккас, с письменами выполненными арабской графикой.

Трапециевидный в сечении коккас, из песчаника, длиной 0,65 м, ширина лицевой поверхности 0,08 м, боковой 0,06 м. Поверхность камня тщательно отшлифована с трех сторон. Лицевой поверхностью является самая широкая сторона – верх трапеции. Эпитафия написана в 2 строки. Первая строка помещена на всю длину камня. Содержит имя покойного, название рода и места проживания - аймака (округа). Завершается «шахадой» - свидетельством единобожия и пророчества Мухаммеда (С.А.С.). Во второй строке указаны возраст покойного и год смерти. Надпись выполнена на староказахском и арабском языках, скорописным насталиком (Рисунок – 6).

Рисунок –6. Надпись на коктасе.

Строка 1:

Бибасруы Қараша аймағы Кетікбас Ашһаду ля иләһә иллә Аллах уа ашһәду әннә Мухаммадур-Расул Аллах

Строка 2:

Опат? 81 жасында 1257 санат

Перевод:

Строка 1: Бибас из рода Караша, аймак (округ) Кетикбас. Свидетельствую, что нет божества кроме Бога, и свидетельствую, что Мухаммад пророк божий.

Строка 2: Скончался? в возрасте 81 года. Год 1257 (1257 год хиджры соответствует 1841-42 гг. григорианского летоисчисления).

Надгробные стелы типа «коккас» были распространены в Средней Азии в XVIII-XX вв. Наиболее ранний, из известных сырдарьинском регионе коккасов, зафиксирован на некрополе Арыстанбаб, и датирован 1718-19 гг. [7].

30-40-е гг. XIX в. отмечены бурными событиями в истории региона и всего Казахстана в целом. После избрания Кесары Касымова ханом казахской земли, осенью 1841 г. восставшие осадили кокандские крепости вдоль Сырдарьи, в том числе Ак-Мечеть и Жанакорган [8, с. 347]. Военные действия, вероятно привели к изменениям в расселении и маршрутах перекочевков казахских родов на Нижней Сырдарье, о чем в частности свидетельствует появление нового мемориально-культурного комплекса в пустыне Дарьялыктақыр.

Аральское море на протяжении столетий переживало процессы регрессий и трансгрессий. Современное состояние Аральского моря отразилось крайне негативно на природе и экологии региона и, не могло не повлиять, на сохранность памятников истории и культуры, и особенно сильно подверженных колебаниям влажности – сырцовым конструкциям. Но какова степень этого воздействия? Ответ на этот вопрос возможен только после проведения специального исследования о влиянии изменения экологических условий на объекты истории и культуры региона. На примере мавзолея на некрополе Сабит, можно констатировать что за прошедшие восемнадцать лет, была утрачена угловая башня (Рисунок – 7,1; 7,2) через отверстие в куполе вода поступает внутрь мавзолея, что может привести к обрушению купола и утрате рисунков нанесенных внутри мавзолея.




Рисунок –7,1. Фотография мавзолея 1987 г. Автор – К. Иманбекова



Рисунок –7,2. Фотография мавзолея 2014 г. Автор –Р. Ильин

1 Ажигали С.Е. Грандиозный очаг степной Евразийской культуры // Новые исследования по археологии Казахстана. Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения – 15». – Алматы, 2004. – С. 149 – 159.

2 Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. – Алматы: Аруна, 2007. – 376 с.

3 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно-издательский центр «Гылым», 2002. – 654 с.

4 Аджигалиев С.И. Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). – Алматы, 1994. – 260 с.

5 Воякин Д., Амиров Е., Ильин Р. Мониторинг и сохранение памятников истории и культуры Кызылординской области // Промышленность Казахстана. – №4 (85). – Алматы, 2014. – С. 92-97.

6 Байтенов Э.М. Мемориальное зодчество Казахстана: эволюция и проблемы формообразования. – Автореф. дис... д-ра архитектуры. – Москва, 2004. – 51 с.

7 Ақылбек С. Арыстанбабмазаратындағы құлпытастар. – Шымкент, 2000. – 12 бет.

8 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. – Том 3. – Алматы, 2000. – 768 с.

Т.О. Өсеров

ТҮРКІСТАН ЖАЗИРАСЫНЫҢ СИДАҚ МИКРООАЗИСІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштерге назар аударып, олардың құрылымын, бекініс жүйесін зерттеу, тарихи-топографиялық ерекшеліктерін анықтап, жобасын түсіру XVIII ғ. басынан басталады. XVIII ғ. басында сызылған Түркістан қаласының аксонометриялық жобасында оны қоршап тұрған қамал мен ор және көшелері мен алты қақпасы көрсетілген. Оазистегі археологиялық ескерткіштерді ғылыми зерттеу 1864 ж. Оңтүстік Қазақстан аймағы Ресейге қосылғаннан кейін қолға алына бастады [1, 3,8,9, 29 бб]. Әуесқой ғалымдар Н.А.Северцов, М.Бекчурин, П.И.Лерх, П.И. Пашино, В.И.Верещагин және т.б. осы өңір мұраларын зерттеуге үлкен үлес қосты. Алғашқы болып Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштерін А.К. Гейнс пен П.И.Лерх зерттеді. Ал, 1867 ж. П.И.Лерх археологиялық комиссияның тапсырысымен Түркістан өлкесінде болып Сырдарияның орта ағысында орналасқан Түркістан, Сауран, Сығанақ қалаларының және Міртөбе бекінісінің орналасқан жерін анықтап, олар туралы жазба деректер қалдырды. 1895 – 1917 жж. аралығында жұмыс істеген Археологияны ұнатушылардың Түркістан үйірмесінің мүшелері осы өңір ескерткіштері жайлы археологиялық және этнографиялық мол мағлұматтар жазды [2, 108 – 110,113,114 бб].

XX ғ. басында Түркістан өңірін зерттеу Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне бағытталды. Өңірдің археологиялық ескерткіштерін зерттеу және есепке алу жұмыстары Ұлы отан соғысынан кейін де жалғасын тапты. Түркістан оазисіндегі бірқатар археологиялық ескерткіштердің ашылып, ғылыми айналымға енуі Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (ОҚАЭ жетекшісі А.Н.Бернштам) 1947 ж. Қаратау мен Сырдария өзенінің орта ағысында жүргізген зерттеулеріне байланысты. Жүргізілген барлау жұмыстары кезінде Түркістан оазисінен осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген Шойтөбе, Ішкент, Иқан, Садықтөбе, Шорнақтөбе, Қаратөбе, Әбді-мәлік, қалалары мен елдімекендері ашылды.

1957 ж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының А.Г. Максимова басқарған тобы Түркістан оазисінде барлау жұмыстарын жүргізген кезде Хантағы, Қарнақ, Ынтымақ елдімекендерінен бірнеше қорғандар қорымын ашып есепке алды.

1960 ж. жарық көрген «Археологическая карта Казахстана. Реестр» атты жинаққа Түркістан оазисінде орналасқан 29 археологиялық ескерткіштер кірген олардың қатарында 1 тасқа салынған суреттер орны, 15 оба топтары мен қорымдары және 13 ортағасырлық қалалар бар [1, 3,8,9, 29 бб].

Тәуелсіздік жылдардан кейінде 1996 – 2004 жж. аралығында Түркістан археологиялық экспедициясының (Е.А. Смағұлов) арнайы зерттеу тобы (М.Қ.Тұяқбаев) Түркістан оазисіндегі бұрын есепке алынбаған 22 ежелгі және ерте ортағасырлық елдімекендер мен ортағасырлық қалаларды зерттеп есепке алды. Солардың қатарында Мейрамтөбе, Көксарай I-II, Құлан төбе, Оқжетпес, Ақинтұма, Төрткүл – Қаратөбе, Шойтөбе I-II, Айнакөл – Бабай және т.б. бар.

2004 ж. АҒЗО ТАЭ (М.Елеуов) Түркістан ауданының археологиялық картасын жасау мақсатында археологиялық барлау және зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының барысында Түркістан ауданының Жаңа Иқан, Шаға, Оранғай, Қарнақ, Жүйнек, Бабайқорған ауылдық округтерінің жерінен бұрын есепке алынбаған, ғылымға белгісіз болып келген 203 ескерткіш ашылды, оның 7 елдімекендер, 194 обалар мен оба қорымдары, 1 тасқа салынған сурет орны, 1 тас құрылыс. Олардың жобалары сызылып, суретке түсірілді [2, 28, 174 бб].

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының ғылыми қызметкері т.ғ.кандидаты М. Тұяқбаевтың «Түркістан ауданындағы отырықшылық мәдениетінің ескерткіштері» тізімінде Түркістан оазисіндегі 93 ежелгі және ортағасырлық елдімекендер мен қалалардың аттары көрсетілген, оның 39 – ын 1997 – 2003 жж. аралығында зерттеушінің өзі ашқан.

Сонымен, Түркістан оазисінде XVIII ғ. басы – 2005 ж. аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде барлығы 541 археологиялық ескерткіштер ашылып зерттелген (кесте), олардың қатарында 4 тұрақ, 26 тасқа салынған сурет орындары, 115 ежелгі, ортағасырлық елді мекендер мен қалалар, 4 кәріз, 6 канал, арық, 386 оба топтары мен қорымдары бар.

Бұдан кейінде ХҚТУ – ң археологиялық ғылыми зерттеу орталығының Тұран экспедициясы Түркістан өңіріне барлау жұмыстарын жүргізіп бірнеше ескерткіштерді ашты [1]. Осының нәтижесінде М. Елеуов «Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштердің ашылу тарихы» атты өз еңбегін жариялады. Сондай-ақ, «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының археология бөлімі өңірдегі тарихи ескерткіштерді тауып зерттеуде үлкен үлес қосып келеді. Соның бір айғағы бөлім меңгерушісі М.Тұяқбаев «Историческая топография и развитие городов и поселений туркестанского оазиса» (XIII – XIX вв.) деген кітабын жарыққа шығарды.

Онда автор Түркістан оазисінде орналасқан бұрын соңды тарихқа еңбеген бірнеше қалаларды атап өтіп, оларды ғасырына қарай топ – топқа бөліп қарастырған [3, 122-207 бб].

«Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының археология бөлімі (2009 ж.) қараша айындағы барлау жұмысында Түркістан ауданында орналасқан, бұрын ғылымға белгісіз болып келген Сасықбұлақ (Үлгіліде), Құмайлықас (Сертте) ортағасырлық қалалары және Қосмезгіл қоныс орындарын анықтап жобасын сызып алды [4, 2 б].

Түркістан өңіріне жүргізілген барлау жұмысы 2012 ж. қайта жалғасын тапты. Нәтижесінде шілде, тамыз, қыркүйек айларында Түркістан ауданының Игілік (Мес), Абай (Ақтөбе), Үлгілі, Коммуна (Жүйнек), елдімекендері мен олардың маңында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде бұрын есепке алынбаған, ғылымға белгісіз **13 ескерткіш** анықталды [5].

Түркістан өңіріндегі елдімекен ішінен де көптеген тарихи-мәдени ошақтардың табылуы, бұрынғы ғалымдарымыздың көбіне ауыл сыртынан ескерткіштерді іздегенін көрсетеді. Сондықтан да, 2014 ж. мамыр-маусым айлары аралығында «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі Түркістан өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді микрооазистерге бөліп іздестіруді қолға алды. Нәтижесінде Сидак микрооазисіндегі Бабайқорған

және осы елдімекенге қарасты Абай, Ескі Абай, Игілік, Үлгілі ауылдарына археологиялық барлау жұмыстары жүргізді.

Бабайқорған елдімекеніндегі археологиялық ескерткіштер

Түркістан қаласынан 40 шақырымдай жерде, Қаратаудың күнгей бетінде, Жаңақорған өзені мен Ақтөбе өзенінің қосылған сағасында Бабайқорған елдімекені орналасқан. Сонау қола, темір дәуірлерінен бастау алатын өлке тарихы көне Жаңақорған өзенімен байланысты.

Асан Сарқұлов өзінің «Бабай батыр» атты еңбегінде Бабайдағы өзен атауының шығу тегіне жауап іздеген. Онда: «Бабай батырдың әкесі Нұрбай атаның (руы Сунақ) қазіргі Жаңақорған ауданынан ертеде көшіп келіп, қазіргі ауылдағы өзен маңына қоныстанғанын айтады. Міне, содан бастап қазіргі бастауы Қаратаудан аққан Көксарай өзенінің төменгі ағысы Жаңақорған өзені аталыпты. 1864 ж. Орыс әскерлері Түркістанды басып алған соң, Бабай және Жұмантай өздерінің қолында бар адам күші мен байлықты пайдаланып, бүгінгі осы жерден үлкен қорған салдырады. Қорған сол кезден-ақ Бабайдың қорғаны аталады» [6, 40-67 бб]. Мәселен, «Большой Атлас истории и культуры Казахстана» атты еңбектегі 1880 ж. Петербург қаласында жасалып шыққан Түркістан әскери округының картасында Бабайқорғанды қорғаныс қалашығы ретінде атап көрсетсе [7, 121 б], 1929 ж. Бабайқорған ауылдық округ болып құрылады [8]. 1963 ж. ғана Кеңес өкіметінің саясаты әсерінен ауыл «Күйбышев» қаракөл қойын өсіру кеңшары болып аталады [9, 121 б]. Әйтсе де, Бабайқорған атауы бұл тұста да халық жадынан шыққан жоқ. Тәуелсіздік алғаннан кейін ауыл қайта Бабайқорған деп атала бастады.

Бабайқорған елдімекенінің Үлгілі ауылына бара жатқан автокөлік жолдарының сол жағы Алтықұлаш әулие, оң жағында Ғайып ата (Аман) жер кепесі орналасқан. Ауыл тұрғыны Қалдыбек Жаперов ақсақал (1938 ж.) естелігіне сүйенсек: « Ғайып ата өзі Сунақ руынан болған, шын есімі Аман көрінеді. Бұдан 700 ж. бұрын өткен-кеткенді еске түсіретін бұл аңыз сарыны бойынша әулие өзі жатқан жер кепесінің ішіне кіріп Ғайып болыпты. Ал, Алтықұлаш әулиенің сыры ауру жан-жануарды бейіт басына әкеп айналдырса, төрт-түлік малдың шипасын беретін көрінеді. Сонымен қатар, қазіргі ауыл мазаратының ішінде, Қарабұлақ өзенінің жағасындағы Бабай батыр жерленген жерде Қара Сүңгір әулие жатыр. Бұл әулиенің нендей қасиеті бары жайында ауыл тұрғындары мардымды дерек бере алмады, тек оның Араб түбегінен келген сахаба екенін айта алды. Ауыл тынысы қашанда Жаңақорған өзеніне тәуелді болды. Өзеннен ауылға кәріздер тартылып егістіктер суландырылды. Бабайқорған ауылының жоғары солтүстік-шығыс бөлігінен тартылып оңтүстік-батысқа бағытталған 33 құдық тізімі (Жаңақорған кәрізі) және дәл сондай Опан атты жер атауымен тұратын кәріздің 82 құдығының қазылуы мұндағы отырықшылық мәдениеттің жоғары болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, ауылдың солтүстік бөлігіндегі Найманарық жағалауы мен оңтүстікке тартылып қазіргі Кәрізбұлаққа әкеп құятын 44 құдық суының да бір кездері ауыл төңірегін көк майса шалғынға бөлеп ауылға ажар бергендігін көрсетеді. Жоғарыдағы автордың (Асан Сарқұлов) еңбегінде: «Бабай батырдың Мештен (Игілік) (Бабайқорған маңайы) он бір жерден кәріз қаздырып Сауранға су тартқаны жайлы айтады» [6, 40-67 бб]. Бұл дерекке жүргізілген археологиялық барлау барысында Түркістан-Бабайқорған тас жолы бойының солтүстік бетіндегі Шорнақ арығының бойынан 4 кәріздер жүйесінің табылуы дәлел. Оның ішінде құдығы 100ден асатын кәріздер кездесті. Ал, жолдың (Түркістан-Бабай) оң бетінен кішігірім 2 кәріз жүйесі анықталды. Алайда, бұл кәріздер күні бүгінде көміліп көлемін түгелдей нақты анықтау мүмкін болмай қалған. Сондықтан да бұрын-соңды бұл ескерткіш спутниктік аэрофотоға да ілінбей археологтар тарапынан зерттеусіз тыс қалып қойған.

Сондай-ақ, ауылдың қақ ортасынан ағып өтетін Жаңақорған өзенінің жағасы су диірмендерінің де жұмыс істеуіне көп септігін тигізді. Жаңақорған өзені бойынан тартылған суды диірменге жал арықпен әкеп құйған. Ауыл тұрғындарының айтуынша: « ауыл маңында он диірмен болған, алайда, Асан Сарқұловтың пайымдауынша мұнда Шорнаққа дейін жеті диірмен болған дейді [6, 40-67 бб]. Барлау барысында аталған диірмендердің тек екеуінің ғана орынын анықтай алдық. Ал, қалғаны түгелдей жермен жексен болып жойылып кеткен. Барлығы да Түркістан Бабайқорған тас жолы бойының оң жағында Жаңақорған өзенінің жағалауында орналасқан. Ауылда 1990 жылдардың басына дейін жұмыс істеп келген Тойбазар диірмені екен. Жаңақорған өзенінің арнасы шілде айында тартылған соң өзеннің тастарынан әк өндірілген. Оны арнайы домалақ етіп тастан қаланған пештің ортасына қойып жан-жағынан от лаулатып барынша еріту арқылы жүзеге асырған. Оны «әкше» деп атайды. Әкшенің Бабайқорған ауылында үшеуі болған. Екеуінің сақталуы өте нашар, жойылып кеткен деседі болады. Ал, үшіншісі Ақтөбе өзені мен Жаңақорған өзенінің түйіскен жерінде ауыл шетінде орналасқан. Ауыл тұрғыны Нұрдиллә Нұртазаевтың айтуынша соғыс жылдары орыстар келіп әкшеден әк әкетіп тұрған. Әкше жайлы Әнуар Әлімжановтың «Көгілдір таулар» атты повестер желісінен де оқып білуімізге болады [10, 20-23 бб].

2014 жылғы барлау барысында да өзеннің сол жағалауынан ауылдың солтүстік-шығыс бетінен 1,8 км жерден Төрткүл-Бабайқорған II қонысының орынын анықтадық. Төртбұрышты дөңес келген қоныстың оңтүстігінен көлемі 2,5х2,5 м, ені 1 м шурф салдық нәтижесінде ошақ ізі шықты, төбеден теріліп алынған керамика сынықтары негізінде қоныстың XVIII басы мен XIX ғ. аяғына дейінгі аралықта өмір сүргені анықталды. Жергілікті ауыл тұрғыны Дастан Абибуллаев қоныстың оңтүстік-батыс бөлігінен топырақ алған, алайда, төбешіктің астынан қыш ыдыстар (хум т.б.) шығып кеткесін төбеден ары қарай топырақ алуын тоқтатыпты. Осы кісінің (Дастан Абибуллаев) марқұм әжесінің айтуынша мұнда XX ғ. жер кепелер де болыпты. Сондай-ақ, барлау барысында бұрын ғылымға белгісіз 120 обалар қорымы анықталып олардың географиялық координаттары алынып, жоспары сызылды. Табылған обалар тізбегіне сол маңдағы жер-су атауына байланысты Найманарық, Бабай-Жаңақорған, Үш қорған, Төрткүл-Бабайқорған, Шеру, Теренсай, Қарлығаш төбе және Шорнақ арық обалар тобы деп ат қойылды. Барлау барысында көптеген қорымдардың басына жайылған тастары жойылып, тоналып бара жатқаны байқалады. Әсіресе, Бабайқорған елдімекенінде орналасқан, тас және топырақ үйіндісінен тұрғызылған обаларды жабайы «археологтар» қазып тонап, бұзып жатқаны айқындалды. Бұл тез арада осы өңірдегі тарихи ескерткіштерді зерттеуді қажет ететінін білдіреді.

1. Елеуов М. Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштердің ашылу тарихы. –Түркістан, 2007. – 3,8,9, 29 бб.
2. Бахтыбаев М. Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштерін есепке алу мен қорғау мәселелері. // Тұран-Түркістан тарихи-мәдени сабақтастық мәселелері. Ежелгі дәуір және ортағасырлар. Түркістан археологиялық экспедициясының 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Түркістан, 2006. – 108 – 110,113,114 бб.
3. Туякбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII – XIX вв.). –Алматы, 2009 г. –122-20
4. Өсеров Т. Археологиялық ескерткіштер – халық қазынасы. // Түркістан газеті, 2010. – №35-36, –2 б.
5. Туякбаев М., Өсеров Т., Мұсабаев Қ. Түркістан өңірінде жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының Есебі. Түркістан, 2012. Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімі архиві(АЖЕКБ архиві).
6. Сарқұлов А. «Бабай батыр». –Алматы, 2012. –40-67 бб.
7. Бимендиев Ә., Ускенбай Қ. Большой Атлас истории и культуры Казахстана. –Алматы, 2008. – 508 б.
8. Ержігітов Арманның жеке қоры (Бабайқорған орталық аудан әкімшілігі).
9. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. – Алматы, 2005. –121 б.
10. Әлімжанов Ә. «Көгілдір таулар». –Алматы, 1982. –20-23 бб.

**С.З. Ахмет, Ө.Ж.Жұмабай, С.Т. Қалдыбек.,
Г.С. Ахметова, О.Б. Құлымбет.**

СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ОРТА АҒЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ОТЫРАП ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ 2011-2014 ЖЫЛ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕЛУІ

Оңтүстік Қазақстан облысының батыс жақ бетінде Көне Отырап қала жұртының атын иеленген Отырап ауданы орналасқан. Аудан жері жазықты сортаң, шөлді болып келгенімен, өңірдің табиғаты мен ауа-райы егін мен мал шаруашылықтары үшін қолайлы болған. Өйткені сол замандардың куәсі болып бізге жеткен 240-ден астам көне мұралары қазіргі өлшеммен алғанда шағын болып келетін Отырап ауданында сақталған. Өңір ескерткіштері түр сипатына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Археологиялық топқа қалашықтар, елді мекендер, шеберханалар, зираттар (обалар), этнографиялық топқа оман арықтар, егістік алқаптар, су тоғандары, үңгірлер, жер кепе орындары, архитектуралық топқа мешіттер, кесенелер, мұнаралар эпиграфиялық топқа – тас бетіне жазылған жазулар, таңба белгілер көк тастағы жазулар. Сан алуандылығымен ерекшеленетін Отырап өңірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы XIX ғасыр аяғында басталып I – ғасырдан астам уақыт ішінде әліде жағасын тауып келеді.

Осы ауданда орналасқан Отырап мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы РМҚК-ы тарихи құндылықтарды қорғап, сақтау, насихаттау, зерттеу жұмыстарын жүргізіу мақсатында 1979 жылы құрылған, содан бергі уақыт ішінде мұражай ұжымы ескерткіштерді зерттеуге белсене араласып бұрын соңды кездеспеген 80 астам жаңа ескерткіштерді тауып археология ғылымына қосты. Археологиялық барлау жұмыстарының барысында 1992 ж. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Ақ қорған, Шаншар ескерткіштерінің орны [1, 105 б.] 1999 жылы Тастөбе кәріс суландыру жүйесі, Төбе құм шеберхана орны анықталды. 2002 жылдың сәуір айында музейдің археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі

ұйымдастырған экспедиция (жетекшісі С.Ахмет) барысында Сырдарияның сол жағалауында кәріс суландыру жүйесі, Төбекүм шеберханасы, Тұщы құдық шеберханасы анықталды. 2002 ж. Көксарай ауылынан Айбек, Қанбаба, Жарты төбе, Өтеген төбе, Дүйсенбай әулие шеберханасы атты ескерткіштер анықталды [2, 104-121 бб.]. 2003 жылы музейдің археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімі мен Шымкент қаласындағы Археология және этнология ғылыми зерттеу орталағының қызметкерлері мен Қожатоғай жерінің Айғырұшқан, Дастарбасы, Тасқотан, ежелге тау жоталарын тастан үйілген обалар, су қоймасы, үңгірлер орны, [3, 76-79 бб.] тасқа түсірілген таңба белгілер, тоғыз құмалық орны анықталды [4, 63-71 бб.]. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Арыс, Отырар аудандарына қарасты Қызылқұм массивіндегі тың жерлерді мақта егістігіне айналдырудың III-IV кезеңін іске қосу мақсатында Шымкент қаласындағы «Оңқазсужоба» ААҚ, М. Үнембаев атындағы барлау және жобалау институты мен Алматы қаласындағы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты арасындағы келісім шарт негізінде 2005 жылы мамыр айында ОҚКАЭ құрамында «Көксарай археологиялық тобы» құрылды (жетекшісі Х.А. Айтқұл). Аталмыш экспедиция егістікке және осы мақсатта салынатын құрылыс т.б. үшін бөлінетін жер аумағындағы тарихи ескерткіштердің бұзылуын, бүлінуін болдырмау ниетінде іргелі археологиялық зерттеу жұмыстарын атқарды. Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында жер игеру аумағы мен осы аймақпен шектесетін аумақта 2 ортағасыр қала жұрт орны, 11 ортағасыр мекенжұрт орны, 8 төрткүл типтес қорған қамал, бірнеше тармақтардан құралған ежелгі оман арық орындары, 40-тан астам көне зираттар анықталды [5]. 2008-2009 жылдар аралығында Қожатоғай жеріндегі Дастарбасы тауынан тас бетіне ойып салынған екі басы дөңгелек түрінде жасалған ұзын сызықшалар белгісі мен бірнеше обалар анықталды [6, 367-369 бб.]. Отырар қорық-мұражайы ұйымдастырылған әрбір археологиялық экспедиция жұмысы өз нәтижесін беріп келеді. 2011-2014 жж. ұйымдастырылған археологиялық барлау Қожатоғай өңірінен – оба, үңгір, тоған орындары анықталды. Қожатоғай ауыл әкімшілігі Шәуілдірден 100 км оңтүстік-шығыста, Сырдарияның сол жағалауында, Қожатоғайдың ескі аты Жарсуат. Бұл жерде қазіргі есеп бойынша 36 археологиялық ескерткіштер бар: 18 тастан және топырақтан үйілген обалар, 5 төртбұрышты етіп тастан қаланған зират орны, 1 су қоймасы, 1 кәріз суландыру жүйесі, 1-(20) үңгірлер тізбегі, 1 ежелгі тас дәуірінің тұрағы, 2 тасқа ойып жасалған тоғызқұмалақ орны, 3 тасқа ойылып түсірілген таңба белгілер, 1 үңгір ішіндегі жазу, III ортағасырлық елді мекендер, 1 тоған орны.

Ақ мұрын 1 ші обасы, қола дәуірі (археол). Қожатоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 29 км, Географиялық координаттары 42Т0449808, UTM 4631613. Тасқотан тұрағынан оңтүстік-батысқа 3 км жерде орналасқан 3 оба. 2011 жылы Обалар оңтүстіктен-солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Обалар бір-бірімен 500 метр қашықтықта жатыр. 1-ші оба биіктігі 1 м, дм 9 м топырақтан үйілген. 2-ші оба биіктігі 90 см, дм 7 м топырақтан үйілген. 3-ші оба биіктігі 85 см, дм 8 м топырақтан үйілген.

Ақмұрын 2 обасы, қола дәуірі (археол). Қожатоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км, Тасқотан тұрағынан оңтүстікке қарай 1 км, Географиялық координаттары 42Т0431688, UTM 4692853, обалар қыр жиегіне оңтүстіктен-солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. 1-ші обаның дм 9 м, биіктігі 1 м, топырақтан үйіліп жасалған. 2-ші оба, 1-ші обадан 200 м қашықтықта орналасқан дм 6 м, биіктігі 40 см майда тастардан үйіліп жасалған. 3-ші оба, 2-ші обадан 20 метр қашықтықта орналасқан дм 5 м биіктігі 30 см. Тастардан үйіліп жасалған.

Жайлау 1 обасы, қола дәуірі (археол). Қожатоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 32 км, Тасқотан тұрағынан 1,5 км оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Географиялық координаттары 42Т0454819, UTM 4629338. Обалар оңтүстік-шығыстан, солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Саны 7, тастардан дөңгелек пішіндес болып қаланған. 1-ші оба дм 15,5 м, биіктігі 50 см, 2-ші оба, 1-ші обадан 5,5 м, қашықтықта дм 7,5 м, биіктігі 20 см, 3-ші оба, 2-ші обадан 9 м қашықтықта дм 2 м, 4-ші оба, 3-ші обадан 5 м, қашықтықта дм 10 м, биіктігі 20 см, 5-ші оба, 4-ші обадан 6 м қашықтықта дм 13 м, биіктігі 40 см, 6-шы оба, 5-ші обадан 11 м, қашықтықта дм 6 м, биіктігі 20 см, 7-ші оба, 6-шы обадан 14 метр қашықтықта дм 8 м, биіктігі 20 см.

Жайлау 2 обасы, қола дәуірі (археол). Қожатоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 32 км, Тасқотан тұрағынан 1,5 км оңтүстік-шығыста орналасқан. Географиялық координаттары 42Т0454281, UTM 4628989. Обалар оңтүстік-шығыстан, солтүстік-батысқа қарай тізбектеле орналасқан 4 обадан тұрады. Обалар топырақтан үйіліп тұрғызылған. 1-ші оба дм 17 м, биіктігі 2 м, 2-ші оба, 1-ші обадан 34 м, қашықтықта орналасқан дм 20 м, биіктігі 80 см, 3-ші оба, 2-ші обадан 14,5 м, қашықтықта, дм 17 м, биіктігі 50 см, 4-ші оба 3-ші обадан 3,5 метр қашықтықта дм 19 м, биіктігі 70 см.

Жайлау 3 обасы, қола дәуірі (археол). Қожатоғай ауылын солтүстік-шығысқа қарай 32 км, Тасқотан тұрағынан 12 км, оңтүстік-шығыс Шардара ауданының жерінде орналасқан Географиялық

координаттары 42T0453850, UTM 4628761. (Отырар ауданының шекарасынан 200 м қашықтықта) 2 қорым. Қорымдар жалпақ тастарды қырынан қойып төрт бұрышты етіп қалаған, ортасында мүрде қойылған орын бар. Қоршалған тастардың біраз бөлігі бұзылып алынған, мүрде қойылған орын сай болып төмен түскен. Екеуінің бір-бірінен ара қашықтығы 10 м. Осы қорымнан жоғарыға қарай (оңтүстік-шығыс) бетінде тастан үйілген 10 шақты обалар бар. 1-ші қорымның дм 9x10 м, ішкі мүрде солтүстік-шығыс бұрышқа жақын 2,5x3 м қашықтықта орналасқан. Оның көлемі төрт бұрышты түрінде. 1,7x2,2 м көлемінде берілген. Қорым дм 9,5x8,5 м қоршау ішінде, сай түскен 2 мүрде орны бар. Үлкен мүрде орны ортада оның дм 3x2,5 м, кіші мүрде орны солтүстік-шығыс бұрышқа жақын орналасқан көлемі 1,4x1 м.

I. Маслихат төбенің солтүстік-шығысындағы 4 оба Қожатоғай ауылынан 21 км, қашықтықта. Географиялық координаты 42T0440961UTM4634959, обалар Байтоғай, Тасқотан қара жолының бойында орналасқан. Оңтүстік-шығыстан, солтүстік-батысқа қарай созыла ор жатыр. 1-ші оба Байтоғай, Тасқотан жолының оң жағында 10 м, жерде, көлемі 15 м, биіктігі 1,5 м, дөңгелекше келген. II-ші оба қара жолдың сол жақ бетінде 1-ші обадан 75 м, қашықтықта орналасқан. Көлемі 28 м, биіктігі 1,10 метр. III-ші оба, II-ші обадан 80 м, қашықтықта, көлемі 20 м, биіктігі 40x45 см. IV-ші оба, III-ші обадан 70 м, қашықтықта, көлемі 24 м, биіктігі 60 см.

II. Айғырұшқанның солтүстік-батысында екі оба. Қожатоғай ауылынан 30 км қашықтықта. Географиялық координаты 42 T 0455320 UTM 4639391, теңіз деңгейінен 319 м, биіктікте. Обалар жар жиегіне 10x12 м жақын орналасқан. I-ші обаның көлемі 20 м, биіктігі 1,40 см. II-ші обаның көлемі 11 м, биіктігі 50 см.

III. Кереге тас үстіндегі 5 оба. Қожатоғай ауылының солтүстік-шығысында 40 км жерде Географиялық координаты 42 T 0460005 UTM 46334428, теңіз деңгейінен 585 м, биіктікте. обалар бір біріне жақын шоғырлана, жар жиегінен 50x30 м, жақын орналасқан.

IV. Шондыбай тоғаны. Қожатоғай ауылының солтүстік-шығысында 32 км жерде. Этнографиялық ескерткіш XVIII ғ. аяғында жосаланған кереге таспен Дастарбасы тауындағы жазықтықтан келетін қар, жаңбыр, суларын бөген егістік егу үшін жасалынған. Тоған жасалынған арықтың ені 12 м, биіктігі 1,7 см. Тоған биік тастан тастар қалап жасалынып, үстіңгі беттеріне тас аралас топырақ төсеген. Тоған жалының ені 2,5 метр.

V. Кереге тас үңгірі. Қожатоғай ауылының солтүстік-шығысында 40 км жерде. Географиялық координаты 42 T 0459880 UTM 4633216, теңіз деңгейінен 237 м, биіктікте, үңгір ішінің көлемі 6,3x6,8 м, биіктігі, 1,3x2 м, аралығында үңгір іші қызғылт түсті нулы келген. Үңгір алды тастармен қаланған, есік орны 5 м, есік аузы шығысқа қараған. Үңгір алдында кішірек келген алаң бар. Үңгір алдынан 10 м, қашықтықта дөңгелекше түрінде бір-біріне жапсарлас жасалған төрт үй орны бар.

I-ші жапсарлас тұрғын жайдың көлемі 10 м, қабырғалары 2 қатар тастан қаланып ортасы топырақпен толтырылған. Есік ені 60 см, есігі солтүстік шығысқа қараған. Екінші үйдің көлемі 5,4x5,4 м, есік аузы 60 см, мұның да есігі шығыс жаққа қараған.

II-ші жапсарлас тұрғын жайдың көлемі 11,80 м, ауыз есігі 70 см, шығысқа қараған. Екінші үйдің көлемі 7,6 м, есігі шығысқа қараған. Екі үйдің де қабырғалары екі қатар тас қаланып, ішіне топырақ толтырылған. Қабырға қалыңдығы 60 см. Үңгірдің солтүстік жағында жар ернеуіне тас қалап көлемі 20 м асатын алаңқай жай салынған.

VI. Айғырұшқанның батысындағы үңгір. Қожатоғай ауылының солтүстік –шығысында 30 км жерде. Географиялық координаты 42 T 0454281 UTM 4638284, теңіз деңгейінен 275 м, биіктікте. Үңгір ішін қар, жаңбыр сулары шайып арық етіп жіберген. Үңгір ені 7-8 м, үңгір аузы 30 м, үңгір іші ұзыннан ұзақ болып созылып жатыр 50-60 м, аралығында.

Қожатоғай ауылындағы Городан қыстауының солтүстік-батысында орналасқан обалар тізбегі.

Обалар Қожатоғай ауылынан 40 км, шығыста биік қыр үстінде солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Топырақтан үйілген обалардың саны 11. Обаларды оңтүстік-шығыстан, солтүстік-батысқа қарай белгіледік. Барлық обалар көз жетім жерде көрінеді. 1-ші оба жар жиегінен 40-50 метр қашықтықта орналасқан. Көлемі 19 метр, биіктігі 1,20 метр географиялық координаттары 42,T0461271UTM4631792, 2-ші оба 1-ші обадан солтүстік-шығысқа қарай 175 метр қашықтықта орналасқан. Оба көлемі 40x35 метр, биіктігі 1,50 метр, географиялық координаттары 42,T0461346UTM4631979, 3-ші оба 1, 2-ші обалардан 600x500 метр қашықтықта жар жиегінен 50 метр жерде орналасқан. Оба көлемі 30 метр, биіктігі 1,80 м, географиялық координаттары 42,T0461012UTM4631865, 4-ші оба 3-ші обадан 90 метр жар жиегінен 50 метр жерде орналасқан. Оба көлемі 20 метр, биіктігі 1,80 метр географиялық координаттары 42,T0460981UTM4631765 5-ші оба 4-ші

обадан солтүстікке қарай 15 метр, 3-ші обадан 90 метр қашықтықта оба көлемі 16 метр, биіктігі 1,20 метр. Географиялық координаттары 42,Т0460941UTM4631765, 6-шы оба 5-ші обадан 30 метр, жар жиегінен 30 метр жерде орналасқан. Көлемі 12 метр, биіктігі 40-50 см, географиялық координаттары 42,Т0460875UTM4631563, 7-ші оба №6-шы обадан 30 метр, жар жиегінен 30 метр жерде орналасқан. Көлемі 15 метр, биіктігі 30 см, географиялық координаттары 42,Т0460863UTM4631517, 8-ші оба №7-ші обадан 7 метр, жар жиегінен 30 м, жерде орналасқан. Көлемі 16 м, биіктігі 70 см, географиялық координаттары 42,Т0460860UTM4631497, 9-шы оба 8-ші обадан 8 метр, жар жиегінен 50 м, жерде орналасқан. Көлемі 18 метр, биіктігі 80 см, географиялық координаттары 42,Т0460860UTM4631474, 10-шы оба 9-шы обадан 27 метр, жар жиегінен 70 метр жерде орналасқан. Көлемі 18 метр, биіктігі 40 см, географиялық координаттары 42,Т0460830UTM4631432, 11-ші оба 10-шы обадан 800-900 м, солтүстікте орналасқан орта терең жыралы сай бар. Көлемі 20 метр, биіктігі 1 метр, географиялық координаттары 42,Т0460495UTM4631437.

1. Қожа. М., Ахмет С.З. Сырдарияның орта ағысындағы жаңа археологиялық ескерткіштер. Марғұлан оқулары. – Қызыл Орда. 2001.–105 б.

2. Ахмет С.З., Исабеков З.Қ., Есжан. Е.Ә. Отырар ескерткіштері. – Шымкент: Жебе баспа үйі, 2006.–104-121 бб.

3. Ахмет С.З., Железнаков Б.А. О пещерах Дастарбасы. Новые памятники Южного Казахстана. МОН РК, Институт археологии им. А.Х. Маргулана. Тезисы Докладов научной конференции молодежи ученых «Ахинжановские чтения-2004». Алматы. – С. 76-79.

4. С.З. Ахмет, Б.А. Железняков. Дастарбасы үңгірінің құпиясы. NOMAD KAZAHSTAN. – № 5. Алматы (5). – 2005 ж. – 63-71 бб.

5. Айтқұл Х.А. Итоги проведения археологической экспертизы зоны освоения Кызылкумского массива орошения III-IV очереди. // Архив. – Института археологии им. А.Х. Маргулана. – 2005 г.


6. Ахмет С.З. Отырар өңіріндегі жаңа археология ашылымдар. Ахмет Ясауи атындағы халықаралық казак-түрік университеті ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілетін IV Халықаралық түркология конгресі 13-14 мамыр, 2011. –Түркстан. – 367-36 бб.

С.С. Мургабаев, М.М. Бахтыбаев, Л.Ж. Малдыбекова

ҚАРАТАУ ЖОТАСЫНЫҢ ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНДЕГІ ТҮЙЕ БЕЙНЕЛЕРІ


Бейнелеу өнерінің туындыларындағы әр кезеңнің өзіне тән стильдік ерекшеліктердің пайда болып қалыптасуына қоршаған табиғи ортаның, климаттық өзгерістердің, сонымен қатар саяси және мәдени байланыстардың үлесі басым. Соның ішінде археологиялық дерек көзі болып табылатын жартас суреттерінде, әсіресе оның ежелгі кезеңдері үшін бейнелеу нысаны ретінде таңдап алынған фауна өкілдерінің сандық құрамы мен бейнелену ерекшеліктерін анықтау жергілікті үрдісте қалыптасқан немесе көршілес аймақтармен байланыстың арқасында дамыған үлгілері мен олардың кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда оңтүстік өңірлерінде, соның ішінде Қаратау жотасының жартас суреттері арасында түйе бейнелері жиі кездесетін бейнелер қатарында. Бұл аймақта түйе бейнелері саны жағынан да кескінделу үлгісінің саналуандығымен де ерекшеленеді (1-20 суреттер). Бұлай болуының негізгі себебі аймақтың табиғи-географиялық жағдайына байланысты болса керек. В.А.Новоженов «б.з.д. III м.ж. Евразияда климат өзгеріп, ол континентальді және құрғақ бола бастады, ол мал шаруашылығының дамуындағы алғышарттарға ықпал етті»- деп атап өтеді [1, с.190]. Қазақстанның солтүстік және орталық бөліктеріндегі голоценнің екінші жартысындағы климаттық өзгерістер туралы Д.А.Гаврилов голоцен тарихындағы ең құрғақ әрі ұзақ кезең қола дәуірінің соңына тура келсе, ең ылғалдысы –энеолитке келгенін мәлімдейді [2, с.227-228]. Ал Қаратау өңірінде ауа райы бұдан да қуан болды [3, с.8]. Ол оңтүстігінде Қызылқұммен, солтүстік-шығысында Мойынқұм шөлімен, ал солтүстігінде Бетпақдаламен шектеседі. А.В.Виноградов пен Э.Д.Мамедовтар да б.з.д. III мыңжылдықтың соңы, б.з.д. II мыңжылдықта Орта Азиядағы климаттық жағдайлардың құрғақ бола бастағанын, тіпті ландшафттық аймақтардың ығыса бастағанын айтады [4, с.95-97]. Еліміздің желгі дәуірлердегі болған климаттық өзгерістер міндетті түрде табиғаттағы фауна, флора өкілдерінің арасында түбегейлі, не құрамы жағынан бірқатар өзгеріс әкелетіндігі мәлім, соның нәтижесінде шаруашылық түрі де белгілі бір өзгеріске ұшырайды. Ал бұл екі фактор өз кезегінде қоршаған ортаға байланысты қоғамдағы кейбір дүниетанымдық, мифологиялық мәтіндер мен образдардың өзгеріске ұшырауына әкеліп соғатындығы заңдылық. Бұл өзгерістердің өз кезегінде бейнелеу немесе қолданбалы

өнер тындыларына ықпалының болатындығын байқауға болады. Осынадй өзгерістерді аймақтың жартас суреттерінен анық байқалады. Қола дәуірінің жартас суреттерінде б.з.д. II м.ж. ортасынан бері қарай ылғалды климатқа бейім бұқа бейнелері азайып, орнына құрғақшылыққа шыдамды түйе бейнелері көбейе түседі. Бұл құбылыс басқа аймақтарда да байқалады, мысалы Оңтүстіктегі Алтын-депенің ерте қола дәуіріне қарағанда дамыған қола дәуірінде (б.з.д. III м.ж. екінші жартысы II м.ж. басына сәйкес келеді) шаруашылықтағы мал құрамында өзгерістер пайда болады. Ірі қараның саны күрт төмендей бастайды [5, с.129-130].




Жалпы түйе малының қолға үйретіле бастауы туралы қалыптасқан біркелкі пікір жоқ. Е.Е.Кузьмина Орта Азия мен Қазақстан аймағында қос өркешті түйелердің қолға үйретілген кезі б.з.д. II мыңжылдық ортасына дейін деп көрсетеді [6, с.42]. Орталық Қазақстандағы II мыңжылдықтың соңына жататын ежелгі елді мекендер мен жерлеу орындарында түйе сүйектерінің табылуы, олардың қолға үйретіле бастауы емес, шаруашылықта қалыптасқан көлік малы ретінде оған дейінгі уақыттарда пайдаланылып жүргені Е.Е.Кузьминаның болжамын растайды [7, с.175-176].

Соңғы жылдардағы жинақталған материалдар мен деректер жоғарыдағы тұжырымдарды толықтыра түседі. Үлкен Қаратаудың жартас суреттерінде ежелгі кезеңдерге тән бейнелерінде тек қана екі өркешті яғни бактриан тұқымдас түйе түрі бейнеленген. Жалғыз өркешті дромадер тұқымдас түйелер тек қана ортағасырлық кезеңдерде пайда бола бастайды. Жартас суреттеріндегі бұл тұжырымдарымызды зоо-биологиялық бақылаулар да дәлелдей түседі. Бұған бірінші себеп бұл екі түйенің түрінің пайда болған және тіршілік ету аймағының климаттық ерекшелігіне байланысты Д.Баймұқановтың айтуынша «дромадер тұқымдастарының таралу аймағы ыстық тропикалық, субтропикалық аймақтар, ал бактриан тұқымдасының тіршілік аймағы Қазақстан, Монголия, Сібір және Қытайдың қысы ұзақ әрі суық шөлейттік және далалық аймақтары» [8, с.112]. Археологиялық қазбалардан табылған остеологиялық материалдардың негізінде сараптама жасаған Н.М.Ермолова да қос өркешті түйелердің тіршілік аймағы Орталық және Орта Азияның құрғақ аудандары, Копетдаг тауларына дейінгі аралық деп көрсетуі, Д.Баймұқановтың пікіріне дұрыс келеді. Сонымен қатар Оңтүстік Түркияның археологиялық ескерткіштерінің материалдары б.з.д. III м.ж. бастап ортағасырлық кезеңдерге дейінгі аралықта тек қана екі өркешті түйенің болғандығын, ал кейінірек оларды Африка мен Аравиядан келген жалғыз өркешті түйе ығыстыра бастағанын көрсетеді. Сондай-ақ, жүрісі жылдам, сүті мол бір өркешті түйе экономикалық тұрғыдан тиімді болған [9, с.110-111]. Көріп отырғанымыздай бактрианға қарағанда дромадер тұқымының біз қарастырып отырған аудандарда кейін пайда болуы табиғи жағдайға байланысты болып отыр. Оларды асырау жергілікті түйе тұқымына қарағанда күтімді көп талап етті, яғни қысы қатал аймақтар үшін оларды қолда асырау қажет болды. Әйтсе де ол тек қана сүт бағытындағы шаруашылықтар үшін экономикалық жағынан тиімді болып есептелді. Ол қазіргі таңда да солай. Жартас суреттерінде бір өркешті түйенің ортағасырлық кезеңдерге жататындығының негізгі дәлелі – суреттердің күнге күйе деңгейінің төмендігі, кескінделуіндегі стилистикалық ерекшеліктер т.б. болып табылады.



М.К.Қадырбаев пен А.Н.Марьяшевтың байқауынша Қаратаудың жартас суреттеріндегі «ежелгі дәуірлерге тән түйе бейнелері бірқалыпты позада кескінделіп, көп жағдайда көріністің негізгі кейіпкері ретінде орталық бөлікте орналасқан. Бұндай көріністердің ежелгі арбалар кезеңіне жататындығының айғағы – көріністе көзілдірік тәріздес белгілердің кездесуі» [10, с.177]. Түйе бейнелерінің қатысуымен салынған бірқатар көріністердің ғұрыптық сипатта орындалғандығын, кейде көлемді етіп салынған түйе бейнесіне адамдардың табыну сәті кескінделген деп түсіндіреді. Сондай-ақ ежелгі суретшілер түйені көп жағдайда үй жануары ретінде, яғни, аяқтары тұсалған не мұрындықпен бейнелеген. Дегенмен бұл жануардың жалпы ерекшеліктеріне қарап, Қаратау жартастарында сирек те болса жабайы түйедегі негізгі ерекшелік – пішінің ашаң, сондай-ақ, тырнақтары шығыңқы болатындығы негізге алынады [10, с.177, рис.57]. Қазіргі таңда тек қана Гоби шөлінде ғана кездесетін өзінің алғашқы жабайы келбетін сақтап қалған қос өркешті түйелер мен қолға үйретілген түрлерінің бас сүйектерін морфологтар зерттей келе өте анық байқалатын ерекшеліктерінің бар екендігіне көз жеткізіп отыр. Олардың сыртқы пішініндегі айырмашылықты зоолог мамандар- жабайы түйе жеңіл, ашаң, аяқтары ұзын, сұласы екі бүйірінен «қысылған» тәрізді жалпақ болып келеді (жабайы түйенің монғоша атауы «хавтагай»-жапақ сөзімен сәйкес келеді). Олардың өркештері жіңішке, конус пішінді, үй жануарына қарағанда екі есе кіші болып келеді. Табандары жіңішке, сондай-ақ үй жануарында болатын тіздегі мүйізгектің (мазоль) жабайы түрінде мүлдем болмайды. Түк жамылғысы әлдеқайда қысқа, үлектердегі шүйдесіндегі кекілдері де қысқа болады [11, с.63-64].

Жоғарыдағы сипаттамаға сәйкес түйе бейнелері Қаратау жартас суреттерінде өте сирек кездеседі. Осы бейнелердің ең ежелгілерінің қатарында – өркештері кішілеу болып келген, кескінделуі өте қарапайым және көп жағдайда екі аяқпен ғана салынған бейнелер болуы ықтимал. Дегенмен бұндай қарапайым кескінделу әдісін барлық кезеңдердің бейнелері арасында кездестіруге болады. Әйтсе де бұл жағдайлардағы мерзімдеудің негізгі көрсеткіші көріністегі хронологиялық шегаралары анықталған басқадай бейнелер дәлелдей түседі. Мысалы аң аулау сәті бейнеленген көріністердегі түйелердің пішіндері ноқталанған немесе тұсауланған түйе бейнелерінен өзгеше болуы (1-сурет). Қолға үйретілген малды ешкім жабайы аң сияқты садақпен не найзамен аулап алмайтыны түсінікті жәйт. Сондай-ақ Арпаөзендегі (2-сурет) және Шалабай петроглифтерінің бірінде қола дәуіріне тән әйел бейнелерімен бір көріністе кездесетін түйе бейнелерін айтуға болады (3-сурет).



Түйелерді кескіндеудің келесі бір стилистикалық үлгісі ретінде өзінің реалистік пішіні өзгеріске ұшыраған, яғни қандай да бір «әсерлендіру» немесе мифологиялық түсінікке байланысты «басқа сипатқа теңеу» ретінде орындалған бейнелерді айтуға болады. Ондай бейнелердің қатарында Сауыскандық, Арыстанды, Кәрібұлақ, Жыңғылшық жартас суреттерінде кездесетін өркештері ерекше пішінге ие түйе бейнелері. Олардағы ортақ белгі – өркештері әдеттегіден өте биік (4-20 суреттер); өркештері өте биік етіп салынып, жоғарғы бөлігі домалақ зат қоюға арналған тұғыр ретінде не жарты ай шеңбер ретінде кескінделген (4;5;6;-суреттер); кейде өркештердің ұштарының бірігіп кетіп, екі өркештің ортас шеңбер ретінде қалдырылған бейнелерді айтуға болады (7, 8-сурет). Бұлай кескінделген бейнелерге қарап осы аймақты мекендеген ежелгі тұрғындардың дүниетанымдық, мифологиялық түсінігінде «ойсыл қараның» ерекше келбетке ие болғандығын және ол келбет аспан әлемімен немесе шексіздікпен байланысты болғандығын аңғарамыз. Бұл бейнелерге қарапайым сипаттама беретін болсақ – «ай арқалаған», «күн арқалаған» немесе «күн тұғыры іспеттес» деген теңеулер дұрыс келетін сияқты. Бұл теңеудің керемет үлгісін Қызылқұмдағы Буқантау петроглифтеріндегі қалықтап ұшып бара жатқан осы пішіндегі түйе бейнесінен көруімізге болады [12, с.151, рис.1].

Қаратау өңірінің жартас суреттерінде б.з.д. II м.ж. алғашқы жартысында кеңінен тараған ірі қара бейнесін, одан кейінгі кезеңдерде «ойсыл қара» мәтіні ығыстыра бастауы жоғарыда айтқан қола дәуірінің соңына қарай болған климаттық өзгерістердің нәтижесі болса керек.

Үлкен Қаратаудың жартас суреттеріндегі сеймалық үлгідегі тік кекілді етіп кескінделген жылқыларда кездесетін кейбір ерекшеліктерді түйе бейнелерінен де байқауымызға болады (4,5,9,11,12-суреттер). Екі жануардың кескінделуіндегі бұл ұқсастықты Сары Арқа жартас суреттерінде жиі кездестіруге болады [13, с.37]. Екі бейненің кескінделуіндегі ортақ ұқсастық – біріншіден, олардың қырынан қарағандағы келбетінде екі аяқпен кескінделіп, жануардың алдыңғы бөлігі артына қарағанда төмен орналасуы, екіншіден, олардың екеуінде де маңдайындағы кекілдері тік және желкесінің жалғасы ретінде көрсетілген. Жалпы кекілдің бейнеленуі екі жануарда да уақыт өте келе өзгеріске ұшырай бастайды. Мысалы ол өзгеріс жылқыларда тік кекілдің маңдай тұсынада салбырап шығыңқы бола бастаса, ал «ойсыл қарада» ол жоғары қайырылған жеке кекіл ретінде өзгеріске ұшырайды (5,12,15,16-суреттер).

Біз жартас суреттеріндегі жылқылардағы бұл өзгерістің заттай баламасы ретінде б.з.д. II м.ж. алғашқы жартысына жататын сеймалық мәтіннің кейінірек б.з.д. I м.ж. басына жататын Жетісудағы Мыңшұқырлық үлгіге алмасуы деп жорамал айтқан болатынбыз [14, 94-102-бб.; 15, 58-63 бб.].

Қола дәуірінде еліміздің оңтүстік, орталық, батыс аймақтарында бір –біріне қарсы тұрған қос түйе образы кеңінен тарала бастайды. Қосарланған бұл образдың белгілі бір тәртібі де болған сияқты. Қаратау жотасындағы бейнелерде де (5,7,10,12,16,17,- суреттер), Сарыарқа петроглифтерінде (13-суреттер), Қызылқұмдағы Бұқантау (Өзбекістан) [16, С-83-89] (14-суреттер) петроглифтерінде де оң жақтағы бейненің басы төменде, ал сол жақтағысының басы жоғарыда орналасқан. Бейнелердің кейбірінің кеуделері оюлармен өрнектелген. Ол оюлар оң жақтағысымен сол жақтағы бейнеде әркелі етіп өрнектелген (10,14-суреттер).

Бұл да кездейсоқтық емес әрине. Қосарланған образдар бұл өңірде тек түйелерге ғана тән емес - ірі қара бейнелерінде, антропоморфтылар арасынан да байқауға болады (15-сурет). Қарама-қарсы тұрған қосарланған бейнелердің түбінде ежелгі тұрғындардың дүниетанымындағы мифологиялық образдардың жатқандығы мәлім. Бұл шағын сценалар ежелгі мифтік текстерде жиі кездесетін дуалистік образдың негізінде өрбиді. Олар бір-біріне қарама-қарсы, әйтсе де бір «бүтіннің» ажырамас екі бөлігі болып саналатын оң-сол, өлілер - тірілер әлемі, ер - әйел, төменгі-жоғарғы, «мифтік егіздер» образында, күн –түн, оңтүстік-солтүстік т.б. сол сияқты сарынның желісімен өритінін көріністер деп қабылдауым керек.

Олар бергін келе яғни сақтар дәуірінде айқасып жатқан не шайнасып жатқан қос түйе образына айналады. Олардың керемет үлгілері жартас суреттерінде Арпаөзенде(16,17-суреттер), Байқоңыр петроглифтерінде(13-суреттер), ал қолданбалы өнер бұйымдарында Пятимары I қорымындағы 8 обадан табылған қола қапсырмадан (18-сурет) және Иссык-Көлдің түбінен табылған Құрбандық тақтасындағы бейнелерден(19-сурет) [17, –С. 307-327, рис.1] сондай-ақ оңтүстігіміздегі Курган-тепе (Өзбекістан) қорымы(20-сурет), Тоголок 21 храмдық кешенінен табылған заттай бұйымдардан (21-сурет) көруімізге болады.

Қаратау жотасының жартас суреттеріне арналған М.К.Кадырбаев пен А.Н.Марьяшевтың «Наскальные изображения хребта Каратау» атты еңбегінде ерте көшпенділер кезеңінің бейнелерін шартты түрде «бұғы кезеңі» деп атап өткен. Қаратау жотасының сақтар кезеңіне тән жартас суреттерінің арасында бұғы бейнесінің жиі кездесуін авторлар «... бұл образдың сақ дәуірінде және одан кейінгі кезеңдерде бұқа-турлар образын ығыстырып, жартас суреттері арасында негізгі орынға ие болуы Монғолия мен Алтайдан жана тұрғындардың келуімен байланысты» деп көрсетеді [10, с.187]. Әрине, бұл пікірді толық қолдаймыз, сондай-ақ Қаратау петроглифтері арасынан шығыстық ықпалдың негізінде дамыған бейнелеу үрдісін де бөліп көрсетуге болады. Олардың мерзімдік шеңбері де б.з.д. I мыңжылдықтың басына сәйкес келеді. Әйтсе де біздің бұл жерде айтпағымыз, Шығыстан келген «бұғы образынан» бөлек Қаратаудың жергілікті тұрғындарының арасында өз бастауын қола дәуірінен алып, сабақтастықты жалғастыра отырып үздіксіз дамып отырған «ойсыл қара» стилінің болғандығы.

*2,16,17-суреттер М.К.Кадырбаев... бойынша; 14-сурет А.В.Оськин бойынша; 19-сурет Г.С.Джумабекова... бойынша; 13, 20, 21 – суреттер В.А. Новоженев бойынша.

1. Новоженев В.А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии (к проблеме миграции населения степной Евразии в эпоху энеолита и бронзы) –Алматы,1994.– 266с., илл
2. Заводовский Б.М. Происхождение домашних животных. – М.,1956. – 111с.
3. Байпаков К.М., Марьяшев А.Н., Байтанаев Б.А. Қаратаудың жаңа петроглифтері.– Алматы, 2007. – С.128
4. Виноградов А.В., Мамедов Э.Д. Ландшафтно-климатические условия пустынных равнин Средней Азии в голоцене //Каменный век Средней Азии и Казахстана. Тез.докл.совещ. – Ташкент, 1972. – С.95-97
5. Массон В.М. Алтын-депе. Л.,1981.– 176 с.
6. Кузьмина Е.Е. Древнейшая фигурка верблюда из Оренбургской области и проблема доместификации бактрианов. СА. – 1963.-№2. – С.38-44
7. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М. Памятники эпохи бронзы //Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966. –С.175-176
8. Баймуканов Д. Эволюция, экология распространения и систематическое положение рода *Camelus* (аналитический обзор) //Поиск. Алматы, 2002, №1. – С.108-120
9. Ермолова Н.М. Где же одомашнили двугорбого верблюда //Природа,1976.– №10.– С. 18-113
10. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. –Алма-Ата, 1977. – 232 с.
11. Банников А.Г. Дикий верблюд хавтагай // Природа, 1975. – № 2. –С 63-70
12. Оськин А.В. Небесные светила в символике петроглифов Букантау // Проблема изучения наскальных изображений в СССР.– М.,1990. – С.141-145.
13. Новоженев В.А. Петроглифы Сары-Арки. Алматы, 2002. – 125 с.

14. Мургабаев С.С. Үлкен Қаратаудың жартас суреттеріндегі ежелгі жылқы бейнелерін мерзімдеу //Алаш №3(24). Алматы, 2009. 94-99-бб
15. Мургабаев С.С. Үлкен Қаратаудың жартас суреттеріндегі «ойсыл қара» стилі // «Қадырбаев оқулары-2010» II халықаралық ғылыми конференция. Ақтобе 2010. 58-63-бб
16. Оськин А.В. Петроглифы Букантау // «Природа», №10. – С 83-89
17. Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., Торгоев А.И. Новые образы в художественной бронзе саков Прииссыкулья // Диалог культур Евразии в археологии Казахстана. Астана, 2014. – С. 307-327, рис. 1

Ж.М. Терекбаева

ЕУРАЗИЯ ДАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН ПЕТРОГЛИФТЕРДЕГІ «ДӨНГЕЛЕКТІ КӨЛІКТЕР»

Дөңгелекті көліктердің пайда болуы адамзат тарихындағы кеңістікті игеруге, шаруашылық, тұрмыстық, ғұрыптық қызметтердің дамуына, сондай-ақ әскери-саяси тұрғыдағы өзгерістерге алып келді. Дөңгелекті көлік құралдары андрондықтар арасында кеңінен етек жайды. Қоныстардан табылған заттар, жерлеу орындарына балшықтан жасалған дөңгелектердің үлгілерінің табылуы, жегілген жануарлардың сүйектері мен қаңқалары, Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі петроглифтерде бейнеленген дөңгелектер мен арбалардың көріністері ежелгі көлік жүйесінің болғандығын дәлелдейді.

«Шеңбер», «дөңгелек», «арба» терминдері жалпы алғанда «айналу» сөзінен бастау алады. Ежелгі үндіевропалықтардың мифологиялық түсініктерінде «айналу» сөзін, яғни дөңгелекті арбаның ағаш күпшегін күнмен байланыстырады. Көбінесе көне халықтардың дүниетанымында дөңгелекті арбалар о дүниемен байланыстырылып қарастырылады. Атқа жегілген арба сол заманның ұшқыр көлігі және мәңгілік айналу циклдарын көрсететін күнмен байланысы бар өзіндік символикалық мәнге ие деп түсіндірілді. Көлік-құралдарының «күн айналым», «жылдық айналым», «күн - дөңгелек» терминдері сакральды лексикаға енгізілген [1, с.163].

Андрондықтар арбаға ауыр жүк таситын жылқылар мен өгіздерді жеккен. Сонымен қатар екі өркешті түйелер де тарту күші ретінде қызмет еткен. Ақсу-Аюлы II, Тельжан-Күзеу, Бегазы қорғандарынан, Алексеевка, Атасу, Усть-Нарым, Милықұдық қоныстарынан сүйектер, Ұшқатта II (Е.Е. Кузьмина), Шортанды Бұлақ (Ә.Х. Марғұлан) қоныстарынан балшықтан жасалған дөңгелектер табылған болатын. Соның ішінде петровтық типтегі екі дөңгелекті арбалардың қалдықтары Сынтасты I, Солтүстік Қазақстандағы Ұлыбай, Бірлік II, Орталық Қазақстандағы Сатан обаларында анықталғаны мәлім. Әйтсе де тарихи деректің бірі болып саналатын жартас суреттерінде олар көптеп кездеседі.

Қола дәуірі мәдениеттеріндегі көне тайпалар үшін дөңгелекті көліктердің маңызды орын алғандығын жартастағы көріністерден көруімізге болады (1-сурет), мысалы Сарыарқа, Мойынқұм, Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасы, Шығыс Қазақстандағы Смағұл, Мойнақ және Талапты I, Тянь-Шаньдағы Саймалы-Тас, Памирдегі Текке-Таш және Ақджилга жоталары.



Сурет – 1. Қола дәуірінің петроглифтері.


(А.А. Горячев, А.Н. Марьяшев, С.А. Потапов бойынша)

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Қаратау жотасының жартас суреттерінде қазіргі таңда жүздеген арбаларды мысалға келтіруге болады. Аталмыш аймақтан атқа және түйеге жегілген арбалардың бірнеше суреттері табылған болатын. Бұл көріністерде жарманың және жылқының суреттері, артқы көріністе тігінен тұрған арбакештің сұлабасы бейнеленген. Бұл петроглифтердің ішіндегі екі адамның екі түйеге екі дөңгелекті арбаны тартып жатқан көрінісі ерекше назар аударарлық. Мұндай көріністер

*Тәжібай Шыңғысқызы Уәлиханованың жасауына арнап
аққу терісінен тігілген қалыңдықтың ішігі (ҚР МОМ КП № 13950).*

Енді ішіктің тігілуі мен музей қорына келіп түсуінің тарихына тоқталып өтелік. Тапсыру құжаттарында бұл жөнінде Ричард Әкімбеков төмендегідей деректер келтіреді: Әуел баста, ішік Шыңғыс Уәлихановтың кіші қызы **Тәжібайдың** сол кездегі Баянауыл дуанының әйгілі биі Шорманның немересі **Әмір - Темір** Әужанұлына ұзатылғанда қыз жасауына арнайы тігілген көрінеді. Осылайша Орталық музей қорындағы аққу ішік Шормановтар әулетінің иелігіне өтеді. Тәжібай ерте қайтыс болғаннан кейін, **Әмір-Темір** Шыңғыс төренің үшінші ұлы Қозыкөненің қызы **Бәденге** үйленіп, Мақыш атты қыз бен Асфандияр атты ұл сүйеді. **Мақыш Әмірқызы Шорманова** үш атадан қосылатын ағайыны, қазақтың әйгілі биі Мұса Шормановтың немересі **Көкен Біләлұлы Шормановқа** тұрмысқа шығады. Сөйтіп аққу ішік *бастон* ретінде Мақыштың жасауының құрамында Біләл Шормановтың отбасының иелігіне айналады. Кейін **Мақыш** ішікті өзінің қайын бикесі, Көкеннің қарындасы **Фарихаға**, оның тұрмысқа шығу құрметіне, тарту еткен екен. Уақыты келгенде Фариха аққу ішікті қызы **Ғафифаның** жасауына қосады. Осылайша ішік Шормановтар әулетінің аса бір құнды бұйымы ретінде қалыңдық жасауының құрамында ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған.

Бұл жерде бір ескерте кететін жайт: дерек берушінің мәліметі бойынша, кітаби мұсылмандық қағиданы ұстанатын шонжарлар әулеті, араб елдерінде қабылданған дәстүрді ұстанып, нағашылы-жиен өз алдына, тіпті үш атадан бастап өзара қыз алысып, қыз беріскен екен. Осы себепті, Уәлихановтар әулеті мен Шормановтар әулеті қыз алысып, қыз берісіп, қарсы құда бола беретін. Мысалы, Тәжібайдың шешесі Зейнеп Шорманқызы – Әмірдің әкесі Әужан Шорманұлының туған апасы, ал аққу ішіктің екінші иесі Мақыш Әмірқызы Шорманова мен жұбайы Көкен Біләлұлы Шорманов үш атадан қосылатын немере ағайындар болған. Аққу ішіктің Шормановтар әулетінен тысқа кете қоймағанын Ричард Әкімбеков өткізу құжаттарында осы жағдаймен байланыстырып, ерекше атап көрсетеді.

Айтылған қисынға орай, Шормановтар әулеті мен Уәлихановтар әулетінің туыстық қатынастарын көрсету үшін, екі әулеттің Ричард Әкімбеков жазып берген қысқаша шежіресін келтіруді жөн көрдік: Шыңғыс Уәлихановтың Зейнеп Шорманқызынан алты ұл, бес қызы болған: Жақып, **Мұхамед Ханафия**

(Шоқан), Сақыпкерей(Қозыке), Әбілмақыжан(Мақы), Махмет, Нұрмұхамед(Қоқыш), қыздары – Бәдігүлжамал (Абылай Қоңырқұлжинның әйелі), Нурилә, Әфия, Тәжібай (Әмір-Темір Әужанұлы Шормановтың бірінші әйелі).

Қаржас руының әйгілі биі Шорманда төрт ұл болған: Мұса, Иса, Мұстафа, Әужан.

Мұса Шормановтың төрт ұлы болды: Сәдуақас, Біләл, Жәми, Қабыш.

Әужан Шормановтың үш ұлы болды: **Әмір-Темір** (бірінші әйелі – **Тәжібай Шыңғысқызы Уәлиханова** (аққу ішіктің бірінші иесі, екінші әйелі – **Бәден Қозыкеқызы Уәлиханова**), Әкіш, Шәмен.

Біләл Мұсаұлы Шормановтың (жұбайы Абылай Қоңырқұлжинның қызы) үш ұл, бес қызы болды: Жаржан, Көкен, Нұркүш, Хафса, Халима, **Мәшәу**(Ричард Әкімбековтың шешесі), **Фариха** (Ғафифа Рахматулиевна Бекжанованың шешесі, аққу ішіктің үшінші иесі) және Зейфүш.

Әмір-Темір Шормановтың екінші әйелі Бәден Қозыкеқызы Уәлихановадан бір ұл, бір қызы болды: **Мағыш** (аққу ішіктің екінші иесі. Көкен Біләлұлы Шормановтың жұбайы, **Фариха** Біләлқызының жеңгесі), Аспандияр.

Сонымен бірге, Ричард Әкімбековтың музей қорына тапсырған құжаттарында келтірілген шежіреде XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы аралығында өмір сүрген, қазақ тарихында едәуір із қалдырған тұлғалардың есімдері кездеседі [3]. Олар – Шыңғыс Уәлиханов пен ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов, орта жүздің әйгілі биі Шорман және оның балалары Мұса, Иса, Мұстафа, Сәдуақас Шормановтар. Мысалы, Ақан серінің «Жігіттің падишасы Әмір-Темір» деп басталатын, «Майдақоңыр» әніндегі Әмір-Темір Шоқанның қарындасы **Тәжібайдың** жұбайы **Әмір-Темір** екендігі жайлы деректі белгілі сәулетші Шот-Аман Уәлихан келтіреді[4, 214]. Біздің мақалаға ұйытқы болып отырған қалыңдық жасауының *бастоны*, аққу терісінен тігілген ішік – осы аталған әулеттердің жүз жылдан астам тарихының куәсі. Әсіресе, Шоқан Уәлихановтың есімімен тікелей байланысты болғандықтан, оны баға жетпес музейлік тарихи құндылық деп бағамдауға болады.

Шоқанның қарындасының туған жылы шамамен XIX ғасырдың 50-ші жылдары екендігін ескерсек, ішік XIX ғасырдың 70 жылдары шамасында тігілген болуы керек. Демек, аққу ішіктің құжаттармен тиянақталған 140 жылға тақау тарихы бар.



Басына сәукеле, үстіне бастон киген жас келіншек. Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Қунсткамера) қорынан (418-2).



Қалыңдық(Басына сәукеле, үстіне бастон киген). Суретші Болкоев Ф.И. ҚР МОМ қорынан (КП 3546).

Тапсырушының берген дерегі бойынша, аққу ішік о баста трапеция тәріздес етіліп, қазақтың дәстүрлі кебенекше ойып пішу үлгісімен тігіліпті. Тысы қызыл барқытпен тысталып, етек-жеңі, өңірі құндыз терісімен жұрындалған екен. 1910-1915 жылдары сол кездегі Баянауыл өңірінің елге сыйлы, көзі ашық азаматы Сәдуақас Шормановтың кеңесімен ішік замана талабына сай пішіліп – қондырма жең, қынама бел етіліп, сырты жаңадан сарғыш боз жібек барқытпен қайта тысталып, өңірі мен етек-жеңі аққудың мамық терісімен жұрындалып, еуропа үлгісіне жақындатылып қайта тігілген екен. Жаңа үлгімен жаңғыртылған аққу ішікті бүкіл Баянауыл қалашығын тамсандырып, Фариха апамыз біркиер

киімі ретінде тұтынған. Кейін бойжеткен қызының жасауына қосып, аққу ішік Ғафифаның меншігіне айналған көрінеді. Аққу ішікті 1974 жылы, музейге тапсыру кезінде Ғафифа Наурызбаеваның (Бекжанова) жасы 62 екен. Ричард Әкімбековтің шешесі **Мәшәу – Фариханың** туған әпкесі, яғни Ричард Әкімбеков **Ғафифаға** бөле болып келеді. Ричард Әкімбеков ішікті музейге **Ғафифа Наурызбаеваның (Бекжанова)** өтініші бойынша тапсырып отырғанын қабылдау құжаттарында көрсеткен. Аққу ішіктің Орталық музей қорына түсуінің қысқаша тарихы осындай.

Шыңғыс төренің қызы Тәжібайдың жасауының бастоны болған аққу ішік маңызы жағынан сәукелемен пара-пар бағаланып, ұзатылатын қыз жасауының негізгі бұйымдарының бірі болды. Әдетте, бастондар жібек, барқыт, камқа сынды қымбат матамен тысталып, өңірі, етек-жеңі құндыз терісімен жұрындалып, бағалы аң терісінен тігілетін [1, 109].

Қазақ халқы тон, ішік сияқты түрлі қыстық киімдер тігуде жыртқыш аңдардың терісін де кең қолданған. Аң терісі жылу ұстайтын қасиетімен ғана емес, киімге сән беретін декоративтік сипатымен де ерекшеленетін. Бағалы аң терісінен жағалы киім, баскиімдер сияқты біркіер киім-кешек тігілетін. Қалыптасқан дәстүр бойынша, ең құнды аң терілерінің қатарына сусар, құндыз, кәмшат, күзен, түлкінің терілері жатады. Мұндай киімдер қолданылған материалына қарай *құндызішік*, *сусарбөрік* немесе *түлкітымақ* деп, терісін пайдаланған аңның атауымен қоса аталады. Қазақ халқында құс терісін киім-кешек тігуде қолдану дәстүрі орын алмаған, өте сирек құбылыс деуге болады. Оған басты себеп – құс терісі жұқа, беріктігі төмен, өте нәзік болады және құстың қауырсыны мен мамығы, аң түгіндей емес, морт сынғыш, теріден тез ажырағыш келеді, яғни іс-тәжірибелік тұрғыдан алғанда сүтқоректілердің терісімен салыстыруға келмейді. Осыған орай қазақ этнографиясына байланысты әдебиетте құс терісінен тігілген киім-кешек өте сирек кездесетін жеке факт ретінде аталғаны болмаса, арнайы зерттеу объектісі болған емес. Ә. Марғұлан «Казахское народное прикладное искусство» атты еңбегінде құс терісін қолданып тігілген киім-кешек ерте кезде болғанын, тіпті 1878 жылы Ақмолада өткізілген қазақтың қолөнеріне арналған көрмеде бірегей (раритет) зат ретінде қойылғанын жазады [1, 108]. Қазіргі таңда қазақ этнографиясына қатысты, біздің уақытымызға дейін жеткен, құс терісінен тігілген екі ішік белгілі. Біреуі біздің мақаламыздың арқауы болып отырған Орталық музей қорындағы аққу ішік болса, екіншісі – Ресей этнография музейінде сақтаулы, қырғауыл терісінен тігілген қалыңдықтың ішігі.



Ресей этнографиялық музейіндегі қалыңдықтың бастоны (қырғауыл терісінен тігілген ішік), XIX ғасырдың екінші жартысы.

Құс терісінен тігілген екі ішік те қалыңдықтың бастоны екенін ескерсек, киімнің бұл түрінің тігілу мақсаты практикалық қолданыстан көрі, ритуалдық салт-жоралармен байланысты болуы мүмкін деп жорамалдауға болады.

Қазақ халқында құдалық рәсімдері көне салт-жоралардың орындалуы жағынан, өлікті жөнелту рәсімдерінен кейінгі орында тұрады десек жаңсақ болмас. Еуразия халықтарында, оның ішінде

түркі тілдес халықтарда құс бейнесі әйел затымен, әсіресе өсіп – өну, өркендеу идеясымен тікелей байланысты болғанын көптеген зерттеушілер жазады [5, 222-223; 6, 282-284; 7, 27-40]. Қазақ халқының көнеден сақталған дүниетанымында жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күшті кие деп атайды [8, 90-92]. Киесі бар аң-құсқа қалыптасқан наным-сенім бойынша, «киесі соғады» деп залал келтіруге тыйым салынады. **Ш.Уәлиханов қазақы ортадағы кие туралы наным-сенім жөнінде былай деген болатын: «Қазақтар киеге үлкен мән береді. ... құдіретті күші бар жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу – киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады»** [9, 64]. Халықтық дүниетанымда аққу киелі құстардың санатына кіргендіктен аққуды атпаған [10, 210; 11, 121]. Осылай болған жағдайда, Уәлихановтар әулеті неліктен киелі құстың терісінен бас тон тіктірген деген заңды сұрақ туындайды? Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов мұсылманша, орысша хат таныған, көзі ашық адам болғаны белгілі. Ол кісінің, көптеген жағдайда, қазақ даласында зерттеу жүргізген орыс ғалымдарына салт – дәстүрдің сарапшысы ретінде қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен шаруашылығы жайлы деректер беріп отырғанын ескерсек, қалыптасқан дәстүрге кереғар әрекет етуі мүмкін бе? Әрине, Шыңғыс төре аққу құсты атқызып, терісін жинатуы мүмкін емес. Дейтұрғанымен, қазақ дәстүрінде киелі затты немесе оның бөлшектерін тұмар ретінде қолдану кең таралғанын ескерсек (мысалы, үкінің, бүркіттің қауырсындары мен тырнақтары), аққудың терісін тауар ретінде жәрмеңкеден сатып алып, одан ішік тіктіру аққуды өлтіруге салынған тыйымды бұзбай, салт-жоралғының аясындағы рәсімдерді орындаудың бірден-бір оңтайлы шешімі болса керек. Айта кететін жайт, XIX ғасырда Еуропа елдерінде құс терісін қолданып киім тігу модасы кеңінен өріс алғандығы аққудың, гагарканың терісіне сұранысты жылдан – жылға арттырды. Осыған байланысты, қазақтар мен орыс келімсектері қазақ жеріндегі жәрмеңкелерге аққу және гагарка терілерін сатылымға шығара бастады. Мысалы, Омбыдан шыққан «Памятная книжка Акмолинской области в 1909 г.» атты кітапшада Ақмола оясында өтетін Константинов жәрмеңкесінде 1897 жылы 870, ал 1909 жылы 700 аққудың терісі сатылғандығы жайлы мағлұмат кездеседі. Бұл – аса ірі емес, бір ғана жәрмеңкенің дерегі; осыған ұқсас мәліметтер басқа да сауда-саттық жайлы статистикалық материалдарда кездеседі [12, 87-88]. Яғни, қазақтың салт-дәстүрлерін терең ұғынатын Шыңғыс Уәлихановтың сатылып алынған киелі құстың терісінен тон тіктіруі табулық нормамен қайшылыққа түспейді деп тануға әбден болады.

Қазақ халқының көшпелі өмірсалтының қалыптасу процесінде, қолданыстық бұйымдар мен құралдардың және материалдық құндылықтардың функционалды, прагматикалық түрлері «табиғи» сұрыптаудан өтіп, өзіндік бір ерекше кешендері қалыптасты. Оған мысал ретінде ысталған, қыбықтырылған терілерден жасалынған бұйымдар топтамасын (саба, талыс, қауға-шелектер, жағлан, күдеріден тігілген киімдер) келтіруге болады. Көшіп-қонып жүргенде жеңіл және морт сынбайтын тері, былғары ыдыстар немесе қоршаған ортаның экологиялық ерекшеліктеріне бейімделген қазақы киім үлгілері – осының дәлелі. Біздің айтайын деп отырғанымыз, тез тозатын, жасық, жұқа құс терісін киім тігуге қолдануға басқадай маңызды себептер болуы керек деп топшылауға болатын сияқты. Ол қандай себеп болуы мүмкін деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Қазақ халқының салт-дәстүрлері институты халықтың рухани өмірінің негізгі тірек-бағдарламасы, яғни этномәдени өзіндігінің сақталуының, өркендеуінің өзегі болды. Салт-дәстүрлер, жосын-жоралғылар жүйесі қоғамдық қатынастарды жүзеге асырудың құқықтық, негіздемелік базасының ролін атқарып отырды. Жоғарыда атап өткендей, қыз ұзату жосын-жоралғыларының көп өзгеріске ұшырамай ескі формаларының сақталғанын ескерсек, сәукеле, бастон сынды жасау жиынтығының міндетті құрамдас бөліктері де өздерінің архаикалық пішіндерін сақтап қалған түрлеріне жатады. Уақыт ағымында, діни және идеологиялық ұстанымдардың өзгерулеріне байланысты, бұйым элементтерінің семантикалық мағынасы көмескіленіп, ұмытылғанымен, халықтық ұғымдағы тіл-көзден қорғау функциясы мен әсемдік канондарының консервативтігіне байланысты пішіні мен композициялық құрылымы көп өзгеріске ұшырамай архаикалық пошымы сақталып қалуына себеп болды.

Ұзатылатын қыздың жасауын қымбат, бағалы заттармен топтастыру әрбір шаңырақтың, тіпті бір атаға жататын ортаның (қауымның) атақ-мәртебесін көтеретін абыройлы іс-шараларға жататын. Қазақ арасында мұндай ұстаным құдалықтың ру аралық деңгейде (экзогамдық неке) болатындығымен, яғни туыстық қатынасы жоқ, құдалар жағына өз руының дәрежесі мен беделін көрсету ниетімен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Уәлихановтар әулетінің кенже қыздары – Тәжібайды ұзатқанда, ел аузында қалатындай салтанатпен шығарып салуын, дәстүрлі арнадағы іс-әрекет деп тануға болады. Байлығы жағынан да, мансабы жағынан да Уәлихановтармен терезесі тең Шорман бидің әулетіне қыз беріп отырған Шыңғыс төренің, «құс төресі» аққудың терісінен тон тіктіруі ырым-тыйымнан аттап өтпейтін

казактардың алдында төре тұқымының мәртебесін көрсетудің бір жолы болса керек. Ал көзі ашық, білімді төре тұқымының тауар ретінде сатылып алынған теріні қолдануы, ырым-тиымды аттап өтпей, жосын-жоралғыны орындаудың бірегей тәсілі болды деуге саяды.

Шоқан Уәлихановтың қарындасы Тәжібайдың бастонының бірегейлігінің бір қыры құс терісінен тон тігу дәстүрінің қазақ халқында өте сирек болса да кездестіндігінде болса, екінші қыры – тарихта із қалдырған тұлғалар шыққан, Уәлихановтар мен Шормановтар әулеттерінің туыстық қатынастары арқылы ХІХ–ХХ ғасырдағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайды айқындайтын куәгер артефакт болып отырғандығында.

1. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. – Алма-Ата: Өнер, 1984.
2. Мәшһүр-Жүсіп (Қазақ фольклоры үлгілері) 10 том. – Павлодар, 2005.
3. Акт приемки-сдачи № 70 от 19.08. 1976 г. // ЦГМ РК. Акты поступления экспонатов основного фонда за 1976 г.
4. Шот-Аман Уәлихан. Шығармалар. 1 Т.Астана: Фолиант,2013.
5. Чеснов Я.В. Лекции по исторической этнологии. – М.: Гардарики, 1998.
6. Борозна Н.Г. Некоторые материалы об амулетах украшениях населения Средней Азии // Домусульманские верования и обряды Средней Азии. – М., 1975. – С. 281-297.
7. Кармышева Б.Х. К вопросу об украшениях из птичьих перьев у народов Средней Азии и Казахстана // Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана. – Нукус, 1989. – С. 27-40.
8. Кие // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «СЛОН», 2012 – 90-92 бб.
9. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. – Алма-Ата, 1985. – С.48-70.
10. Валиханов Ч.Ч. Тенкри (бог) // Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. – Алма-Ата, 1984. – С. 208-215.
11. Акқу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 87-88 бб.
12. Звероловство и птицеводство // Памятная книжка Акмолинской области в 1909 г. Издание Акмолинского статистического комитета. – Омск, 1909. – С. 87-88.

К.Н. Райымхан, П. Мұсырманқұл

ТҮРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫ АРАСЫНДА

(тарихи-этнографиялық деректер)

2012 жылы Халықаралық Түркі академиясының жүргізген «Түркі халықтарын этнологиялық тұрғыда зерттеудің теориялық және қолданбалы аспектілері» атты ғылыми жоба аясында Стамбұл (Түркия) қаласында тарихи-этнографиялық бағыттағы іс-сапар ұйымдастырылды. Іс-сапар барысында Стамбұл қаласында орналасқан «Түркия қазақтарының қоғамы» ұйымымен тығыз (қоғам басшысы Әбдулвақап Қылыш) байланыс орнатылды. Қоғам басшылығының қолдауы арқасында экспедиция мүшелері Стамбұлдың Гюнешли, Зейтинбурну елді мекендерін аралап, осы жерде тұрып жатқан көнекөз қариялардан 1953 жылдан бастап Түркияға қоныс аударған қазақтардың көші-қон тарихына қатысты ауызша деректер қоры жинақталды. Іс-сапар барысында бала, бозбала кездерінде көрген білгендері жадында сақтаулы қариялардың естеліктерін тыңдап, ескіден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты мәліметтер жазыпалдық.

Аталған елді мекендерде тұрып жатқан қандастарымыздың бүгінгі күнгі өмір тынысы, болмысы туралы да көзбен көріп, ой-пікірлерін құлағымызбен естіп қайттық.

Сондай-ақ, ел аузында сақталған ән-жырлардың (жар-жар, жарапазан, сыңсу, жоқтау) біраз нұсқалары бейне және аудио таспаларға жазылды. Сондай-ақ бұл сапарымыздың сәтті болуына, тұрғылықты қандастарымызбен байланыс орнатуға ат салысып, көмек берген тарихшы ғалым Әбдуқап Қара мырза болды. Ол кісі сол жердегі қариялармен кездесуге, әр түрлі шараларға қатысуға мұрындық болды. Сондай-ақ ол кісінің өзімен де Түркиядағы қазақтардың тарихына, түркі халықтарының этнографиялық мұрасын зерттеу мен насихаттау мәселелеріне қатысты сұхбат жүргізілді. Тарихшы ғалым өз кезегінде тек өз ойларымен бөлісіп қана қойған жоқ, сондай-ақ көптеген тарихи-этнографиялық деректермен де бөлісті. Соның арасында әлемдік деңгейдегі танымал атақты спортшы Мұстафа Өзтүріктің «қара жорға» билеген бейнесі бар бейне таспа, үйлену салтын көрсететін түсірілімдер бар.

Түркия қазақтарының Түркияға қоныс аударғандарына 60 жылдан астам уақыт болды. Бүгінгі таңда Түркия қазақтарының басым көпшілігін Түркияда туып өскен қазақтар құрап отыр. Қазір бұл елде 20 мыңдай қандасымыз тұрады.

Қазақтар Түркияға Үндістан-Пәкістан арқылы келген болатын. Олар Түрік үкіметінің 1952 жылғы 13 наурыздағы қаулысы бойынша Түрік еліне қабылданды. Осыдан кейін Үндістан мен Пәкістандағы екі мыңға жуық қазақ Түркияға қоныс аудара бастады. Сөйтіп қазақтың алғашқы тобы болып Құсайын Тәйжі бастаған қазақтар 1952 жылдың қыркүйек айында түрік еліне қадам басты. Көш 1953-1954 жылдарға дейін жалғасты. Үндістандағы соңғы топ ретінде Қалибек Әкім бастаған қазақтар 1954 жылдың көктемінде Түркияға келді. Сонымен 1952 жылдың қыркүйегі мен 1954 жылдың мамыры арасында Үндістан мен Пәкістанда өмір сүрген 1850 қазақтың барлығы Түркияға қоныс аударды.

Бұл жерде атап өтерлік бір жәйт, сол кезеңдегі көш жетекшілері жоғары білім алған немесе бірнеше тілді меңгерген кісілер емес-ті. Олар қазақтың ұлы даласында ел арасында жүріп билер мен ақсақалдардан өнеге алып өскен ұрпақ болатын. Сондықтан оларда дала мәдениетіне тән адалдық пен халыққа деген жанашырлық басым болды. Осындай жетекшілер бастауындағы қазақтар 1940 жылы Тибет пен Үндістан шекарасына келгенде Пәкістан деген мұсылман елі құрылмаған-ды. Ол 1947 жылы пайда болды. Сол жылы Үндістандағы мұсылмандар бөлініп өз мемлекеттерінің шаңырағын көтерді. Осы кезеңде қазақтар да мұсылмандар жағында болып Пәкістан мемлекетіне өтті. Үндістан және Пәкістан мұсылмандары әр қашан қазақтарға жылы лебіз білдіріп, оң қабақ танытты. Оларға әрдайым қамқоршылық жасады. Қазақтар олардан ешқашан этникалық кемсітушілік көрген жоқ. Керісінше қолдау және жанашырлықты сезінді. Соған қарамастан қазақтың ел бастаған жетекшілері Пәкістаннан Түркияға қоныс аудару қажет деп тапты. Өйткені ұрпақтарының тілін, ділін және тегін ұмытпауы үшін, келешекте өз ортасына қосылуы үшін қажет еді. Сондықтан Пәкістандағы түрік елшілігіне арыз беріп Түркияға баруға рұқсат алады. 1952 жылы 13 наурызда Бас министр Аднан Мендерестің басқаруындағы түрік үкіметі Пәкістандағы қазақтарды қабылдау жөнінде шешім қабылдады. Сөйтіп қазақтар Түркияға барып орналасты [1].

«Осы Баркөлден аттанған көштің басы-қасында болған марқұм Халифа Алтай атамыз өзінің естелігінде: “Құмыл аймағы Баркөл ауданынан 1936 жылы ауа көшіп Гансу, Шинхай жерін басып өткен 18 мың адамнан 5 мың адам ғана 1940 жылдың аяғында Тибет арқылы Үндістан шекарасына аман келдік. 1941 жылдың басында осылардан тірі қалған 3 мың адам үнді еліне аман жетті. Үндістанға келген соң да ауа райы жақпай індетке шалдығып, қырыла-қырыла 1952 жылы тірі қалған 1500 адам Кашмирге қоныстандық. Бізге 1951 жылы Қытайдан көшкен 350 адам келіп қосылып, барлығы 1850 адам 1954-60 жылдары Түркияға келіп тұрақтадық” дейді. Қазақ көшінің тағдыр -тауқыметі жайлы оның басы-қасында болған екінші бір қазақ қайраткері Дәлелхан Жаналтай ақсақал өзінің естелігінде: “Тауға таяғанда алай-дүлей боран басталды. Аттар жүре алмай ыс тие бастады. Сол жерде бір әйел өліп кетті. Көмуге шама келмеді. Мүрдесін түйеге артып жүрдік. Әр күні кемінде үш жаназа шығарылып отырды. Ыс тиген атқа көк шүберекті тұтатып иіскетсе жазылады екен. Ашыққан түйе мен жылқыға қой сойып етін жегізіп алға қарай жылжып отырдық...”[2].

Осы көштің қыр-сырын есінде жақсы сақтаған, ел басына түскен тауқымет пен ауртпашылық жайында айтқанда амалсыз көзге жас үйірілетін тарихтан сыр шерткен Гунешлі елді мекенінің тұрғыны Омер Жигит ақсақалдың аузынан жазылып алынған естелікте былай айтылады: «Түркия жеріне келгенімде 18 жаста болдым. Мен қазіргі Қытай жеріндегі Баркөлде. 1935 доңыз жылытуыппын. Сол уақытта менің 5 жасқа толғанымда сүндет тойымды жасады. Менің әкемнің бір қарындасы бар еді. Әкем алты ағайынды, атамның аты – Жылқышы деген кісі. Руы Қарақас, он екі керейдің біреуі, бай адам болған екен. Көп сұр-ала жылқысы бар еді, менің өзім көргенім солай. Сонда маған «сүндет тойы» деп бір дөнен мінгізіп, атам жетектеп ертіп жүргені есімде.

Одан кейінгі әңгімесі барысында Омер Жигит ақсақал көзімен көрген көш барысын: «Содан көшкен ел, бір қоныс, бір күн көш. Адамдардың бәрі қинау-қыспақта, жоқшылық деген нәрсе, жол жоқ жерден жол тапқан, асудай асу белдерді асқан адамдар. Түйелі көш. Басқа бір дайындық нәрсесі жоқ, бұлар бір ауыл адамдары көшіп келе жатқан. Құдайға сенгенел, олар, әйтеуір кетіп бара жатыр. Хиндистанға (Үндістанға) барамыз дейді. Сөйтіп бір жыл жол тартты. Қыркыншы жыл шықты, 41-ші жылдың оныншы айы ма деймін Хиндистан (Үндістан) үкіметіне келіп сол жерде санақ бергенін білемін. Адамдардың бойын, салмағын өлшеп, мал-мүлкінің санағын өткізді. Ол жердің мұсылмандары алдымыздан шашу шашып, тамақ алып шығып, өзімізге сыйлық көрсетіп, жақсы қарсы алды.

1947 жылдарында Үндістан мен Пәкістан бөлініп, көп адамдар қырылды. Біз Пәкістан мұсылман мемлекеті жағында қалдық. Бұл жерде бірқанша кездер (жылдар) жасап, қиыншылық, ашаршылық та көрдік, қатты ыстық, қатты қырғын да көрдік. Адамдардың түңлігі, есігі ашылмай қырылып қалғандары да болды. Қайтіп өледі... адамдар ұйықтап жатқан жерінде өліп қалады. Я болмаса, құтырып өлгендер, я болмаса азап тартып жатып өлгендер бар. Ол жердің үкіметіемханаға апарып бағады, баққанмен

біразы жазылып, ал көбі өліп қалды. Қайтқан кісіні біреулер енді жерлеп келіп жатса, үйде тағы біреуі өліп жатады. Тіпті жерлеуге баратын адам да жоқ болып қалды. Пәкістанның адамдары келіп бір топ әйелдер, бір топ еркектер жиылып, ер өлсе еркектер жаназасын шығарады, әйел өлсе әйелдер жөнелтіп отырған еді. Мұсылмандардан көрген жақсылығымыз осы болды. Солар бізге сондай үлкен жақсылық істеді. Өзіміз туып өскен жеріміз суық мемлекет болғандықтан, тау асып келгендегі көрген зардаптарымыз аз емес еді, оған қоса ыстық ауа райына шыдамай ауырғандар, өлгендер көп болды. Көбісі жолда, жауда қалды, сөйтіп, біреуге біреу жалғасып екі-үш үй бір үй болып отырды. Бұл жердегі он екі жылға жуық уақыт кейде бар, кейде жоқ, кейде жалаңаш, кейде тоқ, кейде аш болып өтіп кетті.

Ат басына күн туды, ауыздықпен су ішті,

Ел басына күн туды, аяғыменен су кешті...

Арықтаған жауда қалды, адасқан шөлде қалды.

Қалды ғой, талай асыл ерлер қалды ғой!» деп, бұл күнді ел үнемі еске алады.

Көш барысында барған жердегі көрген қорлықтарын да ақсақал қинала айтады: «Дүнгеннен көрген қорлығымыз да аз болмады. Ол да бізге бір қатал сын болды. Онда да бүтін қазақ бастықтарын өлтіріп тастады. Батырларымызды абақтыға салып өлтірді. Сауатты адамдардың бәрін апарып өлтірді. Қатын-балаларды олжалап кетті, қатындар күң болды, әйелдер тұл болды. Қыздар солардың қасында күң болып кетті. Ер жігіттердің басы кетті. Бұл ұмытылмайтындай, сүйекке таңба басқандай дүрбелең болды.

Пәкістандағы мұсылман бауыр болсадағы, бұның қаны бөлек, бізден бөлекшелігі бар, түрімізге, бүтін жағдайларымызға ұқсайтын жерлері жоқ. Жалғыз мешітте ғана, намазда, Алланың бес парызында ғана табысамыз. Басқа не біздің тіліміз, не түріміз, не мәдениеттегі ескі уәждеріміз сай келмейді».

Бұл көш ұзақ уақыттар бойы қиыншылықтармен жылжып отырып, жайлы жағдай жасалған Түркия еліне барып тұрақтаған. Түркия еліне келгендегі жағдай мен көңіл-күйлері де қалыпқа келе бастайды. Қырғыннан қалған қазақтар қоныс теуіп, естерін жияды. Бұл жайында да Омер Жигит ақсақал төмендегіше толғанады: «Ал енді біздің өмірімізде ерекше сақталған, есте ұмытылмайтын қуаныш келді. Бұл - біздің Түркияға келуіміз. Біз бір жарық дүниеге шыққандай болдық. Бізді үлкен қонақ үйге алып келіп бақты. Ас берді. Өзімізді оқытты, қандай өнер үйренесің деп, өнер үйретті. Соның бәрін көріп, етегімізді жапқандай болғанда, қай жерге орналасасыңдар деп ауыл-ауылдарды аралатып, көңілдерің қалаған жерге орналастырамыз деп, бар жағдайды жасады. Тегін жер берді, үй салып берді, алдымызға мал берді, жер игергісі келетіндерге трактор берді. Соныменен жан сақтап кеттік. Бұл біз үшін ұмытылмайтын қуаныш болды. Үй салып, жерге орналасқаннан кейін біздің әкелеріміз «әй, шіркін дүния! «Осы біз осы тірідей жұмаққа кіріп кеттік пе? Мынау дүния ма, жәннат па?» деп қалды. Неге десеңіз, мемлекетіміздегі киіз үйден шыққалы мұндай үйлерге кіріп көрген жоқпыз. Адам басына 16 га жер берді. Оған егіс егіп тастадық, бидай шығып жатыр. 10-20, 40 тонна бидай түсіреді. Елге бидай түсіріп береді. Онан кейін қолөнер ілесіп, өзіміз бас киім тігіп, теріден киім тігіп, бұдан жан сақтап қалдық. Кейін адамдар Ыстамбұлдан фабрика ашып, жақсы болып кетті. Бұл бір айта алмайтын қуаныш еді. Түркиямызға өз жұртымыз, өз туысымыз, қанды қанға қостық. Түбі бір түркі еліміз. Түріктер төлқұжатымызды туралап қолымызға шығарып берді. Біз иесіз едік, Пәкістан бізге сендер Чиннен (Қытайдан) келген адамсыңдар деп төлқұжат бермеген еді.

Ширек ғасырға жуық қиын көштің соңында жүрген қазақ үшін өзінің ұлттық мемлекеті болды деген хабар күтпеген жағдай еді. Елден жырақта жүрген Түркиядағы қандастарымыз балаша қуанғандарын еш жасыра алмаған. «Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті құрылған дегенде, бізге дүнияда көрмеген, ойламаған қуаныш болды. Тәуелсіз Қазақстанда тарыдай шашылған әлем қазақтарының бірінші құрылтайына Түркиядан көп кісібардық. Елге барғанда, мұндай дүния, бұндай құрметті біз көрмегенбіз. Қатты сый-құрмет көрдік. Алла разы болсын, әр уақытта Қазақстанымыздың тілегін тілеп отырамыз. Түркия мен Қазақстан арасындағы достық бізді өте бір марқайтып отырады. Елге бардық, қуаныш болды. Бұл бізге, адамға дәнекершілік, рухани байлық болатын» – деп, Омер Жигит ақсақал сол кездегі әсерлерімен тебірене бөлісті[3].

Түркия қазақтары үшін үшінші тарихи сәт Қытайда қалған қандас бауырмен қайта қауышу сәті болатын. Елу жыл бұрын бірін-бірі Құдайға аманат етіп, тарасып, майданнан табысайық деп қоштасқан халық қайта қауышты. Омер Жигит өз сөзінде былай дейді: «Барып сол елді аралап, тегінде өзім туған жер, көк жейде киіп көбелек қуған жер, қызық дүниясының басталған жерін көрдім. Қазақстанымыз анау, Алтай жері анау деп қуанып, үлкендеріміз «біз енді армансызбыз ғой» деп марқайды».

Баркөлден басталған көш тарихын арнайы зерттеу жасап, өз еңбектерін арнап жүрген белгілі тарихшы-ғалым Ә. Қара Түркия қазақтары тарихын негізгі бес кезеңге бөліп қарастырады. Олар:

1- кезең: Ес жию кезеңі 1952-ден 1960- жылға дейін.

2- кезең: Бейімделу немесе адаптация кезені 1960-1980 жылдар.

3- кезең: Туған жер – туған елмен (Қытайдағы туыстармен) қауышуы кезені 1980-1990 жылдар

4 -кезең: Атамекенмен (Қазақстанмен) қауышу кезені 1990-2002 жылдар

5- кезең: Қайта түлеу кезені 2002-ден кейінгі кезең[4].

Түркия қазақтары арасында ескіден келе жатқан жосын-жоралғылар мен салт-дәстүрлердің біршама түрлерінің бұрынғы қалыпта және өзгеріске ұшырап та сақталған үлгілерін көруге болады. Мысалы, сүндет тойдан кейін *ашамай ерге* отырғызу дәстүрі қазіргі қарттардың бала күнінде болған екен.

Түркияға жетпестен бұрын Алтайдан келе жатқан қазақтар Пәкістан жерінде өз мұрамызды, дәстүрімізді тастамаймыз деп ескі киімдерімен жүрген. Бастарындада үкілі тымағы, үлкен шапандар, шалбарларымен аяққа киген етіктерімен жүрген. Әйелдерде кимешек, жаулық, оларда тағылған теңге, моншақтары бар, тіпті бастарындасәукелесі де сақталған екен. Пәкістан жері өте ыстық, жергілікті халық қазақтардың бұлай киінгендеріне таңырқай қарайтын болған. Тек оншақты жыл өткесін ғана, біртіндеп солардың қалпына түсе бастадық. Ал Түркия аумағына келгенде олар Пәкістанның киімдерін киіп келген. Дерек беруші информанттардың мәліметтеріне қарағанда, Түркия территориясына қоныстануға рұқсат беріп, қабылдау кезінде қазақтарды шомылдырып, сын шапан кигізіп, үстілеріне жергілікті киімдер кигізген. Оның басты себептерінің бірі жұқпалы аурулардың болу қаупінен сақтану болған дейді.

Бұл жерде құда түсу, қыз ұзату салты бар. Мұндағы қазақтар ертеде бесіктен бастап айттырып қоятын дәстүрдің болғандығын да айтады. Қыз бен жігіт бір-бірін көрмейді екен, есік көретін кезде ғана кездеседі екен. Ал бүгінгі заманда, қанша сүйектес дос болса да, балаларының сыртынан ұйғара алмайды. Біріне бірін үйлендіре алмайды. Неге? Қазір өздері біледі. Заманына сай, Түркияның жосын-жоралғысы негізінде отасады жастар. Қалың мал беру қазіргі таңда жоғалған. Тек сүтақы сақталыпты. Оны әркім өзінің шамасынша (2000-3000 доллар көлемінде) шүберекке түйіп береді. Жасау бар, ол әйелдердің шаруасы. Төсек-орын, жиһаздарын, кілемдер, түскиіз береді. Тұсау кесу, сүндетке отырғызу да бар.

Той тойлау дәстүрлерінен бөлек, діни-ғұрыптық жосын-жоралғылардың да ұқсастықтарымен өзіндік ерекшеліктері бар. Тіпті, Керей руында сақталған кейбір дәстүрлер де болған екен. Бұл мәселе тұрғысында ақпарат беруші О. Жигит ақсақал ойын былайша өрбіткен: «Он екі керейдің өзінше ғұрыптар бар. Олар араларынан өзара ақша жинап қойып отырады. Бүгінгі таңда міндетті түрде 10 түрік лирасын беріп отырады. Бір адам қайтыс болса, мысалы мен Қарақаспын, соның бәрі сол жерге барады. Барғасын сол күні жаназасын атқарады, жерлейді. Жерлегесін сол күні құран-қатым түсіріп, жиналғандарға «қатым тамағы» беріледі. Сосын әйелдер арасында «бата» деген бар. Екінші күні қатым оқытатын болса сол елдің қыздары, үшінші күні жақын достары қатым оқытады. Сөйтіп 7-ші күні үй иесі қатым береді. Молдалар ертерек барып құран аударады. Түскі намаздан кейін, бәрі жиналып, құран оқып, жетісін аттандырады. Қыркыншы күні тағы бір қатым түсіріледі. Туыстары, бауырлары, қарындастары, құдалары тағы басқалары жеке-жеке құран аударады. Отырғандар арасынан менен қатым бар деп 10 адам, 20 адам құран оқиды. 30 бет құранды аударған бір қатым болады. 20 қатым бар екен нешеуін түсірейін деп сұрайды молда. Мысалы, 10 данасын түсірейік, онын тағы жұма күндері түсіреді ғой өздері дейді жамағат. Қатым түсіріп біткесін, бір тамағын жеп жұрт тарқайды. Сосын жылы болады тағы осылай жасайды. Адамда сатып алған жері болса сонда, болмаса мемлекет берген жерге жерлейді. Тірісінде сатып алып, 1,2,3 қабат етіп дайындап қоятындар да бар. Ол жерге жанұясынан басқаны қойдырмайды»[3].

Стамбұл қаласындағы «Түркия қазақтарының қоғамы» қорында сақтаулы біраз ұлттық киімдер бар. Оның дені бір ғасырға жуықтап қалған дүниелер. Киімдердің дені әйел адамдардікі. Осы осы киімдердің сыр-сипатымен, тарихымен ой бөліскен Абдулжәлел Инан деген ақсақал болды. Аталған баға жетпес жәдігерлердің ішінде бірден көзге басылатыны, әсіресе ауқатты үйдің ұзатылған қызына берілген қызыл тон ерекше бұйым.

Абдулжәлел Инан (78 жаста) ақсақалмен жүргізілген сұқбаттан үзінді: «Біз Зайсанның қазағымыз. 1935 жылы туылғам. Бүгінде 24 немерем, 5 келін, 8 қызым бар. Ескіде, 20-30 жыл бұрын бізде балаларды молдалар сүндетке отырғызатын. Қазіргі жастар баламыз ауырып қалады деп доғдырға апарады. Біздің Қарақожа деген молдамыз бар еді Қайсериде (Түркия жерінде), қайтыс болып кетті. Сол кісі сүндеттелген баланы тез жазатын, сосын шешекті, екпені емдейтін еді. Бұл қазақ емі», – деп ойын түйіндейді А. Инан [5].

Түркия қазақтары арасында жүргізілген сауалнамалар мен сұхбаттар нәтижесінде мәліметтер жинақталған тағы бір бағыт ұлттық ойындар еді. Алтайда отырғанда қазақ арасында сақталған, қариялардың есіндегі ұлттық ойындар бұл күнде олардың ортасынан жоғалған. Алайда, ескіде болған ойын-сауық түрлері туралы да біршама деректер алынды. Жоғарыда аталған А. Инан ақпараттары бойынша оларда ұлттық ойын көп жоқ екен. «Оның себебі, біз елден, жерден кеткелі 80 жыл болғанынан ғой» деп түйіндеді ақсақал. «Бұрын балуан күрестіріп, айтыстырып, бәйгесін алып жатады екен. Ал, шетелдегі қазақтар арасында сақталып қазіргі таңда Қазақстан жерінде кең етек жая бастаған каражорғаны – «жорға биі» деп атап, ескіден ескіден келе жатқан қазақтар билейтін би түрі түрі екен. Тіпті әріректе кейбір адамдар ішікті теріс киіп алып, танауына ағашты тағып билегенде елдің бәрі шошып қашатұғын би түрі болған екен. Әйелдерді барып шошытқанда аюға ұқсап кететіндіктен, оны «жорға аю» деп атаған. Қазір билейтіндер жоқтың қасы. Сондай ақ, тоғыз құмалақ, асық ойындары да бұрынсақталып, бүгінгі таңда пайдаланудан шыққан.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұрынырақта қызды он сегізге келмей ұзатып тастайтын болған екен. Қазіргі таңда жағдай мүлде өзгеше. Түркияның өмір сүру салтына сай ер жігіттер үйлі-жайлы болмай отбасын құрмайды, қыздар басында баспанасы бар, қосымша дәулетіне қарай тұрмысқа шығады. Бұл қазақтар арасында да өз орнын ойып тұрып алған. Соның нәтижесінде бүгінде үйленбей жүрген 25-30 жастағы жігіттер көп, елуге таяған, тіпті одан жасы үлкен тұрмысқа шықпаған әйелдер көбейе бастаған. Бұрынғы үлкенге ізет тәрбиесі де жоғала бастаған дейді ол жақтағы қарттар. Ақсақалдарды немерелері - ата, келіндері – «баба» деп атайды[5].

Ол жақтағы қазақ әжелердің арасында жыр, жоқтау, сарын айту, сыңсу секілді түрлі дәстүрлердің сарқыншақтары сақталған екен. Төменде информанттардан жазып алынған өлең-жырлардан үзінділер:

Баркөлден үркіп біз шықтық, отыз сегіз жылында.
Көш бастаған үлкендер, айдауға түті ау білінбей,
Жетпіс екі жыл болды ау, шұбарланып өтеді оу,
Дүние шіркін білінбей.
Тақымақан шөлінде ай, мидай тақыр торында
Ішіп жейтін суы жоқ, жұлып жейтін шөбі жоқ
Көш бастаған үлкендер, заман қандай болар деп
Мойны сонда иылды ай.
Гималия тауында, көшті айдап сауырға ай
Ісіп-кеуіп адамдар, іс тиіп сонда ауырды ай,
Тау менен тасты аралап,
Төбеттің келдік жолымен
Шейітсің деп қояды, өткендерді қолымен.
Пәкістанға біз келдік қырық бірінші жылында
Сарысүзек деген дерт келіп, қазағым сонда қырылды ай
Түңлік қалды ашылмай, өлгенді көрдім көтерсе,
Қала ма көңлім жасымай...
Осының бәрін мен ойлап, көкірекке тоқыдым
Он үшке келген жасымда ай
Мың тоғыз жүз елу үш санасында,
Түркияның келіп кірдік қаласына,
Түркиям құшақ жайып жерімен үйін берді ау,
Алланың бізге берген саясын да
Басынан ер жас таудың қары кетпес
Отырдық етегінде сәні кетпес
Көк ала, көк шалғын жазғы күнгі
Қарасаң жан-жағына көзің жетпес.
Алтай мен болдым Сауырда ай,
Мал жатады бауырында ай
Тоғыз жаста айырылдым,
Қош дей алмай мен кеттім, аға-жеңге, бауырыма-ай.
Шығада Алтайда бетеге шөп,
Жайылған жазығында мал қандай көп.
Айырылдым тоғыз жаста атамекен,
Ойласам таусылмайтын арманым көп.
Алтайдың туы биік, бауыры жазық
Ойнайды бауырында бала биік
Айырылдым тоғыз жаста амал қанша
Кетеді ау ойлағанда ішім күйіп.
Алтайдың тау да алтын, тасы да алтын
Жосыған ақбөкендей қалды-ау халқым

Айырылып Отанымнан шығып кеттім
Қалмайды ау қайда жүрсем көшкен атым.

Уәуірімге келмейді шырқап салмай ей
Жігіт саны келмейді қаршы қылмай әләулім
Бізді іздеп балалар келгенінде ей
Деп отырам бос қарап ән шығармай ай
Угәй, угәй, угәй ай
Жылқы көркі құлын тай
Ел мен жерден айырылып
Сағынышпен жүрміз ай
Ән сал десең салады әуел қарттар ей
Бағым тайсы түсер таптап әй-угәй
Бір ауыз ән салып мен берейін ей
Сексен тоғыс жасыма келген шақта әй-угәй
Ән сал десе салайын айдай-айдай ей
Ән салған ашылады ұйқым шайдай әй-угәй
Өлең айт деп баладар шегіп* жатыр ей
Ән салатын жас күндей көңлім қайда әйугәй
Угәй, угәй, угәй ай
Жылқы көркі құлын тай
Ел мен жерден айырылып
Сағынышпен жүрміз ай
Өлең айтсақ келмейді ау әлімізде ей
Сартаң ұйқым келмейді, ел жерді ойлап әй-угәй [6].

Жар, сарын.

Ақ отауын тіккен жер ойыл-қиыл ай-оу
Беремін деп айтыпты мені биыл ай-оу
Өзім барып айтуға ұяламын ай оу
Жан жеңеше барып айт, қойсын биыл ай-оу
Е-е-е-ей сәулем оу,
Қош-аман бол ауылым ай
Ақ отауын тіккен жер ойран болсын ай-оу
Ақ жүзімді көруге айнап болсын ай-оу
Кісі атасын кісіге ата дейді ай-оу
Айна бірақ атамда оу қайдан болсын ай-оу
Е-е-е-ей сәулем оу,
Қош-аман бол ауылым ай
Суға салсам жас жіп те салмақтайды ай-оу
Құлынтайдай ойнаған оң жақ қайда ай-оу
Кісі апасын кісіге апа дейді ай-оу
Айналайын апамдай болмақ қайда ай-оу
Е-е-е-ей сәулем оу,
Қош-аман бол ауылым ай
Шымылдығын сілкей сал, көрсін апам ай-оу
Көздің жасын қойнына төксін апам ай-оу
Көздің жасын қойнына төккен болып ай-оу
Бір міндеттен құтылдым, десін апам ай-оу
Е-е-е-ей сәулем оу,
Қош-аман бол ауылым ай
Отқа қойсам жас шәйнек жылымайды ай-оу
Өгейіне өз апам жыламайды ай-оу
Жыламаған апамды жылатайын ай оу
Неден көңілі қалды екен, сұратайын ай оу
Е-е-е-ей сәулем оу,
Қош-аман бол ауылым ай
Торғай басым сыймады төр көзге де ай-оу!
Көп көргенің мен болсам кеттім ата ай-оу.
Е-е-е-ей сәулем оу,
Қош-аман бол ауылым ай[7].

Іс-сапар барысында бізге басқа да көнекөз қариялар ақпарат беріп, естеліктерімен бөлісті. Ол кісілерге деген алғысымыз шексіз!

Мақаланың көлеміне байланысты өзге мәліметтерімізбен де болашақта міндетті түрде бөлісеміз.

Түркиядағы қазақ қандастарымызбен жүздесіп, ғылыми жоба аясында тарихи-этнографиялық

зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бергені үшін өз атымыздан Халықаралық Түркі академиясына зор алғысымызды білдіреміз!

Түркия қазақтарының этнографиясын, әсіресе рухани болмысын зерттеу аса тыңғылықты, терең зерттеуді қажет етеді. Осы уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулер де жоқ емес, алайда қазіргі таңда жүйелі, кешенді зерттеулер аса қажет екені сөзсіз.

1. Абдуқап Қара Түркия қазақтарының қысқаша тарихы// <https://baq.kz/kk/diaspora/turkiya-kazaktari/turkiya-kazaktarinin-kiskasha-tarihi-71>

2. **Қанат Ғұмаров.**Түркия қазақтары // **Серпер газеті** // <http://mtdi.kz/til-saiasaty/aleumettik-lingvistika/1583-turkiadagy-kazaktar>).

3. Информант: Омер Жигит -77 жаста

4. <http://abdulvaharkara.com/arastirma-konulari/kazak-diyasporas/169-turkiya-qazaqtari-keshe-bugin.html>

5. Информант: Абдулжәлел Инан – 78 жаста

6. Информант: Айтуған Қамзақызы, 89 жаста

7. Информант: Жәмила апа, 85 жаста



Омер ЖИГИТ ақсақал



Айтуған апа



Гүнешілідегі кездескен қария аналарымыз





Стамбулдағы қазақ қоғамында

ОБ УЗЛОВЫХ ВОПРОСАХ ИСТОРИИ ДРЕВНИХ МАССАГЕТОВ-ТУРАНЦЕВ

(в связи с происхождением некоторых этнонимов, топонимов и антропонимов)

Персы (фарсы) и их заядлые противники массагеты, как равноправные, независимые друг от друга народы (племена), а также проходившие между ними сражения, описываемые в своем известном сочинении древнегреческим “отцом истории” Геродотом (484–425 гг. до н.э.), примерно через тысячи лет после него легли в основу большой поэмы-эпопеи “Шахнаме” Фирдоуси (936–1020 гг.) как фольклорно-исторические сюжеты, но уже под названиями “иранцы” и “туранцы”, последние из которых зависят от первых, находятся в их подчинении. Такой поворот событий, конечно, прежде всего был связан с подлинными патриотическими чувствами автора поэмы. Не трудно допустить предположение, что именно из-за этого Фирдоуси материально понес жестокое, но справедливое наказание – султан Махмуд Газневи (971–1030 гг.), туркмен по национальности, отказался платить из казны государства обещанный ему большой гонорар, состоящий исключительно из золотых монет. Султан сам узнал или ему подсказали, что поэт специально искажает историю в пользу иранцев, ибо он пользовался историческими легендами, распространенными только среди иранцев, игнорируя при этом таковыми у туранцев. Но Фирдоуси все таки был прав в главном: он ставит равенство между древними туранцами и современному ему тюрками (туркменами).

Легенды рассказывают, что эпический Иран – это страна мировых царств, первое из которых было основано Каюмарсом, соответствием первочеловека Гаюмарта, персонажа зороастрийской мифологии. По «Огузнаме», современником Каюмарса был Огуз-хан – легендарный прародитель современных туркмен. Неслучайно, древняя история Ирана практически представляет собой противопоставление его Турану – стране туров (тюрков). В последующем туранцы со стороны соседей назывались не только как массагеты, но и как саки, скифы, аланы, кушаны, эфталиты (абдалы, т.е. ак-хунны) и другие тюркоязычные народы, проживавшие в странах на севере-востоке современного Ирана. Ср.: современные этнонимы с идентичным содержанием Deutsch / Germany / Almanlar / немцы. Что касается этнонима “фарс” (ср.: фарси / персидский), исторически (этимологически) в древних европейских языках он был связан с такими значениями, какими являются: ‘циничное’, ‘лживое’ или ‘обман’. Не трудно догадываться, что при описании сражений, проходивших в эллинистических полисах против персов (фарсов), Геродот и другие европейские авторы придавали этому этнониму наряду с этнической семантикой также указанные выше значения. Неслучайно, по требованию Реза-шаха Пехлеви от всех европейских государств, тогдашнюю Персию с 1935 года все стали официально называть его древним именем Ираном («страной ариев»).



Первичной родиной всех народов, входящих в “алтайскую” (“туранскую”) языковую семью (по Геродоту – массагеты), была современная Туранская низменность и сопредельные территории [Об этом

еще см.: 1]. Ниже хотим проводить краткие этимологические этюды по топониму “Туран” в сравнении с этнонимом “туркмен”, которые наряду с освященными уже вопросами характеризуют по существу суть рассматриваемой проблемы.

Если говорить более конкретно, общим корнем топонима “Тур(ан)” и этнонима “тур(к+мен)” является выделяемая нами лексема (тур-/тур) с первоначальным глагольно-именным значением ‘твориться/твар (т.е. человек)’, ‘создаваться/созданный (т.е. человек)’. Именное составляющее лексемы тур-/тур сохранилось до наших дней почти в неизменяемом виде, но уже в составе производного от него глагола, и при этом, не утратив свою первичную семантику: *tür-e-mek* (турец.), *dög-e-mek* (туркм.) и т.д. (Ср. туркм.: *ýaş* ‘молодой’, ‘возраст’ – *ýaş-a-mak* ‘жить, проживать’; *güýç* ‘сила’ – *güýj-e-mek* ‘усиливаться’ и др.)

Во времена флективного состояния внутривидового развития тюркских (туранских) языков, которое непосредственно предшествовало их современному агглютинативному строю, глагол *tür-e-(mek)* послужил основой для появления *ýar-a-(t-mak)* почти с идентичным значением: *ýazuýunýdöredijiligi* (турм.) // *ýazuýunýaradyýlygy* (азерб.) ‘творчество писателя’. В туркменском языке в значении ‘Бог’ имеет широкое употребление слово *Ýaradan* (*ýar-a-t/d+an*), т.е. ‘Творец’, ‘Создатель’. Таким образом, первоначальное значение этнонима *tür(k-men)* является ‘созданные (Богом люди)’, а *Ýar(a-dan)* – ‘их создатель’. Типологическую аналогию не трудно находить в других языках. Например, в арабском языке: Халык ‘Создатель’, ‘Бог’, а халк ‘созданный’, ‘народ’ – лексемы, восходящее из единого гнезда. Следовательно, Туран/Туркестан – эта ‘страна народов, созданных Богом’.

XI веке тюркские (туранские) авторы Юсуф Баласагунский и Махмуд Кашгарский вслед за персом (иранцем) Фирдоуси одновременно писали, что древний тюркский герой Алп-Эр-Тонга (*Alp Er Toŋa* ‘Герой-мужчина подобно льву’) в легендах иранских народов называется Афрасиабом из Турана. Как свидетельствует М. Кашгарский, Алп-Эр-Тонга обосновал несколько городов, в том числе город Мерв (современный Мары), а город Казвин (в современном Иране) назван в честь его дочери по имени Каз (совр. газ ‘гусь’).

Правители Караханидского государства, являясь представителями туркмен-карлуков (термин Махмуда Кашгарского), возвели свой род к Афрасиабу (жил примерно в VII веке до н.э.), легендарному шаху Турана, и стали называться “домом Афрасиаба”. В более позднее время старый Туран справедливо стали называть официально Туркестаном, ибо древние туранцы(туры) действительно были прямыми предками современных тюркских народов. Умышленное противопоставление друг к другу Турана и Туркестана, присущее работам отдельных современных авторов, не назовешь иначе как кощунство в отношении исторической памяти и достоинства современных тюркских народов.

Еще несколько эпизодов из древней истории туранцев (массагетов) и иранцев (персов). О массагетской царице Томарис, начиная с Геродота, писали и пишут античные, средневековые и современные авторы Европы, как она, Томарис, во главе войск массагетов в начале декабря 530 г. до н. э. разгромила персидские войска под командованием царя Кира II Великого, который, перейдя реку Аракс (т.е. совр. Амударья, другое древнегреческое название Окс или Оксус ‘река огузов – потомков хуннов’, а до этого Джейхун ‘река хуннов – предков огузов’), углубился на территорию массагетов. Следует отметить, что Окс (Огуз) – один из древних названий Амударьи сохранился в виде Унгуз (Заунгузские Каракумы) и Узбой (т.е. Огуз бойы), обозначая старые русла ее ответвлений, проходивших через Каракумы и выпадавших в Каспийское море. Древнее название другой, некогда полноводной реки Турана – Сырдарьи (Сейхун), как и название Амударьи (Джейхун), восходит к словам сей/ джей (т.е. чай ‘река’) и хун (‘хунны гунны’).

Мы впервые этимологию имени массагетской царицы Томарис также хотим связывать с тюркским лексиконом, а именно со словом темир (/демир, тамир / дамир, тимур...) ‘железо’. Эта этимология бесспорно относится и к именам последующих грозных правителей – Тему(р)чина (Чингисхан, 1155–1227 гг.) и Тамерлана (1336–1405 гг.). Более того, личное имя великой грузинской царицы Тамар (1184–1209 или 1213 гг.), – родилась во времена Тему(р)чина-Чингисхана, – по нашему мнению, также можно связать с тем же тюркским словом темир, ибо она была дочерью Георгия III и царицы Бурдухан, дочери Худана, – царя аланов, о тюркоязычности которых (хотя бы части их) не сомневаются многие современные ученые. Вполне логично, что царица Тамар, как и ее мать, красавица-аланка Бурдухан, сравниваемая с Пенелопой (персонаж «Одиссеи»), могла иметь личное имя тюркского происхождения. Следует также отметить, что в грузинской царской истории была еще и другая Тамар, дочь царя Давида III Строителя (жена Ширванского шаха), которая после смерти мужа вернулась в Грузию и воспитала своего племянника Георгия.

Библейское женское имя Тамара (предположительно от ивр. תָּמָר 'финиковая пальма'), сохранившее память об общей праmaterи Иисуса и израильских царей Давида и Соломона, может быть заново этимологизировано в будущем в свете новых достижений науки о первичной религии Евразии – тенгрианстве, на основе которого возник в последующем и древний зороастризм [См.: 2]. Этому в значительной степени способствуют также монографии и статьи патриарха тюркологии наших дней, академика Академии наук Республики Татарстан (РФ), профессора М.З. Закиева, посвященные обоснованию адекватной тюркологии в XXI веке [См.: 3].

Если заглянуть в географическую карту, то отчетливо видно, что Туранская низменность с длиной около двух тыс. км. с юга на север начинается там, где заканчивается Копетдагский хребет Туркмено-Хорасанских гор, а своей конечной частью на севере она соединяется с Западно-Сибирской низменностью. На Туранской низменности расположена основная часть территорий трех современных тюркоязычных государств – Туркменистана, Узбекистана (с Республикой Каракалпакстан) и Казахстана. Низменность занята величественными пустынями Каракумы, Кызылкум и Муюнкум, по ней текли некогда полноводные реки Амударья и Сырдарья, а также многочисленные более мелкие реки – речки. Имеет богатую флору и фауну. В этих краях когда-то водился исчезнувший подвид тигра – туранский тигр (gaplañ 'felis tigris'). На западе низменность омывается водами седого Каспия, вблизи Каспийского моря находится подвергнутое к засыханию Аральское море. Туранская низменность богата углеводородными ресурсами (газ, нефть) и другими многими полезными ископаемыми. Государства Туранской низменности имеют высокоразвитое сельское хозяйство. В них сохранились многочисленные остатки древних цивилизаций.

В отличие от Алтая, региона с небогатыми остатками древних культур, что очевидно связано его климатическими и другими природными условиями, Туран, в частности, территория современного Туркменистана, просто изобилует древнейшими очагами человеческой цивилизации: Анау (Pumpelly), Джейтун (Марущенко), Маргуш/Маргиана (Сарианиди), Алтындепе (Массон) и т.д. Возникновение в глубокой древности единого общетуранского ("общеалтайского") праязыка, обусловившего появление в последующем туранской ("алтайской") языковой семьи, дальнейшее внутривидовое развитие языков данной семьи, а именно переход их структуры от одного состояния в принципиально другое, дальнейшее группировка на близкородственные языки – все это мы связываем с последовательным чередованием появлений, рассветов и угасаний упомянутых цивилизаций. По существу древний Туран (современная Туранская низменность) был первичной Месопотамией, и он фактически является родиной предков шумеров [См.: 4].

Разработки историков-археологов (В.И. Сарианиди и др.) убедительно доказывают, что именно на территории современного Туркменистана (древний Туран) возникла и развивалась (на основе тенгрианства – солнцепоклонничества), первая общечеловеческая религия зороастризм (огнепоклонничество) многие представители которой со временем в поиске места нахождения Солнца ("богоискатели") двинулись на Восток, на "край света", туда, где "живет" по их представлению (восходит) Бог-Солнце, и дошли до Корейского п-ва, а оттуда – в Японские острова. Поэтому неслучайно, что в основе мифологической базы древней корейской культуры лежит миф о Женщине-Солнце и ее родителях.

Небольшая часть бывших туранцев через Сибирь и п-в Дежнева, преодолев современный Берингов пролив, проникла в Америку и составила предков некоторых племен американских индейцев [См.: 5]. В последующем, уже в начале нашей эры, объединившие вокруг общих и благородных (в их понимании) идей, аланы (усуни), хунны-бывшие туранцы (гунны Аттилы) и огуры (огузы) всем миром двинулись в обратном направлении – на Запад, которое (в отличие от предшествовавшего движения на Восток) в той или иной степени полноты описано в научной литературе.

1. Соегов М. Диалектами и говорами какого единого языка пользовались при общении между собой древние туранцы // Хакасский этнос на рубеже XX–XXI веков. Материалы Всероссийской научной конференции с международным участием (27–28 сентября 2013 г.). Абакан, 2013. С. 22–24; Его же. Об обладающих направлениях исследования предполагаемого древнего генетического родства туркменского, калмыцкого и корейского языков // Актуальные проблемы востоковедения. Вып. 5. Хабаровск, 2013. – С. 175–199.

2. Соегов М. О «Народном исламе», сформировавшемся у туркмен в раннем Средневековье под влиянием древнего тенгрианства, и его современное состояние // Вестник БИСТ (Башкирского института социальных технологий). Серия "Регионалистика и этнополитика", № 4 (29). Уфа, 2015. С. 127–132.; Его же. Задолго до 'железных' Тамерлана и Темучина были еще Томарис и другие 'железные леди' // Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность. Материалы V-й Международной научно-практической конференции (20–24 сентября 2015 г., Камчия, Болгарии). – София, 2015. – С. 197–198.

3. Закиев М.З. Тюркология без постулатов европоцентризма // Язык и культура: проблемы соотношения и взаимодействия в полиэтническом пространстве. Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием (27 ноября 2015 г.). – Уфа, 2015. – С. 21–25.

4. Söyegov M. AnauMedeniyetivedevamolarakSümerler: Tengri/ Dingir‘Sema’Oğulları // KardeşlikDergisi. Sayı: 257–258 Mart–Nisan. Bağdat (Irak), 2011. – S.56–58.

5. Söyegov M. AmerikanKızılderilileriDilAkrabalarımızdır? // KardeşlikDergisi. Sayı: 275–276 Eylül–Ekim.Bağdat (Irak), 2012. –S. 43–46.

С.К. Өтенизов

АРҒЫН (УАРХУН) ҚАҒАНАТЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Арғындар хундардың яғни ғұндардың тікелей ұрпағы екені талай жылдардан бері айтылып келе жатыр. Жалғыз арғын тайпасы емес Түркі халықтарының бәрі өз мәдениеті мен тілін хундардан алады. Түрік жазуы яғни түркі әліппесі де Түрік қағанаты заманында емес одан көп ғасырлар бұрын Хундар империясы дәуірінде дүниеге келген. Арғын тайпасы Хун мемлекеті қайда болса да жуан ортасында болған сияқты. Хун мемлекетінің аса мықты, құдіретті болған кезі Еуропада болды. Ал сол Хун мемлекеті 5-ші ғасырдың ақырынан бастап Уархун яғни Арғын мемлекеті деп аталуы кездейсоқ емес...

Еділ /Аттила/ 454 жылы қаза болған соң хун империясы әлсіреген еді. Еділ-Жайық пен Рейн өзеніне дейінгі ұлы территория Еділ /Аттила/ тұсында хун ордасына бағынған еді. Еділ /Аттила/ өлген соң оның өз орнына тағайындалған үлкен ұлы Эллақ қаза табады.

Хун ордасы әлсіреді сондықтан Римнің бай мұрасы әркімнің қолында кетті. Вандалдар мен вестготтар білгенін істеп 12 ғасыр өмір сүрген Римді тонап жатты. Аттиланың Одоакр деген шәкірті (ұстазы Едеконның баласы) 476 жылы бүкіл Италияны көп әскермен келіп бағындырып жалғыз әміршісі болды. Оның әскері хундар мен герман тайпаларынан тұратын еді.

Сол 476 жылдан бастап ол Рим империясы деген аттың көзін құртты. 494 жылы оның орнын остгот королі Теодорик ауыстырды... Еділ /Аттила/ қазасынан кейінгі бір ғасыр ішінде осы үлкен территорияда бірнеше қағанат /хандық/ пайда болды. Олардың ішінде ең ірісі Днепрден Алтайға дейінгі алқапты түгел билеген Түрік қағанаты 552 жылы құрылды. Паннониядан Қара теңізге дейінгі территорияда Уархун қағанаты құрылды. Түрік қағанаты Батыс және Шығыс болып бөлінгенде Еділден Қара теңізге дейінгі жерде Хазар мемлекеті пайда болды. Бұрын Еділ (Аттила) тұсында бұл жерлер оның баласы Эллақтың билігінде болған еді.

Уархун /Арғын/ қағанаты. Еділдің /Аттила/ мұрагерлері Теңіз бен Ернақтың тұсында хун ордасы түгелдей әлсірейді. Алайда осынау “жаңа хун ордасы” Еуропада әлі үш ғасыр өмір сүріп көп әбігер туғызған еді. Көптеген тарихи деректерге қарағанда V-ғасырдың ақырында хун тайпалары Шығысқа яғни Қара теңіз жағалауына шегінеді. Бірақ, Қара теңіз жағалауындағы хун тайпалары тарихта басқа атпен атала бастаған. Тіпті сол кезде Днепр өзені “Хунауар” деп аталған. Тіпті “хун” мен “ауар” сөзі бірнеше тайпалардың аты болып қалды. Мысал үшін айтсақ, Уархун /Арғын/, тайпасы. Кейбір тарихшылар Уархун деп аталуының мынадай себебі болды деп көрсетеді... Әрине, Хун ордасының құрамында көптеген хун тайпалары кіргені тарихи шындық. Ал хундардың өзі бірнеше бөлікке бөлінген. Уар – деген батырдың соңынан ерген тайпалар кейінірек Уархундар – болып аталып кеткен, - деп тұжырымдайды. Көптеген тарихи деректерге қарағанда уар қағанатын авар – деп атап кеткен.

VIII-ғасырда өмір сүрген Лангобард /герман тайпасының бірі/ жазушысы Павло Диакон, өзінің ата-бабасының бір кезде еріксіз уарлар қолында болғанын айта келіп, лангобард королі Аудигун және оның баласының тарихын жазып қалдырады. /”Альбуин вступил в вечный союз с аварами, которые первоначально назывались гуннами, впоследствии же по имени своего вождя были названы аварами” [1]. Бұл жерде “авар” деп жазған тек аудармашы. Түпнұсқада “уар”. Бұл текстегі Альбуин, лангобард королі Аудигунның баласы.

Еділ /Аттила/ құрған орасан үлкен хун ордасы әрине, бөлшектенеді. Сол кезде хундардың өзі әлденеше бөлікке бөліне бастады. Солардың тарихта аты қалғандары мыналар: Сабир, Утургур, Кутургур, Сарагур, Уархун (Арғын), т.б. мысал үшін айтсақ, утургур мен кутургур тайпалары кеммириялық хундар деп аталған. Бұл екеуі негізінде хун тайпасының екі тетесі.

V-ғасырдың ақырында VI-ғасырдың басында Қара теңіз жағасы мен Паннонида Уархундар қағанаты пайда болды. Бұл қағанатты латын тілінде және басқа Еуропа халықтарының тілінде “Авар қағанаты” әлде “Уар /Ouag/ қағанаты” – деп аталады. Бұлар екеуі екі мемлекет болса да соңғы Уархун қағанатын Еуропадағы бұрынғы Авар қағанаты атымен шатыстырған.

Амедей Тиерридің және басқа Еуропа ғалымдарының айтуына қарағанда, хундардың құрамында, яғни хундардың бір бөлігі уархундар сонау ерте кезден-ақ /II-ғасыр/ пайда болған. Хун ордасы бастыққа қарай жылжығанда олардың көп бөлігі ордамен бірге кеткен, ал азғантай бөлігі Каспиймен Арал теңіздерінің ортасында қала берген. Каспийдің бергі жағында қалып кеткен уархундар V-ғасырдың ақырында Қара теңіз жағалауына келіп өз туыскандарымен яғни Еділ /Аттила/ ордасының хундарымен қосылған. Осыған байланысты Уархундар саны әжептәуір көбейіп кетсе керек, жаңадан пайда болған хун қағанаты “Уархун қағанаты”, - деп аталған [2].

Уар қағанаты хун ордасы сияқты керемет үлкен болған жоқ. Еділ /Аттила/ тұсындағы хун ордасының дәрежесіне жетпегенмен Уар қағанаты өз заманындағы үлкен қағанаттың бірі болды.

Уарлар мен батыс түркі тайпаларының арасында көптеген қақтығыстар болды. Уар құрамына көптеген көшпелі тайпалар кірді. Қағанаттың ең күшейген кезі Баян ханның тұсында.

Баян хан туралы А.Тиерри былай деп жазады: “...Ce fut une bonne fortune pour le nouveaux Huns d’avoir a leur tete un homme tel que Baian...” [3]. Француз тілінде жазылған бұл сөйлемнің қазақ тіліне дәл аудармасы мынандай: “...Жаңа хундар үшін Баян сияқты тамаша қолбасшының басшылық етуі өте сәтті оқиға (ic) болды...”

Уарлар Византиямен көп қарым-қатынас жасаған. Тіпті Византия Баянхан тұсында Уар қағанатына салық төлеп тұруға мәжбүр болды. А.Тиерри айтқандай уархундар көсемі Баянханның тарихи маңызы өте үлкен. Баянның Еуропа тарихынан өшпестей орын алатыны соншалық, Украинада Баян атты жер атауы сақталған[4]. Себебі ол Уар қағанатын дамытуға, нығайтуға көп еңбек сіңірді. А.Тиерри осы жағдай туралы:

“...J’ai dit qui trois grandes tribus de Ouar-Khouni, les Tarniakhs, les Cotzaghers et les Zabenders avaient refuse de suivre dans sa fuite la horde qui etait venue en Europe et avait adopte le nom d’Avars; Ces trois tribus occupaient encore en Asie que leur avaint assignes les Turks. Des emissaires de Baian vinrent les solliciter de briser aussi leur joug et rejoindre leurs freres au pied des Carpathes; elles le firent prudemment, passerent en Europe et se fundirent dans la horde de Baian, dont elles accurent considerablement l’importans...” [5].

Бұл тексттің қазақ тілінде дәл аудармасы мынадай: “...Уархундардың үлкен үш тайпасы: Тарниактар, Котзагерлер, Забендерлер Еуропаға келіп Авар атын қабылдаған орданың ізіне ермей қалып қойғандығы туралы, мен айтқан едім. Бұл үш тайпа Азияда түріктерден [6] алған жерін қоныстанушы еді. Оларға Баянхан жіберген адамдар барып Карпаттың төменгі жағындағы Баянхан ордасына қосылуын өтінеді. Олар бұл ұсынысты қабыл алып Еуропаға келіп Баянхан ордасына қосылады, сондықтан бұл оқиғаның орданы күшейтуге маңызы бар... Қысқаша айтқанда, Паннониядан /қазіргі Венгрия/ Қара теңізге дейінгі, яғни Карпаттан Қара теңізге дейінгі территориядағы Уар қағанаты Баянхан тұсында өте күшейген.

Негізгі біз назар салатын жәйт мынау: Қазіргі қазақ халқының құрамындағы Арғындар-хундардың, яғни хун ордасының бүгінгі ұрпағы: Олардың “арғын” деп аталуына себеп Еділден /Аттиладан/ кейінгі хундардың бір бөлігінің Уархун – деп аталуы... “Арғын” терминінің негізгі түбірі “Уархун” болуы әбден мүмкін. Тарихтағы Уархун есімі көптеген тарихи деректерде “Авар” деген атпен берілсе, орыс совет ғалымдарының еңбектерінде “Вархон” – деген атпен айтылады. Алайда француз ғалымдары “Уар” /Ouar/ деген атпен жазады.

Көптеген ғалымдар және А.Н. Бернштамның Уар туралы пікірі былай: “...вархониты были этнически связаны с родом “авар” /абар, ауар/, быть может древним гуннским родом, кочевые племена причерноморских степей. Вархониты- продолжение аттиловского рода; псевдоавары и авары суть те племена, которые объединились вокруг этого рода. Повидимому, в конце V в., после распада гуннской орды и выделение утургуров, кутургуров, оногуров, сарагуров и всех разновидностей болгар, остался гуннской род, который продолжал свою историю под новым именем аваров.

Авары вместе с лангобордами выступал против гепидов и их предводителя Гунимунда. Они заняли территорию гепидов, а позднее, как уже было отмечено, разбили и лангобардов /610 г. [7].

Қысқасын айтқанда, V-ғасырдың ақырында Еуропада пайда болған хундардың яғни Еділ /Аттила/ ұрпақтарының жаңа ордасы “Уархун” қағанаты деп аталуының негізгі себебі мынау.

Каспий мен Арал теңізінің аралығында II-ғасырдан бері жасайтын Уархун тайпалары V-ғасырдың ақырында Еуропаға келіп Еділден /Аттиладан/ қалған хун тайпаларына қосылған. Хундардың жаңа ордасында Уархундардың санының көбеюіне байланысты “Уар” қағанаты деп аталған.

Кейінірек, VII-ғасырдың ақырында VIII-ғасырдың яғни Баян-хан билеген заманда Каспий мен Арал аймағындағы Уархундардың қалған бөлігі Еуропаға келіп “Уар” қағанатына қосылады. Олар негізінен Уархундардың Тарниак, Котзагер, Забендер атты тайпалары еді. Осы үш тайпаның аттарын біз VI-

ғасырға дейінгі Қазақстан жерінде жасаған тайпалар арасынан көре аламыз [8]. Ал, соңғы дәуірлерде бұл тайпалар туралы Қазақстан жерінде ешқандай мағлұмат қалмаған. Соған қарағанда бұл тайпалар Еуропадағы Баянхан ордасына түгелдей өтіп кеткені тарихи шындық.

М.И. Артомонов жасаған Орта Азия мен Қазақстан жерінің VI-ғасырдағы қартасында уархундардың Арал теңізі маңын жайлағаны көрсетілген. Кейінгі уақытта бұл территориядан олардың атын көре алмадық.

Жоғарыда айтылғандай Уар ордасы Баянхан тұсында керемет күшейген. Бұл дәуірде көптеген герман тайпаларымен қатар Еуропаның біраз тайпалары Уархун ордасына бірікті. Тіпті Византия империясының өзі Баянханға тәуелді болып көп жылдар бойы ордаға салық төлеп тұрды.

Алайда 730 жылы Баянхан қаза болған соң Уархун ордасының әлсірей бастағаны сезіледі. Әрине, бұл жағдай Византия үшін өте сәтті оқиға болды. Бұған негізгі себеп Еуропада VIII-ғасырдың ақырында Франк королдігінің /Германның франк тайпасы./ нығая бастауы. Орданың құрамындағы көптеген герман тайпалары франк королі Ұлы Карльге алаңдай бастаған. Осындай үлкен себептер Уархун қағанатын әлсірете бастады. Сондықтан 791 жылы Ұлы Карл Уархун әскерін жеңіліске ұшыратты. Ал 827 жылдан бастап Уархундардың Еуропада ықпалы өше бастады.

Қағанат құлаған соң уарлар әртүрлі халықтардың құрамында араласып кеткен. Солардың Днестр өзенінің шығыс жағына өтіп кеткендері, біздің Арғынның ата тегі болуға тиісті. Қазақ халқының ішіндегі хундардың тікелей ұрпағы Арғындар деп көп жерде айтылып жүр. Алайда оның Арғын болып аталуында әртүрлі жорамалдар көп[9].

Қазіргі қазақ халқының құрамындағы Арғын руы - ең үлкен, халқының саны көп ру. Сол сияқты Арғындардың /Уархундардың/ кішкене бөлігі Башқұрт халқының құрамында да бар.

Қазіргі венгерлер - өзін өзі “мадияр”- атайды. Ал, мемлекеттің аты Хунгрия, түбірі хун. Мадияр болса қыпшақтардың бір тетесі, яғни, бір бөлгі.

Қыпшақтардың бір бөлігі Башқұрт және басқа көп халықтардың құрамында да бар.

Қазақ халқының этникалық құрамындағы үлкен рудың бірі - Қыпшақ. Қазақ халқының құрамындағы қыпшақтардың ішінде Мадиярдың саны 10 мыңнан астам екен. Қазір осы Мадиярлардың бәріне жуығы Қазақстанда тұрады.

Өте таң қаларлық жәйт: қазақ халқының көптеген тайпалардан құралған, яғни қырық рулы, әрбір тайпа ертеде іргелі ел болған, керемет мәдениеті болған. Ал, осы көптеген тайпалардың қазіргі бір жеңнен қол шығарып, бір жағадан бас шығарып- қазақ халқын құрауы шынында да таңданарлық жағдай. Мұндай жағдайлар адамзат тарихында өте сирек болады.

... Еділден /Аттила/ кейін Қырым түбегінде жасаған готтардың бір бөлігі қазір қазақ халқының құрамында. Олар Кете руы [10].

Әрине бұл мәселе де ғылыми түрде дәлелденбеген. Алайда, біздің ғалымдарымызды ойландыратын өте күрделі мәселенің бірі. Қазақтың Кете руы Батыс Қазақстанда жасайтын үлкен рудың бірі. Сол сияқты Албандар ертеде Каспий маңында жасаған. Кейінірек олар Хун империясы құрамында болды. Айта кететін жағдай, сонау ертедегі жасаған Албан тайпаларының бір бөлігі қазақ халқының құрамында. Екінші бөлігі Еуропада өз алдына ұлт болып отыр.

Ертедегі хун тайпасының құрамында Шор, Алтай – деген рулар болған. Қазіргі қазақ Арғындарының көп бөлігі осы Шор мен Алтайдан құралады. Ал, Шорлардың Арғынға қосылмай қалғаны сонау Алтай жерінде, яғни хунның ата мекенінде өз алдына ұлт болып отыр.

Арғын ішіндегі Алтайлардың кім болғанын керейіт Нысанбай жыраудың:

Арғын болсаң Алтай бол,
Алшын болсаң Адай бол,
Найман болсаң Матай бол,
Осы үшеуі болмасаң,
Қайсысы болсаң онысы бол,

Мейлің құдай бол ... - деген бір толғауынан-ақ көруге болады. Біз осы жерде тек батырлық емес Арғын Алтайларының аса көп болғанын айтуымыз керек. Бұған дәлел 2014 жылы Алматыда «Алтай шежіресі» [11] атты кітаптың жарық көруі. Әрине кез келген қазақ шежіресінің соңғы екі ғасыры ғана дұрыс болуы мүмкін. Одан арғы жағы қара түнек, әлде әртүрлі жорамалдан тұрады. Алайда, Арғын тайпасының тарихтағы даңқты хундардың тікелей ұрпағы екеніне ешкім шек келтірмесе керек.... Қазақтың философ ақыны Шәкәрім Құдайбергенұлы шежіренің артықшылығы мен кемшілігін:

*Арғыннан ары барсаң адасасың
Ми жетпес көп дүниеге шатасасың*

Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын

Несіне шежіреге таласасың... – деп көрсеткен. Бұл жерде философтың айтпағы барлық мәдениетіміз хундардан басталады. Яғни барлық түркі халықтары өздерінің саяси тарихын хундардан бастайды. Біздің оған қоса айтарымыз әлем ғылымында айтылып жүрген «Түркі жазуы» да хун империясы кезінде шыққаны. Солардың ішінде Арғын тайпасы сол даңқты хундардың есімін біздің заманға жеткізгені. Оған негізгі себеп Еуропа тарихында өз атын ерекше жазып кеткен Уархун қағанаты. Оған да көзімізді жеткізген француз ғалымы, Амедей Тиерри. Сол ғалымның алдында біз қарыздармыз. Айтпақшы кезінде оның әйгілі зерттеуі «Аттила және оның ізбасарларының тарихы» атты 2 томдық кітабы 1856 жылы Парижде шыққанда қазақ ғалымы Ш.Ш.Уәлиханов ерекше көңіл бөліп Ресей ғалымдарының назарын аудартып еді....

1. М.С. Стасюлевич. Истории средних веков. 301-б. – СПб. 1905.

2. A.Thierry. Histoire d’Attila. – Paris 1856. II-tome. – 3-10 б.

3. A.Thierry. Histoire d’Attila. – Paris 1856. II-tome. – 5 б.

4. Утениязов С.К. Казахско – украинские этнические связи (после УІ века). ЭТНИЧНА ИСТОРИЯ НАРОДОВ ЕВРОПЫ. Киевский Национальный университет им. Т.Г.Шевченко. № 32. 2010. Стр. 39-43

5. A.Thierry, көрсетілген шығарма, – 10-бет.

6. Түрік – бұл жерде Түрік қағанаты айтылған.

7. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. –181-б.

8. История Каз.ССР, том1. –Алма-Ата 1977. – 321 б.

9. Қазақ энциклопедиясын қараңыз.

10. Ә.Қоңыртаев. Қазақ эпосы. –А. 1970. –3-10 б.

11. Алтай шежіресі. Құрастырған Исламхан Ж. –Алматы, 2014.

Бабақұмар ХИНАЯТ

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ӨЛІККЕ АРНАП ШЫРАҚ ЖАҒУ ҒҰРПЫ ТУРАЛЫ

Шоқан Уәлихановтың мұраларындағы қадау-қадау құнды тұжырымдарының ішінен ерекше ден қойдыратын бірегей пікірлерінің бірі – дүниеден озған адамның қырқына дейін оған арнап *шырақ жағу ғұрпына* байланысты [1, 209]. Ұлы ғалымның мәліметіне қарағанда, марқұмның *қырқына* дейін қырық күн бойы, әр күн сайын бір шырақтан немесе төрт күн (шамасы он-оннан) жағып отырған. Ғұрыптың орындалу барысында үйдің есігін айқара ашып қою, есіктің тұсына (шамасы босағаға) ақ киіз төсеу, аруақты қонақ тәрізді күту (орысша мәтінде – *готовят прием пищи для покойника*) [1, 209] сияқты маңызды үрдістер де атқарылған екен. Алғашқы қауымдық кезеңде адам өлімі оның тууы тәрізді ұзаққа созылатын үрдіс болғандықтан тәннен ұшқан жан күту, тамақтандыру сияқты қолдауға мұқтаж дейтін түсінік орын алған*. Мұндай параллельдер ортағасырлық түркі фольклорында кездеседі. Мысалы, «Оғыз хаған» дастанының өзбек нұсқасында аруақтарға ас-тағам «ұсыну» жайы баяндалады: қолдан жасалған ата-баба бейнесінің алдына қойған ыдысқа оның «сыбағасын» үлестіргеннен кейін ғана адамдар өздері ас-тағам ішкен**. Дүниеден озған адамның сыбағасы деп бір тостағанға ақ тағам құйып қою ғұрпы Алтай-Саян өңірінің түркі тілді халықтарында, сондай-ақ моңғол тектес жұрттарда да кездеседі.

Дәстүрлі қазақы ортада үлкен мәні болған шырақ жағу ғұрпының кейбір қыры бүгінгі күні мүлдем ұмытылған немесе өзгеріске ұшырап, өзінің бір кездегі қалыбынан мүлдем алшақтап, қарапайым күйге енген [2, 182]. Шамасы қазақ арасында мұсылмандықтың дендеп орныққан кезден бастап ислам канондарына қайшы деп саналған архаикалық ғұрыптың кейбір элементтері (киіз төсеу, үстіне тостағанға толтырып қымыз құйып қою) қолданыстан біртіндеп қалған болса керек. Мұндай құбылысты Нұрсан Әлімбаидың пікірінше, этностың қорғаныс механизмінің әлсіреуімен түсіндіруге болады.

Орталық музейдің қазақтар тұратын өңірлерде (республикада ғана емес, алыс және жақын шетелдерде) жүргізген этнографиялық экспедиция материалдары шырақ жағу ғұрпының сорабы Алтай, Тарбағатай, Баркөл және Маңғыстау қазақтары арасында ішінара болса да сақталғандығын анықтап отыр. Көнекөз қариялардың айтуынша, ертеректе қырық шырақ марқұмның қырқы берілерден бір күн бұрын толық атқарылып бітуі тиіс болса, қазіргі кезде оны марқұмның жетісіне дейін атқарған орынды деп есептейді. Ал, жүзі және жылдығы немесе асын беру сияқты өлімді еске алу ғұрыптарында шырақ жағылмайды. Өліктің «жетісін» немесе «қырқын» маңызды күн деп санау Еуразия тұрғындарының

дәстүрінде кездесетін [3,168-172] әмбебап мәдени элемент ғана емес, оған қоса шырақ жағу ғұрпы қатар жүрген. Мысалы, славян халықтарында ертеде өлікті жерлеген соң үшінші және қыркыншы күні оған арнап 40 шырақ жағатын салт болған [4, 517].

Атқарылу реті. Шырақ жағу мәйітті «оң жаққа» салу, күзету, ерулеу, қонақ асын беру, жуып «арулау», жерлеу сияқты үрдістен кейін атқарылады. Демек, бұл ғұрып өліктің артын күту үрдісінің бастауы болып саналады. Мәйіт жерленген күні кешкісін қас қарайып, жұлдыз шыққан кезде мәйітті арулаған төсекті сыртқа шығарып, оттың жалынына ұстау, шоқ пен қозамен «сырықтау» (ұру) жолымен ғұрыптық тазалау рәсімі жасалады [6, 99]. Ал, мәйітті арулаған орынға астық дәнін (бидай, арпа, сұлы) шашып тастайды. «Өлмектің артынан өлмек жоқ» деген принцип бойынша атқарылатын бұл жайтты өркендеу идеясының ғұрыптық проекциясы деуге болады [5, 46-48].

Шоқан Уәлиханов шырақ жағу киіз үйдің оң жақ босағасында жасалатындығына тоқталады. Өліктің артын күту мәселесіне ден қойған В.Н.Чернецовтің пікіріне қарағанда, анималистік түсінікке дейінгі кезеңдегі мәйітті адамдар тұратын үй-тұрақтарда жерлеуге байланысты баспанадағы от жаққан жер мен босаға аса ерекше культтік мәні бар сегмент ретінде өлік жөнелту ғұрыптарында маңызға ие болған***. Осыған байланысты қазақта мәйітті өзінің, я болмаса жақын адамның босағасынан шығару, күзету, қонақасын беру сияқты ғұрыптарға ерекше ден қоюы аталған ошақ (от) пен баспана (босаға) культіне байланысты аталған архаикалық наным-сенімнің сорабы деуге болады. Аталмыш культтің реликті қазіргі кезде үлкен қалаларда өлік жөнелту салтында марқұмның жақындарының (немесе жерлес адамдардың) киіз үйін әкеліп арнайы тігіп қоятын салттан аңғарылады.

Расында да, жинақталған мәліметке қарағанда, киіз үйдің оң босағасындағы мәйітті арулаған (ұзыны бір жарым, ені бір кездей) бөлік шырақ жағатын орын ретінде белгіленеді. Ғұрыпқа арналған 40 дана шырақ майға шыланған жүн немесе матаны ұзындығы бір қарыстай шиге (немесе ағаш істікке) орау жолымен дайындалады. Бүгінгі кезде оны марқұмның жетісіне дейін теңдей бөліп, әр күні кешкісін 6-7 шырақтан жағады [5, 40]. Ғұрыпқа қатысатын адамдар алдымен дәреттеніп, бір-бір шырақты ұстап, белгіленген орынды жағалай отырады. Мәйітті арулаған су тиген топырақты абайсызда басып кетуден сақтанады. Себебі ол «көр топырағы кеуіп» үлгірмеген аруақтың жатқан орны да киелі болғандықтан, оны аяқасты ету аруақты қорлау деп саналған.

Шырақ жағуда өзіндік қалыптасқан қазақы этикет мұқият сақталуы тиіс: оны міндетті түрде шақпақпен ғана тұтатуға тиіс; екіншіден марқұмға арнап шырақ жағатын адам оны өзі тұтату керек. Жанып тұрған шырақтан от алуға тыйым салынады, себебі шырақтың «қуаты» әлсірейді, ондай әрекетке барған адамның марқұмға бағыштаған бата-тілегі қабыл болмайды.

Май сіңген шырақ лаулай жанған кезде, шырақ жағушы адам «Бисмилла! Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын!» деген қалыптасқан сөз орамын шырақ жанып біткенше қайталап айтып, оттың жалынына қолын көлегейлеп алып, алақанын уқалап, бетін сипайды. Шырақ толық жанып біткен соң аруаққа бағыштап бата-тілегін айтып, дұға бағыштайды (бұл бізге жеткен мәліметтің архаикалық кескін-келбеті өзгеше болуы мүмкін, өкінішке орай, ғұрыптың процессия мен халықтық семантикасы туралы дерек тапшы болып отыр).

Шырақтың жалынан қарап, марқұмның артындағы ісін кім қаншалықты дәрежеде әйгілей алады деген топшалау жасаған: егер шырақ маздап жанса, марқұмның ісін соншалықты екпінмен жалғастырады, ал шырақ тұқылына дейін жанса, әлгі адам марқұмның ісін соңына дейін жеткізеді деген деп ырымдаған. Ал, тез шырағы тез жанып кетсе, онша дұрыс белгі деп санамаған, яғни шырақ жағушы адамның жеке тірлігі соншалықты жақсы болмайды деп топшылаған [21].

Орталық музейдің этнографиялық экспедиция материалдарына қарағанда, шырақ жағу марқұмның артындағы үрім-бұтағы мен жақын туыс-туғандарына, етжақын ағайындарына міндет деп саналған. Оның алғашқы кезегі шаңырақтың иесі санатындағы кенже ұлынан басталып, оның бірге туғандарына, сонан етжақын туыстарына беріледі. Ғұрыпқа әйел-еркек, үлкен-кіші, баға-шаға барлығы атсалысуына рұқсат етілген, яғни белгіленген шектеу жоқ. Бір ғана шарт – шырақ жағушы марқұмның тікелей туысқаны, оның ісін, ізін жалғастырушы адам болуы тиіс.

Түрлі себептермен топырақ салуға немесе жетісіне келуге үлгермей қалғандар қыркына дейін шырақ жағуға қатысуы аруақтың алдындағы парызын өтегендігінің белгісі ретінде қабылданған [2, 183]. Яғни, шырақ жағуды, аза тұту кезіндегі аруақпен «символды» түрде болса да «сырласу», оның о дүниедегі «баяндылығы» үшін тілеулес екендігін білдірудің бір амалы деп санаған. Этнографиялық экспедиция барысында мәлімет берген информатордың (Тоқтасын Зияұлы) шырақ жағудың мәнін марқұмның жақсы қасиеттерін жақын туыстарына дарытады, ал оның рухына қиналмай диттеген жеріне жетуіне септігін тигізеді деп түсіндіреді [2, 183]. «Аруақ қырық күн бойы өзінің шаңырағына

айналып соғып тұратын» кезеңінде, яғни оның пәни дүниедегі адамдармен ара байланысын үзілер сәтінде атқаралатын бұл ғұрыпта міндетті түрде айтылатын *«Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын»* деген паремиологиялық формула, шын мәнінде шырақ жағудың түпкі мән-мағынасын білдірсе керек. Көшпелі ортада қалыптасқан ежелгі наным-сенім бойынша, шырақ жағу марқұмның рухын нұрландыруға, әрі жатқан жерін жарық етуге септігін тигізеді. Ал марқұмның аруағына бағышталып сойылған жылқы малы оның рухын ұшпаққа (пейішке) шығуына мүмкіндік туғызады деп санаған [6, 138-143]. Сондықтан да, қазақы ортада дүниеден озған адамның аруағына бағыштап жылқы шалу – өлік жөнелту ғұрпында берік орныққан ғұрыптың бірі. Марқұмның жетісі немесе қыркына арнап жылқы шалмау, үлкен әбестікке саналады, ондайда марқұмды *«жаяу жіберіпті»* деп сөгетін болған. Яғни, қазақы санада рухты басқа әлемге, пейішке алып шығатын бірден-бір «күш», дәлірегі, о дүниедегі кәдесіне жарайтын «пырақ» міндетін марқұмға арнайы бағыштап сойған жылқы атқарады деп санаған [6, 141-146; 10] Әлбетте, қазаға арнап сойған малдың жіліктерді сындырмай, басын кесіп ішіндегі майын алған соң барлық сүйегін, төрт сирағын, терісін қоса көмген. Сонда ғана аруаққа «тиеді», кәдесіне жарайды деп санаған [6, 137-149; 2, 182-183; 21].

Шырақ жағудың түпкі мәні неде? Шырақ жағу ғұрпының түпкі мәніне қатысты екі түрлі түйін жасауға болады: а) бұл ғұрып ақиқат өмірдің бейнесі туралы дәстүрлі түсінікке, дәлірек айтқанда от культіне байланысты қалыптасқан. От тазартатын, емдейтін, тіпті қорғайтын алуан түрлі функциясымен қатар, отбасының желеп-жебеушісі, әрі символы болып саналған [13, 239-240]. Түркі тілдерінде тарихи этимологиясына қатысты зерттеулер [o:t] ұғымы жалын, жарық, түтін сияқты негізгі мағынамен бірген, онан туындайтын тұрақ, баспана, ошақ, бөлме, шатыр, тұратын орын, құрылыс түрі, ру бірлестігі, жер-отан сияқты сан алуан мәнге түрленген. Осыған орай тіршіліктің төрт стихиясының ең маңыздысы саналған «оттын» функциясы мен культтік мәніне байланысты негізгі тірек ұғым адамдар тұрағының (баспанасы), сондай-ақ онда тұратын адамдар қауымдастығының құрылымдық бірлігінің атауына айналғандығы бірден байқалады [18, 483-488]. Мұндай параллельдер индоевропа тілдеріндегі мифтік ұғымға қатысты символдарда от ұғымы кесу (өшіру), жарқырау, жоғарыға көтерілу (секіру), биіктік, шың, мүлік-мүкәмал, байлық-ауқат [19, 240-243] Демек, ғарыштағы алғашқы элемент делінетін «от» тіршіліктің куәсі ғана емес, оның жалғастығын, яғни отбасы ұғымын символдайды.

Тіршіліктің төрт стихиясының бірі – от адам баласына екі дүние қызығын көруіне сеп болады: пенденің бұл дүниедегі тіршілігіне негізгі арқау болса, о дүниеде жанына «араша» болады деп түсінсе керек. Әлемдегі көптеген халықтарда кездесетін архаикалық культтің *символы* саналатын шырақ өлік жөнелту ғұрыптарында кең таралған. Шынтуайтында, от шеңбері екі әлемнің арасындағы шекара ретінде бағамдалған [4].

Қазақ дәстүріндегі шырақ жағу ғұрпының бар концептуалды мәні тілдік деректерде, паремаларда көрініс тапқан. Қазақы ортада көптен кездеспеген, әсіресе бейтаныс адамдар жолыққанда қойылатын *«Шырақ жағушың бар ма?»* сауал соның айқын мысалы. Нұрсан Әлімбаидың ауызекі айтуынша, бұл артында жалғасың болар ұрпағың бар ма дегенді білдіреді, яғни, *шырақ* ұрпақ жалғастығының, хәм сабақтастығының метафоралық символы болып шығады. Осы зерттеуші *«шырағың сөнбесін!»* дейтін тілек-батаны да ұрпақаралық байланыстың үзілмейтіндігіне бағышталған символдық мәнді метафора деп есептейді.

Марқұмға арнап шырақ жағу, сайып келгенде, адам о дүниелік болып кеткенімен, оның шаңырағының отын өшірмей, тіршілік (ұрпақ) сабақтастығын үзбей жалғастыратын үрім-бұтағы (заузаты) бар екендігін «ғұрыптық тілмен» паш ету болып табылады. Демек, шырақ жағудың екінші мәні – дүниеден озғанына көп уақыт болмаған рух (жан) дүниедегі қараңғы түнек, өлілер әлеміне толық бойсұнбай, өз шаңырағына айналып соғып жүрген екі дүниенің «аралығындағы» жанға «ақпарат» (сигнал) беру. Дәлірегі, мәдени кодқа салынған ғұрыптың мәні аруаққа артындағы ұрпақтарының іс-әрекетінен, яғни ғибадат жасап жатқандығынның дәйегі, шырақ жағу ғұрпы болса керек (ол туралы Шоқан Уәлихановтың дерегі ден қойдырады: *түпнұсқа мәтінде – до сорока дней дух умершего посещают свою юрту и узнает о расположении детей*) [1, 209].

б) Шырақ жағудың түпкі мәніне қатысты тағы бір түйін Шоқанның еңбегіндегі басқа бір мәліметке, яғни шырақ оты адам жанының символы орнында жүреді деген пікіріне байланысты туындайды. Ертеректе қазақ арасында адам жанының өтеушісі деп саналған «аспандағы жұлдыз» ол жантәсілімін еткен кезде ағып түседі деген (мәліметті Шоқан әкесінің аузынан естігенін баяндайды) [1, 209]. Демек, ертеде қазақ арасында адам жанының бір тұрағы аспан немесе жоғарғы әлем (тәңір), ал нақты қонағы ондағы сансыз жұлдыз деп түсінген.

Түркі халықтарында кең таралған әлем жаратылысы туралы түсінікке ден қойсақ, оның үш бөлігінің

(жоғары, орта және төменгі әлем) бірі адам өлімінен кейін оның жанының тұрағына айналады. Дүниеден «қайтқан» адамның жаны да аталған үш әлемге бөлінеді деген. Осыған орай, мысалы сақаларда жанды (олар кут, тың, сюр деп атаған), *салғын кут*, *буор кут*, *ийэ кут* (ауа жан, жердегі жан, басты жан) деп үш түрге бөлген [15,120]. Ертедегі абыздар мен баксылардың басты функциясының бірі – қайтыс болған адамның жанының төменгі әлемнен басқа әлемге «көтерілуіне» (көшуіне) жәрдем ету болған [16, 24-85]. Мұндай параллельдер қазақтың байырғы дүниетанымына қатысты фольклорлық, этнографиялық және тілдік деректерде кездесетіндігін ескерер болсақ шырақ жағудың мәніне қатысты ілік боларлық дәйек қылаң береді. Яғни, марқұмның тәні көрде, яғни жер астындағы сүреңсіз, қараңғы қапас әлемде жатқанымен, «жаққан шырақтың» қуатымен (жарығымен) оның «шыбын жаны» марқұмға бағыштап сойылған о дүниедегі «көлігінің», яғни пырағының көмегімен басқа әлемге өте алады деген түсінік орныққан (осы орайда мәйітпен қоса жерленетін аты, қажетті заттардың да аруақтың о дүниелік кәдесіне арналатындығын ескерген ләзім) [10; 6, 137-148].

Осылайша аспанға көтерілген соң ол рухтар тайталасына түседі: Шоқан жазғандай, «ұлылар мен мықтылар о дүниелік болғаннан кейін де құдыретті, аруақты онгонға айналады, ал ұсақ күйкі пенделер рухсыз, яғни әрекетсіз қалады» [8, 51-52]. Демек, яғни күйкілер құрып жоғалады, ал рухы мықтылар жеңіп шығып, қайтадан басқа жанға қонады. Дәстүрлі түсінікте мұндай құдіретті субстанция тәннен ажырап кеткен соң басқа әйелдің құрсағына қонақтап, басқа тіршілік иесінің жанына айналады деп санаған [7, 207].

Осы орайда, Нұрсан Әлімбаевтің айтқан қызықты бір идеясы ары қарай енді ізденуді талап етеді: Есіктен табылған жасөспірімнің алтын кебіні, оның артықша туған жан екендігінің айғағы болатындығы өз алдына тұтастай алғанда жанып тұрған отты (бәлкім шырақты) елестеткендей. Зерттеушінің ойынша, бұл марқұмның шырықтай жанған от кейпі (бәлкім оттай жанған шырақ кейпі) оның рухының бұл дүниемен, тірілер әлемімен, туған ортасымен байланысының үзілмегендігін һәм үзілмейтіндігін символдық тілмен білдіргендігі болса керек. Сонымен бірге, ежелгі көшпелілер әлгі от-кейіп (шырақ) марқұмға о дүниеде жарық беретін шырақтың функциясын да қоса атқарады деп есептеген болуы керек. Расында да, Әлішер Ақышевтің пікірінше, көне индоиран тілдерінде алтын ұғымының контекстуалдық этимологиясы от ұғымын білдіреді [11,131-134]. Бұл жайт бағзыдағы жерлеу ескерткіштеріндегі кейбір ғұрыптық заттардың алтыннан немесе алтымен апталып жасалатындығының бар қыр-сырын аңғартатындай.

Ертеректегі түсінік бойынша, марқұмды алғашқы қырық күнге дейін о дүниедегілер санатына толық қоспаған [3, 172]. Шырақтың қырық күн бойы жағылуы осы жайтқа байланысты болса керек [1, 209]. Марқұмның аруақ-рухы қырық күн бойы басын көтерген соң ғана, яғни бейітті тұрғызғаннан кейін біржола кетеді деп санаған [5, 36-48]. Өзінің үйінен «келіп-кету» біршама ұзақ уақытқа дейін жалғасады деген түсінікке байланысты аптаның қасиетті күндері «иіс шығару», «жеті шелпек пісіру», тіпті ас беру қарсаңында «ошақ қоңырсыту» сияқты ғұрыптар, сайып келгенде, аруақтарға бағышталып атқарылып жатқан ғибадатты оларға «сездіру», ғылыми ұғыммен айтқанда, «ғұрыптық тілмен» жеткізудің ұтымды тәсілі ретінде қалыптасқан деуге болады. Мысалы, Хорезмдік өзбектер аруақ отыз жыл бойы апта сайын өз шаңырағына келіп-кетіп жүреді деп санайды [14, 251]. Әу бастағы функциясы тіршіліктің жалғастығының куәсі орнында жүрген от (шырақ) классикалық діндерден кейін рухтармен байланысқа шығудың амалы туралы түсінікке ауысқан (трансформацияланған). Аруақ шырақ жағушы жақындарын жердегі пенделер тілегін Жаратқанға жеткізе алатын ерекше пәрмені бар деген сенімге байланысты олардың желеп-жебеп жүруін күтетін түсінік қазақы исламда орныққан [9, 196-197]. Қазақ дәстүріндегі шырақ жағу мінәжат ету (зират, кесенеге тәу ету, Наурыз күні төрге қос шырақ жағып қою, пәле-жаладан аластау, ауруды көшіру, Қыдыр атадан медет тілеу (өйткені ол соқыр болғандықтан, онымен жолығу үшін) ғұрыптарында да қолданылады [20, 746-747].

Бүгінгі кезде, шырақ жағу мәйітті арулаған орыннан гөрі, пәтер үйлерде марқұмның жатқан орнында немесе ерулеген кезде орналасқан бөлмесінде кеш қараңғысында жүргізіледі. Ал, марқұмның жетісіне дейін кеш қараңғысында мәйіт шыққан бөлменің жарығын қосып қою шырақ жағудың түпкі мәнінің өзгеріске түскен қалыбы болып табылады.

* Леви-Брюль Л. Первобытное мышление. – М., 1930. – С. 27; Шишло Б.Н. Среднеазиатский тул и его сибирские параллели // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. –М.: Наука, 1975. – С. 256.

** Задыхина К.Л. Узбеки дельты Аму-Дарья // Труды ХАЭЭ. Т.1. – М., 1952. – С. 409.

*** Чернецов В.Н. Представление о душе у обских угров // Труды института этнографии (новая серия). 1959. Т.51. С.114-156. Сілтеме Б.П. Шишло еңбегі бойынша.

1. Валиханов Ч.Ч. Тенкри (бог) // Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.1. – Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1984. – С.208-215.

2. Жаққаның шырақ болсын, мінгенің пырақ болсын! // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 2-том. – Алматы: РПК «Слон», 2012. – 181-182 бб.
3. Төлеубаев Ә.Т. Қазақ жерлеу салтындағы аза тұту күндері – үші, жетісі, қыркы (жүзу) жылы (дүниетанымдық мәні, шығу тегі) // әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2015, №3. –167-179 бб.
4. Огонь // Славянские древности. Этнолингвистический словарь. Под ред. Н.И.Толстого. Т. 3 К (круг)–П (перепелка). – М.: Междунаодные отношения, 2004. – С.513-519.
5. Әлімбаев Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 1994. №4. – 36-48 бб.
6. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX вв). – Алматы: Ғылым, 1991.
7. Жан // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 2-том. – Алматы: РПК «Слон», 2012. – 206-209 бб.
8. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собрание сочинений в 5-ти томах. Т.IV. – Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1985. – С.48-70.
9. Аруак // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 196-197 бб.
10. Нестеров С.П. Конь в культурах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья. – Новосибирск: Наука Сибирского отделения, 1992.
11. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1984.
12. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973.
13. Токарев С.А. Огонь // Мифы народов мира. Энциклопедия. Т.2 К-Я. – М., 1998. –С. 239-240.
14. Шишло Б.Н. Среднеазиатский тул и его сибирские параллели // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. –М.: Наука, 1975. – 248-260.
15. Алексеев А.Н. Традиционная верования якутов в XIX – начале XX веков. – Новосибирск; Наука, 1975.
16. Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири (опыт ареального сравнительного исследования). – Новосибирск: Наука, 1984.
17. Алексеев Н.А. Традиционные религиозные верования тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск: Наука, Сибирское отделение, 1992. – 242 с.
18. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (общетюркские и межтюркские основы на гласные). – М.: Наука, 1974.
19. Маковский М.М. Сравнительный словарь мифологической символики в индоевропейских языках: Образ мира и миры образов. – М.: Владос, 1996.
20. Шырақ // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 5-том. – Алматы: DPS, 2014. – 746-747 бб.
21. ҚР Мемлекеттік орталық музейінің этнографиялық экспедиция материалдарынан.

А.В. Шабашов

ТЮРКСКАЯ ГИДРОНИМИЯ НИЗОВИЙ БУГО-ДНЕСТРОВСКОГО МЕЖДУРЕЧЬЯ. КУЯЛЬНИЦКО-ТИЛИГУЛЬСКОЕ МЕЖЛИМАНЬЕ

Данная работа является продолжением статей автора, посвященных тюркской гидронимии Северо-Западного Причерноморья. Предыдущие были посвящены лиманам Хаджибей и Куяльник [1, с. 133–140] и региону Днестро-Куяльницкого междуречья [2, с. 141–145]. Статья посвящена анализу тюркской гидронимии, локализуемой между крупными причерноморскими лиманами Куяльник и Тилигул. Поскольку первый был рассмотрен в предыдущей работе, остановимся, в первую очередь, на ограничивающем регион с востока Тилигульском лимане.

Название лимана и реки Тилигул (рис. 1) фиксируется не позднее середины XVII в. – у Г. Боплана (*Teligol*) и Эвлии Челеби (в русской транскрипции: *Дели-гёлю*). Г. Боплан отмечает, что «Озеро настолько кишит рыбой, что вода нею аж воняет» [3, с. 48]. Эвлия Челеби, проезжая через эту местность, пишет: «мы берегом Черного моря после пятнадцатичасового перехода прибыли к озеру под названием Уч-Аджылы-гёлю [о нём будет сказано ниже. – *Ш. А.*] Здесь мы со многими предосторожностями, держа оружие наготове и не поднимая шума, дали отдохнуть коням, ибо около этого озера под названием Уч-Аджылы-гёлю имеется рыбацкое укрепление под названием Оба-керман. Потому мы проходили по этой местности без шума и [никем] не замеченные, [а затем] подошли также к местности Дели-гёлю. Здесь мы сняли с себя тяжелые одежды и отдохнули. Эти места тоже небезопасны» [4, с. 109]. Другие ранние упоминания гидронимов см.: [5, с. 470].

В основном, все исследователи сходятся на том, что гидроним восходит к тюрк. *тели* / *дели* (*teli* / *deli*) «сумасшедший», «бешенный», «безумный», «умалишенный» (другие фонетич. формы и значения

см. также [6, с. 214–217]) и *кӧл / гӧл* (*köl / göl*) «озеро, река» [7, с. 95–96], то есть «бешенное, безумное озеро» [5, с. 470]. Хотя, в литературе можно встретить и такие его этимологии, как «Кустарниковое озеро», «Степное озеро», «Тюрма-озеро» [8, с. 60]. Открытым остается вопрос о мотиве такой странной для озера номинации. Есть, например, такая версия: «Тюрки дали лиману это название из-за местных долинных ветров, дующих преимущественно с юга на север или с севера на юг – вдоль лимана. Именно непредсказуемость местной погоды обусловила подобное название. Высотный ветер не всегда совпадает с ветром приземным: летом морской бриз оказывает существенное воздействие на местную аэрологию и его влияние ощущается иногда на расстоянии 25 км от береговой линии Черного моря» [9]. Однако на основе своего личного опыта, позволю себе утверждать, что никакого ощутимого отличия в климате, погодных условиях, как-либо влияющих на жизнедеятельность человека, на этом лимане не существует.

По предлагаемой мною гипотезе, первоначально название было дано не лиману, а одноименной реке, в связи с тем, что в своем нижнем течении она имеет длинную и широкую пойму (до 3-х км), по которой она двумя рукавами впадает в лиман. Эта пойма, поросшая камышом и болотной растительностью, периодически затопляется даже в последние годы, когда уровень воды в реке и лимане резко упал. В прошлом же, в период паводка, река, разливаясь, могла резко затапливать огромную площадь, при этом удобную для обустройства зимних кочевий (рис. 2). Это и могло стать причиной данной номинации. Данная гипотеза аргументируется совпадением названий причерноморских лиманов и рек, впадающих в них, при этом, как было показано мной, и другие лиманы – Куяльницкий, Дальницкий (ныне – Сухой лиман) были названы по рекам, впадающим в них, а не наоборот [1, с. 139; 2, с. 144], а также тем, что территория вокруг самих лиманов в тюркское время была слабо освоена и малообитаема. Последнее видно уже из описания Эвлией Челеби его пути по берегу Черного моря, где им не было встречено практически ни одного поселения, и в котором неоднократно отмечается опасность пребывания в этой дикой степи. Тогда как кочевья, судя по картографическим материалам, довольно плотно размещались в широкой полосе к северу от лиманов до границы с лесостепью.

Можно предложить и принципиально другую, по-видимому, не менее обоснованную гипотезу. А именно, связать первую часть гидронима с тюркским родоплеменным названием, зафиксированным у казахов (*телеу* – из объединения жетыру, Малый жюз), узбеков (*курама*), каракалпаков (*тели* – муйтен), киргизов (*мунтен*), башкир (*телев* – табын), ногайцев, средневековых кочевых узбеков, алтайцев (*телеуты*) [10, с. 370–371]. Этот этноним, возможно, восходит к названию одного из наиболее известных древнетюркских народов *теле*. Таким образом, *Телегӧл / Телеугӧл* (видимо, точнее *Теле^вгӧл*) > *Тилигул* – «озеро Теле», «озеро, на котором расселяются представители племени теле».

В пользу этого говорит фонетическое совпадение (другой вариант – *Делигӧл* мог возникнуть под влиянием позднейшего, огузско-турецкого консонантизма и быть контаминацией со словом *дели*), безусловное преимущественное присутствие в рассматриваемом регионе на протяжении многих столетий именно кыпчакского компонента (с которым, вероятно, связан по своему происхождению род *теле*), а именно: половцы (кыпчаки) – население Золотой Орды – ногайцы (с конца XI до конца XVIII вв.). Интересно, что Северо-Западное Причерноморье на протяжении большей части XVIII в. занималось именно Едисанской Ордой ногайцев (едисан = казах. жетыру), почему оно, даже как географический регион, именовалось Едисаном.

Более того, возможно, этноним *теле* фиксируется в названии соседнего с Причерноморьем историко-географического региона Северо-Восточной Болгарии – *Делиорман* (болгарское Лудогорие) и в названии румынской провинции (жудеца) в регионе Влахии – *Телеорман*. Первую часть названия болгарской области (также издавна заселявшейся тюркскими, в том числе, кыпчакскими народами) также склонны переводить, как «бешеный, безумный», но и здесь получается довольно сомнительное «Бешеный лес». Возможно, это также контаминация родоплеменного названия *теле* и турецкого слова *дели*. В Румынии же сохранилась первоначальная форма – *Телеорман* – «лес теле». Название водных объектов, по названию проживающего на его берегах рода – достаточно распространенный случай, в том числе и для названия озер. Так, в Буджаке – исторической области к юго-западу от низовий Днестра – имеется озеро Китай, по имени известного тюркского рода *кытай*.

В низовьях рассматриваемого межлиманья расположены два сравнительно небольших лимана: **Большой** (к западу) и **Малый Аджалыкский лиман**, последний также обозначается без определения – Аджалыкский лиман. Большой Аджалыкский лиман в верховьях разделяется на два рукава. Для этих водных объектов встречаются также варианты *Аджиголь*, *Аджилик*. На некоторых старинных карта все три водных объекта сливаются при впадении в море. Реальность такой гидрографии в прошлом

может подтверждаться названием, которое приводит для него Эвлия Челеби: *Уч-Аджылы-гёлю*, т. е. «Тройное озеро с горькой водой». Эти лиманы имеют прозрачную этимологию: из *аджы* «горький, неприятный на вкус, соленый» [11, с. 89–90] и уже упоминавшееся *көл / гөл* (*köl / göl*) «озеро», т. е. «озеро с горькой, неприятной на вкус, соленой водой» (у В. В. Лучика, *аджы* почему-то «киснуть, бродить» [5, с. 14–15]).

Для этих трех рукавов, в которые раньше впадали небольшие речки, на старинных картах имеются и такие отдельные названия: овраг *Сухой Аджилик* (западный), речка *Малый Аджилик* (центральный), и *Большой Аджилик* (восточный), в последний, в свою очередь, слева впадают овраги *Дюзель* и *Мерзар* [12], т. е. современный Малый Аджилик обозначен как Большой, Большой, как Сухой, а между ними – Малый. На двух картах второй половины XVIII в. три реки, которые образуют лиман, обозначены с запада на восток: *Куцей Кагальник*, *Средний Кагальник* и *Сухой Кагальник*, на последней из них обозначено и озеро, которое они образуют, тоже *Кагальник* [13, 14]. Трудно сказать, либо это ошибочная информация (на картах этого региона периодически встречается перенос одних названий на другие), либо это параллельные, очевидно, позднейшие названия для Аджалыка.

Достаточно значительной для данной местности является река **Балай** (или **Балайчук**) – правый приток Тилигульского лимана (по карте 1792 г. овраг *Баланчук* – левый приток реки Балай). Одноименная река имеется в Красноярском крае. В древнерусских летописях под 1243 г. встречается имя золотоордынского военачальника Балая, фамилия Балаев распространена среди осетин, азербайджанцев и других народов Кавказа. В связи с этим, предполагаю антропонимическое происхождение гидронима. Возможна тюркская – *бала(j)* «дитя, мальчик», либо монгольская этимология слова – *balaj* «слепой, глупый, темный, интеллектуально или морально ограниченный» [15, с. 240]. На карте Шмидта река Балай обозначена как *Саригол* [13]. Вероятно, автор ошибочно перенес название левого притока Тилигула, который сейчас называется *Царега*, на его правый приток. Это позволяет этимологизировать название реки Цареги (на старых картах также *Царигол*) – от Саригол «желтое озеро, река», ср. Царицын = Сары-су.

Можно предположить тюркское происхождение и реки **Кошково** или **Кошачья (Кошечья)** – левого притока Большого Куяльника, как далекое видоизменение на славянской почве тюркской основы *кош* (*koş*) «кочевка».

Очевидно тюркского происхождения и название речки (балки) **Кубанки** – левого притока Куяльницкого лимана, от которой получило название село, основанное в 1803 г. болгарями, бежавшими из Османской империи. Другая балка, соединяющаяся при впадении в Куяльник с Кубанкой, называлась *Калмыцкой (Кемлыцкой)* [16, с. 10, 90]. Хорошо известно о давнем расселении ногайцев в районе реки Кубань, известно и о переселениях кубанских ногайцев в Западное Причерноморье. Видимо, от прародины или этнонимического названия, восходящего к названию реки Кубань, и была названа речка Кубанка. Кроме того, источники в турецкий период фиксируют в этом районе ногайские села *Кубанлык (Cubanlic)* (на Большом Куяльнике), *Орта Кубанлык (Orta Cubanlik)* (на Среднем Куяльнике) и *Каракаш Кубанлык (Caracas Cubanlik)* (на Малом Куяльнике) [17, с. 124]. Вероятно, в этом регионе расселялась какая-то родоплеменная группа ногайцев *кубан / кубанлык*, в названии современного села трансформированная под славянским влиянием.

Подводя итоги, можно утверждать, что все значительные водные объекты Куяльничко-Тилигульского межлиманья имеют тюркское происхождение. Некоторые из них относятся к более раннему периоду – Тилигул, Аджиголь (не позднее XVII в., а, возможно, и значительно раньше), другие связаны с более поздними переселениями ногайцев – Кубанская, Калмыцкая балки.

1. Шабашов А. В. Тюркская гидронимия низовий Буго-Днестровского междуречья. 1. Хаджибей и Куяльник // Материалы Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы и перспективы развития археологической и этнологической науки в Казахстане», 16 мая 2014 г. – Алматы, 2014. – С. 133–140.

2. Шабашов А. В. Тюркская гидронимия низовий Буго-Днестровского междуречья. Днестро-Куяльническое междуречье // Материалы международной научно-практической конференции «VII Оразбаевские чтения» «Казахстанская археология и этнология: прошлое, настоящее и будущее», 28-29 апреля 2015 г. – Алматы, 2015. – С. 141–145.

3. Боплан Гійом Левассер де. Опис України, кількох провінцій Королівства Польського, що тягнуться від кордонів Московії до границь Трансільванії, разом з їхніми звичаями, способом життя і ведення воєн. – К.: Наукова думка, 1990. – 254 с.

4. Эвлия Челеби. Книга путешествия. – Вып. 1 Земли Молдавии и Украины. – М.: Наука, 1961. – 340 с.

5. Лучик В. В. Етимологічний словник топонімів України. – К.: ВЦ «Академія», 2014. – 544 с.

6. Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «В», «Г» и «Д». – М.: Наука, 1980. – 392 с.

7. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ». – М.: Языки русской культуры, 1997. – 368 с.

8. Иванова С. В., Островерхов А. С., Савельев О. К., Остапенко П. В. Очерки истории и археологии Днестро-Бугского междуречья. – К.: КНТ, 2012. – 300 с.

9. Тилигульский лиман // Википедия. Свободная энциклопедия. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

10. Лезина И. Н., Суперанская А. В. Словарь-справочник тюркских родоплеменных названий. – Ч. 2. – М.: б/и, 1994. – 466 с.

11. Севортыан Э. В. Этимологический словарь тюркских языков (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). – М.: Наука, 1974. – 769 с.

12. Карта Новопробретенной области от Порты Оттоманской и присоединенной к Екатеринославскому наместничеству // Атлас Российской Империи 1792 года. – СПб.: Географический департамент Кабинета Е.И.В.

13. Карта Молдавии и Валахии по подлинным квартирмейстерским чертежам и по наблюдениям астрономическим в оных странах учиненным. Составлена Академии наук адъюнктом Я. Ф. Шмидтом. 1774 год.

14. Генеральная карта Новороссийской губернии, разделенной на уезды. Сочинена в 1779 году Иваном Исланьевым.

15. Rybatzki V. Die Personnamen und Titel der mittelmongolischen Dokumente. Eine lexikalische Untersuchung. Helsinki, 2006. – 841 с.

Тамақ - адам ағзасын (организм) қалыпты физиологиялық жағдайда ұстау үшін және күш-қуатпен (энергия) толықтыру үшін керекті заттармен жабдықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, тамақтану жүйесінің биологиялық жағы оның негізі болып табылады. Алайда, тамақтану барысы тек қана адамның аштық инстинктісін қанағаттандыру ғана болып табылмайды. Себебі, тағамдану жүйесі, этностың дәстүрлі тұрмыстық мәдениетінің бір бөлігі ретінде де қарастырылады, сонымен қатар, ол маңызды қоғамдық қызмет атқарады. Бұл – өмірдің басқа салаларымен өзара байланыстағы, адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын және сол қоғам үшін дәстүрлі мінез-құлық ережесін көрсететін тұрмыстық мәдениеттің көрінісі [1, 143 б.].

Тамақтану жүйесінің маңызды қоғамдық қызметінің бірі – бірге тамақтану барысында қалыптасқан әлеуметтік қарым-қатынасты бекіту және оны көрсету болып табылады.

Мәселен, қазақтарда және басқа да түркі халықтарындағы тамақты бірге ішіп отырған адамдарды, олардың әлеуметтік және жастық мәртебесіне (статус), туыстық және жақындық жүйедегі жағдайына қарай бөліп отырғызу, сондай-ақ, тамақтану барысында етті үлестіру, олардың арасындағы қалыптасқан орындық (роль) ұстанымдарды қатаң сақтау және т.б. осының көрінісі бола алады.

Тағам мәдениеттің ғұрыптық кешенімен тығыз байланыста болғандықтан, дәстүрлі тамақтану жүйесінде культтік-ғұрыптық белгілер өте көп. Ғалымдар «тағаммен байланысты ғұрыптық әрекеттер кешенінің дамуы (генезис) адамзат қоғамының қалыптасуының өте ерте кезеңіне жатады» - деп болжайды. Тамақтану жүйесінің қоғамдық қызметінің маңызы сонда, ол бас қосып тамақтану кезеңінде әлеуметтік қатынастарды айқындап отырады [2, 45 б.].

Қазақ халқында тағамның әлеуметтік қолданылу жолдары, яғни күнделікті тұрмыстағы және мереке күндеріндегі тағамның даярлану және қолданылу ережелері мен нормалары болды. Тамақтанудың классификациялық қағидаларын негізге ала отырып қазақтардың дәстүрлі тамақтану жүйесін төмендегі негізгі екі жікке бөлуге болады: үйдегі және жиындық тамақтану. Бұл жіктеудің негізгі белгісі – қатынасқан адамдардың саны мен сый-құрмет ерекшелігіне байланысты болады. Үйдегі астың өзі екі түрге – күнделікті және қонақ күту кезіндегі тамақтану деп бөлінеді. Күнделікті асқа негізінен отбасы мүшелері, кейде көршілері мен жақын туысқандары да қатысса, қонақ асына – арнайы шақырылған немесе кездейсоқ келіп қалатын «құдайы қонақтары» кіреді. Сондай-ақ, қонақасыға жақын туыстары, көрші-қоландары қатысатын шағын той-мерекелер (шілдехана, соғым бас, бастаңғы, тоқым қағу, тілек тілеу, шашыратқы, ақсарбас айту, көтен асу т.б.) жатады [3, 112 б.].

Осы аталған тамақтанулар кезінде белгілі бір тағам түріне ерекше мән беруден туындайтын кәделі мүшелер айқындалады. Мәселен, мәртебелі орындарды айқындау, бірге тамақтанушылардың жастық, отбасылық, рулық мәртебесіне қарай тамақтарды бөлу сияқты ұстанымдары қалыптасқан. Қазақ халқында дастархан жайғанда отырған әр адамның жасына, жынысына қарай өзіне лайық сыбағасы болады. Мысалы, құрметті кісілерге бас жамбас ұсынылса, күйеу мен қызға асықты жілік пен төс, балаға бүйрек пен құлақ ұсынылады. Егер лайық мүше ұсынылмаса ол кісілердің өкпелеуге хақысы бар, айып та сұрай алады.

Жалпы менюдің этномәдени түрлеріне тоқталсақ, оның көшпелі түріктік және жер өңдеуші ирандық түрлері болады. Бірінші түрдің негізгі элементі пісірілген ет пен қышқыл сүт өнімдері болды. Ол қазақ, қырғыз, түркмен, қалмақ, монғол және т.б. Евразия даласының көшпелі халықтарына тән. Екінші түрдің негізі - палау мен май. Бұл түр тәжік, парсы, өзбек, ұйғыр және т.б. жер өңдеуші халықтар арасында тараған.

Қазақ халқының негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғандығын олардың тағамынан көруге болады. Олардың негізгі тамағы ет және әр түрлі сүт тағамдары болды. Одан кейінгі орнында ұннан жасалған тағамдар қолданылды. Тек мал саны аз кедей қазақтарда ғана егіншілік өнімдерін (ұннан жасалған) тағамға жиі пайдаланылды. Қыста қазақтар негізінен етпен және ұннан жасалған көже, таба нан, бауырсақ, салма, төңкерме, ботқа сияқты тағамдармен қоректенді, ал сүт тағамдарынан құрт, ірімшік, егежей, майды пайдаланды. Ірімшіктен қоспа, жент дайындайтын.

Адамның бүкіл өмірін қамтитын салт-дәстүрлер мен ғұрыптар (өмірге келу-үйлену-өлім) циклының барлығында осы аталған тағамдардың орны ерекше болды. Баланың дүниеге келу салтында да тағамның орынды аспектілері бар. Жүкті әйелдің тамақтануына шектеулер (түйе, қоян, балық, етін жеуге тыйым) қойылды.

Бала тууға байланысты әдет-ғұрыптар әр түрлі магиялық кезеңдермен сипатталады. Әсіресе, тағамға байланысты жүкті әйелдерге қойылатын тиымдар мен ырымдар өте көп. Мәселен, аяғы ауыр әйел түйе етін жеуге болмайды, олай етпесе жүктілік кезеңі он екі айға созылып кетеді деген түсінік болған. Егер әйел түйе етін жеп қойып, босану уақыты кешеуілдесе, онда тағы да асылған немесе қуырылған түйе етін жеу керек. Жүкті әйелдің қоян етін жеуге тиым салынады. Қоян етін екі қабат әйел жейтін болса, онда «жырық ерін» бала туады деп түсінеді. Балық етін де екі қабат әйелдің жеуіне рұқсат етілмеді. Себебі, оны жесе, баланың аузынан сілекей тоқтамайды деген сенім болған. Сондай-ақ, аңшының, балықшының олжасын екіқабат әйелдерге жеуге болмайды. Себебі, осы уақытқа дейін халық арасында аңшылар мен саятшылардың, балықшылардың құрал-саймандарына, қару-жарақтарына тіл, көз тиеді, бұзылады деген наным-сенім сақталған. Әсіресе қақпанға түскен, мылтықпен атып алынған аңның, құстың етіне жерік болған әйел жеп қойса, онда мылтық немесе қақпан «бұзылады» деген сенім болған [2, 67 б.].

Жүктілік кезеңнің бастапқы кезінде әйел адам «жерік» болады. Бұл кезде әйел қалаған тамағын жеуі керек. Әйел қалауы діни тиымдарға қайшы келсе де, оның қалауы орындалады.

Бұндай қазақтағы жүкті әйелдің жейтін тағамына қатысты ырымдар мен тиымдары тағам арқылы, әсіресе, ет тағамдары арқылы баланың әр түрлі кемістіктерді немесе жақсы қасиеттерді «жүктыруы» мүмкін деген түсініктен туындаған болуы керек.

Бала туа салысымен құйрық майды ерніне жалатып, денесін маймен сылап, аузына кішкене түйірін салатын болған.

Жүктілік және босанғаннан кейінгі кезеңмен байланысты ас түрлері болды. Мысалы, құрсақ той, қалжа той, шілдехана. Баланың алғашқы әлеуметтенуіне байланысты астарға бесікке салу, қырқынан шығару, тұсауын кесу, сүндетке отырғызу, ашамайға отырғызу, айдар қою және т.б. жатады.

Қазақтардағы үйлену тойы кезеңіне байланысты астың түрлеріне құда түсу, ұрын басу, үйлену тойы жатады. Дәстүрлі тағамдар төс пен құйрық бауырдың құда түсу салтының негізгі атрибуты ретіндегі мәні ерекше болды. Осы кезде ұсынылатын тағам құдаласушылардың арасындағы байланыстың белгісі ретінде көрініс тапты. Мысалы, құда күткенде үй иесі құдалар мен қонақтардың алдына ұсақ етіп туралған төстік қойып, отырғандардан құдалықтың куәлері ретінде ауыз тиюді өтінеді [4, 9 б.]. Осыдан кейін құдалар алдына қатықпен араластырып, ұсақтап туралған құйрық май мен бауыр қойылады. Үлкен құда ауыз тиеді де, өзінен кейінгілерге береді. Ең кіші құда ауыз тиген соң, қонақтарға кезекпен құйрық-бауырды қолмен асатады. Асау үшін еңкейе берген адамның бетіне қолындағысын жағып жіберуге тырысады. Бұл жерде төстік беру, құйрық-бауыр асату сияқты ғұрып тек серттесуді ғана білдірмейді. Бұл ғұрыпта қойдың ең майлы жерлерін пайдаланудың өзі болашақ отбасына байлық пен береке тілеуді білдіруі мүмкін, бір-бірінің бетін майды жағып жіберу де осыған байланысты болса керек [5, 132 б.]. Кейіннен бұл ғұрыпқа әзіл-қалжың, ойын ретінде қарайтын болған.

Жерлеу дәстүрі жүйесіндегі тағамның да өзіндік орны бар. Мұнан қазақтардың наным-сенімдерінің синкретизмін (тұтастығын) көруге болады, яғни, исламға дейінгі көзқарастардың мұсылман дәстүрінің элементтерімен ұштасуы көрініс тапқан.

Қайтыс болған кісінің “қонақасы”, ”жетісі”, ”қырқы”, “жылында” халықты жинап тамақ берген. “Қонақасы - адам қайтыс болған күні жиналған адамдарға мал сойып тамақ беру. Осы күндері (жетісі, қырқы, жылы) марқұмды еске алу құрметіне құрбандыққа мал шалады. Көбінесе бұл күндері жылқы сойылады. Қазіргі кезде шамасына қарай қаралы үй қой, сиыр, жылқы сояды. Жылы өткенше бейсенбі, жұма күндері осы күндері «марқұм шыққан үйіне тамақ дәмөтіп келеді» деген түсінікпен шелпек пісіріледі. Бұлай ете алмаған жағдайда “бисмилла” деп отқа май тамызып, иісін шығарса, аруақ риза болады деп ырымдаған [3, 98 б.].

Сонымен қатар, қазақ халқында әр түрлі мерекелерге, соғым сою, бие байлау, бие ағытуға және т.б. жағдайларға байланысты тағам түрлері болады. Атап айтсақ:

Соғымбасы. Соғым сойған күні отбасы алдымен соғымбасына ауыл ақсақалдарын шақырып, қонақасы береді.

Сіргемөлдiретер. Бие ағытылардағы соңғы қымыз әдеттегідей ауыл үлкендеріне беріледі. Мұны «сіргемөлдiретер», кей жерлерде «сіргежияр» деп атайды.

Сарқыт. Қонаққа шақырылғанда үлкен әжелер, келіні мен немерелеріне ет, конфет алады. Оны балаларына бөліп береді. Егер сарқыт әкелмесе емшектегі баласы бар келіндердің төсі іседі деген ырым бар.

Наурызкөже. Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнен тұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.

Нәзір. Үлкен іс бастағанда, үй салғанда тағы басқа игілікті іс алдында адамдар ауылдағы үлкен кісілерді «нәзір» деп аталатын дәстүр бойынша әдейі шақырып батасын алады.

Ұйқыашар. Аста, тойда мерекеде қыз-келіншектер жігіттер ұйықтап қалмасын деп арнайы ас дайындап ұсынады. Ол – ұйқыашар.

Тоқымқағар. Жас жігіт алғашқы сапарға шыққанда оның ата-анасы тоқымқағар жасап, ауылдарына кең дастарқан жаяды.

Қазақ жерінде болған өзге ұлт зерттеушілерінің көбі қазақ мәдениеті, оның ішінде дәстүрлі тамақтану тәртібінің кейбір тұстарын толыққанды түсінбей, «жабайылықтың» салдары деген деген жаңсақ пікір негізінде жазып кеткен. Мәселен, қазақ халқындағы «асату» ғұрпын көрген кейбір орыс зерттеушілері бұл ғұрыптың мәнін түсінбеген. Жоғарыда айтып кеткендей, тамақтану жүйесінің маңызды қоғамдық қызметінің бірі – бірге тамақтану барысында қалыптасқан әлеуметтік қарым-қатынасты бекіту және оны көрсету болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының дәстүрлі тамақтану жүйесінің тәртібі, құрамы, дастархан басындағы этикет мәселелері этнология ғылымындағы әлі де болса толық кешенді зерттеуді талап ететін нысан.

1. Этнография питания народов Зарубежной Азии. Опыт сравнительной типологии. – М.: Наука, 1981. – 256 с.

2. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Қазақстан, 1998. – 173 с.

3. Қатран Д. Монғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесі: т.ғ.к....дисс.- Алматы, 1995. – 182 с.

4. П. Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9. – С.23-46.

5. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- нач. XX в.). - Алма - Ата: Ғылым, 1991. – 213 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ «ИТКӨЙЛЕК» ЖӘНЕ ОНЫҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ МӘНІ

Қазақтың ұлттық киімдері – сонау ұзақ ғасырлар бойы елінің тарихымен бірге дамып, ұлттық тұрмыс және рухани мәдениеттің қажеттілігімен біте қайнасып келе жатқан көне мұра.

Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Киім қоғамның материалдық және рухани құрамдас бөлігі болып табылады. Бір жағынан бұл адамдардың еңбегімен жасалған және кейбір қажеттілікті қанағаттандыратын материалдық құндылықтар болса, екінші жағынан – ол адамның келбетін эстетикалық жағынан өзгертетін қолданбалы сән өнері.

Қазақтың ұлттық киімдерінде, оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері бой көрсетеді. Қазақтың қандай киімі болмасын, онда халықтың әсемдік талғамы, өмір салты, өткендегі хал-ахуалы да суреттеледі. Олар пайдаланылуы мен қолданылу ерекшеліктеріне де байланысты топталып отырды. Қазақ киімдерінің практикалық, эстетикалық, ғұрыптық және магиялық маңызы болумен қатар жас ерекшеліктері мен кәсіби деңгейіне қарай этноәсер етуші белгілерді де ұстанды. Киімдердің мұндай қызметтері дәстүрлі далалық этикалық нормалармен де байланыстырылып, әлеуметтік-тұрмыс мәселесі шеңберінде қарастырылды. Сондай ерекшелікті белгісі бар киімдердің бірі жаңа туған сәби үшін кигізілетін ең алғашқы киімдердің бірі – иткөйлек.

Қазақтың дәстүрлі киімдерінің ішінде жас ерекшеліктеріне байланысты балалар киімі ерекше саналды. Бала дүниеге келгенде, ол жолдасында туса, онда онымен бірге бақ-дәулет, бақыт келді, - деп сол кезде «көйлегінде туған» деп айтқан. Туғаннан кейін, жолдасын алып кептіріп, бақыт үшін сандықта сақтаған. Бұл әдет Сібірдегі түркі халықтарының арасында да кездеседі [1, С.173]. Ал баланы тұзды суға шомылдырып, денесі жара болмас үшін және жылы, әрі жұмсақ болсын деген ниетпен қойдың жабағы жүніне аунатып алатын салт болған. Сондай-ақ нәрестенің ең алғаш киетін киімдерінің бірі – иткөйлек. Ол жұмсақ сисадан не жұқа бәтестен жеңі мен бойын тұтас пішіп, жағасын ойып алатын да, шет-шетін бүкпей, екі жанын қолмен тепшіп жас баланың нәзік етіне тігістің батпауы үшін дайындалатын. Иткөйлектің етегін бүкпеу әдеті – баланың жақсы өсіп, жасының ұзақ болуын тілеген ырымнан туындады. Әдетте, иткөйлекті баланы қырқынан шығарғанша кигізген. Содан соң оны тәтті дәмге толтырып, ауыл балаларын шақырып, иттің басына іліп жіберетін болған. Бұл баланы қауіп қатерден сақтаудың және баланы ит тиюден сақтаудың бірден-бір жолы деп білген. Ал кейбір өңірлерде, иткөйлектегі тәтті дәмдерді балалар бөліп алғаннан кейін, ол иткөйлектен үш бұрышты бойтұмарлар жасап мойындарына іліп жүретін болған.

Жаңа туған нәрестенің алғашқы көйлегін «иткөйлек» деп атайды [2]. Шілде күзет біткен соң немесе бесікке саларда балаға ат қою рәсімін жасайды. Белгілі бір есімді таңдап алған соң, молда азан шақырып, баланың құлағына үш мәрте «Сенің атың ... пәленше», деп үш рет айқайлайды. Тіліміздегі «азан шақырып ат қою» деген тіркес осыдан қалған. Бесіктойда жөргектен шығарылып, итжейде кигізілген нәрестені ауылдың беделді әйелі бесікке салады. Сәби бұл көйлегін қырқынан шыққанға дейін киеді. Көйлек сәбидің денесіне батпауы үшін тігісі сыртына қаратылып, жөрмелеп, іліп қана тігіледі. Кейде ит көйлекті көп жасаған адамның киімінің қалдығынан да тіккен. Етегін, шеттерін бүкпей, кең мол, әрі үлкен етіп тігуі нәрестенің жақсы өсіп, жасының ұзақ болуын тілеуден туындаған. Бұл жейденің екі түрлі атауы орын алаған. Итжейде, кейде иткөйлек аталды. Итжейде ұл балаға, иткөйлек қыз балаға кигізілді. Кейін келе бұл екі атау ұл қызына қарамай бірімен бірі ұласып айтыла берген.

Бала дүниеге келгеннен қырық күн өткен соң «қырқынан шығарылады». Қырқынан шығарылар күні әйелдер жиналып, үлкен табаққа 40 қасық су құйып, күміс теңгелер салынған суға нәрестені шомылдырады. Содан соң қарын шашы мен тырнағы алынады. Осы уақытқа дейін киген иткөйлегіне түрлі тәтті дәмдер түйіледі де, иттің мойнына байлап жібереді. Оны ауыл балалары қуып жетіп, иткөйлекке түйілген тәттілерді өзара бөліп алып, иткөйлекті иесіне әкеліп береді. Бұл ғұрып «ит қуу» деп аталады. Мәні сәбидің пәле жаласын қырық жаны бар хайуан – ит өзімен бірге алып кетеді, - деп түсінгендіктен туындаған. Балаға иттің жүйрік, ақылы озық, алғыр қасиеттері дариды, сәби күшікше бауырын тез көтеріп, жаны берік «итжанды» болады деп те ырымдайды. Қазақта «итжанды» деген сөз оның беріктігі мен төзімділігін білдірген.

Иткөйлекті баласы жоқ әйелдер ырым етіп алады. Көйлекті берген кезде ырымдап, бір шетінен кішкене кесіп алып қалады. Ит жейдені қазақ халқы қастерлейді. Кейбір ауыл оны сақтап қойып, келесі балаларына кигізеді. Кейбіреулер иткөйлекті күте алмағандықтан «оттай қаулап жас бер» деп, отқа өртеп жібереді [3].

Ертеде де дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар, жауынгерлер, сапарға шыққан адам баланың иткөйлегін сақтап, өзімен бірге алып жүрсе пәле жаладан сақтап, жолаушының жолын ашады, «баланың періштесі қағып, аман-есен сапардан келеді», - деп сенген.

«Иткөйлек» атының шығуы оны иттің мойнына байлағандығында емес, халық итті «жеті қазынаның бірі» деп бағалауында болуы мүмкін. Ит – адамның қолға үйреткен алғашқы хайуандарының бірі. Сонымен бірге баламыз көп болсын, қиындыққа берік болсын деп те ырымдайды.

А.Тойшанұлы қазақ пен моңғолдың фольклорлық материалдары бойынша жазылған «Антропологиялық мифтердегі ит символы және «итжейде» салтының семантикасы» атты еңбегінде «итжейде кигізу» салтының түпкі негізінде осы мерзім ішінде нәрестенің жанын иттің рухы күзетіп, басқа әлемнің өкілдерімен шайқасып жатады деген наным сенім бар. «Итжейде» әу баста адамның үстінде болып, кейіннен итке тиесілі болған жүннің символы. Сәби қырқынан шыққан соң «итжейдені» шешіп, ішіне тәтті дәмдер орап, иттің мойнына іліп жіберуі «өтпелі ғұрып кезеңінен «өтіп» басқа әлемнен біздің әлемге жеткен соң адам ретінде алды жырық көйлек кигізіліп, өңірі бітеу тігілген «итжейде» шешіліп тасталады», - деген [4, 7-б.].

Ал Қ.Серікбол өзінің «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде иткөйлектің мифологиялық астарын былайша түсіндірген. «Дүниеге келген нәресте қырқынан шыққанға шейін «ол әлі туған жоқ, әлі о дүниеде өмір сүруде», деп түсіндірілген». 40 күн болғанда нәресте шынымен де туады, бұл дүниеге келеді. Осы ғұрыпқа иттің қатыстырылуы жайдан жай емес, себебі ит - әлі тумаған адам жанының тұлғалануы, ит – о дүниелік күзетші, ит - өлген адамның жанының кейпі болып саналған [5].

Нәрестенің дүниеге келгеннен бастап киген көйлегінің «иттің көйлегі» деп аталуының да осы көйлектің ит мойнына байлануы да, этнографиялық көрініс болып табылады.

Итжейде салты тек қазақтарда ғана емес көптеген қазақ, қырғыз, өзбек, татар т.б. түркі халықтарында да бар. «Итжейде», «иткөйлек», «эт күлмәк» деген атаулар қалыптасқан. Осыған қарап осы түсінікті жалпы түркілік деп есептеуге болады.

Медицина тұрғысынан бұл жөнінде Ж.Ахмадиев былай түсіндіреді: «тегінде, баланы қырқынан шығару» дегеннің өзі де әлдебір тұспалмен алына салынбаған. Бал ана құрсағында, қағанақтың ішінде, сұйықтық кеңістікте ғылым тілімен эмбрион қалпында жатқанда терінің сыртында қосымша пайда болған қайызғақ қабат бала туылғаннан кейін қырық күн ішінде үлпершектеніп түлеп бітеді. Сол үшін бір түлеуден өтті деп, сәбиді қырқынан шығарады. Нәрестенің кеудесіндегі ит жейдені де осы мезгілде ауыстыруының себебі – ендігі қайызғақсыз денеге тұрақтаған жейде керек деген мәнмен түсіндіреді.

Қазақтар жаңа туған сәбидің басына иткөйлекпен бірге екі жиегін көмкеріп, екі басын тұйықтап, төбесін бүрмелеп, астарсыз жалаң тіккен бас киім «сылау тақия» кигізген. Баланы қырқынан шығару салтында сәбидің кіндік шешесі арнайы «адал жейде» деп аталатын жейдені тігіп әкеліп, жөн жоралғысын алған. Итжейде мен сылау тақиясының орнына адал жейде мен сырма тақия кигізген. Адал жейдені жұмсақ кездемеден кәдімгідей жаға, жең салып, тігісін ішіне келтіріп тіккен.

Қазақ этнология ғылымын қалыптастырушылардың бірі көрнекті этнограф – ғалым Халел Арғынбаев өзінің «Нәрестенің дүниеге келуі жайлы ырым - жоралар» жазбасында иткөйлекке анықтама беріп кеткен : Иткөйлек жұмсақ сисадан не жұқа ақ бәтестен жеңі мен бойына тұтас пішіп, жағасын ойып алатын да, шет- шетін бүкпей, екі жағын қолмен тепшіп, жас баланың нәзік етіне тегістің батпау жағын қарастырады. Мұнымен бірге иткөйлектің етегін бүкпеу – баланың жақсы өсіп, жасының ұзақ болуын тілеген ырымға байланысты. Әдетте иткөйлекті баланы қырқынан шығарғанша кигізеді [6, 76 –б.].

Халықтың мифологиялық түсінігінде «ит» тақырыбы ерекше орыналады. Біріншіден, «ит» түсінігінің символикасы, екі дүниенің аралық шекарасында орналасып, сол дүниелерді байланыстырушы медиатор есебінде қарастырылады. Жаңа туған сәбиге иткөйлек кигізу дәстүрі, ол сәбидің тылсым күштердің әрекетінен сақтау, көз тимеу мақсатында жасалады. Қырық күннен шықпаған сәбиді толыққанды адам қатарына жатқызбаған, ол уақытта сәби биологиялық түр ретінде тіршілік етіп, әлеуметтік қоғамның мүшесі ретінде саналмайды. Себебі, бұл уақытта жаңа туған сәби аралық дүниеде өмір сүріп жатыр деп есептеген [7, С.20].

Ит көйлек - қазақ этномәдениетінің ерекшелігін аңғартатын дәстүрлі киімнің құрамдас бөлігі. Қазақтың дәстүрлі киім түрлерінің қай саласы болмасын, оның сырға толы құпиясы өте көп.

1. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. – Новосибирск, 1988.
2. Ел арсындағы этнографиялық мәліметтерден
3. Ел арсындағы этнографиялық мәліметтерден
4. Тойшанұлы А. Итжейде және иткөйлек семантикасы туралы бірерсөз. – Алматы, 2007.
5. Серікбол Қ. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы, 2004. – 488 б.
6. Арғынбаев Х.А. Өнегелі өмір. – Алматы: «Қазақ университеті», 2015. – 368б.
7. Ерназаров Ж.Т. Этнознаковые функции семейной обрядности казахов (Этнолог – культурологические аспекты). Алматы, 2001.

С.Е. Әмирлан

ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛҚЫНЫҢ «БЕСІКШАППАЙ» САЛТЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ ҒҰРЫПТЫҚ ЖЫРЛАР

Қарақалпақ халқының дәстүрлі ұғымындағы балалар әлемі жөніндегі түсінікке орай орындалатын әртүрлі әдет-ғұрыптар, жол-жоралғылар бар. Ұзақ замандар бойы қалыптасқан мұндай ұлттық құндылықтар кешегі кеңестік заманда едәуір қысымға ұшыраса да, біржола дәстүрден шығып қалмай, әлі де өз жолы, өз қағидасы бойынша атқарылып келеді. Соның бірі – «бесікшаппай» салты.

Ғылыми әдебиеттерде «бесікшаппай» салты туралы материалдар өте аз. Осы дәстүр жөнінде қысқаша мәліметті А.Троицкаяның Түркістан өлкесі тұрғындарының нәресте күзетімен байланысты жазған мақаласынан ғана табамыз. Мақала авторы А.Троицкая, баланы бесікке салу құрметіне ие болған кейуанының бесікке атша мініп алып, «сатып ал» деп дауыстайтынын, сол сәтте осы рәсімге жиналып отырғандардың ырымдық кәделерін беретінін келтіріп өткен [1, 14 б.]. Бұл дәстүрдің бір-бірімен іргелес отырған халықтар арасында бертінге дейін сақталғандығы жайлы Х.Арғынбаев та жазады [2, 118 б.].

Қарақалпақ халқының әдет-ғұрпынан берік орын алған осы салт түрі кеңестік кезеңдегі көп қағажу көрген дәстүрдің бірі болды. Соның салдарынан болар, ұлттық ғұрыптардың барлығын ескіліктің қалдығы сыпатында сынаушы ғалымдардың бұл тақырыпты айналып өтуді жөн көргені сезіледі [3, 79 б.]. Алайда осы дәстүрдің этнофольклорлық сипатына мән берген зерттеуші И.Қурбанбаев өзінің қарақалпақ балалар әдебиетіне қатысты еңбегінде: «Ауылдағы құрметлі ананың биреуі нәрестені бирінші рет бесікке бөлеу алдында баланы бесікке миндиріп, бесікке бөлеуші кемпир баланың тилинен «Қум сатаман» ямаса «арба айдайман» деген қосық қатарларын айтып, сарпай алады» деген деректерді алға тартады [4, 17 б.]. И.Қурбанбаев келтірген ғұрыптық шаралар С.Қазақбаевтың зерттеу жұмысында да назарға алынған [5, 17 б.]. Қазақ балалар фольклорын зерттеген К.Ісләмжанұлы: «... баланы бесікке салу рәсімі ауылдастар арасында арнайы тойланып, түрлі әдет-ғұрып салттары, ырым, жоралғылар жасалады», - деп аталмыш салт бойынша жалпыламай түсініктеме береді [6, 32 б.].

Баланы бесікке салу рәсімімен байланысты орындалатын «бесікшаппай» салты қарақалпақ халқы арасында «атшабар», «ат шабу» немесе «бесік шабу», «бесік шауу» деп те айтылады [7, 2 б.; 8, 4 б.; 9, 21-21 б.; 10, 683 б.]. «Бесікшаппай» салты бүгінгі таңда қарақалпақ халқының «бесіктой» ғұрпы құрамында міндетті түрде орындалатын кешендік шаралардың біріне кіреді. Осынау салт түрі қарақалпақ халқының бірегей дәстүрі ретінде жалпыұлттық мерекелерге, республикалық және халықаралық форумдарға да алып шығылып, көпшіліктің назарына ұсынылып келмекте [11, 65]. Бұл мақалада біз дәстүрлі қолданыста болған әрі нақты терминдік мәнге ие «бесікшаппай» атауын пайдалана отырып, оған байланысты ғұрыптық жырларды келтіріп өтпекпіз және осы мәселеге орай кейбір тұжырымдарымызды да ортаға салмақпыз.

«Бесікшаппай» салты – «бесіктой» салтанатының ең бір қызықты мезеті болып, бұл ғұрыпты өткізуге бесік әкелуші тарап өкілдері мен тойхана иелері және олардың көрші-қоландары, негізінен әйелдер жағы тегіс қатысады. Әдетте, бесікті қыздың үйі әкеледі. Бесікке салу өкілдігі берілген құрметті әйелді «бесікашы» немесе «кейуаны» («кейуана») дейді [12, 161; 13, 52]. Салт бойынша бесікті әзірлеуші өкіл алдымен бөбекті қалай етіп бөлеу тиіс екендігін жас анаға және көпшілікке тәптіштеп түсіндіреді.

«Бисмиллаһи раһмани ир-раһим!» деп жаратушыға сиынып, өз міндетіне кіріскен өкіл бесіктің барлық әбзелдерін таныстырып, оның жасауларының мәнін айтып, сәбиді қалай бөлеу керектігін үйреткеннен кейін жиылып отырғандар «Баланың тұлпары дайын тұрған болса, шаппайсыз ба?» дейді. Сол кезде бесікашы жырау әуезіне салып толғаған күйде:

*Арғымақ атта сын болмас,
Азамат ерде мин болмас,
Ақ сақаллы аталар,
Сизлер салған жоллар бар,
Ақ жаулықлы аналар,
Сизлер тиккен тонлар бар,
Үлгисіз тонлар пишилмес,
Ескинің жолы ескирмес,
Адамыйзаттың мийўеси,
Бөбеклер сүйген өкинбес,
Шаппайын бедеу минилмес,
Бедеулер минген түңилмес,*

Шүу жаныўар, шүу деймен! – деп бесіктің бір қапталында тұрып, оның үстіне мініп алғандай түр көрсетіп, оны атша тулатып жорғалата бастайды [14, 4]. Отырғандар арасынан «Апасы, бұл тұлпарды сатпайсыз ба?» деген сұраулар туыла қалғанда даусын кенеп алып:

*Ал шаптым-а, ал шаптым,
Алапаға ат шаптым,
Аларманы бар болса,*

Алып қалың, ат саттым, - деген дәстүрлі өлең үлгілерін айтып, жан-жағына қарап, аттың басын кімге қарай бұру керек екендігін бажайлап алады. Дәстүр бойынша алдымен отағасының алдына барылады. Осыны назарда ұстаған құрметті өкіл бесіктің басын солай қарай қайымдап:

*Ал шабайын, шабайын,
Атымды минип шабайын,
Ағайынның ырысы,
Ауыл-елдің ұллысы,*

Айда, бабасына қарап шабайын, - деп баланың бабасы алдына шапқылатып барады. Мұның кәделік жолы «алапа беру». Алапа – орамалға түйілген ақша немесе әртүрлі тағыншақтар. Сәбидің бабасы алапасын бергеннен кейін аттың басы оның ұлы анасы тарапқа қарай бұрылады:

*Аялы қолдан май берген,
Ақ ордадан жай берген,
Ағайынның панасы,
Ауылдың ай мамасы,*

Ал-ха мамасына қарап шабайын, - деген жолдарды аса бір көтеріңкі үнмен айтып, үлкен әжесінің тұсына тоқтайды [14, 5]. Осы ғұрыптың ең сыйлы қонақтарының бірі баланың түп нағашылары болып есептеледі. Сондықтан үй иелерінің алдынан өткен өкіл енді нағашыларды нысанға алады.

*Асыу-асыу таулардан,
Асып шауып келемиз,
Тасыу-тасыу сайлардан,
Тасып шауып келемиз,
Шүу жаныўар, шүу деймен,*

Түп дайысына қарап шауамыз, - деп үлкен нағашы апасының алдынан өтіп алып, кейін кезекпе-кезек одан кішілерінің жанына да бір-бір аялдап өтеді [14, 6]. Олардың әрбірінен алапа алады.

Бесікашы тек алапа алуды мақсат тұтпай, кезі келгенде әртүрлі әрекеттер жасап, күлдіргі бейнесіне де кіреді. Өзін анық аттың үстінде отырғандай етіп көрсетіп, жүрген жерін, келген өңірін де жырға қосады.

*Кегейлинің суулары,
Кертисимнен келмейди,
Шортанбайдың суулары,*

Шонтығымнан келмейди, - деп отырғандарды бір күлдіртіп алса, енді бірде қайтадан бойын жиып алып, бірден түр-түсін суытып, көзге көрінбес зиянкестерді, жын-перілерді қуған болады.

*Кет, кет бүжій,
Кет бүжій,
Келе батыр,*

Келди өзій!, - деп тылсым күштерді бесік маңынан аластайды [15, 18]. Осылайша бесікашы әрі кейуана, әрі асаба, әрі күлдіргі, әрі төңіректі жын-жыпырлардан қорғап, сыртқы жауыз күштерге қарсы тұрушы керемет иесі – порқан (бақсы) кейпіне де еніп, бір өзі бірнеше образдарды сомдайды. Ғұрыптық шаралардың толық орындалуы, бесікашының атты үй иелеріне «сатып беру» ырымын жасауымен қорытындыланып, соны кәдуілгі сый-сияпатқа ұласады.

Қорыта келгенде, қарақалпақ халқының «бесікшаппай» салтынан бірнеше наным-сенімдердің ізін көреміз. Біріншіден, бесіктің «арғымақ», «тұлпар», «бедеу» т.б. деп аталуы, ертедегі түркілердің ат культімен байланысты түсініктерінен туындағаны аңғарылады. Халық ұғымында адам дүниеге өзі атпен

келіп, о дүниеге де өз атымен «аттанады». Аттың өз иесімен бірге көмілуінің негізі де осы дәстүрден келіп шыққандығы белгілі [16, 14]. Бесіктің «ат» орнына жүруі болса, сол сенімдердің ғұрыптық жаңғырығы іспетті. Екіншіден, «бесікшаппай» салтының түгелдей әйелдер тарапынан орындалуы, аналық басқару негізінде қалыптасқан рулық қоғамды еске түсіреді. Аралбойы халықтарының аналық ру ықпалында болғандығын Тұмар патшайым туралы аңыздар да, VI ғасырдағы Ұрым (Византия) елшілері қалдырған естеліктер де дәлелдейді [17, 13]. Қарақалпақ халқының «Қырық қыз» жырын да осыған қосымша еткіміз келеді [18, 464]. Ендеше, «бесікшаппай» салтын сол тарихи дәуірлердің ғұрыптық сарқыншағы деп қараймыз. Мұның арғы төркінінде, сол қоғам ұғымындағы «бала бірінші кезекте әйелге тиісті» деген түсініктің де жатқандығын ескергеніміз жөн [19, 29].

Ал ғұрыптық жырлардың орындалуында жыраулық поэзияның сарындары мен аруақ шақырушы бақсы бейнесінің қатар көрінуі, о баста бірнеше міндетті қоса атқарған жырау феноменінің дарабоз тұлғасын айқындап береді [20, 120]. Жалпы, бұл дәстүр әртүрлі кезеңдердегі наным-сенімдерді, ғұрыптық кешендерді өн бойында сақтағандығымен ерекшеленеді.

1. Троицкая А.Л. Первая сорок дней ребенка (чилля) среди оседлого населения Ташкентского и Чимкентского уезда // В.В.Бартольд туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент. 1927.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973.
3. Есбергенов Х. Қарақалпақтардың гейпара дәстүрлері хақында. – Нөкис, 1964.
4. Курбанбаев И. Қарақалпақ балалар әдебиаты тарихының очеркі. – Нөкис, 1974.
5. Казакбаев С.С. Каракалпакская обрядовая поэзия (Специфика. Пути формирования и развития). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Нукус, 2000.
6. Исламжанұлы К. Рухани уыз (қазақ балалар фольклоры). – Алматы, 1995.
7. «Бесікшаппай» айтымдары. – Информант Айтгүл Жуманияз қызы. 1914 ж.т. // Автордың дала жазыулары. 12.12.1994. – Нөкис. Д.-№2.
8. Әбдиниязова З. «Бесік шабыу» дәстүрі хақында // Қарақалпақстан жаслары. – Нөкис, 2011. -№7 (7608).
9. Леотар Ф., Әмирлан С. Балалар дүнясы менен байланыслы қәдириятлар // Жаңа педагогикалық технология – оқыту теориясын хәрекетке келтириуіш күш // Республикалық илимий-әмелий конференция материаллары. 06.05.2011. – Нөкис.
10. Léotar F., Āmirlan S. Les conceptions syncrétiques de l'au-delà chez les Karakalpaks of Boukhara // ĒMSCAT. – Paris, 2013.
11. «Халық дәрепелерін үйреніу» атамасындағы республикалық илимий-әмелий конференция материалы. 25.04. 2015. – Нөкис.
12. Убайдуллаев Ж. Қарақалпақ тили сөйлесімлеріндегі сәйкесліклер // Международная конференция «Устойчивое развитие Южного Приаралья», 25-26.11.2011. – Нукус.
13. Бекмуратова А.Т. Быт и семья каракалпаков в прошлом и настоящем. – Нукус, 1969.
14. «Бесікшаппай» салты // ӨзРИА ҚБ Қарақалпақ гуманитар пәндер илим-изертлеу институты, фольклор кабинети: 98-топтам, 1-дәптер.
15. Этнографиялық жазыулар (1990) // ӨзРИА ҚБ Фундаменталь китапханасының қолжазбалар қоры. Р-589, Инв.-№181280.
16. Жданко Т.А. Этнографическая разведка в Чимбайском районе. Краткое сообщение Институт этнографии АН СССР. Вып. II. – М., 1947.
17. Толстов С.П. Основные итоги и очередные задачи изучения истории и археологии Каракалпаки и каракалпаков // Бюллетень АН УзССР. – Ташкент, 1945. – №9-10.
18. Қырық қыз / Қарақалпақ фольклоры (көптомлық). VI т. – Нөкис, 1080.
19. Төлеубаева К.М. Қазақ және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010.
20. Радлов В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб. т. VI. 1911.

Ж. Елеуов, Д.Б. Ескекбаев

ҚАЗАҚ ОТБАСЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ НЕКЕНІҢ БҰЗЫЛУ СЕБЕПТЕРІ

Бабалардан қалған даналық, өсиеттерде ер мен әйелдің өзіндік міндеттері белгіленген. Некенің тірегі – ер кісілерге отбасын асырау, жанұясын түрлі қиын жағдайлардан қорғау, материалдық жағынан қамтамасыз ету міндеттелсе, әйел күйеулеріне бағыну, бала тәрбиесіне көңіл бөлу, жұбайының мүлкін ұқсатып ұстау, ар-ұятын қорғау, отбасы абыройына дақ түсірмеу міндеттелген. Ерлі-зайыптылардың өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы – отбасының тұрақтылығының кепілі. Сондықтан «Үйлену – сүннет, үй болу – міндет» деген халқымыздың дана сөзі бар. Отбасының берік болуы жұбайлардың теңдігінен гөрі екеуінің бір бүтінді құрауына, әрқайсысының өзіне тиесілі міндеттерін атқаруына байланысты. Өйткені, жаңа қосылған ерлі-зайыптылардың өздерінің жаңа құрыла бастаған отбасы өмірдің әрбір саласында өзіне бір үлгіні қажетсінеді. Үлгілі отбасын құру – ер азаматтың мойнында, ол өз шаңырағына жауапты, отбасы мүшелерін жақсылыққа тәрбиелеуге міндетті. Отбасы ұғымына

үлкен жауапкершілікпен қарай отырып, бақытты қоғам орнатуды мақсат етеді. Сондықтан қоғамның бұзылуы да, түзелуі де әуелі отбасынан бастау алатыны белгілі. Іргесі берік отбасылардан қоғамның тұрақтылығы беки түседі. Дінде әйел мен ердің қосылуын биологиялық қажеттілік шеңберінде ғана қарастырмайды. Отбасы адамның рухани қажеттіліктерін де өтейтін орта. Қазақтың жанұясында ер мен әйелдің әлеуметтік деңгейі немесе ерекшеліктері екінші орынға ығыстырылады, бірінші орында екеуінің рухани жарастықтары, бір-бірімен тіл табысуы мен сыйластығы тұрады. Отбасылық өмірдің реңін кіргізетін маңызды бір мәселе – оның мүшелерінің бір-біріне деген құрметі, адал махаббаты. Бүгінгі уақытта отбасы іргесінің берік болмауы ерлі-зайыптылардың қарапайым отбасылық құндылықтарды, өзара міндеттері мен жауапкершіліктерін білмеуінде. Неке бұзу бүгінгі күні түкке тұрмайды, қосылады, ажырасады, баланың ойыншығы сияқты.

Ажырасу қазіргі кезде қазақпен біте қайнасып келе жатқандай. Бүгін мұны әркім әрқалай түсіндіреді. Ғалымдар жастарды әлеуметтік қиындықтардың салдарынан көп ажырасады дейді. Ол рас, оған дәлелдер жеткілікті. Алайда әлеуметтік, басқа да қиындықтардан гөрі қазіргі ажырасулар жастардың отбасылық жағдай туралы сауатсыздығынан дер едік. Сезімнің жетегіне ерген жастар тез үйленеді. Бірақ әрі қарай қалай өмір сүрудің жолын таппайды, жолын іздеп басын қатырғысы келмейді де. Осыған байланысты неге деген сұрақ туындайды, өйткені ата-анасы үйленгенге дейінгі және үйленгеннен кейінгі жағдай туралы мәлімет бермеген. Ата-аналар, естеріне түсіретін, ұлдары мен қыздарына үйлену тақырыбын аз қозғайды? Ақшасы көп байдың қызына немесе лауазымы жоғары адамның қызына үйленгенін қалайды. Ол қыздың ақылы көркіне сай, білімді, мәдениетті, иманды, үлкенді сыйлай білетін, ата-анасының дәстүрлі тәрбиесін алған, көрген, болашақтан үміті бар баланы ал деп айту қажет. Жан-жаққа ойланып қарап, ақылды, адамгершілігі мол, иманды қыз-жігіт бір-бірін тапқан соң әрі қарай қол ұстасып бірге өмір сүру керек екенін біле тұрып, біз осы жағына келгенде ақыл-кеңес айта бермейміз. Біз қызымызға ақ босағаны аттаған соң кездесетін түрлі қиындықтар мен кедергілерді қалай жеңуді, ұлымызға отбасын қалай сақтап, асырауды күнде санасына құйсақ, онда ажырасу жағдайлары да аз кездесетін болды. Ол үшін ата-ананың жасөспірімдеріне үлгі болатын іс жасауы керек, айта бергеннен гөрі олар көргенін істейді. Қыздарына анасы болашақ келіннің өмірінен білгенін айтып, ене мектебі туралы, сол елді бақытты қылуға ат салысатынын, күйеуінің туыстарын құрметтеуді үнемі санасына сіңіре берсе, ондай қыздан жаман келін шықпайды. Туған босағасын аттап кеткеннен кейін шешесі қызына «бізден кеттің, ендігі қиындығың мен қуанышыңды күйеуіңмен, оның туыстарымен бірге бөліс» деп үйретуі қажет. Туған үйіңе тек қонақ болып келдің, балалық дәуірің сонымен бітеді, қандай қиын жағдай болса да бізге айтушы болма» деп қатаң ескертсе, санасында саңылауы бар қыз ендігі жерде ата-анасына емес, күйеуіне арқа сүйейтінін түсінеді. Қазақта жақсы бір мақал бар: «Ет бұзылса тұз себеді, қыз бұзылса ше», осының жауабын бүгін таба аламыз ба? Бабаларымыз мен даналарымыз сақтай білген ізгі салтын. Қыз деген – гүл, қыз дегеніміз – аяулы жар. Қазақ «Бақыт дегеніміз ұзатылған қыз емес пе, ұл дегеніміз артта қалған із емес пе» - деген. Қыз – болашақ ана, қыз ұлттың болашағында, тағдырында үлкен рөл атқарады. Қыз ана ретінде бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетуші абзал жан. Көпке күл шашуға болмайды. Бірақ бүгінгі кейбір қыздардың бір қолында темекі, екінші қолында арақ көреміз.

Кешегі қыздар:

Қыз емес қыздың аты қызыл алтын,
Көрінер туған айдай жарқын.
Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын.

Бүгінгі қыздарға қарасақ Мұқағали Мақатаевтың төмендегідей жырлағанындай:

Қарындас неге қидың қолаң шашты,
Біртіндеп неге жұлдың қиғаш қасты.
Бетіңе бірінші сорт ұн сепсең де
Баяғы қара жүзің ағармапты.
Ернің қан ішкендей кезеріпті,
Қара шашың қызылға өзгеріпті.
Боксқа қағыстың ба, қарындасым?
Көзіңнің айналасы көгеріпті [1].

Некенің бұзылуы, оның бүгін көбеюі халқымызға үлкен қауіп, болашаққа балта шапқанмен бірдей. Әрбір ер-азамат некесін өзінің жанындай қорғауы керек, оның бұзылуына жол бермейтін амалдарын қарап, күресуі керек. Егер ол ер-азамат отбасын қорғай алмаса отанды да қорғай алмайды. Өйткені, отан отбасынан басталады. Некесін қорғай алмаған ер-азаматтың қоғамға тигізетін зияны жерге шыққан арам шөппен бірдей. Ондай азаматтардың жүрегінде Отан, ел, жер туралы бір тамшы қаны жоқ. Бастарына бір жағдайлар түсетін болса басы ауған жаққа қашып кетіп жатқандар солар емес пе?

Отан, ел, жер ана азаматтарға жанындай қымбат. Сонда бабалар төккен қаншама қан мен жанның бір мысқалы да қалмағаны ма? Ит сияқты тойған жағына кім көрінгеннің соңынан еріп кететіндер кеше де, бүгін де толып жатқан жоқ па? Арын, ең қымбат арын да ақшаға сатып, сатып алып жатқандар қаншама? Мал да, құс та өз ары, болашағы үшін күреспей ме? Ішінен шыққан баласын ана қанынан, жанынан жаратқан ерлер баласын далаға тастап жатқандар қаншама? Жануарлардың өзі баласы үшін жанын беріп жатқанда санасы мол, ақылы бар ерлі-зайыптыларға не болған? Тарихқа қарап көрейікші, бабалар не үшін күресті, отбасы некесін қорғаған жоқ па? Болашағы үшін күресті емес пе? Ұрпағымды жоғалтып, үзіп алмайын деп жанын бергендер қаншама. Отбасы болып осы ұрпағының болашағы үшін алысады ма?

Некенің бұзылуының басты себебіне көңіл бөліп, біріншіден – отбасында дұрыс тәрбие бере алмаудан; екіншіден – тәрбие беретін ата-аналардың ақыл-өрісі халқымыздың салт-дәстүріне терең бойламағандықтан. Осы қазақ құдайдан бала тілейді. Не үшін? Өзінің ұрпағының түрін көргісі келе ме, әлде елден қалмайын дей ме, әлде жасаған күнәсін бөліскісі келе ме? Бүгінгі ата-аналардың баланы тәрбиелеуге білімі, ақылы, адамгершілігі жете ме? Өз басын өзі алып жүре алмаған ата-аналар баласын дұрыс өсіріп, оның болашағына жол көрсете ала ма? Егер неке бұзылатын жағдайға жетсе, онда отбасы мүшелерінің бірін-бірі қолдауы – аса маңызды. Ажырасып жатқан ата мен ана бірін бірі жамандап, ауыр сөздер айтып жатса, онда сол отбасындағы балалар адасады. Сондықтан өз ата-анасын құрметтемейтін, олардың алдында перзенттік шын ниетімен орындамайтын, кішіпейілділік, әдептілік, сүйіспеншілік, сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпаққа отбасын құрады деп сенуге бола ма? Олар некені сақтай, қорғай ала ма екен? Сондықтан мемлекеттің іргесі берік дамыған, экономикасы өркендеген елге айналғымыз келсе, алдымен әр отбасының беріктігіне біраз көңіл бөлу керек. Әрбір ата-ананың адам, тұлға деген атын дәлелдеп өтуі, мемлекет алдындағы өзінің парызы екенін толық түсінуі қажет. Бабаларымыздың халқының алдындағы, баланың Анасы алдындағы парызын өтеу. Ана сүтін ақтау. Ананың сүтінен, күннің нұрынан жаралған адамзат емес пе? Қарап тұрсақ, Ислам жолы да Ананы бәрінен артық ардақтауды талап етеді. Ананы түсініп, оны ардақтаған адам ешқашан некені бұзған емес. Сондықтан әрбір әйел адам «Ана» деген ардақты есімді құрметтеп, соған лайық өмір сүруі керек. Әрбір ер-азамат әйелді анасындай құрметтеп сыйлау керек емес пе? Әрбір ата-ананың арманы өзінің өмірге алып келген ұрпағының амандығы мен үбірлі-шүбірлі, бақытты бай, атақ-абыройлы болуын тілейді, ұрпақ ұтарына кір келмей ата дәстүрін жалғағанын көру арман.

Неке бұзудың негізгі себептерінің бірі – байлық пен жоқшылық. Біріншісі, ақшаға сатылмайтын пенде жоқтың қасы. Бай адам үшін көрсе қызар, төсек жаңғырту түкке тұрмайды. Олар әйелді зат есебінде ұғынады. Ата-анасының жиған байлығын теріс жолға пайдаланып, олардың төрдегі бастарын есікке қарай сүйреп, қалған өмірлерін азапқа салып, ажалынан бұрын ол дүниеге аттандырып жатқандар қаншама? Екіншісі, отбасын асырай алмай, табыс таба алмай ішімдікке салынып, басы ауған жақа кете баратындар – бұлар бүгінгі күннің басты дертіне айналған жағдай.

Некенің бұзылуының тағы бір себебі – нәпсіқұмарлық. Адамда ақыл нәпсіден үстем болса, онда ол адамға бақыт алып келеді, адамда нәпсі ақылдан үстем болса, онда ұятқа, тіпті азғындыққа апарып соғады. Нәпсінің бұзықтығы – адамның бұзақтығы. Олар ешкіммен санаспайды, бәрін өзі сияқты деп ойлайды. Хайуан нәпсісін тыя алмайды. Хайуаннан көп саты жоғары тұрған адам ар-ұят, ақыл-парасат, мәдениет иесі болғандықтан өз нәпсісін іркуге, тыюға мүмкіндігі өте зор, нәпсісін тыюға болатыны анық. Нәпсіқұмар адамдар өзінің қанбас құмарын қандырам деп әуреленеді, кәсіпке айналдырады, жазылмайтын дертке шалдыққанын білмейді. Сондықтан қазіргі қоғамымызда орын алып отырған маскүнемдік, нашақорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық, зорлық-зомбылық, ашық айтсақ – нәпсіні тыя алмаудың басты себебі болып табылады. Бүгінгі қоғам осы кемшіліктермен ерекше күресу керек. Келешек ұрпаққа жеткізбей нақты дұрыс шешім қабылдау керек. Қоғамның, ата-ананың бүгінгі күні ұятты, ұстамды, әділ, орнықты, қайырымды, рахымды, мейірімді, ақылды, парасатты болып тәрбиеленген адам нәпсінің құлы болмайды, осындай жағдайда ақылмен ойланып жақсы өмір сүруге қалыптасады. Сонда ғана Абай атқандай, жақсы мен жаманды айыратын, ақ пен қараны білетін ұрпақ шығады.

Некенің бұзылатын тағы бір себебі – екі жастың ата-аналары, олар өз балаларын жақтап, әділдігіне көз жеткізбеуінде. Әсіресе, екі жастың аналарының бас араздығынан жастардың некесінің бұзылуына алып келетінін ескермей, олардың өмірлеріне кедергі келтіреді. Осыдан екі жұбайдың аралары ашылып, бір-бірін кінәлай бастайды. Жоқ жерден шу шығып, арты некенің бұзылуына алып келеді. Бұл жерде екі жақтың ата-аналары кеш түсініп, қателіктерін түзетуге шамалары жетпей қалады. Бірақ осы жағдай барып тұрған білімсіздік, ақылсыздығының куәсі.

Некенің бұзылуының тағы бір үлкен себебі – тұңғыш нәрестенің өмірге келгеннен кейін басталуы. Мысалы, оның әкесіне ұқсатпайтындығында, әкесі көңіліне алып, осы нәрестем кімге тартты деп іштей ойланып, толғанып жүргенде үйіне келген ағайын, туыс, жолдас-жоралар, көрші-қолаң «мына бала кімге тартқан, әкесіне ұқсамайды, нағашыларына тартып кеткен бе?» - дейді. Осыны естіген әке көңілінде үлкен күдік пайда бола бастайды. Әйелінің бұрынғы жүрген жігітінен, не көршілерден, немесе әйелінің жұмыс істейтін орнындағы әріптестеріне ұқсата бастайды. Осы жағдайлардан кейін араларында сенбеушілік пайда бола бастайды, не болса соған әкесі жанжал шығарып, тырнақ астынан кір іздеп, әйелімен байланыса бастайды. Түсініспеушіліктің аяғы некенің бұзылуына алып келеді. Медицина дамыған заманда баласының өзінікі екенін тексертіп көз жеткізетін әкелер жоқтың қасы. Осындай жағдайда оның өміріне басқа әйел араласып, көңілі соған ауып кеткенін өзі де байқамай қалады. Осыдан жетім бала, жесір әйел шыға келеді. Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған біздің ұлтымызға жетпегені осы еді. Дүниеге әкелген сәбиінен безінген тас жүрек әкелерден не үміт, не қайыр күтуге болады. Тірі жетімді көбейтіп көз жасына қалмайық, мұндай әкелерге жер бетінен орын бергеннен жер астынан екі метр жер де беруге болмайды.

Неке бұзылуы себептерінің келесі бір себебі – жаңа түскен жас келіннің келген жерін сыйламауы, менсінбеуі, құрметтемеуі, өзін олардан жоғары ұстауы, ерінің ата-анасын қабылдамауы, бауырларымен, туған-туыстарымен қатыспауы. Осыдан ерлі-зайыптылардың арасында жанжал шығады, аралары алшақтап, бірін-бірі сыйламайтын жағдайға жетеді, осыдан барып некелері бұзылады. Ата-анасының намысына тию – кешірілмес әдепсіздік екенін түсінген ері ондай әйелді кешіре ме? Ері әйеліне қол жұмсауға дейін баруы мүмкін, ата-анасын, туғандарын қорлаған әйелін ешқашан кешірмейді. Шынында да өз ата-анасын құрметтемейтін, олардың алдында келіндік парызын үлкен ынтамен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттерді бойына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не пайда күтуге болады? Ондай келіндердің қолынан әдептілік пен тәртіпті отбасын құру, бала тәрбиелеу келер ме екен? Бүгінгі күні жазылмас дертке кездескеніміз анық, өзінің перзенттік борышын түсінбеген, ата-анасын жерге қаратып, аңыратып, ат ізін салмай кеткендер мен жалғыз басты қарттарын кәрілер үйіне тапсырып, артына қарамай кеткендерден қандай жақсы отбасы шығады? Өзін асырап, оқытып, ел қатарына қосып, не ішемін, не жеймін дегізбеген ардақты ата-анасын жерге қаратып, тірідей өлтіріп, қара жауып, қара жердің қойнына дұрыстап шығарып сала алмаған азамат қоғамға қандай перзент сыйламақ? Дүниеде баласының қызығын көре алмаған, көз алдынан тірідей кетіп қалған ұлының қайғысынан артық қайғы бар ма? Енесімен тіл табыса алмаған, қызының сөзін сөйлеген әке-шеше баласын ешқашан бақытты қыла алмайды.

Біз ата-аналар балаларымызды жеткіземіз, оқытамыз деп жиған-тергенімізді солардың жолына ешкімнен кем болмасын, барымыз да, нарымыз да осылар, ендігі қалған өмірімізде осылардың жолына құрбан болайық, осылар адам болсын дейміз. Ата-ана өз баласының кемшілігін ешқашан байқамайды, көрмейді, елемейді, қандай жолмен жүргенін сезбейді, дос-жолдастарын да жамандыққа қимайды. Мектеп бітіргеннен кейін ұл-қыздарына бар жиғанын беріп, жоғарғы немесе орта оқу орындарына түсіріп, оқысын, ешкім кедергі жасамасын деп жеке үй сатып алып немесе жалдап тұрғызады. Бұл айтылғандардың ұл-қызы тек қана ата-анасының көңілін тауып, бәйек болып еңбек етуге тиіс, үлкендерден ештеңе сұрауға, талап етуге болмайды деген ұғым тумайды. Үй-ішінің мүмкіндіктерімен санаспай және соншалық зәруі жоқ нәрселерді – ананы-мынаны әпер деп орынсыз талап ету, сол арқылы отбасының берекесін кетеріп, ата-анасын қиын жағдайға, қарызға батырып, үйіне зиян келтіргеніне қарамай үсті-үстіне талап қоя беретін жасөспірімнің келешегіне қараңызшы. Ол болашақта қандай азамат болып шығады? Отбасы құрып, некеге отырса осы ата-анасының істеген жақсылықтарын өз баласына жасай алады ма? Балам оқысын деп жалдап, не сатып алып берген үйде не болып жатқанынан ата-аналары бейхабар. Ол үйде күнде туған күн, неше түрлі ойын-сауықтың түрлері, жолдас та, дос та көбейіп, түрлі ішімдіктер араласқасын ұл да, қыз да аяғы неге апарғанын білмей қалады. Оқу да, ар да, адамгершілік те қайда қалғанын білмей, түсінбей, бармағын тістеп қалады. Қалаға оқу оқып, ата-аналарының үмітін ақтауға келген қыздарымыздың біршамасы оқу ордасының емес, түнгі клубтардың сәніне айналған. Білім іздеп кітапхананың емес, ақша іздеп қонақ үй мен сауналардың есігін тоздырумен жүр. Ақшасын бергеннің нәпсісінің күңіне, ойнақ салып жүргендердің қолжаулығына айналған. Қазір қаншама қыз-қырқын саябақтарда жігіттермен құшақтасып, кейде мінгесіп алып отырады. Бұл біздің қазақ ұлтына жат нәрсе. Әйел адамның бұзылуы жер бетінің, қоғамның, оның ішінде қазақ үшін үлкен қасірет, қайғы, болашақ жоқтың қасы. Бұл біздің ұлтымыздың дәрежесінің төмендегенін көрсетеді. Боса да бастан қан шықты деп, «болашағым бітті, менен қандай ана шығады, құрысын мұндай өмір» деп жеңіл жолға түсіп кеткендер қаншама. Алда-жалда отбасын құрып қалса қандай отбасы шығады, қандай ұрпақ

әкелмек, осындайлардан некені қалай сақтап қалады. Өткен өмірі алдынан кедергі болады да тұрады. Сондықтан «баланы жастан, келінді бастан» деген қазақтың бір ұлы сөзі бар, осының мағынасына қарап тұрсаң үлкен мағыналы, ұлағатты тәрбиесі бар сөз. Бұл әрбір отбасының заңына айналуы тиіс. Біз бүгін мұны өмірге қолдана аламыз ба? Қарап тұрсақ отбасының өмір отын лаулатып тұрған ошақ иесі әйелдің орны да, еңбегі де алабөтен. Ертеден қалған бір сөз бар: «Әйелдері тәрбиелі болған – халық тәрбиелі, бай, дәулетті тұрады, әйелдері тәрбиесіз болған халық – тәрбиесіз, болашақ ұрпақтары нашар – берекесіз, нашар, кедей тұрады», - деп тегін айтылған емес. Бір сөзбен айтқанда, әрбір отбасының қос тіреуі, ерлі-зайыптылар өздеріне байланысты адамгершілік талаптарын, міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елімізде бейбіт, үлгілі ұрпақтарының болашағы зор, некесінің бұзылуы азаяр еді. Адам баласы, оның ішінде ерлі-зайыптылар бірін-бірі түсіну дегеніміз, сезіну, түсіну дегеніміз, келісу, түсіну дегеніміз – сыйластық, құрметтеу, отбасының бірлігі, тұрақтылығы, болашақ ұрпаққа үлкен жол, тапқызбайтын «өмір мектебі». Біздің ата-бабаларымыз артындағы ұрпақтарына айтқан аманаттары «Отаның – алтын бесігің», оны жаныңнан артық бағала, қолыңнан келгенше, кеудеңнен жаның шыққанша көзіңнің қарашығындай қорғай біл. Ол үшін берік отбасын құр, Отаныңды қорғайтын ұл-қыз өсір, олар да сенен артық Отаның, отбасың сүйіп, қорғай білсін.

Халық дәстүріне сәйкес «сүйек жаңғырту», «сүйек шатыс» деген сөздер жиі кездеседі. Бұл да үйлену, құдандалық жолына байланысты шыққан ғұрып. Бұрын құдандалы болып бірімен бірі сыйласқан екі жақ, екі ру бұрынғы іліктілікті қайта жалғастыратын болса, оны «сүйек жаңғырту» деп атайды. Яғни бұл бұрынғы үзілген құдалық қайта жалғасты деген сөз. Жалпы қазақ рулары бұрын соңды құдалық салтты бұзбай қыз алуды немесе қыз беруді үнемі қадағалап, кей жағдайларда еске салып отырған. Қанаттас, қоныстас отырған екі елдің бұл қарым қатынасы елдің тұтастығы

мен бірлігіне, әлеуметтік жағына да қатысты болған [3, 221-б]. Мысалы, ел арасындағы мәліметтер бойынша «сүйек жаңғырту» жоралғысы туысқандық, тамырластық мәселе ұзап кеткенде, ұрпақ аралық сабақтастық сақталсын деген ниетпен жасалатын болған.

Асықты жілік ұстату – ежелгі қазақ дәстүрі бойынша, асырап алатын баланың қолына міндетті түрде ер балаға асықты жілік, қыз балаға – тоқпақ жілік ұстатқан. Мәселен, ел арасында, Қолына асық жілік ілініпті. Бауырын қаңсып кісіден бала асырасаң, қолына әуелі асық жілік ұстат. Әйтпесе, ата-анасы ертең құн сұрауы мүмкін...”, - деген сөз бар.

Қазақтың бауырына бала салу салтында, бағып алған балаға асықты жілік ұстататын әдет бар. Бұл ерте кездерде, жаугершілік замандарда дүниеден өтіп бара жатқан ер азамат артында қалған жалғыз тұяғын ең жақын серттескен досына, жанашыр туыс-туғанына, дос жарандарына тапсырарда «Көзің түссе, асықты жілікті ұстата жүр» деп табыстайтын болған. Мұның мағынасы, көкірегінде жаны, жалыны бар, артымда қалған тұяғым. Тәрбиелеп қатарға қос, іске жарат, жетімдік тақсиретін тартпасын, дегенді білдірсе керек.

Сүйекке түсу немесе сүйекке кіру – қайтыс болған кісіні ақ жауып арулауды атайды. Бұған сүйекті жуудың жөнін білетін мәйіттің өзі қатарлы адамдары кіреді. Сүйегіне кіретін адамдарды марқұмның өзі де айтып кетуі мүмкін. Бұған шарифат заңы бойынша әр рудан (атадан, ата ұлынан) бес немесе жеті кісі түседі. Олардың міндеті мәйітті жуып, тазарту. Бұдан кейін марқұм әйел болса бес қабат, еркек болса үш қабат ақ мағаға ақиретке оралады.

Мәйітті жерлеудің алғашқы дайындықтарының жосын-жоралғысының бірі – «ғұсылдандыру» немесе «сүйекке түсу» болып табылады. Өлікті жуу көбінесе «сүйекке түсу», «сүйекке кіру» деп те аталады. Сүйекке кіретін адамдарды марқұм көреген болса, алдын ала белгілеп кетеді, әйтпесе оның жанашыр туыстары не басы қасында жүрген молда белгілейді.

Ол бойынша жаназаға шақырылған адамдардан басты-басты адамдар, қожа-молдалардың (қазақ рулары басым мекен ететін орталарда қожа руынан 2-3 шаңырақ орын алғандығы ескерілген) бас-аяғы жиналып болған соң, марқұм болған кісінің жақын тумаластары ақылдасып, 5-7 атаның ұрпағынан бір-бір адамның сүйекке түсуін сұрайды [4, 41-б].

XIX ғасырдағы Ақмола облысының жерлеу салты бойынша, алыстан келгендер өлген адамның отбасы тұратын киіз үйге немесе үйге кіріп амандасады, тағы да жылап сықтау, дауыс қылып жоқтау басталады. Содан соң әйелдер іште қалады да, ер адамдар біраз уақыттан кейін далаға шығып, қыс болсын, жаз болсын жақын маңдағы ашық жерге жайғасады. Өйткені көбіне жиналғандардың бәрі үйге сыймайды.

Намазшылар келгеннен кейін өлген адамның жақын туыстары ақылдаса келіп әр рудан үш адамнан шығады: олардың бірі ата ұлы – аталған елдің басшы адамы, екіншісі – молда және үшіншісі – ақсақалдардың бірі – сүйекші, яғни өлікті жуындыратын адам болды. Ата ұлы мен сүйекші бір адамда болуы мүмкін. Мысал ретінде Ақмола губениясындағы аралбай руларының бірін алсақ, байтоқа руынан біреу қайтыс болса, онда аралбай руына кіретін қалған рулар шақырылады. Және де осындай рудың ішнен ауыл ағасын, молда және ақсақалын шығарады. Бұл аталған рубасылар, молдалар мен сүйекшілер жерлеу кезінде ештеңе тындырмаса да, әрқайсысы өздеріне берілген сыйақыны алады. Мысалы, намазшы келгенге дейін Құранды осы таңдаған молдалар оқуы тиіс, бірақ алғашқыда олар әлі келіп үлгірген жоқ қой, бұлар одан әрі де ештеңеге қатыса қоймайды. Сонда да басты сыйақыны солар алып, олардың орнына бәрін атқарған ауыл молдаларының қолына ештеңе тимейді. Егер мысалы, сайланған молда он адам болса, ауылдың солар үшін Құран оқыған молдасы сыйақының оннан бір бөлігін ғана алады, басқаша айтқанда, барлығы жиылып сайланған бір молданың алатынын алады. Ал рубасыларына сыйлық ретінде «ысқат малының» «сыйыт» деп аталатын бір бөлігі тиеді. Ел ішінде «Киіт киітте қайтады, сыйыт сыйытта қайтады» деген мақал бар, яғни киіт – үйлену тойындағы күйеудің немесе қалыңдықтың әке шешесіне берілетін сыйлық – үйлену тойында сыйлық болып қайтады, ал сыйыт – өлікті жерлеу кезіндегі рубасыларына берілетін сыйлық – дәл осындай жағдайда қайтарылады.

Ал сүйекшілер сыйақыны малмен (ысқат малымен) алмайды. Оларға қлген адамның киімі беріледі. Әр қазақ өзінен кейін көбірек және мүмкіндігінше қамбатырақ киім қалдыруға тырысқан. Сондықтан бай адамдарда қымбат теіден тігілген тон – ішіктер болған, олардың бағасы кейде 10 ірі қараға татитын еді. Осы ішіктерді белгілі ру басылары ел ішінде немесе өздерінің ішінде үлкен құрметке бөленген адамдарға өлген адамнан қалған киім сыйлық ретінде берілген. Және де осы тондар ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырған.

Сүйекшілер санын мүмкіндігінше өліктен қалған киім санына сәйкестендіріп белгілеуге тырысады. Мынадай адамдар сүйекші болады деп хабарлағаннан кейін, олардың бәрі бірдей өліктің жанына

жиналады. Бірақ мұнда да өлікті көбіне тағайындалған сүйекшілер емес, туыскандардың ішінен ниет білдіргендер жқындырады: олар әрине бұл үшін ештеңе алмайды. Бірақ кейде сүйекшілердің өзіне де жұмыс істеуіне де тура келеді. Шымылдықтың ар жағында отырған молданың басшылығымен өліктің іш киімін шешеді де, астынан көрпені алып, оны дайындалған табытқа салады.

Сүйекті әдетте 5 адам жуындырады: біреуі шәугімнен жылы су құйып тұрады, екіншісі молданың айтуымен жуындырады. Ал қалғандары денені ұстап және аударып тұрады. Әйелдердің сүйегін әрине, әйелдер ғана жуындырады. Қолмен жумай, таза қолғап киіп жуындырады. Сүйекті жуған соң, оны бір жақ қырына аударып, таза сумен оның астындағы шөпті шайып, сонан соң «табыттан» түсірместен, ақ матаға (кебін немесе ақырет) орай бастайды немесе көбіне ақ киізге салады.

Сүйекке кіретін адамдардың саны 70-80 жылдары Алматы облысында 7-ге дейін жетсе, қазіргі кезеңде көбінде 5 адамнан артылмайды. Ал Қарақалпақстаннан келген қазақтарда оның саны көбіне ағайын туғанның көп аздығына байланысты 9-ға дейін жететін. Яғни сүйекке әр атадан бір-бір адам кіретін болу керек. Талғар ауданындағы Нұра ауылының тұрғыны Сатыпалды Қасымхан (албан) сүйекке түсушілердің саны кейде өлік салмағына байланысты дей келіп, кейде 5-3 адам ғана кіруі де мүмкін екенін айтады [5,112-б]. Негізінен жуатын адам біреу-ақ. Қалғаны оған көмектеседі. Жуу – алланың парызы. Жуған адам оған хақы тілемеуі керек делінеді. Қалай дегенмен де Алматы облысы қазақтарында сүйекке түсетін адамдардың саны тақ, марқұммен жұп болып шығады. Ал бұл көрініс Түркістан және Жаңақорған өңірлерінде сүйекке түсушілер саны 4 адам, ал өліктің өзімен тақ сан бесеу, яғни олар барынша жанашыр аталастар немесе аталас қожалар болады. Олардың қызметтері бірі басын сүйесе, екіншісі су беріп тұрса, үшіншісі су құйып, төртіншісі жуады. Әдетте, олар мұрындық қап, қолғап киіп жуады. Осы сүйекке түскен кісілерге, қайтыс болған адамның киім-кешектерін «теберік» («тәбәрік») ретінде таратып берген, ал мәйітті жуу үшін пайдаланған қолғапты ырым етіп жара, ісік ауруларына пайдалану үшін алған.

Саян түріктері арасында өлімді бір қара күш керек еткен соң, оның жанын, яғни «тынын» (демін) керек еткен соң алған деген сенім бар. Марқұмды олар «тоң соок» (нағыз сүйек) деп атады [2,С. 22].

Ата ұлы мен сүйекші бір адам болуы мүмкін. Әдетте, сүйекшілер сыйақыыны малмен (ысқат малымен) алмайды. Оларға өлген адамның киімдері беріледі. Әр қазақ өзінен кейін көбірек киім және мүмкіндігінше қымбаттырақ киім қалдыруға тырысқан. Сондықтан бай адамдарда қымбат теріден тігілген тон – ішіктер болған. Олардың бағасы кейде 10 ірі қараға татитын еді. Осы ішіктерді белгілі ру басылары ел ішінде немесе өздерінің ішінде үлкен құрметке бөленген адамдарға өлген адамнан қалған киім сыйлық ретінде берген. Және де осы тондар ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырған.

Ант сүйек – соғымға сойылған мал етінің сақталған ақтық (ең соңғы кәделі) мүшесі. Қазақтарда, әдетте, соғымның ең ақырғы еті ретінде жамбас сүйек сақталады, мұны қонаққа асса, қонақ: “ант сүйек салыпты, бұл үйде енді ет жоқ” – деп ойлайды.

Сүйекке таңба. Бетке салық, сүйекке таңба - салтқа, жөн-жосыққа қатысты императивті этикалық нормалардың бұзылуымен байланысты тұтас бір әулеттің, тіпті рудың ар-намысына дақ түсіретін жағымсыз әрекеттің атауы. Ел ішінде қатаң сақталатын дәстүрді аттаған адамның жүзі қара есептелгендіктен ортадан аластаған белгісі ретінде етегін кесіп, елден қуу, бас құйқасын мандайдан желкеге, оң самайдан сол самайға қарай қасқалап тілу (қасқалдақтау) сияқты әртүрлі масқаралау әрекеттері жасалған [6, 121-б].

Әдетте, дәстүр және ерекшелікті бұзғаны болса немесе оғаш қылығымен ел арасында көзге түссе, онда ол жанұясы, туған-туысқаны, айналасы тарапынан шеттетіліп «сорлы» саналатын. Бұл көрініс Орта Азия және түркі халықтарының арасында да бар.

Қазақ салтында ұзатылған қыздың әке үйіне қашып келуі бетке салық, сүйекке таңба түсіреді. Өте ұятты іс саналған. «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман» деп қыздарының барған жерінен қайтып келуін өте жек көретіндіктен, қазақ қыздары өздері келін болып барған отбасы мен ел-жұртын «өз елім, өз жұртым деп» біліп, сол өзі түскен отбасы мен ел-жұртқа бауыр басып, сонда түтін түтетіп, жақсы іс, жайдары мінезімен қиындық атаулыны жеңіп, ата-анасы ел-жұртының бетіне шіркеу келтірмеген. Қандай жағдайда да төркініне қашып-піспеген. Қайта ақылдылығы мен алғырлығы, қайсарлығы мен іскерлігі арқылы барған жеріндегі үлкен-кішімен түгел тіл табысып «текті келін, жақсы келін, іскер келін іскер келін, ақылды келін, білімді келін, би келін» атанып, ел жұрттың сый-құрметіне бөленіп отырған.

Қорытындылай келгенде, сүйекке қатысты салттардың қазіргі қазақ халқының өмірінде бар екендігі, әрі оның әр аймақта орын алуы халқымыздың этномәдени ерекшеліктерінің бірі десек те болады.

1. Шокпарұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. – Алматы, 2007.
2. Бутанаев В.Я., Монгуш Ч.В. Архаические обычаи и обряды саянских тюрков. – Абакан, 2005.
3. Кенжахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 2007.

4. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. – Алматы, 1996.
5. Қалшабаева Б.К., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының отбасына байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлер: өткендегісі және бүгіні. – Алматы, 2001. – 428 б.
6. Әжіғали С., Оразбек Е. Қазақтардың дінге сенгіштігі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. 1 –том: біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы, 2005. – 328 б. – 37-72-бб.

Ш.О. Смагулова

ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ СРЕДИ КАЗАХСКОГО И РУССКОЯЗЫЧНОГО НАСЕЛЕНИЯ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Одним из важнейших индикаторов характера и направленности развития этнокультурных процессов в Республике Казахстан является этноязыковая ситуация. По своей сущности она, с одной стороны, выражает степень реального распространения и уровень функционирования языков различных этнических общностей, с другой, отражает важные закономерности, тенденции и перспективы этнокультурных и этнодемографических процессов в республике, включая рассматриваемый регион. Анализ этноязыковой ситуации значительно конкретизирует наши знания о многообразии форм этнического взаимодействия, взаимовлияния традиционно-бытовой культуры и единой общеказакстанской системы ценностей.

Важно отметить, что этноязыковая ситуация в четырех областях Северного Казахстана (Акмолинской, Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской) в силу своей большей динамичности и пластичности гораздо сложнее и демонстрирует значительно большее разнообразие вариантов по сравнению с этнической ситуацией в республике. И если самосознание, фиксированное в самоназвании, отражает либо в прямой, либо в опосредованной форме этническую структуру, то этноязыковые процессы не всегда являются адекватным отражением этнического самовыражения или самосознания.

Рассмотрим дифференциацию различных народов по степени отношения к языку своего этноса. Согласно материалам переписи 1999 г., от 96,5 до 99,7% казахского населения, проживающего в Северном Казахстане, указали, что владеют родным языком. Аналогичные показатели русского населения во всех четырех областях региона составили 100,0%. Лишь небольшая часть немцев (от 19,6 до 23,7%), украинцев (от 11,6 до 16,0%), белорусов (от 11,3 до 13,8%) и поляков (от 6,3 до 10,8%) знают родной язык [1, с. 50, 122, 149, 158]. Причем, процессы снижения степени функционирования ряда языков в качестве этнодифференцирующих признаков того или иного этноса фиксируются достаточно отчетливо при сравнении с данными предыдущих переписей населения. Так, например, в Павлодарской области у украинцев рассматриваемый показатель понизился с 61,9% в 1959 г. до 51,5% в 1970 г., с 39,5% в 1979 до 34,1% в 1989 г.; у белорусов – соответственно 62,7–50,2–35,6–31,5% [2–4, с.423]. Это убедительно свидетельствует о контактном характере этнокультурных процессов в регионе и более высоком уровне интеграционных факторов в его развитии.

В исследуемых областях Северного Казахстана по сравнению с другими регионами республики динамика функционирования национальных языков несколько отличается. С одной стороны, в Казахстане и в областях Северного Казахстана в отношении казахского и русского этносов этноязыковая ситуация носит примерно аналогичный характер. С другой, – в южных регионах республики, как например, в Южно-Казахстанской области среди немцев, украинцев, белорусов и поляков наблюдается более высокий удельный вес населения, ориентированного на язык своего этноса, который в 1999 г. составлял соответственно 34,0–30,5–21,0–37,5% [1, с.167].

Особого разрыва между сельской и городской средой в степени функционального использования национальных языков в исследуемом нами регионе не отмечено, за исключением казахского языка, роль которого еще выше в сельской местности.

Очевидно, что для казахов, у которых в сельской местности наблюдается больший удельный вес традиционных элементов культуры и ценностных ориентаций, значимость родного языка выше, а сфера его функционирования значительно шире, нежели в городе. Язык своего этноса играет большую роль в качестве этнодифференцирующего признака. Поэтому темпы снижения престижа и распространения языка своего этноса на селе заметно меньше по сравнению с городской средой.

В целом, процесс осознания этноязыкового развития отличается большей пластичностью и живее откликается на закономерности развития этнокультурных процессов по сравнению с

собственно этническими и особенно этнопсихологическими явлениями, т.е. прежде всего этническим самосознанием. Фактически мы можем говорить о том, что язык своего этноса не всегда является признаком этнического самовыражения и идентификации. Причем возрастание значимости данного явления свойственно всем этническим группам, за исключением казахского и русского этносов. Для этих народов язык по-прежнему сохраняет свое этнодифференцирующее значение, тогда как в отношении других этносов прослеживается снижение значимости данного индикатора. Несомненно, что в этом случае речь идет о реальном существовании интеграционно-ассимиляционных процессов, формировании единой системы этноязыковых реалий. Как известно, языком межнационального общения в республике выступает русский язык. Для уточнения высказанных положений необходимо рассмотреть отношение различных этносов в зависимости от их образа жизни к русскому как к родному языку, обеспечивающему социальное функционирование и жизнедеятельность человека вне зависимости от его этнической принадлежности. Как показывает сравнение материалов переписей, русский язык во всех областях Северного Казахстана становится средством этноязыкового развития для большей части нерусского населения. Это особенно наглядно видно на примере немецкого, украинского, белорусского и польского населения. Среди них возрастание удельного веса русскоязычного населения происходит ускоренными темпами. Так, по переписи 1999 г., в исследуемом регионе на владение этим языком указали от 98,6 до 99,8% представителей указанных четырех этносов. Эта тенденция фиксируется довольно четко как в городской, так и в сельской местности. Те же процессы наблюдаются в регионе и при рассмотрении языковой ориентации казахов, хотя и в меньшей степени по сравнению с перечисленными выше этносами. Так, среди них на знание русского языка в целом указали от 88,7 до 92,8%. Интересно, что на селе, также как и в других случаях, масштабы этого явления несколько меньше. Например, среди сельских казахов они колеблются в пределах 85,5–91,3% [1, с. 56, 128, 159, 164].

Иная картина в городе, здесь динамика процессов освоения русского языка в качестве основного или второго языка независимо от этнической принадлежности значительно интенсивнее по сравнению с сельской средой. Например, в Акмолинской, Костанайской, Павлодарской и Северо-Казахстанской областях соответственно 94,8–96,4–96,4–95,5% казахов владеют этим языком [1, с. 53, 125, 152, 161].

В целом можно говорить о необратимости процессов утраты родного языка и постепенной замене их русским языком среди немцев и славянских этносов. При этом русский язык является не просто средством межнационального общения для ряда этносов и этнических групп, он становится фактором этнического самовыражения. Вследствие этого очевидно, что зафиксированная тенденция этноязыкового развития не просто отражает динамику ассимиляционных процессов в Северном Казахстане, но прежде всего, важные закономерности в развитии этноязыковых и этнокультурных процессов в республике. Наибольшая восприимчивость к переходу на русскоязычное самовыражение и утрата родного языка имеет место у субэтнических групп населения, проживающих за пределами территории основного расселения. Значение казахского языка в качестве родного языка для представителей иноэтнических групп населения невелико. Более или менее отчетливо оно прослеживается только лишь в отношении тюркоязычного населения региона – татар, башкир и др.

Важнейшим фактором развития этноязыковых и этнокультурных процессов является двуязычие. Оно обеспечивает коммуникативную функцию языка среди представителей различных этнических групп, способствует взаимообогащению и взаимодействию национальных культур. Оно возникает естественным путем в связи с общественной потребностью в общении в условиях экономического, политического и культурного контакта.

В Северном Казахстане значимость двуязычия среди разных этносов неодинакова. Как свидетельствуют материалы переписей, значение двуязычия для казахского населения постоянно возрастает. Так, если в Павлодарской области в 1970 г. двуязычным было немногим более 60,2% казахов, в 1979 г. – 76,9%, в 1989 г. – 82,5%, то в 1999 г. – уже 92,6%. Среди русского населения области эти показатели были следующими – 1,8–1,0–1,1–12,1%. В отношении других этносов фиксируются, наоборот, процессы снижения двуязычного населения: у немцев за указанные годы – 66,3–55,6–47,9–30,5%, у украинцев – соответственно 42,9–36,1–30,9–23,5%, белорусов – 45,2–39,6–34,4–21,9% [1, с. 148; 4, с. 423].

Сопоставление данных по двуязычию с общереспубликанскими показывает, что в исследуемом регионе доля двуязычного населения среди казахов как в городе, так и на селе выше по сравнению с аналогичными показателями по республике. Если по Казахстану в целом доля казахского двуязычного населения составляла в 1999 г. 74,5%, в том числе 83,5% в городе и 67,5% на селе, то в Акмолинской

области эти показатели соответствовали 87,7–93,1–84,9%, в Костанайской – 88,0–91,4–86,1%, в Павлодарской – 92,6–95,1–90,2% и в Северо-Казахстанской – 92,4–95,6–91,4%. Иные показатели у других этносов. При сравнении видно, что двуязычие в Северном Казахстане среди них распространено в меньшей степени, чем в целом по республике. Так, например, у русских доля двуязычного населения в 1989 г. по республике составляла 1,5%, в том числе в городах – 1,3%, а в селах – 2,2%. В изучаемых областях региона это соотношение колебалось в пределах 0,4–1,1%, в том числе в городах – от 0,3 до 1,1%, а в селах – от 0,5 до 1,6%. Идентичные показатели были свойственны и для европейских этносов, контактирующих с казахами. Если обратиться к переписи 1999 г., то на владение двумя языками указали по Казахстану уже 16,1% русских, в том числе в городах – 16,1%, а в селах – 15,9%, тогда как в изучаемых областях региона, соответственно от 9,1 до 13,3%, в том числе в городах – от 10,3 до 13,2%, а в селах – от 7,6 до 13,7%. Схожие процессы наблюдаются среди украинцев, белорусов и немцев.

В целом, сравнительно-сопоставительный анализ материалов переписей свидетельствует, во-первых, о возрастании доли двуязычного населения среди казахов и русских; во-вторых, о снижении удельного веса двуязычного населения среди других этнических общностей, проживающих в Северном Казахстане; в-третьих, о более высокой доле двуязычного населения среди горожан по сравнению с сельскими жителями вне зависимости от их этнической принадлежности. Вместе с тем имеют место несовпадения в степени распространения двуязычия при сравнении областных с общереспубликанскими данными, которые в значительной степени зависят как от этнической принадлежности, так и от образа жизни и социокультурных параметров межэтнических процессов.

Двуязычие, получившее распространение в регионе в основном носит «национально-русский», либо «русско-национальный» характер. Структура двуязычия в значительной степени обуславливается этническими факторами и направленностью этнических процессов в Северном Казахстане. Так, по переписи 1999 г., среди казахского населения преобладает преимущественно казахско-русское двуязычие, которое в Акмолинской, Костанайской, Павлодарской и Северо-Казахстанской областях составляет соответственно 99,1–98,9–99,1–99,5 %. Интересно, что среди других этносов удельный вес национально-русского двуязычия меньше по сравнению с казахско-русским двуязычием. Так, в указанных областях у украинцев он равнялся 92,9–90,4–91,1–93,9%, белорусов – 93,7–91,5–91,3–94,3%, немцев – 91,2–87,2–87,9–91,9%. С другой стороны, среди русского населения полностью преобладает русско-казахское двуязычие, которое в упомянутых нами выше четырех областях достигает 92,2–94,1–90,9–92,9% [1, с. 50, 122, 149, 158]. Вместе с тем прослеживается дифференциация по рассматриваемому комплексу вопросов в зависимости от образа жизни. Так, в среде городского казахского населения удельный вес казахско-русского двуязычия колеблется в пределах 98,2–98,7%, что ниже, чем у сельского населения, где этот показатель равняется 99,6–99,8%. Примерно аналогичные тенденции мы имеем по украинско-русскому (90,5–22,7% в городе и 91,7–94,4% на селе) и белорусско-русскому двуязычию (91,4–93,5% в городе и 91,0–94,6% на селе), немецко-русскому – среди немцев. Значительно отличаются в этом смысле данные по немецко-русскому двуязычию – 84,4–90,1% в городе и 87,1–92,6% на селе.

Таким образом, степень распространения русского языка, национально-русского двуязычия находятся в прямой зависимости от этнодемографической и этнокультурной ситуации в регионе. Например, в районах, где выше удельный вес и численность казахского населения в силу отсутствия или недостаточности языковой среды для общения, больше доля только казахоязычного населения, ниже процент двуязычия в среде казахов, а также выше удельный вес русского населения, владеющего казахским языком. И, наоборот, в полиэтнических районах региона с возрастанием русского населения уменьшается доля знающих казахский язык, увеличивается численность только русскоязычного населения; там же выше доля казахско-русского двуязычия, уменьшается удельный вес только казахоязычного населения.

Таким образом, этноязыковые процессы в Северном Казахстане характеризуются сложностью и рядом отличительных черт по сравнению с этноязыковой ситуацией в республике в целом. Будучи этноконтактной зоной Северный Казахстан отличается большей интенсивностью процессов утраты национальных языков дисперсными субэтническими группами, проживающими за пределами территории основного расселения; значительным развитием национально-русского и русско-национального двуязычия; широкими масштабами функционирования русского языка не только в качестве языка межнационального общения, но и в качестве родного языка для все более значительной части нерусского населения;

определенными сдвигами в знании государственного казахского языка европейскими этносами; ускорением процессов изменения языковой ориентации, реального бытования языков в городской среде по сравнению с сельской.

1. Национальный состав населения Республики Казахстан. Т. 2. Население Республики Казахстан по национальностям владению языками / Итоги переписи населения 1999 г. в Республике Казахстан. Статистический сборник. – Алматы, 2000. – 272 с.
2. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 г. КазССР. – М., 1962. – С.162, 164, 166.
3. Численность и состав населения СССР. По данным Всесоюзной переписи населения 1979 г. – М., 1984. – С.116-117.
4. Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 г. Национальный состав населения Казахской ССР, областей и г.Алма-Аты. – Алма-Ата, 1991. – 555 с.

Э.Ә. Арызгулова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

Көп ұлтты Қазақстан Республикасында ХХІ ғасырдың басында 130-дай этностар тұрады. Сондықтан олардың әрқайсының өзін-өзі басқарулары мен ұйымдастырулары қоғамды алаңдатпай қоймайды. Қазіргі кезде Қазақстанның шағын этникалық топтардың ұлттық-мәдени орталықтары тек өздерінің диаспораларының ағартушылықтарына ғана емес, сонымен қатар оны этникалық және мәдени жобалада көп ұлтты мемлекеттерде сақтап қалуына бағытталған шаралар қатарын өткізуде. Бір уақытта ұлттық-мәдени сұраныстарды қанағаттандырушы құралдар мен өкілеттіліктер қызметімен қатар алып жүруді көздеген.

Қарастырып отырған тақырыпта біз Қазақстандағы шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтарға әлеуметтік-саяси және демографиялық аспектілердің енуін салыстырмалы түрде зерделейміз. Ұлттық-мәдени орталықтардың құрыла бастауы 1980-ші жылдардың аяғында, яғни тоталитарлық жүйенің соңғы кезеңінде болғандығы баршамызға аян. Екіншіден, Қазақстан Республикасының ішкі саяси ахуалына демографиялық және миграциялық процестердің тигізетін ықпалын ұмытпауымыз қажет. Халықтың миграцияға деген жылжымалдығын жеделдету жолымен этностарды кезінде «жақындастыру» әрекеті, шындығында бұрынғы Кеңес Одағының жалған интернационализмінің идеологиясының тасасында ұлы халықтың пайдасына бола басқа шағын және әлсіз этностарды ассимиляциялауға ұмтылған эззіл саясаты еді.

Миграция бір жағынан бұрынғы КСРО-ның жерінде ешкімнің басқаруынсыз, ешкімнің бақылауынсыз өз бетінше, былайша айтқанда стихиялы түрде жүрді. Бұндай тәртіпсіз өктем миграцияның салдарынан Кавказ бен Орта Азиядағы, Балтық жағалауы мен Молдавиядағы және Қырымдағы ұлтаралық жанжал осы уақытқа дейін басылмай отыр. Сондықтан бұрынғы отаршыл саясаттың қасақана жасаған озбырлық миграциялық қысымнан кейін этностар арасындағы қарым-қатынасты ерекше қадағалап, зерттеуді және жанжалдан алдын ала сақтандыруды талап етеді. Миграциялық процестер тиімді түрде реттеуді, ел ішінде басқаруды, дұрыс қоныстандыруды талап етеді. Онсыз тәуелсіз Қазақстанның толық дәрежедегі мемлекет болып қалыптасуына кесірін тигізері анық. Кейбір Ресей зерттеушілерінің пікіріне қарасақ, ұлтаралық тұрақтылық қазақтардың әлсіздігінен, ал екіншіден орыстардың сол елде әлі күшті өктемдігі арқасында «қамтамасыз» етілетін көрінеді. Демек, олардың ойынша бұл тұрақтылық болашақта қазаққа қарсы күш теңескенде, бұзылып кетуі мүмкін. Екі халықтың толеранттық дәстүрлі ұстамдылығын олар мүлдем естен шығарған сияқты.

Мемлекетімізде 1980-ші жылдардың екінші жартысында қайта құруға байланысты әкімшілік-ұжымдық жүйеде дағдарыс туды. Мемлекеттік-құқықтық және саяси институттар қоғамдық мекемелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмады. Мемлекеттік билік органдары, басқарма, қоғамдық ұйымдар бұқара халыққа емес, коммунистік партияға қызмет атқарды.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, саяси дағдарыс немесе саяси өзгеріс бұқара халықтың белсенділігін көтереді, этникалық ерекшеліктеріне қатысты қоғамдық бірлестіктердің дамуын жетелдетеді. Саяси дағдарыс немесе саяси өрістеу деп анықталатын қайта құру негізінде әртүрлі диаспораларда қоғамдық ұйымдарда, орталықтарда ұлттық-мәдени армандарының орындалуына, қоғамның жаңғыруына өзіндік үлестерін қосатындығына үміттері болды [1].

КСРО-ң күйреуі және тоталитаризмнен бастартулары тек тәуелсіз мекемелерді ғана емес, сонымен қатар жаңа саяси партиялар, азаматтардың қоғамдық қалыптасуын, этникалық ерекшеліктеріне байланысты қоғамдық-саяси қозғалыстарды, ұлттық-мәдени бірлестіктер түрлерін құруға әкелді.

Осының бәріне белгілі бір жағдайлар, барлық қазақстандықтарға көрініп тұратын кедейшілік, орталық диктатураның шексіз билігі мен тоталитарлық жүйенің ашықтан-ашық насихаттарының озғырлығы бұқара халықтың, соның ішінде шағын этностар өкілдерінің өміріндегі жақсы жағына қарай өзгертуінің мүмкін еместігін ұмытпауымыз қажет. Соның барлығын еске түсіріп келесі сауалды ескеру қажет: өзінің күллі «сәнімен» социализмнің құрдымға кеткеніне өкінудің қажет еместігі.

Ақиқатқа келетін болсақ: Қазақстан бұрынғы КСРО халық шаруашылығы кешенінің» ықпалынан айрыла алмай әлектенген тәуелеіздігіміздің алғашқы жылдары да қазақстандықтарға көп қиындықтарды өткеруге тура келді. Мұның үстіне республиканың толық экономикалық дербестігі, қалыптасқан әрі салиқалы, экономикалық жағынан тиімді шаруашылық байланыстарды түпкілікті ұзу жағдайына әкелді. Сол кездің өзінде-ақ республиканың басшылары экономикалық интеграцияның қажеттігі туралы бар дауыспен жар салды. Кейіннен өмірдің өзі сол әрекеттің дұрыстығы мен көшелілігін толығымен қуаттады.

Бірақ, республика басшылары Мәскеу жүргізіп отырған, әлсін-әлсін дағдарыстың кезекті құрылымына итермелеген саясаттың аласапыран толқынында қалт-дұлт етіп кете бармады. Баға бірден босатылып, барлық бұрынғы кеңестік республикалар есеңгірерлік соққы алып, орны толмас күйзеліске ұшыраған 1992 жылдың қаңтарына дейін солай болып келді.

Тек өзіміздің ұлттың валютасын енгізгеннен кейін ғана республика осы бір қауіпті кеселді өз бетімен емдеуді қолға алып, тәуелсіз экономикалық, бағыт жүргізе бастады. Сондықтан инфляцияны ауыздықтауға көпұлтты елімізге екі жылдан астам уақыт керек болды.

Бүгінгі таңда еліміздің қоғамдық, және экономикалық өміріне барған сайын сенімдірек қадам басқан мектеп оқушылары, әлбетте, біздің жеті-сегіз жыл бұрынғы бол-мысымыздың салты мен психологиясын білмейді. Бірақ бұл олардың ата-анасының есінде жақсы сақталған. Олар балаларына сол уақыт туралы шындықты айтып берсін.

Азаматтардың этникалық ерекшеліктеріне байланысты қоғамдық бірлестіктердің пайда болуы саяси-құқықтың жаңалықтарымен бейімделді. Оларға нормативтік актілер, қоғамдық бірлестіктер туралы заң шығаратын орынды қабылдау, дүниеге өзгеше көзқарастарды тұтқындауды тосқауылдау, ереуілдерге, жиналыстарға, митингілерге шығуға азаматтардың толық құқылы екендігі және ақпараттарды тарату саласында цензураға еркіндік бермеу және т.б. кіреді.

Шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтарының қалыптасуына қазақстандық диаспоралардың тығыз қоныстануы, өзіндік мәдени және конфессионалдық қатынастарының кеңейе түсуі, сонымен қатар ұлттық саяси-дәстүрдің жаңғыруы айтарлықтай үлкен себеп болды. Сонымен қатар аталмыш ұлттық-мәдени орталықтар орыстанып кеткен неміс, украин, поляк, кореец және т.б. шағын этностардың ұлттық сана-сезімін оятуға айтарлықтай қызмет істеуге бағытталды.

Ұлтаралық қоғамдық бірлестіктер институттарының қалыптасуына елеулі ықпалды этнодемографиялық аспект тигізді. Негізінен орыстар, немістер, еврейлер, украиндер, белорустар, татарлар, гректер, поляктар, молдавандар, чешендер, ингуштар, әзербайжандар және т.б. этностар өз тарихи отандарына қайтып жатты. Лек-легімен үдере көшіп-қону немесе бүгін емес, «тың жерді» сәтті игеруден кейін-ақ басталды. Содан соң бұндай көрініс Кавказ бен Қырымнан және Еділ бойынан, тіптен Қиыр Шығыстан Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтарға өздерінің ежелгі атамекендеріне қайтуларына рұқсат берілгеннен кейін одан сайын күшейді. Бұдан кейін республикамыздан халықтың эмиграцияға қопарыла көшуінің біртіндеп бәсеңдейтініне байланысты, 12-15 жылдың ішінде біршама тұрақтанатынын байқауға болады. Қазақстан Республикасынан аталмыш этностардың көшіп кетуін төмендегі себептерімен түсіндіруге болады:

- Қазақстанның тәуелсіздік алуы және жергілікті қазақ халқының іс жүзінде титулдық этносқа айналуы;
- республика экономикасының бұрынғыдай экстенсивтік жолмен дамуының шектелуі;
- Сібір, Байкал-Амур магистралі және т.б. Ресей Федерациясындағы жұмыс күшін талап ететін басқа да өлкелерге орыс, орыс тектес және еуропалық халықтардың Қазақстанмен салыстырғанда жалақының көптілігіне қызығуы;
- ауылдық елді мекендердегі жұмыс күшінің «ауылдан - қалаға» қозғалысына енуі;
- ауылдан келген жергілікті мигранттардың көп жағдайда жатаханаларда тұруы мемлекет үшін

арзан жұмыс күшіне айналуы және олардың бұрынғы келімсек халықтардың өндіріс немесе жұмыс орнына келуі [2-3].

Сонымен, Қазақстанның келешектегі тұрғылықты халқының «сұрыпталған» азаматтығы іріктеліп шығатындығы белгілі. Бірыңғай азаматтық сұрыптау ағымының барысына ешкімді өз тұрғысынан әдейілеп араласпағаны білініп тұрғандықтан, өздігінен жүріп жатқан стихиялық өзгерістер болып көрінуі мүмкін. Бірақ ол қазіргі экономикалық қиыншылық жағдайдың ықпалынан екені белгілі.

Сондықтан еңбек, демографиялық, миграциялық және т.б. секілді өмірлік мәселелердің қанағатсыздырмауы ұлттық-мәдени орталықтарын құрудың алғы шарттарының бірі болып отыр.

Этникалық диаспоралардың ұлттық-мәдени сұраныстарымен және ұлттық-мәдени орталықтардың пайда болуымен өзара байланысын ұмытпауымыз керек. Өткізіліп отырған шаралар тереңнен емес үстіртін қамтылған. Мәдени-ағартушылық жұмыстар қазақ және ұлттық тілдерге қарағанда орыс тілінде басым жүргізілді. Теледидар мен радиохабарлар бағдарламалары негізінен орыс, қазақ, неміс, кореец және ұйғыр тілдерінде жүргізілді.

Республикамыздағы шағын этностардың рухани мәдениетіндегі қайшылықтарды жеңуі мен көптеген шешілмеген мәселелерді қамтуы ұлттық-мәдени орталықтарды ашудың басты себебі болды.

Өткен ғасырдың 80 жылдарының аяғы мен 90 жылдарының басында республикада 34 ұлттық-мәдени орталықтар Қазақстан Республикасының қоғамдық және аймақтық бірлестіктер жөніндегі Конституциясы мен Заңдарына сәйкес өз қызметтерін жүргізді.

Қарастырылып отырған мәселеге сәйкес келесі төрт хронологиялық кезеңнің қалыптасуын айтқан жөн. Бірінші кезең: 1977-1989 жылдары. Осы уақытта ұлттық-мәдени орталықтардың дәрежесі, олардың міндеттері мен өкілеттілігі «кемелденген» социализмнің теориясы мен тәжірибесінің қатаң сәйкестігімен айқындалды. Екінші кезең: 1989-1991 жылдары. Ұлттық-мәдени орталықтарды реттеу үшін 1989 жылдың 14 сәуірінде Қазақ КСР Жоғары кеңесінің «Жеке қоғамдық бірлестіктердің құрылу тәртібі мен қызметі» туралы Жарлығының күшіне енуінен басталып, 1991 жылдың 27 маусымында «Қазақ КСР-ғы қоғамдық бірлестіктер» Заңына дейін. Үшінші кезеңнің хронологиялық шеңберінің 1991 жылдың 27 маусымнан басталып, «Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылдың 30 мамырдағы жаңа заңды қабылдағанға дейінгі уақытты қамтыды [4].

Аталмыш мәселенің материалдарын қорытындылай келе түйіндейтініміз: 1980-ші жылдардың екінші жартысында кеңес қоғамын, оның саясатын, идеологиясын, әлеуметтік-демографиялық құрылымын және т.б. жүйелік элементтерін қамтыған шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтарға өзгерістер мен қозғалыстардың барлық контекстісінен көрініс тапты. Коммунистік партияның ресми түрде жария еткен «қайта құруы» шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтарының өсуі мен нығаюына үлкен септігін тигізді.

1. Карсаков И.Б. Общественно-политическая жизнь Казахстана (1985-1997 годы): Автореф.дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1996. – С.17-18.

2. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. – Алматы, 2001.

3. Берлібаев Е.Т. Көші-қон процестері. – Алматы, 2009.

4. Тлепина Ш.В. Национально-культурные центры Республики Казахстан (1985-1995 гг.): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1997.

Е.Е. Айдарханова

АҢ-ҚҰС, ЖАН-ЖАНУАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМ, ЫРЫМ-ТИЫМДАР ЖҮЙЕСІ

Қазақ халқының ежелгі ата-бабалары «бұғыны» қасиетті жануар ретінде тотем санаған. Алтайлықтардың тотемдік ерекшеліктерін археологиялық және лингвистикалық тұрғыдан зерттеген ғалым Л.П. Потапов: «Алтай халықтарымен бірге урянхай, сояттарда да тотем болған», - дейді. Сол секілді қазба жұмыстары барысында табылған бұйымдарда бұғы, марал мүсіндерінің көптеп кездесуі бұғының тек Алтай халықтарында ғана емес, қазақ-қырғыздарға да тотем болғанын дәлелдейді. Оның үстіне қырғыз тумаларының түп атасы бұрын Енесей (Енесай) бойында мекендеп, әрі Алтай халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болғанын дәлелдейтін деректер де бар. Әлі күнге дейін қырғыздар «мүйізді енеден» таралғанын аңыз етіп айтады [1, 44 б.].

Бөріге табынуды Оғызнама – жырынанда көре аламыз: «Көк бөрі» оғыз қағанына: «О, Оғыз! Мен сені бастап барайын», деп тілдескен. Түркілер «көк бөріге» құрбандық шалып, оған өздерінің көсемі ретінде сыйынып жүрген. Бөріге табыну қиын шақтарда ерекше орын алған. Қыпшақ ханы Боняк венгрлерге қарсы жорыққа аттанудан бұрын орманға барып қасқырша ұлыған, оған қасқырлар да ұлып, жауап қайтарған. Сонда Боняк соғыста жеңіске жетеміз, жолымыз болады деп қуанса керек. Бөріге табыну қазақтарда да белгілі. Қазақтар балаларға, не жақсы атқа (бәйге аттарға) тіл тимеу үшін бөрінің қылынан, тырнақ, тағы басқа көз, тіл сияқты мүшелерінен тұмар жасап тағып қоятын болған. «Бөрінің құдайы бар» деген мәтел де бекер айтылмаса керек [2, 39 б.].

Осы бір тұз тағысын тілге тиек еткенде, елең етпейтін жан жоқ шығар. Табиғатына дүлей долылық, қайтпас қайсарлық және жанкештілік тән қасқырға қазақ халқы «ит-құс», «ұлыма» деп жанама ат қойғаны да мәлім. Қанша қаскөйге баласақ та, бөрілік болмысты қазақы сана тектілікке жатқызады. Түркілер ескі аңызға сүйеніп, өздерінің ғұн бекзадасы мен қаншық қасқырдан тараған ұрпақпыз деп санайды. Жаратылысы нашар болса, туысын да парша-паршасын шығарып қылғыта салатын, «табиғат санитарлы» атанған, терісін тірілей іресе де, қыңқ демейтін, көзінен от шашып тұратын көкжалдардың адамдарға қайырымдылық қылған кездері де болған. Мәселен, далада адасқан аяғы ауыр келіншекті бір топ қасқыр шабуылдаудың орнына суықтан қалқалап, қамқорлап ауылға аман-есен жеткізіп салған хикаяттары да болған.

Тарихты сүзсек, бөрілік ұлт ұстыны болған екен. Байраққа таңбалыныпты. Жанары отты, жүрегі түкті азаматтарды қазақ халқы арланға балайды. Түркілік тұңғыш тілтанушы Махмұд Қашқари (XI ғасыр) бабамыздың дерегінде де тамаша дәйектеме бар. Онда бөрінің бір апта бойына ауамен қоректеніп, ашығатыны туралы дерек келтіріпті. Нәрсіз, сусыз жүре береді екен. Қақпанға түссе, сирағын азуымен қырқып құтылатындығы да бар екен [3, 10 б.].

Қазақ халқы итті жеті қазынаның біріне балап, бағзы замандардан бері жанына серік етіп келеді. «Ит – адамның досы» деп қора-жайын күзеттіріп, осы бір төрт аяқтыны үйіміздің ажырамас бір мүшесіне айналдырдық [4, 14 б.]. Иттер – атақты, асыл тұқымды, аңшылық қанына сіңген пәлелер. Аңшылықты иесіне өздері үйретеді. Иттер қасқырдың алыстан сезілген иісін шалады екен. Бұл кезде қаншық қасқырлар жалғыз жүрмейді, бөлтірігін ауыздандырып бірге жүреді [5, 198 б.].

Құйрығын шаншып ала жөнелгені – түлкінің қаншығы болады. Оның басы құйрығының түп жағында емес, қалай қарай жүгіріп бара жатса сол жағында. Құйрығының түп жағынан киліксең бет аузыңа сарып кетеді [5, 205 б.]. Қыстың орта кезі болса қаншықтың иісі тіпті күндік жерден танылады. Бірінші соғылған аңды – аңға бірінші рет шыққан адамның қанжығасына байлап алып қайтады. Ырымы сол [5, 209 б.].

1895 жылы «Дала уалаятының газетінде» жарияланған «Қазақтардың аң аулауы» атты мақаласында: «Егерде бір аңды атып алса, өздерінің рәсімдеріне қарай, қасындағы жолдастарының ең үлкеніне байлайды», «күндыз алса жүн-терісін мергеншінің өзі иеленеді, бауыр терісін жолдастары иеленеді», «аң аулауға алғаш рет шыққан мергенші немесе жаңа мылтық сатып алған, жаңадан бапталған құс, жаңадан үйретілген тазымен шыққан аңшылар алған аңдарын біреуге байламастан, ырым қылып өзі алады» және «қазақтар шарият бұйырған адал аң-құстарды аулайды», – деген мәліметтердің айтылуы қазақтар арасында аңшылық кәсіпке қатысты өзіндік әдет-ғұрыптар, ырымдардың болғандығын дәлелдей түседі [6, 106 б.]. Сыр бойындағы қазақтардың аңшылыққа қатысты өзіндік ырымдарын да Ә.Диваев Перовск уезі қазағы Мақан Шықтыбаевтан жазып алған: «Аңдағы бірінші олжа ешкімге сыйланбайды, бірінші олжа қоян, ал кейінгісі қасқыр немесе түлкі болса да солай етеді. Атып алған құланның немесе жабайы ешкінің басын немесе сауырын аңды атқан аңшының міндетті түрде өзі пайдаланады, ал қалған ет оның серіктес аңшыларымен бірдей етіп бөлінеді» [6, 167 б.]. Бұл жерде аңдағы бірінші олжаны өзіне қалдыруы несібем өзімнен кетпесін дегені, ал, олжаны аңшылардың бірдей бөлісуі жолдастықты, «өле жегенше бөле жейік» деген қазақы көңілді білдіреді. Ертеде оғыздар ұлын 15 жасқа толғанда құс салып, аң аулауға алып шыққан. Алғашқы аңшылығы деп шешесі аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойып той жасаған, бұл аңшылыққа жол ашуға ырымдалған [7, 132 б.]. Сыр аңшылары аңға шығар алдында қара қазанға суды құйып қақпағын жауып кетеді, бұл да жолашар есебінде жасалады, себебі қазанды қасиетті, аңды олжалауға ниетті санаған. Аңшыны әйелі «қанжығаң майлы болсын, қазан аузы жоғары», – деп айтып, шығарып салады [8, 186 б.].

Иттер адамнан ақылды болады. Бірі – қасқырды қуып кетсе, біреуі – алдынан тосқауылдауға кіріседі. Аңға шыққанда далақтап шауып, айқайлап, шулап аңды күндік жерден үркітуге болмайды [5, 214 б.].

Көшпелі қазақтар тазы иттің ең сирек кездесетін түрі құмай тазыға ерекше мән берген. Әрі құмай тазы ең сирек кездесетін түрі. Ә. Диваевтың айтуынша, Перовск, Қазалы және Шымкент уезі қазақтарының

нанымында құмай итала қаздың жұмыртқасынан пайда болған. Итала қаз жұмыртқасын елсіз және биік төбелердегі ескі, айдаладағы молаларға салады екен. Құмай ұстаған адам берекеге кенеледі деп сенген. Ә. Диваев «бұл сенімнің күштілігі және шынайылығы сондай, тіпті қазіргі жас ұрпаққа да берілуде», – деген [6, 105 б.]. Тазы итті қазақтар аңға салған. Көшкенде ескі жұртта қалдырмаған. Құмай тазыны қасиетті санаған. Ертеректе дос-жекжат, құда және туыстан ит алмаған, ағайынның арасы сөгілмесін деген, қазір бұл ырым сақталмаған. Итті қасиетті санағандықтан жаңа босанған әйел тісім түсіп қалады деп, киіз үйге кірген итті қумаған. Итті күндіз, түнде де дұшпандарды біліп тұрады, ит үйдің етегіне келіп бұтын көтеріп сисе, құт құйды дейді. Ал, иттің пысқырғанын, ұлығанын жамандыққа санайды. Итке кеш батқан соң тамақ құймайды, бұл шаруа-тірлікті күн жарықта жасап ал деумен, әрі түнде ит сақ болсын дегенмен байланысты.

Үй маңына байғұс келіп бақылдаса, жамандыққа жорыған. Байғұс ескі жұртты, ескі қыстауды мекендейді деген, үй жанына келіп бақылдауын жамандық хабарға ескерту деп сенген. Ертеректе үйдің шаңырағына байғұс қонса – ол үйдің орнын ауыстырып, басқа жерге тігеді екен, жамандыққа жорып, сол шаңырақты дереу отқа жағып жібереді екен. Түн құстарынан қорқу қазақтар арасында көп кездеседі. Үйге жапалақ кірсе, қуып шығуға тырысады, жапалақ сиіп кетсе, бетке сепкіл түседі деп сенеді, енді біреулер үкі көрсе шошиды [8, 198 б.]. Түн құстарынан қорқу тылсым табиғаттың құпия жұмбақтарының қыр-сырларын әлі ашпаған, аша алмаған кезеңдерден қалған әдет болса керек немесе түн құстары адамдардың тыныштығын бұзады, түнде байғұс сияқты құстың бақылдауы, иттің түнде ұлуы сияқты жамандық шақырады деген үрейден туындауы да мүмкін. Ал, жұтшы деген құстың киіз үйдің шаңырағына, ескі қонысқа келіп қонуы жақсылықтың нышаны. Түнде байғұс келіп қонып отырғанын көрген адам, шала жанған отты көсеумен алып, әлгі байғұзды «жамандығың өзіңе болсын» деп қуалайды. Түркістан, Жаңақорған қазақтары оны байғұз демей, Мұраталы дейді. Мұраталы атануына байланысты халық арасында мынадай аңыз тараған: «Ертеде Қаратаудың ойында, Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде бір бай болыпты. Балаға зар болыпты. Етегі жасқа толып жүріп көрген жалғыз ұлына, құдай мұратқа жеткізді ғой деп, Мұраталы деп ат қойыпты. Ол өте ерке болып өседі. Еркелік пен есерліктің арасы тым жақын екен, өсе келе үлкенді үлкен, кішіні кіші демей, беталды сөйлейтін болыпты. Қаралы жиында қарқылдап күлсе, той-томалақты төбелессіз тарқатпапты. Сөйтіп жүріп Ұмай анаға тіл тигізіп, «Ұмайы кім десем, көп қатынның бірі екен», – депті. Ұмай ананың қарғысына ұшыраған Мұраталы бір түнде құсқа айналып кетеді, ал түнімен сұңқылдап жылап шығатыны өткен іске өкініші екен дейді. Жұрт жаман тамның басына келін қонып отырған құсты көрген сайын «е, мынау Ұмай ананың құсы ғой, ұмайқұс, майқұс, байқұс болды ғой», – деп аяйды екен. Мұны естіген Мұраталы «мені мазақтаған мендей болсын» деп қарғайтын көрінеді. Ал енді «Мұраталы, ассалаумағалейкүм» десең мәз болып, сұңқылын қойып, билей береді екен» [8, 199 б.]. Қазақтар біреуге аянышпен қараса, «е байғұс-ай», – деуі осымен байланысты болар.

Ордалы жыланға тиісуге болмайды екен, себебі олар кекшіл келеді екен. Кім-кім де болмасын жыландарды көрген кезде оны алыстан тас кесекпен қуып жүріп қалайда өлтірудің қамын жасайды.

Жыландар да табиғаттың өзі жаратқан тіршілік иесі емес пе? Адамдар оны өлтірейін деген оймен тиісіп жатса, әрекет жасамай қалайша сылқия салады. Сондықтан, жыландар да табанға тапталмай, өзіне төніп тұрған өлім қаупінен құтылудың қарекетіне кіріседі. Осылайша, өзіне төне түскен адамдарға бойындағы уын шашуға жанталаса ұмтылады. Хайуандардың да өздеріне төнген қауіптен құтылуға ұмтылуы – табиғи құбылыс.

Осы кезге дейін адамдар үшін жұмбақ әрі үрейлі болып келген жыландардың тіршілігімен айналысып жүрген биолог ғалымдар бұларды киелі жәндіктер қатарына қосады. Әрі жыландардың киелі болып есептелуінің басты бір себебі – жорғалайтын аяқтарын байқатпауында. Адамдарға өздігінен тиіспеуінде. Оларды өлтіретін – адамдардың өздері. Әрине, жыланның сыртқы түрі өте сұсты келеді. Өзіне қатер төнген тұста зәр, у шашу үшін жаратылған сүйріктей тілі тіптен қорқынышты. Бұған қарап үрей мен қорқынышқа бой алдыруға болмайды, – дейді. Жылқы жүрген жерде жылан болмайды. Тіпті, жылқының өзі тұрмақ, оның тері сіңген қамшы, ер-тоқым, жүген, ат-әбзелдеріне де жоламайды. Сондықтан да, әр қазақтың үйінің төрінде қамшы ілулі тұрсын [9, 9 б.].

Өрмекті бойлап түсіп келе жатқан өрмекшіні құдайы қонақ келеді деп өлтірмейді. Сондай-ақ, үйге кірген жыланды көрсе, қарғысқа ұшыраймыз, деп ақ құйып шығарады. Қазақтардың сенімінде жылан ордалы болады. Өлтірген күнде жетіге бөліп жеті жерге көмсе де, жер астынан бір-біріне қосылып алады, дейді. Жылан ізін баспайды, айналып өтеді. Бұл наным өрмекші мен жылан пайғамбардың жүзін көрген айуандар болуымен байланысты туындаған. Тарихи деректе Мұхамед пайғамбар Меккеден қысым көргенде Сәуір тауындағы үңгірге барып тығылады, Мұхамедті өлтіруге келгендер үңгір аузындағы өрмекшінің өрмегін көріп кері қайтады. Сыр қазақтарының арасында «Суырды «балпық» деп атап, кірпік шешен, тасбақа (қайырымсыз адам болып тас төңкеріліпті) үшеуі адам екен, қарғыс алғаннан болып, хайуанға айналған»,

– деген де әңгіме бар, яғни бұлар бұрын адам болғаннан соң, олар адамға еш зиянсыз. Ал, қарақұйрықты аң патшасы, оның аты шықса барлық аң жата қалады екен, – дейді [8, 200 б.].

Қазақ халқы ежелден жылқы мен құсқа ерекше мән берген. Ел ішінде «тұяғы бүтін тұлпар бер, қияғы бүтін сұңқар бер» деген тәмсіл де бар. Абай ағамыз «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» деген өлеңі арқылы ұлт өмірінде ұлы философиялық ой қалдырды. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты өлеңі де халық жадында. Қазақтың сал-серілері мен ақын-жырауларының бекзат бітімді бүркіт турасында жырламағаны кемде-кем. Қолға үйреткеніне 3 мың жылдан асқан құс туралы италиялық саяхатшы Марко Полоның жазбасында Құбылай ханның саятқа шығатын 500 қыраны және басқа да құстары болғаны хатқа түссе, Жошы ханның 3 мың бүркітшісі болғаны, қазақ хандарының да өз ордаларында бүркіт ұстағаны туралы тарихи деректер бар. Ата-бабаларымыз заманында қыран құсқа ерекше құрметпен қарап, бір бүркіттің өзін отыз жылға дейін түлеткен екен. «Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп» деп ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов жазғандай, құстардың аң аулау сәттеріне тамсанғандардың бірі сол мезетте өзінің өлеңдерін шығарып жатты. Мысал ретінде, Қазыбет ауылының тұрғыны Ерзат Байқадамовтың өлеңдерінен үзінді келтіре кетейік.

Бетімді желге тондырып,
Қолыма қыран қоңдырып.
Ат жалын тартып мінгенде,
Қиқулап, шулап жүргенде.
Ең қызығы осы ғой –
Қыранын түлкі ілгенде!, -
деп саңқылдаған екен [10, 7 б.].

Ертедегі адамдардың дүниетанымында құс – жоғары әлемнің бейнесі, аспан тәңірімен тілдесіп тұратын, көк пен жерді байланыстыратын күш ретінде қаралған. Сондықтан ертедегі адамдар оны өзіне тотем санап табынған. Мәселен, қазақ қыздарының, сал-серілерінің тақиясына тағылатын үкі қауырсыны, көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі. Жалпы құс қауырсындарын төбеге қадау арқылы ертедегі адамдар аспан әлемін шартты түрде кескіндеген, өзінің көкке, тотем санаған объектісіне деген құрметін білдірген. Қазақтар үкі шоғын бесікке, кілемге, шымылдыққа, үкі қанатын қабырғаға ілінген кілемнің жоғарғы жағына іліп қоюы да үкінің қасиетіне сенумен тығыз байланысты. Сыр өңірінде бала бесігінде міндетті түрде үкі ілінеді, бар болса үкінің тырнағын іліп қояды. Жыртқыш құстың белгілері адамға күш-қайрат берумен қатар тіл-көзден, біреудің сұқтануынан сақтайды. Ертеректе адам аттарының Қаршыға, Бүркітбай, Лашын, Сұңқар, Үкібай т.б. деп қойылуы да көне сеніммен байланысты. И.И. Ибрагимов жазбасына сүйенсек жыртқыш құстардың қасиеті босана алмай жатқан әйелдерге де көмектескен. Бақсы келгенге дейін қазақтар болса үкіні әкеліп бақыртады, бүркітті ішіне отырғызады.

Аңыз бойынша, пайғамбар пайдасы тиеді деп мысық ұйықтап жатқан шекпенінің жеңін кесіп тастап кеткен екен-мысалы, сөйтіп ұйқыдағы мысықты оятпаған. Қазақта мысық қай жерге барып жатса, соған қарап үй салу керек, ол жер жайлы болады делінеді.

Қарлығаштың ұясын үйге салуын жақсылыққа санайды, ұясын бұзбайды. Қарлығаштың жақсылықтың жаршысы болып саналауы, оның халық арасында кең тараған аңыз бойынша айдаһарға қарсы күресіп, адамның қанын ішкізбей қорғап қалуымен байланысты болса керек.

Жылан, архар, жылқы, өгіз, ит культтері ерте архайкалық тотеммен астасып жатты, зороастризмде де бұл тотемдік культтің маңызы жоғары болды [8, 201-202 бб.].

Қорыта айтқанда, қазақ халқы етек жеңін жинап, ел болған тұсынан бастап өзінің күнделікті тұрмысы мен отбасы жағдайына ерекше мән берген халық. Соған сай қазақ отбасы қажет жағдайларда өмір заңдылығына сәйкестендіріп түрлі ырымдар мен тиымдарды қалыптастырған. Бұл әрине бір күнде емес, ғасырлар бойы бірін-бір толықтырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Ырымдар мен тиымдардың қорлануы мәдениетіміздің рухани саласын толықтырып, жандандырып отырғаны даусыз.

Қазіргі кезеңде халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасы мен наным-сенімдеріне деген қызығушылықтар артып отыр. Олар халық қазынасының ғұмырын жалғастырар тіршілік арналары екендігі де белгілі. Бүкіл зиялы қауымның міндеті – бір жағынан осы мәселелерді толыққанды зерттей отырып, жас ұрпақтың тәрбиесіне, мектеп жастарының санасына ұғындыру болып отыр.

1. Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрыпы. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 152 б.

2. Мырзаханова Г.М. Зороастризм және қазақ халқының наным-сенімдері // Магистрлік диссертация. – Алматы, 2013. – 88 б.

3. Текебаев Н. Бөрі туралы бірер әңгіме // Орал өңірі газеті. – Орал, 2016. - №12 (20264) 30 қаңтар. - 10 б.

4. Лұқпанов Р. Дауға айналған мәселе // Жайық үні газеті. – Орал, 2016. - №4 (1300) 28 қаңтар. - 14 бет.

5. Мүсрепов Ғ. Қазақ әйелі: Роман және әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1982. – 416 бет.

6. Диваев Ә. Тарту /Құрастырған Ф. Оразаева. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.

7. «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1999. – 799 б.

8. Картаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ға-сырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 325 бет.

9. Құсайын Т. Маң далада жыландармен бірге тұрған отбасы иесі бүгінде ел таныған атбегі // Егемен Қазақстан газеті. – Орал, 2016. - №20 (28748) 2 ақпан. - 9 б.

10. Анаш Д. Бүркітшілер бауашары // Егемен Қазақстан газеті. – Орал, 2016. - №20 (28748) 2 ақпан. - 7 б.

Б.Т. Нугаева

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ КИІЗ ҮЙІ

Өнер тарихы адамзаттың өткенімен біте қайнасып, өзара қабысып келе жатқан дүние. Тіпті оның тарихы адамзаттың жүріп сара жолы болып табылады. Сонау ілкі замандардан бері адам баласы қоныстар мен қалаларда, сайын далаларда сан алуан сәулет ескерткіштерін, күмбезді ғимараттарды салды, күнделікті өмір мен тұрмыс-тіршілікке қажетті мындаған бұйымдарды, еңбек құралдары мен қару-жарақтарды ойлап тапты. Бұдан қазақ халқы да кенде қалған жоқ, ол да әлем өркениетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Сондай бірегей туындылардың бірі, ұлттық сәулеткерліктің ең үздік шыңы болып табылатын жылжымалы тұрғын үйі немесе киіз үй саналады. Сан ғасырлар бойғы практика нәтижесінде қалыптасып, өмір сынынан өткен көшіп қонуға ыңғайлы, жиналмалы күмбезді сәулет үйінің қазіргі жетілген түрі қазақ киіз үйі десек, артық айтпаған болар едік. Киіз үй көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпелілер баспанасы. Еуразия далаларындағы жартылай көшпелі және отырықшы халықтардың арасында кең тараған. Көшіп-қонуға лайықталып жасалады, түйе мен атқа тиеу арқылы жеңіл көшіріледі. Кезінде ата-бабаларымыз (ғұндар, сақтар, скифтер) осы үймен күнелтіп, дүниенің түкпір-түкпіріне саяхат жасаған. Осындай сәулет ағымын өмірге әкелген көшпенді халық VI-VIII ғасырларда ғажайып сәулет өнерін жаппай өркендетті. Кезінде шартарапқа әйгілі болған қалалар: Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн және т.б. Жібек жолының бойында бой көтеріп өркендеген мәдениетімен, ерекше сән салтанатымен талай елдің саяхатшыларын аузына қаратқан [1].

Сайын дала төскейінде ғұмыр кешкен көшпенділерге ең алдымен қажет нәрсе көшіп-қонуға ыңғайлы баспана болғандығы белгілі. Тұрмыстық қажеттіліктерден туындаған осындай әмбебап дүние киіз үй болған еді. Тарихи зерттеулерге қарағанда, киіз үйден бұрын түрлі баспаналарды мекендеген көшпелілер, табиғи жағдайлар мен тұрмыс қаракеттеріне сай ең алдымен «күрке» секілді қоста тұра бастаған. Қабырғасы ағаш қадалармен бекітіліп жасалған күркелер қамыс, шөп сияқты жеңіл өсімдіктермен бүркелген. Сырдария бойының елі «киіз үй» деудің орнына, қазірге дейін «қара үй» дейді. Мұны бір орыннан жылжымайтын қойы аз егіншілер шығарған болуы керек [2].

Киіз үй – көшпелі халықтардың негізгі баспанасы. Киіз үйдің тарихы тереңде жатыр. Үш мың жылдық тарихы бар, түркі тектес халықтардың «Қара шаңырақ» иесі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, өмір сүретін ортасын киіз үйден тысқары елестетуге болмайды. Қазақ халқының ата-бабалары қадым, бағзы заманнан бері қарай, атап айтсақ скиф, сақ, ғұн, түркі, «қос оқ» тайпалары дәуірінен киіз үйде өмір сүріп келгенін тарихи деректер айқындайды. Кейбір деректерде киіз үйдің пайда болғанына 7-10 мың жыл болған деп те көрсетіледі. Ертеде түрік дәуірлеріндегі үйлер биік, шошақ, ашық шаңырақты келген. Мұның өзі «ашық от» жағуға қолайлы болған. Мамандардың айтуына қарағанда, қазақ киіз үйі көне, байырғы «түрін» сақтап қалған. Киіз үй «үй ағаштан», «үй сүйегі», кереге, уық, есік, шаңырақ, бақандардан тұрса, жамылтағы үзік, туырлық, түңлік, бау-шудан, шиден құралады. Қазақ халқының көшпелі тіршілігінде баспана болған киіз үй ерекше міндет атқарып келген. Қазақ баласының ұрпақ өсіру, тіршілік құру және де о дүниеге «соңғы сапары» да осы киіз үймен тығыз байланысты. Бір сөзбен айтқанда киіз үй қазақ халқының киелі ордасы, өткені және тарихы. Отандық және шетелдік зерттеушілердің көпшілігі киіз үйдің көшпелілер өміріне өте ерте заманнан белгілі болғанын айтады, олар киіз үйдің прототиптеріне де пайымдаулар жасаған [3]. Мұндай зерттеулердің барлығы да киіз үй қазақ халқы өмірінде де көне заманнан келе жатқанын аңғартады.

Қазақ киіз үйлерін қырғыз, түркімен, моңғол тектес тайпалардың киіз үйлерімен салыстыра қарағанда, бұл айырмашылық айқын көрінеді. Басқа ұлт өкілдерінің баспанасынан қазақ киіз үйі үлкен болып келеді. Киіз үйді толық жабдықтап, өмірде пайдалануды қазақтар өз қолдарымен істеп келген. Қазақтар киіз үйлердің небір жақсы үлгілерін сақтап қалған. Әлем түкпірінен келген саяхатшылар, жиһангездер бұған куә болып та жатыр. Өткен ғасырларда жаз айларында қазақтар түгелдей дерлік киіз

үйде отырады. Қаладағы тұрғын үйде тұрушылардың өзінде де киіз үйлері дайын болып тұрған, жазда жайлауға киіз үймен шыққан. Қазақтар үй ағашты өздері байырғы қазақи әдіспен өндеген, жөндеген, үйге қажетті жабдықтарды, жиһаздарды жасаған, басқұр, т.б. тіккен.

Үйдің негізгі бір басты мүшесі, оның үй ағашы яғни «сүйегі» болып табылады. Үй ағашты орманды өлкеден күні бұрын белгілеп көктемде, күзде қиып алып жақсылап түзу жерде сақтап, күн жылына үй сыртында ағаштардың қабығын аршиды. Көбінде тал қаратал, қызыл тал басқадай да ағаштарды пайдаланады. Қабығы аршылған ағаштарды қарыстап көреді. Үйге тапсырыс, сұраныс берген адамдар, сондай көзді шаңырақ, сонша қарыс уық, сондай басты кереге деп дәстүрлі ұсыныстар жасайды. Сол бойынша ағаштар сұрыпталып дайындалады [4]. Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өндеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібiнен басқа да уақ-түйек бұйымдар түрлерiн жасай бiлдi. Әсiресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерiн жасаумен бiрге, әр түрлi металл және сүйек өндеу iсiмен де айналысты. Ағаш өндеу өнерiнiң iшiндегi аса iскерлiк пен қыруар еңбектi, шынайы талғамды керек ететiн түрi – киіз үй сүйегiн жасайтын үйшiлер iсi. Мұны халық тiлiнде «үй басу» деп те атайды [4, 9].

Егер ою-өрнек бейнелеу өнерiнiң шыңы десек, киіз үй көшпелi өнерiнiң биiк шыңы деп айтуға болады. Сондықтан сәулет өнерiнде басты орын киіз үйге берiлуi тиiс. Алдымен киіз үйдiң абылайша түрiнен бастап, қараша үй, қоңыр үй, салтанатты үй, орда түрлерi, олар қанат санына қарай ажыратылады. Екiншiден, киіз үйдiң түзiмдiлiк сипатына келсек, оның сүйегi – шаңырақ, уық, кереге және жабындары – түндiк, үзiк, туырлық секiлдi басты құрылымдық бөлiктерi ажыратылады. Одан кейiнгi, киіз үйдiң есiгi – киіз есiк, сықырлауық, маңдайша, табалдырық, таяныштары – босаға, есiк жақ деген түсiнiктердi бередi. Мұның бәрi адамның, яғни баланың дүниетанымдық түсiнiгiн арттырып, эстетикалық көзқарасы мен талғамын қалыптастыруға үлкен мүмкiндiк жасайды.

Тарихи деректерге сүйенсек, XI ғасырдағы моңғол шапқыншылығы кезеңiнде Қазақстан жерiнде экономикалық және мәдени даму тежелiп қалды. Дегенмен киіз үй жасау одан ары жалғаса бердi. Қолөнер шеберлерi бар күшi мен бiлiмiн негiзiнен киіз үй iшiн сәндеуге жұмсады. Киіз үйдiң құрылысы жетiле түстi, оның ағаш бөлiгi (сүйегi) - шаңырақ, уық, керегеден құрастырылды [5].

Киіз үйдiң «сүйек» аталатын iшкi қаңқасы: кереге (қабырға сүйегi), үйдiң шаңырағын керегемен жалғастырып тұратын уық және шаңырақтан құралады. Бұлардың бәрi «тез» деп аталатын сайман арқылы жасалады. Тезге салып қажеттi түрде келтiретiн ағашты қоламтаға (шоғы аралас ыстық күл) сүңгiтiп, балқытып алады, сонда ол июге жылдам көнедi. Халықтың: «тез қасында қисық ағаш жатпайды» деуi осыдан шыққан. Айта кететiн бiр жайт, моңғол тайпаларының киіз үй ағаштарында уықтың қарымы болмайды, керегелерi жазықтау келедi, ал үйдiң өзi аласа болып келедi. Алайда ертедегi ауқатты адамдарда ақ күмбез үйлерi көп болғанын кейбiр тарихтар баяндайды. Қазақтың үйi үлкен, кең болады. Соған сай үй ағашты үлкен кең iстейдi. Олардың мөлшерiне келсек шаңырақ 60, 70, 80, 90, 100 көздi, кереге де, уық та сондай басты, қаламды келедi. Ал кереге саны 4, 6, 8, 10 қанатқа дейiн барады. Бұл қазiргi қазақ киіз үйлерiнiң үлгiлерi. Аз қанат үй ертеде тек жағдайсыз кедей адамдарда ғана болған. Жүк көздi шаңырақ, сегiз, он қанат үйлер арнаулы етiп тiгiлген үйлерден қазiр де кезiгетiнi өмiр шындығы үйдiң сүйек ағашы дайын болып, оны күнi бұрын киюластырып тiгiн, бiраз күн қалыптастырып қойғаннан кейiн киіз үйдiң жамылтықтары өлшенiп пiшiледi [6].

Киіз үй сүйегi, яғни керегесi мен уықтары, көбiнесе, өзен жағасында өсетiн әр түрлi талдан жасалады. Мәселен, оған Қазақстанның әр өңiрлерiнде өсетiн сәмбi тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал сияқты түрлерi пайдаланылды. Сән-салтанат құрған iрi байлар, төрелер мен билер үйшiлерге киіз үй сүйегiн түгелдей қайыңнан жасатады. Әдетте, қайыңнан жасалатын үйлердiң көлемi үлкен, сүйегi салмақты, өзi өте берiк келедi. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өндеген соң, оны боямайды. Өйткенi, ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсi үй iшiне аса ұнамды рең берiп тұрады.

Киіз үй сүйегiне жарайтын ағашты, көбiнесе үйшiлердiң өздерi ерте көктемнен бастап әзiрлеп, кемiнде бес-алты ай, кейде, тiптi, жыл бойы көлеңкеде кептiредi. Жаңа кесiлген жас тал мен қайыңның қабығы оңай сыдырылады, көп еңбектi қажет етпейдi; екiншiден, қабығы алынбаған ағашты көлеңкеге жиып қойса, ол жуыр-маңда кеппей, қабық астында құрт пайда болып, ағаш борсып, шiри бастауы ықтимал. Сондықтан, кесiлген ағашты жылдам аршып, бас-аяғын тегiстеп отап, 20-30 ағаштан бiр-бiр бума жасап, көлеңкеге бiрiнiң үстiне бiрiн жинай бередi. Мұндай бумаларды, әдетте, сыдырылған тал

қабығының өзімен-ақ буады. Үй ағашын бұлайша бумалап кептірудің де өзіндік себебі бар. Біріншіден тасымалдауға ыңғайлы, екіншіден, көлеңкеге жиналған көп бумалардың бәрін дұрыс, біркелкі кептіру үшін оларды әлсін-әлсін аударыстырып астын үстіне, ортасындағысын шетіне шығарып қозғап отырады. Ал, барлық бумаларды бір шамада жел қақтырып отыруға немесе шыжыған ыстықтарда ағаш тез қурап, жарылып кетпеу үшін оларға су бүркетіндей етіп бумалап жинау тым қолайлы болады. Осындай әдіспен әбден кепкен үй ағашын үйшілер: «Қақсал кепкен ағаш», - дейді де ол жоғары бағаланады [4, 10 б.].

Киіз үйді біздің халық «қасиетті киелі қара шаңырағымыз» деп дәріптейді. Шаңырақ – заттың болмысы жағынан қазақ киіз үйінің бар «сүйегін» біріктіріп тұратын ағаш төбешік. Ал екіншіден, ұлттық сана-сезім, дүниетаным, тәлім жағынан келгенде, шаңырақ – «үй», «отбасы», «әулет», одан жоғары халық ұғымын беретін қазақ жұртының өсіп-өну ұйтқысын, дәстүр тәрбиесін, біртұтас бірлік-тірлігін білдіретін рухани философиялық көркем баламалы қасиетті кең ұғым. Халқымыздың тарихы, өсіп-өнуі, шежіресі, яғни қазақ шаңырағы – қазақ елі деген мағына береді [1].

Кереге санына қарай киіз үй: төрт, алты, сегіз, он екі, он төрт қанаттардан құрастырылады. Жеке ағаштардан, талдан немесе теректен жонылған керегені бір-біріне біріктіріп, байлауды «көктеу» дейді. Тігілетін киімдердің бөлшектерін алғаш сирек шаншып тігісін біріктіріп алуды «көктеу» дейтіні де, осыдан шыққан. Көктеуге ең қолайлысы түйе мойнағының терісінен тілетін қайыс. Ол керегені жинағанда да, жайғанда да үзілмейді. Керегенің көздері «желкөз» және «торкөз» болып екіге бөлінеді. «Желкөзі» кең, ал «тор көзі» тар болады. Дауылға желкөз шыдамды, жауынға торкөз шыдамды келеді [7]. Киіз үй сүйегінің ең күрделісі де, қыруар еңбекті қажет ететіні де кереге болғандықтан, үйші ең алдымен кереге сағаналарын дайындауға кіріседі. Ол үшін алдын-ала дайындалған қозға немесе мор мен обынға, керегеге арналған ағаштардың он шақтысын салып, әбден жұмсартады. Жақсы кепкен ағашты қозға салар алдында суға малып алса, ол тез жұмсарып, бабында балқиды, ағаштың сырты күймейді де. Қозда жатқан ағаштарды біртіндеп алып өңдеуге кіріседі. Ең алдымен ағаштың қисық жерлерін тезге салып, түзетіп алады. Ол үшін қоздан шыққан ыстық ағашты боялмай киген сол қолымен ұстап, оның қисық жерін тездің кертпегіндегі қазықшаның тұсына апарып ұстайды да, оны сықаурын алақанымен жанши отырып түзетеді. Сықаурынды оң қолымен ұстап тұрып, сабы жағын жамбасқа салып, бар дене салмағымен бір басып, бір босатқан уақытта түзетілетін ағашты ретіне қарай аударыстырып, қозғап отырады. Оның ұзына бойындағы олпы-солпысын түзетіп шығады да, бас-аяғын шапашотпен шауып, сағаналар ұзындықтарын біркелкі етеді. Одан соң ағаштың жуан басының екі жағын түзу жонғымен тегістейді, тісті жонғымен ыру сызықтарын жүргізеді. Кереге сағаналарының қалған ұзына бойын түгелдей қуыс не ойыс жонғымен жұмырлай жонады. Жону, түзеу жұмысы біткен соң тезге салу арқылы кереге сағаналарына арнайы мүсін бере, әр жерінен белгілі мөлшерде иіндер жасайды. Осының нәтижесінде кереге сағанасының басы сәл шалқақтау болады, мойын тұсы ішке еніпкі, бүйірі сыртқа теуіп шығыңқы келеді. Ал, бір жағы біртіндеп ішке тартып, төменгі ұшы тіп-тік келуі қажет. Кереге сағанасын тігінен қойғанда оның басы мен етегінің ең төменгі ұшы бір түзу бойында болуы шарт. Мұның өзі киіз үй сүйегінің орнықты және берік, әсіресе, киіз үйдің салмағына керегенің шыдамды болуының басты шарты. Кереге сағанасының осылайша мүсінделуі бүкіл қанатының әдемі болуына айтарлықтай әсерін тигізеді [4, 12 б.].

Қазақ сахарасында киіз үйдің ең көп тараған негізгі түрі – алты қанат үй. Яғни, алты керегелі киіз үй. Сөйтіп, үйдің үлкен-кішілігі оның қанат санымен анықталады. Қанат санына қарай кереге бастарының саны, кереге басына қарай уық саны әр түрлі болып келеді. Мұнымен бірге кереге көздерінің үлкен-кішілігіне қарай тор көз кереге (жұдырық сиярлықтай ғана) және жел көз кереге (қос жұдырық сиярлық кең көзді) болып екіге бөлінеді. Олай болса тор көз және жел көз керегелі киіз үй сүйегінің кереге басы, оған қарай уық саны да әр түрлі болады. Мәселен, Қызылорда, Алматы облыстарынан өзіміз ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, тор көзді 12 қанат үйде – 180 бас, 8 қанат үйде – 130 бас, 6 қанат үйде – 90 бас, 5 қанат үйде – 80 бас, 4 қанат үйде – 60-65 бас болса, жел көз керегелі 6 қанат үйде 72 бас, 5 қанат үйде – 60 бас болады. Тор көзді керегенің біреуінде (яғни, қанатта) 15-16 бас, 6 қанат үй керегелерінің үшеуі 15, қалған үшеуі 16 басты болып келеді, яғни үйдің қанат саны қанша өскенімен, оның жартысы 15, жартысы 16 бастан тұратындығы заңдылық. Ал, жел көзді керегенің біреуінде 12-13 бастан болады, ал оның жартысы 12, қалған жартысы 13 бастан тұрады. Бұлай болу себебі, қанаттарды бір-бірімен қосқан, киіз үйді тіккен уақытта екі керегенің бір-бір басы бірігіп, бір бас болып шығады да, тігілген үйдегі керегелердің әрқайсысының басы тор көзді керегеде 15-тен, жел көздіде 12-ден шығады. Бұл арада айта кететін тағы бір заңдылық – киіз үй сүйегінің қанат саны 6-дан артқан соң оның керегелері әрдайым тор көзденіп жасалады, ал жел көз керегелі үйлер, әдетте, 4, 5 және 6 қанаттан аспайды.

Кереге сағаналарының көгі мен уық алақандары тесіліп болған соң, оның әрқайсысы майда түрпі, темір қырнауыш немесе шыны сынықтарымен мұқият өңделіп, көбінесе, жосамен боялады. Ал, шамасы келгендер кереге мен уықтарды түгелдей қызыл, жасыл, көк түсті май бояулармен боятады, содан олар сырлы үй атанады. Тек қайыңнан жасалған киіз үй сүйегін мұқият өндегеннен соң өсімдік майын неше қайтара сіңіре жағады. Содан барып өте ұнамды қайың ағашының өзіндік табиғи түсін сақтайды. Кереге мен шаңырақ арасын біріктіріп, киіз үйдің төбесін шығарып тұратын иінді ұзын ағаштарды уық деп атайды. Бір үй сүйегіне арналған уық саны кереге бастарының жалпы санына тең болады. Олай болса, уықтың саны да, әрқайсысының ұзындығы да, әлділігі де киіз үйдің көлеміне, яки қанат санына, керегенің тор көз не жел көзділігіне тікелей байланысты болады.

Әдетте, киіз үйдің маңдайшасына алты уық байланады. Сонда кереге бастарының санына 6 маңдайша ұяларын қосып, жалпы уық санын есептеп шығару қиынға түспейді. Орта есеппен 6 қанат үйдің уығының ұзындығы 12-13 қарыстай болады. Әрине, әр жағдайда, әсіресе, шаңырақ көлеміне қарай уықтың ұзындығы жоғарыда көрсетілген мөлшерден не аздап ұзарып, не қысқаруы да ықтимал. Қанат саны өскен сайын уықтың ұзындығы да арта түседі. Біздің көп жылдар бойы ел арасынан жинаған деректерімізге қарағанда, Жетісу өңірінің киіз үй уықтары иінсіздеу, шаңырағы шағындау келеді де, үй төбесі қалмақ үйі тәрізді шошақтау болады екен, ал Қазақстанның қалған өңірінде уық иіндірек, шаңырақ көлемділеу болады да, үй төбесі күмбез тәрізді жалпақтау келеді [8]. Ә.Х. Марғұлан дәл осындай талдау жасай келіп, төбесі конус тәрізденген киіз үй конструкциясын киіз үй сүйегінің көне түрі болуы ықтимал деген болжам жасайды. Шынында да, жалпы киіз үйдің пайда болуы, даму процестеріне ой жүгіртсек, бұл болжамның дұрыстығына шүбәлануға болмайды.

Уықтың ұзына бойын қазақ халқы төртке бөледі: алақаны - кереге басына байланып бекітілетін жалпақтау түбі; иіні – алақанға жалғаса иілетін тұсы; қары – иіннен ұшына дейінгі оқтығы; қаламы – шаңырақ тесігіне еніп тұратын уықтың төрт қырлы ұшы. Уықтың алақанының бетін түзу жонғышпен тегістеп алып, тісті жонғышпен ыру жүргізеді. Уық түбін шапашотпен доғалдап шауып, үскімен уық бау өткізетін тесік жасайды. Уықтың қарын ойыс жонғымен жұмырлап жонады. Уық иінінен бастап қаламының дәл ұшына дейін біртіндеп жіңішкере береді. Уықтың мұндай конструкциясы, үйшілердің айтуынша, тегін қалыптаспаған. Біріншіден, уықтың жеңілдеу болуына әсерін тигізсе; екіншіден, шаңырақ шеңбері де онша жуан болмайтындықтан, оған жасалатын көптеген тесіктер саусақ сиятындай ғана болып жасалатындықтан, уық ұшына қарай жіңішкере беруі керек; үшіншіден, дөңгелене құрылған кереге бастарынан киіз үй аумағының 1/3-дей көлемде болатын, дөңгелек шаңыраққа қарай жарыса ұмтылатын уықтардың кереге басына бекітілетін алақан аралықтары алшақтау болады да, уық қаламдары сұғынатын шаңырақ ұяларының арасы 2,5-3 сантиметрден аспайды. Олай болса, уықтар аралығындағы кеңістік те, уықтардың өздері де төменнен жоғары қарай біртіндеп жіңішкере беріп, шаңырақ шеңберінде тыныштық тапқандай келісті көріністі аңғартады.

Мұның өзі халық шеберлерінің ғасырлар бойы эстетикалық талғамы дамуының нәтижесі; төртіншіден, қаламының жуандығы оның алақанымен тең болса, олар шаңырақ шеңберіне сыймайды, ал уық иіні жіңішке, әлсіз болса, жоғарыдан түсетін салмаққа шыдамайды. Сондықтан, уықтардың төменгі жағының жуан, әлді болуымен қатар жоғары қарай жеңілдеп, жіңішкеруі заңды қажеттіліктен туған өнер үлгісі. Уықтың ең жоғарғы жіңішке ұшынан оның 7-8 сантиметрдей төрт қырлы қаламын шығарады. Уық қаламының төрт қырлы болуы мен түбінен ұшына қарай жіңішкере беруі уықтың аунамауына және шаңырақ ұясына оның нық сұғынып, орнықты болуына ең қолайлы жағдай туғызады. Төрт қырлы уық қаламын шапашот және түзу жонғы арқылы теп-тегіс етіп шығарады, оның біркелкілігіне мұқият көңіл бөледі.

Қорыта айтқанда, киіз үй қазақ халқының өзімен бірге ғасырдан ғасырға жасасып, сан тарам тарих белестерінен бірге асқан материалдық және тұрмыстық мәдениетінің көрінісі болып табылады. Ол сонымен қатар қазақ халқының материалдық мұрасының бірегей үлгісі ретінде де бағаланады. Заман ағымымен бірге келе жатқан қазақтың киіз үйі бүгінгі күні де өз маңызын жоғалта қойған жоқ. Мыңжылдықтар қойнауынан жеткен киіз үй әлі күнге шейін ауылдық жерлерде пайдаланылып, тұрмыста (шаруашылық нысандарда, туристік базаларда, т.б.) кеңінен қолданылып келеді. Оның қолайлы екендігін пайдаланылып отырған ұрпақ та біліп-көріп жүр. Сайып келгенде, киіз үй өзіндік баға жетпес мәдениет пен өнер туындысы екенін дәлелдеді, оның ұлтымыздың көшпелі өмір салты мен жосын-жоралғыларымен, әдет-ғұрпымен, дүниетанымымен астасып жатқандығын ешкім жоққа шығара алмайды.

1. Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография. – 1976. – №4. – С.46-56.

2. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 28-30 бб.

3. Харузин Н.Н. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России // Этнографическое обозрение. – 1896. – №1; Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб.1. – Алма-Ата, 1935. – С. 29.
4. Аргынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. – Алматы, 1987. – 13-18 бб.
5. Бикұмар К. Қазақ халқының байырғы баспаналары, ұлттық киім-кешектері, ыдыс-аяқтарына байланысты әдет-ғұрыптар. – Алматы, 2006. – 22-23 бб.
6. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. – М., 1964. – С. 3.
7. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.А. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерк теории и истории. – Алматы, 1998. – С. 111.
8. Тәжімұратов Ә.С. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1977. – 23 б.

А.И. Жұмағалиева

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАЛАРЫ

Қазақ халқының рухани мәдениетінің етене саласы музыка өнері болды. Жеке ән салу мен аспапты жеке тарту кең тараған. Шығармалардың негізгі түрлері ән мен күй болған. Жиырмадан аса әр түрлі музыкалық аспаптар болған, олардың кейбіреулері – шертер, жетіген, саз сырнай, шаңқобыз, даңғыра, асатаяқ және басқалары музыка өнерінің кәсіби талаптарына сай келмей, біртіндеп құри берген. Ал дыбыстық сапаларын жетілдіруге келетін басқалары музыкалық аспаптар тобын құрады. Олар: домбыра, қобыз немесе қылқобыз, сыбызғы, дауылпаз.

Ән мен күй халық өмірінің барлық салаларымен етене аралас болды. Той-думан ән-күймен басталды, ақсақалдар кеңестерінің алдында, жайлауға көшу мен қыстауға қайтып оралу да ән-күймен атап өтіліп отырған. Әйелдер үй тігіп, мал сауып, жүн сабаған, жіп иіріп, кілем тоқыған, киіз басқан кездерінде өлең айтып, балаларын тербете отырып, бесік жырын жырлаған. Қайғыға ұшыраған отбасын жұбататын көңіл айту, қуаныш хабарға сүйініп сүйінші сұрап, құттықтау дәстүрі де өлеңмен айтылған. Музыкалық туындылар мазмұны мен құрылымы жағынан әр алуан болған.

Тұрмыстық жол-жора (той-томалақ, жерлеу) кезінде орындалатын әндер, сондай-ақ балалар әндері, бесік жыры қысқалылығымен, әсерлілігімен ерекшеленеді. Бұларды жұрттың бәрі айтатын болған. Ал лирикалық, әлеуметтік тақырыптарға, тарихи, эпикалық және аңыздық сюжеттерге шығарылған әндер мен күйлердің әуендері ырғақты қайырмалы, формалары күрделі болып келген. Оларды танымал дарындар айтатын болған. Орындайтын шығармаларының тақырыптарына қарай “ақын”, “жырау”, “әнші”, “күйші”, “ертекші” деп атаған. Кәсіби музыкалық өнерпаздардың дарындылығы көпшілік алдындағы арнайы айтыстарда көрінген. Мұндай музыкалық-поэзиялық жарыстар тойларда, жайлауға көшуге байланысты, қыз ұзатқан кезде және басқа да отбасылық қуаныштарға орай өтіп отырған. Аса көрнекті ақындардың есіміне “сал”, “сері” деген құрметті атақтар қосылып айтылған. XVIII ғасырда әншілердің, аспаптарда ойнаушылардың, ақындардың шығармашылық-орындаушылық шеберлігі барынша дамыды. Осы ғасырдағы тарихи оқиғалар қазақтың музыкалық өнер туындыларынан да орын алды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде өмірге келген қазақ күйшілерінің шығармаларының арасында аса белгілілері “Қаратаудың шертпесі”, “Қалмақ биі”, “Беласар”, “Абылайдың қара жоғасы”, “Кеңес” т.б. күйлер.

Сол заманның белгілі күйшілерінің бірі - Керейдің Абақ тайпасынан шыққан, тендесі жоқ өнер иесі Байжігіт күйші. 1723 жылы 18 жасында ол “Ақтабан” атты күй шығарған. Одан кейінгі оның кең тараған шығармасы “Қайың сауған”. Ол да ақтабан шұбырынды оқиғасымен өзектес, мұң, зармен басталып, жеңіске деген жігер мен қажымас күреске шақырған, сенімге толы күй. Байжігіттің халық өмірі мен тұрмысы тақырыбына шығарған күйлері көп болған (300-ге жуық), олардың ішінде аңға шыққан кезде болған әр алуан жайлар туралы 10 бөлімді “Аңшының зары” күйінің орны бөлек. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың алғашқы жартысында бүкіл қазақ халқына аты шыққан домбырашылардың арасынан республиканың батыс өңіріндегі күйшілердің ішінен Қара ұлы Боғданы атауға болады. Ол домбырашы болумен бірге ел тағдырын, халық қамын өз күйлеріне өзек етіп, әлеуметтік маңызы, көркемдік қасиеті күшті күйлерді көп шығарған. Солардың ішінде “Ақ желең”, “Боз төбе”, “Қара жаяу” деп аталатын күйлерінің жөні бөлек.

Сол заманның белгілі күйші-композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Сарымалай, қобызшы Ықылас, Қазанғап, Диналардың арасында Махамбет батыр да болды. Махамбеттің “Ақ желең”, “Жайық асу”, “Жорық”, “Қайран Нарын”, “Тарлан”, “Нарын” сияқты оннан астам күйлері

сақталған. Бұл шығармалары оның қатардағы көп күйшінің бірі емес, аса дарынды тұлға екендігін дәлелдейді. Қазақ күйшілерінің арасында халқымыздың рухани бітім-болмысына қайталанбас қасиет, нәр берген, оның ажарын ашып келе жатқан тұлға – Құрманғазы Сағырбай ұлы (1818-1889). Ол Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданында туған. Құрманғазының анасы аса дарынды әнші, өнерпаз адам болған. Жасынан өнер дарыған Құрманғазы күйшілікпен ерте айналысқан. Ол халық арасына кең тараған елуден аса күй шығарған. Құрманғазы күйлерінің бірі өмір жайындағы философиялық толғау, бірі нәзік махаббат лирикасы болса, енді бірінде халық мерекелерінің шат-шадыман көріністері бейнеленеді. Солардың ішінен “Адай”, “Алатау”, “Байжұма”, “Балбырауын”, “Жігер”, “Кішкентай” “Көбік шашқан”, “Кісенашқан”, “Қайран шешем” күйлерін ерекше атауға болады. Қазақ өнеріне өзіндік қолтаңбасымен із қалдырған, жанға жағымды, жаймақоңыр күйлердің дәстүрін жалғастырған Тәттімбет Қазанқап ұлы (1815-1860) заманының белгілі, беделді, лауазымды адамы болды. Оның шертпе күйлер шығарып, орындаушы ретінде даңқы жайылды. Күйлерінің көпшілігіне әсерлі, асқақ лирикалық сарын тән. Ол елуден аса халыққа кеңінен тараған күйлерін қалдырды. Бұлардың арасында “Азына”, “Бес төре”, “Балқан тау”, “Былқылдақ”, “Қос басар”, “Боз торғай”, т.б. күйлері кейіннен камералық, симфониялық туындыларға арқау болған. XIX ғасырда өмір сүріп, төре күйі деген ұғымды орнықтырушы, төре күйі мектебінің негізін қалаушы Дәулеткерей Шығай ұлы (1820- 1887) есімі қазақ еліне ертеден кең тараған адам. Ол Кіші ордадағы Жәңгір ханның баласы Шығай сұлтанның ұрпағы. Өмірден көрген-түйгені көп, қазақ елінің тарихын, мәдени дәстүр, салт-ғұрпын жақсы білген. Дәулеткерейдің шығарған күйлері аз емес. Олар өзінің сұлу, сырлы сазы, әсем үнімен ерекшеленеді. “Ақбала қыз”, “Желдірме”, “Жігер”, “Қосалқа” күйлері қазақ музыкасы мұрасынан орын алған. XIX ғасырда қазақтың музыкалық мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосып, халықтың музыкалық қазынасын тамаша күй туындыларымен байытқан композитор күйшілердің арасында Ықылас пен Динаның орны айрықша бөлек. Қобызға арналған шығармалар классикасының қалыптасуына Ықылас Дүкен ұлының (1843-1916) композиторлық таланты мен орындаушылық шеберлігі зор ықпал жасады. Ол арғы аталарынан қобыз ойнау өнерін әбден меңгерген тамаша музыкант болған. “Айрауық”, “Аққу”, “Асанқайғы”, “Бозторғай”, “Жалғыз аяқ”, “Жез киік”, “Ерден” күйлерін халық қобызшы-күйшілердің орындауында қызыға да құмарта тыңдайды. Дина Нүрпейісова теңдесі жоқ домбырашы болған. Сонымен бірге Дина шығарған “Әсемқоңыр”, “Байжұма”, “Бұлбұл”, “Науысқы” сияқты күйлер өнердің қайталанбайтын тамаша туындылары болып табылады. Сарымалай (1835-1885) сыбызғыға арнап классикалық күйлер шығарумен қатар, аса шебер орындаушы болған. Ол сыбызғы тарту өнерін әкесінен үйренеді. Сарымалай эпос, аңыз-ертегілердің желісі бойынша бірқатар тамаша күйлер шығарды. “Қоңыр қаз”, “Нар идірген”, “Қоңыр бұқа” күйлерінің орны ерекше. Қазақ ән мәдениетінің дамуына Біржан сал Қожағұл ұлы (1834-1897), Мұхит Мералы ұлы (1841-1918), Ақан сері Қорамса ұлы (1843-1913), Жаяу Мұса Байжанұлының қосқан үлесі де зор. Олардың әсерлі, сазды әндері жүрекке жылы тиер жан толқытар сыршылдығымен ерекшеленеді. Бұл әндерде тұрмыстың, қоғамдық өмірдің күрделі әлеуметтік проблемалары көрініс тауып, адамның ар-намысын аяққа басатын ескілік қалдықтарына және әлеуметтік теңсіздікке қарсылық шебер бейнеленеді. Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы өзінің санғасырлар бойындағы дамуында музыка тілінің бейнелеу құрамы жағынан негізінен, екі бағытта вокалдық және аспаптық музыка түрінде қалыптасты. Бірінші - терме сарынды және кең тынысты созып айтатын шалқымалы әннің түрлері де, екіншісі - домбыра, қобыз және басқа үрлеп ойнайтын аспаптарда орындалатын, көбінесе, белгілі бір оқиғаға байланысты болып келетін күйлер [1].

Кеңес өкіметіне дейінгі дәуірдегі қазақ қоғамындағы рухани өмірінің маңызды белгілі ауыз екі музыка мәдениетінің, объективтік жағдайларда қалыптасуы, сондай-ақ көшпелі өмір және ауыл тұрмысының көптеген тұрақты дәстүрлері халық музыка өнері қайраткерлерінің бірнеше түрін қалыптастырды. Олар - ақындар, жыршы-жыраулар, әншілер мен өлеңшілер, күйшілер мен ертекшілер, сықақшылар және басқалар. Әдетте, олар көбінесе өзінің негізгі өнеріне қоса басқа да бірнеше өнердің иесі еді. Арнаулы «композитор» деген термин ол кезде болған жоқ. Себебі оның творчестволық халыққа тарауы өзінің әншілік, күй-шілік-орындаушылық шеберлігіне байланысты болатын. Қазақ халқының музыкалық өнері жайлы мәлімет беретін ертеректегі еңбектің бірі 1795 жылы басылып шыққан капитан И.Г. Андреевтің «Орта жүз қырғыз қайсақтары туралы, Россиямен шекаралас жатқан Колыван және Тобыл губерниясының бөлімдері мен қосымша бекіністерін суреттеу» атты кітабы. Бұл еңбек алты тараудан тұрады, жиырма сегізінші бөлімінде қазақ халқының шығу тегі, тұрмысы, діни сенімдері, салт-санасы мен мінез-құлқы, кәсібі, сауда-саттығына байланысты мәселелер қамтылған. Кеңес өкіметіне дейінгі қазақ музыкасының зерттеушілері өз еңбектерінде музыкалық фольклордың

өміршендігін баяндағанымен, халық өнерінің профессионал кайраткерлері туралы аз да, сирек жазды. Ал, төменде аттары аталған бірнеше әншілер мен күйшілер, халық музыкасының көптеген классикалық шығармаларының авторлары XIX ғасырда өмір сүргендері аян. Олар; Құрманғазы Сағырбаев /1806-1879/, Дәулеткерей Шығабай /1820-1887/, Біржан сал Қожағұлов /1832-1894/, Мұхит Мералиев /1847-1918/, Абай Құнанбаев /1845-3904/, Жаяу Мұса Байжанов /1835-1929/, Тәттімбет Қазанғаров /1815-1862/. Ықылас Дүкенов /1843-1916/ және басқалар.

Олардың шығармалары халықтың рухани мүддесіне сан келген сүйікті шығармалары болды, бірақ олардың жиналуы және жазылынып алынуы тек кеңес өкіметі кезінде ғана жүзеге асырылды.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында кәсіби музыкалық білім беру жүйесі жоқ болатын, соған карамастан республиканың түкпірлерінде /Петропавл, Орынбасар/ музыкалық үйірмелер /хор, оркестр/ жұмыс істеді. Оған қатысушылар нота сауатын білмесе де хор бірнеше дауысқа бөлініп айтылды. Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының бай музыкалық мұрасы шетел және орыс саяхатшыларының да назарына іліккен.

Қазан төңкерісінен соңғы кезеңде де республикамызда музыкалық үйірмелер жұмысын жалғастыра берді. Жиырмамыншы жылдары Орта Азия және Қазақстанның, музыкалық фольклорын жинауға ерекше ықылас көрсетіле бастады. Белгілі музыка зерттеушісі әрі жинаушысы А.В.Затаевич қазақ даласын аралап, жүріп, екі мыңға жуық ән-күйлер жазып алған. А.В.Затаевич «Қазақ халқының мың әні». 1931 жылы «Қазақтың бес жүз әні мен күйлері» бұл күнде де тарихи маңызы зор еңбектер болып отыр. М.Горький, А.Затаевичтің еңбегін жоғары бағалай келіп, қазақтың ән-күйлері болашақ композиторлар үшін творчествоның кайнар көзі екенін айтқан еді. Басылым ерекшелігі - мұнда көптеген белгілі халық әндерінің сөздері табылып, жазылған еді.

А.Затаевич бастаған үлкен істі отызыншы жылдары Д.Мацуцин, Б.Ерзакович, Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, бертін келе М.Төлебаевтың жалғастырып, ән - күйлерімізді нотаға түсіріп, ел игілігіне айналдырғанын сүйсіне еске аламыз.

Қазақ Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, өнертану ғылымының докторы, республикаға еңбек сіңірген өнер кайраткері, композитор, музыка зерттеушісі, профессор Б.Г.Ерзакович өзінің бар күш жігерін табиғи қабілетін қазақ музыкасы өнеріне жұмсауды мақсат тұтты.

Б.Г.Ерзакович аз уақыт ішінде бес жүзге жуық ән-күй жазып алып, оның екі жүзден аса әуенін әншілердің фортепианоның сүйемелімен айтуына лайықтап еңдеді. Ол мұнымен ғана қанағаттанып қоймай, халық әншілерін бұдан да мол жинап алу мақсатымен республика облыстарына жиі-жиі сапарға шығып тұрды. Сөйтіп, ол Семей, Солтүстік-Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Қарағанды облыстарын түгелге жуық аралап шығып, орасан бай қазынаны 2500-ден астам ән мен күйді нотаға түсірді, біразын радио таспаларға жазып алды. Б.Г.Ерзаковичтің өзі жинақтаған қазақтың ән мен күй туындыларына, оның орындаушыларына алғаш рет толық сипаттама бергендігін ерекше атай өткен жөн. Экспедиция кезінде халықпен қоян-қолтық араласа жүрген Б.Г.Ерзакович қазақ музыкасының Кенен Әзірбаев, Естай Беркімбаев, Шәкір Әбенев, Қали Байжанов, Жүсіпбек Елебеков секілді аса дарынды өкілдерімен де тығыз қарым-қатынаста болды. Атақты Естай ауылында болған сәтінде былай әңгімелеген: «Табиғатында өте байсалды, өз әндерімен өзге авторлардың әндерін салмақты саздылықпен шырқайтын Естай әйгілі «Қорланды» орындағанда бөлекше толқып кетеді екен. Тіпті радиоға жазу кезінде де әннің шарықтай шырқалатын тұстарында көзіне жас үйірілді. Тегі, жас шағында қалын мал төлей алмай сүйіктісімен айырылған жан трагедиясы оны өмір бойы толқытып етсе керек» [2].

Б.Г.Ерзакович отызыншы жылдардың өзінде де өзі жинақтаған көптеген халық әндерін музыкалық аспаптар сүйемелінде орындауға лайықтап еңдеді. Мұндай әндер сол кезде радиодан көп орындалып жүрді. Ал елуінші жылдардан бастап оларды жүйелі түрде зерттеуге кірісті. Зерттеуші ғалымның терең білімінің арқасында дүниеге келген «Қазақ халқының ән мәдениеті» монографиясы, «Қазақ совет халық әндері» атты музыкалық - этнографиялық жинағы жарық көрді.

Б.Г.Ерзаковичтің Ахмет Жұбанов және Мәриям Ахметовамен бірлесіп жазған «Советтік қазақ музыкасы» деген еңбегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды.

Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Қазақ фольклоры тілінің бейнелілігімен, көптеген мақал-мәтелдерінің мәнділігімен, мазмұндық өткірлігімен аса құнды қазына. «Өнер алды - қызыл тіл» деп, «Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін» шешкен ата-бабаларымыз, халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын қамтитын өзінше бір жылнама болатын, ұрпақтарға тәлім болатын асыл мұра қалдырған. Сол бай құндылықтардың ішінде, патриотизмді дәріптейтін мұра - батырлық дастандар. «Алпамыс»,

«Қобыланды», «Қамбар батыр», «Едіге», «Сырым батыр» т.б., «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі елін, жерін сырт даулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен патриоттық қасиетін баяндайтын, сол сияқты «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. лиро-эпостық жырлар мазмұны, рухани тазалықты, адамгершілік пен махаббатті паш ететін, халқымыздың этномәдениетінің асыл қазыналары.

1. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтардың отбасылық дәстүріндегі қыз көру, қалыңдық айттыру //ҚазҰУ Хабаршысы. – Тарих сериясы. – 2004. – № 3 (34). – 126-128-бб.

2. Қазақ отбасылық ғұрып фольклорының этнографиямен байланысы // ҚҰУ Хабаршысы. – Шығыстану сериясы. – 2005. – № 3 (32). – 66-69-бб.

Н.А. Досымбетов

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰРАН ШАҚЫРУ ДӘСТҮРІ

Ұран – халықты, ру-тайпаны аса маңызды іске, мақсатқа жұмылдыру үшін жігерлендіре, рухын көтеру мақсатында жар сала айтылатын дабыл сөз. Қазақ ру-тайпаларының ұрандары тұтас қауымды біртұтас етіп, ортақ мақсатқа жұмылдырып, күш-жігер қосатын, патриоттық сезімін оятатын, рух беретін ерекше қасиеттерге ие. Бұл жөнінде Орынбор Шекара Комиссиясының чиновнигі Л.Баллюзек қырғыздар (қазақтар) үшін әдет-ғұрыптардың бірде-бірі дәл ұран сияқты қасиетті бола алмайтындығын айрықша атап өтеді [1, с. 245]. Л.Баллюзектің айтуынша, ұран бүкіл руластарды, тіпті олардың дос-жарандарына да, басқа рудағы құда-жекжаттарына да қарсы шапшаң түрде жұмылдыра алатын күшке ие. Өйткені, қазақ өзіне етене таныс ұранды естіген бойда-ақ өзге дүниені ұмытады.

Қазақ халқындағы ұран ұғымының түп тамырын шежірелік аңыздар Шыңғыс ханмен байланыстырады. Бұл жөнінде татар оқымыстысы Ибрагим Хальфиннің 1822 жылы қазанда жарық көрген «Ахуал Шыңғыс хан уа Ақсақ Темір» атты еңбегінде Шыңғыс хан династиялық әулеттің негізін салушы ретінде қарамағындағы бағынышты ру-тайпалардың билерін тағайындап, руларға рәміздік белгілерді – таңбалар, ұрандар, ерекше құстар мен ағаштарды белгілеп бергендігі туралы баяндалады [2]. Мәселен, Қоңырат би оғлы Сеңлеге «Қоңырат», Үйсін Майқы биге «Салауат», Қыпшақ биге «Тоқсаба» ұран ретінде берілген. Осы тектес аңызды Ш.Құдайбердіұлы да өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде келтіреді [3, 16 б.].

Дәстүрлі қазақы ортада ұранның әрбір ру-тайпаның, халықтың функционалдық мәні үлкен атрибуты болғандығын әз Тәуке ханның (1680 – 1715-18 жж.) әйгілі «Жеті Жарғы» заңдар жинағынан да байқауға болады. «Жеті жарғының» Саққұлақ би нұсқасында «*Әр рудың ұраны, таңбасы болсын*», – деген арнайы бап (113-бап) кездеседі [4, 313-389 б.]. Бұл ұранның мемлекеттік идеологиялық күш ретінде жұмыс атқарғандығын көрсетеді.

Ұран қасиетті ұғым болғандықтан жөн-жосықсыз шақырылмаған. Батырлардың ерлігі сыналар жекпе-жек және жаппай ұрыстарда ұрандатқан. Сондай-ақ, ірі астарда берілетін бәйгеде де ұрандату үрдісі болған. Дәстүрлі қазақы ортада, негізінен, ел басына іс түскен қиын-қыстау заманда ақылымен, ерлігімен көзге түскен тұлғалардың есімдері мен туған жер атаулары ұранға айналған. Әсіресе, қазақ халқы үшін ауыр қасірет әкелген жоңғар шапқыншылығы тұсында атқа мінген көптеген қазақ батырларының есімдері бір ғана емес бірнеше рулардың да ұрандарына айналған. Мысалы, сол тұста Жетісу өлкесінде қол бастаған Райымбек батыр есімі өзінің шыққан руы Албаннан өзге осы өлкені қатар мекен еткен Суандардың да ұран салу дәстүріне кірген.

Қазақ қоғамында әр ру-тайпаларының өзіне тән ұраны болғаны секілді (**кесте 1**), жүзге кірмейтін төре, қожа және өзге де рулардың да өз ұрандары болған (**кесте 2**). Мұны қазақ халқында кездесетін «*Арқар ұранды төре*», «*Алла ұранды қожас*», «*Алаш ұранды қазақ*» деген сөз тіркестерінен байқауға болады.

Ұлы жүз ру-тайпаларының ұрандары					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Албан	Райымбек	7.	Сарыүйсін	Байтоқ
2.	Суан	Байсуан, Райымбек	8.	Шапырашты	Қарасай, Бақтияр
3.	Жалайыр	Бақтияр, Қабылан	9.	Қаңлы	Айырылмас, Бәйтерек
4.	Дулат	Бақтияр	10.	Ысты	Жауатар
5.	Ошақты	Бақтияр	11.	Шанышқылы	Айырылмас, Бәйтерек
6.	Сіргелі	Тоғанас			
Орта жүз ру-тайпаларының ұрандары					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Арғын	Ақжол, Қарақожа	5.	Қыпшақ	Ойбас
2.	Найман	Қаптағай, Қабанбай	6.	Қоңырат	Алатау, Мүкәмал
3.	Уақ	Бармақ, Жаубасар	7.	Таракты	Жаубасар, Жауқашар
4.	Керей	Ақжол, Жаубасар, Ошыбай			
Кіші жүз ру-тайпаларының ұрандары (Он екі ата Байұлы)					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Шеркеш	Шағырай	7.	Тана	Тана
2.	Ысық	Бәйтерек	8.	Жаппас	Баймұрат, Бақтыбай
3.	Байбақты	Дәуқара	9.	Беріш	Ағатай
4.	Масқар	Қаратай	10.	Адай	Бекет, Тегелен
5.	Алаша	Алтыбас, Байбарак	11.	Есентемір	Алдоңғар
6.	Қызылқұрт	Жиенбай	12.	Таз	Бақай, Төремұрат
Кіші жүз ру-тайпаларының ұрандары (Алты ата Әлімұлы)					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Кете	Майлыбай	4.	Төртқара	Айыртау
2.	Шекті	Айыртау, Бақтыбай, Жанқожа	5.	Қарасақал	Алдажар
3.	Қаракесек	Ақпан	6.	Шөмекей	Дөйт
Кіші жүз ру-тайпаларының ұрандары (Жетіру)					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Телеу	Арғымақ, Тұлпар, Ханзада	5.	Керейт	Ақсақал, Үнтүм
2.	Рамадан	Дулат, Қайғұлым	6.	Табын	Алаш, Серке, Тостаған
3.	Тама	Қарабура	7.	Жағалбайлы	Манатау
4.	Кердері	Қожахмет			

Қазақ ру-тайпаларының ұрандары халықтық, жүздік, рулық болып жіктеліске түседі. Ең алдымен жалпы қазақ халқына ортақ Алаш ұранына тоқталсақ. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келтірген «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған?» атты аңызда: «Бұрынғы заманда қазақтың «Жүз» деген аталарының аты болса керек. «Алаш» деген де аталарының аты болса керек. «Жүз» деген атты руға, «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда, «Алаш, Алаш» – деп шабыңдар!. «Алаш, Алаш!» – демегенді әкең де болса, ұрып жық!» – деп бата қылысыпты» [5, 131-135 б.], – деген жолдар

«Алаш» ұранының жалпы қазақ үшін қасиеті өте жоғары болғандығын айғақтайды. Алаштап ұрандату қазақтың батырлар жырында да кездеседі:

- Қияқты күміс найзаны,
- Сілтеп жауға салалы,
- Қаптап жауға баралы,
- Алаштап ұран салалы,
- Не қылар дейсің жау шіркін?! [6, 29 б.]

Ұлы жүз ұрандары – Бақтияр, Қабылан, Орта жүз ұраны – Ақ жол, Кіші жүз ұрандары – Алшын, Алдияр, Тұлпар тәрізді ұрандар қазақтың жүздік құрылымдарына тән. Бұл жүздерге тиесілі ұрандар кейбір ру-тайпалардың да жекелеген ұрандары болып табылады. Сондай-ақ, шежіреде түп атасы бір болғандықтан кейбір ру-тайпалардың ұрандары да бірдей болып келеді. Мысалы, Дулат, Жалайыр, Ошақты руларының ұраны – Бақтияр болса, Қаңлының ұраны – Бәйтерек. Бұл қазақ ұрандарының шежіремен шендесіп жатқандығының айғағы. Шежіреде Қаңлы мен Шанышқылы Бәйтеректен тараса, өзге Ұлы жүздің руларын Бақтиярдан таратылады [7, 111-120 б.].

Кесте 2

Жүзге жатпайтын ру-тайпалардың ұрандары					
№	Ру атауы	Ұраны	№	Ру атауы	Ұраны
1.	Төре	Арқар, Абылай, Саңқай	10.	Моғалтай	Қайрақты
2.	Қожа	Қожа Ахмет, Алдияр	11.	Қырғызалы	Шолпан ата
3.	Бақсайыс	Абылай	12.	Баршылық	Бахадүр
4.	Сунақ	Сунақ ата, Әбілғазы, Қожа Ахмет	13.	Барлас	Темір
5.	Ноғай	Айдархан	14.	Дүрмен	Темір
6.	Қырғыз	Шолпан ата	15.	Қатаған	Қатаған
7.	Құрама	Алаша	16.	Көлеген	Ұршатай
8.	Қараша	Қарашық	17.	Қалпақ	Қарақат
9.	Қорасан	Шайбан	18.	Қият	Арухан

Жалпы қазақ халқында ұрандардың қолданысқа шығу негізі рулардан бастау алады. Белгілі рудың батыры ең алдымен, ерлігімен көзге түсіп өз руының ұранына айналса, кейіннен даңқы үш жүзге тараған тұлғаға айналғанда есімі жүздік немесе халықтық ұрандарға айналып жатады. Мәселен, жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқастар барысында қол бастаған хандардың, батырлардың есімдерін бүкіл қосын ұрандатып, атой салған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Үйсін Төле бидің түйесін баққан Сабалақтың қалай Абылай атанғандығы туралы аңызда елеусіз жүрген Сабалақ жоңғарға қарсы жорықта «Абылай, Абылайлап» ұрандатып шапқан. Осы шайқаста ерлік көрсеткендіктен, Абылай атанып, есімі ұранға айналған [8, 17-20 б.].

Ел басқарған тұлғалардың айтуымен де кейбір батырлардың есімдері ұранға айналып отырған. Ел аузындағы аңыздардың бірінде шайқаста хан Абылай өзін құтқарып қалған Тоғанас батырды шақыртып: *«Сенің есімің – елде жоқ есім екен, елде жоқ есімді иеленген адам бір тайпаға көсем болуға лайық. Лайықтығыңды ісіңнен көрдім. Атың бір рулы елге ұран болатындай-ақ ер екенсің. Көп жаса, шырағым»*, – депті. Аузы дуалы Абылайдың сөзінен соң, Тоғанастың есімі күллі Сіргеліге ұран болып қалыптасыпты [9, 155-158 б.].

Шежірелік аңыздарда батырлардың шайқаста көрсеткен ерлігі үшін өз руының ұранын сұрап алған оқиғалар да кездеседі. Сондай аңыздардың бірінде жас батыр Ағатайдың өзі руға ұран болуын қалап сұрап алғандығы баяндалады: *«Ағатайдың жасы он алтыға толғанда, елді жау шауып кетіп, ауыл адамдары жауды қумақшы болады. Ағатай бірге барғысы келсе де, әкесі жібермейді. Жұрт кетіп қалғасын қолына бір қылыш алып, Ағатай тай мініп қуып жетеді. Жұрт оған: «қал» дейді. «Орталарыңа бір есер керек, мені қумаңдар» – дейді. Сонымен жауды қуып жетіп соғыс болғанда, Беріш жағғы жеңіліп қалады. Жау арасында қалып қойған Ағатай жаудың артында шауып отырып бір-бірлеп құлата береді. Жаудың саны азайып кейін шапқанда, Ағатай «Ағатай, Ағатайлап» ұран салып, қуа жөнеледі. Беріштің адамдары да қуып, жаудың қалғанын тұтқынға алады. Осы жолы Ағатай олжа алмайды. Енді не керек дегенде: «Беріштің ұранын берсеңдер болады» – деген екен [9, 293-294 б.]. Сөйтіп, Беріштің ұраны жас батыр Ағатайдың есімімен аталған.*

Жауынгерлік ерлік көрсетуден өзге дін жолында рухани ұстаз болған әулиелердің де есімдері ру-тайпалардың ұранына шыққан. Мысалы, қожаның ұраны – Қожа Ахмет, таманың ұраны – Қарабура. Қожа Ахмет Ясауи туралы аңыздардың бірінде, ол өлерінің алдында өзін қара бура мініп келген кісі алып кетіп, жерлейтіндігі жөнінде айтады. Сол айтқандай, Сұлтанның денесін алып кетуге келген Тама

өзін диуана, шейх етіп көрсетіп, Сұлтанның мүрдесін Қара бураға өңгеріп алып кетіп, Қожа Ахмет Ясауидің аманатын орындаған. Кейіннен халық Таманы «Қара Бура Әзі» атап кетіп, есімі бүкіл тама руына ұран болған [9, 323-324 б.].

Қазақ халқында есімі ұранға айналған Қызай, Қарқабат сынды ел аналары да болған. Бәйдібектің Нұриладан туған қызы Қызайым он жеті жасында найман еліне ұзатылады. Барған жерінде тәрбиелі мінезі, тәлімгерлік ісімен елге танылып, ел ішіндегі даулы істерге араласып, әділ шешімдерімен халықтың анасына айналады. Ұрпақтары есімін ұранға алып, Найманның ішіндегі Қызай руы атанады [10, 17 б.].

Көшпелі ортада жер-су атаулары да ұран ретінде қолданылған. Мәселен, қоңыраттардың Алатау ұранын атап өтуге болады. Бұл жөнінде елаузында аңызда сақталған. Аңыз желісі бойынша, *қоңыраттар Шыңғыс ханның жорығына қатты қарсылық білдіргендіктен, «қоңырат» дегенді өлтіре беріпті. Солай бола тұрса да, қоңыраттың бір қызын алады. Ол кісі 7 жасар Мейрамды (інісі) сандыққа салып жасырып жүреді. Шыңғыс ханның бір көңілді кезін пайдаланып: «Сіз үлкен қателестіңіз, өзіңіз қайынсыз, балаңыз нағашысыз, әйеліңіз, мен төркінсіз қалдық», деген екен. Сонда Шыңғыс хан «Қоңыраттан ұрпақ болса, Алатаудан асыра көтерер едім» деген екен. Сонда сандықтағы Мейрамды шығарып көрсеткен екен. Қоңыраттың «Алатаулап» ұран шақыратыны содан қалған екен* [9, 248-249 б.]. Бірақ, Алатау ұранын тек қана жер-су атауынан шыққан десек, Сыр бойы мен Қаратаудың етегін мекен еткен қоңыраттардың Алатау деп ұрандатуы қисынға келіңкіремейді. Демек, аталмыш ұран кісі есімінен шыққандығы даусыз. Өйткені, қоңыратта Тәуекел хан тұсында ерлігімен көзге түскен, Есім хан тұсында бас қолбасы болған Алатау (шын есімі Өз-Ғараб) батыр Бесайдарұлының даңқы Үш жүзге тараған. Демек, қоңыраттардың Алатау ұранын жер-су атауына да, кісі есіміне де жатқызуға болады.

Жер атауына байланысты қалыптасқан ұран Кіші жүздің Төртқара руына тиесілі. Бұл жөнінде, шежірелік аңызда Әлімнің балалары Қаратаудың солтүстігіндегі, Ұлытауға жақын «Айыртау» жайлауында мекендеген екен. Сол тұста Қарамашақ 21 жасында қалмақтармен соғыста шейіт болып, Айыртауға жерленіпті. Қарамашақтан қалған төрт қара бала Жаманақтың қамқорлығында, тәрбиесінде өсіпті. Ал Жаманақ болса осы төртеуіне: *«Сен, төрт балам, Қарамашақтың баласысыңдар, әкең – Қарамашақ, әкең осы жерде соғыста қайтыс болды, әкең Қарамашақ екенін ұмытпаңдар, өскен соң «Айыртаудағы» әкеңнің бейітіне келіп зиярат етіп, дұға оқып тұрыңдар, мен сендерді – «төрт қарамды» ер жеткізіп, ел қатарына қосып жіберсем, арманда жастай марқұм болып кеткен інім Қарамашақтың рухы риза болып, оған деген туыстық, ағалық борышымды ақтаған болар едім»* – деп күніне бір рет айтып, санасына сіңіре берген екен дейді. Ел қатарына қосылған төрт бала Қарамашақтың баласымыз деп өсіпті. Жауға шапқанда әкесі Қарамашақтың бейітіне барып дұға оқып шыққан соң, «Қарамашақ», «Қарамашақ», «Айыртау», «Айыртау», деп ұрандап, атой салады екен. Осыдан тараған ұрпақтар Төртқара атанып, Қарамашақтың жерленген жері «Айыртау» олардың ұранына айналыпты [9, 313-314 б.]. Айыртау деген кісінің аты Төртқара руының шежіресінде кездеспейді.

Жоғарыда көрсетілген аңыздарды қорыта келе, қазақ ру-тайпаларының ұрандарын кісі есімдеріне, жер-су атауларына және жер-су атауына да, кісі есіміне де жататын ұрандар деп үш топқа жіктеуге негіз бар. Кісі есімдеріне Бақтияр, Райымбек, Қарасай, Бекет т.б., ал жер атауларына Айыртау, Алтай ұрандары жатады. Қоңыраттың Алатау ұранын кісі есіміне де, жер атауына да жатқызуға болады. Бұдан өзге «Аруақ», «Аттан» сынды ұран салу үлгілері қалыптасқан. Атап айтқанда, қазақ халқы ел ішіне жау шапқанда «Аттан» салып ұрандатса, шайқастар мен жекпе-жек ұрыстарда «Аруақ» деп ұран шақыру да болған.

Қазақ халқын «туған жер», «ата-баба» сынды қасиетті ұғымдар біріктіре түседі. Демек, ру-тайпалардың ұрандары қазақ халқының ұлт болып ұйысуында өзіндік символикалық жоғары мәнге ие болғандығы даусыз. Өйткені, қазақ ру-тайпаларының ұрандарын әйгілі тұлғалардың есімдері мен жер-су атаулары құрайды.

1. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 6-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – С. 205-246.

2. Хальфин И. Жизнь Джингизь-хана и Аксакь-Тимура. – Казань: Университетская типография, 1822.

3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хам хандар шежіресі. – Алматы: Сана баспасы, 1991. – 80 б.

4. Саққұлақұлы Е. Есім ханның ескі жолы // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 4-том. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 145-152 б.

5. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. Т.8. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 312 б.

6. Бабалар сөзі: жүз томдық. Т.41.: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 448 б.

7. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне келіп түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б.

8. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. Т.9. – Алматы: Ел-шежіре, 2009. – 352 б.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.83: Шежірелік аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Орынғали Қ., Елесбай Н. – Астана: «Фолиант», 2012. – 448 б.
10. Суан шежіре: Ұраны – Байсуан, Таңбасы – Абак / Құрастырушы: С.Ешмұхамбетов. – Алматы: Жалын, 1993. – 144 б.

А.А. Жұмашова

ОТЫРАР ЖӘДІГЕРЛЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕКТЕР

Қазақ халқы ою-өрнек арқылы өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын көрсете білді. Өз ойын басқаға жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланды. Ойды зат арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарға да пайдаланылған.

Ою-өрнек тарихын Ә.Х.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, К.Ақышев, К.Байпақов, М.Ш.Өмірбекова, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ө.Тәжімұратов сынды белгілі ғалымдар зерттеп, ғылыми еңбектер арнады.

Археолог, этнограф, академик Ә.Марғұлан қазақ ою-өрнегін ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттей келе былай деп жазады: Қазақ халқының ертегі жырлары сұлу болатыны сияқты оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке т.б. затқа түсірген ою үлгілері де сондай өрнекті болған. Жазу тарихы да ою – өрнек тарихы да өте ерте замандардан бастау алады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген. Ойды зат арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарда да пайдаланылған. Ою-өрнектер адамның тұрмыс-тіршілігінен көптеген ақпарат береді. «Қолөнердің ежелгісі болсын қазіргісі болсын өсімдік, геометриялық, космогониялық, зооморфтық элементтерден басталады.[1, 54 б.]

Дүние жүзіндегі халықтары өз бейнелеу өнерінде геометриялық, космогониялық, өсімдік типтес ою-өрнектерді түрлендіріп сан мыңдаған ою-өрнек жасап, олар өз қолөнерін әшекейлеуде.[2, 54 б.]

Ежелгі заманнан бері қазақ халқының ою-өрнектері әр затта өзіндік ерекшелікке сай орналасқан. Көлемі кіші, жіңішке әрі жапырақ тәріздес оюлар киімде бейнеленеді. Өте ұсақ түрлері зергерлік кестелік, сүйек, мүйіз, сияқты нәзік істерде ал ірі ою-өрнектер сырмақ, кілем, текемет, тұскиіз, алаша сонымен бірге сәулет өнерінде кеңінен қолданылған.

Қазақ жұртшылығының материалдық мәдениетін, шаруашылық мәселелерін зерттеу негізінде И.В.Захаров, В.В.Востров, Р.Д.Ходжиева сияқты этнографтардың бірнеше ғылыми еңбектері жарық көрді. ХІХ ғ. екінші жартысы Ш.Уалиханов, М. Шарманов, М. Бабажанов, Қ. Қастеев т.б. еңбектерінде халық өмірін этнографиялық тұрғыда қарастырып, қазақ қолөнеріне байланысты біраз деректер берілді.

Елімізге белгілі этнограф С.Қасиманов жаңа қазақ ою-өрнектері үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден жер, су, көшіп қону көріністерін, үшіншіден күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді дейді.[3,52 б.] Оңтүстік өңірі мен Жетісу қалаларында сол кездің әлемін тәнті еткен сәулетті сарайлардың, мешіт, медресе, озық құрылыс үлгілерінің болғандығын мәлім. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын, күміс, мыс теңгелер, терракота, саз, шыныдан жасалған заттар киім әшекейлеріндегі Отырар-Қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер Ұлы Дала деген атпен енген қазақ кеңістігіндегі қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылымның дамығандығын көрсетеді. Көптеген тарихи деректер мен соңғы кездегі археологиялық қазбалар отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде көне замандарда қала салу мәдениетінің едәуір дамығандығын дәлелдеп отыр.[4, 22 б.] Далалық өркениеттің бесігі болған Қазақстан қалалары әсіресе, Х-ХІІ ғ.ғ. гүлденіп, мәдениет, ғылым мен өнер шыңына жетіп қолөнер, сауда ауыл шаруашылығының шоғырланған орны болды.

Қазақ халқының өткен тарихын тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені – мұражай арқылы жас ұрпаққа танытудың маңызы зор. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – мұражайы рухани өміріміздің өркенді өнегесіндей болып өзгелердің назарына ілігіп келеді, оның қорында бүгінгі таңда 23000 нан астам жәдігер сақталуда, бұлар асылдың сынығындай тұлпардың тұяғындай қастерлі дүниелер.

Басым бөлігі ежелгі қолөнердің биік туындылары болып саналатын археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар және этнографиялық мұраларға жататын үй бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен музыкалық

аспаптар, киім-кешек т.б. заттар. Көріп көңіл толтыратын мұралар бір күннің, бір жылдың емес ғасырлар бойғы халық мәдениетінің, өнерінің көрінісі.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мәдени өмірінде айтарлықтай жаңалықтар болды. Қала тұрмысы өрлей түсті. Қолөнер кәсібі, зергерлік, сәулет өнері т.б. едәуір дамыды. Отырар – көшпелі және отырықшы түркі тайпаларын өзара байланыстырып тұрған экономикалық орталық қана емес сонымен қатар ол аса ірі сауда, қолөнер әрі ғылым мен мәдениет ошағы еді. [5, 129 б.] IX ғасырдан бастап Оңтүстік Қазақстанда жылтыр керамика пайда бола бастады. XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басында керамикаларға қара түс көп қолданылды.

XIII ғ. ортасында Отырарда керамика өндірісі дамып, керамиканың жаңа түрлері қалыптаса бастады. Заттарды жасауда қызғыш қоңыр түс геометриялық ою-өрнектер қолданылды. Ал XIV ғ. аяғында Отырар керамикасына сарғыш бояу, ашық ангоб, крест тәрізді геометриялық ою-өрнектер қолданылды. [6, 90 б.]

Ою-өрнектердің ішіндегі геометриялық және космогониялық ою-өрнектерге тоқталатын болсақ, геометриялық ою-өрнектерді ромбылар, ирек, жұлдызшалар, үшбұрыштар, көпбұрыштар құрайды. Ал, космогондық ою-өрнектер ғарышпен байланысты жұлдыздарды, күнді, айды, жарты айды, кемпірқосақты бейнелейді. Ұлан ғайыр далада көшіп-қонып жүрген көшпелілерді ғарыш пен әлем құпиясы үнемі қызықтырған.

Ежелден келе жатқан көне өрнектердің бірі дөңгелек. Бұл күн сәулесі, күн көзі, ирек су өрнегі. Көне түркілер түсінігінде құс көктің, балық судың, ағаш жердің бейнесі болды. [7, 123 б.]

Ең ежелгі ою-өрнектер космогониялық, күн символы архитектуралық декорларда, атап айтатын болсақ, Жамбыл өңіріндегі Бабаджа хатун мавзолей фасадында, Орталық Қазақстандағы Алаша хан мавзолейінде кездеседі. Космогониялық ою-өрнектер жоғарыда аталған озық құрылыс үлгілерімен қатар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған саздан жасалған бұйымдарда және құлпытастарда көп кездеседі. Отырар қаласының орнынан табылған X-XI ғ.ғ. тән көзенің мына бір түрі мойнынан төмен қарай айналдыра күн сәулесі деп аталатын космогониялық өрнек түсірілген. Отырар төбеден табылған мына бір қақпақ түрі бетіне айналдыра космогониялық ою-өрнек түсірілген одан төмен қарай тырнақша, сызықша, тәрізді ою-өрнектер түсірілген. Келе-келе космогониялық ою-өрнектер ағаштан жасалған бұйымдар мен жүннен жасалған бұйымдардың ішінде кілемде көп қолданыла бастады. Отырар мұражайының қорында сақтаулы тұрған ыдыс-аяқ сақтап қоятын жиһаздың бірі асадалдың мына бір түрі ерекше көз тартады, оның екі ашпалы есігінің ортасына үлкен күн сәулесі өрнегі түсірілсе оны айналдыра төрт бұрышына да майда күн сәулесі өрнегі түсірілген. Космогониялық өрнекке күн көзі өрнегі жатады, күн сәулесі, шыққан күн, ай гүл, айшық гүл, ай гүл өрнегі ежелгі өрнектердің бірі – ғұн дәуірі есерткіштерінде кездеседі.

Геометриялық ою-өрнектер архитектуралық декорларда кілемнен, ағаштан, теріден жасалған бұйымдарда көп кездеседі. Бұлар квадрат, ромб, төртбұрыш, үшбұрыш, квадрат пен ромбының жартысы, алтыбұрыш, сегізбұрыш, төртбұрыш пен квадрат, үшбұрыш, параллелограмм. Геометриялық ою-өрнектер түсірілген бұйымдарға тоқталатын болсақ. Мына бір өрнекті қыштың бетіне крест тәрізді ою-өрнек түсірілген. XIII-XIV ғ.ғ. тән. Мыңшұқырдан табылған. Өлшемі: ұз. 22,5 см, ені 10,5 см. Мысалы, Отырардан табылған құмыраның мына бір түрі XI-XII ғ.ғ. тән. Өлшемі: Биіктігі. 18 см. Тұтқа ұзындығы - 8 см. табан дм - 6,5 см. Құмыра сары түсті саздан жасалған ыдыстың сыртына сызықша, үшбұрышты геометриялық ою-өрнектер түсірілген. Құмыраның келесі түрі: сары түсті саздан жасалған тұтқа тұсынан сызықшалар көлденеңнен түсірілген, сызықшалардың ара-аралары үшбұрышты геометриялық фигуралармен безендірілген. XIII-XIV ғ.ғ. тән саздан жасалған кеселерге де геометриялық ою-өрнектер түсірілген. Саздан жасалған бұйымдардың түріне, өрнегіне қарап қай ғасырға жататыны анықталады. К.Ақышев өз еңбегінде былай деп жазады: керамика барлық уақытта да сән талғамының дәрежесін байқатып отырады. [8, 69 б.] Саздан жасалған жәдігерлердегі белгілер – крест, айыр, дөңгелек, қисық сызықтар, үш бұрышты, т.б. болып келеді.

Қазақстанда зергерлік өнері б.э.д. II – I мың жылдың екінші жартысынан бастап белгілі. [9, 24 б.] Ежелден бүкіл шығысқа кеңінен танымал болған Отырар өңірінде зергерлік өнердің дамығанын археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған зергерлік заттар арқылы біле аламыз. Қолөнері зергерліктің дамығанын көрсететін Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайында Отырар алқабынан табылған зергерлік заттар сақтаулы. Олар Қоңыртөбеден, Көк-Марданнан табылған III-V ғ.ғ., X-XII ғ.ғ., XVI-XVII ғ.ғ. тән әшекейлер: ақ, қара, көк түсті, шыныдан жасалған моншақтар. Жұмыр немесе цилиндр тәрізді шыныдан жасалған моншақтар мен дөңгелекше болып келген кедір-бұдырлы моншақтар жиі кездеседі. Көк-Марданнан табылған сердолик тасынан және қара түсті тастан

жасалған формасы сопақша, цилиндр тәрізді үш қырлы моншақ та жасалу зергерлігі жағынан жоғары деңгейде. Табылған заттардың коллекциясында табиғи тастардан өңделіп жасалған моншақтар да бар, атап айтатын болсақ сердолик, яшма, лазурит, агат, халцедон т.б. түрлі-түсті тастардан жасап шығарды. Пайдаланылған тастар табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді. Археологиялық қазба жұмыстары барысында сондай-ақ бетінде өрнегі бар сакина, сырға, жүзік, білезік тәрізді заттар да табылды. Әсіресе мыстан, қоладан бетінде өрнегі бар жүзіктер ерекше көз тартады. Бірінің беті алты бұрышты екіншісінің беті төрт жапырақты болып келген, сондай-ақ бетіне сердолик, лазурит, нефрит, яшма, агат, гагат, серпантинат, тау хрусталі т.б. көздер орнатылған.

Сырғалардың жасалу ерекшеліктері бойынша ай сырғалар, дөңгелек сырғалар деп бөлуге болады. Осы тәрізді Маңғыстау өңірінде алтынмен қапталған сырғалар табылды. Зергерлік бұйымдардың тағы бір түрі білезіктердің иілген жерлері бір жері алты бұрышты, жыланбас, ромб тәрізді өрілген білезіктер де кең тараған.

Саздан, металдан жасалған бұйымдар мен сүйектен жасалған заттардағы геометриялық үлгідегі ою-өрнектер келе-келе киізге, алаша, кілем, ағаштан жасалған үй жиһаздарына, зергерлік бұйымдарға салынатын болған.

Ағаштан жасалған қолөнер бұйымдары – кебеже, сандық, киіз үйдің есігі сықырлауық, асадал т.б. бұйымдарда геометриялық ою-өрнектер кең қолданылған. Отырар мұражайының қорында геометриялық ою-өрнек түсірілген кебелердің бірнеше түрі бар, оларға тоқталатын болсақ, кебенің мына бір түрі, алты жерден ромб тәрізді геометриялық фигуралар жоньлып және ирек өрнектері сүйектен ойылған, әрбір сүйек әшекейлердің беттеріне ортасында ноқаты бар шағын шеңберлер сызылған оның айнала шеттеріне ирек су өрнектерін сүйектен ойып жасаған. Оюлар кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген. Өлшемі: ұзындығы 47 см, ені 74 см.

Халық қолданбалы өнерінің жәдігерлері ХІХ-ХХ ғ.ғ. зергерлік бұйымдарға келетін болсақ, мысалы, бойтұмарлардың ою-өрнектері геометриялық және сызықша тәрізді болып келген. Күміс түймені әр түрлі тастан қырнап, өңдеп, жиегін таза күміспен көмкеріп жасаған. Оны ертеректе қыз-келіншіктер, апалар сән үшін де әшекей ретінде де таққан. Оларға түсірілген ою-өрнектер геометриялық, және өсімдік тәрізді болып келген. Мұражай қорындағы білезіктердің ішіндегі аса қызықтысы қызыл, қоңыр тастан көздері бар қалыңдығы – 1 см, жалпақтығы 3,5 см, биіктігі 5,5 см және араларына геометриялық ал, шеттеріне ирек су өрнектері түсірілген түрі. Бір көзінде арабша жазуы бар білезіктің әсемдігімен қатар беріктігі де көрініп тұр.

Қазақ халқының қолөнерінің ішінде ерекше орын алатын жүннен жасалған бұйымдардың бірнеше түрі Отырар мұражайының қорында сақтаулы: түкті кілем, алаша сырмақ, текемет, тұс киіз, қоржын, аяқ қап т.б. оларға геометриялық ою-өрнектермен бірге, өсімдік түрлерінен гүл, жапырақ, түрлі шөптерді, зооморфтық өрнектерден аңдар мен олардың мүйіздерін бейнелеп отырған. Мысалы, сырмақтың мына үлгідегі ою-өрнектері - бетіне екі немесе үш жерден ромб түсіріліп, оның шетіне төрт құлақ өрнегі шеттеріне айналдыра сыңар мүйіз өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі. Ал, текемет бетіне геометриялық ою-өрнек тобына жататын ромбы өрнегі екі, үш немесе бірнеше жерден түсіріліп, оның ішіне қошқар мүйіз өрнегі салынып, жиектеріне айналдыра сыңар мүйіз, қос мүйіз, қаз мойын ою-өрнектері түсірілген түрі көп тараған.

Әрбір үлкен қалаларда ұсталық, сүйек ұқсату, шыны өндірісі, зергерлік тәрізді көптеген қолөнер түрлері дамып, оларға қолданылған ою-өрнектер халқымыздың тұрмысы мен өмірі туралы құнды деректер береді. Бұйымдарға зер салып қарайтын болсақ, әрбір ою-өрнектің философиялық мәні бар, ою-өрнектердің өзінен мағыналы ой түйіндеуге сол арқылы сол заманнан бай мағлұмат алуға мүмкіндік беретіндігін бірден байқауға болады. Ертедегі ата-бабаларымыздың қолөнер үлгісін, шеберлігін сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа жеткізу, үйрету бүгінгі таңда игілікті іс болып табылады.

1. Өмірбекова М.Ш. Сақ тарихы мен мәдениеті. Алматы: Зият. Пресс, 2004, – 54 б

2. Осында 54 б.

3. Осында 52 б.

4. Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер. Байбосынов К. – Алматы. Өнер. 1996, – 22 б.

5. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, Ана тілі, 1998, – 129 б.

6. Галимжанова А.С., Глаудинова М.Б., Кишкашбаев Г.А. и др. История Искусств Казахстана. – Алматы. Издат-Маркет, 2006, – 90 с.

7. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы. 1995, – 123 б.

8. Ақышев.К. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алматы: Қазақстан.-Алматы. 1976, – 69б.

9. Галимжанова А.С., Глаудинова М.Б., Кишкашбаев Г.А. и др. История Искусств Казахстана. – Алматы: Издат Маркет, 2006, – 24 с.

ТӨЛЕҢГІТ ТАРИХЫ

Біздің Төлеңгіт дегенде мұны Саттар Елубаевтың «Менің құрдастарым» атты романындағы Төлеңгіт жыршы екен деп қалмаңыз. Бұл басқа бір білікті адамның да есімі емес. Онда сіздер мұны рудың аты екен ғой дерсіз. Рудың аты екені рас десек, сіз тағы да «Е, онда біздің қазақ үш жүзге кірмейтін Қожа, Төре, Төлеңгіт дегендер бар деп отырушы еді, сол төлеңгіттер осы екен ғой» дерсіз. Иә, ондай Төлеңгіт дегендердің бар екені рас. Олар әртүрлі рулардан, тайпалардан хандар мен сұлтандарға қызмет етуге жиналғандар. Бұларды жұрт әдетте «Төрениң төлеңгіттері» деп атайды. 1822 жылы қазақ арасында хандық жойылған соң олар тарап кеткен. Біздің төлеңгіттеріміз бұлар емес. Бұдан мүлде басқа. Өйткені біздің төлеңгіттеріміз хан, сұлтандарға ешқашан қызмет істемеген, олардың қоңсысы болып көрмеген.

Біздің айтайын деп отырғанымыз - тарихы да, құрамы да өзгеше Шұбартау Төлеңгіттері туралы болмақ. Баласағұни «Кетпе ұмытып, ойлан тек пен түбінді» деп бекер айтпаған [1]. Егер сіз Төлеңгіт болсаңыз, шыққан тек пен түбіріңізді білгеніңіз жөн. Ал егер сіз Төлеңгіттермен араласып ғұмыр кешіп келе жатқан басқа рулар мен тайпалардың адамы болсаңыз, олардың қайдан шыққанын білгеніңіз артық болмайды. Қазақ халқын құрап отырған барлық тайпалар мен рулардың тарихын білсеңіз, тіпті жақсы.

Шұбартау Төлеңгіттері Арғын, Найман, Керей, Уақ немесе Албан, Дулат, Алшын, Адай сияқты арыстардың бірінен шығып өсіп-өрбіген бір текті ру емес. Шұбартау Төлеңгіттері үлкен үш халықтан: қазақтан, қалмақ және қырғыздан құралған ру. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталған қазақ пен қалмақ арасындағы қырғын соғыстан бұрынырақ пайда болған.

Ақындардың Төлеңгіт туралы толғауларында үш арыс: Мамадайыр, Құсшы, Қалмақ деген өлең жолдары жиі кездеседі. Мұндағы Мамадайыры – қазақ, Құсшысы- қырғыз, Қалмағы-кәдуілгі қалмақ (жоңғар). Төлеңгіт руының ішінде бұл негізгі үшеуінен басқа бірнеше рулар бар. Мәселен, Найманнан қосылған ру бүгінге дейін «Найман-Төлеңгіт» аталады. Ұлы жүз Ошақты руынан қосылған ру қазірде де «Ошақты» Оңтүстіктен келіп қосылған (біреулер Қызылбас, біреулер Сарт дейді) рудың аты «Оңажыт», ал сабанның арасынан тауып алған баладан тараған рудың аты «Сабаншы» аталады. Сол сияқты қайдан келіп қосылғаны мағлұм емес (ұмытылған) ұсақ рулар да бар. Сондықтан да жұрт оны «Жаназардың туына, Өмірзақтың құтына жиналған сиырдың бүйрегіндей 40 рудан құралған Төлеңгіт», - деп айтады.

Жаназар - Қалмақ руынан шыққан ту тіккен батыр, Өмірзақ- Мамадайыр руынан шыққан, ақыл иесі, ел басқарушы. Екеуі бірігіп осы айтып отырған Төлеңгіт руын құрған.

Үлкен ақсақалдардың үзбей айтып келе жатқан әңгімесі бойынша (аңыз деуге болмайды) қалмақтарға қарсы соғыстың кезінде 40 үй ғана қалыпты. Аш-жалаңаш болған. Жаназар қалмаққа жорыққа кеткенде, Өмірзақ елді басқарып, жалғыз боз биенің сүтін күніне бір үйге сауғызып отырған. Тебержін деген кісіге кезек келгенде, биеден сүт шықпай қойған екен, ол биенің емшегін кесіп алыпты. Содан оның етін 40 үйге бөліп беріп отырғанда Жаназар келіп, Тебержінді өлтірмекші болған, Өмірзақ ара түсіп, жанын сауғаға сұрап алған, бірақ рудан қуып жіберген. Жаназар оған «Ауызың асқа жарымасын, тақымың атқа жарымасын, бір жерге екеуіңнің басың бірікпесін» деп теріс батасын беріпті. Шұбартау Төлеңгіттерінің 250 жылдың ар жақ, бер жағына созылған тарихында елден осы Тебержіннен басқа ешкім кетпеген.

Кейін Төлеңгіт руы өсіп, 2500 түтін болған. Қарқаралы аға сұлтандығына (Қарқаралы округіне) қараған. Сарыарқадағы қоныстанған жері Қаракесек, Керей, Тобықты, Матай, Қаракерей, Садыр елдерімен шектесіп жатқан. Қалмақтармен соғыстан соңғы 200 жылдан артық уақыт ішінді өсіп, осындай дәрежеге жеткен. Сиырдың бүйрегіндей қырық рудан құралса да, Төлеңгіт руының ұйымы мықты болған. Тіпті халқы көбейген кездердің өзінде рулардың арасында үлкен жанжал болмаған. Қайта, қаңғырып қалған, жетім қалған бала-шағаға дейін әкеліп, тәрбиелеп ала беріпті. Мәселен даладан тауып алған Қазыгүл, Қазыбек деген екі жас баланы Өмірзақ бала етіп асырап алған. Содан тараған «Дейіт» деп аталатын ру қазір де бар. Жоғарыда аталған «Оңажыт», «Ошақты», «Сабаншы», «Найман-Төлеңгіт» сияқты ұсақ рулардың бәрі де әртүрлі жолдармен келіп қосылып, кейін жүздеген түтінге дейін өсіп, өркендеген.

Жаназар мен Өмірзақ бір-бірімен жан қияр, ажырамас дос болған. Екеуі ел басқару, Төлеңгіт болып біріккен рулардың бірлігін сақтау жөнінде өсиеттер қалдырған. Бұл өсиеттердің бәрін олардың қол астына қараған ірілі-ұсақты рулар берік сақтап, орындап келеді.

Мәселен, үлкен үш арыс: Мамадайыр, Құсшы, Қалмақ қана өзара қыз алысып, ал олардың ішінде ұсақ рулар, яғни әрбір аталы елдер жеті атаға толса да қыз алыспайтын болсын деп айтқан өсиеті кейінге дейін мықты дәстүр ретінде сақталып, орындалып келді.

Олар орнатып, кейінгіге өсиет етіп қалдырып кеткен бір дәстүр – көрші елдермен сыйластықта болу да берік сақталып келеді. Мәселен, жондағы Жобалай керей атанған көршісімен бауырмал қатынас орнатқан. Төлеңгіттер Шұбартау болысы аталса, Керейлер Дағанды болысы аталған. Алда-жалда бірлі-жарым адамдар арасында келіспеушілік бола қалса, ол дереу реттеліп, жөнге келтірілген. Бұл жөнінде кейбір мысалдарды келтіре кету артық емес.

Қаракесек ішінде Қара-шор аталатын үлкен, азулы елдің айттырып қойған жесірі Салиха деген қыз атастырған күйеуін менсінбей Төлеңгіттің Оспанқұл деген кісісімен көңіл қосады. Оспанқұл оны алып қашады. Қара-шордан 100 кісі келіп қыздың елін шаппақ болады. Оған Төлеңгіттен де бір топ кісі барып, «Қыздың төркінінің жазығы жоқ, шапсаң бізді шап, өйткені біз алып қаштық, олар ештеңе білмейді» деген. Оспанқұл содан кейін дереу өзінің немере туысы Бижанұлы Әзімбай деген кісіні Қара-шордың ең беделді, әділ биі Кенжеге жібереді. Кенже 40 кісімен келіп, қыздың қалың малы үшін 100 түйе, айыбы үшін 5 ат, 9 түйе төлегіп, бітім қылған. Қара-шор 4 болыс ел болса да, бір-ақ болыс Төлеңгітті шауып алмай, бейбіт бітім жасаған. Мұның өзі көршілерімен Төлеңгіттердің өмір бойы салқынқандылықпен дұрыс бейбіт қатынас жасап келуінің нәтижесі еді.

Төлеңгіттердің шыққан тегі де белгісіз, олардың қоғамда атқарған қызметі де түсініксіз, құрамы да нақты анықталмаған» деп пікір білдірген шұбартаулық Б. Кемелбеков пен Е. Жасымбаев дәстүр салтымен ерекше көзге түсетін Шұбартау елі аталған төлеңгіт қауымына ұйытқы болған мамыт, уанас, дейіт, құсшы, оңажіт және таз ру- әулеттердің тарихын шежірелік деректері негізінде дәлелді түрде жазған. Олардың ішінде тарихы жоғарыда айтылған Мамадайыр, Мамашық тағдыры ерекше қызық [2].

Төлеңгітті құраған үш арыс аталатын тармақтардың шығу тегін көнеқұлақ қарттар бүгінге шейін былайша әңгімелейді.

Тайшы деген қазақ баласы нағашысы қалмақ ханына қонаққа барады. Жастардың өнерін сынағанда, Тайшы садақтың оғын жеті кетпеннен өткізіп жібереді. Мұны көрген қалмақтар ойланып қалады, егер түптің түбінде соғыс бола қалса, жиен болғанымен зиянын тигізуі мүмкін деп, мас қылып, білдірмей екі жауырынының шеміршегін алып тастайды. Өзі жетім, бірақ өте пысық, күш – қуаты артылып, төгіліп жүрген, сондықтан да ел билеушілеріне ұнамай жүрген Мамыт деген қалмақ бақсы бар екен. Ол Тайшымен дос екен. Сол Мамыт Тайшыға жауырынының шеміршегін қалмақтардың мас қылып алып тастағанын айтып қояды. Тайшы нанбайды. «Нанбасаң, садақ тартып көр»,-дейді Мамыт. Тайшы садақ тартып көрсе оғы бір кетпеннен ғана өтеді. Бұны білген соң Тайшы бұлар бір күні өлтіріп тастаудан да тайынбас деп қалмақтарға білдірмей Мамытты ертіп еліне қашып келеді.

Төлеңгіттің, оның ішінде қалмақ руының үлкендері Мамытты көбінесе «Желден» деп атайды. Осы жерде бір аңыз-әңгімені айта кеткен артық емес.

Қалмақта Зеңгі баба атанған әулие сиыршы болған. Қызметіне риза болып хан оған қызын берген. Сол әулиенің үрлегенінен (демінен) қыз жүкті болып, Мамытты тапқан. Сондықтан Мамыт «Желден» аталған, «Біз әулиенің тұқымымыз» де отыратын. Біз мұны әркім өз атасын басқалардан артық етіп көрсетуге тырысатын әдеттен туған шығар деп ойлаймыз.

Тайшы кейін қалмақтармен болған бір соғыста қаза табады. Соғыстан соң Мамыт Арғынның бір топ батырларымен бірге Қарқаралы өңіріне келіп орнығады. Солардың бірі – Арғынның Мамадайыр деген батырынан «Мамадайыр» руы, Мамыттан «Қалмақ» руы өсіп тарайды. Мамадайыр Арғынның Қуандық руының Алтай атасынан шыққан адам екен. Революциядан бұрын Алтайдан Иса деген кісі бастаған бір топ адам Шұбартауға келіп, Мамадайырды көшіріп әкетпек болған. Бірақ олар жүздеген жыл тұрып, осындай елмен бауырласып кеттік деп көшпеген. Исаның тобын көп сыйлықпен шығарып салған.

Сол сияқты ертеде Қырғыздың бір дәулетті адамы өліп, бәйбішесінің балалары еншіге ортақ болады деп тоқалдан туған Қарымсақ деген баланы өлтірмек болғанда, байдың жылқышысы жүйрік ат мінгізіп оны қазақ арасына қашырып жібереді. Қарымсақ келіп Борын деген атадан қыз алып Төлеңгіттің «Қонай» аталатын атасымен көрші болып, осы күнгі Балқаш көлінің маңына орналасады. Содан өсіп-өркендеп Құсшы руы тараған. Құсшылардың бірқатар адамдары қырғыз еліне ауық-ауық барып қайтып жүрген. Құсшы Танабай деген кісі туысын іздеп неше қайтара қырғыз еліне барады. Ақыры сонда барып дүние салды.

Мұның бәрі жай әңгіме де емес, аңыз да емес, болған шындық. Құсшылардың қырғыз екені даусыз. Қырғыздардың арасында «Құсшы» деген ру қазір де бар. Сол сияқты Өмірзақ даладан тауып алатын екі баладан өсіп «Дейіт» аталған рудың да түбі қырғыз. Қырғыздарда «Дөйіт» деп аталтын ру қазірге дейін өмір кешіп келеді. Бірақ дыбысталуына қарай бізде «Дейіт» деп аталса, оларда «Тейіт» деп аталады.

Сонымен жоғарыдағы жинақтап айтсақ, Шұбартау Төлеңгіттерінің құрамы төмендегідей болады:

Мамадайыр - өз ішінде Боран, Жалаң, Өмірзақ аталатын үш руға бөлінеді. Жоғарыда айтқандай

Өмірзақтың асырап алған екі баладан тараған «Дейіт» руы «Өмірзақ» руына туысы жағынан жақын болып есептеледі. Құсшы – тұтас бір ру. Аталарға бөлінеді, руға бөлінбейді. Қалмақ – «Уанас», «Қанай», «Қонай», «Тақай», «Ақтабын» (кейін бір себептермен «Таз» аталған), «Сартабын», «Қаратабын» (бұл кейінгі үшеуі «үш ағайынды» деп те аталады), «Жөлке, «Аю», «Жемет» (Қара ешкі), «Құлтан» аталатын рулардан құралады. Бұлардың басқа төлеңгітке әртүрлі жолдармен келіп қосылған «Ошақты», «Найман-Төлеңгіттер», «Оңажыт», «Сабаншы» т.б. ұсақ рулар кіреді. Бұған Мамадайырмен бірге туысқан Мамашықтан тараған «Мамашық» аталатын ру қосылады [2].

Енді қалай Төлеңгіт аталғаны жөніне келсек, ол жөнінде ешбір дерек жоқ. Тіпті, бұл туралы үлкен адамдар да ештеңе айтқан емес.

Біздің ойымызша бұл атты көрші елдер қоюы мүмкін. Ханға қызмет істейтін Төлеңгіттер әртүрлі рулардан ғана емес, әртүрлі ұлттардан да жинала берген ғой. Солар сияқты қазақтың талай руларынан жиналып жатқан ел болған соң дәл ханға жиналған Төлеңгіттер сияқты деп «Төлеңгіт» атаған болар. Алғашқыда оған барынша қарсы болғанмен уақыт өте келе, еті әбден үйренген соң, өздері де солай атап кеткенге ұқсайды.

Тарихта мұндай мысалдар көп емес пе? Мәселен, немістің аты дойтч. Орысша сөйлей алмайды, мылқау-неміс деп атаған орыстар ғой. Кейін Совет еліндегі немістер өздері де «неміспіз» деп кетті. Сол сияқты біздің еліміздің халықтары бірқатар елдерді Хань, Суами, Хай, Картвели деген аттары бола тұрса да Қытай, Фин, Армян, Грузин деп атап келе жатқан жоқ па?

Парсы тарихшысы Рашид-ад динның айтуынша Жалайырдың он баласының бірінің аты Төлеңгіт [3]. Ал Алтайда Төлеңгіт аталатын халық қазір де бар. Орыстар оларды тау қалмақтары деп келген. Мүмкін Мамыт осылардың біреуінен келген шығар. Сондықтан Төлеңгіт аталып кеткен болар.

Төлеңгіттен атақты адам көп шыққан. Жаназармен қоса қалмақтарға қарсы соғыста оның бірге туған ағасы Ерназар, інісі Құназар және туысқандары Боздақ, Тақай, Өтеулі Аю (Сары) сияқты көптеген батырлар, Абылаймен бірге болып, тізе қосып соғысып, жеңіске жетіп отырған. Жұрттың көзіне түскен Ерназар бір соғыста қалмақтардың қолына түсіп қалады. Қалмақтың сыншысы «мұның заты қалмақ болғанмен, әбден қазақ болып кеткен екен және өзінің иесі бар адам екен, қолға қапыда түсіп қалыпты, егер бүгін көзін жоймасақ, кешке қашып кетсе, басыңа заман ақырды осы орнатады» деген соң Ерназарды отырған киіз үйінің айналасына отын үйгізіп, үймен қоса тірідей өртеп жіберіпті.

Жаназар мен Құназар ұрпақтары олардың әкелерінің атымен «Уанас» деп аталатын Қалмақ руын құрайды. Ал Боздақ, Өтеулі батырларының тұқымдары «Қанай» деп аталатын қалмақ руын құрайды.

Тақай көзсіз батыр болған. Айласы жаннан асқан. Ері – артқы және алдыңғы қасы жоқ ашамай сияқты жайдақ болса керек. Соғыста аттың жалына жабысып жатып та, екі қабырғасына жатып та, тіпті кейде бауырына жатып та көрінбей шаба береді екен. Бір соғыста аттың жалына жабысып, қалмақтың мергендеріне тұтқиылдан қарсы шапқанда садақтың оғы арқа омыртқасын тегіс сыдырып кеткен екен, сонда қаза тауыпты. Ұрпақтары қалмақтың «Тақай» аталатын руын құрайды. Аю аталатын батыр жойқын күштің иесі, әрі Тақай сияқты көзсіз батыр болған. Бір соғыста теректі түбімен жұлып алып, жойрата берген. Содан оның Сары аты қалып, Аю атанған, оның ұрпақтары қазір де Аю аталады.

Бірде Абылай хан қалмаққа қарсы соғысқа аттанып бара жатып, Жаназарды тосқызып, екі – үш күн аялдатыпты дейді. Бұған ел азғантай адамдарды күттің деп наразы болыпты. Жаназар суыт жүріп Абылай қолына түнде жетіп ұйықтап қалса керек. Абылай Жаназарды шақырып келуге кісі жіберіпті. Шақырушы сарбаз келсе, Жаназар шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр екен, екі емшегін екі қара шұбар жылан еміп жатқанының үстінен түсіпті. Қорқып кетіп, Абылайға айтса Абылай келіп көріп, ішін тартыпты, қазақтар мұны естіп бір түйсінсе, соғысқа барғанда қамал бұзған ерліктерін көріп және түйсінген екен. Абылайдың аз ғана қолды екі-үш күн тосқанын сонда барып бірақ түсінген. Жаназардың және қасындағы көзсіз батырлар тобының атағы содан соң көпке тараған.

Қазақтардың қалмақтарға қарсы азаттық соғысында асқан ерлік көрсеткен Тіленші, Байсақ деген батырлар Төлеңгіттің «Мамадайыр» аталатын қазақ руының «Жалаң» деген тармағынан шыққан. Қырғын соғыстан аман қалып, сүйегі Шұбартау ауданындағы «Шұбартау» совхозының жерінде жерленген. Қатар тұрған екі зират «қос батыр» аталады. Осы жердегі шопанның қыстағы да «Қос батыр». Тіршілігінде тізе қосып бірге соғысып «Қос батыр» аталған ағайынды екі батыр, өлгенде де бірге жерленіп, зираттары да Қос батыр аталып, мәңгі ескерткіш болып қала берген [4].

Төлеңгіттен бұлардан басқа да атақты адамдар шыққан. Мәселен, Құсшы руынан шыққан Қойтан әрі батыр, әрі аруақты адам болған. Мүрдесі осы күнгі Қарқаралы ауданындағы Ақтайлақ өзенінің бойында жерленген. Оның мүрдесі жатқан жер қазірге дейін «Қойтанның жарығы» аталады. Бұрынғы кезде бұл жерде Төлеңгіттер мен Қаракесек руының адамдары жыл сайын

жиналып, қой сойып, құран оқып, екі жақ болып балуан күрестіріп, ойын өткізіп отырған. Науқас адамдар түнеген.

Төлеңгіте «от ауызды, орақ тілді» дейтін небір шешендер де өткен. «Қараешкі» руынан шыққан Балбала, Дейіт руынан шыққан Байсары, Сартабан руынан шыққан Тілеміс, Оңажыт руынан шыққан Кемелбек сияқты шешендер болған. Жазық деген ақын қыз «Мамадайыр» аталатын қазақ руының «Өмірзақ» тарауынан шыққан. Жазықтың ақындығы, адамгершілігі, білгірлігі, сезімталдығы жөнінде 1846 жылы Ұлы жүздің Россияға қосылу рәсіміне қатынасу және Қарқаралы округіне қараған елдің мал санағын жүргізу жөніндегі экспедицияға қатынасқан поляк революционері, ұзақ жылдар қазақ даласында айдауда болған А.Янушкевич өзінің күнделігінде жазып қалдырған [5]. Оны жұрттың бәрі біледі, сондықтан қайталау артық болар.

Осы Жазықтың ең жақын туысы Әзімбай Бижанұлы – «Ақтамберді-Жаскілең», «Көшпелі» деп аталатын қиссалар және көптеген замана толғауларын шығарған төкпе ақын. Әзімбай осы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының орта кезінде дүниесі салған.

Әзімбай Ақтамберді толғауларын тегіс жатқа білген. Көнекөз үлкендердің айтуынша, атақты ақын, әнші, жыршы, атқұмар сері Шашубайдың өзі де Ақтамберді толғауларын Әзімбайдан үйренген. Соның бірі – «Күмбір-күмбір кісінетіп» деп басталатын толғауын С.Мұқанов Шашубайдан жазып алып, өзі шығарған кітаптарына енгізген. Әзімбай - Ақтамбердінің осы толғауын кеңейтіп, қиссаның кіріспесі етіп алған.

Әзімбаймен немерелес Оспанқұл Меңаяқұлы өзі малсыз адам болса да, ел басқаруға қатынасқан, неше рет болыс болып сайланған адам. Елге қылдай қиянат жасамаған. Мәселен, кейде үлкен ұлық келіп қалып, қыстан жұтап шыққан елге көп салық төлеуге тура келген қиын жағдайда, тағы сол сияқты халыққа басқа да ауыртпалық түскен кезде болыстар Қарқаралыға жиналып, «төлеңгіттің қисық ауызы келсін» деп тосып отырады екен. Өйткені Оспанқұл ауызы қисық, өзі сиықсыздау адам болыпты. Оспанқұл келген соң тілмашты ертіп ұлыққа кіргізеді екен. Оспанқұл ұлыққа тілек-талаптарын тегіс орындатып шығады екен. Сондықтан оны «22 болыстан асқан» деп шын дәріптеген.

Қазан төңкерісінен кейін де Төлеңгіттен білікті адамдар шықты. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Орынбек Жәутіков Қалмақ руының Қараешкі атасынан. Атақты биші, Қазақстанда тұңғыш хореографиялық мектепті ұйымдастырушы, ұстаз Шара Жиенқұлова Төлеңгіттің қырғыздан қосылған бөлімі «Күсшы» деп аталатын рудың тумасы.

Кейінгі толқын аға-апкелеріміз де ғылым жолына түскендер баршылық. Ақанбаев Кәрім химия ғылымдарының, Даданбаев Еділ медицина ғылымдарының, Майтанов Бақытжан филология ғылымдарының докторлары. Ақанбаев Кәрім қазірде жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілінде химия ғылымынан екі кітап жазып жатыр. Тәттібеков Өріс – философия, Өмірбеков Жеңіс – физика-математика, Мыңжасаров Асқар – философия, Мыңжасарова Клара - филология, Мыңжасаров Шаймұрат – медицина, Мыңжасарова Шайзада - өнер ғылымдарының кандидаттары.

М.Қашқаридың «Бір – бірлеп мың болады. Тама-тама көл болады» [6] дегеніндей, қазіргі қазақ елін құрап отырған талай рулардан ұзақ уақыт ішінде бір-бірлеп, жиналып құралған Шұбартау Төлеңгіттерінің жайы осындай.

1. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. Көне түрік тіліне аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Елеубаев. – Алматы: Жазушы, 2012. – 616 б.

2. Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Шұбартау төлеңгіттері: тарихы, аталары мен тұлғалары, дәстүр-салты. Алматы: «Информ Арна», 2012. – 296 б.

3. Рашид ад - Дин. Сборник летописей / Пер. с персидского О. И. Смирновой, редакция проф. А. А. Семенова. — М., Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1952. – Т. 1, кн. 2.

4. Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Қазақ хандығының аталықтары мен төлеңгіттері: мемлекетке қызмет істеу, тарихи оқиғаларға қатысы және шежіресі. Алматы: «Информ-Арна», 2013.– 480 б.

5. Күнделіктер мен хаттар [Мәтін]: қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар / А. Янушкевич ; ауд. М. Сәрсекеев. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.

6. Махмұт Қашқари. «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егубай. – Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том, 30 б

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ПРОЦЕССЫ У КАЗАХОВ ПРИГРАНИЧНЫХ РЕГИОНОВ РФ

(на примере Алтайского края)

Реструктуризация постсоветского пространства перевела проблему границ России с независимыми государствами Центральной Азии из сферы экономической географии в сферу геополитики. Принципиальное значение в развитии сотрудничества в пограничной зоне имела подписанная 6 июля 1998 г. в Москве российско-казахстанская декларация о вечной дружбе и союзничестве, ориентированная в XXI в.

В ходе российско-казахстанского диалога по вопросам юридического оформления и делимитации государственной границы 1998—2004 гг. были определены базовые понятия приграничной территории, пограничной зоны, самого приграничного сотрудничества; обозначен факт отсутствия пограничных притязаний соседних государств. Протяженность государственной границы Республики Казахстан составила 14 тыс. км; граница между Казахстаном и Россией - 7,5 тыс. км, стала самой протяженной сухопутной границей в мире [1. с.13].

В число наиболее важных в геополитическом отношении приграничных регионов Российской Федерации вошли Республика Алтай и Алтайский край, образующие ее центрально-азиатский рубеж. Эти административные образования являются частью Большого Алтая, который также объединяет Синьцзян-Уйгурский автономный район Китая (СУАР КНР), Баян-Ульгийский и Ховдосский аймаки Монголии, Восточно-Казахстанскую область Республики Казахстан. Большую роль для современного российского Алтая играет развитие региональных и трансграничных форм сотрудничества в сфере экономики, культуры и межэтнических контактов в пределах алтайского макрорегиона.

В рамках открытия года России в Казахстане 9 января 2004 г. в Астане был подписан Договор о сотрудничестве и взаимодействии по пограничным вопросам между Россией и Казахстаном. Главы обоих государств, поручив правительствам завершить подготовку Договора о делимитации государственной границы, высказали единое мнение о том, что государственная граница России и Казахстана является границей дружбы, добрососедства и сотрудничества, объединяющей братские народы.

В настоящее время программы трансграничного сотрудничества подпитываются идеями евразийского союза и перспективами межрегиональной интеграции. Этнополитический фактор занимает одно из важных мест в оценке современной ситуации в макрорегионе. Особенность ситуации состоит в том, что доминирующим в полиэтничных сообществах приграничных регионов стран Большого Алтая является казахский этнос, объединенный общностью истории, обладающий при всех локальных различиях единой культурой, единым языком и единой религией. Исторический опыт миграций, экономические, культурные и этнополитические контакты казахов приграничной зоны служат основой консолидации трансграничного сообщества. Можно предположить, что его геополитические ориентации и приоритеты в перспективе будут иметь существенное влияние на развитие ситуации в этой части Центральной Азии

Интерес официального Казахстана к казахскому сообществу Евразии воплотился в ряде межгосударственных соглашений. Развитие казахстанско-российского сотрудничества в гуманитарной сфере обозначило перспективу конструктивного взаимодействия по вопросам обеспечения прав граждан и соотечественников, проживающих на территориях двух государств; решение проблем соотечественников стало рассматриваться как часть программы стабилизации евразийского этнополитического пространства.

Был разработан проект Концепции государственной программы Республики Казахстан об оказании содействия соотечественникам на 2003-2007 гг. Поддерживая соотечественников, официальный Казахстан утверждает стандарты межэтнического сотрудничества и толерантности. Наряду с практическими шагами по укреплению межрегионального сотрудничества и развитию всесторонних контактов с казахскими общинами России, Монголии, Китая, Турции и др. государств официальные круги Казахстана поощряют программы изучения культурного достояния и исторического опыта соотечественников за пределами исторической родины. Исследование прошлого и современных проблем казахских сообществ Центральной Азии и России занимают одно из основных мест в гуманитарной науке суверенного Казахстана.

Процессы демаркации границ и колонизационная политика, административные и земельные реформы в Российской империи XVIII — середины XIX вв. предопределили становление казахского

сообщества трансграничной зоны. В этот период казахи начали продвижение в высокогорные и степные районы Алтая. Анализ казахской миграции XIX-XX вв. и связанных с ней стратегий социокультурной адаптации и межэтнического взаимодействия казахского этноса в рамках полиэтничного сообщества Алтая занимает центральное место в работе. Численность казахов Алтайского края около 10000 чел.

Предметом системной оценки в рамках данной работы становятся процессы формирования и структурирования регионального полиэтничного сообщества юга Западной Сибири, частью которого является казахский этнос.

Воссоздание социально-исторического и этнополитического контекста появления казахов на Алтае имеет важное значение не только в связи с процессами делимитации российско-казахстанской границы и модернизацией стратегии взаимодействий Республики Казахстан с соотечественниками в России; анализ этнической истории локальных сообществ казахов Алтая также необходим для оценки процессов межэтнических взаимодействий в регионе с целью утверждения принципов толерантности и предотвращения тенденций этнической напряженности.

Цель и задачи исследования определяются перспективами изучения процессов формирования и структурирования регионального полиэтничного сообщества Западной Сибири - Русского Алтая (в традиционных этно-географических определениях) как части Большого Алтая.

В целом, начиная с 1990-х гг. в гуманитарной науке Казахстана заметно меняются оценки исторического прошлого: отвергается цивилизационный фактор и утверждается факт разрушения национальной казахской государственности и этнической целостности в ходе колониальной экспансии России в Казахстане и Центральной Азии. В работах ряда авторов пересматриваются сложившиеся политические и геополитические стандарты Евразии; степи Южного Урала, юг Западной Сибири, Прииртышье включаются, с подачи казахстанских авторов, в ареал традиционного расселения казахского народа; как незаконно отторгнутые и составляющие часть исконной казахской этнической территории воспринимаются сопредельные с Казахстаном земли Алтая.

В контексте сохранения стабильности в макрорегионе и развития двусторонних отношений Российской Федерации с Республикой Казахстан и другими государствами Центральной Азии проблема воссоздания истории казахов пограничной зоны Алтая приобретает новое звучание. При этом в российской гуманитарной (этнографической и исторической) науке отсутствуют исследования, посвященные данной теме. Формирование и трансформация локального казахского сообщества юга Западной Сибири, частью которого является казахский этнос, не укладывается в исторические схемы, заданные официально ангажированной наукой Казахстана, и нуждается в системной оценке.

Академический свод историко-этнографических и этнографических исследований, посвященных казахам Алтая, не отличается обширностью. Формирование информационной базы, ориентированной на полиэтничное сообщество Большого Алтая, начинается с XVIII в. в рамках комплексных рекогносцировочных изысканий на окраинах Российской империи.

Выполнение работы обеспечено широким кругом литературы и источников. Формирование академического свода, посвященного полиэтничному сообществу Большого Алтая, начинается с XVII в. в рамках геолого-топографических и энциклопедических изысканий на окраинах Российской империи. В «Книге Большому Чертежу» - описании несохранившейся карты Азиатской России (1627 г.) - данные об Алтае укладываются в несколько строк: «А Бия река течет из озера Тележского, а вдоль отозеро 5 дней, а поперек день, и около тех мест кочуют многие иноземцы, саянцы, мундусы, калмыцы, телеуты, ямундусы, караганцы. А от устья Бии и Катуня рек степью до Китайского царства ход есть».[5. с. 13]

Этнополитической и социокультурной реальностью пограничной зоны казахский фактор стал благодаря прикладным изысканиям, начатым на Алтае в ходе демаркации и разметки границы и последовавших за этим административных и земельных преобразований.

Оценка передвижений казахского этноса, которые играли заметную роль в истории пограничных регионов Большого Алтая XVIII-XX вв., опирается на современные теоретические разработки в области изучения миграции. Выявленные демографами, социологами и этнологами на основе анализа мирового опыта типологические характеристики миграции, представляют собой инструмент описания миграционных процессов в Алтайском крае XIX-XX вв. Содержание работы определяет изложение и анализ этно-политической истории пограничных территорий макрорегиона в связи с миграциями казахского этноса, которые имели вариативный, многофакторный, динамичный характер и определяли напряженность межэтнического взаимодействия. Оценка передвижений казахского этноса, которые

играли заметную роль в истории пограничных регионов Большого Алтая XVIII-XX вв., опирается на современные теоретические разработки в области изучения миграции.

В контексте развития миграции выделяются различные типы межэтнических взаимодействий. Это-языковая и культурная. Этническая разнородность (эта модель была реализована в ходе освоения казахами степного и предгорного Алтая при взаимодействии с русским этносом). Негативные социально-психологические и социокультурные последствия возможны в обоих случаях, так как миграция прежде всего проявляется в росте нагрузки на социально-экономическую и социо-культурную сферу, что приводит к росту конкуренции, оценка которой в массовом сознании неизбежно преломляется сквозь призму этносоциальных и межэтнических отношений.

Этническая идентичность, по Ф. Барту, образуется в результате взаимодействия групп; в зависимости от контекста выбираются специфические черты (культурные образы), которые наделяются символическими смыслами и используются для конструирования границ этнической принадлежности. Это понимание этнической идентичности также актуально при изучении диаспоральных стратегий.

Категория «диаспоры» занимает одно из центральных мест в изучении этнополитических реалий постсоветского пространства. Среди множества определений диаспоры, диссертант ориентируется на классическое, рассматривающее это явление как результат переселения части этноса, сохраняющего память о местах исхода и базовую идентичность. Для диаспоры характерны: множественная самоидентификация, предполагающая наличие этнокультурной связи и со страной проживания, и с этнической родиной; существование институтов, призванных обеспечить сохранение и развитие диаспоры (в том числе международного характера); наличие стратегии взаимоотношений с государственными институтами как страны проживания, так и титульного государства. Данное определение имеет функциональный характер и позволяет рассматривать диаспору как динамичное образование, различным стадиям развития которого соответствует определенный уровень идентичности. [4.с.20; 3.с.15; 2.с.32 и др.]

Введение в научный оборот оригинальных архивных и полевых материалов позволяет реконструировать многие ранее неизвестные страницы истории казахов Алтая, в том числе: историю казахской Сарасы XIX в., историю крещеных казахов Северо-Западного Алтая и образования «антиисламской миссии» АДМ во второй половине XIX в., историю массовых миграций казахов на Алтай конца XIX в. и казахский исход вследствие «казахского геноцида» в Монголии 1913 г. и т.д.

В исследовании представлена как общая оценка динамики этнополитических и социокультурных процессов в регионе, так и анализ системы социокультурных ценностей и стереотипов, присущих этническому сообществу казахов, формирующемуся в пограничной зоне Западной Сибири.

1.Рязанцев К.А. Казахи Северо-Западного Алтая / 2004. – 25 с.

2.Попков В.С. Современная этнополитическая ситуация в пограничных районах Западной Сибири. // 2002. – 54 с.

3.Вишневский Г.Ю. Ислам и православие. 2000. – 157 с.

4.Полоскова А.П. Стратегии межэтнического взаимодействия сквозь призму этнического сознания / 1998. – 189 с.

5.Бурштейн Н.А. Этнополитические процессы в трансграничной зоне Алтая. 2003. – 256 с.

А.А. Кайратова

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕКТЕРДІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ: АЛТЫН БЕСІК МӘСЕЛЕСІ

Қазақстанның қазіргі таңда тарихымыздың ақтандақ беттерін ашу саяси байланыстарына жаңа көзқарас тұрғысынан баға беріліп, зерттеулер жүргізіп жатыр. 1993 жылдың маусым айында Ордабасы жиынында Н.Назарбаев, И.Каримов, А.Акаевтың бас қосқан кездесулерінде Төле, Қазбек және Әйтеке билерді еске ала отырып өзбектер, қырғыздар, түркімендер, тәжіктер карақалпақтар өздерінің көмектерін көрсеткендіктері айтылған. Осылайша аймақтық тұтастыққа қол жеткізу мен саяси тәуелсіздік жолындағы шешуші қадамдардың бірі жасалынған.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Орта Азиялық елдермен саяси, экономикалық, мәдени жақтарында айтарлықтай өзгерістер орнады. Қазіргі таңда бұл тарихты зерттеу өзекі мәселеге айналып отыр. XX ғасырдың басында Орта Азияның, соның ішінде жергілікті тәжіктердің тарихи мұрасы бұрмаланды. Оны саясаткерлер мен тарихшылар өзіне ыңғайлы етіп өзгерткен. Бұл кейінгі феодализм кезеңінде Орта Азиялық хандықтар мен мемлекеттер өзбектер деп аталған уақытқа сай

келеді. Ал қалған халықтар қайда кетті деген сұрақ пайда болады. Шынымен олар ассимиляцияға ұшырады ма, әлде жоғалды ма? Мәуереннахр тарихында ерекше орында Орта Азияға өзбек Шайбанилықтардың билік етуі мен басып кірулері алады. Аймақтағы жаңа саяси, тарихи үдерістердің нәтижесінде Мәуереннахрдың этникалық картасы, көшпенді ру мен тайпалардың шаруашылық, мәдени өмірлері өзгерістерге ұшырады. Билік үшін күрестердің салдарынан әрқашан халық (егіншілер мен көшпенділер) жапа шекті. Соғыстан бейбіт халықтың сандары азая берді.

Қоқан мен Қазақ халқының қарым-қатынастары пәп ғасырлық дәстүрмен байланысты. Этномәдени, экономикалық аяда бір нысанға келді. Олардың өзіндік ежелгі, бай, ортақ тарихи алаңы бар. Бір-бірімен шаруашылық, әлеуметтік, салт-дәстүрінде, мәдениетінде үлкен табыстарға жетті.

Тарих ғылымында тұңғыш рет Қазақ-Қоқан (өзбек) мемлекеттерінің қарым-қатынастары жан-жақты талданып, тәуелсіз мемлекеттің көз-қарастар тұрғысынан сараптауға түскен. Қарым-қатынастардың жағымсыз жағы (қоқандардың отарлау саясаты, ұлт-азаттық көтерілістер, салық жүйесі), жағымды жақтары (ғылым, білім, мәдениет) қамтылған. Еңбекте алғаш рет қазақ-өзбек байланыстары Ресей немесе Кеңес үкіметінің көз-қарас талабымен емес, тәуелсіз елдің еркін ойлау жүйесі негізімен жазылған. Қарым-қатынастар (сауда, әскери, мәдениет) көрсетіледі. Түп нұсқа ретінде қақан жазба деректері, қазақтың шежіре мәліметтері пайдаланылған. Бұл бағытта іргелі мамандардың Бейсембиев Т.К., Құрбанғали Халид, Қожақұлы Ө., Уәлиханов Ш. Мұқаметқанұлы Н, Әбдәкімұлы М. еңбектері тарихи таным мағынасына тартылған. Сонымен қатар қазақ-қоқан саяси және шаруашылық байланыстары мәселесін зерттеудің методологиялық негіздері көрсетіліп, зерттеу деңгейі айқындалып, дереккөздеріне талдау жасалды. Қоқан хандығының қоғамдық-саяси қатынастарындағы салық жүйесінің рөлі айқындалып, оған ғылыми тұрғыда баға берілді.

Өзбек хан заманында жалпы қауымы «Өзбек елі» атанғанымен Өзбек хан өлген соң өзге тұқымнан болған тайпалар бұл атаудан сырт қалған. Асылы татар–монғолдан исламға енгендері осы атауда мәңгі қалған болар. Аталарын санағанда осы 1883 жылы Өзбек ханға дейін 29-30 буын десек, әр буыны 20-25 жылдан есептегенде сегізінші ғасырда келген Өзбек хан заманына тура келеді. Бұған қарағанда, бұлардың «Өзбек атауына» таласқанда басқа мағына болмай «Өзбек елі» болып аталып кеткен. «Мұстафадал–ахбардың» авторы да осылай көрсеткен. Қандайда болса ыдыраған мемлекеттер тарихта алғашқы атауымен қалады да, халқы да мемлекет атымен аталып қалуы сияқты құбылыстар тарихта көп кездеседі. Армения жайлы да осыны айтуға болар еді. «Атамыз Өзбек, Өзбек балаларымыз» деген ұрандары, тапша ата орнында, халық бала орнында екенін айғақтап тұр.[1, 59 б.]

Неурожай 1943 г. вызвал сильнейший голод в юго-восточных и северо-восточных районах республики. На почве систематического недоедания в 14 районах БАССР имелись факты опухания людей и увеличения смертности от голода среди семей фронтовиков, эвакуированных и колхозников. В Матраевском районе в результате систематического недоедания опухли 672 человека, 18 человек умерло. В Мелеузовском районе было установлено до 300 семей фронтовиков, в которых дети опухли на почве недоедания. В 32 колхозах Хайбуллинского района были также отмечены случаи опухания и смертности. Из-за отсутствия продуктов питания колхозники резали последний скот, были вынуждены употреблять в пищу мясо павшего скота, кошек и т.п. Тяжелое продовольственное положение наблюдалось в Белокатайском, Салаватском, Мечетлинском, Дуванском, Покровском, Бураевском и др. районах республики [8, С. 117-118].

Другим страшным явлением, унесшим жизни тысяч людей в годы войны, был рост числа заболеваний и смертности от некротической и септической ангины (лейкопении) в сельских районах, вызванный употреблением в пищу перезимовавшего и проросшего зерна. Сельское население Башкирии было частично проинформировано о последствиях употребления в пищу отравленного зерна, однако заболевания лейкопенией из-за нехватки продовольствия в деревнях продолжали расти. Не спасало и то, что государство пыталось оказывать посильную помощь зерном и продуктами питания. В 1944 г. в республике наблюдалась новая вспышка этого заболевания, септическая ангина получила распространение в 58 из 62 сельских районов республики. [9, С. 86]. В июне 24 747 человек заболели септической ангиной, из них 8889 умерло, общее количество лейкопеников насчитывало 43936 человек [10, Л. 5]. Масштабы этого заболевания в республике были значительно больше, чем в ряде областей страны.

В годы войны в повседневной жизни башкирского крестьянства появились новые черты – в колхозном производстве принимали участие даже маленькие дети, а подростки часто выполняли взрослую нагрузку. В свободное от работы время женщины вязали теплые вещи, сушили картофель для фронта, заготавливали дрова для хозяйственных нужд. Чувствовался острейший дефицит времени для восстановления сил, особенно в периоды посевных и уборочных кампаний. Сильно страдала сфера медицинского обслуживания села, что приводило к росту эпидемических и других заболеваний.

Реалии жизни колхозного крестьянства Башкирии в годы Великой Отечественной войны нашли своеобразное отражение в фольклорных произведениях и текстах устной истории. Представим несколько образцов фольклора военных лет, записанных нами в ходе опроса башкирского населения Зианчуринского района РБ. Некоторые из этих произведений (частушек, песен, куплетов) авторские – созданы самими информантами, что повышает их ценностную значимость, поскольку они позволяют дополнить достоверными чертами колхозную повседневность. Фольклорные источники показывают,

что, несмотря на жуткий товарный голод военных лет, когда многие жители села были вынуждены ходить в обносках, домотканых одеждах из конопляного сукна, лаптях и т.п., колхозники находили силы с юмором относиться к своей житейской неустроенности [3]:

<i>Өстөндөгө жилеткаһын</i>	Жилеточка, жилеточка,
<i>Матур, тейеп мактана.</i>	Жилеточка хороша.
<i>Ул да үзенеке түгөл,</i>	Да не своя, немецкая,
<i>Немецтыкын талаган.</i>	Отобрана у врага.

Помощь районам, находившимся в зоне оккупации, ложилась тяжелым грузом на плечи колхозников, но чувство искренней товарищеской солидарности и взаимопомощи, сопричастности общегражданскому долгу ощущается в следующих строках:

<i>Шалондары, шалондары</i>	Эшелоны, эшелоны
<i>Китә Ленинградка.</i>	Едут-едут в Ленинград.
<i>Улары ла ярзам этә</i>	Помощь там от нас получит
<i>Пролетариатка.</i>	Пролетариат.

В целом же, бремя колхозной жизни в обыденном сознании крестьянства виделось им настолько неподъемным, что «даже коню не вытянуть»:

<i>Машиналарга ултырып,</i>	Мир объехала я,
<i>Әйләндем донъяларзы.</i>	Сидя на машине,
<i>Атка һалһаң, ат тарта алмай,</i>	Столько лиха видели –
<i>Без күргән нужсаларзы.</i>	Лошади не по силе.

Отношение к колхозному начальству, бригадирам и другим управленцам, отсиживающимся в конторах и бессовестно пользующимся своими привилегиями, у рядовых крестьян было далеко неоднозначное, что нашло юмористическое преломление в частушках девушки-колхозницы сельхозартели «Юлдаш» Зианчурина Ф.К. Ишемгуловой [7]:

<i>Кәйүм карттың кунысында</i>	У Каюма – старика
<i>Сүмес хәтле зур калак.</i>	За голенищем ложка.
<i>Башкаларга игтибар итмәй,</i>	Лижет пенки черпаком,
<i>Ултыра күперек ялап.</i>	А другим – ни крошки.

Безграмотному, некомпетентному ветеринарному врачу, выносящему диагноз любой павшей на колхозной ферме скотине – «патологоанатомическая смерть», были посвящены ее следующие строки:

<i>Кәйүм карттың кейгәне</i>	У Каюма – старика
<i>Кара ягалы ала тун.</i>	Шуба с черным воротом.
<i>Уның бәтә белгәне</i>	У него один диагноз –
<i>Патологоанатом.</i>	«Патологоанатом».

Анекдоты, поэтические тексты, песни и частушки помогают раскрыть общую картину суровых крестьянских будней. Развал колхозного производства, хозяйственная разруха военных лет также воспринимались колхозниками со своеобразным «черным юмором»:

<i>Бригаданың арык атын</i>	У бригадной тощей клячи
<i>Корсаңғы, тип таптылар.</i>	Мы чесоточку нашли.
<i>Газкамерага яптылар за,</i>	В газкамеру ее закрыли,
<i>Астына ут яктылар.</i>	Да снизу подожгли.

Много песен посвящалось непосредственно Сталину, чья личность являлась как предметом острой гражданской сатиры, так и безмерного почитания. На наш взгляд, в представленных строках улавливается едва заметная ирония:

<i>Кайыңярактары шулай, гөрәй</i>	Какневыйдешь в лес, слыхәп,
<i>Урмандрәксә сығып тыңлаһаң.</i>	Шуршит листва берез, шумит дубрава.
<i>Улар хауһул миңә кушылып йыргай</i>	Они поют со мною хором
<i>Сталинға һөйөү, Сталинға дан!</i>	Сталину – поют, Сталину – слава.

По словам информантки Ф.К. Ишемгуловой, она помогала односельчанкам писать письма на фронт. В письмах колхозниц мужьям-фронтовикам порой звучали игровые нотки:

<i>Одеял ябынаһыңмы,</i>	Одеялом укрываешься ли,
<i>Юрган ябынаһыңмы?</i>	Пуховиком укрываешься?
<i>Төндә төштәреңдә күреп,</i>	Во сне меня увидав,
<i>Мине һагынаһыңмы?</i>	По мне не скучаешь ли?

На что получали они суровый и короткий ответ с фронта:

<i>Одеял да юк бында,</i>	Нет здесь пуховиков,
<i>Юрганы ла юк бында.</i>	Нет одеял.
<i>Снарядтар шартлап тора,</i>	Рвутся здесь снаряды,
<i>Һинең кайғың юк бында.</i>	Не о тебе печаль.

Можно отметить, что фольклор зианчурина башкир отражал многие стороны крестьянской повседневности, свидетельствуя о высоком патриотическом настрое людей, их вере в победу, неприятии

произвола и некомпетентности местного начальства и т.д.

Таким образом можно сделать вывод, что привлечение как исторических, так и филологических материалов, использованных при изучении истории башкирского крестьянства в годы Великой Отечественной войны позволили расширить представление о повседневной жизни народа.

1. Архив автора. Воспоминания Ниязгуловой Н.С., 1936 г.р., Акназаровой С.Р., 1923 г.р., д. Утягулово Зианчуринского р-на; Нигматуллиной Ш.Г., 1928 г.р., д. Сагит Зианчуринского р-на; Галевой М.Г., 1930 г.р., Бикьянова Х.С., 1930 г.р. д. Байдавлетово Зианчуринского р-на и др.

2. Архив автора. Воспоминания Ниязгуловой Н.С., 1936 г.р., д. Утягулово Зианчуринского р-на.

3. Архив автора. Воспоминания Файрушиной Н.С., 1931 г.р., д. Идяшево Зианчуринского р-на.

4. Анисков В.Т. Крестьянство против фашизма. 1941–1945. История и психология подвига. – М.: Памятники исторической мысли, 2003. – 502 с.

5. Мотревич В.П. Сельское хозяйство Урала в показателях статистики (1941–1945 гг.). – Екатеринбург: Наука, Урал. отд-е, 1993. – 307 с.

6. Национальный архив Республики Башкортостан (далее НА РБ.) Ф. 122. Оп. 23. Д. 6.

7. Архив автора. Воспоминания Ишегуловой Ф.К. 1929 г.р., д. Юлдашево Зианчуринского р-на.

8. Хрестоматия по истории Башкортостана XX века. Уфа: РИО РУМНЦ МО РБ, 2005. – 212 с.

9. История развития здравоохранения и медицинской науки в Башкирской АССР (1917–1980 гг.) – Уфа: Башкнигоиздат, 1981. – 403 с.

10. НА РБ. Ф. 122. Оп. 24. Д. 517.

Г.А. Мейрманова

ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ: ЭКСПЕДИЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Этнографиялық зерттеулерді жүргізу барысында арнайы ұйымдастыру міндеттерін анықтау, зерттеу бірліктері мен құрал саймандарды таңдаудың мәні зор.

Этнология ғылымы далалық зерттеудің екі тәсілі: тұрақты стационарлық және жорықтық экспедициялық түрлері тарихи қалыптасқан. Тұрақты тәсіл немесе тұрақты экспедиция далалық этнографияның ежелгі дәстүрі болып табылады (№3 кесте).

Стационарлық әдіс деп этнографтың зерттеуді өзі зерттеп жатқан этникалық ортада өмір сүріп ұзақ уақыт жүргізуін атайды. Бұл жағдайда қатаң хронологиялық шеңбер жоқ. Далалық жұмыстарды ұйымдастырудың стационарлық тәсілі этникалық қауымдастықтың мәдениеті, тілін монографиялық зерттеулер немесе дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің әртүрлі жақтарын тереңірек зерттеуге байланысты қолданылады. Стационарлық тәсілдің артықшылығы этнографиялық бақылаудың мүмкіндіктерін жүйелі пайдалануға жағдай жасайды.

Қазіргі таңда далалық жұмыстарды ұйымдастырудың экспедициялық тәсілі кеңінен таралған. Бұл тәсіл қысқамерзімді мақсатты не тақырыптық, ұзақмерзімді мақсатты циклдік және ұзақ мерзімді кешенді монографиялық экспедицияларда қолданылады [8, 56с.].

Экспедицияның ұзақтығы бірнеше аптадан бірнеше айға дейін созылуы мүмкін және ол далалық жұмыстарды жүргізу барысындағы міндеттермен анықталады.

Экспедициялардың ішінде қысқамерзімді мақсаттық не тақырыптық экспедициялардың мерзімі қысқалау, олардың міндеті дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің бірнеше, тіпті бір ғана компонентін терең зерттеу болып табылады.

Ұзақ мерзімді циклдік, кешенді, монографиялық экспедицияларда қысқа мерзімді экспедициялардың басты кемшілігі жиналған деректердің үздіктілігін қайталамауға мүмкіндік береді. Оларда этникалық қауымдастық мәдениетін терең кешенді зерттеледі.

Далалық этнографияны әдістемелік жабдықтаудың бір түрі зерттеу нысаны - этникалық қауымдастық мекендейтін аумақты зерттеу тәсілін таңдау болып табылады. Ол экспедициялық жұмыстың мақсаттары, міндеттері, тақырыбы, сонымен қатар экспедицияның түрі, оның техникалық жабдықталуымен, көлік құралының болуымен және ауданның демографиясына байланысты анықталады. Далалық этнографияда, әдетте, аумақты зерттеудің екі түрі қолданылады.

Қысқа мерзімді, мақсатты немесе тақырыптық экспедицияларда маршруттық, сонымен қатар кешенді экспедицияларда қолданылатын толықтай маршруттық зерттеулер кеңінен таралған. Бұл тәсіл этникалық картаға байланысты экспедицияның сызықтық маршрутының жолы өтетін негізгі қыстақтарды, жұмыс ауданын алдын ала таңдайды. Таңдалған қыстақтар зерттеудің негізгі бірліктері болып саналады, онда экспедиция алдын ала жоспарланған уақыт көлемінде жұмыс істейді. Зерттеудің маршруттық тәсілінің артықшылығы зерттеліп отырған этникалық қауымдастық мекендейтін аумақты кеңінен қамтуға болады [4, 65с.].

«Таңдалған» түрдегі зерттеу тәсілі. Зерттеудің келесі тәсілі тармақты зерттеу тәсілі, ол ұзақмерзімді циклді және кешенді монографиялық экспедицияларда қолданылады. Маршруттық тәсіл ұстанымдары тәрізді ол да зерттеудің базалық пунктін таңдайды. Бұл, әдетте, ірілеу пункт: зерттеу тобын орналастыру көзделетін әкімшілік не шаруашылық орталығы. Мұнда зерттеу тақырыбы бойынша этнографиялық материалдарды жинау жұмыстары жүргізіледі. Ал топ мүшелері жақын маңдағы қыстақтарға бір екі күнге барып келіп «тармақтарды» құрайды. Бұл тәсіл мәдениеттің жергілікті ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндіктер береді. Жұмыс мерзімі ұзағырақ, яғни бір екі апта болуы мүмкін, бұл маршруттық тәсілге қарағанда тереңірек зерттеуге мүмкіндік бергенмен, маршрут бойынша жұмыс уақытының қысқаруына байланысты аумақтық қамтуы шектеледі. Тармақты тәсіл монографиялық тақырыптар бойынша деректер жинау барысында, қала этнографиясын зерттеу кезінде қолданылады. Ұзақ мерзімді экспедициясымен қатар ол классикалық тұрақты тәсіл ретінде қарастырылуы мүмкін [7, 122 б].

Далалық зерттеу ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістерімен қатар зерттеуші далалық жұмыстың негізгі нысандарын таңдайтын не анықтайтын зерттеу түрлерін басшылыққа алу қажет. Жалпы олар зерттеу тәсілдері мен әдістеріне сәйкес келеді.

Зерттеудің екі: *толықтай және ішінара* түрлерін атауға болады.

Ішінара зерттеу далалық жұмыстарды ұйымдастыру құрылымында маршруттық тәсілмен жұмыс істейтін қысқамерзімді мақсатты не тақырыптық экспедицияларға сәйкес келеді. Бұл жағдайда ғылыми тақырыпқа байланысты зерттеу пәні ретінде мәдениеттің белгілі бір жеке құбылысы таңдалып, ал зерттеу бірліктері ретінде қыстақтар тізімі анықталады.

Толықтай зерттеу түрі этникалық қауымдастық мекендейтін бүкіл аумақ шеңберіндегі барлық мәдени құрамалар бойынша деректер жинауды талап етеді. Әрине мұндай ұстаным үлкен күш пен қаражатты керек етеді. Сондықтан толықтай зерттеу түрін өңірлік зерттеулер, тарихи этнографиялық картографиялау үшін дерек жинау мақсатында қолданылады.

Сонымен, далалық этнографияның ұйымдастырушылық негіздерінің белгілі бір құрылымы бар оның негізгі бөліктері болып зерттеуді ұйымдастыру тәсілі немесе экспедиция түрі (стационарный или экспедиционный), зерттеуді ұйымдастыру әдісі немесе этникалық қауымдастық мекендеетін аумақты қамту (маршрутный или кустовой), және далалық жұмыс пәніне бағытталған зерттеу түрлері (сплошное или выборочное) саналады. Далалық этнографияның ұйымдастырушылық нұсқаулары арасындағы өзара әрекеттерінің негіздерін төмендегі кесте түрінде беруге болады (кесте 1).

№1 кесте. Зерттеу ерекшеліктері.

Зерттеу тәсілі	Зерттеу әдісі		Зерттеу түрі	
	Маршруттық	Тұрақты	Толықтай	І ш і н а р а таңдап
Тұрақты		+	+	
Экспедициялық:				
Қысқамерзімді мақсатты	+			+
Ұзақмерзімді циклді		+	+	
Кешенді				
Монографиялық	+		+	

Далалық жұмыстарды ұйымдастыруда зерттеудің бірліктер жүйесі үлкен мәнге ие. Далалық этнография нысанының анықтамасы этностың күрделі ұйымдасқан құрылымдық құбылыс екенін көрсетеді. Бір жағынан ол қарапайым этникалық бөлімшелерден тұрады, екінші жағынан жоғарырақ таксономикалық дәрежедегі этнографиялық бөлімше құрамға кіреді. Далалық этнографиядағы зерттеу бірліктері зерттеу пәніне де тәуелді. Ол этникалық қауымдастықтардың түрлі деңгейлерінде дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің этникалық қасиеттерінің құбылмалылығымен байланысты. Зерттеу бірліктерін таңдау әдістемесі осыған негізделеді. Зерттеу бірліктерін таңдауға байланысты далалық этнографияның әдістемелік және ұйымдастырушылық түрлері өзгеріп отырады.

Этникалық қасиеттерді қарапайым көрінісі «этнограф» адамды есептеуге болады. Этнограф онымен әңгімелесу барысында зерттеу тақырыбы бойынша ақпараттар алады. Бұл жерде адам психологиялық ұстанымдары нақты этникалық ортамен байланысқан тұлға, өмір салты ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда адам дәстүрлі этнографиялық зерттеулерде ақпарат тасымалдаушы немесе *информант* есебінде зерттеледі (№2 кесте).

Этникалық қасиеттерді тасымалдаушы келесі бірлік ретінде жанұя қарастырылады. Жанұяның қоғамдық қызметтерінің тарихи өзгеруі оны нақты этникалық ортада этноәлеуметтік ағза ретінде

қарауға мүмкіндік береді. Жанұя этникалық дәстүрді тұрақтандырушы болып табылады, мәдениеттің этникалық қасиеттерінің ұрпақтан ұрпаққа жетуін қамтамасыз етеді.

Далалық зерттеудің негізгі құрылымдық бірлігі ретінде - қоныс қарастырылады. Қазіргі заманда бұл кішкентай ауыл да, қалалық типтегі қыстақ та, қала да болуы мүмкін. Қалаларды зерттеуде оның әлеуметтік, мәдени және этникалық орталарда әртектілігіне баса назар аударған жөн. Бұл әрбір компонентін жеке зерттеу бірлігі ретінде қарастыруды талап етеді.

Далалық зерттеудің келесі бірлігі болып этникалық және этнографиялық топ ретінде қаралатын этникалық бөліктер саналады. Бұл мәдениеттің топтық ерекшеліктері бар этностың тарихи қалыптасқан бөлігі. Оларды зерттеу этникалық қауымдастықтардың тарихы, оның мәдени ерекшеліктерінің қалыптасу себептері бойынша дерек береді. Этникалық қауымдастықты зерттеудің монографиялық тәсілі оның этникалық бөлімшелерінің мәдени бөліктерінің қосындысы ретінде сипаттамасын береді.

№2 кесте. Этнографиялық дерек және тікелей бақылау әдісі

	Бақылау		Далалық күнделік Далалық дәптер Құжаттық деректермен жұмыс дәптері Фототоптама және фотокүнделіктер		
Далалық этнография нысаны	Информантармен жұмыс	Қағазға түсіру	Кино/видео фильмдер	«Этнографиялық мәтін»	Этнографиялық дерек
	Құжаттық деректермен жұмыс		Фонотека Суреттер, жоспарлар, сызбалар, көшірмелер, кестелер Этнографиялық топтама және далалық топтамалық тізім		

№3 кесте Этнография ғымының этнологиядан айырмашылығы

	Термины	
	Этнография	Этнология
Неңі оқытады?	Халықтар, этностық қауымдастықтардың пайда болуы (этногенез) құрамы, орналауы аймағы, материалдық және рухани мәдениеті. Сонымен қатар, жүріс-тұрысындағы ерекшелігі мен психологиясын зерттейді.	Этикалық жүйенің қарым-қатынасын, атқарытын қызметінің заңдылықтарын. Этностың материалдық және рухани мәдениетін этникалық үрдістерді.
Атқарытын міндеті:	Халықтар мен этностардың топтасуы мен ара қашықтық сақтауын; -халықтардың салыстырмасы сипаттамасын; -этникалық үрдістерге талдау жасау; -сақталып қалған архаикалық құбылыстарды тірекеумен айналысады.	Практикалық маңызы бар нақты ғылыми міндеттерді шешумен, қоғамның эмоционалдық саласы жайлы білімен ұлғайту.
Объекті	ХАЛЫҚ ПЕН ЭТНОС	ХАЛЫҚ ПЕН ЭТНОС
Оқу пәні:	Халықтар арасындағы ұқсастықтар; Олардың этникалық бет*-пішіні; Өзіне тән ерекшелікті Қазіргі заманғы этникалық үрдісті зерттеу Әлем халықтарына тән мінезін айқындау.	Этностың пайда болуы, негізгі ерекшелік пен қасиетін айқындау; Халықтардың әлеуметтік және саями құрылымы; Әр түрлі халықтарға тән, мінез-құлық жүйесі; Әр түрлі халықтардың өзіне тән психологиялық ерекшелігі.

1. Аверьянов Л.Я. Искусство задавать вопросы. Заметки социолога. – М.: Московский рабочий, 1987.
2. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Әжіғали С.Е., Ошанов О.Ж., Токтабай А.У., Оразбек Е.Ж. Монғолия казактары этникалық тобын зерттеудің бағдарлама – сұрақнамасы. – Алматы: Ғылым, 2004.
4. Артыкбаев Ж.О. Этнология. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. 118 с.
5. Артановский С.Н. О сравнительно – историческом и структурном методах в этнографии // Методологические вопросы общественных наук. – Л., 1968. – Вып. I.
6. Атватер И. Я Вас слушаю (Советы руководителю как правильно слушать собеседника). – М.: Экономика, 1984.
7. Громов Г.Г. Методика этнографических экспедиций: Учебное пособие. – М.: Изд-во Московского университета, 1966.
8. Свод этнографических понятий и терминов / Под общ. ред. Ю.В. Бромлея и С.И. Вайнштейна. Вып. 6. Этнические и этно-социальные категории / Отв. ред. В.И. Козлов. – М., 1985.
9. Этнометодологические проблемы, подходы, концепции. – М.: Наука, 1995.

Ж. Исабеков

ШӨП ШАБУ НАУҚАНЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ДӘСТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖАЙЫНДА

Қазақ халқы негізгі шаруашылық көзі болған төрт түлік малдың бағымына, атап айтқанда оның жайылымына, жем-шөбіне, күйіне ерекше мән берген. Бұның себебі, баққан малыны арқасында адамдар өмір сүруіне қажетті ішіп-жемін, киім-кешегін, киіз үй жабындары мен үй ішіне төселетін төсеніштері сияқты қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырған. Ал, осы малдың қыста жейтін шөбін дайындау шаруалар үшін қыруар еңбекті қажет еткен. Осы бір науқанда пайдаланылатын құрал-саймандар, көлік түрлері, шөп шабу, тасымалдауда қолданылатын әдіс-тәсілдер жайында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде этнолог-ғалым Нұрсан Әлімбайдың жетекшілігімен жарыққа шыққан *«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі»* атты 5 томдық энциклопедияда жеке-жеке тақырыптармен біршама қамтылған.

Малдың қыста жейтін шөбін шауып, оны жинап алу науқаны – *шөп шабу науқаны* деп аталады. Бұл малы бар шаруалар үшін ең жауапты науқан болып саналады. Себебі: қыс кейбір жылдары жайлы болса, кейбір жылдары шаруалар үшін жайсыз тиеді. Сол үшін *«қыстың қамын жазда ойла»*, – деген мақалға сай, жаз айында шаруалар қыстың қамымен шөп дайындауға кіріседі. Деректерге қарағанда қазақтардың малға қарқынды түрде шөп дайындауына жұт жылдары мал басының көп шығынға ұшырауы, көш жолдарының өзгеруі мен жайылымның тарылуы басты себеп болған [1, 41-43 бб.].

Шөбі шүйгін, қысқа пішен дайындауға болатын жерді *шабындық* дейді. Шабындық, негізінен, шөбін шауып, жинап алуға ыңғайлы *қыстау* маңына жақын, шөбі шүйгін жерлерден таңдалған. Ел көктемде *көктеуде*, жазда *жайлауда*, күзде *күздеуде* болатындықтан мұндай жерлер мал аяғына тапталмай шөбі бітік шыққан. Ал шөп шабу науқаны әр өңірде шөптің пісуіне байланысты, жаз айының басынан күз айына дейін жалғасқан. Шөп шабу науқаны басталар алдында шаруалар шөп шабуға, жинауға, тасымалдауға қажетті *шалғы, орақ, айыр, сүйреткі, бастырық, арқандарын* әзірлеп, *арбаларын* майлап, дайындық жұмыстарын жасаған. Шөп шабу науқаны шаруалар еңбек күші жетсе отбасымен жекелей, кейде бірнеше отбасы бірігіп *асарлатып* шабатын болған. Сондай-ақ кейбір ауқатты отбасылар кесімді ақысын төлеп, жалшыларға шапқызып алған. Шөп шабуды, оны жинауды қолға алған адамдар *шөпшілер* деп аталған [2, 421 б.].

Дәстүрлі ортада шөп, негізінен, *шалғымен* шабылған. *Шыңдалып, жанылған* шалғысын қолына алған *шалғышылар* шөпті бірінің артынан бірі түсіп шапқан. Бұл халық тілінде *шалғы тарту* деп аталған. Шабылған шөп күн ашық болса ертесінде *шөмеле* салуға келген. Салынған шөмелелер қыстау жанындағы *шөпқашаларға* тасылған [3, 720-721 бб.].

Шабындықтың алыс немесе жақын болуына, жолының қиындығына байланысты шабылған шөп шөпқашаларға әртүрлі тәсілмен тасылған. Егер шабындық арба жүре алатындай жазық жерлерде болса – арбамен, ал арба жүре алмайтын ойлы-қырлы таулы жерлерде, сонымен бірге арба болмаған жағдайда *сүйретпе арқан, сүйреткі* аталатын құралдар да пайдаланылған. Сондай-ақ түйелі ауылдарда шөпті түйеге артып та тасып алған [1, 45 б.].

Шөп тасуға арбаның екі немесе төрт дөңгелекті түрлері қолданылған. Арба үстіне шөп жайылып басылған. Басылған шөп ауып кетпеуі үшін *арқанмен* тартылған немесе *бастырықпен* бастырылған.

Шөпті арбамен тасығанда әр шөмелеге бір барып жүрмес үшін, алдын ала бірнеше шөмеле бір жерге топталған. Бұл *шөмеле топтау* деп аталған.

Шөмеле топтауға шөпшілер арба-шанаға жегіліп жүрген атты пайдаланған. Атқа *ер* ерттелген, мойнына *қамыт* салынған, шөмеле топтауға *сүйретпе арқан* алынған [4, 67 б.]. Шөмелені сүйретерде сүйретпе арқанның бір ұшын ат мойнына салынған қамыттың *құлақбауынан* байланған. Шөпші атты шөмелеге тақап қойып, арқанды шөмеле астына айналдыра салып шыққан, арқанның екінші ұшы қамыттың екінші *құлақбауынан* байлайды. Осыдан кейін атқа мініп, шөмелені топталатын жерге жеткізіп, арасына арба сыятындай етіп екі қатарға тізіп қойған. Сондай-ақ шөмеле осындай тәсілмен сүйреліп бірден шөпқашаларға тасымалданатын да болған [3, 268 б.].




Сүйретпе арқанмен шөмеле сүйреу барысы.
Мәлімет берушінің айтуы бойынша суретін салған Б.Досымов

Түйелі ауылдарда шөп түйеге артылып та тасылатын. Шөп басарда түйе шөмеле қасына жақындау шөгерілген. Түйе *қомының* үстінен екі ұзын арқан арасы алшақтау етіліп, түйенің екі қаптал жағына қарай ұзынынан шұбатыла тасталған. Шөпші арқанның үстіне, яғни түйенің екі қапталына, қомның үстіне шөпті қат-қатымен қойып басқан. Шөп төртбұрышты пішінге келтіріле, түйе көтере алатындай шамаға жеткенде арқанмен тартып байланған. Бұдан кейін түйені тұрғызып, жетекке алып жүріп отырған. Шөпқашаға келгеннен кейін түйені шөгеріп, арқанды шешіп, шөпті түсіріп алған.

Шабындық басындағы шабылған шөпті шөпқашаға тасуда бір немесе екі сырық ағаштан жасалған *сүйреткі* аталатын қарапайым құрал түрі де пайдаланылған. Бұл құралдың атауы оның жерге сүйретіліп жүруімен байланысты шыққан. Сүйреткінің екі жұмыр ағаштан жасалған түрі ел арасында *итарқа, жантақ, қабырғашана, артпашана* деп те аталған. Сүйреткінің бұндай түрін жасауда ұзындығы екі-үш құлаш екі сырық пайдаланылған. Олардың жіңішке келген бастарын бір жағына, ал жуандау келген бастарын бір жағына, арасына көлік (ат, өгіз) сыятындай алшақтау етіп қатарластыра қойып, жуан келген басына бірнеше сырық ағаш көлденең байланып жасалған. Жіңішке келген екі басы жіппен байланып көлікке ерттелген ерге, ашамайға артылған, артқы екі ұшы жерге сүйретіліп жүрген. Оның артқы жағына арбаға басқандай етіліп шөп басылып, арқанмен байланған. Басылған шөп сүйретілген күйінде шөпқашаға жеткізілген [1, 43 б.].

Ал сүйреткінің келесі бір түрі жуандығы білектей, ұзындығы екі құлаштай жалғыз сырық ағаштан жасалған. Ол үшін сырықтың жіңішке келген бір басы үшкірленген. Екінші басына жіп тұратындай кертпе жасалып, *бәлек* тағылған. Бәлектің екі басына сүйреу үшін арқан байланған. Арқанның екі ұшы шөмелені сүйрер кезде ат басына салынған қамыттың екі *құлақбауынан* байланған. Сүйреткінің бұл түрі тек шөп тасуда қолданылған.



Сүйреткі.

Мәлімет берушінің айтуы бойынша суреттерді салған Б.Досымов



Сүйреткімен шөмеле сүйреу барысы.

Шөп шабу науқанында сүйреткінің бұндай түрін пайдалану өте тиімді болған. Себебі, шөпші шөмелелерді бұзып, көлікке басып жатпай-ақ, оны шөмеледе тұрған қалпында сүйреп шөпқашаларға

жеткізген. Шөмеле тартарда шөпші сүйреткіні шөмеле астынан артқы жағына қарай өткізе сұққан. Осыдан кейін бәлек жақ басына тағылған арқанды шөмеленің бір қапталын бастыра артына қарай тартып, сүйреткінің артқы ұшынан шалып алған. Бұдан кейін арқан шөмеленің келесі қапталын басып келіп, алдыңғы жағынан байлаған. Бұдан ары атты жетектеп шөмелені орнынан қозғап, шөмеле орнында қалған шөптерді үстіне салған. Артынша атқа мініп, шөмелені сүйреп жүріп отырған. Шөпқашаға алғашқы болып жеткен шөмелелер екі немесе үш қатарға тізіле қойылып *шөптің орны* даярланған. Оның үстіне келесі әкелінген шөмелелер айырмен тасталып, маяланған [3, 267 б.].

Сонымен қатар ылғалы мол батпақты жерлерде шабылған шөпті шөпқашаларға бірден жеткізе алмағанда, шөпті шабылған орнына шағындау етіп маялайтын әдіс те болған. Бұны жергілікті тілде *күде* деп атаған. Бұндайда күде астынан су өтпеуі үшін алдын ала шөп маяланатын жерге ағаш бұтақтары төселген. Оның үстіне шөп маяланған. Артынан маяны мал немесе жел ұшырып шашпас үшін, жан-жағынан ағаш бұтақтарымен айналдырыла сүйеп қояды. Қыс айларында маяланған шөпті қыстауға шанамен тасып алады [5, 245 б.].

Шаруалардың шөп шабу кезінде қолданатын тәсілдерінің келесі бірі мынадай болып келген. Таулы аймақтарда тау арасында шөп бітік шығатындықтан ол жердің шөбі шабылып, оны көлікпен жеткізу мүмкін болмағандықтан, шөп шабылған орнына маяланған. Қыс айларында тебінге шыққан малға әлгі маядан шөп шашылған.

Қорыта келгенде, дәстүрлі ортада шөпті шапқанда, оны жинағанда, тасымалдаған кездерде түрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылған. Мақалада қамтылған аталмыш тәсілдер солардың бір парасы ғана. Ал осылардың кейбірі қазіргі күнге дейін қолданылып келе жатса, кейбірі мүлдем қолданыстан шығып қалды. Олай болса қазақ халқының сан ғасырлық тәжірбиесі барысында қолданысқа енген бұндай әдіс-тәсілдерді зерттеп, оларды шаруашылықты ұйымдастыруға орнымен қолдану, бүгінгі күннің жас жеке кәсіпкерлеріне тиімді болмақ.

1. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 172 б.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-том. – Алматы: Арыс, 2013. – 816 б.

3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 5-том. – Алматы: «Азия Арна» баспасы, 2014. – 840 б.

4. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.

5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. 3-том. – Алматы: РПК «Слон», 2012. – 736 б.

Қ.А. Асылбекова

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Өзіміз көп үміт күтіп отырған жас ұрпақ ата-бабамыздан қалған мәдени мұра халық ауыз әдебиетінің өн бойындағы мәнділігі мен маңыздылығынан, ойшылдығы мен қиялшылдығынан, тапқырлығы мен шешендігінен, әсемдігі мен алғырлығынан тәлім-тәрбиесі мен үлгі - өнегесінен нәр алары анық.

Сан ғасырлар бойы ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге-үлгілері осы уақытқа дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп келеді.

Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны балаларға ол ертегі болмақ. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ ертегілері сан алуан. Ертегі арқылы айнала қоршалған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды.

Табиғат аясында мұғалімнің ойынан туып, аузымен айтылған ертегі балалар үшін жарық сәуле, ол сәуле олардың ми қуысының барлық құпия түкпірлерін шарлайтын жарық сәуле. Олар ертегіге құмартады.

Мектеп табалдырығынан жаңа ғана аттаған балалар, мектеп тартып тұрады, өйткені олар ертегіден ескен теңдесі жоқ сезімдерді ұжымымен бірге сезінгісі келеді. Оларды мұғалім де тартып тұрады, өйткені олар ертегіні содан естиді, ертегіні ұйып тындайды. Мұғалім өмір бойы естерінде қалады,

ол баланың рухани дүниесінен ең алдымен ертегі ретінде орын алады. Ертегі – бұл кішкентай дән, баланың өмірлік құбылыстарға эмоцияның баға беруі осы дәннен өсіп жетіледі.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А. Байтұрсынов «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары: халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе; бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор кедергі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді; бұрынғылардың сана – саңлау, қалып-салты жағынан дерек беруші үшін керегі бар нәрсе» – деп айтқан болатын. Қазақ халық ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеу жолын алға қояды. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді [1].

Батырлар ертегілер мен батырлар жыры ел қорғау жолындағы батырлардың ерлік істерін дәріптей отырып, ел бірлігі мен жұрт тыныштығын сақтап қорғау азаматтық парыз екенін нықтап, жас ұрпақты елжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелейді.

Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі әр сөзі, әр тарау тынысы – адамгершілік, адалдық, қайырымдылық жақындағы өнегелі ойлары әр көкіректе күмбірлеп тұрғандай. Адамгершілік тәрбиесі мен еңбек, ақыл-ой тәрбиесі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Адамгершілік жағынан дұрыс қалыптасқан адам ғана біреуге қамқорлық жасауға дайын тұрады. Адамгершілік тәрбиесі моральдық жағынан кіршіксіз таза, қоғам мүддесі үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген адам даярлау сияқты тәрбиенің жалпы мақсатына бағытталады. Адамгершілік қасиетінің негізгі имандылық пен ізеттілікте. Ал сыйластық, жасы үлкенді сыйлау, сәлемдесу, үлкеннің сөзіне жөнді – жөнсіз араласпау, кісінің алдынан кесе өтпеу, көп алдына дарақыланып күлмеу, есінемеу сияқты қылықтарды жас ұрпақ санасына ақырындап сіңіру қажет [2].

Адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі – қайырымдылық, достық. Халық ұғымында жақсылық пен жамандық достық пен қастың адамгершілік қасиетінің екі түрлі белгісі ретінде егіздің сыңарындай қатар салыстыра суреттеген. Сондықтан, адамгершілік жайында түсінік білім берумен қатар дұрыс тәртібін, іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына үлкенді сыйлау, беделін мойындау, еңбек адамдарын құрметтеу, қамқорлық жасау, адалдыққа, шыншылдыққа, қарапайымдылыққа, мақсаттылыққа, шешімділікке, табандылыққа, белсенділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу де жатады.

К.Д. Ушинский: «... шығармада келтірілген адамгершілік іс-әрекеті, адамгершілік сезімді, адамгершілік ойды сүюге баланы итермелейтін әдеби шығарма өнегелі шығарма» – деп жазған. Сонымен адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі көбіне қарапайым адамдар болып келеді. Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда», «Баяғы өткен заманда», «Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» – деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес [3].

Қазақ ертегілерін академик М. Әуезов үш жанрға бөледі; қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер. Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұңғыық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген.

Қиял-ғажайып ертегілердегі мекен жайлар да сиқырлы, жұмбақ әлемі. Адам тек түсінде ғана көрерлік қиял сарайлары. Олар таңғажайып жиһазға толы. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлердің ішіндегі адамға жағымсыз, сұм кейіпкерлер-мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дию сияқты талай басқа да сиқырлы күштер бар. Солармен қатар адамдарға дос, қиын-қыстау кезде жол табар, ажал аузынан алып қалар, адамның қаскөй күштерді жеңуіне көмектесер жанды тіршіліктер, жансыз заттар да көп кездеседі.

Көп ертегілерде суреттелген әділдік пен жауыздық арасындағы күрес халықтың әділдікті аңсау арманынан туған. Әділдік пен адалдық жолындағы халық ортасынан шыққан қаһарман жалпы адам бақыты үшін ешбір қауіп қатерден тайынбай, үрейлі алып күштерге қарсы айқасқа түседі. Әділеттіктің жақтаушысы ретінде мерген, батыр, айлалы, ақылды адамдар бейнеленген. Олар қарапайым адамдар. Бірақ алдына қойған мақсатты биік, сондықтан да ертегілер көбіне жақсылықпен аяқталады, әділдік жақтаушысы адамның мерейі үстем болумен тынады [4]. Кедей, жесір кемпірдің баласы немесе әке-шешесі жоқ, өмірі кедейліктен көз аспаған тазша өзінің ақыл-айласы, тапқырлығымен ханды, оның уәзірлерін жеңіп, ақыр аяғында хандықты не уәзірлікті өз қолына алады. Ертегінің аяғы жақсылықпен аяқталады.

Ертегінің тағы бір саласы – тұрмыс-салт ертегілері және хайуанаттар туралы ертегілер. Бұл ертегілерде көбінесе елдің тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. «Түлкі мен ешкі» ертегісінде айлакер түлкі ешкіні құрығына оп-оңай түсіре қояды. Апанға абайсызда түсіп, шыға алмай шарасызданған түлкі су іздеп шөліккеп жүрген ешкіні сол апанға алдап түсіреді. Қу түлкі «ешкі мүйізіне шығып» зытады, аңқау ешкіні алдап ұрады. Осы арқылы халық керемет ойын кемеңгерлік түйін жасаған: «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар», - деп аңқау жандарды сақтандырған. Ертегілерде түлкі қу, айлакер. Оқушылар ертегілердегі әрбір кейіпкерлердің жаман әдетінен аулақ болуға, жақсы кейіпкерлерге қарап қайырымды, мейірімді болуға талпынады [5].

Кіші мектеп жасындағы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі ұнамды кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін балалар бойына сіңіру, ұнамсыз кейіпкерлердің жасаған зұлымдықтарынан аулақ болуға үйретеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушыларды ертегілер арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Сынып оқушыларын ертегілерді оқыту арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Оқу пәндерінде ертегілердің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнесіне тіркестерге бай болып келеді. Бала санасына жастай тәрбиелік ерекше ықпал етуде ертегілер үлкен орын алады.

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Шоқан Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.В. Родлов, А.Е. Алекторов, А. Ивановский, Л. Исаков, О. Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, М. Көпеевтер болса, кейін Э. Дидаев, Н. Пантусов, А. Мелков, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллиндер зерттеп жинақтай бастады. Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады. Бірақ, ертегілердің тәрбиелік жақтарын, адамның не бір сапалық жақтарын қалыптастырудағы оның ерекше ықпалы туралы пікір кездесе бермейді.

Ертегінің құрылымын, негізгі мазмұнының бағытын қарайтын болсақ, оның басты мақсатының өзі өмір мұратына жетудің жолдарын, ол үшін қажет адамдық сапаларды көрсету екені айқын көруге болады. Ең алдымен өмір мұратына жетуге қазақтың даналықта бірінші кезекте келетін, ең басты сапа ақылдылық.

Ақылдылық ертегілерде адамдық қасиетте ең жоғары идеялық дәрежеге дейін көрінеді. «Аяз би» ертегісінде ақылдылық басты көрінісі – тапқырлық болып келеді. Ертегідегі Жаман өзінің тапқырлығының арқасында хан қызына үйленеді, хан болады. Ханның қызы Жаманға жеңгесінен гауһар тас, пышақ, тәрелке және қайрақ тас беріп жібереді. Жаман балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөліп, тәрелкені уатып, пышақты жетесінен сындырып, гауһар тасты қақ жарып қызға беріп жібереді. Мұндағы хан қызының сыры: «Қайрақтай болып үгітілгенше, тәрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай қақ жарып мені алады» – дегені еді, сол сыры «пышақтай болып басым кесілгенше айтпасын!» – деп пышақты сындырып, «қайрақтай үгітілгенше» – деп қайрақты уатып, «тәрелкедей уатылғанша» – деп тәрелкені қиратып, сыр шашпаймын, гауһар тастай қақ жарып сені аламын – деп гауһар тасты қақ бөліп, уәде беріп едім деп Жаман жауап береді [6].

«Ер Төстік» ертегісінде жалпы ертегілердің қаһармандарына тән іс-әрекеттер толық сақталады. Ер Төстіктің өзі – асқан күш иесі емес, жүректі жігіт. Ертегінің алға қойған негізгі мақсаты – табиғаттың сыры мәлімсіз күштерін жеңу. Адамға зиян ойлайтын Бектөре, Темірхан, Шойынқұлақ тәрізді жауыздың иелерінен үстем шығып, оларды қалай да өздеріне бағындыру болғандықтан, ер Төстікке көмекші әр түрлі жолдастар, серіктер береді. Әр түрлі жауыздықтардың ұясы болған адам баласына қастық қана ойлайтын кейіпкерлер Бектөре, Шойынқұлақ, Темірхан, пері, жын, дию, мыстан кемпірлер қаншама күшті, айлакер болса да, Ер Төстіктен жеңіледі. Халық жақсылықты алдан күтеді, болашаққа сенеді.

Халықтың аңыздан – аңызға тараған ертегі, аңыз әңгімелерінің барлығында ақылдылық пен ақымақтық, әділеттілік пен әділетсіздік қатар бейнеленеді. Арамдық пен жауыздық апатқа ұшырап, жеңіліп, жақсылықтың үнемі жеңіске жетуі халықтың бақытты бейбіт өмір аңсағанын көрсетеді. Ертегіні оқыту барысында қандай қиыншылық болса да, қарсы тұра білу, еңбек адамының қадірлеу биік адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Ана тілі сабағында ертегілерді оқыту барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді [7]. Оқушыларға кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің берер пайдасы мол. Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме әдетте айқын белгілерді көрсететін, анық, түсінікті болып келеді. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен жазылады, мазмұндалады. кейде ертегіні оқымай-ақ, мұғалім оның мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Егер әртістердің орындауында

фонохрестоматияны пайдаланса тіпті жақсы. Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою, қандай суреттер салуға болатынын анықтау, өз беттерінше бақылау жасатып үйрету керек. Кейбір ертегілерді сахналап, қуыршақ жасатып сыныптан тыс жұмыстарды орындауға болады. Ертегілерді балалар қызыға оқиды, олардың мазмұнын бір оқығанда-ақ игереді. Ертегілердегі көркем бейнелі сөздердің, сондай-ақ оқушыға түсінуге қажет болатын сөздер мен тіркестердің кездесетіні мұғалім әр кез көңіл аударуы тиіс. Сөз мағыналарын ашып, анықтап түсіндіруде түрлі тәсіл қолдануға болады:

– сипаттама түрде түсіндіру тәсілі бойынша сөздер семантикалық табиғатына орай қысқаша, кейде толық, жан-жақты түсіндіріледі;

– сөз мағыналарын анықтауда қолданылатын екінші бір өнімді жол-синонимдік тәсіл;

– аралас анықтама – сипаттама түріндегі анықтама мен синонимдік анықтаманың аралас берілуі арқылы көрсетіледі.

Дүниедегі адамның жеке басынан күрделі де бай ештеңе жоқ. Оны жан-жақты дамыту адамгершілік жағынан жетілдіру – тәрбиенің мақсаты. Бұл мақсатқа жету жолы да адамның өзі сияқты күрделі. Қазіргі оқу-тәрбие жұмысының өмірдің өзі алға қойып отырған өте маңызды проблемасы – адамгершілік пен білімнің, рухани мәдениет пен білімділіктің өзара байланысының проблемасы.

Бастауыш сыныптардың мұғалімі адамның жақсы және жаман мінез-құлқын баланың ажырата білуін күн сайын дерлік үйретіп отырады. Адамгершілік туралы түсініктер анықтама берілмесе де балаларда осылай біртіндеп қалыптасады. Балалардың істерінде адамгершілік ұғым көпшілік пайдасына, олардың қоғамдық мінез-құлқына қарап игеріледі, демек адамгершілік мінез-құлыққа дағдыланумен толықтырылып отырылады. Адамгершілік түсінік пен мінез-құлық бірлігі адамгершілікке тәрбиелеу тиімділігінің негізгі көрсеткіші.

Мұғалім 1-сыныпта бәрінен бұрын қайырымдылық пен әділдік туралы түсінікті қалыптастыруға баса назар аударады. Қайырымдылықты адамдарға ілтипатпен, ниеттестік пен қарау деп әділдікті өзінің және басқалардың мінез-құлқы мен пікірінде объекті түрде адамгершілікпен баға беру деп түсіну керек. 2 сыныпта оқушылар алдында қайырымдылық пен әділдік, жолдастық пен достастық ұғымдарының шеңбері ұлғая түсіп, оның үстіне ұжымдық пен ортақ іске жеке басты жауапкершілігі туралы түсініктер қалыптасады. Төменгі сыныптарда адамгершілікке тәрбиелеу мазмұнындағы көзқарастардың кейбір қайшылықтарына қарамастан, бұл жұмыстың дәрежесі туралы әңгіме болып отырғанда олардың біртұтастығы мүлде айқындала түседі. Оқушылардың адамгершілік тәрбиесін орта мектепте оқып үйренген кезде, олардың адамгершілікке сенімі қалыптаса түсуі керек. Адамгершіліктің күрделі ұғымы мен категориясы бүкіл қоғамдық тарихи тәжірибені қайта өңдеуден және жете түсінуден шығуы ықтимал және ол жеке тәжірибеден алынған сияқты мораль туралы ғылымды игеру нәтижесі болып табылады [7].

Сондықтан, адамгершілікке тәрбиелеу санасы қалыптасуына басшылық ету – демек, оқушыларды этикамен қаруландыру деген сөз. Бірақ, бұл ережелермен келісе отырып, адамгершілікке тәрбиелеу ұғымын қалыптастыру міндеті төменгі сыныптарда толық шешіле алмайды, өйткені балалар өздерінің білім дәрежесі жағынан да, өмір тәжірибесі жағынан да бұдан әзірленіп болмаған. Міне сондықтан да төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеп білім беру ең алдымен олардың адамгершілік тәрбие жағынан ұғымы болуын, адамгершілік тәрбиесін сезініп, бұл жөнінен тәжірибеде де болуын керек етеді.

Адамгершілік тәрбиесі түсінігі туралы айта отырып, оқушылар адамгершілік тәрбиесінің негізгі нормаларымен өмірдің айналасындағы, әдебиетті айқын мысалдар арқылы және өмірден алынған өз тәжірибесіне сүйене отырып танысады, бірақ, бұл арада түсіну сезімінің дәрежесіне тән істі талдап қорытуға байланысты болады.

Біз талдап өткен адамгершілікке тәрбиелеудің кемшіліктерін жою мектеп бағдарламаларының мазмұнында ізі қаланған тәрбие берудің мүмкіндіктерін толық және тиімді іске асыруға жағдай жасайды.

1. Құтпанбаев Ә. Ұстаз ұлағаты. – Алматы, 2002. – 16 - 32 бб.

2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 27-35 бб.

3. Игенбаева А.К. Адамгершілік сабақтары. – Алматы, 2001. – 71б.

4. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы, 2004.

5. Комиров И.А., Богданова О.С. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1988. – 221-235 бб.

6. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. – 2000.

7. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы, 2002.

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ШКОЛЬНОГО ФИЛОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РОССИИ В НАЧАЛЕ XVIII В.

В начале XVIII в. был выработан общий план школьного образования в России. В соответствии с планом учреждались школы 2-х ступенчатые и малые народные училища в составе 2-х классов и главные (в губерниях, городах) в составе 4-х классов с годичным курсом, в трех низших классах и двухгодичным четвертом. Было введено предметное преподавание, единые сроки начала и окончания занятий, классно-урочная система, разрабатывались методики преподавания, единые учебные планы. Об этом свидетельствуют изученные нами архивные данные.

5 ноября 1804 г. был издан «Устав учебных заведений, подведомственных университетом», по которым впервые в России создавалась сеть учебных заведений, носящая всеобщий характер: 4-х классной гимназии во главе с директором; 2-х классные уездные училища во главе со смотрителями и одноклассные приходские училища. В России были учреждены шесть учебных округов, школы находились в ведомстве университетов.

Новые законодательства школ (гимназий, уездных и приходских училищ) поставило две определенные цели:

- 1) подготовить к поступлению в следующую высшую ступень школы;
- 2) давать законченное образование тем, кто не может продолжать дальше обучение.

Согласно «Положению о начальном народном училище» 1864 г., задачей школы является «распространение первоначальных полезных знаний и утверждение в народе религиозных и нравственных понятий. В соответствии с этим определяется и курс обучения: закон божий, чтение, гражданская и церковная печати, церковное пение, письмо, арифметика.

Сохранившийся документ тех лет «Въдомость о Горной школѣ, состоящей при Илецком соляномъ промыслѣ, неподвѣдомомъ Просвѣщенія за 1-го половину 1834-1838 года» по Оренбургскому округу удостоверяет то, что в уездных училищах давалось начальное знание. Обучение велось по следующим предметам: чтение, письмо, арифметика, история, естествознание. Большое число часов отводилось преподаванию «Закона Божьего» (Рисунок 1).

Въдомость

О Горной школѣ, состоящей при Илецкомъ соляномъ промыслѣ, неподвѣдомомъ Просвѣщенія за 1-ю половину 1834-1838 года.

Предметъ	Время	Число часовъ	Итого
Чтение	1	1	1
Письмо	1	1	1
Арифметика	1	1	1
Исторія	1	1	1
Естествознание	1	1	1
Законъ Божьей	1	1	1
Гражданская печать	1	1	1
Церковное пение	1	1	1

М. С. [Подпись]



1.

«Обращение» совета императорского Казанского Университета с предложением к директору Оренбургского училищного комитета свидетельствует об «обученіи дѣтей прихожанъ своихъ Россійскому чтенію и писму...», далее в Уставе учебного заведения от 8 декабря 1828 года постановлено «преподавать изъ науки, либо языковъ» (Рисунок 2).


В 1828 г. в крае учреждаются губернские гимназии, где преподавались следующие предметы: математика, физика, словесность, письмо, история, география, латинский, французский и английские языки, рисование, черчение. В некоторых учебных заведениях 1853 г. было введено изучение татарского языка, так как население этого края говорило больше на тюркских языках. И все же в этот период больше внимания уделялось изучению древних языков, также латинского и современных иностранных языков.

В предписании от 1 сентября 1830 г. Смотрителя Оренбургского Уездного Училища к Директору гимназии и училищ Оренбургской губернии, доводятся сведения об обучении детей прихожан предметам: Россійскому чтенію, писму, нравоученію, Христіанскому закону (Рисунок 3).

2.



3.



Можно предполагать, что Российское чтение – это предмет, который подразумевает литературное чтение, а именно изучение русской литературы.

Положительное решение вопроса преподавания в учебных заведениях на русском языке, на наш взгляд, это было большим достижением в области школьного филологического образования, поскольку русский язык не только преподавался как учебный предмет, он выступал средством обучения другим учебным предметам. Это было признанием русского языка равноправным наряду с иностранными языками, так как в то время для удовлетворения культурно-образовательных запросов дворянства обязательными изучались языки латинский и французский. Знать предпочитала учиться светским манерам, наслаждаться театром и иными искусствами. Поэтому филологическому образованию уделялось весьма незначительное место.

1. Гайнуллина Ф.Б. Становление и развитие школьного филологического образования в России в области русского языка и литературы в XX - начале XXI века: диссертация ... к.п.н. - Йошкар-Ола, 2015. - 209 с.

СЕКЦИЯ V

МУЗЕЙ ІСІ / МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО

С.Г. Батырева

ЭТНОС И ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА В МУЗЕЕ

Этнос и культура, как система, составляют единое целое в музейной реконструкции. Иными словами, культура есть способ бытия этноса, а традиция – способ бытия культуры. Локальное своеобразие хозяйственно-культурного типа номадической культуры калмыков представлено в экспозиции Музея им. Зая-пандиты Калмыцкого института гуманитарных исследований РАН.

Разнообразен предметный ряд традиционной материально-художественной и духовной культуры народа: деревянная утварь, кожаная посуда, войлочные изделия, серебряные украшения и одежда; рукописные книги на тибетском и старокалмыцком письме «тодобичиг», произведения буддийской живописи и скульптуры, культовые атрибуты. Этнографический и буддийский комплексы экспозиции синтезируют художественное мировидение этноса, исторически сложившееся.

В маршруте по экспозиции ритуализован традиционный способ движения слева направо - «по ходу солнца», гелиоцентрическое мировидение этноса проецирует таким образом психокосмограмму коллективной памяти общества. Произведения буддийского изобразительного искусства, образуя ряд *канонической* культуры в алтарной части кибитки «ишкягер», традиционного жилища калмыков, вынесены и во внешнюю сферу экспозиции. «Квадрат», замыкающий центральный «круг», включает произведения современного изобразительного искусства, иллюстрирующие *динамический* этап развития культуры.

Концептуальной особенностью Музея калмыцкой традиционной культуры выделим широкое использование выразительных средств изобразительного искусства. Художественный строй произведений народного декоративно-прикладного, буддийского и современного изобразительного искусства являет собой своеобразный код в прочтении историко-культурной экспозиции. Каждое из них рассматривается в структуре традиционной, канонической или креативной культуры [2, с.11–12], образуя в купе художественный образ музея.

Как видим, в музейной реконструкции КИГИ РАН фокусируется особое положение традиций, как фундаментальной основы, в осмыслении культурного наследия. Многочисленные его утраты в перипетиях сложной исторической судьбы народа, занесенного “солнечным ветром” с просторов Центральной Азии в евразийское пространство России. Традиционная культура калмыков в деструктивных явлениях депортационного периода (1943-1956), переживает развернутое наступление социализма во второй половине XX в., затем рыночные реформы и начало эры коммерциализации XXI века. Вместе с тем “...ничто в культуре человечества не исчезает бесследно, а лишь меняет форму...” [1, с.135]. В “ворохе нововведений” последних десятилетий современная культура калмыков адаптирована, в русле самосохранения, тяготея к традициям далекого прошлого. Сохраняющееся этническое самосознание органично моделирует национальную картину мира в калмыцкой художественной культуре, сложившейся в евразийских традициях. Здесь в межкультурном пограничье кросскультурного диалога формируется «континуум переходных состояний между цивилизациями» в новом качестве культуры этноса.

Переход от традиционной модели к динамичной заключен в изменении механизма социально-культурного воспроизводства – трансформации...от сакрализованной традиции к воспроизводству рациональной картины мира [1, с.146–147] в историческом контексте развития этнической культуры. Ее ценностно-смысловое содержание воссоздано в цикличности бытия традиции, осуществляемой в процессе коммуникации, трансляции и трансформации культуры, воссозданной в экспозиционной модели Музея КИГИ РАН.

Музей традиционной культуры имени Зая-пандиты, научное подразделение Калмыцкого института гуманитарных исследований, входит в систему музеев Российской академии наук. Традиции культуры народа формируют необходимую мировоззренческую основу взглядов современника. Поэтому в процессе музейной реконструкции культурного наследия важно опереться на тысячелетний

исторический опыт этноса, сопряженный с этическими и эстетическими основами традиционного мировидения.

Народная мудрость свидетельствует: знание родной культуры зарождается у человека в лоне семьи, соблюдающей обычаи и традиции, передаваемые из поколения в поколение. Этническая идентичность формируется в любви к родителям, родному языку, колыбельной песне, художественному ремеслу – вкуче представляющим культурное наследие народа. Чтобы не терялись прогрессивные народные традиции культуры и духовно – нравственные ценности народа обеспечивали связь и преемственность поколений, необходимо методическое оснащение процесса их передачи. Сегодня во многом реконструкция и трансляция наследия подрастающему поколению составляет собственно деятельность музея как социокультурного института.

Концепция музея имеет закономерную культурологическую основу трансляции информации, объемлющую цепочку преемственности «семья-род-народ». Акцент ставится на характерное для калмыцкой духовности осознание личностью своей значимости, как надежды на будущее семьи, рода и народа в целом. Так, представление о семье связывается с ее родословной, нередко многовековой, уходящей в древность традиционного культа предков. Знание своей родословной способствует развитию представлений о родовой чести семьи, которую нельзя уронить, необходимо продлить и развить далее, передав детям, внукам и правнукам. Заповеди, думаем, свойственные многим культурам, сформулированы на основе традиционной этики калмыцкого народа, в них выражены нормы морали, дающие положительные результаты в воспитании подрастающего поколения.

Межродовые и внутривидовые связи, взаимопомощь родных и родственников – и в целом семьи – обеспечивают гармоничные взаимоотношения составляющих частей этнической общности. В ракурсе нравственных устоев народа, их гуманистической значимости, органично сопрягается традиционная культура с духовностью мирового сообщества, тем самым облегчая вхождение личности в общечеловеческую цивилизацию. Через личность с осознанной идентичностью, владеющую знанием традиционной культуры предков, происходит процесс взаимообогащения мировой культуры этническими традициями.

Многим из нас важно ощущать себя неотъемлемой частью народа, чтобы способствовать его культурным достижениям, преумножая их в творческой деятельности. В прогрессивной традиции закономерно реализуется самобытность этноса в том лучшем, что у него есть, и что он, наверное, обязан сделать достоянием других. Думаем, в этом состоит ценность этнического самосознания каждого члена общности, начиная с семьи, ячейкой входящей в народ, и в целом – мирового сообщества, интегрирующего общечеловеческие ценности.

В процессе формирования этнического самосознания личности, открытой для общения с миром, музейный сотрудник, выступающий в качестве педагога, должен быть носителем и передатчиком национальной культуры со всеми ее специфическими особенностями. Будучи широко мыслящим и высокообразованным наставником, он способен определить место этнической культуры в общемировой цивилизации, осмыслить их единое начало. Идеи гуманизма, толерантного взаимодействия культур, составляющие естество калмыцкой традиционной культуры, должны в той или иной степени присутствовать в процессе формирования личности молодого человека.

На пути приобщения к традиционному духовному наследию приобретает особое значение такое направление отечественной науки о музее, как этнологическое музееведение [3, с.400], рассматриваемое нами важнейшей частью этнокультурологического знания. В совокупности многообразных сфер деятельности Музея традиционной культуры, обозначаемой термином «музей как социокультурный институт», в интеграции музееведения и других смежных дисциплин возможно решать проблему преемственности традиционной этнической культуры. Преемственность рассматривается стабилизирующим общественным фактором в ускоренном ритме глобализации человечества.

1.Маркарян Э.С. Узловые проблемы теории культурной традиции//Советская этнография. 1981. – № 2.

2.Щедрина Г.К. Искусство как этнокультурное явление /Искусство в системе культуры. – Л., 1987.

3.Батырева С.Г. Этнологическое музееведение и образование. Из опыта работы Музея калмыцкой традиционной культуры имени Зая-пандиты //VI конгресс этнографов и антропологов. Санкт-Петербург, 28 июня-2 июля 2005 года. Тезисы докладов. – СПб., 2005.

ЕСІК-РАХАТ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЭТНО-МӘДЕНИ ОРТАНЫ ҚАЙТА ТҮЛЕТУ, ТУРИСТЕРДІ ТАРТУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНУ

Жалпыұлттық деңгейдегі «Мәдени мұра» атты ауқымды бағдарлама осыдан 14 жыл бұрын, 2003 жылғы сәуірде, Елбасының бастамасымен көтеріп, бастау алған болатын.

Бағдарлама жасаудың күрделілігі мен ауқымының кеңдігі сондай, сегіз ай бойы әзірленіп, 2004 жылдың басында қабылданды. Сөйтіп, бұл мемлекеттік бағдарлама содан бергі уақыттар да ғылыми және мәдени ортада зор серпіліс туғызып, қоғамымызды рухани тұрғыда жаңғыртуға маңызды рөл атқарып келеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңінде Елбасы тарихи -мәдени туризмді өркендету мәселелеріне мұқият назар аударуға шақырды. Бұл мақсаттағы ескерткіштер қатарына Жаркент, Тараз ескерткіштері, Есік қорғандары, т.б. қамтылды. Әлемдік туризмде Қазақстан аумағын танытатын ескерткіштердің бірегейі – Есік-Рахатархеологиялық кешені болмақ. Ол үшін туризм жолындағы әрбір қорық - мұражайлардың сипатына қарай жеке-жеке тұжырымдамасын әзірлеп, олардың мәртебесін белгілеген жөн деп өз ойын жеткізді. Соның негізінде туристік маршруттар жолындағы қорық – мұражайлардың даму жолын айқындайтын Бас жоспар жасауды Үкіметке тапсырды.

Мәдени туризмді дамыту үшін тарихи орындарымыздың бәрін мұражайландыру керектігі белгілі жәйт. Алайда, бұл мұражайлар қазіргі өлкетану мұражайлары сияқты, бірінен бірі айнымайтын, біріне-бірі ұқсас болмауы керек. Әрбір мұражай халқымыздың қиын тағдырлы өткен жолынан сыр шертіп, қазақстанның ежелгі тарихын кезең-кезеңімен көрсете алатындай етіп, сол заманның атмосферасын, сол дәуірдің ортасын жасау керек деп өз ойын тұжырымдады.

Есік қорымының археология ғылымына белгілі болғанына 87 жыл, «Алтын адаммен» әлемге әйгілігіне 46 жыл, мемлекеттік есепке алу тізіміне енуіне 33 жыл, мемлекеттік белгі – елдік бренд саналуына 22 жыл, мемлекеттік стратегиялық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттелуіне 19 жыл болыпты.

Бүгінде ол, жаңа сапаға жоғары дәрежедегі танылымын тағы тапты. Қорымның қақ ортасында ашық аспан астындағы «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы 2010 жылдың 30 қаңтарындағы ҚР үкіметінің №43 қаулысының негізінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен, Мәдениет министрлігінің шешімімен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында құрылды. Мұражай жұмысының басталуына да биыл 6 жыл. Нәтижесінде 2011 жылдан бері Есік қорымы ЮНЕСКО-ның мәдени ескерткіштер тізімдігіне енгізу мәселесі қарастырылуда.

Есік қорымы осы атаумен 1980 жылдан бастап «Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізімінде» тұр. Есік қорымының құрама бөліктері, мерзімі бүгінгі сақтау қалпы мен пайдалану сыйпаттары туралы жаңа зерттеулер мәліметтер мен деректерді қамтымайды. Ескерткіштің бүгінгі қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмір өрісіндегі құндылығы тіптен аталмаған, ашылмаған.

Есік ықшам ауданы аумағында табиғи жағдайымен қоса тарихи мәдени мұралар көп. Көне тас кезеңінің тұрақтары, қола дәуірінің бейіттері мен қоныстары, ортағасырлық обалар, әр замандағы тасқа салынған суреттер және де орта ғасырлық ескерткіштер баршылық.

Қорық-мұражайдың экскурсиялық бағдарламасы: сақтар әлемі мәдениетіне арналады және өңіріміздің археологиялық ескерткіштеріне баса назар аударады. Мұражайдың экскурсиялық қызметі - өлкемізде мекен еткен яғни, ата-сақ бабаларымыздан қалған жылжымайтын тарихи мәдени мұралар тарихы, олар туралы әлем түсінігі мен тұрмыстық тұрғыда пайдаланған дүниелері, жалпылап айтқанда өткен кезеннің көптеген құпияларын ашуға бағытталған.

Есік шағын аймағының мәдени-тарихи сипаттамасы Алматы облысындағы археологиялық қатынастарда аса қызықты өңірдің бірі болуында жатса керек. Ауданның сан алуан табиғаты тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырға дейінгі тарихи дамудың тарихи-шаруашылық типтерінің сан алуандығымен сәйкес келеді. Ландшафттық террасада төмендегідей археологиялық ескерткіштер орналасқан. Атап айтқанда: таулы-қыратты және де сай-белдеулеріндегі ерте көшпелі халықтардың отырықшы-шаруашылығына тиесілі кешенді ескерткіштердің бірнеше түрлері орын алған. Ауданда тұтастай тарихи-мәдени мұралардың барлық түрі орын алған. Олар: палеолит дәуірінің тұрақтары,

кола дәуірінің қоныстары мен қорымдары; ерте темір дәуірінің қоныстары, қала-резиденциялары, ғибадатханалары мен жерлеу орындары; ерте дәуірлердегі жартаc жазбалары; ерте және дамыған орта ғасыр ескерткіштері. Аталып отырған аудан – бұл әйгілі «Алтын адамның» Отаны. Алайда, аталған аймақта археологиялық жұмыстар жоғарыда айтылған ескерткіштердің болмашы бөлігіне ғана жүргізілді. Сондықтан да олардың біразын әлі анықтау керек. Аталмыш табиғи-тарихи аймақта ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру төңірегіндегі іс-шаралар атқарылады. Бұл әрине, отандық және шетелдік туристердің көптеген қосынын тартады және жергілікті тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін насихаттауға үлес қосады.

Есік қорымдарындағы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының алты жылдық тәжірибесі туристердің аталған ауданның ең бір табиғи сұлу бөлігінде орналасқан тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін ескерместен, табиғи-ландшафтты аймаққа көптеп баратынын көрсетіп отыр. Бұдан шығатын қортынды – туристер назарын өлкенің жалпы табиғи көрінісіндегі тамаша табиғи нысандар желісіне аудару қажеттігі. Ол үшін болашақта құрылатын туристік кешенге Еңбекшіқазақ ауданының басқа да тарихи-мәдени, мәдени-ландшафтты және табиғи кешендерін қосу керек.

Еңбекшіқазақ ауданының тарихи ескерткіштерін қосатын туристік кешендер құрудың нәтижелері осындай. Бұлар жобаны іске асыру кезінде алынған қысқа мерзімді болып келеді. Ал, бізге ұзақ мерзімді жобалар қажет. Оның ішінде: алғашқы туристік маршрут орнықты стационарлы базаға айналуға тиіс. Қорық-мұражайдағы осы базада ежелгі қолөнер шеберханасы, балаларға тарихи танымын кеңейтетін интерактивті алаңдар, студенттерге арнайы тәжірибеден өтетін орындар, ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізетін орталықтар және т.б. қызмет көрсететін болады.

«Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы барлық туристік қызметтің жаңа көп жоспарлы құрылымының орталық ядросы ретінде есептеледі. Осылайша жоба соңында жергілікті туризм нысандарының барлық жобаланып отырған құрылымы туристік қызметтің эко-мәдени, ғылыми-танымдық және ағартушылық салаларына бағытталады деп күтілуде. Сонымен қатар археология ғылымының қолданбалы мүмкіндіктері пайданылатын болады. Аталған аймақтағы туристік орнықты стационарлы база қорық-мұражай аясында қызмет көрсетеді деп күтілуде.

Тарихи-мәдени ескерткіштер нысанындағы болашақ экскурсиялардан бір эпизод көрсетейік. Есік-Рахат археологиялық кешені тау мен дала астасқан табиғаты тылсым аумақта тұр. Бірақ, ол орын өркениет дамыған орталықтан шалғай болғанымен, алайда, алматылықтар мен қала қонақтарының, сонымен қатар шетелдіктердің демалатын сүйікті орындарына айналған Есік, Түрген шатқалдарына апаратын күре жолдың бойында орналасқан. Сонымен қатар, Есік қорымдары аумағынан «Алтын адамның» табылуы, қорымдар маңында ежелгі қала орнының болуы, оған қоса қоғамдағы көне қасиетті мекендерге деген құрметтің басым болуы осынау аумаққа жұрттың қызығушылығын тудырып отыр. Аталған аумақтағы археологиялық қазбалар орнында жер үстіндегі және лақат ішілік құрылысты қалпына келтірген туристік парк құрып, музейлік-туристік инфрақұрылым ұйымдастыру жоспарланып отыр. Әлемдік масштабта археологиялық қазба жұмыстары орнында ашық аспан астындағы музейлік-сәулет кешендерін құрудың бай тәжірибесі қалыптасқан. Солардың қатарында Оңтүстік Кореядағы Кьенжу қаласындағы Силла дәуірінің алып қорғандарын, Венгриядағы Будапешт қаласына таяу археологиялық парктегі қолдау дәуірінің қорғандары мен қоныстарын атап өтсек болады.

«Есік-Рахат археологиялық кешені» туристік паркін құру мен туристік инфрақұрылымды дамыту тұрғындардың білімдік және мәдени деңгейін көтеріп қана қоймаймыр, аймақтың тарихи-мәдени және табиғи мұраларын зерттеу үшін ғылыми-зерттеу потенциалын өқалыптастыруға мұрындық болар еді.

Болашақ музейлік-туристік паркті археология, этнография, табиғи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-ізденіс жұмыстарын дамытатын база ретінде қарастыруға болады.

Есік-Рахат археологиялық кешені Орталық Азия аумағындағы ірі туристік парк болатынына, отандық және шетелдік туристер мен зиярат етушілердің келуіне ыңғайлы, табиғи-тарихи парк құру үшін бірегей мәдени-ландшафтты аймақ боларына ешбір күмән жоқ.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы Жетісу аймағының ғана емес, бүкіл республиканың бірегей өңірі ретінде мақтануға құқы бар. Мұнда, 150 шақырым шамасында Қазақстан аумағында кездесетін, шөлден биік тауларға дейінгі барлық ландшафттар кездеседі. Туристерді қызықтыратын факторлар көбіне мыналар болып келеді: қоңыржай климат, сан түрлі фауна мен флора, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің үлкен шоғыры. Ежелгі уақыттан бері бұл жер өзінің рухани сұлулығымен адамдарды қызықтырып келеді. Есік өңірінің сақ-тиграхалардың (шошақ бөрікті сақтар) рухани астанасы болып саналғаны кездейсоқ емес. Мұның жарқын мысалы ретінде Қазақстанның символы – «Алтын адамды» айта аламыз. «Ғасыр жаңалығы» табылған «Есік қорғаны» Еңбекшіқазақ ауданындағы

сақ бекзадаларының көптеген қорғандарының біреуі болып табылады. Есік пен Түрген қорымдары (соңғысы ғұрыптық-ғибадатханалық кешен болып табылады) өзінің ғылыми және мәдени маңызы жағынан Мысырдағы (Египет) «Патшалар алқабымен» теңдей дәрежеге ие. Аймақтағы археологиялық ескерткіштер барлық әлеуметтік топқа жататын туристерді қызықтыра алатындай зор қуатқа ие. Қазіргі күннің өзінде туристердің осынау өлкенің ежелгі тарихына деген қызығушылықтарын «Есік» қорық-мұражайының көп томдыққа айналған «Пікірлер кітабындағы» көптеген пікірлерінен байқауға болады.

Осыған байланысты, жергілікті тұрғындарды тарту жолымен балама құрылым ретінде археологиялық нысандарды таныту арқылы туризм нысандарының аумағын кеңейтуді қалаймыз.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорғалу аумағына жататын және де туристік бағыттары бойнда орналасқан ескерткіштерге қысқаша сипаттама берейік.

1. Есік қорымы Алматы қаласының шығыс жағында 50 км-лік жердегі Есік өзенінің оң және сол жақ жағалауларында, Есік қаласының батысына тақау жатыр. Қорым солтүстіктен оңтүстікке 3 км-ге созылған 60-тан астам үлкен обалардан тұрады. Бұл қорғандар «патша қорғандары» болып айрықша аталады. Үйінділерінің диаметрі 30 м-ден 90 м-ге дейін, ал биіктігі 4 м –ден 15 м-ге дейін. Үйіндінің төбесінен терең қазан шұңқырларды көруге болады. Бұлар ұрланғандықтың белгісі. Үлкен обалардың кейбір жеке бөліктерінен ұсақ тастар үйінділері көрініп жатыр. Бұлар обаны тонау кездегі сыртқа шығарылғандар. Үлкен обалар жалпақ өзентастарымен қолмен қойғандай қоршалып тұр. Қоршап тұрған қорғандар өте есте қаларлық археологиялық көрініс. Есік қорымы бұл аймақтағы бір ғана қорым емес. Өзі іспеттес көптеген патша қорғандарының бірі ғана. Қорымдар Іле Алатауының солтүстігінен тау өзенің жағалай, Іле өзеніне құйған жерге дейінгі аралықты алып жатыр. Батыста Талғар өзенінің жағасын ала Бәйтерек қорымы, одан ары осы бағытта үлкен және кіші Алматы, Қаскелен, Күрті өзендерін жағалай орналасқан. Қазіргі уақытта бұл қорғандардан сақталғаны ілуде біреуі ғана.

Солтүстік шығыста әйгілі Бесшатыр қорғаны (Іле өзенінің оң жақ жағалауында) батыста Қаракемер, Түрген (аттас өзеннің екі жағалауында) орналасқан. Патша қорғандары сонымен бірге Шелек, Шарын, Кеген, Қарқара өзендері жағалауларында және Қаратал, Ақсу, Аягөз өзендерінің жоғарғы жағын ала солтүстік – шығысқа қарай белгілі Шілікті және Пазырық қорымдарына дейін орналасқан. Зерттеулердің нәтижесінде бұл қорғандардың бір деңгейде, бір уақытта тұрғызылғандығы анықталды. Тіптен Тува мен Оңтүстік Сібірді қоса қамтуы мүмкін. Археологтар Членова Н.Л., Кызласов Л.Р., Кисилев С.В. зерттеулері нәтижесінде осы аймақтардың мәдениетінің ұқсастығы байқалады.

2. Рахат қала жұрты Есік қорымдарының оңтүстігінде, 3 км шақырым қашықтықта, Рахат ауылының қасында (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы), Есік қаласынан 5 шақырым мандағы Есік-Талғар жолының бойында орналасқан. Қала жұрт тау бөктерінде шығыстан батысқа бойлай созылып жатқан үш бірдей қамал кешендерден тұрады. Қамалдардың өлшемдері әртүрлі болғанымен, жасалу құрылымдары бірдей. Ортада орналасқан цитаделді айнала қамал қабырғалары тұрғызылған. Рахат қала жұртының жалпы аумағы – 88,7 гектарды құрайды.

2004 жылы Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері Рахат қала жұртына алғашқы қазба жұмыстарын жүргізіп, Есік қорғандарының көтерілу уақытымен сәйкес келетін мәдени қабатты тапты.

Ірі қала маңынан қашықта тұрғанына қарамастан, алматылықтар мен оңтүстік астананың қонақтары, шетелдіктер үшін тамаша демалыс аймағы болып табылатын Есік пен Түрген шатқалына апарар жолдың бойында тұрған Есік қорымы мен Рахат қала-жұрты тау мен дала астасқан көркем аймақта орналасқан Есік қорымдарынан «Алтын адамның» табылуы, сонымен қатар, қоғамда осынау қасиетті жерге деген құрметтің күннен күнге белең алуы, ежелгі өркениет ошағына деген қызығушылықты арттыра түсуде.

Есік қорымдары мен Рахат қала-жұртын біріктіретін Есік-Рахат археологиялық кешені отандық және шетелдік туристер мен тәу етушілер үшін жетуі оңай, табиғи-тарихи парк құруға ыңғайлы бірегей мәдени-ландшафты аймақ болып табылады.

3. Өріктіқала жұрты Еңбекшіқазақ ауданының Өрікті (бұрынғы Красный Восток) ауылының оңтүстік-батысында орналасқан. Б.Нұрмұханбетовтің 2000 жылғы археологиялық барлау экспедициясы кезінде табылған.

Жалпы аумағы – 1,5 гектар. Қала-жұрт шығыс, солтүстік және батыс жағынан топырақ дуалдармен қоршалса, оңтүстік қабырғасы жағынан ор қазылған. Олар бөлек-бөлек үш ордан тұрады.

Бүгінде қала-жұрттың шығыс бөлігі толықтай, солтүстік бөлігі ішінара зират орнына айналған. Ал басқа жағында жерлеу орныдары кездеспейді. Бұл қала-жұртта 2012 жылы маусымдық археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында шыққан қыш сынықтары мен сүйектен және тастал жасалған бұйымдарға қарағанда бұл ескерткіш шамамен б.д.д. III-II ғғ. тиесілі.

Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан «Есік» қорық-мұражайы - еліміздің мәдени туризмін дамытудағы аса маңызды нысандарының бірі. Қорық-мұражай Алматы қаласындағы туристік компаниялармен тұрақты байланыс құрып келеді. 2011 жылдың 18 сәуірінде, тарихи орындар мен ескерткіштерді қорғаудың Халықаралық күніне орай мұражай туристік компаниялар мен туризм саласында мамандар даярлап жүрген оқу орындарына арнап мұражайдың тұсаукесерін өткізді. Қазіргі уақытта сақтардың ежелгі қала-жұрттары – Рахат пен Өріктіге жаңа туристік жолдар жасау мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Осы аймақтағы мәдени бейненің түзілуіндегі өзінің орнын айқын сезінген «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы ерекше бір ой тудыратындай терең мағыналы, туристердің жаңа толқының тарта отырып, қаланың инфрақұрылымы жаңа, сапалы деңгейге көтеретіндей болуы шарт. Тарихи танымға заманауи сәулет өнерінің үздік ойларын қосу кеңестік бейнесін өзгертіп қана қоймай, қалаға, осы аймаққа, мұражайға тоқтаусыз өзгеріс үстіндегі уақытқа сай прогрессивті бағыт береді. Осы нысан арқасында қайталанбас ерекшелікке ие болатын аймаққа жаңа туристер толқының тарту арқылы, көптеген ерекше туристік бағыттардың пайда болуына әкеледі.

Саң мындаған жылдар қойнауынан бізге дейін жеткен дәстүрдің бірі ата-баба аруағын құрметтеу. Бұл аталмыш ескерткіштер ескінің куәсі. Ертеде бір жақсы іс бастағанда Ата-баба аруағына тағзым еткен.

Мұражай осы дәстүрдің ата-баба аруағына тағзым етіп, бабаларымыз жатқан жерге ат-басын бұруды қайта жаңғыртады. Осы туристік бағыттың нәтижесі Ұлтымызға рухани азық береді және өлім мен өмір теңдігін түсінуге мүмкіндік берері хақ.

1. Мухтарова Г.Р., Файзуллина Г.Ш. «Заповедник-музей «Иссык» - активная точка на карте «MUSEUMстан». Дешт-и-Арт Центр/ОО «Лаборатория общественного развития». «MUSEUMстан»: IIэтап. Сборник материалов по проекту /Составители: Л.Н.Плетникова., Г.М.Сафарова – Караганда: Тенгри Ltd. 2013.– 94-96 бб.

2. Тулегенов Т.Ж., «Тағылымды мұражай». // «Президент және халық» республикалық-қоғамдық газеті. 10.02.2013 ж.

3. Файзуллина Г.Ш. «Выставка в музее» // «Алатау нұры» газеті. 01.01.13 ж.

А.Ф. Исмаилов

ДЕТСКИЙ МУЗЕЙ ЦЕНТР ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ

В ходе широкомасштабных реформ, осуществляемых в годы независимости во всех сферах, последовательно развивается деятельность музеев, являющихся очагом духовности и просветительства в осознании национальной самобытности, бережном сохранении, глубоком изучении нашего богатого и уникального наследия, пропаганде в масштабах страны и в мировом масштабе высокого потенциала наших великих предков. В стране действует свыше одной тысячи музеев, которых хранятся историческое, научное и культурное наследие, духовные ценности нашего народа.

В этом смысле, что обратить внимание на деятельность музеев страны, можно убедиться, что работа с детьми всегда была и остается одним из актуальных вопросов музейной практики. Дети всегда интересуются музейными экспонатами и являются основными участниками проводимых разнообразных акций.

В Узбекистане 19 августа 2011 года впервые был образован детский музей. Музей «В мире чудес», открытый при Государственном музее истории Узбекистана рассчитан на детей в возрасте 4-14 лет. Этот музей предоставил детям возможность постичь секреты и более глубоко изучить жизнь, насыщенную самыми разнообразными событиями. Музей предоставляет детям возможность свободно действовать, расширять мировоззрение. Каждый посещающий музей ребенок имеет возможность не только осмотреть экспонаты, но и принять участие в различных упражнениях, играх, стать причастным к историческим событиям, изучить интересующие его экспонаты и, возможно, изготовить что-то для музея.

Раздел «Юный археолог» будет размещен в основном здании музея, общей площадью около 20 кв.м. Дети будут включаться в исследовательскую работу, учиться «читать» информацию, заложенную в музейных предметах археологии. Детям будет предоставлена удивительная возможность совершить путешествие в древнюю историческую эпоху: найти монету, определить эпоху, имя правителя, чеканить монету, увидеть и потрогать самое древние орудия труда и конечно пещеру, в которой жили наши

предки и т.д.. В проведение занятий раздела «Юный археолог» Детского музея будут активно включены разделы стационарной музейной экспозиции.

Раздел «Юный гончар». В Узбекистане керамические изделия пользовались популярностью повсеместно на протяжении многих веков, что обусловило значительное развитие гончарного промысла, центр о которых находились в Риштане, Гиждуване, Самарканде, Бухаре, Ташкенте, Каттакургане, Шахрисябзе, Намангане и т.д.

В музее значительное место среди экспонатов занимают керамические изделия. В разделе «Юный гончар» музейеведы будут знакомить детей с историей керамического промысла в эпоху камня, бронзы, античного и средневекового периодов в истории Узбекистана, нового и новейшего времени. Так же они смогут лепить игрушки, свистульки и работать на гончарном круге.

К работе будут привлечены мастера, имеющие опыт работы с детьми. Инновационные интерактивные программы и выставки, а также разнообразная по форме индивидуальная и коллективная деятельность позволят соединить обучение развлечением, способствовать развитию воображения, всех органов чувств и любознательности детей, овладению ими основ гончарного промысла с возможным использованием полученных навыков в будущей профессии.

Раздел «История письменности». Первые собственные монеты на территории древнего Узбекистана появились в IV - III вв. до н.э. по типу эллинистических образцов в Согде, Греко-Бактрии, Хорезме. Позднее в III-VII вв. они появляются и в иных областях в Чаче, Уструшане, Фергане.

«Кто отличится в чтении и письме, тот будет блеснуть, как солнце» - так было начертано на глиняной табличке, найденной в одной из древнейших библиотек мира, где хранились арамейские письма. Так высоко ценились грамотность и умение писать почти три тысячелетия тому назад. Древнейшими центрами возникновения письма были страны Средне земно Морья, Египет, Китай. В Узбекистане на протяжении более 1000 лет было сосредоточено до 21 разновидностей письменностей: арамейское, греческое, согдийское, кхароштки, арабское и др.

В разделе по истории письменности дети смогут ознакомиться с различными видами древнего письма. Это поможет детям пополнить свои знания в области лингвистики. Работа в разделе будет связана с работой в экспозиции и в Детском музее. Дети смогут с помощью печатей угадывать знаки различных видов письма. В помощь им предоставлены образцы древних алфавитов и образцы древних манускриптов.

Раздел «Дары Узбекистана». В этом разделе детям даётся возможность узнать о различных выращиваемых сельхоз культурах в Узбекистане: хлопке, кукурузе, узнать о коконах и шелководства и какая продукция из этого производится.

Детский музей открыт для всех творческих инициатив. Вместе с детьми музей могут посетить и другие члены семьи. Сотрудники музея ставили перед собой цель создать разнообразные образовательные, развивающие, исследовательское пространство, решить для себя задачу наиболее полного привлечения в музейную среду всех категорий потенциальных посетителей, что позволит расширить максимально спектр музейных услуг и сделать детский музей неотъемлемой частью образовательной, культурной, творческой жизни Узбекистана.

В будущем планируется обогатить этот музей новыми отделами которые помогут детям овладеть знаниями не только о Узбекистане, но и о других странах мира.

В стране последовательно осуществляются реформы, направленные на ознакомление молодежи с культурным, историческим и художественным наследием, памятниками древности, науки, образом жизни и традициями нашего народа, произведениями искусства, укрепление чувства любви и преданности Родине. 11 июля 2014 года было принято постановление Кабинета Министров «О мерах по обеспечению доступности государственных музеев детям и их родителям». Согласно данному постановлению, каждые вторник и пятницу недели дети и возрасти до 18 лет и их родители могут бесплатно посещать все государственные музеи. Также, в целях организации содержательного отдыха населения, особенно учащейся молодежи, было поддержано предложение о проведении 2-8 сентября каждого года «Недели музеев» и в ее рамках культурно-просветительских мероприятий, организации в эти дни для населения бесплатного посещения государственных музеев. Создаваемые возможности и условия будут способствовать воспитанию духовно богатой молодежи, обладающей высоким интеллектуальным потенциалом.

В рамках недели в музеях каждый год на основе современных технологий будут пропагандироваться богатое культурное наследие нашего народа, его роль в истории человечества. Вместе с тем с помощью экспозиций населению, в первую очередь молодежи, будут раскрыты достигнутые нашим народом

успехи и рубежи, мощь и потенциал страны, ее возрастающий авторитет на международной арене, суть значение проводимых реформ. Несомненно, это послужит усилению у молодого поколения уважения к национальным и общечеловеческим ценностям, бесценному историческому и культурному наследию, гордости и патриотизма.

В соответствии с вышеупомянутым постановлением Министерством по делам культуры и спорта совместно с министерствами высшего и среднего специального образования, народного образования разрабатывается план по привлечению учащихся каждый вторник и пятницу в музеи. Таким образом ряд лекций и уроков отныне будет проводиться в этих очагах просветительства.

Организация в музеях уроков по таким предметам, как история, идея национальной независимости, будет способствовать дальнейшему повышению эффективности образования. К примеру, фонд Государственного музея истории Узбекистана располагает различными экспонатами, уникальными предметами древности. Эти материалы имеют важное значение в глубоком изучении огромного духовного наследия воспитании молодого поколения в духе любви к Родине, уважения к нашим великим предкам.

Н. Танатаров

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өркениеттердің және мәдениеттердің қарымқатынастарын қарастыруда олардың өзгешеліктерін зерттеу өте маңызды болып табылады. Ол үшін сәулет өнерін зерттеудің маңыздылығы жоғары орын алатыны белгілі.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы 1978 жылы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» болып ашылып, қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» болып халыққы музей ретінде қызметін атқаруда.

Орталық Азияның Ислам өнерінің тарихи дәуірленуі бірнеше кезеңге бөлінеді. Мұсылман архитектурасының маңызды бір кезеңі - Әмір Темір дәуірі.

Қазіргі заманда Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің туындылары көп жерлерде сақталған. Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің ескерткіштері – өте бай Ислам өнерінің елеулі бөлігі болып табылады. Ал Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің туындыларының алғашқы үлгілері Орталық Азияда пайда болғанын ескерсек [1, 3 бет], осы аймақта орналасқан сәулет ескерткіштерін зерттеп қарастырудың орны ерекше екені анық. Әмір Темір дәуірінің сәулет өнер өз көркем үрдісі дамуының негізін қалайтын көптеген мәдениеттердің қарымқатынастарының негізінде қалыптасты.

Әмір Темір негізін қалаған орасан зор мемлекетте әр-түрлі өнер салаларының қалыптасуы мен дамуына көп көңіл бөлгені белгілі. Әсіресе, қазіргі Орта Азия, Ауғанстан және Иран аймақтарындағы сәулет өнеріне ерекше көңіл бөлінгені анық.

Орта Азия сәулет өнері тарихында Әмір Темір дәуірі тұсында мұсылмандық сәулет өнері дамуының жаңа кезеңінің басталатынын айқындайтын маңызды да сапалы өзгерістер қалыптасты. Бұл кезең ХІҮ ғасырдың соңы мен ХҮ ғасырды қамтиды. ХІҮ ғасырдың соңынан Мәуераннахр шығармашылық ойлардың орталығына айнала бастайды. Осыған байланысты сәулет өнерінде жаңа стилдер пайда болады. Сол кезде өмір сүрген Ибн-Арабшах Әмір Темірдің сәулет сарайларына сипаттама берген кезде «олар жаңа тұрпатта салынған» деп жазады [2, 8 бет].

Сол заманға жататын түпнұсқалар Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің тұтастығы, оның қоғамдық көзқарасының негізін көрсетеді.

Қалалық сәулет өнері Әмір Темір дәуірінде гүлденгені туралы Кастилия мен Лион патшасының елшісі Клавихо былай деп жазады: «Әмір Темір және оның ұрпақтары қалыптастырған дүние экономикалық өркендеуді ынталандырудың негізі болып табылады. Осыған байланысты Иран мен Орта Азияда сансыз ғимараттардың салынуы сәулетшілерді шабыттандыра түсті. Аруақ қонған жерлер ерекше көңілге алынды: бар ғимараттар қайта жаңғыртылды және әшекейлендірілді, көптеген жаңа кесенелер салынды» [1, 4 бет].

Әмір Темірдің көркем мұрасы Орта Азия өнер тарихының жарқын беті деп айтуға әбден болады.

1379 жылдан бастап Әмір Темір Хорезм, Тебриз, Шираз, Индия және Сирия аймақтарының сәулетшілерін өз мемлекетіне жинады. Осы сәулетшілер Әмір Темірдің бастауымен көрнектілігі жағынан ерекше орын алатын жаңа тұрпатын қалыптастырды.

Бұл тұстағы сәулет өнерінің туындыларының ішінде Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі ерекше орын алады. Аталмыш ғимарат Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің алғашқы туындыларының біріне жататыны белгілі. Сонымен қатар, осы ғимаратты салу барысында қолданған тәсілдер кейінен Әмір Темір мемлекетінің астанасы Самарқандыда көп қолданылғаны мәлім.

Түркістан қаласына жақындаған кезде ең бірінші болып көрінетін Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Биіктігі жағынан оған тең келетін сол заманғы ғимараттар өте аз болып табылады. Осы қасиет оның негізгі бір ерекшелігіне жататынын атап өту қажет.

Әмір Темір дәуірінің сәулет өнері Ақсақ Темір мемлекетінің ой-санасы дамуын көрсететін бірден-бір құрал екені анық. Осы дәуірдің сәулет өнерін зерттеу барысында салынған ғимараттардың биіктігі бірден көзге түседі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі осы пікірдің дәлелі болып табылатыны анық.

Шахриябздағы Ақ-Сарайдың маңдайында Әмір Темір мынадай ұран жаздырған: «Біздің қуатымызға, күшімізге күмән келтірсең – біздің салған ғимараттарға қара» [1, 5 бет].

Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің көзге түсер ерекшелігі оның ауқымдылығы мен салтанатты байлығы. Осы факторлар мемлекеттің қуаттылығын, күштілігін көрсетуге арналған. Осы концепцияны іске асыруда сәулет ғимараттарының кейбір бөліктері ерекше орын алады. Мысал ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің мұнаралары мен қасбетін алуға болады. Кесененің мұнаралары екі түрлі ойға келтіреді. Оның орасан биіктігі ресми діни орталығының орнын айқындап көрсетсе, екінші жағынан – ғимараттың сәнін келтіреді. Жалпы айтқанда мемлекет басшысының қуатын көрсетіп, Ислам дінінің осы жерде басшылығын айқындайды. Кесененің қасбеті де сол қызметтерді атқарып тұр.

Ғимараттың құрылымдық элементтері де маңызды ақпарат беруі тиіс еді. Күмбездің рәміздік қасиеттері туралы ойларды бірнеше ғалымдар білдірген болатын. Әмір Темір тапсырыс беруші ретінде өзі де күмбездерге көп көңіл бөлгені белгілі [2, 12 бет]. Өзінің қатысуымен ол осы тұрпаттың қалыптасуына үлкен үлесін қосты.

Орта Азиядағы Әмір Темір дәуірінің сәулет өнерінің ескерткіштерін екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа сәулет ғимараттарының тұрпатын полихромдық (түрлі-түсті) әшекейлендіру айқындайтын ғимараттар жатады. Екінші топқа керісінше, полихромдық әшекейлендіру сәулет ғимаратын «жұтып», оның негізгі құрылымдарын көрсетпейтін ғимараттар жатады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ғимараттардың бірінші тобына жатады. Бұл ғимараттың декоративтік әшекейлендірілуі кесененің сәулет құрылым-дарын анық, күшейтіп көрсететіні анық көрініп тұр. Бұл топқа және Ақ-Сарай мен Бибі Ханымның кесенесін жатқызуға болады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сәулет ескерткішінің құрылымы жағынан атап өтуді жөн көрдік. Құрылысты жүргізуді Әмір Темір өз дуанында игілікті істермен шұғылданатын Мәулен Убайдулла Садырға жүктейді [3, 8 бет]. Кесенені салу жедел қолға алынып, сол заманғы деңгейден карағанда, аса қарқынды жүргізілді. Негізгі және қосалқы бөлмелерді салу кезінде құрылысшылар қолдарындағы архитектуралық сызбалар мен ғимарат жобасына сүйеніп отырды. Архитектуралық көлемдер мен олардың бөлшектерінің асқан шеберлікпен салынғандығының себебін тек осылай ғана түсіндіруге болады. Әмір Темірдің болашақ кесене жобасын жасауға тікелей қатысып, құрылысшыларға нақты нұсқау бергендігін әр-түрлі жазба деректер де дәлелдейді.

Жобаны әзірлеу барысында олар белгілі бір модульді пайдаланды, оның жартысы да ширегі де өлшем ретінде жүре беретін. Сондай ақ, композициялық негіз етіп алынған модульдік жүйе де қолданылатын. Осы жүйе бойынша архитектуралық көлемдердің мөлшері ішкі және сыртқы тарамдардың, қуыстардың түрлері, қанаттардың ұзындығы, терезе және есік ойықтарының, арқалардың, қуыстардың, күмбездердің, сталактиттердің және тағы басқа бөлшектер өлшемдерінің тепе-теңдіктері белгіленіп отыратын. Ғимараттың жеке бөліктерінің жобадағы және кеңістіктегі өзара үйлесімділігі, негізінен алғанда, шаршы келген қабырға ұзындықтарынан тұратын бас бөлменің көлденеңіне қаншалық сәйкесуіне байланысты белгіленген.

Осы әдіс Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салу кезінде кеңінен қолданылды. Жобаны өлшеу нәтижесі кесененің 60,6 сантиметрлік тең қабырғалы модульдік – көлемдік торға дәл келіп тұрғанын көрсетті. Ал 60,6 см ортағасырлық бір кезге тең [3, 9 бет].

Қожа Ахмет Ясауи кешені – аса үлкен порталды күмбезді құрылыс. Оның ені 46,5 м., ұзындығы 65 м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені 50 м. жуық) және бірнеше күмбезі бар орталық залының төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған.

Кесене құрылысы сол маңда орналасқан XII – XIV ғасырлардың кішігірім кесенелерін біртіндеп бұзып, олардың кірпіштерін Әзірет Сұлтан кесенесінің құрылысына пайдаланудан басталды. Осылайша биіктігі 14-15 метрлік құрылыстың бірінші кезеңі 1391-1393 жж. аралығында тұрғызылып, ол екінші

қабаттың төбе жабынымен аяқталды. Бас портал – Пештақ жартысна дейін қаланып, сырты сырлы қышпен қапталуын күтіп тұрды. Алайда 1393-1399 жж. аралығында өткен екінші кезеңінде портал өзіне тиісті биіктікке дейін (60-65 м) қаланбады, бар-жоғы 41 м биіктікпен тоқтап қалды. Бұған себеп аса ауыр бұл бөлік бірден шөгіп, оның Қазандық бөлмесімен жалғасқан жері ажырап жарыла бастауы еді, сонымен бірге, портал нишасын жапқан арка да ортасынан екіге бөліне бастаған болатын [4, 33 бет]. Кесененің бұл бөлігінің (мұнаралар мен аркаға дейінгі аралық) қабырға қалыңдығы 3 метрден 5 метрге дейін барады және құрылыстың астына 2 метр тереңдікке дейін іргетас қаланған бөлігі де тек осы жерлері ғана, әйтсе де, тап осы бөлік екі жаққа қарай шөге бастап, арканың қиысқан ұшы мен артқы қабырғасы екі айырылып, жарық пайда болады. Бұл кезде (1399 ж.) ұсталардың дені Самарқандағы Бибі Ханым мешітінің құрылысына алып кетілген болатын, Түркістанда негізінен кесенені сырлы қышпен қаптау жұмыстары жүріп жатты. Пештақтың биіктігі 65 метрге дейін көтерілмегендіктен Қазандық бөлмесінің екінші күмбезі де қаланбай қалды, бірақ күмбездің бірінші қабатының сырты көгілдір түсті бояулы қышпен қапталды. Егер екінші күмбез қаланғанда біріншісі сегіз бұрышты мойынның үстінен қонатын биік барабанның (Қабірхананыкі сияқты) ішінде қалып, оны сырлы қышпен қаптаудың қажеті болмай қалатын еді [4, 33 бет].

1591 ж. Бұхара ханы II Абдолла Түркістанға келген кезде Пештақтың артқы қабырғасының жоғарғы жағы әлдеқашан құлап түскен болатын. Тарихта «Құрылысшы Абдолла» деген атпен белгілі бұл хан пештақтың артын қайта қалатып, артқы қабырғасына «Абдолла хан нишасы» деп аталып кеткен бес бұрышты ойықты да қайта қалатады [4, 34 бет]. Бұл жерде бұрын да бір нишаның болғандығын оның төбесінде 1 метрдей жерден өткен басқа бір арканың ізі байқатады.

Жалпы тұрқы симметриялы, жеке бөлшектері — ассиметриялы болып келетін бұл зәулім ғимарат 8 түрлі бөлмелер тобынан тұрады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі күрделі инженерлік құрылыс болып табылады. 2 және 3 деңгейде орналасқан бірнеше үлкен бөлмелерден тұратын күрделі құрылыс жауапты контрукторлық шешімді табуға түрткі болды. Кесене мұнаралары тереңдігі 3 м дейін сазды коспадағы бұт тастардың үстінен қаланған. Ғимараттың ірге тасының қызметін тереңдігі 1,5 метрге дейін баратын бірнеше қатпарлы құм мен саз балшықтан жасалған құймалар атқарады. Екінші жағынан, бұл құймалар ғимарат қабырғаларының гидро-изоляциясының қызметін де атқарады. Ғимараттың негізгі бөліктерінің қабырғалары (портал, жамағатхана) саз балшықтан тұрғызылған іргетасқа отырғызылған. Ескерткіштің төменгі бөлігінің астында – тереңдігі 2,5 м дейінгі саз құйылма табанынан бір метрге дейін сазды коспадан қаланған қыш.

Ғалымдар тарихи құжаттарды, аңыз әңгімелерге байланысты, Түркістан төңірегіндегі радиусы – 40-75 шақырым болып келетін елді мекендердегі көптеген балшық түрлеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде ескерткіштің керамикалық кірпіштерінің химиялық құрамына ең жақын және сәйкес келетін балшық, Түркістан қаласынан 35 шақырым жерде орналасқан қазіргі темір жол бойындағы Сауран станциясындағы көне Сауран қорғаны маңынан алынған топырақ екендігі анықталды. Дәл сол жер әсіресе аңыз әңгімелерде көп айтылатын. Белгілі тарихшы М. Е. Массон былай деп жазды: «Аңыз әңгімеге байланысты кесененің құрылысы және өрнекті кірпіштері Сауранда дайындалып, Ясыдағы құрылыс орнына дейін құрылысшылар қолма-қол жеткізілген». Күйдірілген Сауран балшығының химиялық талдануы мынандай қатынасты көрсетті: кремний – 61 %, қалайы тотығы – 14 %, кальций мен магний – 15 %, темір тотығы – 5 %, калий мен натрий – 4,5 %. Бұл көрсеткіш кесене кірпіштеріне жүргізілген химиялық талдауымен сәйкес келеді [6, 77 бет].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі кірпіштерде жарылған іздер жоқ. Бұл кірпіш балшығының аса ыждағаттылықпен дайындалғандығын көрсетеді. Балшық құрамына қосылған шөпшектер, жылқы қылы, жүн – арматураның қызметін атқарып кірпіштің жарылуына жол бермеді. Кептірілген кірпіштер арнайы қолдан жасалған ошықтарда күйдірілді. Сыртқы кейіпі үстінде тесігі бар аударылған қазан тұрпатында болды. Ошаққа бізге беймәлім арнайы отын пайдаланған. Аңызға сүйенсек 1000-1100 ° дейін ыстық беретін тамырлы шөп туралы айтылады. Тағы бір аңызда бұл шөп емес Түркістан маңында сол кезде өскен ағаш деген болжам бар. Керекті жоғары темпиратураны алу үшін жел үрлеп отыратын арнайы жасалған ошақтар болған. Ауызша жеткен мәліметтерге сүйенсек кірпіштерді ойпаттау жерге жинап, үстіне отып үйіп бірнеше күн жағып күйдірген. Кірпіштерді күйдіргенде оған қосылған шөпшектер, жылқы қылы, жүн отқа күйіп, кірпіш ішінде қуыстар пайда болады. Бұл қуыстар кірпіш салмағын жеңілдетіп төзімділігін арттыра түседі. Суған кірпіштерді құрылыс алаңына жіберілген. Керек кезінде бұл кірпіштен қаптайтын бөлшектер араланып жасалды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі - әр-түрлі қызмет атқаратын бөлмелерден тұратын күрделі құрылыс нысаны: Жамағатхана, Қабірхана, Үлкен және Кіші Ақсарай, Кітапхана, Асхана, Құдықхана және бірнеше худжралар. Кесененің бөлмелері мен бөліктері дәліздер және баспалдақтармен бір-бірімен байланыстырылған.

Архитектуралық-құрылыс жоба композициясын байланыстырып тұрған кесененің орталық бөлмесі – жамағатхана.

Ол порталы оңтүстік-шығысқа, ал бүйір беттері тиісінше оңтүстік-батыс пен солтүстік-шығысқа қарайтын етіп салынған. Келген адам орталық залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді. Қазандық Қазақстан мен Орта Азиядағы кірпіштен өрген күмбездердің ішіндегі ең үлкені - диаметрі 18,3 метрлік күмбезбен көмкерілген.

Сәулет өнері жағынан қарағанда Жамағатхана бөлмесімен маңызы бірдей болып табылатын бөлме Қожа Ахмет Ясауи жерленген Қабірхана бөлмесі. Бұл бөлменің аты жазуларда әртүрлі аталады. Солтүстік қасбеті жағында орналасқан софитте оны «муркат», яғни мола деп атаған. Ал Қабірханаға кіреберістің жоғары жағында «бұл қасиетті қабірді «раудатты» (шерифтердің бауы) Әмір Темір Гурган тұрғызуға бұйрық берді» деп жазылған. «Раудат» ұғымын «Қабір» деп аударуға негізделген, бірақ дәл аудармасы «бау» деген мағына береді. Қожа Ахмет Ясауидің замандасы Абд ал-Қадыр Гилянидің түсініктемелерінде бұл ұғымды пайдаланудың мағынасы «адамдарға тозақтың есігін жауып жұмаққа жол ашу» деп береді [5, 10 бет]. Яғни, әулиенің жатқан бөлмесін жұмақтың бауы ретінде қарастырады. Осыған байланысты бұл бөлменің архитектуралық құрылымы да осыған тығыз байланысты болып келеді. Бөлменің ортасында Қожа Ахметтің құлпы тасы орналасқан үш деңгейлі подиум салынған. Бұл подиум серпентинит тасынан жасалған қаптамалармен әшекейленген.

Қазандықтан өзге бөлмелерге қарай қос қатарлы сегіз дәліз тарайды. Бұл дәліздер ғимаратты сегіз дара блокқа бөледі. Әр блокта архитектурасы да, пайдаланатын мақсаты да әр қилы бөлмелер бар. Оңтүстік-батыс блокта мешіт орналасқан.

Кесененің мешіті аса бір тамаша архитектуралық құрылыс. Ол мойындығында он алты терезесі бар, шағындау қос қабат күмбезді сопақшалау келген бөлме. Оған жамағатхана бөлмесінен Жолбарыс хан дәлізі арқылы өтуге болады. Мешіт қабырғалары жыланкөз өю-өрнектерімен әшекейленген және сонымен бірге алты қырлы көгілдір тақтайшалар жапсырылған. Зиярат етіп келген халықтың құлшылық ғибадатын атқаруға арналған – Мешіт (қабырғалары 9,3x10,7 м) ерекше нақышпен көркемделген, тамаша архитектуралық құрылыс. Оның биіктігі –11,5 м, тереңдігі 2 метрлік аркалық ойықтары, екі үлкен терезесі бар.

Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қағбаға қаратылып 3,5 x 2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Михраб мешітке ерекше көрік беріп тұр. Оның беті мозаикамен және өсімдік суреті бедерленген майолика тақтайшаларымен әшекейленген.

Михраб — жебе ұшты арқасы бар ойық. Бұл ойық көгілдір түсті мозаикамен көркемделген, тік бұрышты сәндік белдеумен қоршалған, оған ақ әріптермен Құран сөздері жазылған. Әр жерден әсемдік үшін жалатылған алтынның сілемі көзге шалынады.

Қабірхана мен мешіт арасында зияратхана деп аталатын дәліз орналасқан. Мұнда зиярат жасауға келгендердің басым бөлігі әулие жатқан орынды көруге мүмкіншілік алады. Зияратхана мен Ахмет Ясауи бейіті жатқан Қабірхана арасын есік ойығына қойылған ағаш тор ғана бөліп тұр. Бұған ұқсас дәліз Қабірхананың шығысында да бар. Екі бөлме төбесі де Орта Азияның ортағасырлық ескерткіштерінде өте сирек кездесетін крест үлгісіндегі жабумен өрілген. Л.Ю. Маньковскаяның пікірінше, «осы шатырлар ғимарат құрылысының ойлап тапқандарының ең озығы және ол басқаларға ұқсамайтындығымен ерекшеленеді» [2, 14 бет].

Кітапхана бөлмесі оңтүстік қабырғасындағы терезе және күмбездің төбесіндегі тесігі арқылы жарықтырылған. Мұнда бұрын көне жазбалардың, ескі басылымдардың кітапханасы орналасқан. Шығармалар көшірілетін, іс-қағаздарды тіркейтін орын болған. Осында XIV – XIX ғғ. Түркістан тарихына байланысты құжаттар әр түрлі ақпараттар мен қолхаттар сақталған. Бізге көне кітаптардан XII ғ. Құраны, XV ғ. алгебрасы, математикасы, шығыс авторларының көптеген шығармалары, оның ішінде Ахмет Ясауидің «Хикметі» жеткен, алайда олар 1954 жылы Қазақстан Ғылым Академиясы мен Ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалар қорына тапсырылған.

Ғимараттың солтүстік-батыс бөлігінде үлкен Ақсарай және оған қарама – қарсыда Кіші Ақсарай орналасқан. Бөлмелердің осылай аталуы олардың түсіне емес, XVI - XVIII ғасырларда Түркістанда қазақтың Ұлы жүз бен Орта жүз хандарының ордалары орнығып, аталған бөлмелердің түрлі салтанаттар үшін пайдаланылуымен байланысты болғанын Т.К. Басенов көрсетті. Үлкен және

Кіші Ақсарай залдарының жоғарғы қабаттарында жүріп тұруға болатын өтпелі дәліздер галерея жасалған.

Асхана - Халимканада дүйсенбі мен жұма күндері кедей-кепшік пен дәруіштерге тегін үлестірілетін тағам — халим әзірленетін болған.

Ғимараттың оңтүстік шығыс бөлігінде биіктігі 16 м, қабырғалары 5,3 м күмбезді бөлме – Құдықхана орналасқан. Оны қабырғаларындағы терең ойықтардың есесінен бөлме кенейіп, ұзарып көрінеді. Оңтүстік ойыққа жақын ортада құдық орналасқан. Құдықтың суын ас дайындауға және Тайқазанды суға толтыру үшін пайдаланған. Кесене әлеуметтің сан-салалы құлшылық, ғибадат, қоғамдық, рухани-ағарту мұқтажықтарын өтеуге байланысты жиналатын орны болғандықтан ол жерде құдықтың болуы нақтылы қажеттілік. Сонымен қатар, адамның рухани сусынын қандыратын ілімнің ордасында халықтың рухына медет, тәніне шипа болатын кәусәр судың бастауы құдықтың орын алуы да оның символдық мәнінің терең екенін көрсетеді. Әмір Темірдің уакуфтық қолхатында су тасушылардың арнайы қызметі анықталып, міндеті белгіленген.

Қорыта келгенде кесененің құрылыс ерекшеліктері : Іргетасы балшық пен тастан құйылған Ахмет Ясауи комплексі ХІҮғ. құрылыс инженерлерінің сөзсіз озық шешімі болып табылады. Пропорциялық қатынастардың бірлігі, құрылыс тәжірибелері ортағасырлық шеберлердің сәулет өнерінің күрделі теорияларын меңгергендігін көрсетеді.

В научной литературе уже достаточно давно утвердилось мнение о происхождении полихромных изделий в эпоху Великого переселения народов, а их появление в Западной Европе связывают с приходом гуннов, повлекших за собой самые разные по своей культуре и этнической принадлежности народы. Полихромия, как художественная особенность декоративного оформления украшений, по мнению М. И. Ростовцева, является основной характеристикой сарматского звериного стиля. Характерным моментом, по его мнению, является использование в декоре цветных вставок стекла и поделочных камней. Наблюдения М. И. Ростовцева легли в основу дальнейших исследований по искусству кочевых племен и позволили выделить отдельное художественное направление, которое получило название сарматский полихромный звериный стиль [1, с.130].

Для выделения полихромного звериного стиля среди археологических находок на территории Казахстана большое значение сыграли исследования С. С. Черникова. В начале 60-х годов прошлого века он раскопал в Восточном Казахстане могильник Чиликты, где в кургане № 5 была найдена группа предметов ювелирного искусства выполненных в полихромном стиле. Оформление украшений, выполненных в зверином стиле из могильника Чиликты, послужили основанием для внесения определенных корректив в уже сложившуюся к тому времени трактовку этнокультурной принадлежности полихромного стиля и предположить возможность его возникновения уже в скифскую эпоху. В частности, Л. Я. Маловицкая в своей работе, посвященной развитию искусства сарматского звериного стиля, высказала предположение, что «сарматский звериный стиль развивался параллельно скифскому» [2, с.112].

Гипотезу о происхождении основных элементов скифского звериного стиля, в том числе и полихромного стиля, от искусства Передней Азии и греческой цивилизации отстаивали в свое время такие известные специалисты, как М. И. Ростовцев, А. М. Тальгрэн, Б. В. Фармаковский [1, с.131]. Материалы могильника Чиликты позволили С. С. Черникову пересмотреть, казалось бы, прочно утвердившуюся в научных кругах гипотезу. Не отрицая художественного влияния Передней Азии и Древней Греции, он высказал сомнение в том, что степные кочевники могли полностью воспринять чуждые им образы древневосточной мифологии. По его мнению, жители евразийских степей в первую очередь могли заимствовать только то, что им было близко и понятно, что могло найти свое место в мифологической картине, описывающей окружающий их мир [3, с.121].

Как известно, в VIII-VII вв. до н. э. скифы совершили ряд походов в страны Передней Азии, находившихся на более высоком уровне развития. Опираясь на данный исторический факт С. С. Черников считал возможным допустить, что многие образы животных и орнаментальные мотивы были заимствованы кочевниками именно во время переднеазиатских походов, а сложение скифского звериного стиля произошло уже после их завершения [3, с. 111].

Мы вправе предположить, что полихромный стиль намного быстрее мог сформироваться и ярче себя проявить в местах с наиболее благоприятными условиями для ремесленного творчества. Подобные места должны включать в себя необходимую сырьевую базу (источники золота, меди и олова, драгоценных и полудрагоценных камней) и производственную базу с наличием мастеров-ювелиров, имеющих навыки и опыт, необходимые для тонкой высокохудожественной работы. Естественно, что этим условиям могли отвечать лишь отдельные районы на огромной территории степной полосы Евразии. Так С. С. Черников считал, что они должны быть связаны с крупными металлургическими центрами, такими, например, как Северо-Кавказский и Восточно-Казахстанский. Также он подчеркивал, что начиная с глубокой древности самые продуктивные центры по добыче золота, находились на территории Кокшетауской области (Степняк) [3, с.138].

Гипотезы С. С. Черникова, нашли косвенное подтверждение в открытии в Центральном Казахстане царских курганов тасмолинской культуры с предметами, выполненными в полихромном стиле, а также курганов Чиликты (Шиликты) в Восточном Казахстане, раскопанных в последние годы А. З. Бейсеновым.

В казахстанской археологической литературе А.Н. Бернштам и М.К. Кадырбаев, С.С. Черников, публикуя находки из Центрального и Восточного Казахстана, предполагали существование местного, казахстанского очага ювелирного искусства. Так М. К. Кадырбаев склонен считать, что происхождение полихромного стиля связано с широким кругом кочевых племен юга России, Средней Азии и Казахстана. Общность этих племен и он объясняет схожей хозяйственной базой, конкретными историческими взаимосвязями и взаимовлиянием между населением этих территории, уходящих к рубежу нашей эры, а возможно и глубже [4, с.193]. С ним во много солидарен и С. С. Черников, отметивший, что нельзя объяснить появление и распространение художественного ювелирного стиля только экспортом изделий на огромные расстояния. В этом не было никакой необходимости, поскольку золото, цветные камни, бронза, серебро имелись в большом количестве на местах. Местными были, очевидно, и мастера [3, с.139].

В то же время, картографирование памятников с изделиями полихромного стиля показывает, что они располагаются на северных ответвлениях великого «шелкового пути». Это позволяет маркировать пути проникновения художественных изделий подобного типа из ремесленных центров Средней и Передней Азии в степную зону [5, с.16].

В I тыс. до н. э. для кочевников Казахстана определяющее значение имели контакты с оседло-земледельческими центрами Средней Азии: Хорезмом, Согдом, Бактрией. В обмен на продукцию земледелия и ремесла, сакские племена поставляли в оазисы продукты животноводства [6, с.86]. Особо стоит подчеркнуть, что археологические находки с территории Казахстана по всем своим художественным, типологическим и технологическим характеристикам сравнимы с предметами Сибирской коллекции, Телля-тепе и Амударинского клада, происхождение которых связано с ювелирными центрами Средней Азии.

Существует обоснованное мнение, что большинство золотых вещей Сибирской коллекции происходит из курганов, раскопанных русскими поселенцами в степной и лесостепной полосе Сибири между реками Иртыш и Обь. В настоящее время это восточная часть Казахстана и Кулундинская степь Алтайского края. Л. С. Клейн, исходя из анализа предметов ювелирного искусства, предлагает более точную локализацию. Районом кладоискательства он считает Поиртышье и Поишимье, то есть местом сбора Сибирской коллекции является территория Северного Казахстана [7, с.229]. Поэтому можно утверждать, что часть предметов, которые входят состав Сибирской коллекции, происходят с территории Казахстана.

К числу наиболее ярких изделий раннего железного века, выполненных, в полихромном стиле относятся находки из кургана Байгетобе [8]. К характерным особенностям художественного стиля относится дополнение общей композиции фигурными (каплевидными и круглыми) бирюзовыми вставками, которые акцентируют определенные части тела животного (уши, ноздри, пасть/клюв, копыта, лапу) (рис. 1, 1-3). Похожие изделия, столь же насыщенные вставками, но выполненные из светло-сиреневой эмали, происходят из кургана Аржан-2 (рис. 2) [9, с.150]. В этой же стилистической манере выполнена инкрустированная бирюзой композиция с изображением грифонов из курганов 2-й половины VII в. до н. э. шиликтинского «Золотого» кургана (рис. 1, 3-4) [3, с.30] и Жалаулинского клада (рис. 1, 5).

Сходства, выявляемые в рассмотренных изобразительных памятниках с обширной территории Сарыарка- Восточный Казахстан – Тыва и Жетысу, свидетельствует о том, что обитатели этого степного

и горно-долинного пространства не только образовали в раннесакское время единый культурный массив [10, с.80], но и были связаны с одним из центров производства художественных изделий.

Анализ научной литературы и наиболее ярких образцов полихромных изделий показывает, что в настоящее время однозначного решения проблемы определения центра (центров?) производства предметов полихромного стиля пока еще нет. Очевидно, что в создании ювелирных изделий данного художественного направления принимали участие разные народы, так же как и изготовлялись они в разных мастерских. Нельзя не признать возможное существование центра по производству ювелирных украшений в полихромном стиле на территории Казахстана, но вопрос о его локализации остается открытым. Несомненно одно: древние кочевники Казахстана владели ювелирным мастерством и способами добычи сырья для изготовления украшений в полихромном стиле, о чем свидетельствуют стилистические и технологические особенности отдельных групп вещей, отражающие культурные традиции древнего производства.

1. Мордвинова В. И. Полихромный звериный стиль. – Симферополь: Универсум, 2003. – 216 с.
2. Маловицкая Л. Я. Сарматский звериный стиль.: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Л., 1967.–11 с.
3. Черников С. С. Загадка Золотого кургана. – М.: Наука, 1965. – 190 с.
4. Кадырбаев К. М. Памятники ранних кочевников Центрального Казахстана // Тр. ИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1959. – Т. 7. –С. 162-203.
5. Любчанский И. Э. Материальная культура номадов Южного Зауралья во II - начале VI века н.э.: полихромные изделия // Вестник Челябинского государственного университета. 2009. –№ 41 (179). –С. 11-18.
6. Сдыков М. Н., Гуцалов С. Ю., Бисембаев А. А. Сокровища скифов Западного Казахстана. – Уральск, 2003. –121 с.
7. Клейн Л. С. Сарматский тарандр и вопрос о происхождении сарматов // Скифо-сибирский звериный стиль в искусстве народов Евразии. –М.: 1976. – с. 228-234.
8. Толеубаев А. Т. Характеристика золотых изделий из второго Чиликтинского могильника // Историческая роль Александра Гумбольдта и его экспедиций в развитии мировой, региональной и национальной науки: Мат-лы II междунар. конф. Humboldt-Kolleg, организованной Клубом А. Гумбольдта в Казахстане. – Алматы, 2004. – С. 161–164.
9. Полидович Ю. Б. Предметы торевтики из кургана Байгетобе (Восточный Казах-стан): на стыке восточных и западных традиций // Торевтика в древних и средневековых культурах Евразии. – Барнаул, 2010. – С. 148- 151.
10. Бейсенов А. З., Джумабаева Г.С., Базарбаева Г.А. Искусство саков Сарыарки. – Алматы: Бегазы- Тасмола, 2015. –168 с.



Рис. 1. Украшения, выполненные в полихромном стиле:
1-3- курган Байгетобе. Восточный Казахстан. VII век до н.э.; 4-5- Чиликты, курган №5. Восточный Казахстан. VII-VI век до н.э.; 6- Жалаулинский клад. Алматинская область. VII-VI вв. до н.э.



Рис. 2. Украшение головного убора из кургана Аржан- 2

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен халықтың сана-сезімі жаңа деңгейге өтіп, Отан тарихының бұрын жазылған беттерін қайта қарастырып, бүгінгі заман талабына сай ақиқатты зерттеуге жол ашылды. Қазіргі кезде Қазақстан бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде, жарқын болашаққа бет алған уақытта, өзінің төл тарихын қастерлеп те ардақтап еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде басты құрал ретінде сақтап қалу керек.

Осындай ақиқатты, әрі заман талабына сай зерттеуді талап ететін кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси-әкімшілік және мәдени-ағарту орталығына айналған Солтүстік Қазақстан қалаларының даму тарихы. Қазіргі таңда осыншама ұлаңғайыр Еуразия даласын мекендеген жергілікті тайпаларда көшпелі өмір салты мен қатар тұрақты қалалық мекендердің болғанын көптеген археологиялық ескерткіштердің мысалында барша әлемге дәлелденіп отыр. Бұл орайда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан жерінің байырғы кезеңінде де, қазақ ұлтының төл этногенезі төбе көрсете бастағаннан бергі кезеңінде де қалалық жүйесі дамыған елді-мекендердің болуы біржақты байлам жасауды көтермейді. Оның үстіне, тұтас алқаптарды қамтыған отырықшылықтың сан ғасырлық дәстүрі бар екені белгілі» деп жазады [1, 146.].

Тарих дегеніміз тек өткеніміз ғана емес, ол «біздің қазіргі таңдағы өткеніміз бен болашағымыз» [2, 338 б.]. Нақыл сөздің ұстасы халқымыз «кешегісіз бүгінгі жоқ, бүгінгісіз ертеңгі жоқ» демекші әрбір саналы азамат, алдымен өзінің туған жерінің төл тарихын жақсы білуі қажет. Өйткені бұл білімсіз толық, саналы азамат болмайды, тек осы білім ғана, қарапайым адам бойында азаматтық қасиеттерді тәрбиелейді, қалыптастырады [3, 5 б.].

Кез келген өркениетті кемелденген мемлекет өз тарихын қастерлейді, оны ұрпақтардың санасына енгізуге жағдай жасайды, өйткені тарих халықтың мыңжылдап жинаған тәжірибесі, баға жетпес асыл қазынасы. Сондықтан Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу кезеңінде оның жаңа талапқа сай тарихы болуы шарт, алайда халқымыздың өткен тарихы Ресейдің империкалық тарихнамасының ықпалымен, кейін коммунистік идеологияның қағидаларына сәйкес өңі өзгеріп, мүлдем теріс бағаланып келеді. Қазір еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап отандық тарихшылар еліміздің өткен тарихын ұлттық көзқарас тұрғысынан зерделеп, ақтаңдақтар орнын толтыруда.

Алғашында патша үкіметінің Қазақстан жеріндегі әскери бекіністер ретінде салынған Солтүстік Қазақстан өңірлеріндегі қалалар уақыт өте келе, өлкеге метрополиядан капиталдың енгізілуі нәтижесінде және жергілікті өнеркәсіп орындарының дамуы арқасында, тек солтүстік өлкеде ғана емес, сонымен қатар бүкіл Қазақстан деңгейінде маңызды саяси-әкімшілік орталықтарға айналды. Әрқашанда қоғам дамуының нәтижесі мен көрсеткіші болған қалалардың пайда болу үдерісі әлемдік тәжірибеде біркелкі жүрген жоқ. Мысалы, Еуропа қалалары шаруалар мен қолөнершілердің сауда-саттық мақсатында шонжарлар бекіністерінің жанына қоныстануы нәтижесінде пайда болды. Ал Қазақстанның оңтүстік қалаларының көпшілігі көне сауда жолдарында тарихи сахнаға шықса, солтүстік Қазақстан қалалары патша әскерінің құрлықтың отарлауы үшін әскери тірек бекіністер ретінде салынды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бүкіл Қазақстан аумағында маңызды саяси-әкімшілік орталықтарға айналған солтүстік қалалар тарихын сараптап зерттеу, қазіргі кезде Президенттің қалаладың сапалы өсуін жедел қарқынмен жүргізу саясатына байланысты кезек күттірмес мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстанның солтүстік қалаларының пайда болуының тарихи алғышарттары Қазақ хандығының Ресей бодандығын мойындаған кезінде қалыптаса батады деп айтуға болады. Алғашында әскери – саяси қамқоршылықты көрсетуге міндеттенген Ресей үкіметі кейін, Қазақстанға қатысты отарлық саясаттың негіздерін қолданды. Империялық саясатты көздеген Ресей үкіметі Қазақстан жерін Орта Азияға тереңдеп өтудің қақпасы ретінде қарастырды, сондықтан қазақ жерін жоңғарлардан қорғаймыз деген желеумен отаршылдар жергілікті өлкеде әскери бекіністер, форпосттар, редуттар, маяктар тұрғыза бастады [4, 16 б.].

Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі негізінен негативті келеңсіз құбылыстарға толы болғанымен, онда қазақ ұлттық сауда және өнеркәсіп буржуазиясының қалыптасу үрдістері сияқты өзіндік оң жетістіктерді байқауға болады [3, 28 б.]. Ал Қазақстанның солтүстік қалалары тек осы қазақ қоғамында пайда болған жаңа әлеуметтік категориялардың шоғырланған жері ғана емес, ол сонымен қатар бүкіл өлкенің капиталистік қатынастарымен шармалап экономикалық дамуының негізгі

көрсеткіші қызметін атқарды. Қазақстанның солтүстік қалалары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ақмола облысының құрамына енген бес уездің әкімшілік орталығы қызметін атқарған Омбы, Петропавл, Ақмола, Көкшетау және Атбасар қалалары болды [5, 180 б.]. Ақмола облысындағы қалалардың пайда болу тарихында өзара ұқсастықтар көп кездеседі.

Мақалада көрсетілетін бес уездік қалалардың ішіндегі ең ерте пайда болғаны Омбы қаласы, 1752 жылдың 26 наурызында генерал Киндерман Сенаттың қаулысына байланысты Петропавл бекінісінің құрылысы басталды, кейін Көкшетау бекінісінің құрылыс жұмыстары басталды.

1822 жылғы «Сібір қырғыздары жөніндегі жарғыға» сай орта жүз территориясында 1832 жылдың 22 тамызында Ақмола аймақтық приказ болып жарияланады. Негізінде Ақмола қаласының негізі Есілдің оң жағасында 1827 жылдан бастап қалана бастады. Қаланың Ақмола деп аталуы Нұра өзенінің жағасында орналасқан ірі архитектуралық құрылыспен байланысты. Халықтың бірқатар бөлігі Ақмоланы Қараөткел деп те атаған [6, 235 б.]. Алғашында Ақмола үш тұрғылықты мекеннен тұрған Ақмола қаласы, Спасск зауыты және Ұлытау әскери бекетімен бірге жабылған Ақтау бекінісі [3, 336.].

1830 жылдың 30 мамырында жеке сібір корпусының генералы Вельминовтың үкімі бойынша Ақмола сыртқы аймағын ашу жұмысы Петропавл коендаты полковник Ф.И. Шубинге тапсырылды. Ол казактар мен офицерлерден құралған 2,3,4-ші Сібір жеке корпусының және 27-ші жаяу әскер дивизиясының 3-ші Сібір шептік батальонының басшысы болып тағайындалды. Сонымен қатар оған артиллериялық казак атты бригадасы бағынатын болды. Ф.И. Шубиннің Ақмоланы ашуға жасақталған 4 обер офицер, 1 унтер офицер, 21 урядник, 159 казак, 11 солдат, 1 әскери топограф, 1 фельдшер және құжаттардың рәсімдейтін 1 адам болған. Жасақ 326 жылқымен, қажетті құрылыс жабдық-сайандарымен және Петропавл дүкендерінен 2 айға жететіндей азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Шубиннің құрамында А.Лобанов, Г. Чириков, В.Ваганов және жергілікті тұрғындардың тілін, әдет-ғұрпын жақсы білетін А.Шахметов болды. Онымен қатар Шубин экспедиция құрамына Петропавл аймағының Соколов болысының Мамлютово деген жерінің молласын Сағит Усмановты қосып алған болатын [3, 35 б.].

Полковник Шубиннің жасағы Петропавлдан 1830 жылдың 28 мамырында шықта. Жасақ аттанған сәттен бастап Қ.Құдаймендин сұлтанның ауылы орналасқан Ақмола мекеніне бағыт алды. Осы жылдың 12 маусымында Ф.И. Шубиннің жасағы Сасықкөл мекеніне келіп жетті.

1831 жылдың қарашасына дейін Ақмола аймағында 131262 тұрғына бар 3576 ауыл енді. Бұл ауылдарда 332452 жылқы, 670775 қой, 31666 түйе мен 31316 ірі қара немесе әрбір шаңырақта 58 бас ірі қара болды. Ф.И. Шубин де қарпық және алтай қазақтары жылқы малына өте бай деп көрсетеді. Шынында да сол кездегі Ақмола аймағына қарасты Сапақ және Жұман атты билерде 8000 жылқысы бар деген деректер бар, ал сол өңірдің басқа байларында шамамен 5000 жылқыдан болған.

1832 жылдың 9 қаңтарында Сібір комитетінің баяндамасымен танысқан Император I Николай Қазақстан территориясында Ақмола деп аталатын төртінші сыртқы аймақтың ашылуын мақұлдады. Кейін сыртқы аймақтың орталығы Есілдің оң жағасына көшірілді, ал Ақмола деген атау ешбір өзгеріссіз қалды [3, 35 б.].

Ақмола аймақтық приказының ашылуы салтанатты түрде жүргізілген. Шубин орта жүздің Ақмола деген мекенінің солтүстік жағында өзінің казармасының территориясында 1832 жылы 22 тамызында таңертеңгі сағат 10.00-де барлық өзіне бағынышты әскери қызметкерлер мен патша шенеуніктерін жинап, зеңбірекшілерге казак сұлтандарын қарсы алу үшін 3 рет зеңбіректен оқ атқызды. Арнайы сапқа тұрғызылған аудармашылар казак сұлтандарына «Сібір қырғыздары жөніндегі жарғының» баптарын казак тілінде оқып берді. Осы жарғыға сай казак сұлтандары өздерінің арасынан диван мен жалпы аймақта төреғалық ететін аға сұлтанды сайлау керек болды. Осындай жағдайда Ақмола сыртқы аймағының ашылуы жүргізілді.

Болыстардың саны жағынан Ақмола сыртқы аймағы казак жерінде алдыңғы қатарда болды. Бірақ олардың құрылуы нәтижесінде көптеген рулық бірлестіктер еріксіз түрде бөлініске ұшырап, өзара стихиялық түрде қарым-қатынас жасады. Көшпенділіктің дәстүрлі бағыттары бұзылып, дәстүрлі бірліктердің жойылуы патша үкіметінің казак даласында жүргізген саясаттың нәтижесі болды [7, 186.].

Ақмола облысының әскери губернаторның 1863 жылғы есебіне сай Ақмола қаласында 365 қарапайым тұрғын, 167 казак үйлері тіркелген. Бұлардан басқа 198 бекініс меншігіндегі үйлер мен 72 сауда орындары, 1 мал майын өндіретін зауыт, 2 оқ-дәріқоймасы, 2 зергерлік үй, 2 нан дүкені, 1 шарап қоймасы және 2 мектеп болған. Мектептің біреуі казактар үшін болса, екіншісі станциялық мектеп тіркелген. Ақмола қонысында православиелік шіркеу бекіністің дәл орталығында орналасты [6, 237 б.]. Мұсылман мешітінің бекіністің шетінде қалуы, оның татарлар қоныстанған ауданда орналасуымен түсіндіріледі.

Ақмолада жұмыс істеген 2 жәрменкеге қытайлық, ортаазиялық саудагерлер өздерінің керуендерін жеткізіп, жергілікті нарықтық қатынастардың дамуына өз үлестерін қосты. Осындай жағдайда үкімен 1863 жылы Ақмоланы қала дәрежесіне көтерді, ал 1868 жылы Ақмола облысының уездік қаласы деп жарияланды.

XX жылдың басында Ақмола тұрғындардың саны мен экономикалық маңызы жағынан облыстағы үшінші қала болып саналды. Қаланың табысы 1900 жылы 28000 руб. құрған. Сонымен Ақмола қаласы патшаның отарлық саясатының нәтижесінде пайда болғанына қарамастан уақыт өте өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуына маңызды рөл атқарды.

Кейінгі уақытта Ақмола қаласының қалыптасу тарихын үш кезеңге бөліп көрсетіп жатады. Бірінші қалыптасу кезеңі қазіргі Астана қаласынан бес шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Бозоқ қаласының гүлдену кезеңімен байланыстырады. Бозоқ қаласы Қыпшақ хандығының астанасы болған. Көптеген еңбектерде «Ортағасырлық Бозоқ Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады, ал оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның астанасы – Астана қаласы» екендігі айтылады. Сондықтан қазіргі таңда Астана қаласының негізі қаланған 1830 жылмен шектелмей, оның ауқымын кеңейтіп, орта ғасырдағы түркі дәуіріне дейін созады [8, 102 б.].

Екінші қалыптасу кезеңі кеңестік кезеңмен (1920-1990 жж.) байланысты айтылады. Өзінің қолайлы жағдайның арқасында Кеңес өкіметі жыдарында, Ақмола жерінде қаланы одақтың темір жол жүйесіне қосқан және көлік ағынына ілестіріп әкеткен темір жол магистральдары салынды. Бұл өз тарапынан қалада өнеркәсіптің әртүрлі салалардың дамуына әкеліп соқты. 1961 жылы Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді. Үшінші қалыптасу 1991 жылдан бастап бүгінгі таңға дейінгі аралықты қамтиды. Одақтың ыдырауы мен егемен мемлекеттілігіміздің іргесі қаланған кезеңмен байланысты. Бұл кезең Қазақстан орталығын, қазіргі Астанаға айналған Целиноградқа көшіру, Қазақстан мемлекеттілігі дамуының өзінше бір жаңа кезеңі болды. Астанаға айналғаннан кейін, қала өз тарихының үшінші дәуірін бастады [3, 40 б.].

Бүгінгі таңда Астана еліміздің тек әкімшілік орталығы болумен шектелмей, сонымен қатар ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен ұлттық қайта түлеудің де орталығына айналып отыр. Астана әртүрлі тарихи тағдыр тауқыетімен елімізге табан тіреген өзге халықтардың да мекені. Астана – біздің ортақ шаңырағымыз. Еуразия жүрегінде орналасқан Астана қаласының құрылу тарихы – жаңа тарих, тәуелсіздік тарихы, мемлекеттілік тарихы, ұлттық тарих. Ал Астана қаласының құрылысы – төл тарихымыздың жаңа беттерін құрайды.

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

2. Философия истории. Под ред. Панарина А.С. – Москва: Гардарики, 1999. – 432 б.

3. Утегенов .З. Ақмола облысының уездік қалаларының өлкенің саяси-экономикалық және мәдени дамуының рөлі (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). – Қарағанды, 2006. – 138 б.

4. Северо-Казахстанская область: страницы летописи родного края. – Алматы: Казахстан, 1993. – 392 с.

5. Абуев К.К. Кокшетау. Исторические очерки. – Кокшетау, 1997. – 300 с.

6. Красовский Н.И. Область сибирских киргизов. Ч. 3. – Спб., 1868. – 264 с.

7. Артыкбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации. – Астана: Парасат Әлемі, 2003. – 290 с.

8. Утегенов М.З. Қазақстанның Солтүстік қалаларының маңызды саяси-экономикалық орталықтарға айналу тарихынан (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)// Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. – №4. – Астана, 2004. – 306 б.

А. Садыкова

АЛТАЙ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖІКТЕЛУІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ *

Әлеуметтік-мүліктік теңсіздіктің негіздері өте ертеден қалыптасқан, сонау рулық қауымның ыдырау кезінен басталды. Осылайша, адам еңбегінің өнімділігі мен әлеуметтік қатынастардың іргетасын қалады. Археология ғылымында, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге қатысты сауалдар көп жағдайда өз жауабын заттай деректерден алады. Ең бірінші кезекте тұрмыстық заттар мен киім және әшекей заттарына басты назар аударған жөн.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстан мен Таулы Алтай көшпелі тайпаларының әлеуметтік-тұрмыстық құрылымы мен мәдениеті және өнері жайында өте құнды материалдар алынды. Жалпы алғанда, әлеуметтік стратификация өз бетінше дәстүрлі сипатқа ие болатынына көңіл бөлген дұрыс. Себебі, оның тарихи қозғалыс жағдайында оның болмысы, яғни, әр түрлі адам топтарының

теңсіздігі барлық өркениет тарихының кезеңінде сақталады [1]. Әлеуметтік құрылым түсінігінде жеке тұлғаның жағдайы мен белгілі бір адам топтары тұспалдап көрсетіледі. Қоғамның стратификациялық негізі болып теңсіздік шығады, онда түрлі топтар мен жеке тұлғалар билік пен байлыққа бірдей қолжетімді жағдайда болмайды [2, 46 б.].

Таулы Алтай мен Еуразияның ежелгі көшпелілерінде мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктің болуы, мал шаруашылығының интенсивті дамуымен байланысты болса керек, оның өзі темір мен мысты кеңінен пайдалануының маңызын арттырады. Жазбаша деректер мен археологиялық артефактілер көрсеткендей жоғарғы билік тайпа көсемінің қолында шоғырланды. Осымен бірнеше ғасыр бойы зерттеушілер номадтардың әлеуметтік стратификациясына қатысты ғылыми интерпретация жасауда. Салыстырмалы түрде ең маңыздыларына тоқталуға болады. Зерттеуші М.П. Грязновтың пікірінше әлеуметтік дәрежесіне қарай келесідей қорған топтарын ұсынуға болады: 1) кедейлер; 2) біршама ауқатты (орташа); 3) аса дәулетті топ. М.П. Грязновтың пікірімен тұспа-тұс келетін ойды археолог С.И. Руденко ұсынды. Өзінің дәрежесі бойынша үш негізгі топқа бөліп көрсетті: 1) қарапайым қатардағы көшпелілер жерлеуі; 2) ақ сүйектер қорғандары; 3) тайпа көсемдерінің жерлеулері. Сондай-ақ, «таулы-алтайлықтардың» мүліктік жіктелу деңгейінің Қарат теңіз сақтарымен салыстырғанда, біршама төмен деген тұжырым жасады [2, 20-21бб.].

Скиф-сібір әлемі қоғамының өндіріске және билікке қатысына байланысты А.И. Мартынов пен В.П. Алексеевтың топшылауы бойынша сақ-скиф қауымы өндірушілік пен күш жағынан ара-қатынасында бес қоғамдық-құрылымдық санатқа:

1. Қоғамның негізін материалдық құндылықтарды өндіруші негізгі жұмыс күші қатардағы қарапайым халық.
2. Қоғамдағы жоғарғы орынды иемденуші ру, тайпа басы ақсүйектері.
3. Ақсүйектермен қатар тұрған, олардың негізгі тірегі - әскерилер.
4. Жоғары кәсіби деңгейдегі қолөнершілер
5. Аз мөлшердегі болса да кездесетін – құлдар. [3, 122-123 бб.]. Сонымен бірге, құлдары бірге жерленген Мажалық-Ховузу 1 және 11 сияқты ескерткіштер де бар [4, 45-48]. Осыған ұқсас құлдарымен жерленген жерлеу ескерткіштері Ә.М. Оразбаевтың археологиялық зерттеулерінде де кездеседі [5, 9-70 бб.].

Көшпелілердің әлеуметтік стратификациясын жерлеу заттары мен түрлі артефактілер де айқындай түседі. Оған археологиялық қазба жұмыстарының заттай деректері дәлел болады. Айтар болсақ, Таулы Алтайдың Қарақол қорғанындағы зерттеу жұмыстары мысал бола алады. Аталмыш жерлеу орнында өте қызық бұйым табылды, оның материалына қарап жерленген адамның әлеуметтік дәрежесі біршама жоғары болғанын көруге болады. Сонымен қатар № 5 қорғанда ақсүйек әйел адам жерленген. Бұл жерден жапырақшалы алтынан ойылған бас киімнің әшекей заттары, алтын тарақ, темір пышақ табылды. Башадар -2 қорғанынан Алтай көшпелілерінің жерлеу салтына тән он төрт жылқының сүйек қалдықтары табылды. Сондықтан да жоғары дәрежеге ие болған адамдарды жерлейтін негізгі аймақ болып Орталық Алтай болып табылады [6, 11-15 бб.].

Жерлеу түрі мен жерлеу бұйымдарының заттары бойынша Алтай ескерткіштеріне ұқсас – Берел, Бесшатыр, Шілікті және Есік ескерткіштері болып табылады. Осындай тамаша ескерткіштердің барлығы белгілі бір санаттағы адамдарға арналып салынған, нақытрақ айтсақ, ақсүйектер тобына кірген тұлғалар. Өз кезегінде бұл сақ-скифтердегі әлеуметтік теңсіздіктің белгісі болды. Қазақстан аумағындағы осы қорғандарды тұрғызуға жұмсалған уақыт пен жұмыс күшінің еңбек шығыны анықталған болатын [7, 80 б.]. Өзінің жасалу пішіні мен құрылымына байланысты олар «патшалық» деп аталды. Себебі, дәл осы қабірханаларда патшалар немесе тайпа көсемдері жерленген болатын. Оларды ақсүйек әулетінің өкілдеріне тиісті барлық сый-сыяпатпен жерлеген. Оның өзі көшпелілердің жерлеу ғұрпының өзіндік ерекшелігі болып саналды. Өз зерттеулерінде археолог С.С. Черников сақтарда өлікті жөнелту рәсімі біршама ауқатты, мол өткізілетініне ерекше назар аударды, ол жерде ең бастысы қайтыс болған адамның тірі кезінде билік күшіне ие болған адам ретінде қошемет көрсеткен [8, 98 б.]. Зерттеуші сонымен қатар скифтердің бай жерлеу заттарына алтын сақиналар, сырғалар, інжу алқалар, қойдың басы бейнеленген күміс ритонның, алтын ыдыстар, қола қапсырманың сынықтарын және әйгілі алтын пекторалдарды жатқызған [8, 118-119 бб.]. Дегенмен, күрделі құрылысы бар қорғандарды тұрғызу барлық уақытта мүмкін болмаған. Себебі, оның өзі көшпелі қоғамның материалдық және әлеуметтік жағдайына тәуелді болып келді. Танымал зерттеуші, археолог В.В. Радлов өзінің «Из Сибири» еңбегінде Алтайлық тайпалардағы саяси ахуалдың төмендеуіне байланысты олардың байлықтары кеміп, жұмыс күші қысқарған. Міне сондықтан да қысқа уақыт ішінде олар өздерінің өлген адамдарына

алып ескерткіштер орнатуға жағдайсыз болды [9, 478 б.]. Осыған ұқсас ғылыми пікірді М.П. Грязнов ұсынды, яғни ол да скифтерде құрбандыққа шалынған жылқы әбзелдерінің бай болғанын, өзге бір тылсым қасиеттен жаралған ең күшті жылқылардың бірге жерленгенін және ондай аттың жергілікті тұрғындардың табынында болмағанын, тамаша ат әбзелдерімен, он тайпа билеушісінен қоғамда жоғары орынды иеленген тайпа көсеміне сыйға тартылған тартулары болған [10, 70 б.].

Қарапайым бақташылар жерленген туыстық обаларда қабірдің екі түрі анықталды: тас жәшіктер мен жер қабірлер. Тас жәшіктердегі жерлеулер мен жер қабірлердің түбіне салынған жәшіктерінен табылған материалдарға қарағанда сақ мәдениетінің ерте кезеңіне топтастырылса, кейде ескінің сарқыншағы ретінде соңғы кезеңге де жатқызылады (Кадырбай III обасы) [7, 102 б.].

Мүліктік теңсіздіктің нақты айғағы болып табылатын заттай деректерге ерекше мән бере отырып, солардың ішінен киім және бас киімді бөліп қарауға болады. Киімнің элементтері өлген адамның әлеуметтік дәрежесін нақтырақ анықтауға мүмкіндік береді. Алайда, киімнің көп бөлігінің нашар сақталатынын ескерген жөн. Қазіргі уақытта археологиялық костюмдерге арналған зерттеулерде оған тарихи дерек ретінде көзқарас қалыптасып, оның морфологиясы, топтастырылуы мен түріне мән берілуде. Киімнің тарихи реконструкциясы сол уақыттағы сақтар киімдерінің құрылымы туралы мағлұмат береді. Әрі қарай ол қайтыс болғандардың әлеуметтік топтастырылуы жайында түсінік қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Келесі бір ерекшелік ретінде киімді және оның құрамын, мысалы, сатып әкелінген матадан тігілген жейде қайтыс болған адамның жоғары әлеуметтік дәрежесін көрсететін дәлелді заты бола алады, оның өзі Алтай бақташыларының ортасына басқа мәдени, табиғи ортадан әкелінгенін көрсетеді [11, 114 б.]. Пазырықтықтардың сырт киімдері иерархиялық баспалдақ бойынша алып отырған орнына байланыссыз пішімі, тігілу әдістері мен өңделуінде ортақ сипатқа ие: көлденең бағытта параллель қатармен өте ұсақ сырылу әдісімен мықты болу үшін сіңірлі жіппен тігу мысал болады. Осылайша, ақ сүйектер қатарынан қайтыс болғандар бұлғынның, ақтиіннің, ақкістің терісінен тігілген киіммен жерленген, катандылық фрак (артқы етегі ұзын ерлер киімі) жібекпен қапталып, өңдеуде көптеген алтын қапсырмалар қолданылған. Қарапайым жерлеулерде қой терісі мен суырдың терісінен тігілген киімдер табылса, қымбат терілер тек өңдеуге ғана жұмсалған [12, 132 б.].

Сақ-скиф өнерінің дамуы мен жоғары дәрежеге жетуі аң стилімен тығыз байланысты болып келеді. Әсіресе, киімдерінің безендірілуі мен өрнектелуі мәселесінде катанды жамылғы-плащы мысал бола алады. Ол өте әдемі жүнді киім, жоғарғы жағы шағын ақ кіс жүнінен ойып безендіру (инкрустация) әдісі бойынша тігілген. Инкрустацияланған киімнің жүнді бөліктерінің өрнектері қызыл түсті және жасыл түсті доғалар мен алтын бұрыш түрінде дайындалып және алтынмен қапталған ағаш түймелер мен алтын жалатылған терінің сызықтарын бейнелейді.

Өмірдің қиын-қыстау кездері мен жағдайларына қарамастан Алтай мен Қазақстан сақтары баға жетпес, қайталанбас дара құрылысы бар қорғандарды салуымен көшпелі тарихта өздерінің өшпес ізін қалдырды. Оның өзі көптеген ғасырға созылған бүкіл әлем ғалымдарының ғылыми қызығушылығын туғызып бүгінгі күнге дейін сыры ашылмаған құпияның бір бөлігі болып табылады. Алтай мен Қазақстан көшпелілерінің әлеуметтік жіктелуінің негізгі көрініс элементтері келесідей болып келеді: әлеуметтік тобына қатысты қорғандар құрылысы, археологиялық деректер (жерлеу заттары, тұрмыстық заттар және киім). Кейбір жағдайда жылқылар тобымен бірге жерлеу. Дәл осы белгілерге зерттеушілер мен археология ғылымы арқа сүйейді. Мұның өзі жерленген адамдардың әлеуметтік дәрежесін анықтауға мүмкіндік бере отырып, құпияға толы ескерткіштер әлемін ашатын, алып қорғандарды зерттеуде жаңа ғылыми ашылулар мен жаңалықтарға бастар жолға әкеледі.

*Мақала 1038/ГФ4 Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу атты ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды

1. Габдуллина К., Раисов Е. Социология. – Алматы: Издательство “Нур-Пресс”, 2005 – 202 с.
2. Крадин Н.Н., Тишкин А.А., Харинский А.В. Социальная структура ранних кочевников Евразии. –Иркутск: Издательство Иркутского Государственного технического университета, 2005 – 252 с.
3. Мартынов А.И., Алексеев В.П. История и палеоантропология скифо-сибирского мира. – Кемерово: Кемеровский ГУ, 1986. – 142 с.
4. Грач А.Д. Древние кочевники в центре Азии. – М.: Наука, 1980. – 256 с.
5. Оразбаев А.М., Омаров Г.К. Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 9-71.

6. Ю.Ф. Кирюшин., Н.Ф. Степанова., А.А. Тишкин Скифская эпоха Горного Алтая часть 2. Погребально-поминальные комплексы Пазырыкской культуры. – Барнаул: Издательство Алтайского Университета, 2003 – 233 с.
7. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины р.Или. – Алма-Ата: Издательство Академии наук КазССР, 1963 – 320 с.
8. Черников С.С. Загадка золотого кургана: где и когда зародилась скифское искусство. – М.: Наука, 1965. – 188 с.
9. Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.
10. Грязнов М.П. Первый Пазырыкский курган. – Л.: Гос. Эрмитаж, 1950. – 90 с.
11. Полосьмак Н.В. Всадники Укока. – Новосибирск: ИНФОЛИО-пресс, 2001. – 336 с.
12. Искусство скифов Алтая. – Москва: Издательство Государственного Музея изобразительных искусств им. А.С. Пушкина, 1949. – 92 с.

А.Б. Кабышева

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ҮЙЛЕНГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ОРЫНДАЛАТЫН ДӘСТҮРЛЕР

Қазақ халқы салт - дәстүрге өте бай ел. Салт-дәстүрлеріміз халқымыздың мәдениеттілікке, тәрбиелілікке жете мән беретіндігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н. Шайкенов: «Ұлт дәстүрі –заңнан биік», -деген. Демек, салт-дәстүрлі ел –мықты әрі тұғыры берік ел. Қазақ халқы өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген[1, 6 - б.].

XX ғасырдың басына дейінгі қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша үйлену мәселесіне байланысты қалыңдық айттырудан бастап, келін түсіру тойына дейінгі мерзімде орындалатын толып жатқан жосын-жоралғылар бар. Соның ішінде алғашқы болып орындалатын дәстүрлердің бірі *қалыңдық айттыру* болып табылады. Қыз айттыру дәстүріне байланысты, Ы.Алтынсариннен бізге жеткен деректер бойынша: «Қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді»-деп келтіріледі[1, 6 - б.].

Әр ата-ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырады, өзінің теңін іздейді. «Анасын көріп қызын ал» деген қағиданы қатаң ұстайды. Яғни болашақ құдасын орынды жерден, жақсы кісілерден, аталы, іргелі ауылдардан қарайды.

Қамшы қалдыру –құда түсу салтында қыз көруге келген адамдардың құда болуға ниеті бар екенін білдірудің тілдік емес (бейвербалды) белгісі. Құдаларының текті аталардан болғандығын қалайтын ата-ана ұлына қалыңдық іздейді. Ұлдың әкесі ауыл ақсақалы мен азаматтарына және өзінің туған-туысқандарына жолығып, ұлына қалыңдық іздеп жүргендігі туралы ойын білдіреді. Оған жақын-жанашыр адамдар ақыл қосып, пәлен жерде бір текті кісі және оның бойжеткен қызы барын айтады. Сөйтіп, жігіт әкесі ауылдағы беделді адамдардың бірін қыз көруге әкесінің үйіне жібереді. Олар жолаушылап жүрген болып қыз әкесінің үйіне келеді.

Қыз әкесі келген қонаққа қонақжайлылық танытып, қонақасысын береді. Қызды көріп, жібі түзу екен десе, жолға аттанар алдында өзінің қамшысын кереге басына іліп қалдырып кетеді. Мұны көрген қыз әкесі келген кісілердің аты-жөнін, кімдер екенін, қандай ниетпен келгендерін білгеннен кейін оларға жауабын беруі тиіс. Егер келгендердің ниетін мақұлдаса, қалдырған қамшы қайтарылмайды, өйткені керегенің басында тұрған қамшыны байқаған келесі бір қыз көрушілер *қыздың басы бос емес* екенін біледі[2, 424 - б.].

Лайықты деген адамдарына әдейі барып балаларының болашағы туралы әңгіме қозғайды, өздерінің құда болу ниетін білдіреді. Мұны *«қыз айттыру»* дейді. Бұл жолдың да өзіндік ереже, тәртіптері бар [1, 6 - б.]. Жігіт әкесі тарапынан қыз таңдау, қыз көру аяқталғаннан кейін, айттырылатын қызға құда түсуге кіріседі. Оны қыз әкесіне *«жаушы»* жіберуден бастайды[3, 157 - б.]. Жаушының негізгі мақсаты –қыздың басы бос болса қыз әкесінің ниетін біліп, егер ол қарсы болмаса құдалыққа қай уақытта келетіндігі туралы келісіп қайту. Сондықтан жаушы ретінде әрдайым тапсырманы орындап, біреуден сөз алып, сыр тартып келуге жарайтын пысық адамды жұмсайды[3, 158 - б.].

Жаушы ауылдан аттанарда , шалбарының бір балағын етік қонышының сыртына түсіріп, екіншісін қонышқа сұғындырады. Бұл әдет қыздың әкесі құдалыққа келісіп, жаушының жолы болып қайтуы үшін жасалатын ырым. Жаушы қыз әкесінің үйіне кірісімен өзінің қандай мақсатпен келгендігін білдіру үшін төрге шыға бере көрпе салуын өтінеді.

Үй иесі жаушыға тиісті сый-құрмет көрсетеді. Жаз болса қой сойылады. Қыс болса соғымның жылы-жұмсағын салып, ас береді. Содан кейін жаушы қыз әкесіне өзінің келу мақсатын айтады.

Қыз әкесі мұндай ұсынысқа қарсы болмаса, болашақ құдасының жай-жапсарын сұрап, көкейіндегі қалыңмал мөлшерін ескертіп, құдалардың келу уақытын белгілеп, жаушыны аттандырады.

Жаушыға қыз әкесі өзінің байлығына, мырзалығына қарай түрлі сыйлықтар беретін. А. Диваевтің айтуынша, көбіне, шапан кигізетін, оны қазақ арасында «шеге шапан» деп атаған [3, 158 - б.]. Шеге шапан дәстүрі құда болуға баталасқан екі жақ келіскеннен кейін бір-біріне сый-сыяпат ұсынады. Жігіт жағы «қарғыбау» ұсынғаннан кейін қыз әкесі жаушыға «шеге шапан» жабады. Бұл уәде пісті деген сөз. «Жаушы» жіберген жақ жігіт ауылы келе жатқан өз «жаушыларының үстіндегі жаңа яғни «шеге шапанын» көріп, оларды шашу шашып қарсы алады [1, 8 - б.]. Сыйлықтың атынан-ақ оның мәнін аңғартқандай, яғни жаушы мен қыз әкесінің алдын ала жасасқан уәдесі бір нәрсеге шегеленген шегедей берік болсын дегеннің жоралғысы. Сондықтан бұның өзі синдиосмилдік магияның негізінде қалыптасқан көне әдет екені анық.

Қыз әкесінің жылы лебізін әкелген жаушы келгеннен кейін жігіт әкесінің үйіне жанашыр туыстар жиналып, құдалыққа кімдер баратыны мен аттану мерзімі белгіленеді. Бас құда болып, көбінесе, жігіт әкесінің жөн білетін сенімді туысының бірі барады. Кейде мұндай сенер адамы болмаса, жігіт әкесінің өзі бастап барады. Қалың мал мөлшеріне, құдалардың ауқаттылығына байланысты құдалар саны әрдайым үш-төрт кісіден, кейде 20-30 адамға дейін жетеді [3, 158 - б.].

Қалыңдық айттырудан басқа «қыз көру» немесе «қыз таңдау» деп аталатын салттар бар. Салт бойынша белгілі кісілердің балалары немесе өнерпаз, сал-сері жігіттер өзіне лайық қыздарды ел ішінен өздері таңдаған. «Пәлен жерде жақсы қыз бар» дегенді естіген жар таңдаған жігіттер өнерлі дос-жолдастарын ертіп қыз аулына барады. Қазақтың «қызды кім көрмейді, қымызды кім ішпейді» деген мақалы қыз іздеген жігіттерге жол ашады. Ондай жігіттерге ешкім наразылық білдірмей, тосқауыл жасамайды. Керісінше ондай жігіттерді салтанатпен қарсы алған. Ауылдың бойжеткен ер мінезді, еркін қыздары мұндайда «қыз көретін жігітті біз көрелік» деп белсене шығып, жігіттермен өнер сынасқан. Жігітке олар да сын көзбен қарап, өз ойларын ашық айтқан. Осындай жолда бір-бірін сынаған қыз жігіттер айтысқа да түскен. Осыдан кейін бір-бірін ұнатқан жастар сөз байласып, жігіт жағы құда жіберген. Бұдан байқағанымыз, жігіт пен қыз бірін-бірі ұнатқан жағдайда да құдалық жолы жасалған. Олай болса бұрын да қыз-жігіттің ұнатып, сүйіп қосылған кездері болған [4, 4 - б.].

Өлі тірі өтіп, қалыңмал біте бастағанда, жыртыс берілген соң күйеу баланың *есік көруіне* рұқсат етіледі. Есік көргенге дейін қалыңдығын көрмеген күйеулер қазақта көп болған. Есік көруге келген күйеудің қасқайып жарықта келуіне де ол кезде рұқсат жоқ. Бұл – бір жағынан әдепсіздік. Екінші жағынан – баса көктеп басынғандық. Сондықтан қас қарайған сәтті – қазақ күйеу келдінің уақыты дейді. Күйеуді баса көктетпеуде үлкен мән бар: Ата-ананы, үлкенді сыйлау, қайын жұртын құрметтеу қазақтағы көне тәртіп. Анықтап айтқанда есік көру – қалыңдықтың дидарын көру. Қазақта өз жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт деген бар. Осы үшінші жұртқа бару – құжатсыз шекарасынан өткізбейтін шетел секілді, белгілі заңдылықтары болады. Осы жолы күйеу ұлды алып барғанда тойдың уақыты белгіленеді. Тойды жақын арада өткізуге келіссе, қыз танысуға кетеді [5, 23-24 - б.].

Қыз танысу салтында қыз қасына бір жеңгесін және бір туысын ертіп жан-жақтағы туыстарын, жегжаттарын кемінде бір ай аралайды, қоштасады. Барған үйлері оның дайындалып жатқан төсек-орнына көмек береді: кілем, сырмақ, текемет, кереге, үзік, түндік, киім, ыдыс-аяқ... Ел-жұртына танысып барған қыз артынып-тартынып қайтады.

Танысқан қызды қазақ салты бойынша ерекше құрметтейді. Барған үйлері ойын-думан өткізіп, бастарын қосады. Төсек-орынды дайындауға ауыл-аймақ ат салысып, ісмер әйелдер, зергерлер, үйшілер, тұрманшылар көмектеседі. Бәрі дайын болған соң ұрындап күйеу келеді [5, 25 - б.].

Күйеудің алғашқы рет ресми түрде қалыңдық көру мақсатымен қайын жұртына баруын – «ұрын бару», ал қайын жұрты оның бұл сапарын – «ұрын келу» дейтін де осыған байланысты ұйымдастырылатын той-думанды «ұрын той» деп атандырған. Бұл ресми сапардың барынша дұрыс ұйымдастырылып, жақсы өтуіне екі жақ та көп көңіл бөліп, үлкен мән берген. Өйткені көбіне құда түсіп, немесе қыз айттыру ісі ата-ана еркінде болып келгендіктен күйеу мен қыз көпшілік жағдайда бірін-бірі ресми түрде алғашқы рет осы жолы көріп, танысуға мүмкіндігі болады [3, 164 - б.].

Бұған дейін көптеген авторлардың «ұрын бару» атауының күйеудің қалыңдығына ұрланып баруына байланысты қалыптасуы дегендері жаңсақ пікір (Н. Гродеков, Х. Құстанаев, Н. Малышев, А. Диваев, Н. Кисляков) деп келтіреді Х. Арғынбаев. Ол: «бұл атау көне түріктердің «ичип» (урун) деген сөзінен шыққан. Бұл сөздің тікелей мағынасы түсінісу, бір нәрсенің ішкі сырын жете білу, бір нәрсеге жабыса түсу ұғымымен байланысты. Әсіресе көне түріктердің (Древнетюркский словарь,); егер жан сұлуын тапсаң оның кеудесіне жабыса түс) деген сөз шумағы да «ұрын бару» атауының қалыптасу тегі туралы

жоғарыда айтылған пікірдің дұрыстығын дәлелдей түскендей. Тіпті «ұрын бару» ұғымы күйеудің жасырын баруымен үйлесі жоқ, бөлек құбылыстар екенін мынадай деректерден де көруге болады [3, 164 - б.].

Бұл сапарға күйеу де, оның жолдастары да жақсы аттарын мініп, тәуір киімдерін киеді. Күйеу жолдас есебінде жол жүріп ысылған, қолынан да, тілінен де келетін өнерлі жігіт ағасы боп қалған адам жіберіледі. Өйткені тәжірибесіз күйеуді балдыздары, әсіресе адуын жеңгелері иектегіш келеді де, кәденің сан түрін шығарып, момын күйеудің қалтасын жылдам босатады. Ысылған күйеу жолдастың сөзге ширақ, момын күйеуге жасайтын қамқорлығын, тигізген себін Бауыржан Момышұлының естелік романынан да жақсы байқауға болады. (Б. Момышұлы). Ірі байлар баласына қосшы етіп, әнші, күйші, сауыққой жігіттерді де қосады[3, 164- б.].

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында да Абайдың анасы Ұлжан бастаған әкесі Құнанбай жіберген отыз кісімен Алтынбайдың ауылына Ділданы көруге, танысуға «ұрын бару» салтымен келгендігі суреттеледі. Ұлжан Алшынбай үйіне құда жағының тойына келгенде көп қазына әкеледі: жылқы, түйе, жырттыстың бұл-маталары. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынады. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдерде құда-құдағилар сыбағасы: шапан, кемзал, көйлек, шаршы. Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл –ілу, ілу китке орай беріледі. Он жыл бұрын құда боп түсіп, Ділданы айттырғанда, Құнанбайға Алшынбай кит деп тайтұяқ күміс жамбы тартқан, ол –бесік жамбыдан кіші. Ауылда құдалар мен күйеулерге арналып оқшаулау етіп үш үлкен ақ үйлер тігеді, қысыр емген семіз асау тайды көлденең ұстап, қонақтардан бата тілеткен, маркалар үйітіліп, құнан қой, ту қойлар сойылады[6, 231 - б.].

Абайдың қасында жақын досы Ербол болады. Ауылға жақындағанда жасы үлкендер бұрын кетіп, Алшынбай аулынан бір шақырым жерде тұрған күйеулерді ауылдың қыз-келіншектері келіп қарсы алады[6, 233 - б.].

Ежелден қазақ халқына тән әдептілік дәстүрін сақтау тәртібі бойынша ұрын келе жатқан күйеу қайын атасының ауылына баса көктеп бірден кіріп келмейді. Ол бірер серігімен ауыл сыртында қала тұрады да, күйеу жолдас қалаған адамдарымен ауылға келіп түседі. Бұл ғұрыпқа дайындалып отырған қыз әкесі бұларды қошеметпен қабылдап, әйелі арқылы күйеу баланы қарсы алуға, оған жеке отау тігуге рұқсат береді.

Ауыл әзірленіп біреулер қонақасы қамына кіріссе, кексе тартқан әйелдер үй тігуді міндетіне алады. Ал, қыздың жас жеңгелері күйеудің алдынан шығады. Алдынан шыққан жеңгелеріне күйеу иіліп тәжім етеді[3, 165 - б.].

Ұрындап келген күйеуге тігілген жеке үйде күйеудің жанында ылғи жастар, көбінесе балдыздары болады. Өн-күй, әзіл-сықақ дүрілдейді. Ұрын тойында қыздың барлық жасауы ілулі, жиюлы тұрады[5, 25 - б.].

Сонымен, өткен ғасырларда қазақ қауымына тән негізгі үйленгенге дейінгі орындалатын дәстүрлердің түрі қыз айттыру, құда түсу, ұрын бару жолы арқылы үйлену болса, оған байланысты толып жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың мұқият орындалып келгендігін жазылған деректерге сүйеніп баяндадық. Сондай-ақ көптеген әдет-ғұрыптардың кейбіреулерінің шығу тегіне, мәніне, қалыптасу, даму жолына біраз тоқталып, талдау жасауға тырыстым.

Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер осы жол арқылы дарыған. Батыр жазушы Б. Момышұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында: «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибеммен солдаттың басында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтардың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне көзім жетті», -деп жазды. Олай болса, әдет-ғұрып –қазақ халқының мызғымас заңы деп қабылдаған жөн.

Дана халықтың өзі жасаған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану –ағайынды адастырмас сара жол[7, 115 - б.].

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты жете біліп құрылған отбасының да қоғамға пайдасы зор болады. Жаңа сапалы отбасы бүкіл адамзаттың өткен ұрпақтары қалыптастырған ең жақсы дәстүрлерін өз бойына сіңіре отырып, ол денесі шыныққан, рухани жағынан әбден жетілген, адамгершілік қасиеттері мол жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастырудың қайнар көзі болмақ.

1. Кенжеахметұлы С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» – Алматы: «Алматыкітап», 2004. – 284-бет.

2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.3. –Алматы: 2012. – 736-бет.

3. Арғынбаев Х. «Қазақ отбасы» – Алматы: «Қайнар», 1996. – 288-бет.
4. Кенжеахметұлы С. «Жеті қазына» – Алматы: «Ана тілі», 2007 – 136-бет.
5. Жүнісұлы А. «Пәниден бақиға дейін» – Алматы: «Жазушы», 2001 – 296-бет.
6. Әуезов М. «Абай жолы» I кітап – Алматы: «Жазушы», 2009. – 376-бет.
7. Кенжеахметұлы С. «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» – Алматы: «Алматыкітап», 2006. – 384-бет.

Қ.С. Адельчанов, А. Құрманғалиев

ПАЗЫРЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пазырық мәдениетіне тиесілі ескерткіштердің ашылып зерттеле бастағанына екі ғасырдан артық уақыт өтті. Осы уақыт аралығында VI-II ғғ. жататын мыңнан аса оба қазылып зерттелінген. Кең көлемдегі әрі алуан түрлі материалдардың жиналуы ерте көшпелілер қоғамының мәдени-хронологиялық, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық аспектілері мен діни-философиялық түсініктерін жаңғыртуға мүмкіндік туғызды [1, с.95]. Осы орайда айта кететін бір мәселе зерттеушілерде Алтай тау жүйесінің ареалында қалыптасқан Пазырық мәдениетінің жекелеген мәселеріне байланысты түрлі зерттеу тәсілдері мен көзқарастар қалыптасқан. Осы орайда жағдайда пазырық мәдениетінің қатысты негізгі тұжырымдамаларға тоқталып өткен дұрыс. Кей ғалымдар өз еңбектерінде сақ мәдениетінің жекелеген аспектілеріне тоқталып өткен; [2, с.76]. Бұл еңбектерде негізінен ескерткіштердің ашылу тарихы жайлы ақпарат берілген. 70-80 жж. аралығында М.А. Деминнің бірнеше мақалаларымен артынша монографиялық еңбегінде көне Алтай жәдігерлерін зерттелуіне баға берілген еді. Ғалым өз еңбегінде Алтайдың көне жәдігерлерін зерттелуінің үш кезеңін ашып көрсетеді де, алғашқы уақытты Алтайдағы алғашқы археологиялық зерттеулердің басы (XVIII ғ.); 2) XIX ғ. Басында археологиялық деректердің қорлануы; 3) Капитализм дәуіріндегі археология [3, с.15]. М. А. Демин әр дәуірге әділ бағасын беріп, Алтай археологиясына ат салысқан ҒА экспедицияларымен жергілікті өлкетанушылардың еңбектерінің маңыздылығын атап өткен. XIX ғ. бастап мақсатталған іс шаралар қолға алына басталды, солардың ішінде шоқтығы биік алтайдың әр түрлі аудандарына экспедициялар ұйымдастырған болатын. Сол дәуірдің археологтары тек қана заттай материалдарды жинап қана қоймай, жиналған материалдарды белгілі бір дәрежеде қортындылауға тырысты. М.А. Деминнің ойынша «дворяндық және буржуазиялық ғылымның методологиялық жағынан жетілмеуі Алтайдағы тайпалардың дамуы турасында аяқталған толық тұжырымдама жасауына кедергі келтірді» [4, с.23]. Тағы бір айта кететін жайт кеңес археологиясы өзінің алғашқы жылдарында дәстүрлі археология шеңберінде дамыды. Бұған тек қана қазба жұмыстарының методикасы емес, сондай ақ археологиялық деректерді талдау барысында этнографиялық, фольклорды, антропологиялық, лингвистикалық дерек көздерін пайдалануы дәйек бола алады. Тап осы ғылыми әдіс көрнекті кеңес археологтары өздерінің зерттеулеріне негіз етіп алады [5, с.105].

Таулы Алтайдағы сақ мәселесінің зерттелуімен етене араласқан Л.С.Марсадалов болды. Өзінің 1985жылғы диссертациясында «Хронология курганов Алтая (VIII-IV ғғ. б.з.д.)» VIII- IV ғасырлар аралығындағы сақ ескерткіштерінің зерттелуінің үш кезеңін атап көрсетеді:

- 1) ескерткіштердің ашылуы мен алғашқы қортындылар (XVIII-XX ғғ.);
- 2) мәдени хронологиялық кезеңдерге бөлу мен олардың абсолюттік мерзімдері(20-50-жж. XX ғ.);
- 3) жекелеген обалардың абсолюттік жасын анықтауда жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану.

Ал өзінің 1996 жылғы монографиясында «История и итоги изучения археологических памятников VIII-IV вв. до н.э. от истоков до начала 80 гг. XX в.» автор Сақ ескерткіштерінің зерттелу тарихын кезеңдерге емес, кезеңдерге бөледі.

- 1) тонаушылар уақыты (б.з.д .1 мың.ж –XX ғ. басына дейін),
- 2) археология орыс жерлерінің жалпы жазыла бастауы (XVIII ғ. аяғымен –XIX ғ. бірінші жартысы.),
- 3) ағартушылық кезеңі археологиясы (XVIII аяғы мен XIX ғғ басы)
- 4) алғашқы ғылыми қортындылар (XIX ғ.екінші жартысы)
- 5) археология – Алтайдағы өлкетанудың бөлігі (XIXғ 70ж – 1916 ж. дейін)
- 6) алғашқы маманданған археологтардың зерттеулері (1920 ж. орт. мен 1930 ж. орт.)
- 7) материализм позициясына көшу мен хронологиялық жүйелердің жасалуы (1930ж екінші жартысы мен 1950ж бірінші жартысы.)

8) есткерткіштерді мерзімдеуде жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану (1950 жж.)

9) материалдардың ары қарай қорлануы (1950-1980жж.)

10) есткерткіш мерзімдерін нақтылау (1970 ж. орт)

Алтайдағы сақ есткерткіштерін зерттеуге өзіндік үлес қосқандар санатына Ю.Ф. Кирюшин мен А.А.Тишкинді атауға болады. Олар монографияларында өздері бөлген 3 кезеңге сипаттама беріп қана қоймай, 30-80 жж. әр-түрлі ғалымдар жасаған тарихи-мәдени тұжырымдамаларға жүйе жасады. М.П. Грязнов пен В.А. Могильниковтың көне Алтай мұраларын зерттеудегі еңбектерің бағалай келе, ол ғалымдардың мәдени-хронологиялық тұрғысынан жасаған еңбектерін жоққа шығарады.

Қос автор өздерінің басқа еңбектерінде б.з.д .IX–II ғғ. аралығын қамтитын сақ уақытысының зерттелуінің 3 кезеңін көрсетеді.

1) Революцияға дейінгі (XVII – XX ғғ басы)

2) Кеңестік кезең (XXғ. 20-80жж.)

3) Қазіргі кезең (80ж орт. бүгінгі күнге дейін)

Аталмыш әр кезең нақты тарихи құбылыстарға тұнып тұр. Ғалымдар сақ археологиясының терминологиясы мен периодизация мәселесін қайта қарастырады. Қос автордың пікірлерінше сақ археологиясын зерттеуде, қоныстардың материалдарын көптеп тартуды жөн көреді.

Осы күнге дейін Пазырық мәдениетінің ескерткіштерінің хронологиясы мен периодизациясы өзге археологиялық кезең ескерткіштеріне қарағанда анағұрлым жақсы зерттелінген болып саналып келді. Бұндай қортынды жасауға барлық негіз бар еді. 1) Сақ заманының обаларның аса көп мөлшерде зерттелінуі. 650 аса оба; 2) алынған материалдардың тез арада ғылыми айналымға енуі мен 100 аса ғылыми мақалалар және 20 аса монографиялар , 3) тоң басқан обалардағы органика мен ағаштың өте жақсы сапада сақталуы, дендрохронологиялық және радиокөміртектік анализ жасалып, нақты хронологиялық мағлұмат алынды; 4) Еуразия кеңістігінде сақталуы жағынан бірегей, жылқының ат-әбзелдерімен, ер-тоқымның көптеп табылуы; 5) Алдыңғы Азия мен Қытайдан әкелінген импорттық заттардың табылуы, аталмыш өркениеттердің әрі көршілес мәдениеттердің ықпалымен жасалынған өнер туындыларының көптеп табылуы; 6) Салыстырмалы түрде қару-жарақ түрлерінің мол кездесуі [7, с.236.]. Осындай нақты хронология беретін материалдардың көптігі негізінде М.П. Грязнов өзіндік Таулы Алтайдағы сақ заманының периодизациясын жасаған болатын. Көптеген уақыт бойына кеңестік археолог ғалымдар Таулы Алтайдағы ерте темір дәуірін М.П. Грязновтың жасған периодизациясын пайдаланып келді. Ғалым дәуірді 3 кезеңге бөлді:

1) Майемер б.з.д .VIII- V ғғ.

2) Пазырық б.з.д .V-III ғғ.

3) Шибе б.з.д .II-I ғғ.

Алайда XX ғ. 60-80 жж археологиялық материалдардың жиналауына байланысты, аталмыш хронологиялық құрылым, нақты аймақтағы тарихи үдіріске сай келмейтіндігі анықтала бастады. М.П. Грязнов өзінің тұжырымдамасының олқылықтарын түсініп, Ерте темір дәуіріннің кезеңделуіне күрті кезеңін (б.з.д. VIII- VII ғғ) қосып, Майемер кезеңінің мерзімін б.з.д .VII- VI ғғ жасарту арқылы, өз тұжырымдамасын жаңартқысы келді. Алайда, аталмыш ой және кей ғалымдардың күрті мен майемер кезеңдерін біріктіру ойлары, кей ғылымдардың наразылығын тудырды. М.П. Грязновтың тұжырымдамаларын қайта қарап, өзгертуі, Еуразия кеңістігінде сақ заманымен ассоциацияланатын «Ерте көшпелілер» ұғымының дұрыс еместігін бірқатар ғалымдар айта бастады. Д.Г. Савинов осы жағдайда М.П. Грязновтың ұсынған терминнің этнография мәліметтерін пайдалана отырып нақтылауға талпыныс жасайды. Д.Г. Савинов «көшпелілер» терминінің өзара тығыз байланысты шаруашылық және әлеуметтік аспектіде қарастыруға болатынын атап көрсетеді де, М.П. Грязновтың қателігі «ерте көшпелілерге» көшпелі өмір салтын ұстанбаған мәдениеттерді (Тагар) жатқызуында екендігін меңзеп, «ерте көшпелілер» дәуіріне соңғы қоладан бастап, алғашқы мемлекеттердің қалыптасуы (Ғұн-Сармат кезеңі) уақыты аралығындағы нақты тарихи кезең ретінде қарастыруды ұсынады [8, с.50].

Таулы Алтайдағы б.з.д. VI-II ғғ уақытымыен мерзімделетін жүздеген обалардың қазылуы, ғылыми айналымға жаңа, тың материалдардың енгізілуі зерттеушілерге дәуірдің тарихи-мәдени жағдайын қайта қарастыруға, периодизациялауға жаңа мүмкіншілік туады. А.С. Суразаков пазырық мәдениетімен параллель өмір сүрген Қара қоба (б.з.д. VI-II ғғ) мәдениетін пазырық мәдениетінен бөліп шығады. Қара қоба мәдениетінің Пазырық мәдениетінен ерекшелігі мәйітті тас жәшікке, жылықсыз, әрі балбалдар мен тас қалаулардың болмауында.

Қара қоба мен Пазырық мәдениеттерінің төңірегінде А.С. Суразаков барлық белгілі есткерткіштерді 3 хронологиялық топқа бөледі:

- 1) Б.з.д .VI ғ. аяғы мен – V ғ.
- 2) Б.з.д .V- IV ғғ.
- 3) Б.з.д .III-II ғғ. [9, с.43]

Сонымен қоса, аталмыш кезеңдегі Солт-Бат Монғолияның, Туваның, Шығыс Қазақстан мен Таулы Алтайдың естерткіштерін Саян-Таулы Алтай мәдени тарихи қауымға біріктіреді. В.А. Могильников аталмыш мәселеге өзіндік қырман жақындап, ерекше Пазырық мәдениетінің шеңберінде ерте сақ уақытын екіге бөлуді ұсынады.

- 1) Күрті б.з.д .VIII- VII ғғ
- 2) Майемер б.з.д .VII- VI ғғ

Сонымен қоса, автор мәдениеттің екі локальдық таралу нұсқасын көрсетеді: Оңтүстік (күрді-катондық) және солтүстік (усть-куюмдік). Усть-куюм локальдық нұсқасы негізінде б.з.д .V-III ғғ. Қара қоба мәдениеті, ал жергілкті тайпалармен Қазақстанның далалық аймағынан келген тайпалардың өзара әрекеті нәтижесінде пазырық мәдениеті қалыптасды. Зерттеуші ғалым Оңт-Шығыс Алтайда пазырықтық, ал Орталық Алтайда, Катунь мен Урскуль өзенінің орта ағыстарында қара-қобалық пен аралас ескерткіштер көптеп кездесетіндігін атап өтеді. Орталық Алтайда қара-қобалық түрдегі естерткіштермен қоса пазырықтық үлкен обадардың кездесуі (Башадар, Тұяқты, Шибе және т.б) пазырықтықтардың осы территорияға үстемдік жүргізгенін меңзейді. Қос мәдениеттің естерткіштерін қамтитын, аралас қорымдардың болуы, екі мәдениеттің байланысы мен қара-қобалықтардың пазырықтықтармен ассимиляциясына дәлел бола алады.

Расында, А.С. Суразаков ерекше қара-қоба мәдениетіне қарсы болып, П.И. Шульганың қолда бар бүтін материалдарды сараптай отыра, пазырық мәдениетіне әр-түрлі жерлеу ғұрыптары тән деген пікірімен келісіп, Таулы Алтайдағы ерте көшпелілердің мәдениетінің қалыптасуына керексүр мәдениетінің тайпаларымен монғуй-тайгин тайпаларының қатысуымен қалыптасқандығын жазады. Өзінің “Горный Алтай и его северные предгорья в эпоху раннего железа. Проблемы хронологии и культурного разграничения” атты монографиясында 80-ші жылдардың басында белгілі болған материалдарды жинақтап, қарастырған естерткіштерді 3 хронологиялық бөлімге бөлген; пазырық, қара-қоба, чумыш-ишим атты топтарға бөлген. Әр-бір аталмыш топ жерлеу ғұрыптық кешендерінің әр-қилылығымен ерекшеленеді.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдардың ортасында жинақталған археологиялық материалдарды А.С. Суразаков қортындылай келе пазырық мәдениетінің аяқталу шегі М.П. Грязнов, В.Д.Кубарев ұсынғандай б.з.д .II-I ғғ. емес б.з.д .III-II ғғ мерзімделуі жөн деген. [9, с.44].

80 жылдардың аяғында бір қатар зерттеушілердің қызығушылығы Қытайдағы ерте темір дәуіріне және Сақ уақытындағы Алтаймен Қытай арасындағы байланысқа ауады. Н.В. Полосьмак өзінің бір мақаласында осы мәселеге тоқталып өтіп, Солтүстік-батыс Синьцзянның обадарынан алынған материалдардың (аң стилінің элементтері, ыдыс, қару жарақ, киімдер мен татуировка) және жерлеу ғұрпындағы кейбір ұқсастықтар, мысалға мумиялау белгілі дәрежеде Таулы Алтайлықтар мен Синьцзян халқымен байланыста болғанын меңзейді[11, с.342]. А.А. Ковалев соңғысақ уақытында Ордос пен Саян-Алтайда діни-саяси тұтастық орнағанын жазады олай деуінің себебі; Ордос халқының Саян-Алтаймен Батыс Сібірге жылжуы, болса, келесі себебі Ордос қоғамында Саян-Алтай дәстүрі негізінде айрықша субмәдениеттің қалыптасуы. Зерттеуші ордос пен алтай тайпаларының басшылары арасында этникалық тұтастық болғандығын жазады. Алайда бұл пікіріне дәлел келтірмейді. Кей ғалымдар бұл мәселеде тіптен артық кетеді. Мысалға С.А.Яценко пазырық өнерінің кей бейнелерін қарастыра отырып, Солтүстік-Батыс Қытай пазырықтықтардың аталары тұрған мекен деген пікір айтады.Бұл пікірге лезде қарсы пікір білдіргендер өте көп болды. П.И. Шульга пазырық обадарынан табылған қытайлық бұйымдар соңғы сақ заманының обадарынан табылады, ал қытайлық деп танылып жүрген көптеген бұйымдар, шын мәнісінде қытайлық емес, алдыңғы азиялық болуы мүмкін деген ой айтады. Ғалымның пікірінше Алтай мен Шығыс Түркістанмен қатынасы ерте сақ заманында басталуы, пазырық мәдениетін оңтүстік-шығыс территориялардан шығаруға негіз бермейді, керсінше Алтайдың малшыларының Алдыңғы Азиямен дәстүрлі қатынасына көрсетеді.Соған қарамастан ордос пен пазырық тайпалары арасында мәдени сабақтастықты айтуға болады ал, қандайда бір этникалық, туыстық сабақтастық туралы сөз қозғау әзірше ерте.

Келесі шешуін табуды талап ететін мәселе пазрықтықтарды жазба деректерде кездесетін нақты этникалық топтарға жатқызу. Өз уақытында С.И. Руденко пазрықтықтарды қытай жазба деректерінде кездесетін юечжилармен атауды ұсынды [6, с.66]. Тарихтан белгілі болғандай б.з.д .III-II ғғ. Хундардың қысымына шыдамай пазырықтықтардың бір бөлігі орталық азияға жылжып, бір бөлігі Таулы

Алтайда қалып қояды. С.И. Руденконың көзқарасын Д.Г. Савинов, Б.И. Кузнецов және т.б. бір қатар ғалымдар қолдады. Бірақ ақырғы жылдары бір қатар ғалымдар бұндай көзқарасқа қарсы мақалалар жариялап жатыр. А.А. Ковалев юечжилар алғашқы рет қытай жазба деректерінде б.з.д. II ғасырларда кездесетіндігін жазады. Алайда Д.Г.Савинов, С.Г.Кляшторный мен бірігіп, жазған еңбектерінде юечжиларды пазырықтықтармен теңестірудің дұрыстығына салмақты дәлелдер келтіреді.

80-90 жж. Ғалымдар пазырық обадарында табылған антропологиялық материалдарға қатты көңіл бөле бастады. Алғашқысында ғалымдар 40-50 жж. айтылған пікірлер негізінде пазырық мәдениетін тасмалдаушылардың нәсілдік құрамы европеоидтық, монголоидтық және метистік типтер деген идеяны қабыл алған еді.

Келесі уақыттарда антропологиялық материалдардың жиналуы, осы салада ғылыми ізденістердің дамуына ықпал етті. Нәтижесінде пазырықтықтардағы негізгі европеоидтық компонент, Парфия, Маргиан, Солтүстік бактрия территориясындағы көшпелі және жартылай көшпелі халықтардікімен бірдей екендігі анықталды. Бұл тек қана пазырықтықтардың алдыңғы азиямен байланысын көрсетіп қоймай, сондай-ақ қола дәуірінде батыстан Алтайға көшіп келген халықтармен арада болған ассимиляцияның белгісі. Дәл осы пазырықтықтарда алдыңғы азия халықтарының антропологиялық белгілері жақсы сақталған. Ал Пазырықтықтардағы күшті автохонды монголоидтық компонент окунев мәдениеті шеңберіндегі халықтардың мықты генетикалық пласттысымен байланысты, осы жайт нәсілдің қалыптасуында пазырықтықтарға байқалдық тип ықпал етті деген сөз бекерге кетеді. С.С. Тур Катун өзенінің ортаңғы және төменгі ағыстарындағы орналасқан қорымдардағы адам бас сүйектерін анализдай келе, автохонды шығу тегі бар, оралоидтық компоненттің бар екендігін атап өтеді. Турдың ойынша бұл пазырықтықтармен түрік-самадий және кет топтарындағы адамдардың бас сүйектерімен ұқсастығы бір ортаңғы гендік байланысқа негіделетіндігін жазады [12, с.203]. С.С. Тур еңбектерінің нәтижесі пазырық мәдениетін тасмалдаушылардың этникалық құрамы біртекті болмағандығын дәлелдейді. Біздің оймызша осы бағыттағы ғылыми ізденістер, басқа да, материалдарды пайдалану пазырық мәдениетінің шығу тегімен локалды нұсқаларын анықтауға септігін тигізеді.

Айта кетерлік бір жайт Таулы Алтай территориясындағы сақ заманының мәдени-хронологиялық жағдайы негізінен жерлеу материалдары негізінде жасалынған, бірақ ақырғы уақыттарда, синхронды қоныстардың материалдары да, айналымға енуде. Бұл өз алдына тағы бір қатар мәселелерді туғызды. мысалға қоныстардың мерзімімен олардың қай мәдениетке жататындығы. П.И. Шульга қоныстарды шартты түрде «бақташылардікі», «жерөндеушілердікі» деп бөлуді ұсынды. Біріншісі ғалымның пікірі бойынша таза пазырықтықтармен қара-қобалықтарға тән болса, екіншісі пазырықтықтардың келуіне дейін мекен еткен тайпалардікі деп жазады [13, с.115].

Осылайша таулы-алтайдағы негізгі мәдени-хронологиялық тұжырымдамаларды жүйелеу арқылы біз бұл мәселеге әлі нүкте қоюдың ертелігін айта аламыз. Көптеген ғалымдар пазырық уақытын б.з.д. VI-II [I] ғғ. шектейді. Бұл мәдениеттің қалыптасуына батыс өңірлерден келген сақ тайпалары деп айтылады, бірақ дәл қандай тайпа екендігі белгісіз, Пазырық мәдениетінің құлауына хундардың экспансиясы әсер етіп, нәтижесінде бір шама пазырықтықтар Орта Азияға жылжып, қалған бөлігі жаңа бұлан-қоба мәдениетін қалыптастыруға ат салысады. Әлі күнге шейін пазырықтың ішіндегі кезеңдеу бір жолға қойылмаған. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы біздің оймызша:

1) Кең ауқымда дереккөздерін пайдаланып, сақ көне мұрасын зерттеуде комплексты әдісті қолдану қажет.

2) Мерзімдеуде жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін пайдалану

3) Археологиялық тұрғыдан әлсіз зерттелінген таулы Алтай аймақтарында қазба жұмыстарын жүргізу

4) Шығыс Түркістан мен Солтүстік Монғолияның материалдарына баса назар аудару қажет

5) Зерттеу барысында саяси көзқарастардан ада болу болу қажет

Аталмыш негізде жұмыс жасалатын болса, Таулы Алтайдағы және іргелес аймақтарда сақ заманында болған тарихи мәдени үдірістерді қалпына келтіруге болады.

1. Кубарев В.Д. Курганы Юстыда. – Новосибирск, 1991. – С.270.

2. Кирюшин Ю.Ф., Тишкин А.А. Скифская эпоха Горного Алтая. Культура населения в раннескифское время. –Барнаул, 1997. – Ч.1. – С.232

3. Дёмин М.А. Первооткрыватели древности. –Барнаул, 1989. – С.120.

4. Марсадалов Л.С. История и итоги изучения археологических памятников Алтая VIII-IV вв. до н.э. (от истоков до нач. 80-х гг.). – СПб., 1996. – С.100

5. Киселёв С.В. Древняя история Южной Сибири. – М-Л., 1951. – С.638

6. Руденко С.И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. – М-Л., 1960. – С.359.

7. Кубарев В.Д. Пазырыкская культура (Курганы Чуи и Урсула) монография / - Барнаул. 2007.– С.282.
8. Савинов Д.Г. К выделению ранних и поздних элементов в культуре пазырыкского времени // Ранние кочевники Средней Азии и Казахстана. – Л., 1975. – С.49-52.
9. Суразаков А.С. Курганы эпохи раннего железа в могильнике Кызык-Телань-I // Археологические исследования в Горном Алтае. – Горно-Алтайск, 1983а.– С.42-52.
10. Полосьмак Н.В. Пазырыкская культура // Древние культуры Бертекской долины. – Новосибирск, 1994. – С.137-144.
11. Полосьмак Н.В., Кундо Л.П., Малахов В.В., Власов А.А. Физико-химическое исследование уникальных археологических находок пазырыкской культуры Горного Алтая (VI-II вв. до н.э.) // Интеграционные программы фундаментальных исследований. – Новосибирск, 1998. – С.386-393.
12. Тур С.С. Об уралоидном компоненте в антропологическом составе населения Горного Алтая скифского времени // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий.–Барнаул, 1999.–С.203-205.
13. Шульга П.И. Поселение Чепош-2 на Средней Катунь // Археология, антропология, этнография Сибири. – Барнаул, 1996.– С.106-123.

Ә. Құнанбаева

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР

Қазақстанның кең байтақ жері ежелден мал шаруашылығына жайлы аймақ болған. Мал шаруашылығы сонау неолит дәуірінен басталған. Оған дәлел археологиялық деректер. Ең алғашқы үй жануарларының сүйек қалдықтары б. з. б. III мыңжылдыққа жатады. Олар: Қарағанды ХҮ, Зеленая Балка ІҮ, Терсек жерлерінен табылған малдың барлық түрлері. Бұл жерлерден қой, ешкі, ірі-қара, жылқы табылған. Мамандардың көпшілігі үй жануарларының шыққан тегі жабайы түрлеріне өте ұқсайтындығын айтқан. Жануарларды үйрету кезеңі Қазақстан территориясында энеолит дәуіріне жатады. Энеолит – көне малдардың барлық түрлерінің бір жерден табылған уақыты. Мал шаруашылығының тұрақты дамуының айғағы, Қазақстандағы ертедегі тайпалар мен ХІХ ғ. соңындағы қазақтарда малдың әртүрлілігінің болғанын айтуға болады. Бұл туралы Л. Крадер, А.М. Хазанов, Г.Е. Марковтың «Евразия мал шаруашылығы тайпаларының әр түрлі тарихи кезеңі» атты кітабында айтады. Қазақстанның көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы жайында ашық айтқандардың бірі – Переселендік басқарманың материалдарында жазған А. Кауфман. Мал шаруашылығына ауыз толтыра мінездеме бергендердің қатарына қазақтың этнографтарының білгірі С. И. Руденко. Ол көшпенділіктің негізгі белгісін былай түйіндейді: мал шаруашылығы қазақтардың негізгі кәсібі болғандықтан, жыл бойы малды күтіп ұстау үшін, жайлы қоныс, шұрайлы жайылым іздеп, үнемі қозғалыс үстінде жүріп, мезгіл-мезгіл көшу халық салтына айналған, - дейді. Археологиялық және этнографиялық материалдар негізіне сүйене отырып, Қазақстан территориясындағы мал шаруашылығын 3-ке бөлуге болады: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшылық. Көшпелі мал шаруашылығы Маңғыстау, Батыс және Орталық Қазақстанның құрғақ далаларында шөл және шөлейт жерлерде мал соңында ілесе жүріп, көшіп-қонуден ерекшеленеді. Үздіксіз көшіп-қону туралы антика дәуіріндегі (Геродот, Гипократ, Страбон), ортағасырлардағы (П. Карпини, Ибн-Батут, Ибн-ал Факих, Ш. Язди, Джениксон) жазба көздерінен белгілі. Б.з.б. I м.ж. I ж. қорған, молалардың топографиясына қарағанда үздіксіз көшу Батыс және Орталық Қазақстанның тайпаларына тән болған. Кейінгі кезеңдерде қысқа уақытта болса да, қыстық тұрақтар салынған. Ал жартылай көшпелі мал шаруашылығының айырмашылығы олардың қысқы тұрақты қысқы үй-жайлары болған. Қыстақтан көктемгі жайылымға одан жайлауға маусыммен ауысып отырған. Олар бір-бірімен алыс болмаған. Көптеген жартылай көшпелі шаруалар қыстақтарда тары, бидай, арпа өсіріп, ал қой шаруашылығы мен жылқы шаруашылықтары ірі қара малын өсірумен қосымша айналысып отырды. Отырықшы мал шаруашылығы Оңтүстік Қазақстанның Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендері жағасында Қаратаудың оңтүстік беткейі суға мол, шабындық жерлері өте жайлы мекендерде жүргізілген. Б.з.б. II мың жылдықтың ортасына қарай Алексеев және Усть Нарым мелді мекендегі Ақсу-Аюлы II қорығынан табылған түйе сүйегінің қалдығы доместикацияның Солтүстік және Орталық Қазақстанда болғандығын көрсетеді. Түйелер Каспий мен Арал маңындағы бас дала мен жартылай шөлінде үлкен маңызға ие болды. Ол көлік құралы тең артқан, сүтті және етті жануар ретінде пайдаланылған. Қазақстандағы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы дамуы үшін барлық жағдай болған. Бұл бәрінен бұрын кең территория және қолайлы географиялық орта болып табылады. Евразия орталығында орналасқан өлке климаты континентальды, төрт негізгі

климаттық зонаға бөлінеді: орманды, далалық, шөлді дала, биік таулы. Орманды қоңыржай климат Солтүстік Қазақстан орманды зонасына тән, ал далалық – Қазақстан территориясының Солтүстік жарты аудандарының үлкен бөлігіне тән келеді. Шөлді дала климаты оңтүстік жарты өлкесіне тән. Ақмола, Атбасар және Қарқаралы уезінде көшу жолы қатаң бағытта болды. Жазғы жайылым негізінен солтүстік аудандарда орналасты. Сондықтанда барлық көшетін шаруашылық өз шекарасына сирек өтті. Көш ұзындығының жолының өз ерекшеліктері болды. Қарқаралы уезінде жаздық көш 10-нан 220км-ге дейін болды. Аздаған бай шаруашылықтар солтүстік болыстан Павлодар уезінің оңтүстік ауданына өтті. Ақмола мен Атбасар уезінің қазақтарының көші 200 ден 500 км-ге дейін болатын еді. Ақмола уезінің оңтүстік бөлігіндегі көшпенділер солтүстікке қарай жылжыды, олар Селеты-тенгиз, Құндызды өзеніне жетті. Олардың көші өте ұзақ және жалғасқан болды. Атбасар уезінің оңтүстік қазақтарына Ұлытау, Арғанаты тау жоталары қызмет етті. Олар тек жазда ғана емес қыста да Шу өзені өңірінде көшпенділер өмір сүрді. Ерте көктемнен бастап олар солтүстікке қарай бір бағытта үлкен қашықтықпен 1000 км Шу өзенінен Бетпақ дала мен Атбасарға жылжыды. Негізгі жайылым болып оларға Жетіқоңыр өңірі қызмет етті. («Жетіқоңыр» 7 суық шатқал Добусын, Кент, Котан, Талды, Барша, Жиделі, жабағалы). Жеті қоңыр жері өзінің жұмсақ климаты мен жер отымен, шөп қалыңдығымен және құдықтармен қызмет етті. Оңтүстік құрғақ аймағы Шымкент, Әулие ата уездері Сырдария облысы Қаратау, Александр шатқалы және Талас Алатауы, Сырдария өзені Талас көш жолын анықтады.

Қазақтардың мал шаруашылығы жайлы Асан Бахти өзінің «Шумерлер, скифтер қазақтар» атты кітабында жазып қалдырған. Біз шумерлерді көшпенді малшылардың тайпасынан шықты деп тұжырымдауымызға болады. Алғашқы шумерлер Еуразия далаларынан өздерінің отар қойларымен келген көшпенділер болған. Оған олардың сөз байлығындағы қой сапасы мен түрін білдіретін екі жүзден астам сөз бар екендігіне көз жеткізуге болады. Шумерлер ірілі-ұсақты мал бағумен айналысқан. Олар кәсіпқой малшылар болған. Батпақты өзен жағалауындағы жайылма жерлер осы кәсіптеріне жақсы жағдай жасады. Месопотамияның ежелгі жерлерінде шумерлердің бақташылары қарауында ешкі, қой, сиыр мен өгіздер болған. Осы арада көшпенді-скифтер мен қазақтардың арасында белгілі байланыс бар. Қазақстанда ежелгі скифтердің көшпенді малшы тайпаларының өмір сүрген уақыты шамамен б.з.б VI ғасыр. Көшпенді әрі малшы қазақтардың өмірі өте көне. Рим тарихшысы Ашшан Марцеллин алан көшпенділері туралы былай деп жазады: «Аландар номадтардай ешқандай күрке жоқ, егін егумен айналыспайды, етпен және көбіне сүтпен қоректеніп, үйшіктерде тұрып, оларын шексіз даламен алып жүреді». Алан скифтері сияқты күні кешеге дейін қазақ көшпенділері әрбір тұрақтанған жерлерінде киіз үйлерін дөңгелектетіп орнатады. Түйе, сиыр, қойларын түнгі мезгілде ауылға айдап келіп, сол дөңгелектің ішіне қамап ұстайды. Ғасырлар бойы көшпенділікте өмір сүрген қазақтар табиғаттың барлық ерекшеліктерін өте жақсы білді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ шаруашылығын түбегейлі зерттеп таныған Ф. Щербин былай деген: «Қазақ- керемет ботаник: оның өте күрделі және әр түрлі өсімдіктер туралы, әрбір өсімдіктің әрбір малға қоректік қасиеті туралы білімі өте бай. Қазақтар өсімдіктердің әр түрлі пайдалылығымен бірге даланың әрбір бөлігін жақсы меңгеріп, пайдалана біледі. Көшпенді қазақтар және олармен бірге тұрып жатқан ауылдар даланы өте шебер пайдалануды үйренген». Қазақтар негізінен қой, жылқы, сиыр, ешкі, түйе сияқты үй малдарын өсіріп-өндіруден, соның ішінде қой бағу үлкен орын алды. Олар жылқы өсіруге үлкен мән берген. Оның көп тараған түрі-орта бойлы, жалпақ кеуделі, ұзын жүнді-қазақ жылқысы. Қазақстанның аймақтық жер ерекшеліктеріне қарай- адайлық, Шығыс-Қазақстандық, Орталық-Қазақстандық, Жетісулық, наймандық т.б. болып бөлінеді. Қазақтар оларды тағы да басқа қасиеттеріне қарап бөлді: «қазанат»- шыдамды, күшті, жылдам, «жорға»-жүріске жарамды, «жабы»-ешқандай ерекшелігі жоқ болып бөлінді. Орта Азияда кең таралған жылқының «қарабайыр» түрі Оңтүстік Қазақстанда өсірілді. Қазақстанның басқа аймақтарында олар климаттық ерекшеліктерге байланысты көп кездеспейді. Оңтүстікте «қарабайыр» жылқысы тек байларда ғана болған. Ірі қара малдарды табиғат жағдайы қолайлы жерлерде өсірген (Батыс Қазақстанның солтүстік аудандарында, Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда, Жетісуда, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда, Сырдария маңындағы аймақтарда). Жартылай шөлді Оңтүстік Қазақстан аймақтарында ірі қара мал сирек кездеседі. [1, 31-36].

Қазақ халқының малды күтіп бағуда көп ғасырлық тәжірибесі болғандықтан, мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар мен наным- сенімдер сақталып, ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Басқа халықтардағыдай қазақ халқының да малды қорғайтын қамқоршысы- пірі болған. Діни ұғымда «пір» -қолдаушы, қорғаушы деген мағананы білдіреді. Қой малының пірі – Шопан ата Қожа Ахмет Иасауи шәкірттерінің бірі болған. Сиыр малының пірі – зеңгі баба Қожа Ахмет Иассауи ізбасарларының бірі – Хакім атаның шәкірті . Түйе малы пірінің аты Ойсылқара - өте әйгілі тума, ертедегі ислам қайраткері

Уайс Әл-Каранийдің бұрмаланған есімі. Жылқы түлігінің пірі – Қамбар ата немесе жылқышы ата деп аталады. Ешкі түлігінің бірі – Сексек ата (шекшек ата). Ешкі түлігін төрт түлік малдан қойға қосылып қой-ешкі аталып, өз алдыны бөлек түлік санатына қосылмайды. Мал пірлеріне байланысты аңыздар әңгімелер барлық мұсылман еліне мәлім. Шопан ата А.Иассауидің шәкірті болып саналады. Аңыз барысында, бірде А.Иассауи өз шәкірттерін сынамақ болып, оларды өзінің киіз үйіне шақырып алып, мен мына аса таяғымды осы шаңырақтан лақтырам, соны іздеп тауып алып келіңдер дейді. Бірінші болып аса таяқты кім тапса, сол иегері болады деген екен. Біраз уақыттан кейін аса таяқты Маңғыстаудан Шопан ата тауып алған екен, яғни осы жерде оның атымен қорым пайда болған.

Мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар жайлы А.С. Кенжебекова біраз мәлемет жазған: Қазақ халқы өзінің күнделікті өмірінде маңызы зор, төрт түлік малды қадірлей білген. Мал күтімінің көп ғасырлық тәжербіесі, табиғаттың ауыр климаттық жағдайларында бағу әдістері мен тәсілдері, мал шаруашылығын жүргізудегі дәстүрлі діни сенімдер мен көне әдет-ғұрыптар, салт жоралар ұрпақтан –ұрпаққа беріліп, сақталып келді. Қазақ ескі салт бойынша өзі баққан төрт түлік малының иесі бар деп ұғынған. Олардың әр қайсысының ат қойып, осы малдардың сақтау солардың ісі деп білген. Және мал иесінен мал тілеп, малдың амандығын сұрап отырған. Қазақтың осы салт ұғымы ауыз әдебиетіне түскен. Этнографиялық әдебиеттерде мал пірлері туралы аңыздардың болжамдары аз емес. Зерттеушілер 1927 ж Зеңгі бабаның мазарын зерттеп, Зеңгі бабаны бүкіл малшылардың пірі деп есептеген. Шопан атаға арналған ескерткіш-мазарлар да көп кездеседі. Үй малдарының пайда полуы туралы туралы халықтың шығарған ертегілерінде, жылқы-желден, сиыр-судан, түйе-сордан, қой- от пен көктен ,ешкі тастан жаралған делінген. Қазақ халқының ескі сенімінде түйе мен қойдың сақтандыру қасиеті болып, малдардың өздері де болған. Қойтас дегеніміз- тастан жасалған қойдың мүсіні. Түйе –бейнесін кілесдердің оюынан басқұрдан, кілемше бұйымдарынан көруге болады. Кілем, киіз, алашаларда кездесетін қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, түйе табан, түйе көз тек қазақ халқында ғана емес, Орта Азия халқының арасында да көп тараған. Түйенің жүнін кішкентай баланың киіміне тігіп қоятын болған. Мұның мәні , яғни балаға көз тимесін деген ырыммен. Көптеген қазақтың аңыздарында түйені атап өтеді. Осындай аңыздың бірінде, XVIII ғасырда Жетісу өлкесінен шыққан қазақтың батыры Райымбектің өсиетімен денесін ақ түйеге артып, түйенің тоқтаған жеріне жерлеген. Осыған ұқсас аңыз Маңғышлақтағы Қасымбай батырдың атымен байланысты. Ол көшіп-қону кезінде қайтыс болған. Денесін түйеге артып, сол түйенің тоқтаған орнына жерлеген. Кейінен осы жерлеген жерінде Қасымбайдың тастан зираты салынған. Мұндай аңыздың түрлері Орта Азия халқында да кездеседі Түйені қадірлеу құнаршылық, молшылық, жемістілік пен байланысты. Осыған орай ескі сенімдерде, аяғы ауыр әйелдер босану уақыты ұзап кетсе, түйенің етін жеуден қорыққан, ал босануын тездету үшін, жүкті әйелдер жатқан түйенің мойнына шүберек жауып қойып, аттайтын болған. Түйе, жылқы, қой малдарын қазақ қадірлеген, оларды ұрып-соқса, жәбірлесе, мұндай істі күнәмен бірдей деп есептеген. Малшылар қыстаудан жайлауға көшкенде аруақтарға деп тасаттық беріп , құран оқытқан. Мұндай көне әдет-ғұрыптар әлі күнге дейін бірен-сараны кездесіп отырады. Қазақтарда отқа табыну салтын қолданған, қыстаудан жайлауға көшерде малшылар екі жақтан от жағып, малдарды ортасынан ,яғни, жанып жатқан екі оттың алауының ортасынан «жын-шайтаннан» арсылсын деп өткізетін болған. Сол сияқы қыстауға қайта көшеын кезде де малды қайтадан отпен аластап, бойындағы бәле-жаладан тазалау ырымын жасап отырған. Әр түрлі әдет-ғұрыптарға құрбандыққа малдың әр түрін қолданған. Әсіресе малдың түр-түсіне ,жасына үлкен мән берген. Қазақ шұнақ лақ пен қоңыр тоқтының басқа малға қарағанда, әсіресе, құрбан шалғанда маңызы болар болмас. Боз қасқа, ақ сарбас қойларды сою құрбандық бергенде кең таралған. Ертеде әскерден оралған бауырларына немесе көптен күткен мұрагер бала дүниеге келсе және тағы басқа үлкен қуанышты күндерде ақ түйені сойған. Малдың көкшіл, сұр түстісін қазақтар бақыт пен байлықтың ырымы, қожайынның құты деп жорыған. Малдардың егіз табуына байланысты әдет-ғұрыптар өте қызықты. Ұсақ малдардың егіз тапқанына қазақ малшылары қуанған. Ал ірі малдың егіз табуын жамандықтың нышаны деп білген. Егер ірі қара егіз тапса, бір сыңарын туысқанына не көршілеріне берген. Мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін ең жауапты науқан малдың малдың төлдеу маусымы. Қазақ халқында оған байланысты көптеген ырым сенімдер қалыптасқан. Бұл соқыр сенімдердің көпшілігі – магиялық сипатта. Қазақ жерінің қай түпкірінде болсын, мал төлдей бастағанан-ақ қан шығармайды, яғни етті алдын-ала қамдап алады. Халық сенімі бойынша әдейі сойылған әдейі сойылған малдың қаны тағы да қан тілейді, яғни, малдың өліміне, жетіміне себепкен болады. Қазақ малға көзге тимесін деп, бөтен адамдарға көрсетпейтін және мал арасына жібермейді. Сондай-ақ малдың санын ешкімге айтпайды. Ботаға ,құлынға жеті тас (қара, ақ түсті тастар) салынған үш бұрышты тұмарша тағып қоятын. Өте әлсіз нәзік ботаны ел көзінен тыс жерде, ши құрсаудың ішінде ұстаған [2, 254-256].

Ә. Төлеубаев зерттеулерінде жылқының, сиырдың егіз, ешкінің үш лақ тапқанын жаман ырымға жорыған дейді. Әдетте қазақтарда бұндай жағдай отбасындағы біреудің өліміне көрінеді деп түсініп, олардан құтылуға асыққан екен. Шығыс қазақтары егіз туған биенің құлындарын жазғытұрым тасып жатқан өзеннен өткізген, екі құлынның біреуі ағып кетсе кеселден құтылдық деп есептеген болса, ал Батыс қазақтары көпшілік жағдайда егіз құлынның екеуін өлтіріп тастап, не болмаса біреуін беріп жіберген екен. Сиырдың төлі бұзау. Сиыр бұзаулағанда өзі жалап, ауыздандырады екен. Бұзау тез орнынан тұрып кетеді. Сиырға өз шуын жегізбеген, сүт шықпай қалады деп есептеген. Төрт түліктің әрекет-қылығына қарай ауа-райын болжау. Халқымыз ертеден-ақ ауа райын бақылаудың қарапайым әдіс, тәсілдерін білген. Кешкі уақытта малдың бәрі бағытта күйсеп жатса, келер күні сол жақтан боран тұрады. Жылқы –бір жылдық, қой- жарты жылдық, сиыр-2-3 күндік өзгеріс, құбылыстарды болжай алады. Төрт түлік төресі түйе осы күні түнде еркін жиі жыбырлатып шықса, жылқы оқыранып жұтынар болса, қой қораға алшақтай басып, еркін кірсе, онда бұл жылғы көктем ерте шығады, ал дәл осы күні қар жауып, қой құмалағы қар үстінде шашылып батпаса, онда көктем 40 күн кеш туады деп жорамалдаған. Жаз айында жылқы топталып жайылса, онда қыс жылы да, ал шашырап жайылса, онда қыс қатал болады деп жорамалдаған. Сәуірде жылқы ықтаса, алдағы қыс қатты болады. Жылқы жаз айында түсік тастаса, алдағы қыс қатты болады. Жылқы қарға аунаса, күн жылы болады, сілейіп тұрса аяз түседі деп болжаған. Сондай-ақ қазақ халқының мал ауруын емдеудегі наным-сенімдері болған. Қазақтардың барлық жерлерде 4 түлікке бірдей келетін өте ауыр жұқпалы індет сибір язвасы. Түйе мен жылқыда “жаманда”, ірі қара малда “қара талақ”, “ошақ”, қойда “топалаң”, ешкіде “кебенек” деп аталады. Топалаң болған қойдың ынжығасы түсіп, құлағы салбырап тұрады. Сондықтан оның індеті құлағынан болған деп, қойдың бір құлағын түбінен кесіп алып, “ бастан құлақ садаға” деп қойдың басынан үш айналдырып лақтырып жіберетін. Топалаң тиген қойды емдеу кейде ислам дінінен бұрынғы отқа табыну ғұрпына негізделген. Оның бір көрінісі – құрым киіз күйдіріп қой қораны отпен аластау немесе кешке таман арасы арқан бойындай болып лаулап жанған екі оттың арасынан топалаң тиген қойды қорасымен айдап өткізу. Отқа ерекше күш беру үшін оны алаулатып, уыстап тұз шашып, сатыр-күтір еткізіп қояды. Жалпы көшпенді елдің өмірі мен тіршілігі мал өсірумен тығыз байланысты болғандықтан, олар тіршілік еткен ортада меншікті мал өсіру мен одан өнім алуды халықтық жолдармен тәсілдер арқылы қалыптастырған. Ежелден ақ өнімділігі жоғары, дені сау болатын малдың тұқымын өсіру ісіне аса көңіл бөлген. Мал тұқымын асылдандыру белгілі халықтық ережеге сай жүргізілген. Мал өсірудің дәстүрі бойынша мал тұқымын асылдандыруда малдың мына белгісіне көңіл бөлінген: сыртқы пішіне мен тұрқы, бейімделгіштігі, өсімталдығы. Ал өсіру әдістері бірнеше түрмен жүрген: таза тұқымды, салалап және туыстық әдістерімен. Таза тұқымды әдіс бойынша-бір тұқымдас малдарды қосақтап, аталығы мен аналығы бір малдардың ұрпағынан алынады. Салалап өсіру әдісі бойынша ұзақ уақыт бойы таза тұқымды мал өсіруде малдың тұқым қуалаушылық қасиеті жоғарылап, тұқымдас біртектілік пайда болады. Салалап деген-малдың белгілі бір тән белгілері мен қасиеттерін айқындайтын туыстық тобы. Ал туыстас өсіру бойынша малдың жаңа тұқымын шығарудың маңызды әдістерінің бірі.

1. Асан Бахти. Шумерлер Скифтер Қазақтар. – Алматы: Көшпенділер баспасы, 2003.
2. Кенжебекова А.С. Мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар.
3. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XXвеков; Материалы к историко-этнографическому атласу.– Алма-ата: Наука, 1980.
4. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.А. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы, 1998.
5. Егемен Қазақстан. I-1997

С. Сагындықова

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ САРМАТ ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ*

Солтүстік және Орталық Қазақстанның тасмолалық халқының бір қалыпты дамуы мен этномәдени бірлестігі біздің дәуірімізге қарай өзгере бастайды. Б.з.д. II-б.з. I ғғ. жерлеу рәсімдерінде мәйітті батыс және солтүстік-батыс бағытта жерлеу оңтүстікке қарай өзгеріп, ақымды-катакомбалы жерлеу түрі орын алады. Солтүстік Қазақстанда салтаттылардың жерлеу орындарының көбеюі б.з.д. I мың жылдықтағы тарихи жағдайдың көрінісі болып табылады. Көшпелі сармат, ғұн, юэджи тайпаларының күшейген конфедерациялары Орталық Азияның бай жер шаруашылық аудандарына бет алады. Қозғалысқа түскен жазық дала бәріне бірдей шаруашылық түрлерін таратты, ол тіптен алыстағы солтүстік шекараларға дейін жетті. Салтаттылардың жерлеу орындары қатарында Красный Яр сынды жекелеген бай қорғандардың

болуы, Сібір коллекциясындағы мағлұматтар Тобыл мен Ертіс аралығында, Батыс Сібірдің орманды-далалы және Солтүстік Қазақстанның далалы аймақтары да бұл жағдайға араласқандығын көрсетеді [1,131 б.]. Осы кезең бойынша мәліметтердің болуынан Қазақстанның солтүстік өңіріндегі сармат кезеңінің толық көрінісін көре алмаймыз.

Қазақстанның солтүстігінде б.з.д. II-б.з. I ғғ. жататын 17 қорған зерттелді. Қорғандардың хронологиялық шекаралары табылған ерекше қару-жарақ түрлеріне байналысты мерзімделеді. Орталық Азияның ақымды-катакомб мәдениетінде кездесетін сақиналы сапты қанжарлар (б.з.д. II- б.з. I ғғ.) Қоңырсу тоғайының 1 қорғанынан табылған болатын. Үлкен шығыңқылмекті темір сақиналы тоға және б.з.д. IV-II ғғ. жататын кешендерімен ұқсастықтары бар бүкір пышақ ерте сармат уақытына жатқызылып, қорғанның уақытын анықтауға мүмкіндік берді [2, 71б.]. Бұл уақыт аралығындағы екі қорғанның (Сарқара, 5 қорған; Тасмола, 36 қорған) бұйымдарында уақытты анықтайтын заттар табылған жоқ. Олар осы топқа катакомбты жерлеу орындары мен мәйітті оңтүстікке бағыттау белгілері бойынша қосылды. Уақытын анықтауда керамика көмекші болады. Ернеуі бар ыдыстардың кездесуі Сарқараның 5 және Тасмоланың 36 қорғандарын б.з.д. IV-II ғғ. мерзімделетін Солтүстік Қазақстанның (Жалтыр, Явленка 5 қорған, Берлік қорған) қорғандарымен жақындастырады. Осы жағдай Солтүстік және Орталық Қазақстанның заттай мәліметтері үлкен ыдыстардың ернеулері болғандығын көрсетеді. Олардың екеуі басқа жерден алынған арнайы шығырда жасалған (Тасмола, 36 қорған) [2, 73б.]. Мұндай ыдыстың жалғыздан кездескен үлгілері Орта Сырдария бойынан табылған (Жаман-Толағай қорымы, 9 қорған) болатын.

Б.з.д. II-б.з. I ғғ. аралығын бір шұңқырда әр түрлі уақыттарға жататын екі жерлеу орыны бар Сарқараның төрт қорғаны аяқтайды. Мәйіттердің астыңғысының басы оңтүстікке, ал үстіңгісінің басы солтүстік-шығысқа қаратылған. Төменгі жерлеу орнының уақытын шегелі жебе ұштары мен басқа жақтан әкелінген түбі жалпақ, ұстайтын құлағы бар құмыра анықтайды. А.М. Мендельштам б.з.д. II - б.з. I ғғ. жатқызған Солтүстік Бактрияның Тұлхар қорымында кездесетін құмыра аналогиясы болып табылады. Б.А. Литвинский мен А.В. Седовтар бұл көзқараспен келіспеді, олардың пайымдауынша қорым б.з. I-II ғғ. мерзімделіп, тек ең ертелері б.з.д. I ғ. пайда болған [2, 71б.].

Сарқара тоғайының 3 қорғаны мен Жабай-Покровка қорымының 32 жерлеу орынуақыттары темір қанжарлары арқылы анықталып, б.з.д. I-б.з. I ғғ. кезеңделеді. Сарқараның 3 қорғанындағы қанжарының жетесі тік бұрышты болуы оны орта сармат кезеңіне жатқызуға мүмкіндік береді. Алайда Жабай-Покровка 32 жерлеу орынындағы қанжардың жетесі болмаса да ерте сармат кезеңіне жататын басқа белгілері арқылы анықталды [2, 72б.]. Екі қорғанда да темір заттардан басқа садақ пен салт аттылардың семсерлеріндегі сүйектен жасалған бөлшектер кездеседі. Мұндай қарулардың пайда болуы Еуразия далаларындағы кейінгі сармат дәуірінде басталады. Бұл белгілер мен жерлеу салтының сипаттамасы бойынша ерте сармат дәуірінің кейбір қорғандарының пайда болу уақытын анықтауға болады. Қазіргі уақытта Қостанай облысында №102, 138 Надеждинка 4, Бестармақ қорымының жерлеу орындары, №7, 8 Халвай қорғанының, Кеніш 3 қорымының №1 қорғаны, Нұрзым қорғанының, Лисаковский қорымының №2 қорғанының жерлеу орындары сармат ескерткіштеріне жатқызылады [3, 134б.]. Торғай даласының савромат-сармат кезеңі нашар зерттелген. Археолог ғалымдар бұл ауданның ескерткіштерін зерттеу керектігін бірнеше рет баса айтқанымен әлі де көлемді жұмыстар жүргізіліп жатқан жоқ. Бестармақ қорымы Қостанай қаласының оңтүстігінде 150 км жерде орналасқан. Батыс қабырғасында ақымы бар №102 қабірдің тереңдігі 1 м, сопақ пішінді, өлшемдері 2x1, 1 м. Қабір түбінде шірінді қалдықтары кездесіп, мәйіт жартылай ақым ішінде басы оңтүстікке бағыттала шалқасынан жатқызылған. Марқұмның сол жағынан ағаш қынапқа салынған доға формалы, сабы жалпақ қола жалатылған темір қылыш астында садаққаптың ілмегі бекітулі 33-ойықтары шығыңқы, 32-үш қырлы, 4-лавр жапырағына, біреуі лавр жапырағына ұқсас үш қырлы, 9-үш қырлы ішкі ойықтары бар және тікенектері астына қаратылған қола жебе ұштары табылған [3, 135б.]. Үшқырлы жебе ұштары садаққаптың негізгі бөлігін құрайды (әсіресе үшбұрышты басымен), аздаған үш қырлы лавр жапырағына ұқсас жебе ұштары, жіңішке үшкір пышаққа ұқсас басы бар жебе ұштары б.з.д. V-IV ғғ. ерте сармат мәдениетінің белгілері болып табылады. Қылышта өтпелі кезеңнің белгілері (сабы) сақталған. Жалпақ сапты осындай қылыш түрі Батыс Қазақстандағы Сайхин станциясы қасындағы 1 қорғанның жерлеу орынында табылса, ал б.з.д. IV ғ. жататын сабы жалпақ, жетесі қысқа әрі сәл майысқан ақинақ Орск жанындағы Жаңа Құмақ қорымының 13 қорғаны мен Лебедевқа VI қорымының 25 қорғанының 2 жерлеу орнынан табылған қылыштың жалпақ сабы бестармақтыққа ұқсас болып келеді [9, 25; 386б.]. Ерте прохоров кезеңіне жатқызылатын жалпақ сапты қылыштар Төменгі Еділ бойында кездеседі, б.з.д. V-IV ғғ. жататын Есіктегі қорғаннан табылған қару түрі де осыларға ұқсас. Қарастырылып отырған қылыш түрі ерте

сармат кезеңіне тән. Осы тектес қылыштар б.з.д. IV ғ. жататын Рычковки 1 тобының 2 қорғанындағы 1 жерлеу орны мен Еділ – Дондағы Яковлевка қорымындағы 3 қорғанындағы 1 жерлеу орны, б.з.д. V-IV ғғ. ұқсас қанжарлар Иманғазы-Қарасу қорымының 3 қорғанының 2 жерлеу орындарында кездеседі. [3, 135б.]. Қазіргі уақытты осы қылыштар тектес қару түрлері кездеспейді.

Б.з.д. VI-V ғғ. сармат дәуірінде Орал – Қазақстан далаларында, Оңтүстік Сібірде, Еділ – Орал бойында ақымды жерлеу түрлері көбейеді. Бұл ғұрып түрі ерте сармат дәуірінде кеңінен кездесіп, жерлеу рәсімінің басты белгісі болды. Жерлеу камерасының түбінде табылған шірінді марқұмның астына салынған төсеніш болуы мүмкін, мұндай төсеніш түрлері сармат жерлеу орындарында кеңінен кездеседі. Зерттеліп жатқан жерлеу орны ерте сармат мәдениетінің басына б.з.д. V-IV ғғ. жатады [3, 136б.]. Бұл ескерткіш ерте сармат кезеңінің ерте ескерткіштерінің бірі, қарапайым жауынгер жерленген жерлеу орны ерте сармат мәдениетінің қалыптасып келе жатқан басты элементтерін көрсетеді. Екі қорғаннан тұратын Кеніш 3 қорымы Лисаковск қаласынан 7 км жерде орналасқан. Бірінші қорған топырақтан үйіліп, диаметрі 25 м, биіктігі 1,25 м, қорғанның сыртында диаметрі 31 м, ені 1 м, тереңдігі 0,95 м жететіндей ор бар. Қорған үйіндісінде ағаш құрылыстың іздері сақталған. Қорғанның ортасында СБ-ОШ бағытталған 40 см тереңдікте тікбұрышты формалы, дөңгелек қырлы, өлшемдері 4,25 x 3,25 м болатын дақ табылды. Тереңдігі 1,9 м жерде солтүстік-батыс шұңқырда шалқасынан басы оңтүстік-батысқа қаратылған екі қаңқа шықты. Мәйіттердің астында және шеттерінде шіріндінің белгілері бар, оларды шартты түрде «оңтүстік» және «солтүстік» деп атайды. «Оңтүстік» мәйіттің бас сүйегі табылмады, бірақ мойын тұсынан тіс табылғандықтан басы қойылмаған деп айтуға болмайды, сол аяғы тізесінен бүгүлі, ал оң аяғы түзу жатыр. Жамбас сүйегі мен қабырғалары тұсынан екі темір тілімше, сол жағынан 50 дана тот басқан жебе ұштары және оң жағынан сабының бітерұшықошқар мүйіз тәріздес тік балдақты қылыштабылды. Мәйіттің оң иығының тұсында және астында ойықты үш қырлы жебе ұштары шықты [4, 376-381бб.]. Еділдің ар жағындағы Красноселец 6 екінші қорғанында және Оңтүстік Орал бойындағы Барбасу III қорымының 7 қорғанындағы 6 жерлеу орындарында ерте сармат дәуірлеріне жататын сабының бітер ұшы қошқар мүйіз тәріздестік балдақты қылыштардың аналогиялары кездеседі. Осындай үш қанжар Покровка қорымынан табылып, б.з.д. III-I ғғ. жатқызылды [5, 61-64бб.]. Қарастырып отырған жәдігерлер Еуразия даласының ерте сармат дәуірінің ескерткіштеріндегі қару түрлерінің аналогиясы.

Бестамақ қорымының № 138 жерлеу шұңқыры меридианды бағытталған өлшемдері (4,27 x 2,55 м, тереңдігі 1,3 м), батыс қабырғасында ақымы бар тікбұрышты формалы болып келеді. Жерлеу шұңқырының жан-жағында 0,7 м тереңдікте диаметрі 24 м болып келетін ор табылып, 0,7-0,95 м тереңдікте бір-біріне қарама-қарсы жатқызылған сырғауылдардың жұқа дөңгелек пішінді қалдықтары ашылды. Жерлеу орны топтық жерлеуден тұрды, төрт мәйіт шалқасынан бір-біріне аяқтары қаратылып жұп бойынша жатқызылып, екі ер адамның бастары оңтүстік-шығысқа қарай бағытталып қойылса, ал қалған екі әйел адамның бастары солтүстік-шығысқа бағытталып жерленген. Әр мәйіттің жанында жерлеу зембілдерінен қалғанағаш шірінділер және мал сүйектерінің бөлшектері табылды. Жерлеу шұңқырының ортасында түбі таяз, биіктігі 28 см келген үлкен өлшемді, биіктігі 18,6 см түбі тайқы екі мәйіттің аяқ жағына үш керамикалық (екеуі бүтін) және үш ағаш ыдыстар салынды [3, 135б.]. Кесте түрінде қола сыммен жөндеу жұмыстарын жүргізген іздер бар ағаш ыдыстардың шірінділері ғана сақталған.

№ 1 жерлеу орнында сауыт қалдықтары табылды. Сол жағынан ұзындығы 1,19 м болатын сақиналы сапты және тік жетелі темір қылышпен жамбас сүйегінің арасында үш қырлы шегелі жебе ұштары жатты, оң жағынан сақина сапты және тік балдақты темір қанжар салынған. Мәйіттің қасында: қозғалмалы тілшесі бар темір тоға, екі тік бұрышты белбеу қалдықтары және екі кішкентай күршек жатты. № 2 жерленген адамның оң иығында бір қола жебе ұшы, ал аяқ табандарының арасында үш және төрт қырлы астына қаратылған тікенеңтерімен бес қола жебе ұштары мен темір пышақ қойылған. № 3 жерлеу орнында қара тас және *меруерттен істелген* моншақтар табылды. Бассүйегінің артында шұңқыр қабырғасында төртбұрышты керамикалық моншақ және қайыңның қабығынан жасалған қаптың ішінде қола айнаның бөлшегі жатты [3, 135б.]. Бұл белгілер сарматтардың дәстүрлі ерекшеліктері қатарына кіретіні даусыз. Қыз жерленген № 4 жерлеу орнында иықтың оң жақ үстінде түбі үстіне қаратып салынған кішкентай қызыл саз-балшықты бір құлағы сынған ыдыс жатты. Сол қол жағында керамикалық ұршық табылды. Сонымен қоса өліктің қасында меруерттен жасалған құлпырмалы шыны тәріздес дөңгелек тастан және бір фаянс моншақтар шықты. Сармат әйелдерінің жерлеу орындарында айнарлардың әдейі сындырылған түрі мен бүтін түрлері немесе бір бөлшегі ғана жерленген. Шыны тәріздес және тас моншақтар да сармат жерлеу орындарында жиі кездеседі.

Қарастырылып жатқан жерлеу кешенін А.В. Логвин мен И.В. Шевнина зерттеген. Ескерткіш дәстүрлі сармат дәуірінің элементтерімен қатар белгісіз, қызығушылық туғызардай элементтерге толы. Ақымды жерлеу камерасы, оңтүстікке бағыттау, бордың молаға салынуы ерте сарматтық прохоров мәдениетінің дәстүрлерін көрсетеді. Мәйіттердің астында ағаш шірінділерінің болуы оларды зембілге салып жерлегендерін көрсетеді. Бұл дәстүр кейінгі прохоров кезеңіне тән. Б.з.д. III-I ғғ. сармат мәдениетінің ескерткіштерінде айна сынығын салу дәстүрі болған [3,141б.].

Бұл жерлеу орынында ерте сармат жерлеу рәсімдерімен қатар ерте сармат кезеңіне тән емес белгілер де кездеседі. Осы белгіге оңтүстік-батыс жағынан ағаш «көпірлі» үлкен көпірдің болуы жатады. Мұндай орлар Арал бойының Жетіасар мәдениетінде кездеседі. Ордың ішінде күл мен жануарлар сүйектерінің кездесуі ордың о дүние мен бұл дүние арасындағы қақпаның рөлін атқаруы мүмкін. Ордың ішіндегі жануарлар сүйектерінің арасынан иттің де сүйектерінің табылуы ит пен өлілер әлемі туралы түсініктер болғандығын көрсетеді. Ит марқұмның соңғы іс сапарына, өлілер әлеміне шығарып салушы немесе өлілер қақпасын қорғаушы болуы мүмкін. Иран халықтарында ит мифо-рәсімдік жүйенің басты бөлшегін құраған. Ағаш көпір о дүние мен осы дүние арасын байланыстырушы ретінде қызмет көрсеткен болуы керек. В.С. Ольховскийдің пайымдауынша, ор өзінді немесе тұңғықты көрсетуші болуы мүмкін. Үндірандық, алтайлық, үнділік, скандинав халықтарының ертедегі сенімдері бойынша осы кедергіден өту үшін көпірді қолданған. Осетиндіктер марқұмның о дүниеге кетуі кезінде кедергілерден өту үшін жалпақтығын өзгерте немесе көпірге айналып кете алатын бөренелерді қолданған [3,141б.]. Мәйіттердің әр түрлі жақтарға бағыттанып жатқызылуы қызығушылық тудырады. Ерте сармат кезеңінің соңына қарай солтүстікке бағыттау орын ала бастайды. Әсіресе мұндай жағдайлар Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Қара теңіз жағасындағы жерлеу кешендерінде орын алады. Солтүстікке бағыттау Еуразия даласының шығыс көшпелі тайпаларында кеңінен таралған. Қарастырылып жатқан жерлеу орындарының бағытталуы б.з.д. II-I ғғ. Бұқар ауданындағы «валет» әдісі бойынша екі қаңқа (біреуінің басы оңтүстікке, екіншісінің солтүстікке бағытталуы) жатқызылған жерлеу орнына ұқсас келеді [3,141б.].

Халвай 3 қорғанының 7, 8 жерлеу орындары Қостанай облысының Таран ауданының Халвай аулынан 7 км солтүстік-шығыста орналасқан. Қазба жұмыстарын 2009-2010 жылдары А.В. Логвин бастаған ТАЭ жүргізді. №7 қорғанының жартысы судың салдарынан нашар сақталған. 0,1 м тереңдікте 40-50 жас аралығындағы ер адамның қаңқасының астыңғы жағы анықталды. Сол қолы жамбасына қойылған шалқасынан жатқызылған мәйіттің сол аяғының тұсында ыдыс және ірі жануардың омыртқа сүйегі мен пышақ табылған. Ыдыс б.з.д. V-IV ғғ. сармат кезеңінің Оңтүстік Орал бойы ыдысына ұқсас. №8 жерлеу орны №7 астында жатыр. Әйелдің қаңқасы шалқасынан басы оңтүстікке бағытталған, аяғының астында жануардың қабырғасы табылды. Жерлеу рәсімі бойынша оны ерте темір дәуіріне жатқызуға болады, бірақ, ерте сармат мәдениетіне жататыны белгісіз [6,199-202бб.].

Надеждинка 4 пен Нұрзым қорғандары да қызықты мәліметтер берді. Надеждинка 4 Қостанай қаласынан 70 км жерде Надеждинка ауылынан 1,5 км солтүстік-шығыста орналасқан (1992 жылы В.Н. Логвиннің басқаруымен ТАЭ археологиялық жұмыстарды жүргізді). Жерлеу шұңқырында шалқасынан жатқан, басы оңтүстікке бағытталған өлік табылып, ақыреттік заттарды: тік балдақтысабы жоқ темір қанжар, қозғалмалы тілшесі бар тоғалар, сақина мен ілгіш, керамикалық ыдыс құрады. Бұл жерлеу орны б.з.д. I - б.з. I ғғ. ерте сармат мәдениетінің аяқ кезеңіне жатуы мүмкін. Ал Нұрзым қорғанын 1976 жылы барлау жұмыстары кезінде В.Н. Логвин ашып, 1977 жылы қорғанды зерттеуді В.В. Евдокимов жалғастырды. Ақыреттік заттары ретінде түзу ақымдысабы жоқ қылыш пен қанжар, керамикалық ыдыс, ұсақ мал сүйектері салынған жерлеу шұңқырында үш адам табылды. Жерлеу рәсімі мен ақыреттік заттар жерлеу кешенін б.з. I-II ғғ. жатқызуға мүмкіндік береді [7,537-538бб.].

Лисаковский қорымының №2 қорғанының жерлеу орнын 2000ж. Э.Р. Усманова жетекшілігімен ЛАЭ қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеді. Қазба шұңқырындағы мәйіт тігінен арқасына жатқызылып, басы оңтүстікке бағытталды. Мәйіттің қасында ағаш қоршаудың қалдықтары табылды, сонымен қоса балдағы мен сабы жоқ темір қылыш, шегелі жебе ұштары, пышақ, қой сүйектерінде ақыреттік заттар қатарына кірген [8, 2-4бб.]. Қарастырылып жатқан жерлеу орны б.з. I-II ғғ. орта сармат кезеңіне жатады. Қорғаннан шыққан заттар бұл қорғанның сармат уақытына жататындығына күмән туғызбайды.

Азиялық далалардың оңтүстік бөлігіндегі көші-қон үдерістерінің басталуы Солтүстік Қазақстан далаларындағы халық санын азайтты, жергілікті халық экологиялық және табиғи-географиялық жағынан тиімді аудандарға орнықты. Осындай аналогиялық жағдайды Батыс Сібірдің орманды-дала зонасы басынан кешеді.

Қарастырылған ескерткіштер сармат этно-тарихи қоғамына жататын ерте және орта сармат

кезеңдеріндегі жерлеу орындары. Солтүстік өңірден ғұн-сармат кезеңдеріне жататын екерткіштердің ашылуы қуантады, бірақ бұл салада әлі де археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуі қажет.

* Мақала 1038/ГФ4 Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу атты ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды

1 Свиридов А.Н. Гунно-сарматская эпоха Казахстана: проблемы методологического изучения // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011. – С.127-133.

2 Хабдулина М.К. Степное Приишимье в эпоху раннего железа. – Алматы: Ракурс, 1994. – 170 с.

3 Сеитов А.М. Сарматские памятники Торгайской степи // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011. – 134-144 с.

4 Базарбаева Г.А., Подзюбан Е.В. Курганная группа Кеныш-3 // Топорковские чтения. – Вып. 3. – Рудный: РИИ, 1997. – С. 376–381.

5 Сеитов А.М. Наконечники стрел скифо-сарматского времени торгайских степей // Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. – Т. II. Астана: Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2013. – 61-64 с.

6 Логвин А.В., Шевнина И. В., Сеитов А.М. Сарматские материалы с кургана Халвай 3 // Маргулановские чтения-2012: Материалы ежегодной научно-практической конференции. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2012. – 199-202 с.

7 Логвин В.Н. Работы в Наурзумском заповеднике // Археологические открытия-1978. – М.: Наука, 1979. – С. 537-538.

8 Усманова. Э.Р., Сулов А.С. Археологические исследования могильника Лисаковский в 2000 году. – Караганда-Лисаковск, 2000. – 224 с.

9 Железчиков Б.Ф., Клепиков В.М., Сергацков И.В. Древности Лебедевки (VI-II вв. до н.э.). – М.: Вост. лит., 2006 г. – 159 с.

Б. Қалнияз

«MUSEOLOG» БАҒДАРЛАМАСЫН ИГЕРУ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ

Қазіргі заманғы музей ісінде музей құндылықтарының интерпретациялануы және интеграциялануы, сондай-ақ әлемдік ақпараттық кеңістікте орналасуы маңызды болып табылады. Орталық Азия аймағында 1997 жылы «HeritageNet» жобасы басталды. Бір жылдан соң 1998 жылы өткен Еуразия-онлайн (желісі) атты конференцияда Орталық Азия мемлекеттерінің мәдени мекемелеріне: кітапханалар мен мұражайлар және басқа да мәдени орталықтар, мұраларын, жаңа сандық жүйеде, веб жарияланымдар арқылы қолданысқа ендіруге әкелген, нәтижелі ортақ идеяғы келді. Сол уақытта сирек кітаптар, этнографиялық, археологиялық және антропологиялық артефактілердің жеке даналарын (отдельные экземпляры) ендіру басталды.

«Museolog» еркін бағдарламалық жасақтама Орта Азияның бас музейлері жүзеге асырған жобасының қорын, 1998 жылы ЮНЕСКО әзірледі. Алматыдағы ҚР Мемлекеттік Орталық музейі және Қырғызстандағы тарихи музей бағдарламалық жасақтаманы Еуропалық одақтың IST зерттеу және дамыту жөніндегі бағдарламамен қаржыландырылған жобаның шеңберінде тестілеуге арналған тірек орны болды. «Museolog» бағдарламасы «Heritage Net мұралар желісі» жобасының жалғасы болып табылады. Бұл жоба Орталық Азия елдерінің тарихи, мәдени және табиғи мұралары жөніндегі виртуалды музейлердің телекоммуникациялық желісі. 2002 жылдан бастап бағдарламалық жасақтама Коммуникация және Ақпарат бағдарламасының шеңберінде Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік кеңсесінің қолдауында болды. Бағдарлама Интернет-қосымшаларға арналған тілдердің ішіндегі ең атақты тіл JAVA тілінде жазылған. Бұл тілмен арнайы бағдарламалық қамтамасыз да пайдалануға болады. 5-ші және одан кейінгі нұсқаларындағы Internet Explorer-дің браузері болса жетіп жатыр, себебі ол JAVA-сценарилер өңдеушісін қолдайды. Тиімді жүйелендіру – есеп, идентификация, музей заттарының каталогизациясын және ғылыми-зерттеу жұмысын қамтамасыз ететін ғылыми-ұйымдастырушы қор жасауға «Museolog» септігін тигізеді [1].

«Museolog» – музейлар топтамаларының ақпараттық каталогын, яғни электронды каталог жасауға негізделген компьютерлік бағдарлама. Бұл құралдың көмегімен музей төмендегі тапсырмаларды жүзеге асырады: музейға тиісті топтамаларды сақтау; топтамаларды басқару мен есепке алу; қоғамның, топтамаларды көруін қамтамасыз ету; басылымдардың жариялануы.

Museolog» бағдарламалық жасақтама білім беру үрдісіндегі жаңа әдістерді ғаламдық білім жүйесіне музей білімдерін біріктіру арқылы, мектеп және университеттердегі компьютерлерді, ұялы телефондар мен жаңа әдіснамалық материалдарды қоса отырып, жаңа заманымыздағы ақпараттық тасымалдауыштардың көмегімен мәдени мұраны сақтай отырып қалыптастыруға ықпалдасады. Музейді каталогтандырудың басты себебі – мәдени мұраларды заңсыз пайдалануға әсер ету. Бұл Object ID стандарты ретінде жүзеге асырылды. Object ID өрістерінің көбісі Музеолог өрістерімен қатар жүргізіледі. Музеолог жүйесіндегі Object ID мекемелерге, қоғамдар мен жекелеген адамдарға антиквариат және өнер заттары туралы бірінғай құжатты қалай жүргізіп, заңсыз тасу мен ұрланған жағдайларда қалай іздеп, олардың бөлшектері бұзылып, зақымданған кезде қалай қайта жөндеу керек екендігін түсінуге көмектеседі. Object ID жүйесінде музейлік өнер құндылықтарының тіркеу коды немесе карточкасы орналасқан. Жүйенің жобасын 1993 жылы өнер және мәдени мұраға көмек көрсететін мекемелердің бірі – Дж. Пол Гетти қоры ұсынды. Қор 1997 жылы ресми түрде енгізілген стандарт жасап шығарды. Бұл стандартқа сараптама жиналыстарының, тәжірибелік іскерліктің халықаралық көрсетілімінің нәтижелері, құқық қорғаушы органдармен, кедендік қызмет пен музейлермен, мәдени мұра институттарымен, сақтандыру компанияларымен, өнер заттарын сату, сатып алу, бағалаумен айналысатын ұйымдармен жүргізілген кеңестер нәтижелері енгізілген. Қазіргі уақытта Object ID ның бүкіләлемдік әкімшілік құқықтарын ИКОМ иеленген [2].

Object ID стандарты – ЮНЕСКО Музеолог бағдарламалық жасақтамадағы музей объектілерінің материалданған сауалнамасына, ұсыныстарына сәйкес. Бұл сонымен қатар, қауымға Музеолог өнімдері жайлы ақпарат беру, қоғам игілігі болып табылатын ашық каталогты жариялау жолымен музей мекемелеріндегі жемқорлықтың төмендеуіне әсер етеді.

Қазіргі уақытта музейлердің сұранысына сай бағдарламалық жасақтаманы жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда ҚР Мемлекеттік орталық музейі «**Museolog**» бағдарламасын енгізу мен қолдану бойынша үйлестіруші әрі кеңесші орталыққа айналып отыр.

«**Музей қорының Электрондық каталогы**» мәліметтер дерекқорының жасалуының зерттеудегі, отандық тарих пен мәдениетті сақтау мен оның көпшілікке таратуда тәжірибелік мәні зор.

«**Museolog**» сандық каталогын іске қосу мен жұмыс істеу келесідей түрде жүреді. Ғаламтор желісінде Internet Explorer немесе Mozilla браузерлерінде мына адресстерді тереміз музейде орнатылған Музеолог сервері: <http://192.168.1.4:8080/Museolog/> немесе ЮНЕСКО-да орнатылған орталық сервер: <http://www.unesco.kz/museolog>.

Құрылымдалған жазбалар: Артефактілерді (бейнелеу, декоративті, халық өнері мен дәстүрі, этнологиялық жинақтар, көліктендіру), археологиялық заттар немесе ғылыми-жаратылыстану жинақтар заттарын сипаттауға байланысты жазбалардың түрлі құрылымы болады. Заттардың үш үлкен топқа жіктелуі мына себептермен түсіндіріледі, заттың шығу тегін анықтау мынаған байланысты: биотоп немесе геологиялық формациядан алынған табиғи шығу заты туралы немесе археологиялық артефакт, тарихи заманның артефактісі туралы сөз болса. Әрбір жазбада ондаған сипаттама өрісі болады. Олардың кейбіреуінде факультативті, басқаларында міндетті ерекшеліктер болады, яғни сипаттама өрісінің болуы жазбаны толықтығына қажет. Сипаттама өрістері топтарға бөлінген, олардың әрқайсысы каталогтың негізгі функцияларының біреуімен (жиынтықты басқару, ғылыми және көркем сипат, сақтау және т.б.) байланысқан мәліметтерге сәйкес келеді. Толық жазбаны көрген жағдайда мәліметтер осы топтарға бөлінген түрде ұсынылады. Жазбаның әр түрінің келесі топ түрлері бар:

Артефакттерді жазу: жинақтарды басқару – бұл топта жинақты басқаруға қажетті мәліметтер бар: заттың сәйкестендірілген нөмірі, қазіргі орны, зат иесінің есімі, алынған әдістері, т.с.с; белгіленуі – зат немесе санат атауы, аты (атау бар туынды үшін), жинаққа қатысты болған жағдайда, жинақ немесе оның құраушы бөліктерінің нөмірі; сипаты – заттың физикалық, эстетикалық, этнологиялық сипаттамасы; консервация – заттың физикалық жағдайы туралы, қайта жөндеуі мен консервациясына қатысты амалдар жайлы мәліметтер; тарихи анықтама – заттың тарихы жайлы мәліметтердің жиынтығы: авторы белгілі болса, шығу мерзімі немесе кезеңі, шыққан орны; құжаттарды басқару – бұл топта түгендеуге алынған заттар емес каталог жазбасына және оған сәйкес сандық суреттерге қатысты мәліметтер бар; библиография – библиографиялық мәліметтер.

Археологиялық заттардың жазбасы: жинақты басқару; белгілену; сипаттау; кертартпа; пайда болуы (зат табылған археологиялық қазбалардың нақты географиялық орны); мерзімдеу (мәдени кезеңі (егер белгілі болса), мерзімдеудің техникалық әдісі); библиография; жинақты басқару.

Ғылыми-жаратылыстану заттарының жазбасы: жинақты басқару; пайда болуы (заттың табылған орны жайлы мәліметтер); анықтама мен сипаттама (бұл санаттың өрістері құрылған, әрине, табиғи

объектілер сипатының есептемелеріне байланысты);кертартпа;құжаттарды басқару.Жинақты басқару тобы заттың санатына қарамастан, барлық жазбаларда болуы туралы айта кеткен жөн. Бұл топтың өрістері барлық санатқа ортақ бола тұра артефакттерді, ғылыми-жаратылыстану және археологиялық заттарды біріктіруші көпжоспарлы жинақтармен басқаруға мүмкіндік береді.Дерекқорға енгізілген жазбаны өңдеп отыруға болады.

Жазба экспорты.

1. Дерекқорға бірнеше экспонат енгізілгеннен соң нұсқаны сақтаған жөн. Бұл үшін бас мәзірден «Жазба экспорты» бұйрығын таңдаймыз. Экспорт айтарлықтай ұзақ болады (уақыт мәліметтер дерекқорындағы жазбалар санына шамалас), сондықтан «сыртқы тәртіпте» орындалады.

2. «Менің жұмыс кеңістігім»: «жазбаны экспорттаудың нәтижесі» жолын таңдаймыз.

3. «Жазбаларды экспорттаудың нәтижесі»: «экспорт файлын көшіріп алу» жолын басамыз.

4. «Файлды жүктеу» терезесі: «Сақтау» батырмасын басамыз.

5. Сұхбаттық терезеден архивті жайлды сақтауға арналған папканы таңдап, атын енгіземіз: «Сақтау» батырмасын басамыз.

Жазбаны импорттау.

1. «Көру» батырмасын басу арқылы экспортталынған жазбалары (export.zip) бар файлдың жолын көрсетеміз. Экспортталынған файл Музеолог 4.3 және одан жоғарғы нұсқаларымен жасалғанын қадағалаңыз.

2. «Файлды таңдау» терезесіндегі «Қалта» жолында (export.zip) файлына жолды көрсетеміз. Мысалы, E:\museolog\backup_CSMRK\export.zip.

3. «Жазбаны импорттау» терезесіндегі «Файлды таңдау» жолына E:\museolog\backup_CSMRK\export.zip жолын жазып, «импорт» батырмасын басамыз. «Жазбаны импорттау іске қосылды». Импорттау үрдісі аяқталғаннан соң сіз импорттау нәтижесін өз жұмыс кеңістігіңізде көре аласыз.

4. Жазбаны импорттау нәтижесін көру үшін «Менің жұмыс кеңістігім» терезесіндегі «Жазбаны импорттау кезіндегі қателіктер» жолын басамыз [3-4].

Кескіндермен жұмыс. Музей жинағына кіретін барлық заттар суретке түсірілуі керек. Зат қажетті мөлшерде суретке түсіріліп, нөмірленген түрде архивке енгізіліп және оған сәйкес жазба толық толтырылса ғана мүлік ретінде қарастырылады. Сандық кескіндер топтаманы сақтап қалу үшін маңызды: зат зақымданған жағдайда суреттер бағаланбас көмек көрсетеді. Зат ұрланып не болмаса жоғалған жағдайда полиция немесе кеден қызметіне суреттің берілуі оның шекарадан алып шығуында, сатылуында танылу ықтималдылығын жоғарлатады. Мәдени мекемелер мен көрмелер ұйымы (уақытша қолданысқа арналған заттарды таңдау) арасындағы әріптестік үшін маңызы зор.Әрбір зат суретінің саны заттың түріне байланысты: жоспар түріндегі сандарға (кесте, қолжазбалар, суреттер), әдетте, 1 сурет жеткілікті. Екі сурет екіжақты заттарға қажет, мысалы: медальдар, тиындар.

Үш өлшемді заттарды айтатын болсақ, суреттердің саны ғылыми құжаттану мен заттың сәйкестендіруінің талаптарына байланысты. Каталогтың сандық кескіндерін жасау және олармен жұмыс істеу қарастырады: сандық суретке түсіру; компьютерге аудару; кескінді индекстеу; архивті жасау; кескінді импорттау.

1. «Көру» түймесін басу арқылы экспортталған кескіні (image.zip) бар файлдың жолын көрсетеміз.

2. «Файлды таңдау» терезесіндегі «Қалта» жолынан файл (image.zip) жолын көрсетеміз.Мысалы, E:\MUSEOLOG\backup_CSMRK\images.zip.«Ашу» әмірін орындаймыз.

3. «Жазбаны импорттау» терезесіндегі «Файлды таңдау» жолына E:\MUSEOLOG\backup_CSMRK\images.zip жазып, «Импорт» батырмасын басамыз. «Кескінді импорттау іске қосылды». Импорттаудың нәтижесін сіз импорттау аяқталғаннан кейін өзіңіздің жұмыс кеңістігіңізде көре аламыз.

4. «Менің жұмыс кеңістігім» терезесінде кескіндерді импорттаудың нәтижесін көру үшін «кескіндерді импорттау кезіндегі қателіктер» жолын басамыз.

5. Кескіндерді импорттаудың нәтижесі көреміз.

Кескіндерді қосу.

1. «Көру» батырмасын басу арқылы дискіңіздегі файлға жол көрсетеміз.

2. «Файлды таңдау» терезесіндегі «Қалта» жолынан файл (image.zip) жолын көрсетеміз. Мысалы, C:\Documents and Settings\Басқарушы\Менің құжатым\Менің суретім\CSMRK_KP_047.jpg «Ашу» әмірін орындаймыз.

3. «Кескіндерді қосу» терезесіндегі «файлды таңдау» жолына C:\Documents and Settings\Басқарушы\Менің құжатым\Менің суретім\CSMRK_KP_047.jpg жазып, «қосу» батырмасын басамыз. «Кескін топтамаға қосылды»: Нәтижені «Кескіндерді басқару» бұйрығын басу арқылы көре аламыз.

4. «Кескіндерді басқару» терезесінде кескіндерді қосудың нәтижесі көрінеді. Сонымен қатар суреттің өзін «CSMRK_KP_047» жолын басқаннан соң көреміз. Бұнда сәйкесінше суреттерді көріп, керегі жоқ кескіндерді «жою» батырмасы арқылы жоя аламыз.

Музейге енгізілген әр артефакт пен әр суреттің өзінің коды болады. Біңғайлы болу үшін артефакт пен кескін жазбасындағы кодтың алғашқы нышандары сәйкес болуы керек, бұл қолданушыға жеке графикалық файлдарды сәйкестендіріп, олардың нақты қатыстылығын анықтауда қолайлы. Сурет саны ғылыми құжаттану мен зат сәйкестілігі талаптарына сәйкес алынады. Мысалы: CSMRK_KP_3232_4_01.JPG, CSMRK_KP_3232_4_01_11.JPG, CSMRK_KP_3232_4_01_22.JPG, мұндағы CSMRK – музей коды (ҚР Мемлекеттік Орталық музейі). KP_3232_4 – Музейге түскен заттардың Бас Кітабы не КП 3232/4 бойынша экспонаттың. Мұнда мүліктік нөмірлік бөлшегі болады. Екіжақты зат (медальдар, тиындар): 01 – алдыңғы жағы; 02 – артқы жағы. Үш өлшемді зат: 01 – алдыңғы жағы; 02 – артқы жағы; 03 – қырынан. 11 – зат бөлшектерінің бірі немесе 22 – зат бөлшектерінің бірі; т.с.с. Jpg – jpeg форматтағы кескіні бар файлдың кеңейтілімі.

Тезаурустар мен нормативті алфавиттік тізім (кейде нормативті тізім деп аталады). Онда топтама заттарын индекстеу үшін орнатылған терминдер. Бұл сөздіктердің ақпаратты тиімді іздеуді жүзеге асыру мен индекстеу және координацияны қамтамасыз етуде маңызы зор. **Тезаурус** – терминдердің реттелген иерархиясы. Ол түпкі терминнен басталады. Тезаурус түріне байланысты терминдер үш өзара байланысқа біріге алады: берілген терминнің нақтырақ терминмен бірігуі (ипонимді өзара бірігуі); бұрынғы жер бөлшегі болып табылатын географиялық жер атауының төмен деңгейлі жер атауымен бірігуі (географиялық өзара байланыс); физикалық зат атауының оны құраушы бөлшектер атауымен бірігуі (физикалық құрамның өзара байланысы).

«Museolog» бағдарламасының әрбір тезаурусында жоғарыда айтылған өзара байланыстардың біреуі және түпкі терминдердің біреуі ғана болады. Техникалық тілмен айтатын болсақ, Музеолог бағдарламасы тек біртұрпатты тезаурустармен жұмыс жасайды. Мысалы, ипонимдік өзара байланыстың негізінде құрылған мәдени кезеңдер тезаурусы: 00 – кезең; 01 – тарихқа дейінгі; 02 – тас ғасыры; 03 – палеолит дәуірі; 03 – неолит дәуірі; 03 – мезолит дәуірі; 02 – өтпелі кезең; 03 – чалколиттік; 03 – энеолиттік; 03 – кейінгі неолиттік; 02 – қола дәуірі; 03 – ерте қола дәуірі; 03 – орта қола дәуірі; 03 – кейінгі қола дәуірі; 02 – темір дәуірі; 03 – ерте темір дәуірі; 03 – орта темір дәуірі; 03 – кейінгі темір дәуірі, т.с.с.

Жазбаны іздеу. «Қолданушы тәртібінде» сіз артефакттерді әртүрлі санат бойынша іздеп, ақпаратты өзгертіп, көріп, орналастырып немесе жоя аласыз. Бас мәзірден сіз «іздеу» жолын таңдағаннан соң басқа терезе пайда болады. Онда жазбаны бір немесе бірнеше параметрлер бойынша іздей аласыз (атауы, материал, мерзімдеу, түскен жылы, материал, техника, табылғандар және т.с.с.).

«Артефакт» бөлімінде енгізілген жеке музей заттарын іздеу бірнеше параметрлер бойынша орындалады: атауы; тақырыбы (баспалар мен көркемөнер шығармашылығы үшін); негізгі инвентарлық нөмір; санаттар (тезаурустан таңдау – пәндік классификатор); білім саласы (тезаурус); орындау техникасы (тезаурус); материал (тезаурус); кескін; мерзімдеу.

«Менің жұмыс кеңістігім» – «Жұмыс үстелі», мұнда: сіз енгізіп, бірақ бекітпеген жазбалар (яғни жазба авторы); жазба импортының нәтижелері; бейне импортының нәтижелері; жазба экспортының файлы; кескіндер жинақтарының экспортының файлы. Оларды «Өзгертуге», «Көруге», жалпы каталогтың дайын сипаттамасын «Бекітуге» және «Жоюға» болады. Дерекқорға қолданушы енгізген жазбаларға қатысты кез-келген әрекетті қолдану құқығы тек сол құпиясөзбен кіре алатын қолданушыда ғана болады.

Қорытынды. «Museolog» – жұртшылықтың еркін пайдалануын ұйымдастырып, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланып, музей топтамаларын көпшілікке керсетудегі музейдің рөлін түсіну мүмкіндігі. Музеологтың басқа бағдарламалардан айырмашылығы: біріншіден, заттарды мәтіндік жазбалар арқылы ғана сипаттамайды, сонымен қоса кескіндердің шектеусіз саны арқылы сипаттап алады; екіншіден, бір сипаттау жүйесіне топтамаларды басқарушы мәліметтерді (экспонат қозғалысы, қайта жөндеу, сақталғандығы жайлы мәліметтер), әртүрлі мәдени мұралар санатына қатысты топтамалар сипаттамасының мәліметтерін енгізуге көмектеседі. Әсіресе: археологиялық артефактілер; жаратылыстану-ғылыми пәндер; этнографиялық, мәдени қызығушылық танытатын бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнер пәндері; үшіншіден, бұл бағдарламаны тек қана музей қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар оқу тәртібінде бағдарламаны қолдана алатын кез-келген Интернет қолданушысы да пайдалана алады.

«Museolog» бағдарламалық жасақтамасы музей міндеттерінің шешілуін қамтамасыз етуге, қоғам және зерттеушілердің топтамаларға қол жеткізуін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. «Museolog»

электрондық каталогтау бағдарламасын болашақта Қазақстандағы барлық музейлердің меңгеруі, бізге республикадағы Ұлттық музей қорының құрамы туралы жалпы мәліметті көруге және Орта Азия елдері музейлерінің қорындағы коллекциялармен электронды түрде танысуға мүмкіндік ашады. Яғни, виртуалды түгендеу карточкалары бар электронды каталог арқылы музей міндеттерін жүзеге асырумен қатар, коллекциялар туралы мәлімет алуға қолжетімділік артып отыратыны хақ.

Автоматтық ақпараттық жүйенің арқасында музей ісінде түрлі коллекциялардың электронды қорын толтыру ісі алға жылжып, қарқынды дамып келеді. Музей базасындағы мұндай оңтайландыру ісі мамандардың керекті коллекцияның паспортын дұрыс анықтауына да мүмкіндік туғызады. Қазіргі таңда музей ісінің барлық бағыттарына PR-технологияларды ендіру арқылы ауқымды электронды экскурсты жүзеге асырып отырған ақпараттық кеңістіктегі ірі виртуальды музейлер жүйесіне өтуге болады. Соның негізінде музей экскурсиясын да виртуалдандыру қалыптасады.

Әлемнің бәсекеге қабілетті, дамыған елдерінің басым бағыттардың бірі инновациялық нанотехнологияларды қоғамның барлық саласында қолданысқа енгізуден көрінеді. Мемлекеттің қарқынды дамуында, еліміздің мәдени құндылықтарын әлем құндылықтары қатарында көрсетуде, ақпараттық музейлерді дамытудың шешуші рол атқаратыны сөзсіз. Бұл ХХІ ғасыр музейлері жолға қойып отырған инновациялық қадам.

1. Свободное программное обеспечение. Приложения для образования, культуры и доступа к информации: Учебное пособие. Автор/создатель: Калима Туенбаева, ЖанатҚуленов, ШынарҚогабай. Кластерное бюро ЮНЕСКО в Алматы Казахстан. – Алматы, 2009 г.

2. Музей и новые технологии/ под ред. Никишина Н.А. М., 1999.

3. Картаева Т., Шаухарова Г. Музей ісінде қор өңдеу бағдарламаларын игерудің маңызы// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. –Тарих сериясы, 2015.– №1.–292-299 бб.

4. <http://csmrk.kz/index.php/kz/mnu-science-act-kz>

5. http://www.unesco.kz/foss/01_Museolog_technology.ppt

А. Хурметбек

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Сан ғасырлар бойы ұлан ғайыр даланы мекен еткен көшпелілер мәдениетінің адамзат өркениетіне тигізген ықпалы өте зор. Ал оны барша әлемге паш етіп насихаттайтын, бүгінгі заман сұранысы бола алатын, өз орны ерекше ол әрине елімізде орналасқан музейлер. Орыстың ұлы ғалымы А.В Луначарскийдің «Музей адамзаттың ғаламат естелік кітабы» деп айтпақшы музейлердің келешек ұрпақ үшін берер білімі ұшақ теңіз. Ата-бабамыз қай замандада өнерден алыс болмағаны айқын. Қай кезеңде де суырып салма ақын, күмбірлете күй шерткен домбырашы, көмейінен ән айтып, он саусағынан өнер тамған шебер де бола білген. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан бар байлығымыз салт-дәстүріміз, колөнеріміз теңдесі жоқ мол мұрамыз. Қазіргі заманда осындай байлықтарымыздың қатары азайып, тек музейлерде орын алуы өкінішті әрине [1, 45б.].

Қалай десекте «Атамның салған жолы бар, анамның пішкен тоны бар»-дегендей атадан балаға мирас болып, көз қарашығымыздай сақталып бізге жетуі, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпауымыз ұлттық музейлердің болуы. Міне соның бірі көрікті Астанамыздың күніне тарту болған Ұлттық музей-ұлттық рухымызды көтеру жағынан ғана емес, еліміздің тарихын көрсету және әлемге танытумен бағалы. Қазақ тарихы-мақтан етуге лайық ерлік пен елдіктің, отан сүйгіштік тарихы қаншама қйыншылықты басынан кешірсе де мың жылдықтар қойнауын жоғалтпаған тарих. Қазақ шежіресі адамзат тарихының ажырамас бөлігі. Елбасымыздың қолдауымен салынған бірегей сәулетті ғимараттар «Қазақ елі» монументі, «Тәуелсіздік» сарайы, «Бейбітшілік және келісім» сарайы, «Өзірет Сұлтан» мешіті, «Ұлттық музей» және «Ұлттық өнер» университеті өзара үйлесімділік пен қазақ елінің рухани тарихи шежіресін жасап тұр. Алдына үлкен міндет, ауыр жүкті арқалаған - Ұлттық музейіміздің бір - екі жыл ішінде атқарған жұмыстары да жетерлік. Тарихи жәдігерлерімізді тиісті деңгейде ұлықтап, жерлестерімізге ғана емес, келген қонақтарымызға да жеткізе білуіміз керек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылғы 2 шілдеде Қазақстанның мәдени өмірінде тарихи оқйғаға айналған осы Ұлттық музейді ашқалы бері бізге келушілердің легі толастаған емес. Олардың арасында шет мемлекеттердің президенттері мен үкімет жетекшілері, дипломатия өкілдері, мемлекет

қайраткерлері мен туристер, немерелерін жетелеген ата-әжелер, дос-жарандары мен туыс-туғандарын бастап келген азаматтар, ұл қыздарын ерткен ата - аналар, студент-жастар мен оқушылар, тіпті балабақшаның кішкентай бүлдіршіндері бар. Қонақтардың барлығы, оның ішінде шетелдіктер, тарихымыз бен мәдениетімізге ерекше қызығушылық танытып, жауһар жәдігерлеріміз бен мәдени мұраларымызға тәнті болады [2, 11б.].

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі қорында Қазақстанның ежелгі дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі кезеңнен сыр шертеді. Қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы жұмыстарын жаңғырту, әрбір құнды жәдігерді жинақтауда Ұлттық музейіміздің алар орны ерекше. Ежелгі және ортағасыр тарихы залынан бастау алып, Алтын залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Астана залы және Этнография залы, Тарих залы, заманауи Өнер залдарымен жалғасады. Ұлттық музейіміздің этнография залынан қазақ халқының әртүрлі зергерлік бұйымдарын, ұлттық киімдерін, тұрмыстық заттарын тамашалай алады. Музей залдарын аралау арқылы тарихымыздың тым тереңде жатқанын аңғарасыз. Еліміздің тарихын бар ынта-жігерін жеткізуге тырысқан музейден алар тәрбие, сабақ көп.

Ұлттық музейіміздің Этнография залы тұнып тұрған қазақтың бай қолөнерінен, дәстүрлі мәдениетінен сыр шертеді. Этнография залын аралай отырып, сонау қазақ даласында жүргендей сезім қалады. Залдағы экспонаттармен танысу батыс жақтағы есіктен басталып, сол қапталдағы жаймалардағы тиісті материалдарды көрумен жалғасады.

Зал қазақтың дәстүрлі мәдениетіне арналған. Ондағы көшпелілер мәдениетінің өзара себепсалдарлық байланыстағы сан алуан компоненттері біріңғай экспозициялық кеңістікті құрайды. Осыған орай аталмыш кеңістікті қазақтың тарихы этнографиясының экспозициялық кеңістік-моделі деуге де болады. Мұндағы экспозициялық кешен 7 қабырғаға орналасқан және 5 экспозициялық кеңістікке орнатылған 5 ішкі жаймалардан тұрады[3, 126 б.].

Ұлттық музейіміздің құндылығы болып саналатын, ата-бабамыздың бай мұрасы іспеттес киіз үй-этнография залында орналасуы айдан анық. Ықылым заманнан келе жатқан қазақтың қолөнерін ғана көрсету емес. Мұнда терең сырлар қойнауы жатыр. Қазақ халқының салт-дәстүрін, сондай-ақ ою-өрнегі мен тұрмыста кеңінен қолданылатын ұлттық бұйымдарын зерттеуде жемісті еңбек етеді.

Ою - өрнек ана тілінен кейінгі ең негізгі көрнекі белгісінің бірі. Ою-өрнек пен қол өнерінің, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, наным-сенімінен сыр шертетін этнография залындағы аспан астындағы киіз үйін тамашалай кетпеу мүмкін емес. Бір киіз үйдің өзінде терең мағына жатыр, бұл жерде қазақтың бейнесі анық байқалады.

Сөзіме дәлел, киіз үй киізден жасалған жылжымалы тұрғын-жайы. Сан ғасырлар бойы ұлан ғайыр даланы меке еткен көшпелілер мәдениетінің қазіргі заман мәдениетіне тигізетін ықпалы зор.

Залдың қақ ортасында тігілген киіз үй дәстүрлі көшпелі ортада ең көп тараған алты қанат киіз үйдің айрықша үздік үлгісі болып табылады. Үйдің алты қанатты деп аталуы оның жиналмалы-салмалы ағаш қабырғасының жеке-жеке алты керегеден тұратындығын білдіреді[4, 43б.].

Көшпелі елдің өмір салтында аса бай алуан саласы фольклорымыз, оның ішінде қолөнер мұрамыз, тым ерте заманнан бүгінгі күнімізге дейін уақыт толқысында тозбай жетіп отыр. Ғасырлар бойы халқымыздың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға рухани мұра болып келеді.

Музей жәдігерлері мен коллекцияларын сақтау проблемалары барлық музейлердің қызыметіндегі басым бағыт екені сөзсіз. Музейді басқа мәдениет пен ғылыми-зерттеу институттарынан ерекшелендіріп тұратын тек өзіне ғана тиесілі қызыметі де сол – сақтау. Небір алмағайып замандарда да музейлер сол сақтаушылардың арқасында қызыметтерін жалғастырып отырды емес пе?

Заманауи жабдықталған музей экспозициясы мен қор сақтау бөлімдерінде елге танымал дүниелермен қатар, қазақ тарихын жәдігерлер арқылы толыққанды, кешенді көрсететін бұрын соңды көпшілік назарына ұсынылмаған жәдігерлер де жинақталған. Олар; Қазақ жерінің алғашқы адамдардың отаны болғанын әлемдік деңгейдегі антропогенез мекендерінің қатарына жататынын дәлелдейтін алғашқы адамдар тұрақтарынан табылған тас құрал – жабдықтар, қола дәуірі мәдениетінің алтын әшекейлерін айтпағанда, Қазақстанның әлемдік өркениет қазынасына қосқан мол үлесінің дәлелі-жыл санауға дейінгі I мың жылдықта біздің атамекенімізде іргелі Сақ мемлекетінің болғанын артефактілер негізінде дәлелдеген «Алтын адамның» түпнұсқалық алтын әшекейлері мен қару-жарақтары, алтын киімділеріміздің қатарын толықтырған «Тақсай әйелі», «Үржар ханшайымы»да көрермен көзайымына айналады.

Музей қорында зергерлер соққан әшекейлердің алуан түрі бар, ерлердің дөңмент,кемер, кісе белдіктермен қатар, өрнекті дулығалары, сауыт-саймандары мен күмістелген қару-жарақтар. Солардың ішінде әйел әшекейі бұйымдары жарқыраған күмісімен, сыңғырлаған салпыншақ

моншақтарымен көздің жауын алады, әсіресе қалыңдықтардың салтанатты сәукелелері, салмақты да көлемді өңіржиектер, білезіктер мен құдағи жүзіктер, моншақты сырғалар мен алқалар, салпыншақты бойтұмарлар мен тасты жүзіктер, қазақ қыздарының бойын түзеткен ауыр шолпылар мен теңгелі шашбауларының қолданысы бір болғанымен көркемделуі әр алуан. Күмістелген ерлер мен ат әбзелдері «ер қанаты-атты» қастерлеген қазақи болмыстың айғақтары.

Өкінішке қарай, иелері тұтынған заттарынан бұрын өмірден озып жатады, ал бүгінгі зат ертеңгі тарихи жәдігер, солардың тікелей мұрагерлері музей қызметкерлері екені белгілі, себебі әрбір қазақ отбасында тәбәрік болып сақталған дүниелердің уақыты өте келе тоғысатын жері – музей. Міне дәл осылай іздестіру, сұрастыру нәтижесінде Абылай ханның қамқа тоны, Төле бабамыздың шапаны Ұлттық музейде ұрпағымен табысты дейт- Ұлттық музейдің қорларды есепке алу және сақтау орталығының жетекшісі бас қор сақтаушы Рысқұл Бекталиева[5, 59б.].

«Шешеміз тері илейді тоңбасын деп, кереді пұшпақтарын мол болсын деп» - қазақтың қара өлеңінде айтылғандай ата-бабамыз бағзы замандардан бері мал мен аңның терісін, жүні мен мүйізін, сүйегі мен тұяғын және құйрық- жалын үлкен шеберлікпен ұстап, олардан киім-кешек, қару-жарақ, ыдыс-аяқ, ат әбзелдерін көптеген тұрмысқа қажетті бұйымдар жасай білген. Әрбір іске әр түрлі терілер пайдаланыла отырып, шеберлер өзінше атау берілген.

Елбасымыздың бағдарламасында айтылғандай, ежелгі көшпелі қазақ халқының тарихы мен мәдениетін әлемдік ғылыми және мәдени деңгейге көтеру идеясын жүзеге асыру: Әлемдік қауымдастықта «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында табылған археологиялық артефактілерді, табиғи материалдардан жасалған бағалы тастар мен бұйымдарды, алтын жәдігерлерді қазақ халқының бай рухани және материалдық құндылықтарын паш ету, оларды жинақтап, жүйелеу, бұйымдарды консервациялап оларды реставрациялау, материалдың ғылыми сипаттамасын жазу және оларды экспозициялық көрмеге даярлау ісі бүгінде музейдің мәдени-ағарту және ғылыми-ақпараттық жұмысының негізгі аспектісіне айналып отыр.

Ұлттық музейдің қай залын алып қарасақта адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ежелгі тас дәуірінен бастау алып, бүгінгі тәуелсіз еліміздің тарихын бар ынта-жігерлерін сала жеткізуге тырысқан мұражайдан алар тәрбие, өнеге өте көп. Әрбір музейді аралаушы- адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын қалыптастырып, тәрбие мәселесінде де отбасының ролінде орын алары сөзсіз. Әрбір сырттан келуші шет ел азаматы болсын біздің мұражайды аралау арқылы қазақ елі туралы алғашқы әсер мен түсінік қалыптастырып алады. Ұлттық музейіміздің сыртқы ғимаратының өзі адамды еліктіре баули отырып, қала тұрғындыры мен қала қонақтарын ішіне кіріп аралауына шақырады.

Ұлттық музейімізге жүктелген міндет: Қазақ елінің бай тарихын түгендеу, қазақ халқының дәстүрін таныстыру, аса мол құндылықтарымызды қадірлеу арқылы Тәуелсіз еліміздің мәдениетін әлемге паш ету. Ұлттық музейімізден шынайы қазақилығымызды табу, барымызды бағалау, жоғалғанды жору басты міндеттердің бірі болып табылады. Тәй-тәй басып келе жатқан Ұлттық музейіміздің басар тауы, барар жері әрине алда. Ұлттық музейіміздің бір жылдық тойы тойланғандағы халықтың мұражайға деген қызығушылығы, ата – әжелеріміздің немерелерін жетелеп келешек ұрпаққа ұлтжандылыққа тәрбиелеп жатуы, ол музейіміздің бір жылдық жемісі деп білеміз.

Қазіргі таңда Ұлттық музейдің тек экспонаттар мен ғана емес, көрме өткізумен шектеліп қана қойған жоқ. Қоғамдық іс-шараларға белсене араласа отырып, тарих қойнауларын ашуға зор үлес қосуда. Тарихымыздың беделді тұлғаларын еске алуды, мұрағат тарихымен байланыстыра өткізу мақсатында көп рол атқаруда. Тал тарихымыздың терең түпкіріндегі жиналған бағалы құндылықтар жарыққа шығып, зерттеліп – зерделеніп бірегей музейлерден орын алып, халық игілігіне сай жұмыс жасауда. Еліміздің мәдени ескерткіштері мен ұлттық колөнер туындыларының бір шоғырын жинақтап, сақтап қалған музейге келушілердің айтар алғысы зор. Ел игілігі, болашақ ел үшін және жастарға берер тәлім – тәрбиесі мол білім мен тәрбиенің орталығы деп білем.

Ұлттық музей «Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстанда теңдесіз гуманитарлық акция бола отырып, қазақ халқының ұлттық рухани байлығын әлемге паш етті. Ел болашағы жастардың қолында. Біз оларға ең қасиетті Отанымызды-Тәуелсіз Қазақстанды сеніп тапсырамыз.

1. Соустин А.С. Выставочная деятельность музеев.– М., 1989. –С.45-46.

2. Д. Мыңбай. Музей-ел мәртебесі, тарихымыздың төлқұжаты // Мәдени мұра, 2015ж.– №3 – 6-14 бб.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Астана 126 б.

Р.Ж. Жанұзақ

КӨПҰЛТТЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫҒАҢДАР: АҚТӨБЕ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛУЫ

*«...Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ,
еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шанышылған уықтар»
Н. Ә. Назарбаев.*

Бүгінгі күні еліміз Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойын салтанатты түрде тойлауды бастап кетті. Осыған орай мемлекетіміздің барлық аймақтарында әр-түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұл жұмыстардың барлығының мақсаты біреу. Ол – ата-бабамыз аңсап, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген егемендіктің маңыздылығы мен тәуелсіздіктің жетістіктерін кеңінен насихаттау.

Тәуелсіз Қазақстанның ең басты жетістіктерінің бірі – халық арасындағы татулық пен тұрақтылық. Бұл мәселеге Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев ертеден мән беріп келеді. Қазақстанда өмір сүріп жатқан этнос өкілдерінің мүддесі Елбасымыздың тікелей қадағалауында. Сонымен қатар елімізде бұл жұмыстарды атқаратын орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы

Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы жарлығымен мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Бұл бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды [1, 2 б.].

Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемдік тәжірибеде жаңа бастамалардың бірі деп айтуға толықтай негіз бар. Өйткені 1999 жылдың қыркүйек айында ұлттық азшылықтар проблемасымен айналысатын тәуелсіз сарапшылар мен ғалымдар Швецияның Лунд қаласында бас қосқан болатын. Әр елдің белді университеттері мен ғылыми зерттеу институттарынан жиналған ғалымдар ұлттық азшылықтарды қоғамдық-саяси өмірге белсенді араластыру ұсыным кітабын жариялады. Бұл еңбектің негізгі ойы:

- ұлттық азшылықтардың мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірге араласуы демократиялық қоғамның айқын белгісі болатындықтан оған жол ашу;
- мемлекет ұлттық азшылықтарды орталық билік деңгейіне дейін араластыру қажет, керек болған жағдайда соған сәйкес арнайы механизмдер құру;
- парламент палаталарынан орын бөлу және т.б [2, 10-14 бб.];

Бұл ғалымдар осындай тұжырымға келіп жатқанда, еліміз дәл осы жұмыстарды бастап кеткен болатын. Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе беріліп, ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болғанын айта кеткен жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеті: республика азаматтарының нәсіліне, ұлтына, дініне, әлеуметтік тобына қарамастан құқығы мен еркіндігің тең дәрежеде қорғау. Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетін, тілін және салт-дәстүрін жан-жақты дамыту болып табылады. Сол себепті облыстық және республикалық деңгейлерде Қазақстанда тұрып жатқан этностардың тарихы, өлкеге келуі, депортация проблемасы мен этникалық мәдениетін сақтау мәселелері зерттелуде. Осы орайда сыған халқы мәселесіне көңіл бұрған жөн. Сығандар турасында жергілікті халық санасында жағымсыз түсінік, қате пікір қалыптасқан. Бұл олардың басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас орнатуына, бейбіт өмір сүруіне кедергі келтіруде.

Дегенмен, ақтөбелік сығандар өз мәдениетін дамытып, оны өзінің өскелең ұрпағына насихаттағысы келеді. Сондықтан олар бірнеше жылдан бері Қазақстан халқының кіші Ассамблеясы құрамына кіруге талпынып жүр [3, 1 б.].

Сыған халқының тарихын жете білмеуден олар жайында жағымсыз түсінік пен пікір қалыптасқан. Бұл тек біздің елде емес, әлемде қалыптасқан жағдай. Оның үстіне көркем әдебиет пен журналистика саласының өкілдері жағдайды қиындатуда. Өз мақаласына ерекше, әрі қызықты өзектілік іздеп, қиялға ерік беріп, кей ақпаратты тым әсірелеп жібереді. Олар көбіне «көшіп-қонуға құмарлық» пен «қылмыскерлік» сығандардың қанында бар деп жазады. Әрине бұлардың барлығы тарихи жағдайлардан туындаған құбылыс екенін қайдан білсін. Сыған болмысы құпиясының шешімі – халықтың өткен тарихында жатыр. Сығандардың тарихын зерделесек, барлық құбылысты ешқандай тылсымның қатысуынсыз-ақ түсіндіруге болады.

Сығандардың тарихи отаны – Үндістан. Сығандар Үндістаннан шығып, қазіргі Иран, Ауғанстан және Армения территориясы арқылы өтіп, екіге бөлінген. Жартысы Палестина мен Египетке бағыт алып, кейін сонда тұрақтап қалады. Ал қалған бөлігі Византия территориясына бет алған. Кейін Шығыс, одан әрі Батыс Еуропаға тарап кетеді. XVI ғ. Сығандардың бір тобы Румыния мен Молдавия арқылы өтіп Украинаға қоныстанған. Кейбір топтар Германия мен Польша арқылы Ресейдің солтүстік облыстарына келген болатын. XVIII ғ. II жартысында сығандар Ресейдің көп аймақтарында қоныстанып болған. Кеңестік кезеңде басқа ұлттармен қатар депортацияға ұшырап, мыңдаған сыған Сібірге жіберілді. Кейін Қазақстанға осы жолмен тарайды. 1956 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының сығандарды отырықшылыққа көшіру жарлығын шығарады. Заңға бағынбаған жағдайда 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған еді. Қазіргі кезде сыған интеллигенциясы қалыптасып, 1971 жылы Еуропа сығандарын біріктіретін ұйым құрылды [4, 319- 321 бб.].

Сығандар үндіеуропа тілдерінің үндіарийлік тобына жататын, бірнеше диалекттерге бөлінетін сыған тілінде сөйлейді. Сығандар ондаған этнотоптарға бөлінеді. Олар «русса рома», «сэрвтер», «кэлдэар», «плашун», «урсар», «мадьяр», «ловар», «мугаттар» т.б. Бұл этнотоптар бір-бірінен тілімен, дінімен, шаруашылығымен әр-түрлі болып келеді. Кейбір сығандар басқаларын сығандар деп санамайтын жағдайлар да кездеседі [5, 788-790 бб.].

1971 жылы 8 сәуірде Лондон қаласында бірінші әлемдік сыған конгресі өтті. Сығандар өздерін біртұтас территориясыз ұлт деп жариялап, әнұран мен ту секілді ұлттық символдарын бекітті.

Соңғы жылдар бойынша Қазақстандағы сыған диаспорасының саны келесідей: 7775 (1970 ж.), 8626 (1979 ж.), 7061 (1989 ж.), 5130 (1999 ж.) адам. 1999 жылғы санақ бойынша Ақтөбе облысында 227 сыған ұлтының өкілдері тіркелген [6, 233-234 бб.].

Бүгінде Ақтөбе қаласында 80-ге жуық сыған бар. Сығандардың еуропалық тобына жататын бұл халық христиан дінінің православие тармағын ұстанады. Кеңестік кезеңде ауылдық өңірде басым болған сығандар, бүгінде облыс орталығына шоғырланған. Қазірде жергілікті ромалыларды біріктіретін сығандардың этномәдени бірлестігі құрылды. Жоғарыда айтылған, Ақтөбе облысы сығандарының этномәдени бірлестігінің төрайымы – Дмитриева Елена Васильевна. Бұл кісі бірлестіктің жұмысы мен ұлтының болашағы үшін аянбай еңбек етуде. Орталық жанында «Дэшт» («дэшт» – «он» деген мағынаны білдіреді, ансамбль ұжымының санына байланысты) музыкалық ансамблі бар. Ансамбль қалалық, облыстық деңгейдегі барлық іс-шараларға белсенді түрде қатысып жүр.

Сонымен қатар жазғы уақытта Ақтөбе қаласында «экзотикалық босқындар» пайда болады. Олар Орта Азия, Қазақстан мен Ресей халқы арасында «лөлі» деген атпен белгілі. Қазақстанда лөлілер дәстүрлі түрде Өзбекстан мен Тәжікстаннан жазғы табыс табуға келеді. Бұл этнотоптардың біздің елімізде пайда болуы бұрынғы кеңестік республикалардың тәуелсіздік алуымен байланысты. Олар негізінен қайыршылықпен айналысып, ислам дінін ұстанады. Бір қызығы, ТМД елдеріндегі басқа этнотоптар «лөлілерді» сығанға санамайды. Белгілі сығантанушы ғалым Н. Бессонов болса мұның бұрыс екенін дәлелдеп, «лөлілердің» толыққанды сыған екенін айтқан [7, 27-28 бб.].

Ақтөбеде «лөлілер» базарлардың, вокзалдардың маңайында, яғни адам көп шоғырланған жерлерде қайыр сұраумен айналысады. Қара торы әйелдер мен қолына жетектеген балаларын көшелерден, қоғамдық көліктерден көруге болады. Соңғы 20 жыл ішінде жергілікті халықтан үй жалдау, көші-қон мәселесін шешуде біраз тәжірибе жинақтаған. Сыған таборының келуімен қалада қылмыскерлік фактілері көбейеді деп айту жөнсіз. Өйткені сығандардың жүріс-тұрысы мен уақытша мекен-жайлары ІІМ қызметкерлерінің қатаң бақылауында.

Ақтөбе тұрғындары сыған мәдениеті жайында толығымен хабардар емес. Сығандарға жайлы негативті стереотип қалыптасқан. Жергілікті тұрғындар «еуропалық» сығандар мен «орта азиялықтардың» арасындағы айырмашылықтарын білмейді. Мұның барлығы «еуропалық» сығандарға кері әсерін тигізуде. Өйткені «лөлілер» келіп кетеді, ал «ромалылар» мәңгі ақтөбелік болып қала береді.

Оларға қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты жұмыс жасау, отбасын асырау, балаларын оқыту өте қиынға соғуда. Әрине, сыған халқының кейбір өкілдері ұрлықпен, есірткі саудасымен т. б. айналысқандығы белгілі. Бірақ көпке топырақ шашып, тұтас ұлтты қаралауға болмайды. Қазіргі таңда Ақтөбе қ. Сығандар мәдениетіне байланысты қалыптасқан жағымсыз ой-пікірді бұзу мәселесі маңызды болып тұр.

Әлемде болып жатқан соңғы оқиғалар Қазақстан халқының бірлігі мен этносаралық келісімін дамытуды талап етеді. Ел территориясында тұрып жатқан халықтардың тілін, дінін, дәстүрі мен мәдениетін қорғап, дамыту қажет. Мұндай бағыттағы жұмыстар сөзсіз сығандардың әлеуметтік, рухани өміріне жаңа дем берер еді. Осындай жұмыстарды атқаратын орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Ассамблея жұмысының маңыздылығын ескере отырып Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялаған болатын. 20 жылдық мерейтой аясында республикада тұрып жатқан этностардың тарихы мен мәдениетін зерттеу кеңінен қолға алынғанды. Бүгінгі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында бұл жұмыстар жалғасын табады деп ойлаймыз.

1. Тусупбекова Л. Носить Казахстан в своем сердце. // Казахстанская правда. – Астана, 2015. – № 122. – С. 1 – 4.
2. Гудмундур Альфредсон. Лундские рекомендации об эффективном участии национальных меньшинств в общественнополитической жизни с пояснительными примечаниями. – Лундск, 1999. – С. 5 – 10.
3. ПМА. Интервью Р. Жанузака с председателем цыганской диаспоры Актюбинской области Дмитриевой Еленой Васильевной. – Актөбе, 2014г.
4. Гарифулла Анес. Народы Казахстана: энциклопедический справочник. – Алматы: Издательство «Арыс», 2003. – С. 319 – 321.
5. Жуков Е. Ш. Советская историческая энциклопедия. – Москва: Издательство «Советская энциклопедия», 1974. – С. 788 – 790.
6. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Аканова Д.Х. Языки народов Казахстана. – Астана, 2007. – С. 233 – 234.
7. Бессонов Н.В. Среднеазиатские цыгане и их кочевье по России // «Этнопанорама» (Ежеквартальный научно-публицистический журнал). – Оренбург, 2008. – С. 27–28.

Ж.Т.Алтаева, Н.М. Рахым

КІЛЕМ - МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ КӨРКЕМ БІР БЕЙНЕСІ

Қазақ халқының қолөнері – өте ерте замандардан келе жатқан, өсу жолы мен даму тарихы бар, шығу тарихы ғасырлар қойнауының тым тереңінен басталатын, бүгінгі заманымызға шын мәніндегі өнер туындысы ретінде небір асыл мұралар қалдырған мәдениетіміздің үлгісі. Археологиялық деректер мен тарихи жазба ескерткіштердің деректеріне қарағанда, қол өнері Қазақстан жерінде екі-үш мың жыл бұрын пайда болып, қаншама тайпалардың шығармашылығы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, мәдени мұраға айналды. Қолөнердің қай кезде де халық қажетін өтейтін салалары көп болған. Соның ішінде ерекше орын алатын әйел қолөнерін айтуға болады. Қазақ халқының қолөнері, оның ішінде әйелдерге тән салалары, оған байланысты салт-дәстүрлер мен ырым-жоралғылар, мифологиялық түсініктері тілімізде сақталған. Оларды бір-бірімен тығыз байланыстыра отырып, тұтас құрылым жүйесінде алып қарастырып, «ұлт мәдениетінің бейнесі» деп сипаттауға болады. Қазақ халқының қолөнері, оның ішінде жүннен жасалатын дәстүрлі бұйымдардың көркемдік ерекшеліктері Ә.Марғұланның, М.Мұхановтың, Ә.Тәжімұратовтың, С.Қасимановтың еңбектерінде айтылады. Халықтың көркем өнерінің әсемдік тұтынушылық, әлеуметтік мәні туралы тарихшы, этнограф, философ ғалымдар Б.Қазиханова, Ө.Жәнібеков, Б.Байжігітов және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Әйел қолөнерінде дайындалатын дәстүрлі бұйымдардың (киіз, киім, кілем, алаша, сырмақ, арқан-жіп, бау-шу, ши) ерекшелігіне қарай ерте замандардан бері қолданған шикізаттары төрт түлік малдың жүні мен терісі, аң терілері мен құстың мамығы және өсімдіктер болды. Қолда бағылатын төрт түлік малдың және жабайы аң-құстардың денесінің үстіндегі түгі, қылшығы жүн деп аталатындығы белгілі. Қазақ халқының ғасырлар бойғы негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғандықтан отыратын баспана – киіз үйдің жабыны да, күнделікті киімі де, төсеніш пен жамылатын көрпесі де, малға және көші-қонға қажетті арқан-жіптер мен киіз үйге қажетті бау-шулар да осы жүннен жасалды.[1, 36 б.]

Ерте заманнан бері қазақ тұрмысында мықтап орын алған, бүгінгі күнде де маңызын жоймаған, өте тығыз тоқылатын, өте төзімді, ұзақ уақыт сақталатын бағалы үй бұйымдарының бірі – **кілем** деп

аталатыны белгілі. Ертеде кілемді жерге төсеумен бірге туырлық пен үзіктің орнына да жапқан, әрі сән үшін, әрі жылылық үшін керегенің ішінен де тұтылған. Халық арасындағы «Үй жасауы – кілем» деген сөздің өзі-ақ оның қазақ тұрмысында қаншалықты орын алғанын көрсетеді. Кілемді алтын, күміс бұйымдармен бірге байлықтың, баршылықтың белгісі деп санаған. Кілем қыз жасауының елеулі құрамына кірген; сыйлы қонақтарға арнап кілем төсеу, кілем төсеп қарсы алу, көшіп-қонғанда салтанаттыққа түйеге кілем жабу сияқты дәстүрлермен бірге оны құн төлеуге, сый-сияпат жасауға да пайдаланған. Қазақ этнографиясын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан С.М.Дудиннің пікірінше, кілем көшпелілер тіршілігінің туындысы болып табылады. Көшпелі этномәдени ортадағы кілемнің генезисі мен қолданысының экологиясы, тіршілік қамы маңызы, эстетикасы тұрғысынан келгенде ғалымның осы ой-тұжырымының қисындылығын аңғару қиын емес.[2,302 б.]

Осы тұрғыда қолдан тоқылатын кілемдер жайында С.Қасимановтың пікірінше, тоқылатын кілемдер ішінен Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан кілемдері көрнектілігі жағынан, яғни кілемдердің сапасы мен түрі, түсі өте жоғары бағаланған. Оның себебі кілем тоқуға пайдаланатын қой жүнінің сапасы жоғарыда аталған аймақтың шөбі мен суына, табиғаты мен климатына тікелей байланысты болған.[3,57 б.]

Кілем – жүн немесе мақта жіптен тоқылатын үй бұйымы. Тарихқа үңілсек кілем сақ дәуірінен бастап Ұлы Жібек жолы бойымен тасымалданған маңызды тауарлардың бірі болған. Сол заманнан бері кілем әсемдік үшін және үй ішінің жылылығын сақтау мақсатында қабырғаға ілуге және еденге төсеніш ретінде төсеуге қолданылды. Бұл қолөнердің ерекше түрі халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Кілемдер тоқылу ерекшелігіне қарай – түкті, тақыр болып, көлеміне қарай – қос күмбезді, бес күмбезді болып, материалына қарай – жүн, жібек, мақта, кендір талшығынан жасалған болып, ою-өрнектеріне қарай түрліше аталады. Қазақтың ғұлама ғалымы Әлкей Марғұланның «Қазақтың халық қолөнері» атты кітабында бұрынғы кездегі түкті кілемнің өзі бірнеше түрге бөлінгенін айтады. Әсіресе орта ғасырлардан бері көздің жауын алатын орда кілемі, масаты кілем, тақыр кілем, арабы кілем, алаша кілем, тұс кілем, хан кілемі, шешенгүл кілем, шатыргүл кілем, самаурынгүл кілем, т.б. кілем түрлері болған. [4,53 б.] Негізінен қызыл,сары, күлгін, қаракөк, аспанкөк түстерді қолдану арқылы түрлі қас өрнектерді табиғат көріністерімен ұштастыра бейнелейді. Қазақ халқының жауынгері, қас батыр, қазақ халқының болмысын жетік білген жазушы Бауыржан Момышұлының шетелдік журналистерге берген сұхбатында: «Қазақ халқының саз өнерінде нота болды ма?» деген сауалға тілі жүйрік ағамыз Баукең былай жауап берген екен: «Болды деп есептеймін. Мынаны қараңыз! Менің бала кезімде өрмек тоқып, киізге түр салып отыратын әжем мен анам үнемі ән салып отырытын, ал, әлгі жұмысын тоқтатса, ән де тоқтайтын. Осыған қарап, мен «олар әнді ою-өрнекке қарап салған» деп ойлаймын».[5] Расында да, қазақ бабамыз ән салуды да, ою-өрнекті де, қолөнерді де табиғат көріністерімен ұштастырып, оларды табиғаттан еншіленген ғой. Сұлу табиғат біздің бабаларымыздың эстетикалық танымын кеңінен молайтты және талғамын арттыра түсті. Сөйтіп, өзінің тұрмысы мен кәсібінде осыларды үйлестіре көшіріп отырды. Мәселен, кілемдер мен алашаларда көздің жауын алатын қазақы ою-өрнекке назар аударайықшы: құс қанаты, қазтабан, ботамойын, бұғы мүйіз, толқын, төртгүл және т.б. Әрбір ою-өрнектен кең-байтақ еліміздің биік таулары мен жасыл жапырақты ормандардың сұңғыла көрінісін, даламызға әсемдік сыйлап тұрған жайқалған гүлдерін, көзінді де, көңіліңді де ғажайып сұлулыққа бөлейтін құс төресі – кербез аққуын, ақиық сұңқарын, әнші бұлбұлын, ботаның көзіндей боп мөлдіреген сұлу көлдері мен сарқырай аққан өзендерін аңғарасын. Қазақ бабамыз молшылықты – дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды – арыстанға, қыран бүркітке теңей білді. Сұлуды – ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне, алмаға, қарақатқа теңеді, солармен салыстырды. Осылайша, табиғаттан аумайтын талай тамаша тоқыма бұйымдардың үлгілер дүниеге келді. Жазбаша деректерге қарағанда, бұрынғы замандарда киіз үйдің ішінен ұстап, еденіне төсеумен бірге, кілемді киіз үйдің туырлық пен үзігі орнына да жапқан. Кілемнің құндылығы жағын сөз етсек, ол өзінің қолданылу жағынан көптеген материалдардан, тіпті металдан да асып түседі десек, артық айтпаған болар едік. Өйткені, кілем тұтынуға төзімді, оңайлықпен тозбайтын, жыртылмайтын, шаң-тозаңнан тез тазартылатын, ылғалдылық пен құрғақшылықты елең қылмайтын, күйе түсуден де қорықпайтын аса бағалы мүлік. Оны алтын, күмістен қымбат бұйымдар сияқты баршылықтың, байлықтың бір белгісі деп білген. Кілемді жерге жайсаң – төсеніш, қабырғаға ілсең – сән беретін дүние болғандықтан, кілемнің осындай қасиеттеріне байланысты қай заманда болмасын, кілем бағалы бұйымдардың қатарында болды. Осындай халқымыздың бірегей ұлттық мәдениетін сақтап қалуда «Мәдени мұра» бағдарламасының атқарылып жатқан жұмыстары өз жемісін беруде.

1. Х.Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері. Ғылыми-зерттеу еңбегі. – Алматы, «Өнер»,1987. – 36 б.

2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы,2011.–302 б.

3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері.– Алматы: Қазақстан, 1969.–57 б.
4. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ.– Алматы: Қазақстан, 1997.–53 б.
5. <https://Otbasym.kz/journal/archives.58>

О.А. Андасов

ШАҒАЛАЛЫ ІІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТОПОГРАФИЯСЫ МЕН ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ АРХИТЕКТУРАСЫ

Археологиялық мәліметтер ежелгі Қазақстан тарихының қағаз бетіне түскенге дейінгі бірден бір сенімді дереккөз болып табылады, соның көмегімен б.з.д ІІ мыңжылдықта қола дәуірінде Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін ғылыми қайта құруды жасауға мүмкіндік береді. Анағұрлым біркелкі мәліметтер ежелгі ескерткіштердің мәдени топтарының зерттеу жұмыстарының нәтижесін береді.

Біздің зерттеу объектіміз Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің негізгі ескерткіші болып табылатын Шағалалы ІІ қонысы. Қоныс Шағалалы өзенінің жоғарғы жағында, Зеренді аудандық орталығынан солтүстік-батысқа қарай 21 км-де, Көкшетау тауынан оңтүстік-батысқа қарай 33 км қашықтықта орналасқан. Қоныс Кеңөткел ауылынан солтүстікке қарай 1,85 км, Павловка ауылынан оңтүстікке қарай 3,15 км қашықтықта. Географиялық координаттары: 53°04'32,8"N; 69°00'13,5"E [1, 138-б.].

Бұл аймақта зерттеу жұмыстары сонау ХХ ғ. 50 жылдарынан бастау алып қазіргі таңға дейін жүргізіліп келеді. Аймақтың қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуде маңызды рөл атқарған К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев сынды белгілі ғалымдар. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстарын К.А. Ақышев атындағы Есіл археологиялық институты жүргізіп келеді (Сәкенов С.Қ.). Осы институттың 2010-2015 жылдар аралығында жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде Шағалалы ІІ қонысында 4 тұрғын үй, 1 шеберхана, 2 құдық және тұрғын үй арасындағы кеңістік зерттелді. Зерттеу ауданының көлемі 1107 м² [2, 557-567-б.].

Бұл археологиялық шағын ауданның зерттелуі үзілістермен 20 жылға жуық уақытқа созылды. Нәтижесінде Шағалалы өзені бойын мекен еткен ежелгі қауымдастықтардың өмір сүруінің әр түрлі аспектілерінің үлгісін жасау мен қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ауқымды материалдар жинақталды. Қазақстан археологиясының өзекті мәселесі болып ландшафты өзгерістердің динамикасы, даланың экологиясы, шаруашылық түрлері арасындағы өзара байланыс, өзен бойындағы әр түрлі археологиялық дәуірлерге жататын табиғи ресурстарды пайдалану және игеру сатылары және шаруашылық ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Аймақтың қола дәуірінің мәдени ландшафты табиғи ландшафтыда молалар мен қоныстардың өзара орналасуына сәйкес құрылымданады. Бұл құрылымның орталық нүктелері аймақтың табиғи-климаттық ерекшеліктері, тұрғындардың өмір сүру салты мен шаруашылық түріне байланысты топографиялық орны қатты детерминдендірілген қоныстар болып табылады. Шағалалы ІІ өзі аттас өзеннің жоғарғы аңғарындағы оқшауланған қоныс болып табылмайды. Мыңдаған археологиялық ескерткіштер оның төңірегінде және қоныс территориясында орналасқан.

Қонысты ерте темір дәуірінің қорғандары табылып зерттелген тегістелген аумақтарында шығыс жағынан «Адыр» шоқылары қоршайды. Сонымен қатар шоқы тізбектері қола дәуірінің моласы мен қонысын бөліп тұрады. Адыр шоқыларының арғы жағында Қошқарбай өзені жағалауларына жақын жерде тасты дуалдары бар бірнеше ондаған қорғандардан тұратын қола дәуірінің ірі мола алаңы бар.

Қоныс қызмет істеудің бірнеше кезеңі жайында мәлімет беретін ескерткіш сияқты көп қатпарлы. Құрылысты салудың басталуы б.з.д. XV-XIV ғасырларға келеді, бұл жайында мәлімет беретін өзеннің жоғарғы, төменгі және тегіс террасасында орналасқан онға жақын жартылай жерасты тұрғын үйлер бар. Құрылыстың екінші кезеңі кейінгі қола дәуіріне келеді. Қоныс қызметінің тоқтатылуы тұрғын үйлерге жіберілген кейінгі қола дәуірінің аяқталуы кезеңіндегі жиырма жерлеу орындарының болуымен анықталады. Ерте темір дәуірінен бастап қоныс территориясы мал мен жылқы жаюға жайылым есебінде қолданылған. Бұл қазіргі күнге дейін жалғасып келеді.

Қоныс макротопографиясы. Қола дәуірінің қоныстары көп жағдайларда өзен аңғарларында біркелкі емес, жеке бөліктерде екі-үш қоныс топтары болып бөлініп орналасқан. Солтүстік Қазақстан территориясындағы өзендердің көпшілігінің аңғарлары біркелкі құрылымды болып келеді: кең емес

алқапты, кейде кемерден 1 метрден аспайтын биіктіктегі алқап террасасы болады. Басқа өзеннің жағалауы сәл еңістеу келеді. Негізгі арна жанындағы алқапта тұнба батпаққа сіңіп кеткен ескі арналар көрінеді. Өзен аңғарларындағы қоныстардың топографиялық орындары бірнеше қатаң қағидаларға сүйенеді. Қоныстар бірінші алқапасты террасада орналасады. Олар ескі немесе жаңа арнадан 30-70 метр қашықтықта орналасады. Барлық қоныстар кемерден 1,5-2 метрден кем болмайтын биіктікте болады. Қоныстардың орналасу орнын таңдау су тасқыны жетпейтін жерлер болуына негізделген. Су басу болған күнде де тек аз күнге жалғасқан. Шағалалы II қонысының ежелгі құрылысшылары құрылысқа бірінші кезекте су көзіне аса ұзақ болмайтын әрі су тасқыны болмайтын жерлерді есептеп таңдаған.

Микротопография. Ежелгі өндірістерді қалпына келтіру мен үлгісін жасау аса үлкен қызығушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дәл осы зерттеулерде бізді тұрғын үйлердің құрылысы қызықтырды. Үй құрылысы – ежелгі материалдық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Оны зерттеуде кішкентай түйіндерін қалпына келтірудің өзі бізге «адамның өмір сүруін жүзеге асыруда табиғи объектілердің жанама қолданылуын» анықтауға мүмкіндік береді [3, 383-б.].

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде алынған мәліметтерді талдай отырып, Шағалалы II қонысы құрылысының жоспарын сенімді түрде қалпына келтіруге болады.

Шағалалы II қонысындағы үйлер өзен жағасына параллель көше болып қатарларға тұрғызылған. Көшелер 3-7 үйден тұрды. Шағалалы II қонысы бұл жерге біз бір-біріне параллель бірнеше көшені тіркегендіктен ірі қоныстар категориясына жатады. Үйлер арасындағы қашықтық 15-20 метр. Қола дәуірінің тұрақты үйлері әртүрлілігімен (жеркепе, жер үстіндегі тұрғын үй, т.б.) ерекшеленбейді, бірақ бұған қарамастан, қазіргі таңда зерттеліп отырған тұрғын үйдің түрін анықтауға байланысты ешқандай белгі жоқ. Зерттеу әдіснамасы тұрғысынан С.Я. Здановичтің тәсілі бізге қызық. Ол тұрғын үйлердің типологиясын сыртқы түрі мен формасы, ұйымдастырылған кеңістіктің көлемі, архитектуралық ғимараттардың қоршаған ортамен қатынасы, кеңістікті ұйымдастырудың тәсілдері сияқты белгілер категориясы негізінде анықтауды ұсынады [4]. Тұрғын үйлердің әр түрлі сындарлы түрлі Е.Е. Кузьминаның жұмыстарында көрсетілген. Ол тұрғын үйлерді: жер үсті кесілген қаңқалы, жер асты пирамидалы кесілген, жартылай жер асты қаңқалы бағаналы деп бөлген [5, 14-80-б.].

Шағалалы II қонысының тұрғын үйлерін екі түрге жатқызуға болады. №1-2 тұрғын үйлер жартылай жер асты қаңқалы бағаналы түрге жатады. Тұрғын үйлер 40,2–52,2 м² аумақты бір камералы.

Көмірленген ағаш талшықтарының бағыты мен сақталуы, бағаналы шұңқырлардың топографиясы тұрғын үйді қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Қабырғалар көлденең жатқызылған бөренелермен толықтырылған қаңқалар түрінде салынған. Шатыр төрт құламалы болған. Жабын бөренелері қабырға қаңқасының тік бағаналарына қойылған көлденең сырғауылдарға бір шеті тірелген. Екінші шетімен олар тұрғын үйдің ортасындағы ағаш жақтауға тірелген. Жақтау ошақтың жоғарғы жағындағы төбедегі саңылауды жауып тұрған. Үйдің есігі үйдің бүйір жағындағы шеткі қабырғаларының бірінде орналасқан. Қабырғалар сырты тұрмыстық қалдықтар мен күл араласқан топырақпен сыланған. Мәдени қабаттағы материалдар бұл үйлер хронологиялық жағынан өте ерте кездегі үйлер деп анықталады. Керамикалық кешен екі нұсқада көрсетілген. Бірінші нұсқа аз мөлшерде ерте алакөлдiк, екінші көп мөлшерде федоров мәдениетінің «бескөл» қоныстық керамикасы.

№3-4 тұрғын үйлер жер үсті кесілген қаңқалылар категориясына жатады. №3 тұрғын үй ұзын кіреберісі бар, тікбұрышты формалы жер үстінде салынған үй. Тұрғын үй 27 м² аумақты бір камералы. Ұзындығы 7 метрге жететін үйдің кіреберісі мен екі зерттелген құдықтардың болуы халықтың орналасуы кезінде едәуір суық табиғи жағдайлардың болғандығын болжауға мүмкіндік береді. Палеоклиматтық мәліметтерге қарағанда, б.з.д. екінші мыңжылдықта далалар аз қарлы, ал өзендер аз сулы болған. Олардың кейбіреулері жаз соңына қарай кеуіп қалған. Қыста таяз өзен иірімдері түбіне дейін қатып қалған. Мұндай жағдайларда қысқы уақытта су көзінің болуын қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлерде немесе олардың жанында құдықтарды орналастырғаны түсінікті. №3 тұрғын үй жанындағы және Васильковка I қонысының тұрғын үйлеріндегі зерттелген аналогиялық құдықтардың қызметі де осындай болса керек [6, 445-б.]. №4 тұрғын үй домалақ пішінді. Біз байқаған өткел арқылы ол басқа тұрғын үй шұңқырымен байланысады. Ол екі камералылар категориясына жатуы керек. Құрылымдық ерекшеліктеріне қарағанда, бұл түр Шағалалы қонысындағы тұрғын үйлерге жақын [7,144-б.]. Мәдени қабатта керамикалық материалдың арасында белдікшесі бар

ыдыс бөліктері көп. Керамикалық материал мен архитектура ерекшеліктерін талдай отырып, біз №4 тұрғын үй кейінгі қола дәуірінде салынған деген қорытындыға келеміз.

1. Филонец П.П., Омаров Т.Р. Озера Северного, Западного и Восточного Казахстана (справочник).-Л.: Гидрометеоздат, 1974. – 138 б.

2. Сакенов С.К. Станковая керамика из поселения Шагалаы II (К вопросу о культурных связях племен эпохи бронзы Северного Казахстана и Средней Азии) // «Диалог культур Евразии в археологии Казахстана» Сборник научных статей, посвященный 90-летию со дня рождения выдающегося археолога К.А. Акишева. - Астана: изд-во «Сарыарка», 2014. – 557–567 б.

3. Семенов С.А., Коробкова Г.Ф. Технология древнейших производств. – Л., 1983. – 254 б.

4. Зданович С.Я. Поселения и жилища саргаринской культуры // Поселения и жилища древних племен Южного Урала. – Уфа, 1983. – 59-76 б.

5. Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? – М., 1994. – 462 б.

6. Сакенов С.К. Материалы исследования поселения Васильковка I/Бегазы-дандыбаевская культура Северной Евразии. Сборник научных статей, посвященный 65-летию Ж. Курманкулова – Алматы, 2013. 445-452 б.

7. Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. 129-146 б.

Г.К. Букешева

О ПОЧИТАЕМЫХ ЛИЧНОСТЯХ ЕРЕЙМЕНТАУ

Традиция почитания святых известна многим народам[1,2,3]. В нашей стране известно много святынь, особенно на юге и западе Казахстана. Святыни Северного Казахстана и Акмолинской области мало изучены, многие из них преданы забвению и нуждаются в реставрации и консервации.

Настоящая статья основана на новых этнографических полевых материалах автора, собранных в г. Ереиментау в 2015 г. Автором рассматриваются три святыни Ереиментауского района. В ходе полевых исследований были использованы методы включенного наблюдения, этнографического интервьюирования, опроса.

Ереиментауский район Акмолинской области образован в 1928 году и является самым крупным, по территории, районом Акмолинской области. Включает один городской и четырнадцать сельских округов. Административный центр – город Ереиментау.

Недалеко от города Ереиментау находятся посёлки, большая часть которых разрушена. На этой территории среди руин сохранились старые мусульманские могилы, которые посещают многие жители Ереиментау. Особенно почитаются могилы реальных исторических личностей: Хазрет Токмағамбет (Тоқан, Токмағамбет), Сегізбайқажы, Қарабайқажы.

Хазрет Токмағамбет (Тоқан) родился, примерно, в 1840-1850 гг. в местности Тұмсық Ереиментауского района (род: канжыгалы – есіргеп). Известно, что в возрасте 15 лет он постигал религиозные знания в городе Петропавловске у татарских теологов, а также вместе с Хазретом Науаном, именем которого названа бывшая главная мечеть города Кокшетау, учился в местности Кызылжару известного ученого Хазрета Уали. Вернувшись в родные края, Хазрет Тоқан посвятил свою жизнь активной религиозной деятельности и снискал широкую известность в качестве уважаемого священнослужителя - муллы. Известный ученый-философ Машһур Жүсіп с уважением относился к Хазрету Тоқану, считал его одним из своих единомышленников и прислушивался к его мнению при решении спорных вопросов. Хазрет Тоқан славился своим красноречием. Он собирал и хранил яркие образцы казахской устной степной традиции. Всю свою жизнь он занимался просветительской деятельностью, распространяя знания об истории родной страны и духовных ценностях. Совет биев всегда приглашал Хазрета Тоқана на свои собрания, и в спорных вопросах всегда обращался к нему за советом. Обычно он давал правильную оценку происходящим событиям и всегда ратовал за единство и согласие народа. Умер в 1916 году в возрасте семидесяти лет.

Много письменных источников о Хазрете Тоқане хранятся у главного имама города Ереиментау – Токмағамбет Орал Айтпайұлы, который предоставил автору статьи некоторые материалы, связанные с этим незаурядным человеком.

Так, согласно одному из свидетельств, примерно в конце XIX века в Ереиментау прибыли алтайские бии. Прослышав о прозорливости Хазрета Тоқана, они решили с ним встретиться. Но, увидев скромного, непримечательного человека, они усомнились в его способностях. Однако, стоило Хазрету Тоқану

заговорить, как окружающие поняли, что перед ними - необычный человек. Действительно, он обладал даром прорицателя. Почувствовав свой скорый уход, МашһурЖусип еще при жизни провел поминальный обед. Именно в этот период своей жизни, ХазретТоқан обнаружил в себе дар предвидения. Его современники свидетельствовали, что он предсказал наступление больших перемен в стране (возможно, он имел в виду приход советской власти).

Хазрет Тоқан снискал известность и своими целительными способностями. Он избавлял людей от многих недугов, в том числе, от душевного расстройства, причем не только жителей Ерейментау, но и людей из других городов, например из Омска. Возможно, поэтому в наши дни, в поисках его могилы, приезжают люди из разных городов, сел и даже стран.

В наши дни имя ХазретаТоқананосит мечеть в городе Ерейментау. Строительство мечети началось в 1990 году. Официально она была открыта 25 апреля 1995 года. Мечеть рассчитана на 300 человек. В ней есть зал для намаза - намазхана (намазханабөлмесі), комната для занятий (дәрісхана), комната для ритуального омовения (дәрет алу бөлмесі). Планируется также построить столовую для поминальных обедов. Мечеть содержится за счет пожертвований верующих и жителей города. Горожане гордятся своим знаменитым соотечественником, имя которого носит местная мечеть.

Ерейментауцыс глубоким уважением относятся к могиле Токмағанбета, которая находится в местности Тұмсық Ерейментауского района. Недалеко от кладбища, где находится захоронение, потомки святого построили для паломников два дома (один был построен в 1993 году, второй - в 2010 году), где люди могут переночевать, есть также помещение, которое служит столовой для ритуальной трапезы. В нем есть электричество и газ для приготовления ритуальной еды, имеется и необходимая для этого посуда. На территории святыни есть и печь, на которой в летнее время готовят бесбармак (ет асу), а также сооружение для принесения в жертву скота.

В помещениях для паломников есть печь, столы, ковры, одеяла, сейф для пожертвований (садақа), молитвенные коврики (жайнамаз), а также книги, собранные местными жителями: Коран, книги об истории рода Есіргеп и другие. Считается, что посетители (паломники) должны иметь чистые намерения, соблюдать ритуальную чистоту, а также чистоту на территории святыни.

Недалеко от захоронения находится колодец, из которого все проезжающие стараются набрать святой воды. Многие жители района приходят на могилу святого Хазрет Токмағанбет, читают молитвы в память о нем, вознося свои молитвы-просьбы к Аллаху, ночуют в доме, который был построен его родственниками. Многие жители приезжают сюда в священную ночь предзнаменований - Қадір түні.

Известностью среди народа пользуются также Сегізбайқажы и Қарабайқажы, жившие в поселке Ордабай на рубеже XIX-XX вв. Они были связаны родственными узами.

По сведениям местных жителей, в том числе, семидесятилетнего потомка этих святых, Мағжан ата, Сегізбайқажы и его внук Қарабайқажы, занимались целительной деятельностью, лечили больных чтением молитв из Корана и посредством древнего магического обряда түкіру. Они были знаменитыми лекарями и пользовались уважением у местного населения. Раньше запрещалось произносить вслух имя Сегізбайқажы, но со временем этот запрет потерял свою силу. По одному из преданий, одним из последних желаний Сегізбай қажы была просьба, чтобы женщины шли пешком к его могиле (расстояние до могилы измерялось в 40 шагов). Но одна из местных жительниц Бибигуль, направляясь из соседнего аула в другой, проехала на машине мимо места захоронения святого, не проявив должного ему уважения (выйти из машины, пройти пешком до могилы и прочитать молитву). По прибытию в село её стали беспокоить серьезные недомогания. Осознав, что эти испытания являются наказанием за пренебрежительное отношение к святому, она стала посылать людей в дом родственников Сегізбайқажы с просьбой помочь ей. Но никто из дома святого не отреагировал на ее просьбы, демонстрируя этим своё недовольство проявленным ею неуважением к Сегізбайқажы. Спустя некоторое время за помощью к ним отправился сын Бибигуль – 13-летний Ахмед, который вернулся с внуком святого – Қарабайқажы. Тот, в свою очередь, пришел с камшы (которая в то время весела в каждом доме) и, выкрикивая слова осуждения, несколькими ударами камшы по спине вылечил Бибигуль.

Мағжан ата и местный житель Кабиев Амагелді Имантаевич в 2010 году поставили памятник Қарабаю қажы, который авторобследовала во время полевых исследований в 2015 г. Появление памятника Қарабаю қажы имеет свою историю. По свидетельству Амангелді Имантаевича, Мағжан ата долгое время беспокоила травма ноги. После того как, следуя совету своего отца, он оградил могилу своего предка – Қарабая ата камнями, боль в ноге прошла. Спустя время в знак уважения святого Амангелды Имантаевич оказал помощь Мағжану ата в установке этого памятника.

Автор попыталась найти священные могилы святых Сегізбайқажы и Қарабай қажы, но эти могилы оказались затерянными среди других захоронений, поэтому распознать могилы Сегізбай қажы и его внука не удалось. Но памятник Карабаю-ата установлен.

Проведенное автором этнологическое исследование выявило малоизученные святыни в г. Ерейментау. Были собраны редкие сведения о жизни и деятельности выдающихся людей этого края, показана традиция почитания местных святых - исторических личностей, родовых предков, бережное отношение к традиционным ценностям казахского народа, подвижническая деятельность местного населения в деле сохранения памятников истории и культуры родного края, их возрождения и восстановления.

1 Снесарев Г.П. Хорезмские святыне. Хазрет Али // Наука и религия. – 1983. – № 10.

2 Сухарева О.А. К вопросу о культе мусульманских святых в Средней Азии // Труды института истории и археологии АН УзССР. Материалы по археологии и этнографии Узбекистана. – Ташкент, 1950. – Т. II.

3 Мустафина Р.М. Ислам и реликты доисламских мировоззренческих традиций у казахов. – Астана, 2010.

4 Полевые материалы автора.

С.М. Кыйзатова

МАҢҒЫСТАУ ОРАЛМАНДАРЫ

Қазақ халқы ұлан-ғайыр даламыздай кең пейіл, маңғаз тауларындай өр көкірек, әлемге әйгілі көк бөрінің ұрпағы екендігін айғақтап тұратын ер жүрек, батыр халық. Атам заманнан өзіне сенімді серік болған тұлпарларының тұяғы, жұмыр білегінің күші, ақ найзаның ұшымен Алтай мен Атыраудың арасындағы ұшқан құстың қанаты талатын шексіз кең, қазыналы жерді қорғап, ұрпағына мұра етіп қалдырған халық. Қазіргі таңда атадан қалған жерде туымызды желбіретіп елдік таңын атырып алаңсыз өмір сүрудеміз. Елдіктің таңы бірлік арқылы ататыны белгілі. Тұғырлы тәуелсіздігіміздің ең мықты тірегі ол ұлттық тұтастығымыз ынтымақтастығымыз екені мәлім. Сондықтан да Қазақстан Республикасы ұлттық идеяны қалыптастыру мақсатында шет елдердегі қандастарымыздың этникалық тарихын, дәстүрлі мәдениетінің сақталуын, өзгерісін, бөгде ортадағы этникалық және этномәдени үдерістерін ғылыми талдауды маңызды міндет етіп қояды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дүние жүзі қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндамасында: «Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс. Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», – деп көрсетті (1, 8б). Әрине өз елімізді танып білу және де жоғымызды түгендеу егемендігімізді алған соң мүмкін болды. Өзге елде жүрген қазақтың тарихы ол тұтас этностың тарихына да тікелей байланысты. Осы орайда «Қытай қазағы, Монғол қазағы, Иран қазағы, Өзбек қазағы деген қазақ жоқ. Жер бетінде бір ғана қазақ бар» деген Шерхан Мұртаза атамыздың сөзі еске оралады.

Халқымыздың 5,5 миллионға жуығы төл ортадан жырақта өмір сүруде. Соның ішінде саяси-экономикалық құрылымы әртүрлі елдерде өз қандастарынан бөлек ортада өмір сүріп отырған қазақтардың үлкен бір қауымын Орта Азиядағы қазақтар құрайды. Мәселен, 2000 ж. қарсаңында мәліметтер Өзбекстанда 990022, Түркіменстанда 98 мың, Қырғызстанда 42657 мың, Тәжікстанда 2 мың қазақ болғандығын көрсетеді (2, 20б). Қандастарымыздың шет жерлерге таралу тарихы да баршамызға аян. Ол XVII–XVIII ғғ. халқымызға жасаған қыспақ жоңғар шапқыншылығының зардабы, XIX және XX ғасырдың бас кезеңіндегі патшалық Ресейдің отаршылық саясаты (қазақтардың дәстүрлі қоныстану тәртібін әміршіл-әкімшілік жолмен шешуі, шұрайлы жерлерді басып алуы, 1916 жылғы патша жарлығы), 1917–1918 жж. саяси экономикалық дағдарыс, онан кейінгі кезеңдердегі ауыртпашылықтағы қоғамдық саяси жағдайлар, күштеп коллективтендіру дәуіріндегі асыра сілтеу, ашаршылық, т.б. Осыған байланысты, Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде: «XX ғасырдың әлеуметтік сынағы қазақтардың туған жеріне жаппай босуына әкеп соқты. Үрейлі ғасырдың алғашқы он жылдықтарында құйындай ұйытқыған сұмдық қасіреттің бәрі жайында, төңкеріс пен азамат соғысынан бас сауғалап қашып, шөл далада, Алатау мен Памирдің мұзарт асуларында, Ираннан Қытайға дейінгі аралықта қаза тапқандар жөнінде, сан мың босқын қазақтардың толайым тағдыры туралы әлі ешкім бақайшақтап

білмейді. Туған жерінен тыс бүкіл жер шарына шашырап өмір сүріп жатқан бес миллионға жуық қандастарымызды қандай қайғылы да қорлықты жолдан өткенін бүгінгі көзі тірілердің ешқайсысы да өз деңгейінде барша қасірет-қайғысымен бейнелеп бере алмайды», -деп жазды (3, 140 б.).

Мен бүгін сол тарихи отанынан алыс кетуге мәжбүр болған Маңғыстау оралмандары туралы айтпақпын. Оралмандар немесе репатрианттар – шетелдерден өз еліне оралған адамдар. Ел басы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде осы «оралман» деген сөзді қойсақ деген пікір айтқан болатын. Шынында бұл сөз көңілге қонымсыз сөз. Шет елден келгендерге де онша ұнамайды. Сондықтан Елбасының «шет елдегі ағайындарды» «отандастар» деп айтсақ бұл атау біртіндеп өмірге енсе жақсы болар еді деген болатын.

Маңғыстау оралмандарының басым көпшілігі келетін аймақтарды айта кететін болсақ олардың 18% – Өзбекстаннан, 15% – Қарақалпақстаннан, 52% – Түркменстаннан және 10% – Ираннан келген қазақтар (4, 170б).

1991 жылы еліміз егенмендік алып тәуелсіздікке қол жеткізген соң шет елдегі қандастардың өшкен үмітін қайта оятқандай болды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қайт, қазақ, еліңе!» деп ұран тастағанда олардың қуанышы үдей түсті. 1990 жылдардың басынан бастап қазақтардың басы қосылса айтылатын әңгіме атажұртқа оралу болды. Ең алғашқылардан болып мен аттарын тілге алған елдің қаймақтары атажұртқа оралды. Ел билеп тұрған азаматтар билікті, әрігерлер ақ халатын, мұғалімдер үйреншікті мектептерін тастап атажұртқа жетуге асықты. Көш үдей түсті. Бір көшеден, бір ауылдан бір күнде бес-он қазақ отбасының жүгі көліктерге тиеліп жатты.

Біздің үйіміз аудан орталығынан қашықта түрікмендер тұратын ауылда болды. Түрікмендер болғанына қарамастан қазақтардың саны басым еді. Сондықтан өзіміз қазақ ауылы дейтінбіз. Мұнда біз бүкіл әулетімізбен бір үйде үлкен отбасы болып тұратынбыз. Әкем қазақ тілі және әбедиетінен беретін мұғалім еді. Ата-әжеміз де бізбен бірге тұрды. Күн көрісіміз ешкімнен кем емес. Бір күні атам:

– Келесі айда көшеміз, – деді. Біздер қатты қуандық.

Үйге ағайындар мен ауыл басшылары келді. Атамды көшпеуге үгіттеуге келген екен.

– Жасың жерортасына барғанда елден кеткенің қалай? Жағдайың жақсы. Жастарға ақылыңды айтып ауылда жүргенің дұрыс еді. Әлде де ойлан, – дедікелген кісілер. Олар біздің үйдің көшкенін қаламай тұр. Осындай әңгімемен отырып шай ішіп, тамақ жеді. Соңынан рұқсат алып тұрып кетті.

Әкем алған бетінен қайтпайтын мінезінен танбады. Бұған қуанып отырмыз.

Қазір біздер атажұрттамыз. Шынында қазақ елі, қазақ жері керемет екен. Міне, мен өзім армандаған мамандығым бойынша жоғарғы оқу орынында студентпін. Ертең Отаныма, қазақ еліне еңбек етемін. Бұл не деген Бақыт! Туысқандарым да армандарына қол жеткізіп жатыр...

Мен бұл сөздерді неге келтіріп отырмын? Мұндай жағдай жалғыз біздің отбасымыздың басынан өткен жоқ. Шетелде өмір сүрген қазақ отбасылары атажұртқа көшетін кезде осындай сезімді басынан кешірді деп ойлаймын.

Маңғыстау облысына Өзбекстан Республикасынан, Иран Ислам Республикасынан, Ресейден 352 отбасына көшіп келу квотасы белгіленді. Облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы тарапынан оралмандарға халықтан тұрғын үй сатып алу мақсатында сатып алу байқауы өткізіліп тұрды. Облыстың көші-қон және демография басқармасында квота бойынша қоныс аударып облыстың банктерінен жеке шот ашқан оралмандарға бір реттік көші-қон жәрдемақысы берілді. 2003 ж. Ақтау қаласында жаңадан салынған үйден 4 пәтер әлеуметтік қиынжағдайдағы квотадан тыс қоныс аударған оралмандардың отбасына берілді. Өз бетімен тұрғын үй саламын деген оралмандарға жер үлесімен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жергілікті басқару органдары тарапынан іске асырылды: Ақтау қаласының 29 шағын ауданынан 10 жер телімі, Приозерный кентінен 3 жер телімі, Маңғыстау кентінен 91, Даулет кентінен 12, Қызылтөбе кентінен 51 жел телімі берілген. Маңғыстау ауданы бойынша 4 жер телімі берілсе, Қарақия ауданы бойынша 5, Бейнеу ауданы бойынша 92, Жаңаөзен қаласы бойынша 76 жер телімі оралмандарға жер бөлу туралы шешімдер арқылы оралмандарға тапсырылған (4, 172б).

Түркістандағы Дүние жүзі қазақтарының II құрылтайында оралмандар тақырыбы қозғалып, көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайту туралы шешім қабылдаған болатын. Нәтижесінде 2003 жылы 5 мың отбасы, 2004 жылы 10 мың отбасы, 2005 жылы 20 мың отбасы елге оралған болатын. Жылына 50–60 мың адам көшіп келді. Соның ішінде Маңғыстауға 2003 жылы Ресейден 10 отбасы, Өзбекстаннан 1200 отбасы, Ираннан 20 отбасы қоныс аударғаны мәлім. Оралмандардың 70 %-ы Өзбекстаннан келгендер болды. Жалпы Қазақстан бойынша 1992–2011 жылдар аралығында Өзбекстаннан келген қандастарымыздың жалпы саны 514 мың адам.

Басқарма материалдары бойынша, алыс және жақын шетелдерден Маңғыстау облысына көшіп келуді қалайтын оралмандар саны жыл санап өсе түсуде. Мәселен, 2000 жылы бұл өңірге 35 отбасы көшіп келсе, қазір бұл көрсеткіш 30 есе өскен. 2001 жылы 56, 2002 жылы 160, 2003 жылы 352 отбасы облысқа көшіп келді. Ал 2004 жылы квота бойынша облысқа 1050 отбасы оралды(5).

2004-2011 жылдар аралығында оралмандарға жергілікті бюджеттен 10,5 млн теңгенің мемлекеттік атаулы көмек берілді. ҚР үкіметінің қаулысына сәйкес отбасының әрбір мүшесіне тұрғын сатып алу үшін 91,5 мың теңгенің материалдың көмегін берген, сондай-ақ, отбасының әрбір мүшесіне азық-түлік пен дәрігерлік көмекке де 9,1 мың теңге көлемінде ақша берген. Сонымен қатар, облыс әкімінің шешімімен 4-тен көп және 18 жасқа дейінгі балалары бар, 2002 жылдың 1 сәуірінен бері квота бойынша көшіп келген оралмандарға 46 мың теңгенің бір мәрте жәрдемақысы берілді.

Тәуелсіздік жылдарында атажұртқа бір миллионнан астам қандастарымыз оралған екен. Маңғыстау облысына көшіп келгендердің саны 100 мыңнан асады. 2011 жылға дейін көшіп келген отбасылар мемлекеттік жәрдем мен қамтылды. Ал, 2011 жылы мемлекеттік жәрдем тоқтағаннан соң көш саябырлапты.

Маңғыстаудың 60–65% тұрғыны өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап шетелден оралғандар. Бұлардың 97-98 % баспана мәселесін шешіп алған. Осының 60–65 % мемлекеттік жәрдемнің арқасында баспаналы болып отырғандар. Ал қалған 35–40 % өз күштері мен тұрғын үйге қол жеткізгендер болып табылады. Көшіп келгендеріне оншақты жыл өтсе де пәтер жалдап тұрып жатырғандар санаулы болса да бар.

Мемлекет үшін елге оралып жатқан көштің әлеуеттік деңгейі маңызды. Өзбекстан мен Түрікменстаннан Маңғыстау түбегіне оралған көштің потенциалы төмен емес. Оралмандардың көпшілігі жоғарғы білімді, еңбек өтіліне ие кісілер. Жалпы көштің бар болғаны 30 % жоғарғы білімді мамандар дейтін болсақ, олар келуден мамандықтарына сай жұмысқа орналасқан. Арнаулы орта білімге ие бөлігі негізінен газ-мұнай өндіру саласына жұмысқа тұруға ынталы. Мұндай топтағылар үшін өздері армандаған жұмысқа қолжеткізу мүмкіндігі аз сияқты.

Осы тұста оралмандар үшін шешімін таппаған түйіткүлде мәселеге тоқтала кетсек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев көшіп келген қандастарымыз үшін барлық жағдайды жасауда. Алайда 25 жыл ішінде қазақ көші бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады. Тоқсаныншы жылдары шетелдегі отбасынан бір адам Қазақстанға келіп паспорт тіркеуіне тұрған күннен бастап бұл отбасының құжаты біржола берілетін жәрдем ақшаны алуға қабылданатын. Бұл Қазақстанға көшіп келуді армандап жүрген қандастарымыз үшін оңтайлы еді. Бірақ бұл жүйе өзін өзі ақтамады. Елде сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына алып келді. Соңынан Қазақстанға көшіп келуді қалайтын әрбір отбасы түгел бұрынғы тұрған елінің паспорт тіркеуінен шығып, елімізге келіп тіркелуге міндетті болды. Тіркелген отбасыларының құжаттары біржола берілетін мемлекеттік жәрдем ақша алуға қабылданатын болды. Бұл алғашқыдан қиындау болса да қажеттілік осылай еді. Мұның да әліз жүйе екендігі көп өтпей белгілі болды. Көптеген отбасылар жәрдем ақшаны алған бойда бұрынғы еліне ығысып кеткені анықталды. Бұл жүйені тоқтату қажеттілігі пайда болды. 2011 жылдың тамыз айындағы Көші қон туралы Заң бойынша енді оралмандар біржола берілетін жәрдем ақша алу үшін құжатты Қазақстан азаматтығын алу үшін өтініш берген күннен тапсырып, көмекті азаматтық алғаннан кейін алатын болып белгіленді. Бұл көшіп келушілердің проблемаларын басынан асырып жіберді. Шындығында бұл заңның игілігін көрген оралман болған жоқ.

Осы мәселеге байланысты бір мысал келтіре кетсек. Маңғыстауға көшіп келген өзім сияқты оралман отбасын кездестірдім. Олар алты айдан бергі жағында облыс орталығындағы оралмандарды бейімдестіру орталығында тұрып жатырғандар екен. Олар алты айдан бері мемлекет тарапынан берілуі тиіс жәрдем ақшаны алу үшін құжат тапсыра алмай жүргендерін, себебі азаматтық ала алмай жүргендерін айтып мұның шақты. Жәрдем ақша алуға сеніп көшіп келгендерін, бұл көмек берілмеген жағдайда үйсіз қалу қаупі бар екенін жасырмады.

Бұлардың арасында атын жөнін құпия сақтағысы келген ақсақал өз отбасының көші тарихын атып берді:

– Әкелеріміз сонау отызыншы жылдары осы жақтан Иранға өткен екен. Олардың қолынан көптеген өнер келетіндігін көрген Иран үкіметі барлық жағдайды жасап берген көрінеді. Ал біздер өзге елге емес өз елімізге, атажұртымызға келіп өгейдің күйін кешіп жүрміз. Осыған ренжиміз, – деді.

Бұл сөз көкейімізге «Шындығында кешегі оралман бүгінгі Қазақстан азаматы бола алмай ма?» деген сұрақты ұялатты.

Тарих беттеріне үңілдік. XIX ғасырда ақ патша төсінде сағым ойнап, қара құйрық жүйткіген иен дала – Маңғыстауды отарлау үшін Каспий теңізі жағасындағы жерге арнайы мемлекеттік квота

бойынша орыстарды орналастырды. Оларға баспана салу үшін қазынадан ақша бөлінді. Жұмыс құрал-саймандары тегін берілді.

Қазаққа жаратқан құдай жерді аямай берген. Жер көлеміміз бойынша әлем елдері арасында тоғызыншы орында тұрамыз. Ұлан-ғайыр жерді ұрпақтарына аманаттап кеткен кешегі батыр бабаларымыздың рухы алында мәңгі қарыздармыз. Бұл қарызымыз кең даланың игілігін қазақ ұрпақтары көру арқылы өтеледі.

Бұл үшін қазақтардың санын үзбей көбейтіп баруға көңіл бөлуіміз қажет. Ұлттық қарқынды өсуді жүзеге асыруда көші-қон мәселесін оңтайлы реттеу қажет. Бұл мәселенің күн тәртібінен түспейтіні сондықтан.

Қазақстан үкіметі мен депутаттары көші қонның жаңа заңын жасап жатыр деген хабар құлағымызға шалынды. Жаңа заң аясында қандастарымызды елімізде қазақ ұлты аз, еңбек ресурстары кемшін облыстарға қоныстандыру көзделген сияқты. Бұл өте дұрыс бағыт деп білемін.

Алдымызда тұрған бұл ауқымды міндетті дұрыс жүзеге асыру үшін елімізге оралатын қандастарымыздың тағдыры алдын ала шешілуі тиіс деп есептеймін. Бұл үшін елімізге қай жерге қандай мамандық иелері қажет деген сұрақ түбегейлі шешілуі тиіс. Бұл мәселе толық шешілгеннен кейін қажетті мамандар тізімі шетелдегі елшіліктер мен ұлттық мәдени орталықтарға жіберілуі тиіс. Олар бұл тізімді шетелдегі қандастарымызға жеткізеді. Тізім мен танысып шыққандардың арасында елімізге оралып, көрсетілген жерде тұруды қалайтындар болса тиісті құзырлы орындарға жолығып, құжаттарын тапсыратын болуы керек. Олар Қазақстан азаматтығын алып, жұмысы, баспанасы бар екендігіне көз жеткізіп қоныс аударуы дұрыс. Осылай жасалса көшіміз қайта жанданады. Бұл жерде келушілерге баспанының дұрыс, сенімді болуы маңызды. Жұмыс орыны ертең қысқартуға жататын болмауы дұрыс. Шетелден келген маман кем дегенде бес жыл алаңсыз жұмыс жасайтын болуы керек.

Өзбекстан мен Түрікменстаннан келетін оралмандар легі солтүстікке орналасатын болса олардың тобында аз дегенде отыз-қырық отбасы болғаны жөн. Олардың болмысы, жаратылысы сондай. Жалғыз-жарым қоныстануға екінің бірі тәуекел ете алмайды.

Еліміз тоқтап қалған көшімізді қайта жандандырып, ұлтымыздың санын арттырамын десе көші қон мәселесін дұрыс жүргізетін кез келді деп есептейміз.

Қазірше Қазақстанымыздың батысы мен оңтүстігінде оралмандар көп кездеседі. Болашақта қандастарымыз еліміздің өзге де өңірлеріне қоныстанатын болса қазақ елінің біртұтастығы нығаяды деп байлам жасауымызға болады.

1. Назарбаев Н.Ә. Дүние жүзі қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндама // Дүние жүзі қазақтарының шежіресі. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2005. – II кітап. – 71 б.

2. Нұрымбетова К.Қ. Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселесі мен болашағы: тарихи талдау (1991–2008). – Алматы, 2010. – 30 б.

3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

4. Орталық Азияның қазақ диаспорасы: Тарихи – мәдени – ескерткіштер. – Алматы, 2014. – 419 б.

5. ҚР МОММ. 568 қор, 1 тізім, 12 іс

3. Умирханқызы

АҚТӨБЕ ӨЛКЕТАНУ ТАРИХЫНАН: Р.І. ІЛИЯСОВА ЖӘНЕ Б.Ж. ҚҰРМАНБЕКОВ МАТЕРИАЛДАРЫНАН

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың бір саласы ретінде өзіндік тарихи пән болып табылады. Ол екі ерекшелікке ие: 1) өлкедегі тарихи оқиғаларды жекелей қарайды; 2) өзіндік жеке сала болып табылады.

Туған өлкені зерттеу ерекше қанағаттандырарлық, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын сала. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік маңызы зор. Басты тәрбиелілік дерек және оның механизмі ретінде жергілікті дәстүр саналады. Яғни ол әр түрлі себептермен зерттеушінің қызығушылығымен туады. Өлкенің тарихы – бұл өте күрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді, жұмыстың көптігімен, уақыт кезеңімен де байланыстырылады. Өлкетануды зерттеудің негізі – жергілікті жердің тарихы, яғни ауылдың, қаланың, республиканың әлеуметтік экономикалық, саяси, мәдени тарихи, сонымен қатар олардың табиғи ерекшеліктерінің дамуы болып табылады. Өлкетанудың негізгі анықтамасы - әр өлкенің тарихы болып саналады.

А.С. Барковтың берген ғылыми анықтамасы бойынша: «Өлкетану – бұл бірнеше ғылымның кешенді жиынтығы. Ол әр түрлі әдістері мен мазмұнына қарамастан, өлкенің тарихын жан – жақты қарастыруға бағытталады» [1, с. 80].

«Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасу тұжырымдамасында»: «Тарихи ағарту және тәрбиелеу жастарды өз халқының рухани әлеміне баулуға, оның мәдениетінің, тарихының тамырларын үйрету, халық поэзиясы, музыкасын, бейнелеу өнерін түсіндіруге ықпал ету. Осы мақсаттарға орай өлкетану жұмысын жаңғырту, тарих, мәдениет және табиғи ескерткіштерін қорғауды күшейту керек», - делінген [2, 32 б.].

Өлкетану жұмысының қазіргі кездегі маңыздылығы туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауында, қазіргі уақыттағы еліміздегі оқу – ағарту саласында, өте көкейкесті өлкетану пәнінің маңыздылығы жөнінде атап кетті [3].

Оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен оның деректерін пайдалану, тек тәуелсіздік алған тұстан қозғалып келе жатқан мәселе емес ол өз тарихынды ұзақ даму жолынан өтті.

Қазіргі уақыттың үлгісінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттық терең туыстық арқылы өтіп жатқан, өзін-өзі анықтау мен ұлттық жаңғыру үдерістері. Ұлттық тарихты бізге білу қажет, себебі онда жаңа қоғам құрылысшыларының күш қуаты, отанға деген сүйіспеншілік, бабалар ісіне деген мақтаныш сезімі жинақталған.

Өлкетанудың көрнекті өкілдері ойларының шығармашылық мұрасын зерттеу, тарихи шындықты орнату, тарихи есімдерді қайтару қажет. Өлкетану әлеуметтік-мәдени тәжірибенің көптеген саласында маңызды орын алады. Тарихи – мәдени мұраны сақтау мен зерттеу, мемлекеттік мұрағат, музей қорларын жинақтау, халықтың тарихи сезімін қалыптастыру көп жағдайда өлкетанумен байланысты болады.

Қазақ халқы ежелден-ақ қоршаған орта болмысын, оны бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуының, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдыра білген. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілері қалыптасқанын байқауға болады.

Қазақстанда өлкетану ғылымы патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын-ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақстандық өлкетану, ұжымдық шығармашылық ретінде қалыптасты. Қазақтың тарихи өлкетануының қалыптасу басында ұлы ағартушылар – Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ә. Бөкейханов тұрды. Қазақстанда өлкетану ісінің дамуы С. Асфендияров, М.Д. Жолдыбаев, Ә. Жангелдин сынды аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен де байланысты. Бұл кісілер елеулі қызметтер атқарды. Сол кездегі О. Жандосовтың «Өз өлкеңді таны» мақаласы өлкетануға елеулі үлес қосты [4].

Қазіргі уақыттағы Ақтөбе облысының тарихи өлкетану саласы дамып, біршама еңбектер, мақалалар жарық көрді. Облысымыздың өлкетану ісіне өз үлестерін қосқан белгілі азаматтарды атауға болады. Олар Р.І. Илиясова және Б.Ж. Құрманбеков.

Ал Рысжан Илиясқызы Илиясова – облыс пен қаламыздың қоғамдық өмірінде белгілі орны, көрнекті абыройы бар зиялы қауым өкілі. Рысжан Илиясова 1937 жылы 12 тамызда Ырғыз ауданы, Толыбай ауылында дүниеге келген. Жантай мен Толыбай ортасындағы жетіжылдық мектепті бітіріп, Жабасақта, Ырғызда интернат-пансионында тәрбиеленіп, онжылдықты аяқтап, ҚазМУ-ды бітірген. Мәдениет саласында қызметтер атқарып, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері, директоры, меңгеруші, Ақтөбе қалалық кеңесінің екі дүркін депутаты болған.

Жарты ғасырға жуық облысымыздың мәдениет саласына оның ішінде қырық жылдай ғасырлар шежіресі мен халықтың тарихи мұрасын насихаттауда, оны зерделеп, зерттеуде орны бөлек музей тағдырымен Рысжан Илиясқызының ерекше еңбегі елге аян.

